Almaty, the Republic of Kazakhstan

MAIN STAGES OF POLITICAL AND ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

Abstract

In article the role and value of independence is considered by the Kazakh nation. At the same time the analysis of colonial dependence of economic life of the Kazakh nation on imperial Russia is given. Theoretical provisions and concepts of dependent and independent economic life of the nation in general are considered. The main condition of independence is formation of a new vector of development of the Kazakh nation. Fourthly, the global economy is under pressure of political factors. The world became unstable. The leading powers have imposed sanctions against each other. Between them the trust has sharply decreased. Instability and the conflicts in the region of the Middle East, North and Central Africa have led to large-scale flows of refugees. Every day brings messages on acts of terrorism and death of dozens of people. Serious peace is endangered now by the international terrorism. It is result of destruction of statehood by intervention of external forces in internal affairs of the sovereign states.

Keywords: independence, colony, economic development, potential, efficiency, management, Kazakh nation

Аннотация
*К.Р. Несипбаева*¹
¹доктор исторических наук

ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ПОЛИТИКО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

В статье рассматривается роль и значение независимости казахской нацией. При этом дается анализ колониальной зависимости экономической жизни казахской нации от царской России. Рассматриваются теоретические положения и понятия зависимой и независимой экономической жизни нации вообще. Основным условием независимости является формирование нового вектора развития казахской нации.

Ключевые слова: независимость, колония, экономическое развитие, потенциал, эффективность, управление, казахская нация

Аңдатпа
*К.Р. Несипбаева*¹
¹тарих ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Мақалада қазақ ұлтының тәуелсіздігі жөнінде жан-жақты тарихи талдаулар жасалған. Сонымен қатар отарлау саясаты барысындағы ұлт тәуелділігінің тарихи негізі ғылыми тұрғыда баяндалған. Автор патшалық Ресей тұсындағы экономикалық, рухани, материалдық отарлау саясатының салдарының барысындағы ұлт тәуелділігі мәселесін қозғай отырып, тарихи деректерді келтірген. Жалпы ұлт тәуелсіздігі жөнінде мәселе қозғалған. Тәуелсіздікке қол жеткізген ұлттың тарихи бастауларын зерделеген автор, отар, отарлау саясатының тарихи тұғырына терең сараптама жасаған.

Тірек сөздер: тәуелсіздік, отарлау, отар, экономикалық даму, басқару, қазақ ұлты.

In the message to the people of Kazakhstan on January 31, 2017 the President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev specifies that "only those people which will manage to outstrip the future and resolutely to move towards calls,

but not to stand and wait, will be winners. In the world the Fourth industrial revolution has begun next, already. Universal digitalization of economy will lead to disappearance of the whole branches and creation of essentially new. The great changes happening before our eyes is at the same time historical call and chance for the nation. Today I set a task to provide realization of the Third modernization of Kazakhstan. It is necessary to create new model of economic growth which will provide global competitiveness of the country. Now many countries try to solve the same problem. It is sure, recipes of transition to new model of growth will be different everywhere. We have to proceed from our strengths and not lose the potential which was together created in 25 years of our Independence" [1].

During this time our country has passed not a simple political and economic way of development. Independence for Kazakhstan makes very big sense. These are 25 years of independence after 250 years of colonial dependence in economic life of the Kazakh nation on the imperial Russia. Here we pass to consideration of very difficult aspects of economic life of the Kazakh nation, as in the conditions of dependence within 250 years on the imperial Russia, and in the conditions of independence within the last 25 years.

It causes consideration of the whole complex of problems of colonial dependence in economic life of the Kazakh nation on the Russian nation [2]. The first problem - this very complex problem also touches on very painful issues of relationship of economic life of the Kazakh and Russian nations in the conditions of colonial dependence. The second problem is colonial forms of relationship of the Kazakh and Russian states within 250 years. In the context of this problem the research of economic life of the Kazakh nation and influence of Russia on Kazakhstan turns into a taboo. Nobody wants to aggravate and see these problems, but economic life of the Kazakh nation can't be understood completely and therefore carrying out a research of this problem is necessary. The third problem is very big problem of relationship of economic life of the Kazakh and Russian nations in the conditions of independent Kazakhstan. This problem will become aggravated the fact that now in Kazakhstan along with the Kazakh nation, the Russian, Slavic nations and the so-called Russian-speaking population which in total makes 35% of the population of Kazakhstan live. Therefore the problem of a research of economic life of the Kazakh nation becomes very sharp and problematic and is practically not studied by economists.

At the same time, fight of the Kazakh nation for independence in December, 1986 have forced to look at relationship of the Kazakh nation with the Russian-speaking population, namely when the Russian-speaking population during the December events has issued a condemnation of the Kazakh nationalism [3] in a new way. At the same time, if not to mention these painful problems - it will be difficult to understand development of economic life of the Kazakh nation. The Baltic countries in due time, namely in 1991 have adopted the laws "About Indigenous People" directed to protection of social and economic life of the radical nations against the Russian influence and development of economic interests of Estonians, Latvians and Lithuanians. Summarizing above told it should be noted that sooner or later there will be a need to analyze three above-stated problems of the Kazakh and Russian nation.

From the theoretical point of view of development of the Kazakh nation causes a research of the following scientifically – theoretical provisions. The first situation concerns definition of economic life of the nation in general, i.e. any nation. The second theoretical situation concerns definition of dependence of economic life of the nation, i.e. it is about colonization by one nation another. The third theoretical situation concerns definition of semi-dependence of economic life of the nation, i.e. it is about neocolonization. The fourth theoretical situation concerns definition of independent economic life of the nation.

Economic life of the nation, as well as certain person, consists of the following components: quantity of the made product, quantity of the consumed product. In this case there are following options of economic development of the nation and certain person.

1 option.

The made product completely is withdrawn by one party (the nation or the person) and then a part of a product is transferred to that who has made it: the relation the slave – mister - dependent economic life. In the relations between the nations is a colonialism, and between people – mister and the slave, that is slavery.

2 option.

The made product partially remains at the producer, and a part is transferred to other other party having influence: if the relation between people is feudalism, and the relation between the nations - neo-colonialism.

3 option.

The made product completely is consumed by that who has made it - it is called economic independence as separate nation and certain person.

Has passed the period of colonial dependence of Kazakhstan on Russia in 250 years in our opinion in 3 stages:

1 stage. Since the 17th century imperial Russia has imposed the Kazakh nation with unreasonable taxes which were called at the beginning *ясақ*, and then a *pokibitochny* tax.

2 stage. In the 18-19th centuries violent withdrawal by the imperial government at the Kazakh nation of the most fertile lands also transfer to their Russian immigrants and Cossacks was carried out, that is economic life of the Kazakh nation passed in severe conditions of colonization and replacement of Kazakhs from the most fertile lands.

3 stage. 1917 - 1991 of the USSR under the direction of the CPSU carried out injurious operation of natural resources - oil, ferrous and non-ferrous metals, grain, chemical production, etc. the USSR carried out more tough colonial policy in comparison by imperial Russia. In the economic plan all product was transferred to the so-called center (Russia) and economic life of the Kazakh nation has been subordinated to Moscow.

Since 1991 independent Kazakhstan has entered a new phase of economic life as independent nation. The new phase was entered by 14 more colonies of the former USSR; it was very heavy to them to take a new way development [4]. It was difficult also to the countries of the so-called socialist camp which left neocolonial dependence on the USSR - it is the countries of Poland, Vietnam, Romania, Mongolia, Czech Republics, etc. This most difficult economic phenomenon, namely creation of independent economic life of the dependent republics and the countries which were former colonials, isn't studied yet. Influence of Russia is still big on these countries, and Kazakhstan not an exception.

Important component of a factor of independence of development of economic life of the Kazakh nation consists in formation, search and the choice of a new vector of development of the Kazakh nation. The vector of development of economic life of the Kazakh nation consists that it is necessary to investigate the following problems. To define economic influence of the large states on the Kazakh nation, that is to reveal influential forces which essentially can affect development of economic life of the Kazakh nation.

The first problem in the context of a development vector in the conditions of an independence factor - it in an explicit form for Kazakhstan it is necessary to analyse the main forces of influence and influence:

- 1 Russian,
- 2 Chinese,
- 3 USA and Europe.

Unfortunately, Russia continues to regard Kazakhstan as the colony and the prospect at the Kazakh nation in joint development with Russia one is a neocolonial life of the Kazakh nation. China one regards Kazakhstan as the future colony and the prospects of joint development with China in Kazakhstan – neocolonial. Here it is possible to use an allegory - the Kazakh Tulpar is in a vice between the Russian bear and the Chinese dragon. The USA and Europe have insignificant economic influence on Kazakhstan. Therefore the first group of vectors of development of the Kazakh nation can be defined as unequal alternatives of a vector of development of joint economic development of the Kazakh nation with Russia, China, the USA and Europe.

The second problem in the context of a factor of independent development of Kazakhstan is a definition of equal alternatives of joint economic development of the Kazakh nation. In an explicit form for Kazakhstan there are equal alternatives of a vector of development:

1. Turkic world,
2. Islamic world.

Development of the Kazakh nation in the Turkic world has the following direction:

- 1 Turkey – is the most optimum partner for effective interaction.
- 2 The countries of Central Asia – Uzbekistan, Kyrgyzstan, Turkmenistan.

Development of the Kazakh nation in the Islamic world has the following directions:

- A) Saudi Arabia and Gulf States,
- B) Iran,
- C) Pakistan.

In the conclusion it should be noted that in the long term Kazakhstan should pass a difficult way, it is necessary to choose such directions of independent development which will allow making independent economic life of the Kazakh nation despite world calls and crises. In this regard President RK N. A. Nazarbayev specifies:

"First, the current global crisis has comprehensive character. Practically all world markets - financial, hydrocarbonic, metals, food and others are unstable. It is the main reason for decrease in demand for our export production.

Secondly, delay of economic growth happens in all economies of the world. Any more nobody is surprised by continuous decrease in forecasts for growth of global GDP. Since fall of 2011 the International Monetary Fund already 6 times reconsidered expected indicators, having lowered them from 5 to 3 percent. And, most likely, it is not a limit;

Thirdly, there is no oil super income today.

Fourthly, the global economy is under pressure of political factors. The world became unstable. The leading powers have imposed sanctions against each other. Between them the trust has sharply decreased. Instability and the conflicts in the region of the Middle East, North and Central Africa have led to large-scale flows of refugees. Every day brings messages on acts of terrorism and death of dozens of people. Serious peace is endangered now by the international terrorism. It is result of destruction of statehood by intervention of external forces in internal affairs of the sovereign states.

Development of the world will happen against the background of fierce competition of the world and regional centers of force. We have to oppose to calls of new global reality the complete strategy of actions on the basis of our real opportunities" [5].

References:

1. <http://24.kz/ru/news/top-news/item/161101-poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-31-yanvarya-2017-g>
2. Несипбаева К.Р. *Налоговая политика царизма в Казахстане.* – Алматы, 2006.
3. *Алма-Ата, Декабрь 1986. Книга хроника 2.* – Алма-Ата, 1992.
4. Абенов Е., Арын Е., Тасмагамбетов И. *Казахстан: эволюция государства и общества.* – Алматы, 1996.
5. https://mod.gov.kz/rus/poslaniya_prezidenta/?cid=0&rid=2165

ӘОЖ 002:94(574)"19"
МРНТИ 03.20

Б.С. Асанова¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы
М.Т. Раймбекова²

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дүниежүзі тарихы,
тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КІТАП БАСПА ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ мемлекеттік баспасының негізін қалаған алаш зиялыларының көрнекті өкілдері туралы, олардың кітап баспа ісін ұйымдастырудағы атқарған үлкен істері қарастырылады. Алаш зиялылары халықтың санасын оятып, ағарту ісіне тартып, білімін көтеруде үлкен еңбек етті. Ғылымға да бетбұрыс жасалды. Қазақтың ғылыми кітаптары да осы кезде белгілі бір жүйеге келіп шыға бастады. Халқының болашағы мен бақыты үшін күрескен ұлт зиялыларының коммунистік идеологияны таратудағы мәдениеті мен әдебиетін дамыту бағытындағы шығарған құнды еңбектері, қазақ тілінде кітаптар басып шығару жолдары, кітап-баспа ісі арқылы жүргізген үлкен жұмыстары баяндалады.

Түйін сөздер: Автономия, интеллигенция, интеллектуал, интернационализм, ұлтшылдық, революция.

Аннотация

Б.С. Асанова¹

¹к.и.н., старший преподаватель кафедры всемирной истории,
историографии и источниковедения Казахского национального университета им. аль-Фараби,
bayan-777@mail.ru, 8-777-255-54-63, 8-701-838-73-91

М.Т. Раймбекова²

²старший преподаватель кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения,
Казахского национального университета им. аль-Фараби, raymbekova.maira@gmail.com

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В 20-30-х ГОДАХ XX ВЕКА В ОРГАНИЗАЦИИ КНИЖНОГО ИЗДАТЕЛЬСКОГО ДЕЛА

В статье рассматриваются видные представители казахской интеллигенции 20-30-х годов XX века, которые заложили основу казахского государственного издательства, также их деятельность в организации книжного издательского дела. Интеллигенция неустанно трудилась в пробуждении народного сознания, в просвещении народа и получении образования. Был сделан перелом и в науке. Казахские научные книги в этот период начали издаваться по определенной системе. В исследовании также рассматриваются ценные труды национальной интеллигенции, которая боролась за будущее и счастье своего народа, ценные книги, выпущенные для развития культуры и литературы ради распространения коммунистической идеологии, способы издательства книг на казахском языке, деятельность национальной интеллигенции в издательстве книг.

Ключевые слова: автономия, интеллигенция, интеллектуал, интернационализм, национализм, революция.

Abstract

B.S. Assanova ¹

¹ candidate of historical sciences, senior teacher of Department of world history, historiography and source study, Al-Farabi Kazakh National University, bayan-777@mail.ru

M.T. Raymbekova ²

² senior teacher of Department of world history, historiography and source study, al-Farabi Kazakh National University, raymbekova.maira@gmail.com

ACTIVITY OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA IN THE 20-30 TH YEARS OF THE XX CENTURY IN THE ORGANIZATION OF BOOK PRINTING

In this article are considered representatives of Kazakh intelligentsia of the 20-30 th years of the XX century who have laid the foundation of Kazakh state publishing house, also their activity in the organization of book publishing. The intelligentsia constantly worked in an awakening of national consciousness, in the education of the people. The change in science also had made in this period. The Kazakh scientific books during this period have begun to be published on the certain system. In a research valuable works of the national intellectuals which fought for the future and happiness of the people, the valuable books published for cultural development and literature for the sake of distribution of communistic ideology, ways of publishing house of books in Kazakh, activity of the national intellectuals in book publishing are also considered.

Keywords: autonomy, intelligentsia, intellectual person, internationalism, nationalism, revolution.

Қазақтың зиялы жетекшілері жергілікті халықтың ұлтшылдығын пролетарлық идеяларымен біріктіруге тырысты. Алаш қозғалысы Орталық Азия аймағындағы динамикалық және абыройлы қозғалыс болды. Алаш Орданың қызметі мен саяси платформасы қазақ өлкесіне мәртебе бергісі келмеген орталықтың әрекетіне қарамастан, қазақ Автономиясын құруға талпынды. Елде болып жатқан саяси үрдістердің мәні мен маңызын бұқараға түсіндіру, оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу, халықты жаңа мемлекет құруға жұмылдыру қазақ зиялыларының басты мақсатына айналған болатын. Олар бұқаралық саяси ұйым арқылы халықтың саяси мүдделерін білдіруге жете сезініп, «Алаш» қозғалысының ұйытқы тобын құрды. Оның құрамына: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б. енді. Бүкілресейлік саяси өмірге Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай,

Б.Қаратаев, Х.Досмұхамедовтардың қатысуы жаңа дәуірдің кәсіби саяси жетекшілері мен элитасын қалыптастырды. Қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі зиялы қауым жөніндегі талдаулар философиялық-патриоттық нұсқауда «интеллигенция» ұғымын түсіндіруге бағытталған. Осы талдаулар нәтижесін пайдалана отырып, біз «интеллектуал» терминін итальян ғалымы Норберто Боббио ұсынғандай саясат аумағында қолданған мазмұнды деп есептейміз. Қай кезде болмасын қоғам интеллигенцияға үміт артқан. Әсіресе, халықтың сана-сезімін оятып, ағарту ісін қолға алуда ел зиялылары жан аямай еңбек етіп, атына өшпес із қалдырған. Сондықтан, Елбасты Н.Ә. Назарбаев: «Шығармашылық-ғылыми интеллигенцияның басын ауық-ауық қосып еліміздің алдында тұрған келелі мәселелер төңірегінде ақылдасып отыру - менің жұмыс дағдыма айналған әдет», - деп зиялы қауымға үлкен сенім артқан болатын [1, б.1-2].

Қазақ зиялыларының көрнекті өкілі - А.Байтұрсынов ұлтымыздың бас баспагері болды. «Қазақ» газетінің редакторы бола жүріп, ол баспагер ретінде мол тәжірибе жинады. Сөйтіп, қазақ кітабының тұңғыш Мемлекеттік баспасының шаңырағын өз қолымен көтеріп, қазақ халқын рухани мұрамен сусындатты. А.Байтұрсынов қазақтың маңдайына біткен біртуар ұлдарының бірі еді. Оның ғалымдығы, дарындылығы, мемлекеттік қызметте жүріп, ұлт тағдырын ойлауы, ұлттық рухта жазылған еңбектері қазақ халқының басына қандай күн туса да маңызын жоймайды деп есептейміз. Ол Қазақ Автономиялы Республикасы Оқу Ағарту Халық комиссары, одан кейін комиссариат жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы әрі Қазақ Өлкесі Төңкеріс комитетінің мүшесі, қазақ өлкелік зерттеу қоғамының құрметті төрағасы, Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің мүшесі ретінде қызметте болып, қазақ мемлекеттік баспасының негізін қалады. 1919 жылы Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариаты қазақ бөлімі бөкей бөлімшесі баспаханасымен Ордадан болашақ астана Орынборға көшірілді. Осылайша күн тәртібінде Орынборда кітап баспасын ашу мәселесі тұрды. Өлкенің мәдени қызметкерлерінің біріккен мәжілісі шақырылып, оған Төңкеріс комитетінің мүшелері: А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Тұнғаншин қатысады. Мәжіліс А.Байтұрсыновтың төрағалығымен өтеді. Онда Төңкеріс комитетінің үні және кітап шығару ісі жөнінде мәселе қаралып, тиісті қаулы қабылданады. Газет шығару жөніндегі құжаттың орыс тіліндегі түпнұсқасын

М.Мамажанов кітабында: «Постановили: По обмене мнениями единогласно постановлено: немедленно выпустить официальный орган Киргизского Рев. комитета и местного комитета секции киргиз Оренбургского губкома Р.К.П под названием «Ушкун», т.е «Искры». При чем для управления газетным делом избирается ред. коллегия из следующих 5 лиц:

1. Халила Исенбаева
2. Ишмухамеда Бегалиева
3. Таминдара Сафиева
4. Амиргалия Менешева
5. Бернияз Кулиева» [2, б. 72].

«Ұшқын» газеті бір жылдай шығып тұрған соң, оның аты «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ», «Социалистік Қазақстан» болып өзгертілді. Ол қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті. Төңкеріс комитетінің қаулысын жүзеге асыру мақсатымен Орынбор газетімен бірге қазақ тілінде кітаптар басып шығаруды қызу түрде қолға алған А. Байтұрсынов көптеген қиыншылықтарды шешіп отырды. Әсіресе Орынбор баспаханаларында бір кезде өзі тірнектеп жинаған қаріптердің жоғалып кетуі жанға қатты батты. Сөйтіп жаңа баспаның полиграфиялық негізін құру, тақырыптық жоспарын жасау сияқты бүкіл ауыртпалық А.Байтұрсыновтың мойнына түсті. Өзі алты жыл бойы шығарған «Қазақ» газетінің баспахана құрал-жабдықтарын І армия штабтары иемденіп алғанын біледі.

А.Байтұрсыновтың табандылық көрсетуімен, ол құрал-жабдықтар Төңкеріс комитетінің қарауына қайтарылып беріледі. А.Байтұрсыновтың күш шығаруымен Ақтөбе, Қазан қалаларындағы баспаханалардан қағаз, қаріптер, бояулар жеткізіліп тұрды. Төңкеріс комитетінің полиграфия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған К.Акуловтың 1919 ж. 17 қарашада әскери Төңкеріс комитетінің төрағасы С.Пестковскийдің атына жолдаған хатында: «Полиграфия бөлімі баспаханалардың жұмысын анықтау, оларда қанша қағаз барын білу үшін Ақбұлақ поселкесіне және Ақтөбе қаласының техник-машинист П.В. Шпагин жолдасты, сондай-ақ А.Байтұрсынов жолдас тапсырыс берген мұсылман қаріптерін қабылдап алу үшін Қазан қаласына мұсылман қаріптерін теруші Усман Хусайынұлы Дашкин жолдасты іссапарға жіберу туралы сіздің жарлық беруіңізді сұрайды», деп жазылған [3,73 б.]. Орынбордың өзінде тақырыбы мен жанры жағынан бай қазақ кітаптарын шығарумен қатар, мұндай кітаптар Москвада да шығып тұрды. А.Байтұрсынов қазақтың «23 жоқтау» жинағын құрастырып, «Ер Сайын» жырын бір ізге салып, Мәскеуден шығарады. Ал, қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Петербургте шығып тұрған «Серке» газетінде Міржақып Дулатовтың тырнақалды өлеңдері жарияланады. Оның «Біздің мақсатымыз» деген мақаласынан кейін газет жабылып, редакторы жауапқа тартылады. Сөйтіп, отарлық бұғауындағы қазақтың мұңын жоқтаған М.Дулатовтың күрескерлік бағыты басталады. 1914 жылы 19 мамырда Орынбор губернаторына жоғары баспасөз басқармасының берген бұйрығы бойынша М.Дулатов «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторлығына тағайындалады. «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі» газеттерінде әдеби хатшы қызметін атқарып қазақ баспасөзіне айтарлықтай үлес қосады. М. Дулатов Қызылордадағы баспа ісін жандандырып, «Мемлекет баспасының» қазақ бөлімін басқарды. Ол ұлттық библиографияның негізін қалап, Қызылорда қаласында екі бөлімнен тұратын «Қазақ кітаптарының көрсеткішін» (1926-1927 жж.) құрастырады. Көрсеткіштің 2 бөлімі «Жаңа мектеп» журналына қосымша ретінде Қазмембаспадан 1927 жылы араб қарпімен жарық көреді. Көрсеткіш, ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар қорында сақтаулы тұр. Көрсеткішті құрастырушы жазған алғы сөзінде: «Біз осы көрсеткіште төңкерістен бастап, бұл күнге шейін басылып шыққан қазақ кітаптарын тізіп отырмыз. Кітаптың қайда, қашан басылғаны, кім шығарғаны, көлемі, беті, баспасөз жүзінде сыналғаны болса, сол сындардың қысқаша қорытындылары жазылды. М.Дулатов көрсеткішінің бірінші бөлімінде: 1917-1926 жылдардың 1-ші қарашасына дейін жарық көрген 273 кітап пен 12 мерзімдік баспасөз қамтылған. Көрсеткіш:

- оқу кітаптары, құралдары;
- тәрбие-оқу әдістері;
- саяси-ағарту әдебиеті;
- халық әдебиеті;
- кесте әдебиеті,
- заң әдебиеті;
- ереже, қаулы-қарарлар;
- қосымша кітаптар;
- жастар, әйелдер қозғалысы;
- білім әдебиеті;
- Ленин кітапханасы;
- мерзімді әдебиет бөлімдерінен тұрады.

Көрсеткіштің екінші бөлімінде: 1926–1927 жылдарға дейін Қызылорда, Ташкент, Мәскеу және басқа қалаларда қазақ тілінде шыққан 212 кітап кірген. Көрсеткіштің екінші бөліміндегі «Басқармадан» деген алғы сөзінде тиражы 2000-нан артық болса да, ол кітаптардың сирек басылымға айналып үлгергені айтылған.

М.Дулатов көрсеткіштің оқырмандарға арналған сөз басында өз ойларын былай тұжырымдаған: «Қазақ даласының ұшы-қиыры жоқ кендігі, елінің тараулығы, қатынас жолдарының нашарлығы, қалалы жерлерде қазақтың аздығы, бәрінде бірдей кітап дүкендерінің бола бермеуі бұл күнге шейін қазақша кітаптардың ел арасына дұрыс тарауына кедергі болып келді. Оның үстіне елде қандай кітаптар басылып жатқанын, олардың мазмұнын, бағасын, қайдан аларын, қалай алдырарын білмей келді. Осы жағынан жөн сілтеп, жеңілдік келтіру ниетімен біз осы көрсеткішті шығарып отырмыз. Кітаптың қайда, қашан басылғаны, кім шығарғаны, көлемі, бағасы көрсетілді. Баспасөз жүзінде сыналғандары болса, сол сындардың қысқаша қорытындылары да жазылды. Кей кітаптардың қысқаша мазмұны да көрсетілді. Бәрінің бірдей мазмұнын баяндауға көрсеткіш аса үлкейіп кететін болды. Содан тартындық. Сонымен бірге сатылымда жоқ, таралып біткен кітаптарды автордың енгізуі құптарлық іс еді. Бұлай егуіміздің мәнісі - ондай кітаптардың әлі де оқушыға керегі болса, қайта басылуына тілек білдірер, соған қарай қайтадан басылатын болар дедік. Көрсеткішке газет-журналдар да мекен-жайымен қоса енген. Бұл көрсеткішке Қазақстан мемлекеттік баспасы (Орынбор, Қызылорда) мұның күншығыс бөлімі (Ташкенттегі және Мәскеудегі Орталық баспа) шығарған кітаптардың бәрі де кірді. Көзге көрінбей, қолға түспей қалған бірлі-жарым кітап болуы мүмкін. Бірақ ондайлар көп бола қоймаса керек». Мектептер, кітапханалар, мекемелер, ұйымдар, қызметкерлер, оқушы жастар, жай адамдар бұл көрсеткіштен қандай кітаптар басылып шыққанын көрген соң жер-жердегі «Білім» дүкендерінен керегін алдырып отырар деп сенеміз» [4, б. 83].

Қазіргі кезде қазақ зиялыларына сүрлеу жолды сол XX ғ. 20-30 жылдары зиялылар салып кетті десек қателеспейміз, өйткені олар халықтың санасын оятып, ағарту ісіне тартып, білімін көтеруде үлкен еңбек етті. Ғылымға да бетбұрыс жасады. Қазақтың ғылыми кітаптары да осы кезде белгілі бір жүйеге келіп шыға бастады. XIX ғасырдың өзінде-ақ ғылыми кітаптар көбінесе Қазан типографиялық баспасынан шығып тұратын. Енді қазақтың өз жерінде ұлттық баспа ісін қазақ зиялыларының қолға алуы үлкен бастама еді. Бұл іс мемлекеттік саясаттың бір бағыты болып, 1920 жылы қазан айында қолға алынып, бекемделді. Осы 1920 жылдың 4-12 қазанда Қазақ АКСР Кеңесінің Құрылтай съезі өтіп, «Ағарту комиссариатының іс-шараларын ұйымдастыру қажет», - деген мәселе қояды [5, 113 б.]. Осылайша мемлекет механизміне бұл жұмыс енгеннен кейін, оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін осы жылдың 3 қарашасында Қазақ Орталық Атқару Комитеті баспаның құқықтары мен міндеттері анықталған «Ұлттық баспа құру туралы» ереже қабылдайды. Онда «Бір орталықтан идеялық басшылық жасау және әдеби-лагерлік ісі мен үгіт-насихат қызметін іске асыру жергілікті орындарға әдебиеттер мен ақпараттық байланыстар бөлінісін реттеу мақсатында құрылады» [6, б.26]. Сөйтіп, Қазақстанда ресми баспа ұйымы құрылады. Баспа редколлегия құрамына қазақтың айтулы зиялы-лары: А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Х.Болғанбаев, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов кіреді.

Қазақ зиялыларының тағы бір көрнекті өкілі Х.Досмұхамедов 1923 ж. Орта Азия мемлекеттік баспа алқасының мүшесі, кейіннен Қазақ мемлекеттік баспасының Шығыс бөлімін басқарып, ал 1924-1925 жылдары Қазақ ғылыми баспа комиссиясы төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Баспа ісін ұйымдастыруда қазақ зиялы қауымы ұлы Абайды ұмытқан жоқ. 1922 ж. Ташкентте Абайдың «Таңдамалы өлеңдері» жарық көрді. «Абай» кітабының бірінші баспасы оқушыларға қиын тиюші еді. Қазақ емлесі дұрыстап жазылмағандықтан, жаңылыс басылған сөздері көп болғандықтан, мәнісін айырып алу қиын еді», - деп атап көрсетті жинақ редакторы [7, б.105, 349]. Абай өлеңдері тұңғыш рет ғылыми сараланып, хронологиялық жүйемен жарияланды. Сөйтіп халық арасына ақын өлеңдері кең тарап, халқымыз Абай шығармашылығымен терең таныс болды. Білім комиссиясы мектеп оқулықтары мен ғылыми-әдеби кітаптарды шығаруда авторлардың жасаған кітаптарын тексерістен өткізіп, оның халық үшін жарамдылығын нақтылауға тырысқан. Бұл жөнінде Х.Досмұхамедовтың 1922 жылы жасалған баяндамасында: «Комиссия жиылып жатқан халық әдебиетінен Ә.Диваев материалдары түзеліп, тергеліп, түстелді. Көбі тіркеліп, дұрысталып қайта көшірілді. Жазбасы өте нашар, танылмайтын, бір азғана бөлегі көшірілмей, тексерілмей тұр. Көшірілгендердің көбі қаралып, баспаға даярланды. Жетісудан жиылған материалдар түстеліп, нөмірленіп тіркелді. Бұлардың тізілген жинағы жаңадан шыққан «Наука и просвещение» деген журналының бірінші нөмірінде басылды. Комиссиядағы жиылып жатқан халық әдебиеті тым көп. Жиылғанда бұлар ретсіз, жолсыз, қалай болса солай жиылған. Көбінің жазбасы өте нашар. Бұларды тергеп, тексеріп, анықтау қиын жұмыс. Сондықтан, бұларды дұрыстап, баспаға даярлауға комиссияға бұл күйде көп уақыт керек.

Х.Досмұхамедов Білім комиссиясының сынынан: А.Байтұрсыновтың «Әліппесінің», «Тіл құралы», «Баяншы», М.Дулатовтың «Есеп құралы», И.Тоқтыбаевтың «Жағрафиясы», «Түркістан» кітабы, Басығаринның «Күн күркіреумен найзағай не нәрсе?», Х.Досмұхамедовтың «Табиғи тану», «Жануарлар»,

П.Ғалымжановтың 1921 жылғы күнтізбесі, Ә.Диваевтың «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қамбар батыр», «Мырза Едіге батыр» жалпы саны 7 кітабы Абай мен Ыбырайдың таңдамалы өлеңдері өтіп, осы кітаптардың 12-сі 1922 жылы баспадан шығатынын атап өтеді.

Х.Досмұхамедұлы халық ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жинауға ат салысып, олардың жеке кітап болып басылуына да бар көмегін көрсетті. Ол 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының съезінде сөйлеген сөзінде ауыз әдебиетін жию шараларына байланысты даму жобасын ұсынады. Өзі де тарихи жырларды, халық жадында қалған деректерді жинастырумен айналысады. Ол 1923 жылы «Кенесары-Наурызбай» атты жыр жинағын жариялайды. Осы жыр арқылы қазақ тарихында белгілі адамдардың атын халыққа жеткізеді. Ауыз әдебиетінің негізінде «Исатай мен Махамбет» пен «Аламан» жинағын да шығарады. Бұл ғылым саласы жетістіктерінің бірі болды.

Ресейден тыс жердегі шет аймақтардағы баспа ісінің негізгі мақсаты - шығыс кеңестік республикалары мен автономиялық облыстардың еңбекшілері үшін ана тілінде кітаптарды басып шығару болды. Орталық баспа 1922 жылы «Күншығыс» баспасы туралы қаулы қабылдау арқасында баспа ісі алға дамып жатты. 1923 жылы «Күншығыс» баспасы жанынан Н.Төрөқұлұлы «Темірқазық» журналын ұйымдастырып, редакторы өзі болды. Журналда негізінен әдеби-мәдени мақалалар жарық көреді. Н. Төрөқұлов Қоқан депутаттар кеңесінде жұмыс істей жүріп, «Халық» газетін құрады. Түркістан Компартиясының органы «Инкилоб» (Революция) журналын да шығарады. Осындай басылымдардың редколлегия мүшесі болып, редакторлық етіп, аударма істерін қадағалайды, өзі де мақалалар жазады. Н.Төрөқұловтың шығармашылығы арқасында журналистика саласы да дами түседі. Жоғарыда аталған баспасөзден басқа «Ақиқат», «Білім ошағы», «Түрікмен елі» т.б журналдар Түркістаннан шалғай жерлерге (Қашғар, Құлжа, Еділ бойы, Бұқар, Хиуа т.б) тарай бастайды. Ол кезде ірі қалаларда қазақ, орыс, өзбек тілдерінде газеттер шығып тұратын. 1919 жылы қазан айында өлкелік комитет жанындағы Мұсылман бюросы аудармамен оны редакциялау сапасын бақылайтын редакциялық алқа құрып, оның төрағасы етіп Н.Төрөқұловты тағайындайды. Осы жылы оның редакторлығымен өзбек тілінде комсомол жарғысы мен бағдарламасы жарық көреді. КСРО халықтарының жазуын латыншаға көшіру жөніндегі орталық комиссиясының мүшесі Н.Төрөқұлов лингвист ретінде өзбек тілінің оқулықтарын жасауға белсене қатысады. 1922 жылы қазан айында Н.Төрөқұлов Мәскеуге, РК(б)П орталық комитетіне шақырылып, «КСРО халықтары Орталық баспасы» басқармасының төрағасы қызметіне тағайындалып, оны 1928 жылдың ортасына дейін басқарды. Осы қызметте оның ұйымдастырушылық және журналистік қабілеті айқын көрінеді. Ол орыс және КСРО түркі халықтарының тіліндегі көптеген кітаптарды редакциялады. Жекелеген басылымдар оның алғы сөзімен жарық көрді. Белгілі тәжік жазушысы Садриддин Айнидің Бұқар революциясының тарихына арналған «Бухара инкилобчилари» кітабы Н.Төрөқұловтың көлемді алғы сөзімен жарияланды. Мұнда ол мәселені терең білетінін аңғартып, Бұхар оқиғаларына тарихи және саяси бағасын берді [8, б. 30]. Н.Төрөқұлов КСРО Орталық атқару комитетінің жанындағы орталық баспа басқармасының төрағасы ретіндегі өз қызметінің жаңа кеңестік мемлекетке ұлттық мәдениеттерді дамытудағы маңызын жақсы түсінген. Орталық баспаның бес жылдығына арналып 1928 жылы маусымда өткен мерекелік мәжілісте оның басшысы ризашылықпен былай дейді: «Орталық баспа әр түрлі ұлттардың сан миллиондаған бұқарасының кеңес мәдениетінен сусындауына жол салып берді, өзі құрылған қысқа мерзімде бірде-бір елде болып көрмеген кітап өнімдері базасын жасай алды. Бес жылда ол оқулық, ғылыми-бұқаралық, қоғамдық-саяси, көркем, ауыл шаруашылық және басқа әдебиеттің 59959713 данасын 50-ден астам ұлт тілдерінде шығарды. Кітап өндірісін жасау, нығайту және дамыту ісімен қатар орталық баспа ұлттық мерзімді басылымдар ұйымдастырып, оларды жақсарту және тарату мәселелеріне байыпты көңіл бөліп келеді. Қазіргі кезде ол 12 тілде 21 мерзімді басылым шығарып отырғанын айтсақ та жеткілікті. Оның Одақ халықтары үшін айрықша көмекші оқулық базасын жасау, ұлт тілдерінде орасан зор көлемде көрнекі құралдар, яғни артта қалған бұқараны мәдениетке тартудың бүкіл материалды жасау ісіндегі рөлінің де маңызы бұдан кем емес. Орталық баспаның барлық кітап өнімдерінде оқулықтардың үлесі бәрінен мол және бұл салада да оның Одақтың түрлі халықтары үшін арнайы әдебиет шығаруда жаңа жол салуына тура келді, өйткені патшалық замандағы оқулықтар ұлттар үшін мүлдем жарамсыз болатын. Ол латын әліпбиі негізінде түркі-татар тілдерінде әліппелер, оқулықтар және басқа әдебиет шығару жөнінде, сондай-ақ Орталық баспа шығаратын татар газет-журналдарын латыншаға көшіруде көп жұмыс жүргізеді» [9, б.37].

1926 жылы Н.Төрөқұловтың «Жат сөздер» атты тамаша туындысы Мәскеуден шығады. «Еңбекші қазақ» газеті бұл жөнінде былай деп жазды: «Нәзір жолдас кітапшасында түрлі дәлелдер келтіріп, қазақ тілі жат сөздің құлағына қалай ен салып алатынын, тілді қалай таза сақтауын түсіндіреді. Кітап дәлелді,

түсінікті және дер кезінде жазылған. Қазақ тілін ардақтағысы келген, өз тілін дұрыстағысы келген адам, тіл бегіне секпіл салып, аттарын бұзғысы келмеген адам Нәзір кітабын оқып ойлану керек...» [10].

Қазір Қазақстанда қазақ тілінің тағдыры не болатыны туралы айтылып, Тіл саясаты белсенді жүріп жатқан кезде Н.Төрекұловтың бұл пайымдамасы маңызын жойған жоқ деп санаймыз.

Баспа ісі саласы бойынша мамандар даярлау мақсатымен 1925 ж. Ұлттық полиграфия мамандарын дайындау үшін кәсіби мектеп ашылады. «Орталық баспа» 50 тілде әдебиеттер шығарады. Академик М.Қозыбаев атап көрсеткендей, мәдениет тарихын зерттеген уақытта кейбір методологиялық мәселелерге көңіл бөлу керек. Ұлы революция кезінде В.И. Ленин ескі интеллигенцияның білімін, өнерін, талабын, ұйым-дастырушылық қабілетін социалистік қоғамды құру ісіне пайдалануға шақырған. Ал бұл кезең 1925 жылға дейін созылды. Ф.И. Голощекин қазақ сахарасына келгеннен кейін ескі интеллигенцияның бәріне бірдей, оның ішінде Кеңес үкіметінің орнатуға аса зор үлес қосқан С.Сейфуллинге шейін ұлтшыл айдарын тақты, қу-далау басталды. Қазақ социалистік мәдениетінің іргетасын қалауға жан-тәнін сала кіріскен, В.И. Лениннен мандат алып, қазақ ревкомының құрамасына кірген А.Байтұрсыновтың, оның шәкірттерінің соңына Ф.И. Голощекин күндіз шам алып түсті [11, б. 36-37]. Осындай күрделі жағдайда да қазақ ғылымы дамыды, оған баспа ісінің ұйымдастырылуы мен қазақ зиялыларының атқарған істері мысал бола алады.

Ғылыми көпшілік бағыттағы мақалалар қазақ баспасөз беттерінде де жарияланып тұрды. Олардың қазіргі кезде маңызы зор, өйткені тарихтың «ақтандақ» беттерін ашуға көмектесуде. Қазан төңкерісінен кейін қазақтарға қарсы большевиктер тарапынан «басып алу саясаты» жүргізілгендігі қазіргі кезде дәлелденуде. Оған кезінде ұлтшыл, байшыл, алашордашыл деп жала жабылған «Сарыарқа», «Қазақ», «Бірлік туы», «Жас азамат», «Алаш», «Ұран», «Абай» сияқты газеттердің тарихынан толық білуге болады. Сарыарқа газеті 1917-1918 жылдары Семей қаласында шығып тұрды. Оның жауапты шығарушысы, алаштың өкілі - Х.Ғаббасұлы болды. Бұл басылымға басқаларға қарағанда көп дүниесін жариялаған Ж.Аймауытұлы еді. Жазушының «Сарыарқа» газетінің бірінші нөмірінде «Сарыарқаның сәлемі» деген өлеңі, екінші нөмірінде «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!», үшінші нөмірінде «Партия» деген мақаласы мен «Ғашықтық» (Абайша), «Жынды», «Айна» атты қысқа әңгімелері мен оқшау сөздері жарияланған. Ж.Аймауытұлы тамаша ақын, дарынды жазушы, ойшыл публицист болды. 1917 жылы Ақпан төңкерісі нәтижесінде патша өкіметі құлағаннан кейін алғашқылардың бірі болып, «Сарыарқа» газетінде «Тұр, бұқара, жиыл кедей», ұмтыл жастар!» деген мақаласында: «Жасыратын қылық жоқ-бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қалың бұқараға кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостан-дық» [12, б. 36-37], - деп жар салған. Ж.Аймауытұлы «Партия» деген мақаласында «басқа жұрттың партиясының негізгі мақсаты қай жолмен болсын, тұрмысын оңдауға тырысу, ал қазақтың партиясы бұл партияларға ұқсамайды, өйткені қазақ тұрмысын түзеуге партия болмайды, бұл бір; байлар, күштілер бірыңғай, жұмысшы кедейлер бірыңғай одақтаса алмайды, бұл екі; партияшылар көптің қамын ойламайды, өз басының билігі, атағы, мақтануы үшін таласады - бұл үш. Ендеше қазақтың партиясы өзге жұрттан оғаш мақсаты, шегі, тілеуі қиғаш, тегіс партия», - деп тұжырым жасайды [12, 36-37 б.].

1917 жылдың ақпан революциясынан кейін, Ресейде қос өкімет орнап, шайқас жүріп жатқан кезде, большевиктер Ресей мен Шығыстың Мұсылман еңбекшілеріне арнап «Бірлік туы» газетінің бірінші нөмірінде: «Уақытты өткізіп алмаңдар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар. Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол бермеңіздер. Тұрмыс-тіршіліктеріңізді сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, қалау-ықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер», - деп жар салды [13, 38 б.].

Алаш қайраткерлерінің бірі - Қошке Кемеңгерұлының негізгі мамандығы дәрігер болса да, тіл білімі, журналистика, тарих, әдебиеттану ғылымдарына үлес қосқан. Ол өз шығармаларында қазақ халқына қатысты өзекті мәселелерді көтерді. «Тұтқынның ойы», «Отаршылдықтың ұсқындары», «Қанды толқын» әңгімелері отаршылдықты әшкереледі. 1924 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан жарық көрген «Қазақ тарихынан» еңбегінің де ұлт тарихынан алар орны ерекше. Кітаптың алғы сөзінде Ғ.Тоғжанұлы: «Біздің қазақ әлі кітапқа кедей. Әсіресе, қазақ тарихына жазылған кітаптар жоқ. Міне, қолдарыңыздағы кітапша, қазақ баспасөзінде қазақтың саяси тарихы тұрмысынан жазылған тұңғыш кітап деуге болады. Кітапшаның ішіндегі жазылған сөздің ұзын-ырғасы қазақтың қысқаша саяси тарихы десе», М.Әуезов: «қазақ тарихын білгісі келгендер Халелдің «Исатай-Махамбеті» мен Қошкенің «Қазақ тарихынан» деген еңбектерін қарасын» [14, 11 б.], - дейді. Қаламгер осы кітабының IV тарауын XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы әдебиетке арнаған. Мұнда патша үкіметінің шоқындыру саясатына қарсы шыққан XIX ғасырдың екінші жартысындағы Шоқан, Абай, Ыбырай туралы, XX ғасырдың

басындағы ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері туралы біраз мағлұмат береді. Осы кездегі қазақ халқының мәдениеті, рухани байлығы сөз болады. «Қазақ тарихынан» деген еңбегінде қазақ халқының егемендік, бостандық жолындағы күресінен мысал келтіре отырып, Кенесары үш жүздің баласын түгел санады. «Ата қаны мұздамаған, еркіншілігі сөн-беген ел бар ма?» деп сөз тастады», деп жазды. Мұнан әрі автор Кенесарыға мынадай үлкен рухты «Қақпанды құра білмеген шапқызады» деген сөз салады. «Құдайдың кең даласында жүріп, шенге қызығып бағынғанша-ақ қазамен өлсек болмай ма?» Өз замандастары да туралы ой толғап, «Әдебиетке келсек, А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтан басқа орыс школдарынан шыққан азаматтардың қазақ тілінде жазған әдеби кітаптары болмады. Қазақ елінің әр түрлі тұрмыстың жұмбақтарына кездесіп, даң болып тұрған кезінде «Қырық мысал» мен «Оян, қазақ» дей келіп, әлеумет жұмбақтарын шешкендіктен қазақ бұл екі кітапты үлгі орнында ұстап, мысал орнында айтатын болады», - дейді Қошкеш «Маса» мен «Қырық мысал» жөнінде [14, 52-53 б.]. Бұл айтылғандардан шығатын түйін: Қ.Кемеңгерұлы әдебиет тарихына кімдерді енгізу керектігін білген білікті әдебиетші. Ол көрнекті ақын-жазушылардың ғана есімін атап, олардың әдебиетке қосқан еңбегін әділ бағалады. Қ.Кемеңгерұлы 1920 жылдары әдеби сынға белсене араласты. Оның «Көркем әдебиет туралы» көлемді мақаласы әдеби сынға арналған. Ол қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихына талдау жасайды. 1920 ж. мерзімді басылым беттерінде

Қ.Кемеңгерұлының мұралары әділ бағасын алғанмен, 30 ж. оны айыптай бастады. Бұл жылдары қазақ зиялылары мұраларының бір жақты бағаланғаны белгілі. Халқының болашағы мен бақыты үшін күрескен Алаш зиялыларының еңбектеріне «ұлтшылдық» деген айдар тағылып, санадан өшіріліп, тарих саласынан алынып тасталды.

Сталин басқарған жоғары билік революцияға дейінгі қазақ зиялы қауымына, оның ішінде Ә.Бөкейхановқа сенімсіздік танытып, қоғамдық қызметін шектеп отырды. Соған қарамастан 1922-1927 жылдары Мәскеуде ол «КСРО халықтары орталық баспасында» әдеби қызметкер бола жүріп, өз елінің рухани өсуіне елеулі үлес қоса білді. 1927 ж. 1 қазанда «штаттың қысқартылуына байланысты», ал шын мәнінде БК(б)П Орталық Комитетіндегі қызметкерлердің нұсқауы бойынша қызметтен босатылған Ә.Бөкейхановқа мынадай мінезде-ме жазылған: «Орталық баспада жүргізілген өзінің ғылыми және әдеби қызметі кезінде Ә.Н. Бөкейханов қазақтардың тілін, шаруашылығын және тұрмысын өте терең білгендігімен қатар, өзіне жүктелген міндет-терге үлкен адамгершілікпен қарайтынын танытты» [15].

1925 жылы саяси билікке Ф.И. Голощекин келгеннен кейінгі уақытта республикада жер мәселесі шиеленісе бастады. Оған себеп ескі патшалық билік тұсында көп зардап шеккен қазақ бұқарасының мүддесін есепке алудың орнына, отарлық биліктің қолдауына сүйене отырып, отарлаудың жаңа кезеңін ашуды көздеген жаңа басшылықтың өктем саясаты болатын. Ғасырлар бойы өз шешімін таппай келген жер мәселесі Қазақстанда революциядан кейінгі алғашқы кезеңде ұлттық принцип негізінде шешілуі толық мүмкін еді. Кезінде патша үкіметі күшпен тартып алған құнарлы жерлерді өз иелеріне қайтарып, ішкі Ресейден көшіп келіп қоныстанушылар легіне шек қою, т.с.с. Осы әділдікті мойындай отырып, V Өлкелік партия конференциясы (1925 ж. желтоқсанда) жер мәселесін арнайы қарап, өз қарарында «Жерге орналастыру саласында ең алдымен байырғы халық, әсіресе олардың отырықшыланып жатқаны жөнінде міндет қойылатын болсын» деп көрсетті. Бұл шешім іске аспай қалды. 1926 жылы 26 ақпанда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Қазақстандағы басшылықпен көп кеңесіп жатпай-ақ Өлкелік партия конференциясына бекітілген жерге орналастыру шараларын жоққа шығаратын арнайы қаулы қабылдады. Орталықтың қолдауына сүйенген Голощекин VI Өлкелік партия конференциясында Қазақстанда жерге орналастыру процесін ұлттық негізде емес, таптық негізде жүргізу туралы шешім қабылдатады. Бұл іс жүзінде жаңадан қоныс аударып келгендерге жол ашу еді. Конференция шешімін сол кездегі республика егіншілік халық комиссары Ж.Сұлтанбеков переселен чиновниктерінің қолынан шыққан, отаршылдық рухтағы құжат есебінде бағалады. Н.Нұрманов, С.Сәдуақасов сияқты қайраткерлер осы пікірде болды. Қазақ елінің басына төнген қауіпті тура түсінген. Ә.Бөкейханов осы кезде жаңадан отарлау саясатына жол бермеу үшін қазақтарға қажет жер нормасын анықтау мақсатында КСРО Ғылым Академиясы жанынан профессор С.П. Швецов бастаған экспедицияны құру ісіне белсенділік танытып, оның құрамына өзі де енеді. Қазақстанда жаңа қоныстанушыларға жарайтын артық жер жоқ екенін ғылыми тұрғыда дәлелдей білген комиссияның жасаған тұжырымдары мен ұсыныстары Ф.Голощекин мен орталықтағы басшыларға ұнамағаны даусыз. Міне, осы кезде комиссияның жұмысы толық аяқталмай 1926 жылы «Ә.Бөкейханов контрреволюциялық қызмет жүргізді» деген желеумен Мемлекеттік өкілеттілік басқару орган қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, Мәскеуге Бутырка абақтысына жіберіп, 15 күннен кейін шығарып жіберуге мәжбүр болады. 1927 ж. одақтық егіншілік комиссариатында ол профессор С.П. Швецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы шенеуніктерді әшкерелеп

сынға алады. Қоныс аудару бағытын қолданған профессор Верещагинге жауап сөзінде: «Профессор Верещагин бұрында қазақтардың жерін тартып әперіп, орыс помещиктері мүддесін қолданған еді. Егер ол айтқандай, Тула шаруалары шынымен де жерге мұқтаж болса, біз, қазақтар олармен Верещагин сияқтылар арқылы емес, тікелей келіссөз жүргізуді қалаймыз. РКФСР Егіншілік комиссариаты ұсынып отырған жер нормасы қазақтарды қанағаттандыра алмайды, өйткені ол көбірек артық жер шығаруды көздейді. Сондықтанда бұл нормалар болашақта Қазақстанда жаңа отарлау саясатын жүргізуге бағытталған» [16]. Бұл бар өмірін өз халқының жарқын болашағы үшін күреске арнаған үлкен жүректі адамның, саясаткердің ашықта ашына айтқан соңғы сөздерінің бірі еді. Алашордалық қайраткерлерге қарсы 1928 ж. басталып кеткен сот процестері Ә.Бөкейханов пен оның пікірлес серіктерін саяси өмірден біржола ығыстырып тастаған болатын. Әрине, қазақ жерін Алаш автономиясына біріктіру оңайға түспейді.

Ә.Бөкейхановтың шығармашылық мұрасының маңызды бөлігін энциклопедиялық негізде орыс тілінде жарияланған ғылыми еңбектері, монографиялары құрайды. Бұл еңбектердің сол кездегі атақты баспа-лардан шығуы ірі ғалымның мәртебесі мен құрметіне, әрі жұмыстың жоғары деңгейде бағалануы куә. Ә.Бөкейхановтың «Жалпы Сібір сиезі» деген мақаласында: Съезде 207 өкіл болып, оның 9-ы қазақ ұлтынан екенін, Торғай, Ақмола, һәм Семейдің орыс, қазағы бір қаулыда болып, екі жағы да орыстан, қазақтан өкіл жіберіп, қазақ ұлтының өкілдеріне Сібір автономиясына қосылу тапсырылғанын айтады [17, 27 б.]. Ә.Бөкейханов «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырларын ел аузынан жазып алып, кітап етіп құрастырып шығарады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» кітабына жазған алғы сөзінде: «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» таралмаған жері жоқ десе де болады. Қозы Көрпеш-Баян Ертіс аяғы Тобыл татарында, Күншығыс Түркістаны тараншыда, Түркістанда, Сарыарқада, Алтайда, Ұранқайда, Оралда, Башқұртта, Кавказда, Шешенде, Осетинде бар. Қозы Көрпеш-Баян біздің түрік баласының сүйген ертегісі. Норманға Фауст қандай болса, түрік баласына Қозы Көрпеш-Баян сондай», - деп жазды.

Атақты «Едіге» жырын жинап, баспадан шығарған Қ.Сәтбаев болды. Кезінде бұл жырды Шоқан жоғары бағалаған. Бұл жырдың отыздан аса нұсқасы бар. Белгілі кітаптанушы Ә.Жиреншин: «Өзірге жырдың ең соңғы нұсқасы 1927 ж. академик марқұм Қ.Сәтбаев Орынборда жазып алған варианты. Оны Ш.Уәлихановтың нұсқасымен салыстыра отырып дайындаған. Бұл кітаптың құнды жері

Қ.Сәтбаев жазған көлемді кіріспесі. Онда қазақ халқының тарихы, ескі әдебиет мұрасы жайында бағалы пікірлер бар», - деп жазды [18, 93-94 б.]. Қ.Сәтбаев жазған «Ер Едіге» кітабындағы «Сөз басының» ғылыми талдауы терең, онда жырдың мазмұны, көркемдік деңгейі, шежіре жағынан құндылығы сипатталады. Мақалада Қ.Сәтбаев осы жыр бойынша Шоқанның атқарған еңбегін ұмытпайды. Оны автор былай көрсетеді: «Едіге батырдың әңгімесін Шоқан Уәлиханұлы бірінші рет 1841 жылы Аманқарағай округіндегі күрлеуіт қыпшақ табынан шыққан Жұмағұл дейтін ақынның аузынан естіпті. Осы Жұмағұлдың сөздерін тағы да заты қыпшақ Арыстанбай дейтін ақынның сөзімен салыстырып, әкесі Шыңғыс пен Шоқан екеуі орыс тіліне де аударған [19, 91 б.].

Қ.Сәтбаевтың Қопабай деген қарт жыраудың аузынан жазып алған нұсқасы, оған алғы сөзін жазып, оны 1927 жылы Мәскеуде араб қарпімен бастырған «Ер Едіге» жыры асыл қазынамызға айналған мұра деп білеміз.

Қорыта айтқанда, 20-30 жылдары қазақ зиялы қауымы кітап баспа ісін ұйымдастыруда сапалы қызмет атқарған. Олар баспа ісінде негізгі іргелі, танымдық маңызы зор әдебиеттерді қалыптастыру, шығару бағытында жұмыс істеді. Өздері де шығармашылық қызметін нығайтып, баспа ісін қолға алу арқылы қазақ халқы мәдени құндылықтарды меңгеріп, білімін тереңдетсе екен деген ойда болды. Халықтың көкірегін оятып, тарихи санасын қалыптастыруда баспа ісі арқылы үлкен істерді жолға қойды. Зиялы қауымның өзі қай жағынан болса да ерекше болатын. Олар өздерінің жеке тұлғасымен де, ісімен де халыққа өнеге көрсетті. Өздері еуропалық біліммен сусындағандықтан, сондай білім көкжиегіне халқы да жетсе екен деген тілекте болды. Ал ол тілек баспа ісі арқылы жүзеге асатынын түсінді. Сондықтан осы бағытта айтарлықтай жұмыс жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақтың бүкіл тарихы-бірігу тарихы, тұтастану тарихы [Мәтін] / Егемен Қазақстан, 1998. – 18 наурыз. – Б. 1-2.
2. Мамжанов М. Еңбек еттім ел үшін [Мәтін]. – Алматы: Қазақстан, 1999. – 474 б.
3. Осында, 73 б.
4. Осында, 83 б.
5. Учредительный съезд Советов Киргизской (Казахской) АССР, 4-12 октября, 1920 [Текст]: Протоколы. – М., 1936. - 127 с.

6. Жиренишин А.М. Из истории казахской книги[Текст]. – Алма-Ата: Казахстан, 1977. – 192 с.
7. Досмұхамедұлы, Х. Аламан [Мәтін]. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
8. Мансұров, Т.А. Нәзір Төреқұлов [Мәтін]. – Алматы: Қазақстан, 2005. – 384 б.
9. Осында, 37 б.
10. Еңбекші қазақ.[Мәтін]. – 1926. – № 80.
11. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты [Мәтін]: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
12. Қозыбаев С.М. Әлем баспасөзі тарихынан: оқу құралы [Мәтін] / М.Қозыбаев, С.Рамазанова, Қ.Аллаберген. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
13. Осында, 38 б.
14. Кемеңгерұлы Қ. Шығармалары[Мәтін]. – Алматы: Алаш, 2005. – Т.1. – 400 б.
15. Бөкейханов Ә. Таңдамалы шығармалары[Мәтін]. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
16. Осында, 27 б.
17. Осында.
18. Жиренишин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан[Мәтін]. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 180 б.
19. Мамажанов М. Асыл мұра. Кітап -даналық қазынасы[Мәтін]. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 128 б.

ӘОЖ 658.114.1.(574.53)

МРНТИ 03.20

З.С. Абдирасилова ¹

¹Тараз мемлекеттік педагогикалық институты,
«Дүниежүзі тарихы, экономика және құқық» кафедрасының меңгерушісі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ. E-mail: zauze_taraz_2011@mail.ru

САУДА САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫ

(Қазақстанның Оңтүстік аймағы материалдары бойынша ХІХ ғ. 60 ж. – ХХ ғ. 20 жж.)

Аңдатпа

Мақалада автор Қазақстанның оңтүстік аймағындағы сауда саласындағы кәсіпкерліктің қалыптасу кезеңдерін қарастырған. Аймақтағы сауда кәсіпкерлігі әр түрлі формада көрінді. Атап айтсақ жеке адамның өзі сататын жеке (разносная торговля) сауда, тасымалдау (развозная) саудасы, керуен саудасы, жәрмеңкелік сауда, тұрғылықты қалалық базарлар, сауда үйлері, дүкен және сауда сәкілері және т.б. болды. Автор зерттеу барысында осы мәселелерді жүйелі қарастырған. Сондай-ақ, қазақ саудагерлерінің кәсіпкерлік қызметі де көрініс береді. Қарастырылып отырған кезеңде, Сырдария облысы бойынша берілген сауда және патенттік куәліктерге қарап, аймақта кәсіпкер қызметінің басым бөлігі сауда саласын қамтыды деп басып айтуға болады, және бұл саладан мемлекетке айтарлықтай кіріс түсіп отырғандығы айтылған.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, сауда, жәрмеңке, тарих.

Аннотация

З.С. Абдирасилова ¹

¹Таразский государственный педагогический институт, заведующий кафедры
«Всемирная история, экономика и право», Республика Казахстан, г.Тараз.
E-mail: zauze_taraz_2011@mail.ru

РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ ТОРГОВЛИ

(по материалам Южного Казахстана 60-х гг. ХІХ в. – 20-х гг. ХХ в.)

В статье автор рассматривает этапы становления предпринимательства в сфере торговли в южноказахстанском регионе. В это время торговля в региональных торговых предприятиях проявилась в различных формах. В частности, физические лица продажи (разносная торговля), перевозки (развозная торговля), караванной торговли, ярмарочной торговли, по месту жительства, городские рынки, торговые дома, магазины, сәкілері и т.п. Также, как вид предпринимательской деятельности были торговцы людьми. В ходе исследования поднимаемые вопросы рассматривались системно.

Ключевые слова: предпринимательство, торговля, ярмарка, история.

Abstract

Z.S. Abdirasilova²

²Taraz state pedagogical Institute, head of the Department «World history, law and Economics»,
The Republic of Kazakhstan, Taraz city. E-mail: zaure_taraz_2011@mail.ru

**THE DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURSHIP IN THE SPHERE OF TRADE
(On materials of the southern Kazakhstan 60-ies of the XIX century - 20-ies of XX century)**

In the article the author considers the stages of development of entrepreneurship in the sphere of trade in the South Kazakhstan region. At this time trade in regional trade is manifested in different forms. In particular, individuals selling (peddling), transportation (distribution trade), caravan trade, fair trade, residence, urban markets, trading houses, shops, skier, etc. as well as the type of business were traffickers. The study raised issues were addressed systematically. In addition, a large population growth fairs each other small settlements and settlement in the region due to the remote location. The more complex the business in this area in the course of trade and development, mature types: shopping centers, warehouses, wholesale stores, purchase and sale of stores, such as shopping malls, etc. companies, began to appear regularly.

Key words: entrepreneurship, trade, fair, history.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Қазақстан кәсіпкерлерінің басты қызығушылық танытқан саласы – сауда еді. Тауарды алып-сату айналымы жан-жақты қамтыды. Сауда арқылы түсетін кірістің жоғары болуына байланысты іскер адамдардың қызығушылығы артып, осы салада кәсіпкерлік жанданды. 1897 жылы бүкіл Қазақстан бойынша қала және уезд кәсіпкерлерінің 76%-ы саудагерлер мен сауда делдалдары болды [1; 235 б.].

Қарастырылып отырған кезеңде, Сырдария облысы бойынша берілген сауда және патенттік куәліктерге қарап, аймақта кәсіпкер қызметінің басым бөлігі сауда саласын қамтыды деп басып айтуға болады, және бұл саладан мемлекетке айтарлықтай кіріс түсіп отырды. Оны 1 кестеден көруге болады. [2; 6-п.].

Кесте 1

1888 жылғы Сырдария облысының уездеріндегі сауда куәлігі мен патенттік куәліктен түскен кіріс

Кірістің түрлері	Шымкент	Әулиеата	Перовск	Қазалы	Амудария бөлімшесі	Барлығы
Ішімдік сату патентінен	–	–	–	–	–	4 885,9
Гильдиялы куәліктен	295,5	169,98	482,5	602,5	307,5	5 085,61
Гильдиялық куәлік билетінен	38	56	76,25	36	32,5	715,75
Ұсақ сауда куәлігі мен билетінен	266,4	789,4	438,1	272,8	244,1	6 438,1
Кәсіптік билеттен	15,75	58,4	11,5	0,7	1,20	358,5
Тасымалдаушы сауда куәлігінен	2,40	10,4	40,0	15,20	3,20	120,8
Жеке адамның сату куәлігінен (разносный)	10,20	4,8	4,80	–	0,3	46,50
Приказчик куәлігінен	58,5	87	120,35	116,6	69,85	1 126,95
Жанұялық көпестік куәліктен	0,6	–	–	5,40	–	44,7

Ескерту: Кесте «ӨР ООМ. 269-кор, 1-тізбе, 5-іс, 6-парақ» бойынша құрастырылды.

Аймақтағы сауда кәсіпкерлігі әр түрлі формада көрінді. Атап айтсақ жеке адамның өзі сататын жеке (разносная торговля) сауда, тасымалдау (развозная) саудасы, керуен саудасы, жәрменкелік сауда, тұрғылықты қалалық базарлар, сауда үйлері, дүкен және сауда сәкілері және т.б.

Сауда-саттық саласының алғашқы сатысында айырбас-келісім жүйесі басым болды. Айырбас саудасын көбінесе ұсақ саудагерлер және әр түрлі сауда фирмаларының өкілдері жүргізді. Олар далалы аймаққа өздерінің тауарларын алып келіп, оны мал және оның өнімдеріне айырбастады.

П.Г. Галузо XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік өлкесіне тән сауда-саттық жүйесінің екі ерекшелігін көрсетті. Бірінші, сауданың айырбас жасау арқылы жүзеге асу кезеңі. Екінші, ақшамен сауда жасау енді ғана қалалар мен әскери бекіністерде орын ала бастады [3; 93 б.].

Тасымалдаушы саудамен көпестер жаз және күз мезгілінде айналысты. Көктемнің соңында көпестер ауылға келіп тауарларды елге үлестіреді, ол көбінесе шай мен қант, сол сияқты азиялық тауарлар және әр түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар болатын. Азиялық көпестер қазақтарды көшпелі қоғамда жасау мүмкіндігі жоқ бұйымдармен қамтамасыз етті. Олар сенімді адамдарға немесе біреудің кепілдігімен қарызға таратып, орнына жүн, тері алатын болып келісті. Жаздың соңында қарыздарын шикізат немесе мал күйінде жинай отырып, қайтадан тауар таратты.

Мал өнімдерін өндірушілерге тауар жеткізу немесе тасымалдаушы сауда қазақ жерінде өте кең таралды, тіпті ең алыс жатқан аймақтарды қамтыды. Ол көптеген ғасырлардың тарихи тәжірибесінен орын алған жеке айырбас саудасына негізделді. Оңтүстік өлкеде сауданың осындай жолмен өркендеуіне, оның Орта Азия хандықтарымен шекаралас орналасуы белгілі дәрежеде әсер етті.

Тасымал саудасына тән ерекшелік – мұнда ақшалай есеп және сауда бәсекесінің болмауы, сауданың тауарды мал басымен немесе оның өнімімен бағалау арқылы жүргізілуі. Ондай сауданың түрі халықты алдауға көп мүмкіндік берді. Осыған байланысты оқыған қазақ азаматтары газет-журнал беттерінде қазақтарды сақтануға, саудагерге жем болмауға шақырды.

Мысалы, Ә. Бөкейханов «Қымбатшылықтың себебі неде?» деген мақаласында мал сатушы қазақтарға малды сатқанда өнеркәсіп тауарларына қарап бағаны бағдарлауды ұсынады. «Егер өнеркәсіп тауарлары 3 есе өссе, онда малдың бағасын да 3 есе өсіру керек, оның нарықтық өзгерісін қадағалап отыру қажет, осыған байланысты мал және мал өнімдері бағасын да өзгертіп отыру керек», – деп жазды [4; 14-б.].

Тасымалдаушы сауда салықсыз, еркін сауда ретінде жүргізілді. Айырбастаушы тасымалдаушы сауда негізінде, көпестер жергілікті халыққа сапасыз тауарды өте жоғары бағамен сатуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде саудагерлер байлыққа кенеліп, халық тоналды.

Қазақ жерінде керуен саудасы қазақ даласын кең қамтыды. Қарастырып отырған кезеңде керуеншілердің басым көпшілігі сарттар болды. Олардың сауда операциялары Орта Азияны тұтас және Құлжа аймағын қамтыды.

Өлкедегі керуен сауда айналымының шамасын анықтау үшін, Жетісу облысының мәдени-экономикалық орталығы Верный қаласында жүргізілген керуен саудасына назар аудару маңызды.

1874 жылғы Верный қаласы мен уезінде сауда жасаған керуендердің ақша айналымы 19 332 рубль құрап, олардың 42 жұмысшысы, 120 түйесі, 67 жылқысы, 25 арбасы, 25 бұқасы болды. Негізінен, халат, кілем, калаш т.б. әр түрлі азиялық тауарлар әкелді [5; 24-30-пп.].

Жергілікті қазақтар да керуен саудасымен айналысты. Қазақтардың керуендеріне байланысты А.П. Смирнов: «Қазіргі уақытта қырғыздар (қазақтар. – З.А.) Сібірдің, Түркістанның, Орынбор өлкесінің орыс тұрғындарымен сауда қатынасын қуана жасайды. Мал, жүн және мал майын еуропалық тауарларға айырбастайды, орыс жәрменкелеріне түлкі, сусар, күзен, жолбарыс терілері, сол сияқты әр түрлі қой және түйе жүндерінен жасалған маталар алып келеді. Сонымен қатар, орыс көпестеріне өздерінің түйелерімен Орта Азия қалаларына тауар тасуға жалданады», – деп жазды [6; 27 б.].

Тасымалдаушы айырбас және керуен саудасының эквивалентінің болмауы, сұранысты толық қамтамасыз ете алмауы, тауар сапасының төмендігі және таңдау мүмкіндігі жоқтығы аталған сауда жүйесінің біртіндеп әлсіреуіне алып келді. Осындай себептерден сауданың тасымалдаушы айырбас саласы баяулап, қазақтар өз өнімдерін жәрменкелерге әкеліп сатуға және осында қажеттерін сатып алып, сауда жасауға ұмтыла бастады. Өлкеде жәрменке саудасы қыза бастады.

Жәрменкелік сауда әмбебап сипатта дамыды. Онда сауда операцияларының барлық түрі (тікелей айырбастан ақысын дер кезінде төлеу мен несиеге дейін), есеп айырысудың барлық түрлері жүргізілді. Жәрменке сауда орталықтарынан шалғайда орналасқан көшпенділерге өздерінің тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тиімді еді [7; 3-4-пп.].

Сонымен қоса, жәрменкелерде сауда бөлшек, ұсақ және ірі көтерме сауда негізінде жүргізіліп, барлық қатысушылардың қызығушылығын тудырды. Әмбебап болғандықтан жәрменкелер тез беделге ие болып, ұлғая бастады. Кәсіпкерлердің қажетті тауармен жәрменкелерді қамтамасыз етуі, сауданы өркендетуге мүмкіндік берді. Тек жәрменкеде ғана көпес әр аймақтың сатушыларымен кездесіп, тасымалдайтын аймағына қажетті тауарларды жинап ала алды. Жәрменке, өзінің ақша және тауар айналымын жеделдетуге, делдалсыз жұмыс істеуге мүдделі саудагерлердің белгілі уақытта, белгілі жерде кездесетін орны болды. Онда әр түрлі аймақтан түрлі тауарлар келді. Жәрменке арқылы қалалар мен ауылдардың нарықтық байланысы орнады.

Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстанның оңтүстік өлкесі тұтас жәрменкелер жүйесінен тұрды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстанның ішкі нарығында: тасымалдаушы, мерзімдік және тұрақты сауда жүргізілді. С.Н. Наумов Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша экономикалық қатынастардың дамуының үш дәрежелі жәрменкелік жүйесін қарастырады. Оның пікірінше, бірінші дәрежедегі ірі көтерме саудамен айналысатын далалық жәрменкелер – Қарқара, Нарын-Сергиополь, Алмалы, Әулиеата және т.б. – өту мерзімі бір ай. Сауда айналымы бірнеше мың рубльден миллионға дейін, кейде одан көп. XX ғасырдың басындағы Жетісу және Сырдария облыстарының сауда жүйесін далалық жәрменкелер құрады. Олардың ақша айналымы 100 мың рубльден асты. Ал, Әулиеата және Қарқара жәрменкелерінің айналымы – 1 млн. теңгеден асты [8; 67-68 бб.].

Жәрменкелік сауданың екінші дәрежесі қалалық көтерме сауда жәрменкелері болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның оңтүстік аймағында жәрменкенің бұл түрі сауданың тұрақты түріне жол берді: базарлар, дүкендер және т.б. Қалалық жәрменкелердің ақша айналымы 100 мың теңгеден асқан жоқ. Ең ірі қалалық жәрменкенің бірі – Верный қаласында орналасты. 1901 жылы Верный қаласында 20 сәуір – 1 маусым және 14 қыркүйек – 10 қазан аралықтарында үш жылға сауда салықтарынан босатылған екі жәрменке ашылды [9; 2-п.]. 1914 жылы 20 наурызда Верный қалалық думасының мәжілісінде осы жәрменкенің ерекшеліктері қарастырылды. Біріншіден, көктемде және күзде, жыл сайын белгіленген бір уақытта жәрменке ашылатын болды. Мәжіліс жәрменкенің ең маңыздысы көктемде Верный қаласына Ресейдің ірі сауда-өнеркәсіптік фирмалары ірі қара малын сатып алуға келетін уақытын белгіледі. Екінші – күздік жәрменке, таза шаруашылық сипатта жергілікті маңызға ие болуы керек, онда тек ауыл шаруашылық өнімдері көкөніс, нан, бал және ұсақ мал түрлері сатылады деп шешті [159; 46-п.].

Жәрменкелік сауданың үшінші дәрежесі әр уезде орналасқан сауда-жәрменке орталығы. Мысалы, Қапал уезіндегі Ново-Алексеевск; Лепсі уезіндегі Благодать [10; 50-п.]; Шымкент уезінде: Шымкент, Түркістан, Сайрам және Қарабұлақ жерлерінде орналасқан базарлар; Әулиеата уезінде: Әулиеата, Меркі, Шақпақ және Дмитриевск қыстағында орналасқан базарлар [11; 70-п.] және т.б. Олар бір-екі аптаға күз-көктем мезгілдерінде ашылды. Онда жақын маңда тұратын мал иеленуші және жер иеленуші тұрғындар тікелей айырбас жасады. Кішігірім жергілікті ұсақ жәрменкелер жергілікті халықтың күнделікті тіршілікте пайдаланатын тұрмыстық, ауылшаруашылық бұйымдарымен қамтамасыз етті.

Ірі аймақтық жәрменкелерге тоқталар болсақ, оларда бірнеше облыстардың тұрғындары жиналды. Мысалы, солардың бірі, ірі далалық жәрменке Жетісудағы Қарқара жәрменкесі. 1893 жылы 29 наурызда қолға алынып, 15-ші мамырда басталып, екі ай жұмыс істеді. Осы жылы жәрменкеге 371 830 рубль тауары келіп, 260 093 рубльдің тауары сатылды [12; 7-п.]. Жетісудағы ең ірі жәрменке ретіндегі Қарқара жәрменкесі кез-келген сұранысты қанағаттандырды [13; 21 б.].

Қарқара жәрменкесінде 1907 жылы сауда айналымы 142 мың рубль болатын мануфактура тауарларымен 18 мекеме; айналымы 29 мың рубль құрайтын ұсақ-түйек тауар сатушы 4 мекеме; айналымы 5 мың рубль болатын тігін машинасымен сауда жасаушы – 1 мекеме және II-ші дәрежелі сауда кәсіпорындары ашылған. Сонымен қатар, айналымы 272 600 рубль болатын 95 мануфактура тауарларымен сауда жасаушы; айналымы 70 700 рубль болатын 94 ұсақ тауарлармен сауда жасаушы және айналымы 258 500 рубль болатын мал және шикізат өнімдерімен сауда жасаушы 12 мекеме, III-ші дәрежелі сауда сәкілері жұмыс істеп, IV-ші дәрежелі 44 сауда мекемесі ашылды. Жәрменкеде 32 наубайхана, 21 тұшпара, 18 аяқ киім жөндеу шеберханасы, 11 тігінші, 11 ет сататын сауда сәкісі, 9 ұста шеберханасы, 6 бас киім сататын және 6 шайхана жұмыс істеді. 1907 жылғы Қарқара жәрменкесінің жалпы айналымы 984 030 рубль есептелді [14; 7 б.].

Екінші үлкен жәрменке Қапал уезі Алмалы өзені маңындағы Алмалы жәрменкесі болып саналды [13; 21б.]. 1894 жылы 31 шілдеде оның ашылуы бекітіліп, сәуірдің 5-16 аралығында жұмыс істеді. Осы жылы жәрменкеде 369 525 рубль тауары сатылды [12; 2-п.].

Әулиеата жәрменкесі Сырдария облысындағы ең ірі жәрменке ретінде танылды. Ол 1 мамыр мен 1 маусым аралығында жұмыс жасады. Осы кезеңде саудаға мал мол түсетін болғандықтан, мал дәрігерлік қадағалау күшейтілді. Мал мен шикізат тауарлары теміржол арқылы Орта Азияға, Ресей мен Сібірге жөнелтілді. Әулиеата жәрменкесінің сауда орталығы ретіндегі маңызы Қазақстанның оңтүстік аймағы бойынша өте жоғары болды [9; 4-б.]. Жәрменке миллиондаған ақша айналымын қалыптастырды. Тек, 1894 жылы ғана орыс саудагерлері бұл жәрменкеден 6 100 пұт қой жүнін, 150 пұт ешкі жүнін, 500 пұтқа жуық түйе жүнін және 100 пұт шаш арқан сатып алды [15; 16 б.].

Бұл жәрменкенің ақша айналымы жыл сайын ұлғайды. Мысалы, 1909 жылы 2 433,2 мың рубль болса, 1910 жылы 4 237,6 мың рубль құрады, яғни сауда айналымы екі есе өсті. Онда 3 224,5 мың рубльге 375 138 бас қой, 267 074 рубльге 52 962 бас ешкі, 261 030 рубльге 4 620 бас жылқы, 37 536 рубльге 609 бас түйе, 73 670 рубльге 2 486 бас ірі қара сатылды. Шикізаттың ішінен қой жүнін сату бірінші орынды

иеленеді. Мысалы, жәрмеңкеде 356 440 рубльге 44 555 пұт жүн сатылды [16; 70 б.]. Жәрмеңкеге малды қазақ байлары мен алыпсатарлары әкелді.

Осылайша, XIX ғасырдың соңында Әулиеата жәрмеңкесі Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі сауда орталығына айналды. Жәрмеңкенің бас ақсақалының айтуынша 1916 жылы оның айналымы екі есеге жоғарылады, себебі бұл жылы әкелінген мал өткен және алдыңғы жылдарға қарағанда екі немесе үш есе көп болған [17; 10-п.]. Жәрмеңкеден тек орыс көпестері ғана емес, сонымен қатар қазақ көпестері де сауда жүргізіп пайда тапты [17; 31-п.].

Сырдария облысының барлық қалаларының ішінде Түркістан қаласы ең ірі сауда орталығы болып саналады. Онда темір жол арқылы Ресейге мал өнімдері тасылды. Мысалы, 1910 жылы Ресей мен Сібірге Ташкент темір жолы арқылы 104 395 пұт өңделмеген тері, 20 985 пұт өңделген тері, 402 937 пұт қой жүні, 61 027 пұт түйе жүні, 164 563 пұт қой терісі тәрізді жергілікті мал шаруашылығының маңызды өнімдері жіберілді [12; 2-п.].

Әскери әкімшілік жәрмеңкелік саудаға көңіл бөліп отырды. 1884 жылы Атбаш өзені маңында билердің төтенше жиыны шақырылды. Онда сауда тәжірибесімен алмасу және болашақта жәрмеңке ұйымдастыру мақсатында жергілікті саудагерлер мен қашқарлық саудагерлердің жиыны өткізілді. Нәтижесінде, Атбаш өзені маңында жыл сайын 5 тамыз – 5 қыркүйек аралығында сауда салығынан босатылған жылдық жәрмеңкелер ұйымдастырылды. Бірнеше жыл жақсы айналымда болып, кейінірек барлық маңызынан айырылды [13; 21-б.].

1884 жылы Жетісу облысында құқықтық тұрғыдан рәсімделген Нарын-Сергиополь жәрмеңкесі ашылды. Ол Лепсі уезінің Сергиополь станциясынан сегіз шақырым жерде, Нарын өзені маңында орналасты. Жыл сайын мамыр айында оған Сібір саудагерлері келіп, жүн, тері және тірі мал сатып алды. Белсенді айырбас және ақшалай сауда 2-ші дәрежелі топтағы жәрмеңкелердің басты ерекшелігі болды [9; 7-п.]. Осы жылы жәрмеңкеге 306 200 рубльге тауар әкелініп, 302 850 рубльдің тауары сатылды [12; 2-п.].

Жәрмеңкелер бір жыл ішінде кезектесіп ашылып отырды. Мысалы, 15 сәуір мен 15 мамыр аралығында Алмалы, 1 мамыр – 1 шілде аралығында Әулиеата жәрмеңкесі, 1 мамыр – 15 шілде аралығында Нарын-Сергиополь, 20 мамыр – 20 шілде аралығында Попутен, 15 шілде – 15 тамыз аралығында Қарқара, 15 қыркүйек – 15 қазан аралығында Атбашы жәрмеңкелері жұмыс істеді [9; 210-п.].

Жәрмеңкелер тауар-ақша айналымының дәрежесіне байланысты топтарға бөлінді. Мысалы, Нарын-Сергиополь жәрмеңкесі айналымы 78 мың рубль болатын – II-ші дәрежелі, Қарқара жәрмеңкесі айналымы 66 253 рубль – II-ші дәрежелі, Атбаш жәрмеңкесі айналымы 5 2/1 мың рубль – III-ші дәрежелі және IV-ші дәрежелі Алмалы жәрмеңкесі [18; 1-п.] қызмет етті.

Қазақстан бойынша 1913 жылы 263 жәрмеңке жұмыс істеп, ақша айналымы 53 млн. рубльге тең болды. Жәрмеңке комитетінің шақыруымен өкілдер жиналысы құрылды. Төрелікке уез басқарушысы, екі сатушы және бір «құрметті орден иегері» енді. Жәрмеңке комитеті ведомствосы сатушыларға үнемі немесе уақытша сауда ғимаратының берілу мәселесі және осы жерлер туралы таластарды шешу; жәрмеңке салықтарын жинау және оны жаратылуына есеп беру; жылдық жоспар жасау; әскери губернаторға жәрмеңкедегі сауданың барысы, сауда айналымы, жәрмеңкенің кірісі мен шығысы туралы мәліметтерді құрастырып есеп беру; тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; сауда-саттықтың дұрыс жүруін қадағалау; таразы және өлшем бірліктерінің дұрыстығын тексеру; жалған банкноттар мен монеталарды жібермеу қызметтерін атқарды [19; 58 б.].

Жәрмеңкеде сауда қатарындағы қазыналық сәкілердің жалдық төлемі, сатушылар үнемі иеленетін сауда ғимараттары мен қоймалардың жер салығы, қазыналық жәрмеңкелік таразыға тартудың таразы салығы, сатылған малдың баж салығы (бір қойға – 1 тиын, бір ірі қараға – 3 тиын, бір жылқыға – 5 тиын, бір түйеге – 10 тиын) тәрізді бірнеше салық түрлері болды [19; 59 б.].

Соның ішінде сауда орындарына төлейтін салық өте жоғары еді. Сондықтан өз өнімдерін сатуға әкелген шаруалар салықты төлей алмайтын болған соң, кейде сауда жасамастан үйіне қайтып, немесе арзан бағаға алыпсатарларға өткізуге мәжбүр болды [20; 1-п.].

Осындай келеңсіздіктерге байланысты 1869 жылы 5 маусымдағы Сенат жарлығы бойынша сауда орнының салық төлемі орынның иесі мен сатушылардың өзара келісіміне байланысты болады деп шешті [20; 1-п.].

Жәрмеңкеде мануфактура бұйымдары, теріден жасалынған бұйымдар, мыс пен темірден құйылған заттар, бакалея тауарлары, галантерея, мануфактуралық бұйымдар, ағаштан ойылған заттар, мақта-мата, түйе, жылқы, ірі қара, қой-ешкі т.б. ұсақ тауар түрлері сатылды [21; 7, 31-пп.].

Сонымен, Қазақстанда жәрмеңкелердің өркендеуіне халықтың үлкен аймақта аз қоныстануы және елді-мекендердің бір-бірінен алыс орналасуы себеп болды. Ал, сауданың дамуы барысында осы салада

кәсіпкерліктің неғұрлым күрделірек, жетілген түрлері: сауда орталықтары, қоймалар, көтерме сату дүкендері, сатып алу және өткізу дүкендері, сауда үйлері тәрізді т.б. үнемі жұмыс жасайтын кәсіпорындар пайда бола бастады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Первая всеобщая перепись населения Российской империи. 1897 г. Общій свод по империи результат разработки данных первой всеобщей переписи населения, произведенной. 28 января 1897 г. Т. II. – СПб., 1905. – 235 с.*
- 2 *ӨР ООМ. И-269-қ., 1-т., 5-іс, 6-п.*
- 3 *Галузо Н.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 345 с.*
- 4 *Қазақ. – 1916. – № 175. – 4 б.*
- 5 *ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 38768-іс, 24-30-нп.*
- 6 *Быт и нравы киргизов. / Сост.: А.П. Смирнов. – СПб.: Типография А. Катанского и К^о, 1892. – 27 с.*
- 7 *ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 48319-іс, 2-п.*
- 8 *Наумов С.Н. Ярморочная торговля в системе социально-экономических отношений на юге Казахстана (Вторая половина XIX – начало XX вв.). Исторический аспект. Дисс. ... к.и.н. – Алматы, 1995. – 150 с.*
- 9 *ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 22297-іс, 46-50-нп.*
- 10 *ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 21473-іс, 7-п.*
- 11 *ҚР ОММ. 14-қ., 1-т., 50-іс, 40-41-нп.*
- 12 *ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 21473-іс, 7-п.*
- 13 *Обзор Семиреченской области за 1897 г. – Верный, 1898. – 115 с.*
- 14 *Обзор Семиреченской области за 1907 г. – Верный, 1908. – 201 с.*
- 15 *Киргизская Степная газета. – 1895. – № 130. – С. 6.*
- 16 *Обзор Сыр-Дарьинский области за 1910 г. – Ташкент, 1912. – 105 с.*
- 17 *ҚР ОММ. 146-қ., 1-т., 107-іс, 16-п.*
- 18 *ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 21697-іс, 210-п.*
- 19 *Большевик Казахстана. – 1948. – № 3. – С. 34.*
- 20 *ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 21561-іс, 1-п.*
- 21 *ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 21473-іс, 7, 31-нп.*

УДК: 94(574)+338.48:93(574)
МРНТИ 03.20

A.A. Aldasheva¹

¹*Candidate of history Kazakh national pedagogical university named after Abay
Almaty Republic Kazakhstan. Regional Geography and Tourism Department
Almaty. e-mail: E-mail: aldashieva75@mail.ru*

HISTORY OF TOURISM DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN

Abstract

The geopolitical location of Kazakhstan, located in the center of Eurasia, a complex ethnic composition, the desire to create an open market system in the economy made it necessary to conduct a peaceful foreign policy. Kazakhstan announced to the world about their positions as soon as proclaimed independence. "The Republic of Kazakhstan its relations with other states based on the principles of international law", - declared in the Constitution of the Republic of Kazakhstan.

The economic conditions of ability to live which are the economic base of tourism have changed, and this business factor has essentially limited participation in tourism of many social strata. The balance between astronomical and working hours, defining extraworking hours has changed. Which is possible for immutable employment and leisure. In a number of departments there were instead of one annual two truncated holidays during different seasons. Levels of knowledge and erudition of the population, public health, an urbanization, character of labor and family-household activity have changed. Simultaneously with it the turistko-excursion system has changed and has accordingly changed vision of a situation and prospects. The thesis about successful geographical and geopolitical position of Kazakhstan which became an ordinary stamp in works of the authors far from knowledge tourism of technologies is doubtful. World practice has proved that high cost of the entry visa reduces quantity of tourists.

Key words: international tourism, development of tourism, route, policy, tourism services.

Аннотация

А.А. Алдашева¹

¹к.и.н. старший преподаватель кафедры страноведения и туризма КазНПУ им. Абая, Республика Казакстан, г. Алматы. e-mail: E-mail: aldashieva75@mail.ru

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА КАЗАХСТАНА

В данной статье рассматривается значимость развития туризма Казахстана. Туризм - сложное, разностороннее и многообразное явление, имеющее важное значение для развития экономики, политики и культуры как отдельного государства, так и ряда государств, различных по уровню развития экономики, политическому строю, системе государственного управления, идеологии, этническому составу населения, жизненному укладу. Оказывая значительное влияние на развитие национальной экономики и мировой торговли, международный туризм одновременно является фактором политической стабильности и развития государственности, источником позитивного валютного баланса во внешнеэкономическом обмене и реальным символом мирного прогресса. В статье особое внимание уделяется историческому анализу развития туризма в Казахстане чрезвычайно важен для определения вклада Казахстана в мировую экономику, политику и культуру, для оценки перспектив взаимовыгодного международного социально-экономического и культурного сотрудничества. Туризм обладает огромной стабилизирующей возможностью в осуществлении многовекторной внешней политики государств мира, так как в туристской деятельности участвуют множество секторов экономики развитых стран и лидеров сегодняшнего мира. Туризм путь к миру и цивилизаций.

Ключевые слова: международный туризм, политическая стабильность, внешнеэкономическая стабильность, национальная экономика.

Аңдатпа

А.А. Алдашева¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ Елтану және туризм кафедрасының т.ғ.к.,аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ. E-mail: aldashieva75@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Бұл мақалада Қазақстанның туризмінің даму тарихына ерекше көңіл бөлінген. Туризм - экономиканың, жеке мемлекет ретінде саясат және мәдениет, сондай-ақ бірқатар елдерде, экономикалық даму әр түрлі деңгейдегі, саяси жүйені, мемлекеттік басқару жүйесін, идеология, этникалық құрамы, өмір салтын дамыту үшін үлкен маңызға ие, күрделі көп қырлы және әр түрлі құбылыс. Ұлттық экономика және әлемдік сауданың дамуына айтарлықтай әсер қамтамасыз ету, сондай-ақ, халықаралық туризм мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен дамуының факторы, сыртқы сауда алмасу және бейбіт прогресс символы. Мақалада Қазақстанның туризмінің даму тарихы, халықаралық экономикалық және әлеуметтік байланыстардың маңыздылығы көрсетілген. Туризм бірнеше дамыған елдерде экономика секторлары болып табылады, Әлемдік көшбасшыларын туристік қызметі, бейбітшілік көп сыртқы саясатты жүзеге асыру мүмкіндігін тұрақтандырудың белгісі. Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет. Туризм - бұл бейбітшілік және өркениет жолы.

Кілт сөздер: халықаралық туризм, саяси тұрақтылық, сыртқы экономикалық тұрақтылық, ұлттық экономика.

The economic conditions of ability to live which are the economic base of tourism have changed, and this business factor has essentially limited participation in tourism of many social strata. The balance between astronomical and working hours, defining extraworking hours has changed. Which is possible for immutable employment and leisure. In a number of departments there were instead of one annual two truncated holidays during different seasons. Levels of knowledge and erudition of the population, public health, an urbanization, character of labor and family-household activity have changed. Simultaneously with it the turistko-excursion system has changed and has accordingly changed vision of a situation and prospects. The thesis about successful geographical and geopolitical position of Kazakhstan which became an ordinary stamp in works of the authors far from knowledge tourism of technologies is doubtful. World practice has proved that high cost of the entry visa reduces quantity of tourists.

Recommendations to use for tourism the purposes a medical dirt, mineral sources and other health-sanatorium resources references on which are a platitude proceedings, branch researches, public articles are problematic. As a rule, data such are in researches on the tourist of geography along with medical characteristics of their useful properties. Thus always there are no research results of their appeal to Intourists in comparison with for a long time known like prestige resorts (Karlov Vary, the Caucasian Mineral waters, Baden-Baden etc.) At perfectly equipped polyclinics. And also there are no professional calculations of all necessary infrastructure. Which can be created taking into account available capacities. And, the vain, the nation-wide requirement for mass improvement

which is caused by difficulties of a transition period is absolutely ignored and proves to be true both official medical statistics, and weekly publications the SMI

In the new concept, be based on entertaining leisure, the important place to the rest centers is taken away.

However development of the Kazakhstan centers of leisure shouldn't be limited by modernization of the former recreation parks, copy the western samples and separate cities. Huge empty territories in not mastered areas can become the largest and the first in the world complexes reproducing the lost historical and cultural values: ханские rates, fields of battles, auls, move to a new place on zhailau. One more problem of the Kazakhstan tourism was advancement in the world market touristic product. Because of debts against the WTO Kazakhstan didn't participate in the international tourist fairs. But after its almost full repayment possibility of visiting of the international exhibitions in Berlin, Moscow, London, Paris, Tashkent has opened [1].

Summing up it is necessary to notice that the tourism history in Kazakhstan consists of continuous and consecutive numbers of repeating events, as the general history of tourism and mankind. In any historical interval of time the major criterion of definition of constantly arising problems is in final a result efficiency of their decision. Certifying in scientific judgement touristic development and absence of practical recommendations, nevertheless it is necessary to recognize backlog that administrative and legal reaction promotes touristic progress. Tourism as a part of universal culture is included into sphere of professional interests of many special disciplines and thereof can't in exclusive conducting geography or economy and pedagogical geography, or any other group of discipline.

The analysis the tourist of the activity, made in the given research, shows that tourism isn't limited to sphere of sports tourism, the pedestrian campaigns and mountain ascensions, and presented by variety of transport travel in concrete historical, economic, ideological, legal, technical, geography literature expression.

Studying by the tourist of activity shows that except Komsomol and state systems touristic the organizations the international tourism, were engaged 10 earlier the groups not established by researchers touristic establishments and the enterprises. Kaztoursovet and Kazsovprof in system of trade-union tourism, republican club of climbers, Committee on physical culture and sports at Ministerial council KazSSR, the Kazakh society of friendship and a cultural contact with foreign countries, airline "Aeroflot", the joint Soviet-foreign enterprises, cooperative societies and small enterprises. The inconsistency of opinion on the state monopoly for tourism from this follows [2].

Uniform development of world and Kazakhstan tourism is established from presence general forms, methods and the maintenance the tourist of activity: individual and group rounds, transport tourism with use a gift and camp sites, cultural-informative and other kinds of tourism, advancement on the market of a tourist product by advertizing, exhibitions and other actions, the public and state tourist's organizations, transport the branch tourist's organizations, joint-stock companies, the enterprises with the mixed foreign and domestic capital, branches abroad, the private and governmental enterprises, legal base, ideological maintenance, tourist resources in the form of historical and cultural, natural, industrial, medical and other objects. Their generality is established for the different historical periods and the countries.

Proceeding from domination of the transport travel having economic-financial indicators and several times much more quantity of routes, the natural conclusion about unreasonable representation of history of the Kazakhstan tourism in modern researches as follows history basically mountain ascensions, the pedestrian campaigns and sports tourism [3].

Specificity of the Kazakhstan international tourism consists in active use of organizational and is material-financial possibilities public (trade-union and Komsomol the organizations, societies of friendship and a cultural contact with foreign countries) the organizations in Kazakhstan and their analogs abroad, in use of tourist potential for needs of defense of the state and in agitator-propaganda the purposes for strengthening of the international authority of Kazakhstan, in use безвалютной and barter forms of a tourist exchange in the limited currency possibilities, in historical attachment of geography of tourism to routes and and to cultural-historical monuments of the Silk way.

Summing up, it is necessary to notice that only use of strict methods of a historical science has allowed to reveal the basic laws of tourist development and to reconstruct a full and complete picture of the Kazakhstan tourism. The circle of questions, documentary sources, the historical periods for the subsequent researches of history of tourism in Kazakhstan is simultaneously certain.

References:

1. *Dvornichenko V.V. Razvitie of tourism in the USSR (1917-1983). – Moscow, 2012. – P.112.*
2. *Nemoljaeva M. E, Hodorkov L.F. International tourism: yesterday, today, tomorrow. – Moscow, 2011. – P.176 .*
3. *Barchukova N.S. International cooperation of the states in the field of tourism. – Moscow, 2012. – P.25.*

ӘӘЖ478
МРНТИ 03.20

Г.Е. Абикенова¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының доценті., т.ғ.к.
agulzhazira@mail.ru.

АЛМАТЫ – ЕЛІМІЗДІҢ АЛҒАШҚЫ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ОШАҒЫ (Газет материалдары негізінде)

Аңдатпа

Аталған мақалада автор Алматы қаласының XX ғасыр басындағы мәдени-ағарту саласындағы басты қызметіне тоқталады. Бүгінгі таңда Алматы қаласы Республикамыздың ең ірі саяси, ғылыми, мәдени, қаржы және өнеркәсіп орталығы болып табылатын, мемлекетіміздегі түрлі ұлыстар мен ұлттарды біріктірген екінші астанасы. Мақалада Алматы қаласы өзінің қолайлы қоңыржай климаты арқылы ежелден халықтың негізгі қоныстану аймағына айналуы, сондай-ақ оның республикадағы алғашқы мәдениет пен ғылымның ошағы болып қалыптасуына қатысты мәселелер сөз болады.

Негізінен Жетісу жерінде жарық көрген басылым беттеріне сүйене отырып, Алматы қаласында орын тепкен оқу-ағарту ошақтары мен олардың қызметі қарастырылады.

Түйін сөздер: Алматы қаласы, мәдени-ағарту жұмыстары, гимназия, мектеп, дайындық курстары, пансионат.

Аннотация

Г.Е. Абикенова¹

¹к.и.н., доцент кафедрасы История Казахстана КазНУ им. аль-Фараби,
agulzhazira@mail.ru.

АЛМАТЫ ПЕРВЫЙ В СТРАНЕ ЦЕНТР НАУКИ И КУЛЬТУРЫ (на страницах печати)

В данной статье автор останавливается на основных направлениях в области культурной и образовательной деятельности в городе Алматы в начале XX века. Сегодня Алматы - крупнейший город, политический, научный, культурный, финансовый и промышленный центр республики, который является второй столицей, объединяя различные этнические группы и национальности страны. В статье говорится о том, как Алматы, со своим умеренным климатом издавна стал одним из основных районов заселения, затем стал эпицентром страны в вопросах культуры и науки.

Деятельность учебных заведений Алматы будет рассматриваться на основе данных, опубликованных в газетах Семиречья.

Ключевые слова: город Алматы, культурно-просветительская работа, гимназия, школа, учебные курсы, пансионат

Abstract

G.E. Abykenova¹

¹k.h.s. associate professor of the department of History of Kazakhstan,
al-Farabi Kazakh National University, agulzhazira@mail.ru.

ALMATY IS THE COUNTRY'S FIRST CENTER OF SCIENCE AND CULTURE (on the bases of the newspaper article)

In the article, the author dwells on the main directions in the field of cultural and educational activities in the Almaty city in the early XXth century. Nowadays Almaty is the largest city, political, scientific, cultural, financial and industrial center of the country, which is the second capital, bringing together the various ethnic groups and the nationality of the country. The article states that, as Almaty, with its temperate climate has long become one of the main areas of settlement, then became the epicenter of the country's culture and science. Activities of Almaty schools will be considered on the basis of data published in the Zhetysay (Semirechye) newspapers.

Key words: Almaty, cultural and educational activities, gymnasium, school, training, boarding house.

Алматы – еліміздің ежелден танымал қала мекендерінің бірі екендігі рас. Ол республиканың ең қолайлы да шұрайлы аймағы Жетісу өңірінде қоныс тепкен. Жалпы Алматы қаласы б.з.д. X-IX ғасырларда ертедегі жер өңдеушілер мен малшылардың қонысы болып келсе, ал б.з.д. VII ғасыр мен -б.з.д. дәуірде сақтардың, кейіннен үйсіндердің тұрғылықты жері болған. Ал ортағасырлық қала мәдениетінің дамуы қарсаңында Алматы қаласы сауда, қолөнер және ауылшаруашылық орталығының біріне айналды.

Бұған дәлел - осы жерде табылған XIII ғасырдың 2 күміс дирхем дәлел болды және бұл дирхемде алғаш рет қаланың аты толығымен аталынады [1].

Бүгінде Алматы қаласы - Қазақстан Республикасының ірі саяси, ғылыми, мәдени, қаржы және өнеркәсіп орталығы болып табылатын, қазақ руханиятының, мемлекетіміздегі күллі ұлыстар мен ұлттарды біріктірген екінші астанамызға айналып отыр. Ғалымдарымыздың көп жылдық қажырлы еңбегінің арқасында алып Шаһарымыз ЮНЕСКО-ның мерейтойлық күндер тізіміне еніп, өткен 2016 жылы ауқымды көлемде мың жылдық мерейтойын тойлауда.

Алматы қаласы еліміздің жарты ғасырдан астам астанасы болумен бірге, нағыз білім мен ғылымның шоғырланған орталығы екендігі рас. Бұны тіпті Алматының өзінде да жарық көріп отырған баспасөз беттерінен кездестіре аламыз. Әсіресе ғасыр басында жарық көрген «Джетысуйская правда», «Джетысуйская искра», «Заря свободы» және т.б. баспасөз беттеріндегі деректерді атауға болады.

Алматының еліміздің астанасына айналуы да осы аталып отырған баспасөз беттерінде жазылып үлгерді. Мәселен, «Джетысуйская искра» газетінде «Алма-Ата (Алматы) неге көшірілді» деген арнайы мақала жарық көріп үлгерген. Аталған мақала сол тұстағы Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы жолдас Ернарзоровтан алынған сұхбат негізінде жарияланыған. Яғни, Ернарзоров жолдас Алматының орталық болуын былай түсіндірген: «Бұл ел орталығының үшінші мәрте ауысуы. Алғаш Орынбор ел орталығы болды, себебі сол тұста Ақмола мен Семей облыстары Орынборға енгізіліп келсе, Жетісу мен Сырдария Түркістан аймағына қарады. Орынбордан Қызылордаға орталықтың ауысуы түсінікті. Себебі Орынборда жергілікті қазақ ұлты шоғырланды. Ал 1925 жылы Сырдария мен Жетісу аймағы Қаз АКСР құрамына енгендіктен Қызылорданың орталық болуы заңды еді», - дей келіп одан әрі Алматының өзге аймақтармен байланыс жасау үшін қолайлы жерде орналасқандығы мен табиғатының әдемілігін де еске салады [2].

Сол сияқты Алматы атауының қайтарылуына Алаш қайраткерлерінің де еңбектері болды. Мәселен, 1929 жылы 27 желтоқсанда Телжан Шонанұлы Ахмет Байтұрсынұлымен бірлесіп «Алма-Ата қаласының және Алмата уезінің атын өзгерту жөніндегі Жетісу губерниелік атқару Комитетінің қорытындысы туралы» шараға Ғылыми-методикалық Кеңестің мүшелері ретінде өз пікірлерін білдіреді [3]. «Алматы қаласы мен Алматы уезінің атын өзгерту жөніндегі Комитеттің төрағасы Ә.Әлібековтың түсіндірме хатын тіркеген барлық дәйектемелер мен ұғымды назарға аларға тұрарлық. Оның аса беделді тюрколог ғалымдардың бірі академик Бартольдтің жасаған пікіріне сілтемесі және басқа тарихи тұрмыстық анықтамаларға сүйенуі негізді [3] – дей келіп, Жетісу губерниелік Атқару Комитетінің бұл пікіріне тіл мамандары ретінде өз тараптарынан қосымша төмендегідей пікір қосады: “Зат есімнің соңына қазіргі қолданылып жүрген -лы, -лі орнына қатаң -ты, -ті-ні қойса түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне тән сын есім пайда болады. Сонымен бірге “ты” үлгісіндегі сөз жасам тәсілі басқа формаларға қарағанда қазақ тілінің ең көнесі болып табылады.

“Ты” жалғауы ең бастысы сөздің, өсімдіктің, жануардың және басқа да тұтыну заттарының молшылығын немесе бір нәрсенің көп екендігін көрсетеді. Сондықтан “ты” ежелгі мекендердің атауларында жиі кездеседі. Оның бірден-бір мысалын мекендер мен өзендердің қазіргі атаулары айқын анықтайды. Мәселен, Шыдыр-ты (қазіргі Шыдырлы орнына), Өлең-ті (қазіргі Өлеңді орнына), Мойын-ты (қазіргі Мойынды орнына) және т.б.

... Сонымен тіл білімінің деректері және өлкеміздегі мекен атаулары Алматы сөзінің (алмалы, алмасы мол) пайда болуының заңдылығын нақты дәлелдейді.

Қазіргі қазақ тілінің емле ережесі тұрғысынан қарағанда Алма-Ата сөзі жазуымызға қолайсыздық туғызады. Өйткені, қазір қазақ тілінің жазу ережесі бойынша Алма-Ата деген екі сөз қосылып, бірге жазылуға тиіс” – деп [3], қазақ тіл жазу ережесі бойынша екі дауысты дыбыстың қатар жазылмайтындығын және Алма-Ата деген мағанасы екі бөлек сөздің телеграф қатынастарына қолайсыздық тудыратынын атап, сондықтан қала мен уезд атауын Алматы деп аталуын орынды деп санаған. Соған орай оңтүстік қаламыз Алма-Ата емес, қайтадан Алматы атауын қайтарып алған кезеңде ғалымдар тарапынан берілген бұл пікірдің орынды екені дәлелденіп отырғандығы мәлім.

Біз бұдан әрі жоғарыда аталып отырған баспасөз беттерінен әсем қала Алматының нағыз орталыққа айналуымен бірге, оның мәдени-ғылыми ордаға айналуына қатысты тың мәліметтер кездестіреміз.

Баспасөз беттерінен көріп отырғанымыздай Алматыда мәдени-ағарту саласының алғашқы сатысында баспа ісінің маңызы үлкен болғаны байқалады. Бұл туралы «1918-1921 жылдардағы Жетісу облысындағы баспасөз ісі» атты мақала берілген. Мақалада 1918 жылдың мамыр айынан бастап облыста баспахана-ларды мемлекет меншігіне айналдыру ісі жүргізілгені баяндалған. Жаңадан құрылған Облыстық халық баспасының құрамына Жетісу облыстық басқармасы, Жетісу әскери басқармасы, Мұсылман қоғамы,

Иванов, Зырянов және Обухов баспалары кірген. Облыстық халық баспасының 1918 жылы атқарылған жұмыстары туралы мәлімет шектеулі, тек Верныйлық мұғалімдер семинарында В.Д. Городецкының 126 беттік 300 дана болып шыққан «Записки по методике начального естествознания» атты қолжазбасының таратылған сөз болады. Сол жылы күнделікті шығарылып отырған газеттері: (бастапқыда «Заря свободы», кейін «Вестник Семиреченского Трудового народа») шығып тұрғаны айтылады. Ал 1919 жылдан бастап Алматыда нақты шыққан басылым саны мен басылып шыққан дана саны көрсетілген, Мәселен, 1919 жылы орыс тілінде 10 кітап пен кітапша шығып, оның 11500 данасы үлесітірілген. Олардың арасында «Балабақша ісі және оның жұмысы», Лев Малининнің құрастыруымен «Социализм дегеніміз не және оны большевиктер қалай жүзеге асыруда» және т.б. басылым көрсетілген. Сол сияқты мұсылмандардың «Джетису мухбире» және «Көмек» басылымдарының да болғаны аталады. Ал 1920 жылдан бастап айына 2-3 мәрте «Ұшқын (Искра)» және «Фукара (Беднота)» айына 2-3 мәрте жалпы 3 мыңнан 5 мың данасы үлесітірілген. 1921 жылы «Кедей еркі» басылымға шыққан [4]. Аталған басылымдардың барлығы сол тұстағы Алматының мәдени-рухани дамуынан мол мағлұматтар берумен ерекшеленеді.

Сонымен қатар өлкеде мәдени ағарту жұмыстарының жандануына орай Алматы қаласында осы мақсаттағы жұмыстар жүргізілген. Кеңестік үлгіге негізделген **клуб** мекемелері, қоғамдық кітапханалар, мұражай, кинотеатр, мәдениет және демалыс саябақтарын ұйымдастыру көптеп көңіл аударылып, сауатсыздықпен күрес ұйымдастырылған. Осы күресте алдыңғы қатарлардың бірінде болуға тиіс Клубтарға жүктелген міндет ауыр болды. Мәселен, 1922 жылдың 30 қаңтарында сағат кешкі 6-да Алматыда Ленин атындағы Орталық жұмысшылар клубы ашылды. Клубтың ішінде кітапхана мен мерзімдік басылымдар оқу залы жұмыстарын жүргізді. Жұмысшылар клубының басты міндеті: а) өндірістік үгіт жүргізу; в) жұмысшылар тобына коммунистік тәрбие беру; с) жұмысшылардың жалпы мәдени деңгейін көтеру болатын. Бұл клубтық жұмыстың екі үлкен формасымен жүргізілді: тереңдетілген үйірмелік және көпшілік жұмыстары. Көпшілік жұмыстары – бұл: дәрістер, кеңестер, пікірсайыстар, рефеттар, концерттер, спектакльдар мен әр түрлі спорт ойындарын өткізу болса, тереңдетілген жұмыстар қатарына көркемөнер, саяси, ғылыми мәселелерді меңгеру мақсатында үйірмелер жүргізілді. Сонымен қатар болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен жеке тұлға болып қалыптасуы үшін клубтар ашыла бастады. Соның бірі Облысық көпшілік кітапханасының негізінде болған «Балалар клубы» жұмысын қарқынды түрде жүргізді. Клуб балалардың жан-жақты дамып, өсуіне байланысты барлық талап-тарға сай болған және айтарлықтай жақсы нәтижелер көрсеткен.

Жалпы Жетісу уезіндегі клубтар саны – 37 болса, олардың сан жағынан ең көбі Алматы қаласында шоғырланған. Клубтық кеңесте төмендегідей мәселелерді қараған:

- ұлттық волостар ашу;
- аз ұлттар арасындағы халыққа білім берудің жағдайы;
- губернияның аз ұлт өкілдерін өндірістік тауарлармен қамтамасыз ету туралы [5].

Клубтық жұмыстар халықтың мәдени-рухани әлеуетін көтеріп қана қоймай, кеңестік саясатты халыққа насихаттауымен де ерекшеленеді. Соған орай жоғарыда аталып отырған баспасөз беттерінде түрлі мақалалар кездеседі. Мәселен, «Жұмысшылар өмірі қалай өтуде және жұмысшылар клубына не қажет?» [5], «Жетісудағы жастар клубы» [6] атты мақалаларды кездестіруге болады.

Халық ағартусаласында кітапхана ісінің де жұмысы жандана түсті. Бұл жалпы Алматы мен Жетісу губерниясында үлкен жолға қойылған болатын. Губернияда 1 губерниялық кітапхана, 3 қала-уездік, 2 волостық және Алматы қаласында 2 кітапхана мен қоғамдық кітапхана жұмыс жасады. Олар негізінен ұйымдар жанында, яғни Партпрофклуб және Қызыл Армия Үйінде орын теуіп, кейіннен ағарту саласының қызметкерлерінің Үйіндегі кітапханамен біріктірілген. Бұл кітапханаларды көзі ашық сауаттылар, әсіресе білім беру ісіне үлес қосушы мамандар пайдаланып отырды. Кітапхана жұмысының жандануы турасында «Джетисуйская павда» газеті беттерінде де аталынып өтіледі. Мәселен, «Мәдениеттен ағартуға. Кітапхана көрмесі» атты мақалада «7 қараша күні пролетариат жұмысшыларының жеңісіне 5 жыл толуына орай арнайы қоғамдық кітап көрмесі өтті. Ол 7-8-9 күндеріне дейін өтілді» деп атай отырып, жалпы көрмеге өткен ғасырдың 60-70 жылдарындағы атақты орыс жазушыларының шығармалары қойылғандығы айтылады. Тіпті көрмеде түрік тілді басылымдардың да бар екендігі және олар арнайы столдарға орналасқандығы сөз болған [7]. Яғни басылым беттері арқылы кітапхана ісінің де өңірде тез дамып, үлкен жұмыстар атқарғандығы байқалады.

XX ғасырдың 20-шы жылдарының ортасы елімізде сауатсыздықты жою ісімен тұстас келді. Өлкедегі сауатсыздықты жою жұмыстары Алматы (Верный) қаласында ерекше жолға қойылып жатты. Тіпті бұл қалада оқу орындары XIX ғасырдың соңынан бастап-ақ ашылуына мүмкіндік туды. Мәселен, 1877 жылдардан бастап-ақ Верный қаласымен Верный уезіндегі оқу нысандары ашыла бастаған еді. Мұнда

ашылған оқу орындарында: Верный прогимназиясында 100 ер бала, қолөнер мектебінде 29 ер бала, уездегі станицалық мектептерде барлығы 247 бала білім алса, соның ішінде 34 қыз бала оқыды. Ал болыстық молдадан сауат ашатын мектептердің саны Верный уезінде 23 болса, онда білім алатын оқушылардың саны 85 адамды құрады, оның ішінде 37 қыз бала өз білімдерін жетілдірді. Смирнов қаласындағы қыздарды гимназияға дайындайтын класта 60 оқушы білім алды. Барлығы Верный қаласында 4 оқу орны жұмыс жасап, онда 129 оқушы білім алса, оның ішіндегі 60-ы қыздардан тұрды. Верный уезі бойынша 26 оқу орны болса, онда білім алған жандардың саны 332 оқушы, оның ішіндегі 71-і қыз баланы құраған [8]. Бұдан байқайтынымыздай ерлерге қарағанда білім алуда қыздардың саны аз. Білім алуда қазақ жеріне қоныстанушы ұлт өкілдері қазақ халқымен тең құқылы болды. Мұсылман мектептерінде негізінен ер балалар білім алған.

При получении свободы перемещения азербайджанцы все-таки остались жить в Казахстане. На этот факт повлияло много причин, одной из которых было дружелюбное отношение со стороны казахского населения. Еще небольшая часть азербайджанцев (около 15 тысяч) попали в Казахстан по различным причинам: в связи с освоением целинных и залежных земель, работой нефтяниками, учебой, службой в армии и т. д. Среди этого контингента было большое количество специалистов, которым были предоставлены жилые помещения. Самое позднее массовое переселение азербайджанцев в Казахстан связано с событиями в Нагорном Карабахе. В начале 90-х годов после известных «чисток» 20% жителей - азербайджанских беженцев и вынужденных переселенцев (приблизительно 20 тысяч человек) - также переехали в Казахстан. По данным переписи населения 1989 года, в Казахстане проживало 90 083 азербайджанца, или 1,3% от всех азербайджанцев, проживающих в СССР [8]. После распада СССР их численность уменьшилась, но незначительно. В середине 90-х годов, когда из-за тяжелого экономического положения из Казахстана уехало большое число славянских народов, отток азербайджанцев был незначительным. Этому способствовали межнациональный мир и согласие, существующие в нашей стране, и дружелюбное отношение казахского населения ко всем народам, живущим в республике. Многие азербайджанцы, приехавшие в Казахстан работать, полюбили эту гостеприимную землю и остались на ней жить, при этом сохранив любовь к родному языку и традициям. Обычаи и традиции предков казахстанские азербайджанцы берегли всегда. Всего в Казахстане сегодня проживают около 90 000 азербайджанцев.

На сегодняшний день азербайджанцы в Казахстане проживают фактически во всех регионах и областях. Многие из них хорошо владеют казахским языком, и охотно пользуется им при случае. Картина расселения азербайджанцев за годы суверенитета не изменилась и большинство из них проживает на юге нашей страны. В частности, крупные диаспоры сосредоточены в Южно-Казахстанской области 28 956 человек, в Алматинской области 22 311 человек, включая г. Алматы, в Жамбылской области 10 781

человек [7, с.304]. В настоящее время наиболее компактно азербайджанцы живут в Шымкентской, Жамбылской, Алматинской, Кызылординской областях - именно в эти регионы был направлен первый поток переселенцев. Теперь это старожилы азербайджанской диаспоры, наиболее плотно «вписавшиеся» в уклад местной жизни. Большая часть азербайджанцев, которые проживают на юге Казахстана, заняты в сельском хозяйстве. Азербайджанские объединения созданы во всех областях и крупных городах страны. Вот лишь некоторые из них: в Алматинской области - «Гобустан», Жамбылской - «Азери», Павлодарской - «Ватан», Костанайской - «Гейдар», Мангыстауской - «Достлук». При культурных центрах действуют курсы по изучению государственного и родных языков, обычаев, обрядов, традиции, музыки, танцев. Работают семейные народно-инструментальные и фольклорные коллективы «Азербайжан», «Арзу», «Севиндж», «Гариблер», «Озан». Делегация Азербайджанцев из Казахстана участвовала в форуме общественных объединений азербайджанцев, проживающих в СНГ, Балтии и других странах мира, во Всемирном съезде азербайджанцев, в первом Всемирном Курултае независимого Азербайджана.

В Казахстане созданы все условия для сохранения культуры, языка и традиций всех народов, живущих в республике, и азербайджанцы используют эти возможности. Существует национально-культурный центр «Хазар», организованный в 1999 году. За этот период под руководством председателя Видади Умуд оглы Агаева, который отмечен двумя медалями и благодарственными письмами за подписью президента Н.А. Назарбаева, он превратился в один из самых активных культурно-национальных центров. В настоящее время национально-культурный центр «Хазар» имеет свой танцевальный и музыкальный ансамбль «Хазар», а также воскресную школу. В школе дети обучаются родному языку, истории Азербайджана, музыке, фольклору и другим направлениям культурного наследия своего народа. Культурный центр содействует совершенствованию национальных отношений в Республике Казахстан и активному вовлечению азербайджанцев во все сферы общественной и культурной жизни. Главная цель центра - дальнейшее развитие родного и государственного языков, национальной культуры и традиций [9]. В Астане с мая 2008 года функционирует ОЮЛ «Союз Азербайджанских Культурных Центров Казахстана», президентом является Видиди Короглы Салахов. Союз объединяет в себе 14 областных азербайджанских культурных центров, а также городов Алматы и Астаны. Среди руководителей региональных объединений - 3 доктора наук, 2 депутата областных маслихатов. Особой гордостью азербайджанцев Казахстана является председатель Алматинского областного НКЦ Аслы Осман. Она возглавляет большое объединение и достойно справляется с любыми сложными вопросами. При всех культурных центрах функционируют воскресные школы, которые посещают все желающие. Обучение ведется азербайджанскому языку, музыке, истории. Деятельность центра направлена также на издание газеты международного масштаба «Туран-экспресс», которая распространяется бесплатно. Вместе с тем азербайджанцы не забывают о трагических датах истории своего народа. Так, Союз культурных центров азербайджанцев Казахстана и Астанинский культурный центр «Хазар» провели в Казахском университете бизнеса и технологии в г. Астане мероприятие, посвященное 19-й годовщине геноцида в Ходжалы. Сегодня азербайджанцы успешно интегрированы в казахстанское многонациональное общество [1, с.134].

Азербайджанское этнокультурное объединения принимает самое активное участие в жизни нашей страны, вносит весомый вклад в укрепление межэтнического и межконфессионального согласия в обществе. Тяжелые испытания не сломили их, не сделали жестокими или мстительными. События тех лет нужно помнить не для того, чтобы иметь повод для обвинений или демаршей, а для того, чтобы они больше никогда не повторились. И так считает каждый из тех, кто собственными глазами видел трагедию своего народа, кто с молоком матери впитал в себя горечь утраты родной земли. Эту память нам нужно передать следующим поколениям, вне зависимости от национальной, религиозной и социальной принадлежности.

В начале XXI века, несмотря на рост национального самосознания, азербайджанцы остаются неотъемлемой частью многонациональной и многоконфессиональной общности народов и этносов, проживающих в Казахстане. На сегодняшний день азербайджанцы в Казахстане проживают фактически во всех регионах и областях. Многие из них хорошо владеют казахским языком, и охотно пользуются им при случае. Картина расселения азербайджанцев за годы суверенитета не изменилась и большинство из них проживает на юге нашей страны. Азербайджанская диаспора вносит огромный вклад в дело развития дружбы народов. Среди представителей азербайджанской диаспоры встречаются предприниматели, инженеры, политические деятели, деятели науки, образования, культуры и спорта, которые вносят свой посильный вклад в экономическое, культурное и политическое развитие этой страны.

Список использованной литературы:

1. Наушабеков С.А. Из истории формирования Азербайджанской диаспоры. //Известия корееведения в Центральной Азии. – Алматы, 2016. – №23-24. – 133-135 с.
2. Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 гг.) . – Усть-Каменогорск, 1999. –156-160 с.
3. Государственный Архив Кызылординской Области (ГАКО), Ф. 268, оп.2, д. 2964, л.5-10
4. Булуктаев Ю. Этнодемографическая ситуация в Казахстане после приобретения независимости // Простор. – № 5. – 2011. – 35- 40 с.
5. Алдажуманов К. Выселение турок. //Депортированные в Казахстан народы. – Алматы, 1998. – 246 - 254 с. Бугай Н.Л. Берия - И. Сталину: «Согласно Вашему указанию...». – М., 1995. – 306 с.
6. Центральный Государственный Архив Республики Казахстан. Ф.1987.оп.1с. д.20.л.18.
7. Солонец М.Э.Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях. //Сборник научных трудов XIII Международной научно-практической конференции. – 2013 г., – 302-305 с.
8. Магамедов Т. Под обцим небосводом //Казахстанская правда. – 05.06. 2010.
9. Электронный ресурс: www.azetiv.az //Иманов Г.Общность языка и культур не позволяет нам чувствовать себя как на чужбине. 06 октябрь 2012 г.

УДК:94(574)“1920/30”:336.22
МРНТИ 03.20

Ф.А. Қозыбақова¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Fatima.kozybakova@mail.ru

СТАЛИНДІК АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ НАУҚАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада И.В. Сталин бастаған большевиктер партиясы ірі мал иелерін тәркілеу саясатын бастамай тұрып-ақ, төніп келе жатқан үлкен қатерден, яғни «Астық дағдарысынан» шығу себептерін түсіндіре келіп, астықпен еркін сауда жасайтын ауқатты шаруаларға қарсы бітіспес күрес жариялауы, оның Қазақстанда жекешелер шаруашылығын одан әрі күйретуге әкеп соқтырған қайшылықты зардабы баяндалады. В.И. Сталин еңбектері талдана отырып, ҚР ПА, ҚР ҚРОМА мұрағаттарындағы деректер мен құжаттар негізінде қарастырылады.

Автор кеңестік Қазақстанның империялық билік кезіндегі астықпен еркін сауда жасайтын «ауқатты шаруа» қауымының табиғатына қарсы бағытталған, адамгершілікпен жұрдай, қылмысты саясатын баяндайды. Сондықтан да оның зардаптары да аса ауыр: ауыл шаруашылығындағы дәстүрлі мал шаруашылығын табиғи ерекшеліктерге сай тиімді ұйымдастыра алатын ең іскер, білікті шаруақор адамдардан айырып, дәстүрлі шаруашылықты біржола күйретуге әкелгендігін ғылыми негіздейді.

Түйін сөздер: империялық билік, И.В. Сталин, дағдарыс, мұрағат, частник, конференция, тоталитаризм, сот, қаулы, бүлік, мемлекет, қылмыс, кодекс, ауқатты, бай, жекеше.

Аннотация

Ф.А. Козыбакова¹

ПОСЛЕДСТВИЯ СТАЛИНСКОЙ КАМПАНИИ ПО ЗАГОТОВКЕ КОРМОВ В КАЗАХСТАНЕ

В этой статье проанализированы причины «Зернового кризиса», действия партии большевиков против зажиточных крестьян. Автор на основе трудов И.В. Сталина и документальных источников АП РК и ЦГА РК доказывает, что центр был заинтересован стабильно держать цену и был против рыночного отношения, не поднимать цену базара.

Исследователь считает политику имперской власти советского Казахстана по «ликвидации зажиточных крестьян» противоестественной, лишённой человечности, преступной политикой и указывают на тяжёлые последствия, как лишение казахских хозяйств знатоков основ и правил организации традиционного скотоводства, с учетом природных особенностей сельского хозяйства Края. Автор даёт научное обоснование окончательному разрушению традиционного хозяйства казахов.

Ключевые слова: имперская власть, И.В. Сталин, кризис, архив, частник, конференция, тоталитаризм, суд, постановление, мятеж, государство, преступление, кодекс, зажиточный, бай, частный.

Abstract
F.Kozybakova¹

CONSEQUENCES OF THE STALIN CAMPAIGN ON THE PURVEYANCE OF FORAGE IN KAZAKHSTAN

In this article analysed reasons of the «Grain-growing crisis», actions of party of bolshevik against prosperous peasants. The author on the basis of works of Y.V. Stalin and documentary sources of the PA and CGA of the Republic of Kazakhstan proves that a center was interested stably to hold a price and felt strongly about a market relation, not to lift the cost of market.

Author consider that “liquidation against prosperous peasants” politics of soviet Kazakhstan imperial authority is unnatural, lacking humanism and illegal politics. Thus it has unbearable consequences: liquidation of knowledgeable, experienced people, who knew how to organize traditional cattle breeding based upon natural characteristics of agriculture. Author scientifically prove the final destruction of traditional economics.

Keywords: imperial power, Y.V.Stalin, crisis, archive, private trader, conference, totalitarianism, court, decision, revolt, state, crime, code prosperous, rich man, private.

Ірі мал иелерін кәмпескелеу, тәркілеу саясаты басталмай тұрып-ақ, И.Сталин бастаған большевиктер партиясы бүкіл елде бай кулак атаулыны жою саясатын бастап жіберген еді. Оның басты сылтауы астық дайындау жоспарының көңілдегідей орындалмауы болды. БК(б)П-ның барлық ұйымдарына жолданған «Дайындау науқанының алғашқы қорытындалары және партияның алдағы міндеттері» атты нұсқау хатта бұл жағдай түсіндірілді: «... Егер 1927 жылғы январьда біз 428 миллион пұт дәнді астық дайындап үлгерген болсақ, ал дайындалған дәнді астық 300 млн пұтқа әрең жетті. Демек, 1928 жылғы январьда біздегі дефицит, жетімсіздік 1927 жылғы январьдағымен салыстырғанда 128 млн пұт еді. Міне, осы жетімсіздік астық дайындаудағы дағдарыстың шамамен көрсетілген цифрлы мөлшері болып табылады». [1, 11 б.]

Мұнан ары осы нұсқауды Орталық партия Комитеті атынан жолдап отырған И.Сталин «Астық дағдарысы» дегеннің не екенін нақтылап түсіндірді. Бұл дегенің оның, ойынша, біріншіден, «жұмысшы аудан-дарын жабдықтаудағы дағдарыс, бұл аудандарда астық бағасының көтерілуі, жұмысшылардың реалды жалақысының кері кетуі»;

бұл сондай-ақ, екіншіден, «Қызыл Армияны жабдықтаудағы дағдарыс, қызыл армияшылар арасындағы наразылық деген сөз»;

үшіншіден, бұл астыққа бағаның көтерілуіне байланысты «зығыршылар мен мақташылардың астық өндіруге көшуі» және осының салдарынан шикізат жетіспей «тоқыма өнеркәсібінің тиісті тарауларының кемуі деген сөз»;

төртіншіден, мұның өзі «жабдық пен ауылшаруашылық машиналарын әкелуге қажетті экспорт мұқтаждықтары үшін де арналған астық қорының мемлекет қолында болмауы деген сөз»;

бесіншіден, мұны «баға жөніндегі бүкіл саясатымыздың бұзылуы» - деп қарау керек. [2, 11-12 бб.]

Осындай «нақты» дәлелдер келтірген И.Сталин партия ұйымдарын төніп келе жатқан үлкен қатерден, яғни дағдарыстан сақтандырған болды. Әдеттегідей ол бұл жолы да қорқытып алып, одан соң ақыл айтты. Бірақ айтқан «ақылы» қатал талап қоюмен ұштасып жатты. Оның өзі, негізінен, «128 миллион пұт дефицитті жою керек», - дегенге келіп тірелді.

И.Сталин «мәнін» ашқан астық дағдарысының біз зерттеп отырған мәселеге қатысы мынада: ол осы дағдарыс себептерін түсіндіре келіп, кулактарға, астықпен еркін сауда (Сталинше айтқанда «алыпсатарлық») жасайтын ауқатты шаруаларға қарсы бітіспес күрес жариялады.

«Біріншіден, - деді ол, - Деревня өсіп, баюда. Ең алдымен кулак өсіп, байыды. Үш жылғы бітік егін тегін кеткен жоқ... Алайда, деревняның ауқатты топтары биыл шикізаттық дақылдар арқылы, ет өнімдері арқылы, (т.б. арқылы) тіршілік етуге мүмкіндік алып, астық өнімдерінің бағасын қымбаттату үшін оны өз қолдарында ұстап қалды. Рас, кулакты астық өнімдерінің негізгі иесі деп есептеуге болмайды, бірақ ол деревняда шаруашылық жөніндегі беделді адам, астығына қымбат төлейтін қаладағы алыпсатармен оның байланысы бар, ал біздің дайындаушы ұйымдарымыздың тарапынан ол қарсы әрекет кездестірмегендіктен, астықтың бағасын арттыру мәселесінде орташаны соңынан ертіп алуға оның мүмкіндігі болып отыр». [3, 13-14 бб.]

Көріп отырмыз, нарықтық қатынас атаулыға мүлде жаны қас және бағаны жоғарыдан мемлекеттік жолмен ұстап тұруды жақтайтын И.Сталин ежелден келе жатқан шаруа психологиясын – олардың базар бағасын көтеруге деген ынтасын күйретуге шақырды. «Біздің дайындаушы ұйымдарымыз, - деді одан әрі ол, - алыпсатарлықты ауыздықтау орнына өзара жанталасқан бәсеке жүргізді, дайыналушылардың біртұтас майданын бұзды, астықтың бағасын өршітіп жіберді, сөйтіп жалдаптар мен кулактардың баға

жөіндегі советтік саясатты бұзуына, рынокты нашарлатуына, дайындық қарқынын бәсендетуіне еріксіз көмектесіп отырды». [4, 14 б.]

Мұнан ары И.Сталин партия ұйымдарын осы мәселемен белсенді айналыспады, бұл істе олар өздеріне жүктелетін жұмысты ұмытып кетті, - деп ренжіді. Сонымен бірге ол партия ұйымдарының кулакқа қарсы өз деңгейінде жүргізбей отырғанына да қатты қынжылды. «Кулактарға қарсы және кулактың қауіпіне қарсы күресте алатын болсақ, онда біздің партия ұйымдары әлі де бұл жөнінде істеуге тиісті жұмыстардың бәрін түгел істей қойған жоқ. Соңғы кезде біздің ұйымдарымызда, партия ұйымдарында болсын, басқа ұйымдарда болсын, партияға жат, белгілі элементтердің пайда болған себептері, тегінде міне осы; бұл элементтер деревнядағы таптарды көрмейді, біздің таптық саясатымыздың негізін түсінбейді, сөйтіп жұмыс жүргізгенде деревняда екімді ренжітпеуге, кулакпен тату тұруға жалпы ажанда деревнядағы «барлық таптарға» бірдей жақсы атты көрінуге әрекеттенеді. [5,15 б.]

Кулакқа қарсы күрес жүргізе алмайтын мұндай коммунистердің барынан жоғы жақсы деп қортындылады өз ойын И.Сталин. «Осының бәрі, - деді ол, - біздің жұмысымыздағы қателермен, өнеркәсіп тауарларының деревняға кем апарылуы, ауылшыруашылықтың салынуының жеткіліксіздігі, деревнядан басы артық ақшаны жина ала білмеушілік сияқты, т.с. қателер қосыла келіп, - астық дайындаудағы дағдарыстың тууына жағдайлар жасады». [6, 16 б.]

И.Сталин аталған қателерді жоюды талап ете отырып, бұл істе жауапкершілік «тек партияның жергілікті ұйымдарына ғана емес, ең алдымен Орталық Комитетке жүктелді» [7, 16 б.], - деп түйіндеді өз ойын.

Астық дағдарысынан шығудың ең басты жолы кулактарға қарсы РСФСР қылмысты істер Кодекстің 107 бабын қолдану болды. Бұл бап бойынша сатып алу, тағып қою жолмен таурларға бағаны қасақана көтерген кінәлерді үш жылға дейін бас еркінен айырып соттау, олардың дүние-мүлкін түгелдей немесе ішінара кәмпескелеу көзделді. [8, 34 б.]

Қылмысты істер кодексінің бұл бабын кулактарға қарсы қолдану туралы нұсқауды И.Сталин өзінің 1928 жылдың 15 қаңтары мен 6 ақпаны аралығында Сібірді аралаған сапарында берді. [9, 69 б.]

Енді кулактардағы барлық артық астықтар сот жолымен мемлекет пайдасына кәмпескеленді, ол кәмпескеленген астықтың 25% (Қазақстанда 20%) [10, -15-б.] кедейлер және қуаты шамалы орташаларға төменгі мемлекеттік бағамен немесе ұзақ мерзімді қарызға берілуі тиіс болды [11, -34-б.].

Жоғарыда аталған 1928 жылы 13 ақпанда «БК(б)П Орталық Комитеті тапсыруы бойынша» И.Сталин қол қойған партияның барлық ұйымдарына нұсқауда ауқатты шаруаларға қарсы тағы да мынандай қосымша қысымдар жасау белгіленді.

«Шаруалардың мемлекетке бересілі борышын (ауылшаруашылық салық, қауіпсіздендіру, қарыз, т.б. жөніндегі недоимкалар) өндіретінде, деревняның дәулетті топтарына, әсіресе кулактарға қысым жасау... қажет». [12, 21 б.]

«Өзара салық жөнінде деревняның кулактары мен ауқатты топтары үшін ауылшаруашылық салығымен салыстырғанда көтеріңкі салық прогрессиясы қолданылсын... Дайындау науқанының барысында партия, совет және кооператив ұйымдарын тексеру, үзілді-кесілді тазарту ісін жүргізе отырып, олардан жат элементтер мен бояма элементтер қуылатын болсын... [13, 21б.]

Орталықтың нұсқауы жергілікті жерлерде азық-түлік дайындау науқанының негізгі ауыртпалығын байлар мен кулактарға бағыттауға жұмылдырды. Қазақстандағы жағдайды Ақтөбе губерниялық партия комитетінің өзінің жергілікті комитеттеріне 1928 жылдың 29 сәуірінде жолдаған нұсқау-жарлығынан аңғара аламыз. Жарлықта алғаш бүкіл елдегі жағдайға және осыған байланысты губерния алдында «тұрған міндеттерге қысқаша түсініктеме берілген. «Елдің шаруашылықтық жағдайы, ... деп атап көрсетілген онда, – қазір барлық күштерді және әдістерді астық даярлау мәселесі төңірегіне барынша жұмылдыруды талап етеді. Өйткені «астыққа деген ең төменгі сұранысты қамтамасыз ету үшін бізге осы кварталда 100 млн пұттан кем дайындамау керек» (БК(б)П ОК Саяси бюросының нұсқауынан). Бүкіл Қазақстан бойынша 7 млн пұт дайындалуы тиіс. Осы негізгі міндеттерге сөйкес БК(б)П губкомы астық дайындау науқанын тағы да шұғыл, кеңінен өрістетуді ұсынады. Оның өзін орташаға және кедейге байланысты асыра сілтеулерге жол бермеу және оларды түзету (артық астықты заңсыз кәмпескелеу, тұтқынға алумен әуестену және с.с.), тек ауылмен деревняның ауқатты, кулак-бай тобына қысым жасау түрінде жүргізу керек.

Біздің губерниямызда мамыр-маусым бойы 200 000 пұт даярлануы тиіс [14].

Нұсқаудан көріп отырмыз, Мәскеуден берілген нұсқауда тек «кулакты» жазалау ұсынылса, қазақстандықтар оған қоса «ауқаттыларды» да, «байларды» да қуғындауды ұсынады. Әсіресе «ауқаттыларға»

кімдер жататынын әлі ешкім ажырата алмайтын заманда бұл төтенше нұсқау, әрине орташаны да қамтып кетті.

Бұл аз болғандай осы нұсқаудың қаулы бөліміндегі 3-ші пункті «ауқатты», «бай» деген ұғымға «частник», яғни «жекеше» деген әлеуметтік категорияны енгізіп жазалаудың ауқымын одан ары кеңейте түсті. Түсінікті болу үшін осы бағыт орыс тілінен аудармай сол қалпында оқып көрелік: «З.В. проводимую кампанию необходимо усилить нажим на кулацко-байскую часть аула и деревни и частников (бөліп керсеткен біз – Ф.Қ.), злостно спекулирующих на хлебе, применяя к ним директиву ЦК 107 ст. УК, учитывая при этом необходимости недопущения ранееимевших место ошибок в применении этой статьи и других мер нажима к средняцким группам. [15]

Иә, қаулы өзін-өзі теріске шығарады: орташаларға қысым жасама, «жекешеге» қысым жаса дейді, сөйтіп орташаның да жекеше шаруашылығы бар екенін естен шығарады.

Нұсқаудың 5-ші пункті «кулак пен байға қарсы кедейлер мен орташаларды топтастырып, нағыз таптық өрлеу туғызуға байланысты түсіндіру жұмыстарын дайындау науқанын да күшейте түсуге шақырды [16].

Ал оның 6-шы пункті «халықтың ауқатты бөлігінен әртүрлі қарыздарды өндіріп алу» жұмысын «астық дайындауды күшейтумен ұштастыра жүргізуді» ұсынады [17].

Осылайша, бұл нұсқау тағы да «халықтың ауқатты бөлігіне» (олардың кім екендері толық айқын болмаса да) қысым жасауға шақырды.

1928-1930 жылдары Қазақстанда, әсіресе, оның астықты солтүстік аудандарында егін шықпай қалды. Ал 1929-1930 жылғы қыста даланы жұт жайлады. «1928-1929 жылы күз бен қысқа астық тапсыру жоспары 11,5 миллион центнер болып белгіленген еді, мұның өзі шаруа қожалықтарының нақты мүмкіндіктерінен үштен бір бөлікке дерлік артық болатын» [18].

Оның үстіне тапсырылатын астық жинауды төтенше шаралар арқылы жүргізу салған беттен республикадағы жағдайды ушықтырып ала жөнелді. Деревнялар мен ауылдарға өлкелік және округтік органдардан төтенше нұсқаулар мен праволар берілген 4812 уәкіл жіберілді. Қатыгездік пен құралдарды қолдануда талғамсыздық таныту, өрескел іс-қимыл бұлардың жұмысының негізгі өзегіне айналды. Басты соққы кулактар мен байларға берілуі керек еді. Бірақ жағдайды нашар білетін уәкілдер көп ретте орташаларды, кейде тіпті кедей-кепшікті соғып жатты.

Әкімшілік шаралар экономикалық тиімділік бере қоймады. Жазаланған 34121 «бай мен кулактан» 631 мың пұт астық және 53400 мал алынды, мұның астық дайындау жоспарының бар-жоғы бір процентке жуығы және ет дайындаудың 3,5 проценті еді. Солай болса да «ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеті 1929 жылдың көктемінде астық дайындаудың жоспарын 84,3 процентке, ал ет дайындаудың ірі қара бойынша өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есе көп болғаны жөнінде рапорт берді [19, 170 б.].

Астық дайындау жөніндегі негізгі салмақ орташалар мен кедейлерге түскені белгілі, Және олардың көбісінің астығы соңғы түйір дәнге дейін сыпырып алынды. Мүлдем егін салмайтын көшпелі қазақ қожалықтары да астық тапсыруға міндетті болды.

1931 жылғы 23 августте Балқаш ауданы 7 ауыл кеңесінің бас қосқан жиналысында мынадай қаулы қабылданады:

«Ауданнан келген астық жоспары негізінен қабыл алынсын. Ауылдардан алынған мағлұматтарға қарай әр шаруашылықтың ыңғайына қарай бөлінсін. Бұл жөнінде ауылдарға бөлінген жоспарлар қалай да мерзімді уақытында орындалатын болсын. Бай-кулактар тапсыруға тиісті астық жоспарын бес күн ішінде орындайтын болсын. Әрқайсысы осы бес күн ішінде орындамаса, тиісті жазасы беріліп, ауылдан қуылуға дейін шара көріңсін.

Астық бітпей қашан соңғы түйірге дейін сыпырылып алынғанша, өлкелік комитет басшылары жоспарды қалай да орындатумен болды. Тіпті, партия қызметкерлерінің де төзімі түгесіді. Облыстық, аудандық партия комитетінің хатшысы Извари былай деп телеграмма соққан: «Астық әзірлеу жоспарын біз бидаймен емес, балықпен және құс етімен орындай аламыз». Бірақ Голощекин оларды сотқа берген.

1932 жылдың басынан бастап Алматыға жер-жердегі аштық туралы хабарлар айтыла бастайды. Оның негізгі себебінің бірі астық дайындауда асыра сілтеушіліктерге бой беру болып табылады. Ырғыз аудандық партия комитетінен Тоқтаров Голощекин атына мынадай телеграмма берген: «Өлкелік комитет, Голощекинге, астық әзірлеу жоспарын орындау есебіне, жұртқа берілуге тиіс бидайды ұстап қалу арқылы, 300 центнер астық жинады. Ішінара 2203 қожалықта анықталған аштықты көріп, әзірленген астықты етке мал өткізушілерге үлестіру үшін кері қайтаруға нұсқау беруіңізді сұрайды [20]».

Тұқым жинау барысында жіберілген қателіктер, атап айтқанда тұқым жоспарының түтін басына түсірілуі, бұрын соңды егін екпеген малшыларға да осындай салықтың салынуы малдың базарға көптеп шығарылуына немқұрайлылық көзқарасын тудырды. Мәселен, «Қызылорда округінде түйені 2 пұт, ал қойды 8 қадақ бидайға айырбастай берген [21]». Оның үстіне кей жерлерде егін егу жоспарлары көтеріңкі түрде бекітіліп, жергілікті ерекшеліктер тіптен ескерусіз қалған. Мысалы, мал шаруашылығына негізінен Қармақшы ауданының мал өсіруден түсетін табысы, округтік қаржы бөлімінің мәліметі бойынша бір миллион сомнан асса, ал жер шаруашылығынан (егіс көлемі 1200 алынғаны бар) 95 мың сом ғана болған. Осыған қарамастан, егістікті 13085 гектарға жеткізу жоспарланған. Бұған себеп тұқым қайда? «Теренөзек ауданында кедейлердің үйлерін тінтіп, тұқым өткізу жоспарын орындамағандарға 6-ауылдан – 10, 8-ауылдан —15, 10,11-ауылдан 10 кедей мен батырақты қамауға алған [22].

Сталиннің нұсқауы кезінде колхоздағы, жеке қожалықтардағы астық түгелімен сыпырып алынды, валюта үшін шет елдерге астық сату шектен тыс арттырылды. Мысалы: «1930 жылғы жиналған 835 миллион центнер астықтың 48,4 миллион центнері экспортқа шығарылған. Ал, 1931 жылы бар болғаны 695 миллион центнер астық жиналса да сыртқы рынокқа 51,8 миллион центнер астық жөнелтілді. Көп колхоздар тіпті тұқым қорынсыз қалды, Кеңес үкіметі ашыққандарға аяусыз жазалау шараларын қолданды. 1932 жылдың тамыз айында егіс даласында астық алғаны үшін ату жазасын шығарды. Сол жылы 55 мың адам тұтқынға алынып, 2 мыңы атылды [23].

Тағы да деректерге жүгінелік: 5-ші ауыл кеңесі алқа мүшелерінің бас қосқан мәжілісінен (16/ХІІ – 1931 жыл №14 тоқтам санынан); Ауылға саяси науқанға байланысты шыққаннан кейін алқа отырысы мына кемшіліктерді көрсетеді. Бұл бригадирлер берілген 48 сағат срок ішінде түрлі науқанды орындамай, жауапкер екендігін білмеген, өздерін жауапкерміз деп санамаған, өздеріне жазылып берілген документтерде не жазылғанын білмеген. Оған дәлел: сол айтылған 48 сағат срок ішінде түрлі саяси шаруашылыққа екпін беріп, барлық науқанды айтылған срок ішінде орындау орнына 61 пұт қана бастық алынған. Оның 13 пұты запас азық. «Біз шыққанда бәрін орындаймыз деп шығып уәде берген жоқпыз, келешекте де бәрін орындаймыз деп айта алмаймыз, әсіресе астық жағынан қауіптіміз, бірақ шамамыз келгенінше орындаймыз» - дейді. Сондықтан бұл жауапты бригадир Нұржігітұлы, Жұмашұлы, Бақжігітұлы, Сармантай ұлдарының істерін нашар деп тауып, алқа төмендегі тиянаққа келеді.

Қаулы: Осы аталған бригадирлердің жұмысты екпіндете алмағаны, қаулыны орындамағаны, жауапкершіліктерінің кеміп кеткені үшін ақырғы қатты сөгіс берілсін. Олардың ақырғы орындау срогі 12 сағат болсын. Егер барлық түрлі саяси науқандары 4 сағат ішінде орындалмаса аяусыз соққы берілсін [24,176.]».

Бұл мәжілісте сөз болған жайттарды әдейі толық келтірдік. Жоғарыдағы бригадирлерді айыптап, жостарды орындауға мәжбүр ету – буынсыз жерге пышақ ұру еді. Сол себепті жазықсыз сотталғандар да болды. Мысалға: Балқаш аудандық тергеушісі 7 Қазақбайұлының 1932 жылғы 27 майдағы тергеу анықтамасынан үзінді келтірейік: «Балқаш аудандық тергеушісі Қазақбайұлы өз тергеуінде Қазақ заңының 109-110 параграфында айтылғандай, Балқаш ауданының 8-ші ауылындағы азаматтар Жолшыбекұлы, Айқымбайұлы, тағы басқа азаматтардың 65 санды қылмыс істерін таптым. 1931 жылдың август айларынан бастап аудан көлемінде астық дайындау жұмысы, сақтық тұқым қорын жинау жұмысына даярлық жүргізілген. Астық дайындау жұмысы мен түрлі саяси шаруашылық науқандарды өткізуге 11-ауылға аудандық жерден Можитұлы жіберілген. Ол ауылдағы ескі әдетке той қылу, ат шаптыру, үй тігу, қыз ұзату жұмыстары етек алып, түрлі науқан істеріне бөгет бола тұрса да, тияым салмаған. Ауылдағы кеңес, партия ұйымдары да бұл сияқты жолсыздықтармен күресе алмай, өздері бас болып той істетіп жүргендіктері анықталды. Мұның үстіне, ауданнан берілген 10980 пұт астық жоспарын орындау орнына оңшылдыққа салынып, бұл жоспарды орындай алмаймыз, орындасақ – ел ашығып қалады деп, солақай оңшылдыққа түскен. Мұндай сорақылықтармен күреспесе болмайды [25, 17 б.]».

Осындай қоқан-лоққыдан кейін мұндай «саяси-шаруашылық науқанға» батылы барып кім қарсы шыққан?

Иә, мәселе не кулакқа, не социалистік құрылысқа! - деп тым төте, әрі біржақты қойылды. Дамудың балама жолдары бар емес пе? Жекеше шаруалар қожалықтарын немесе кооперативтерін өркендету жолдары ше? – деп ол кезде сұрақ қоюдың өзі қауіпті еді. Ауыл шаруашылығы екі жолдың бірін ғана таңдауы тиіс болды және екінші жолды таңдады. Ал бұл жол – социалистік сектор жолы, меншік иелері атаулыны кулакқа жатқызып, шаруалардың ең іскер бөлігін жау тап ретінде жаппай жою жолы еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қараңыз: Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, - 11 б.
2. Қараңыз: Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, -11-12-бб.
3. Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, -13-14-бб.
4. Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, -14-б.
5. Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, -15-б.
6. Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, -16-б.
7. Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, -16-б.
8. Қараңыз: Уголовный Кодекс РСФСР редакцией 1926 года с изменениями 20 марта 1931 года. – М., 1931, «История Советского крестьянства». 2-том. – 34 б.
9. Қараңыз: Сталин И.В. Шығармалар, 11 том, 3 б. Бұл туралы нақтырақ жазылған: Омарбеков Т. Шаруаларға шабуыл қалай басталды? И. В. Сталиннің Сібір сапарының Қазақстандағы салдарлары. // Ақиқат. 1993, № 61-65, Иконникова И.П., Угроватов А.П. Сталинская репетиция наступления на крестьянство. // «Вопросы истории КПСС», 1991, №1. – 69-б.
10. Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру тарихы мен ағылымы. Докторл.дисс. авторефераты. – А., 1994. – 15 б.
11. История советского крестьянства. 2 том. – 34 б.
12. Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана,-21-б.
13. Сталин И.В.: Шығармалар. – Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, -21-22-бб.
14. ҚР ПА, 131 қ., 1т., 1867-іс, 88п.
15. ҚР ПА, 131 қ., 1т., 1867-іс.
16. ҚР ПА, 131 қ., 1т., 1867-іс., 88-89 п.
17. «Социалистік Қазақстан», 1989 жыл 14 қаңтар.
18. «Социалистік Қазақстан», 1989 жыл 14 қаңтар.
19. «Жұлдыз», 1989, №12, -170 б.
20. «Алматы ақиамы», 1990 жыл 18 мамыр.
21. «Социалистік Қазақстан», 1990 жыл 26 тамыз
22. «Социалистік Қазақстан», 1990 жыл 26 тамыз
23. «Жетісу», 1992 17 наурыз.
24. «Жұлдыз», 1989. №12. –17 б.
25. «Жұлдыз», 1989. №12. –17 б.

ӘОЖ 94(574)«18»:353
МРНТИ 03.20

Г.С. Сұлтанғалиева¹

¹т.ғ.д., дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Gulmira.Sultangalieva@kaznu.kz,
Маликов Б.У.²

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторант malikov_bakytjan@mail.ru

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАЛЫ УЕЗІНДЕ БОЛЫСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚҰРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың 60-жылдарындағы әкімшілік реформалар негізіндегі, Сырдария облысының Қазалы уезіндегі болыстық жүйенің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Қазақстан орталық мемлекеттік мұрағатының құжаттық материалдары мен тарихи әдебиеттер негізге алынып, 1868-1880 жж. 14 болыстың құрылуы үдерісі анықталды. Болыстардың құрылуымен қазақтардың дәстүрлі өмір сүру үрдісі жойылып, жаңа әлеуметтік – мәдени және жаңа басқару жүйесінің қалыптасуы байқалды. Мақалада қазақ халқын тікелей басқарып, орталықтың әртүрлі басқару органдары арасын байланыстырып тұрған болыстық билеушілер мен кандидаттардың тағайындалу механизмі қарастырылған.

Мақалада Қазалы уезіндегі болыстардың атаулары мен болыстық билеушілер жөнінде жеке мәліметтер келтірілген.

Түйін сөздер: болыс, болыстық билеуші, Ресей империясының саясаты, Қазалы уезі.

Аннотация

Г.С. Сұлтанғалиева¹, Б.У.Маликов²

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ВОЛОСТНОЙ СИСТЕМЫ В КАЗАЛИНСКОМ УЕЗДЕ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье раскрываются особенности формирования волостной системы управления в Казалинском уезде Сырдарьинской области в контексте административных реформ 60-х годов XIX в. На основе документальных материалов центрального государственного архива Казахстана и исторической литературы выявлен процесс образования 14 волостей на протяжении 1868-1880 гг. Создание волостей выразилось в разрушении традиционного образа жизни казахов, появлении новых социо-культурных явлений и формирование новой системы управления. В статье рассмотрен механизм назначения волостных управителей и кандидатов, осуществляющих непосредственное управление казахским населением и ставших посредниками между представителями различных органов управления и центра.

В статье приведены названия волостей Казалинского уезда и персональные данные волостных управителей.

Ключевые слова: волость, волостной управитель, политика Российской империи, Казалинский уезд

Abstract

G.S. Sultangalieva¹

¹ doctor of historical science, Head of the Department of World History, Historiography and Source, al-Farabi Kazakh National university, Gulmira.Sultangalieva@kaznu.kz

B.U. Malikov²

² Kazakh National University al-Farabi Kazakh National University, PhD student, malikov_bakytjan@mail.ru

FEATURES OF THE FORMATION OF THE VOLOST'S SYSTEM IN KAZALINSK DISTRICT OF SYRDARYA REGION

The article reveals the peculiarities of formation of volost's management system in Kazalinsk district of the Syrdarya region in the context of administrative reforms of 60-th years of XIX century. The process of formation of 14 volosts, volost rulers and candidates during 1867-1880 years was examined on the basis of documentary materials of the Central state archive of Kazakhstan and historical literature. The establishment of volosts resulted in the destruction of the traditional lifestyle of Kazakhs, the emergence of new socio-cultural phenomena and the formation of a new management system. The article considers the mechanism of appointing volost's rulers and candidates, who manage the Kazakhs and became intermediaries between representatives of Kazaks and various local administration. The article presents the names of volosts of Kazalinsky district and personal data of volost rulers.

Key words: volost, volost ruler, the policy of the Russian Empire, Kazalinsk district.

Әлеуметтік тарих - әлемдік тарих ғылымындағы басым бағыттардың бірі болып есептеліп, мазмұны мен маңызы жағынан әртүрлі қоғамдарда әлеуметтік және мәдени үрдістерді зерттеу арқылы, тарихи деректер мен әдебиеттерді жаңа әдістемелік ұстаным тұрғысынан ой қорытуға мүмкіндік береді. Қазақстанның жаңа заман тарихында болыстық билеушілер институты феноменінің оқылуы, қазақ жеріндегі ресейлік басқару жүйесінің ең төменгі сатысы болғанымен, қазақ қоғамының XIX-XX ғғ. Шаруашылығы, мәдениеті және тұрмыс тіршілігінің барлық тұстарын қамтитындығы қажеттілік болып табылады. XIX ғ.-XX ғ. басындағы Қазақ даласында болыстық билеушілер институтының зерттелуі, тарихнамада бұрын соңды ресейлік империялық үкіметтің саяси мазмұндағы арнайы және толық қанды объектісі болған емес.

Дегенмен тарих ғылымындағы Қазақстанның XIX-XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын жұмыстарда, XIX-XX ғасырдың бас кезіндегі материалдарда болыстық билеушілер институтының қалыптасуы мен қызметінің аспектілері қарастырылады. Олардың ішінде Түркістан генерал – губернаторлығы территориясында болыстық жүйенің құрылуы қажет деп есептеген А.К. Гейнстің еңбегі ерекшеленеді. [1] «... для административных целей и принимая в соображение, что существующее у казахов Западной Сибири подразделение на волости и аулы вполне применено к волостным и сельским обществам в России». [2]

Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институтымен болыстық әкімшілік жүйенің құрылуы жөнінде алғаш рет кеңестік тарихнамада мәселе қозғаған С.З. Зиманов болды. [3]

Ол осы мәселені 1822-1824 жж. реформаларды мазмұндау арқылы қарастырады. Оның көзқарастарының құндылығы Сібір ведомствасында болыстардың құрылу үдерісіндегі қазақ халқының рулық құрылымының әсерін сипаттайды. Қазақстандық тарихнамада әкімшілік реформалардың енгізілуі мен

оның дәстүрлі басқару жүйесіне әсері жөнінде К.А. Жиренчин мен Б.М. Абдрахманова үлкен үлес қосты. [4]

Қазіргі заманғы Қазақстандағы тарих ғылымында болыстар институты мен болыстық басқару жүйесінің ұйымдастыру ерекшелігін зерттеу, салыстырмалы түрде кешірек өзектілін алды деп айта аламыз. Олардың ішінде XIX ғ. қазақтардың дәстүрлі билік институттары эволюциясының мәселесін қарастырған Ж.Жампейісованың еңбегі ерекшеленеді. [5] Сонымен қатар, т.ғ.д. С.С. Сайфулмаликованың ғылыми мақалаларында Түркістан генерал-губернаторлығының материалдарын атауға болады. [6] Зерттеуші Г.К. Калиеваның мақалалары Түркістан өлкесі материалдары бойынша жарияланған. [7], профессор Г.Т. Мусабалинаның Семей облысы материалдары бойынша жарияланған мақаласы [8]. Профессор Г.С.Султанғалиева Қазақстанның батыс аймақтарының материалдары бойынша XIX–XX ғғ. басында қазақ көшпелі қоғамының әкімшілік – территориялық құрылымындағы трансформациялық үдерістерін қарастырған болатын. [9]

Қазақстан территориясының оңтүстік аймақтарының Ресей империясы құрамына қосылып, Қазақ даласында хандық биліктің жойылуына байланысты, жаңа әкімшілік реформалар дайындала бастады. 1865 маусымда «Дала комиссиясы» арнайы құрылып, оның құрамына сыртқы істер, ішкі істер, әскери министірлігінен және Орынбор мен Батыс Сібір өлкесінің «депутаттары» жинақталды. Олар Қазақ даласын зерттеудің нәтижесінде аймақты басқарудың жаңа жобасын дайындау керек еді. Дала комиссиясының екі жылғы жұмысының нәтижесінде император Александр II екі құжатты бекітті: «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша ереже» (11 шілде 1867 жыл), «Орынбор және Батыс - Сібір генерал-губернаторлығын басқару жөніндегі уақытша ереже» (21 қазан 1868 жыл). Министрлер Комитеті аталмыш ережені 1869 жылы 1-қаңтардан бастап екі жылға тәжірибе ретінде енгізуді жоспарлады.

1868 жылы құрылған Түркістан генерал губернаторлығының құрамына Сырдария облысы және Жетісу облыстары енді. Біз қарастыратын Сырдария облысының құрамына Әулие-Ата, Шымкент, Түркістан, Перовск, Қазалы уездері және Әмудария бөлімі кірді. Мақаланы жазудағы мақсатымыз Қазалы уезіндегі болыстық жүйенің құрылу ерекшеліктерін анықтау, болыстардың атауларының өзгертілу принциптерін көрсету болып табылады.

Қазалы уезінің орналасқан жері Сырдария облысының батыс бөлігінде Торғай облысының Ырғыз және Торғай уездерімен шектесіп, Шығысында Перовскі уезімен ұштасып жатты. Түркістан уезі Сырдария облысының оңтүстік шығыс бөлігінде Әулие-Ата уезімен, батысында Перовскі уезімен шектесті. Сырдария облысының құрамына кірген Қазалы және Түркістан уездерінде болыстық құрылым жүйесінің құрылу үдерісін қарастыратын боламыз. Қазалы уезінің орталығы Қазалы қаласы 1850 жылы өзен бойынан форпост ретінде құрылған болатын. 1867 жылы №1 форт ретінде ликвидацияланып, Қазалы қаласы болып өзгертіліп, сол жылдың 11 шілдесінен Сырдария облысының уездік қаласына айналды. [10] Қазақтарды басқаруды жүзеге асыру үшін болыстық басқару жүйесін енгізу сол заманның саяси – әкімшілік қажеттілігі болды.

Қазақ даласында болыстық билеушілер институтының құрылуы отаршыл Ресей империясының жүргізген жүйелі отарлау саясатының бір көрінісі болып табылады. Болыстық билеушілер қазақ қоғамында әкімшілік, шаруашылық және реттеушілік міндеттер атқаратын жергілік ұлт өкілдерінің ішінен сайланатын ең жоғары билік сатысына айналды. Ресей әкімшілігі Сырдария облысындағы басқару билігін ұйымдастырудың маңызын түсініп, Түркістан өлкесінің генерал губернаторы нұсқау хатында жергілікті басқару билігін ұйымдастыру үшін комиссия құру керектігін және Қазалы уезіне комиссия төрағасы етіп капитан Соболевті, құрамына әскери старшина Новокрещенов пен арнайы тапсырмалар үшін титулярлы кеңесші Карловты бекітетіндігін айтып, Қазалы уезінің құрамына кіретін жергілікті халық өкілдерінен құралған болыстық билеушілерді ұйымдастыруды бұйырады. Сонымен қатар, комиссия өз жұмысында қателіктерге жол бермейтіндігін және қандай жағдай болмасын кері жолдың жоқ екендігін ескертеді. Бұл жерде Ресей әкімшілігі Қазақ даласын басқару ісіне үлкен мән беріп, өздерінің тарапынан қолдау көрсеткендігін аңғаруға болады.

1867 жылғы «Уақытша Ережеге» сәйкес, уезд басшылары әскери билік пен азаматтық билікті бірге атқаруға міндеттелді. Болыстық билеушілер тікелей бағынған уезд басшылары өз қызметтерін атқару барысында заңсыздықтарға жол беріп, кейде тергеуге алынып та жатты. Мысалы: Қазалы уезінің басшысы Бекчурин, өзіне тиесілі уездің әрбір шаңырағынан өзіндік 2 рубль 50 тиын көлемінде «норма» тағайындап, нәтижесінде 90 мың рубльге алтын жинап алады. Бұл іс әшкере болған соң, Бекчурин тергеу кезінде «бізге де нан керек» - деп, мысқылдап жауап беріп отырды. Осындай өз қызметін асыра пайдаланатын уезд басшылары болыстық билеушілерді қызметке тағайындау немесе қызметтен алып

тасталынуына тікелей әсер етіп отырды. Ф. Гирс өзінің есебінде «Облыстағы 98 болыстық билеушіні үш жыл ішінде басшылықтың шешімімен, жұмыс істей алмайды, шынайы іс-әрекет етпейді, тапсырмаларды орындамайды, заңға қарсы қызмет істейді – деген сылтаумен 45 болыс басшысы, яғни 45 пайыздан астамы қызметінен босатылды». [12]

Болыстық басқару жүйесін енгізу арқылы Патша билігі қалыптасқан дәстүрлі қоғамындағы рулық – туыстық қатынасты жоюға тырысқанымен, кейде шарасыздыққа ұшырап отырғандығын байқаймыз.

1868 жылы сәуір айының 1-ші жұлдызында қызметіне кіріскен уезд басшысы іскери губернаторға берген есебінде Қазалы уезінің аумағында не бәрі 6 болыс құрылды, 6 болыстағы халық саны 11,314 түтінді құрайтындығын, жетінші болыс Қызыл құмнан қырғыздардың (қазақтардың) көшіп келген жағдайда құрылуы мүмкін екенін баяндайды.[13] - Аталған болыстар: Қарақұл, Қостам, Райым, Сарытоғай, Қарабастоғай және Заңғар. 1874 жылдың 15 қаңтарында Қазалы уезінің басшысы Қарақұл, Қостам, Райым және Сарытоғай болыстарының халқының санының ұлғаюына байланысты, тағыда үш болыстың құрылу қажеттілігі жөнінде Сырдария облысының әскери губернаторына жазған рапортында былай деп баяндайды *«Имея в виду значительно увеличившееся число юртовладельцев Каракульской, Раймской, Костамской и Сарытугайской волостей и то, что некоторые из киргиз этих волостей занимаются земледельем, оставаясь для этого в продолжение лета на Сырь-Дарьи, а другие ведя кочевую жизнь, уходят на летовки в Тургайскую область, я нахожу не обходимым для болье удобного управление как теми, так и другими киргизами сформировать означенных выше волостей еще три волости вновь, на что и испрашиваю разрешение Вашего превосходительства, присовокупляя, что как в новых волостях так и в существующих будет не менее 1000 кибиток в каждой»* [14].

Қазалы уезі халқының саны саяси – территориялық өзгерістерге байланысты уақыт өте келе ұлғайып, жеті болыстың орнына тағыда жеті болыстың ашылу қажеттілігі жөнінде 1874 жылдың 12-ші мамырындағы Қазалы уезінің басшысының Сырдария облысы әскери губернаторына жазған баянатынан анық көре аламыз. Қазалы уезінде 1874 жылы барлығы 14 болыстық құрылды.

Уезд басшысының әскери губернаторға жазған хатында өзіне сеніп тапсырылған жеті болыстан тағы үш болысты құруға рұқсат сұрағанын көреміз. Сонымен қатар оның өзі аздық еткен жағдайда он төрт болысты құру керек екендігін айтылады. Себебі Сыр бойы қазақтарының шаруашылығында үлкен екі топтың бар екендігі: отырықшы – егіншілер мен малшаруашылығымен айналысатын көшпелілер. Осы екі үлкен топтың қазақтарынан түтін салығын жинау барысында, жаңа болыстар құрылмайтын болса әртүрлі қиындықтардың туындайтындығы анық деп ескертеді. [15] Қазалы уезінде құрылған болыстардың санының ұлғаюына тікелей әсер еткен жағдай, орыс әскерлерінің Орталық Азияға енуімен тығыз байланысты болды. Себебі бұрын Хиуа хандығы билігінің ықпалында болған қазақ рулары біртіндеп Ресей империясының билігін мойындады. Болыстардың бірінен кейін бірінің құрылуына әсер еткен екінші бір фактор Сыр бойы қазақтарының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығы болды. Өзенге жақын орналасқан аймақтардың қазақтары суармалы егін шаруашылығымен айналысатын, отырықшы мәдени типтің өкілдері еді.

Жаңа әкімшілік шекарасы, ғасырлар бойы негізделген тарихи, көшпелі шаруашылық тәртібіне жиі сәйкес келмеді. Болысты бөлу негізінде таза формальды өлшемдер қарастырылды – әкімшілік басқармасына және лауазымды тағайындауға қолайлы болу үшін, ауылдың санын теңестірді, бірақ көшпелі шаруашылық үшін емес. Әрине болыстықтардың бөліну критерилеріне рулық, туыстық қарым-қатынас ескеріліп отырды. Бірақ Ресей әкімшілігі болыстықтардың атауларын қою жөнінен рулардың атауы емес жер – су атауларын негізгі басшылыққа алды. Төмендегі беріліп отырған №1 кестеде 1874 жылы Қазалы уезінде құрылған болыстар мен болыстық билеушілер, болыстық билеушіге кандидаттарының есімдерін жариялауды жөн көрдік. Аталған уездің болыстық билеушілерінің ішінде заурядный – хорунжи атағын алған Ресей әкімшілігінің сеніміне кірген шенеуніктердің бар екендігін байқаймыз.[16] Нақтырақ айтатын болсақ, Қарақұл, Ақ-тоғай және Қарабас – тоғай болыстарының болыстық билеушілері. Біздің ойымызша аталған болыстардың билеушілері Сыр бойында Ресей билігінің орнығуына қызмет жасап көмектескен.

Қазалы уезіндегі болыстық билеушілер мен болыстардың атауы 1874 ж.

[ҚР ОММ Қор267 Тізбе1 Іс 72 17-23 бет.]

№	Болыстың атауы	Болыстық билеушінің атағы мен есімі	Болыстық билеушіге кандидат
1	Каракульская	Заурядный – хорунжи Кульбарак Бигбаулин	Буранбай Кульбаев
2	Алайгырская	Тюлеп Бигильдиев	Рустембек Туяков
3	Раймская	Джетес Кыстаубаев	Арыстан Калкаков
4	Чебиндинская(часть Райымской)	Урунбай Игулулов	Абдыр Мендыкулов
5	Костамская	Кулпубай Айбусунов	Мамбет – Баки Айтуов
6	Ак – тюбинская (часть Костамской)	Баяке Юсупов	Алим Куянбаев
7	Караман - Макбаловская	Алдасугур Джарылгасынов	Мендыкул Утепов
8	Сарьгугайская	Алданазар Байменов	Тенизбай Казангапов
9	Ак – тугайская (часть Сарьгугайской)	Заурядный – хорунжи Умбет Галиев	Тайлак Байтаканов
10	Карабас - тугайская	Заурядный – Хорунжи Салмурза Мурзабеков	Оспан Бачекинов
11	Кучербаевская (часть Карабас - тугайской)	Куртебай Малыбаев	Кармыс Коскулаков
12	Зангарская	Бака Айбеков	Тайлак Таджиев
13	Курганчинская(часть Зангарской)	Мамбет Таспенев	Карен Турганов
14	Калымбасовская	Берден Бегайдаров	Биктас Санкубаев

1880 жылы 14 мамыр күні Қазалы уезінің басшысы Сырдария облысының әскери губернаторына жазған баянатында құрылып жатырған болыстық құрылымдарда болыстық билеушілердің, старшындардың және басқада лауазымды қызметкерлердің сайлану ережесін толық түсіндіріп, әділетсіз сайлаулардың уезд территориясында өткізілмейтіндігіне кепілдік береді. Себебі қазақтардың әлі де болса саяси сауатының төмендігі, әділетті сайлаулардың өтуіне мүмкіндік береді деп түсіндірілді [17]. Соған қарамастан, болыстық басқару жүйесінде паракорлық пен сыбайластық мүлде болмады деп айту өте қиын.

Қорыта келе қарастырып отырған Сырдария облысының Түркістан және Қазалы уездеріндегі болыстық жүйенің қалыптасып, жаңа болыстардың құрылуы Ресей империясының Орта Азиядағы саясатының ықпалына тікелей байланысты болып, жылдан-жылға болыстар санының ұлғаюына әкеліп отырды. Сонымен қатар болыстардың құрылуына әсер еткен екінші бір фактор уезд қазақтарының шаруашылығындағы ерекшеліктер болды. Ал болыс атауларының өзгеруіне келетін болсақ, қалыптасқан ру-тайпа атауларының орнына жер-су атаулары қойылып, қазақ халқының санасында ғасырлар бойы қалыптасқан рулық – тайпалық түсінікті жоюға талпыныс болды деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гейнс А.К. *Дневник 1866 г. Путешествие в Туркестан // Собрание литературных трудов. Т. II. – СПб: Типография М.М. – Стасюлевича, 1898.*
2. Гейнс А.К. *Объяснительная записка к положению и штатам военно-народного управления Семиреченской и Сыр-Дарьинской областей (Приложение к "Проекту положения об управлении в Семиреченской и Сыр-Дарьинской областях". – СПб., 1867.*
3. Зиманов С.З. *Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – А.-А.: Изд-во АН КазССР, 1960. – 294 с.*
4. Жиренчин К.А. *Политическое развитие Казахстана в XIX- начало XX вв. – Алматы, 1996. – 243 с.*
5. Джампеисова. Ж.М *Казахское общество и право в пореформенной степи. – Астана, 2006.*
6. Сайфулмаликова С.С. *Жетісу, Сырдария областарындағы болыстардың құрылу тарихынан: қазақ қоғамындағы рулық қоғамды жою бағытындағы 1844, 1867 ж. Ережелердің әлеуметтік салдары. // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сер. – 2012. – № 4. – 18 – 22 б.*
7. Калиева Г.К. *Влияние особенностей управления чиновничества в лице волостных управителей и аульных старшин на их социальный статус // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. – 2010. - № 3. – С. 18-24.*
8. Мусабалина Г.Т. *Восточный Казахстан в контексте азиатского направления внешней политики Российской империи во второй половине XIX века // E-history – портал. - (электронный ресурс). – Режим доступа: URL:<http://e-history.kz/ru/contents/view/1158/> (дата обращения – 10 сентября 2015 г.)*

9. Султангалиева Г.С. *Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-начало XX вв.)*. – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2002. – 262 с.
10. Макиев А. *Путешествие по Киргизским степям и Туркестанскому краю*. – СПб., 1896. – 113 с.
11. ҚР ОММ 267 қор, 1 тізбе, 3 іс, 1-2 бет.
12. Гирс Ф. *Отчет по ревизии Туркестанского края*. – СПб., 1888. – 206 с.
13. ҚР ОММ 267 қор, 1 тізбе, 72 іс, 14 бет
14. ҚР ОММ 267 қор, 1 тізбе, 72 іс, 15 бет.
15. ҚР ОММ 267 қор, 1 тізбе, 4 іс, 2 бет.
16. ҚР ОММ 267 қор, 1 тізбе, 72 іс, 17-23 бет.
17. ҚР ОММ 267 қор, 1 тізбе, 194 іс, 25 бет.

УДК 94 (574.2).08/.084:2

МРНТИ 03.20

Ж.Е. Нурбаев¹

¹к.и.н., АО «Университет КАЗГЮУ», Астана, Казахстан, zhaslannurbayev@gmail.com

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОГО СТРУКТУРИРОВАНИЯ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ НА ТЕРРИТОРИИ СТЕПНОГО КРАЯ

Аннотация

В статье рассматривается история распространения православия на территории Степного края в конце XIX – начале XX вв., анализируются причины и основные направления расселения православного населения, приводятся их численный состав по Акмолинской и Семипалатинской областям. Изучается процесс «церковного строительства», понятие, которое в широком смысле объединяет в себе следующее: строительство молитвенных домов, духовное управление, административно-территориальное деление. Описывается история организационного оформления Омской епархии с ее сложным административным структурированием: епархиальное управление, конфессиональные учебные заведения, печатные органы, православные общества и др. Через призму процесса институционализации русской православной церкви освещается важная сторона конфессиональной политики Российской империи – политика обращения в православную веру тюркских и других этносовили миссионерская деятельность.

Ключевые слова: русская православная церковь, Степной край, конфессиональная политика, Киргизская миссия, миссионерские станы, епархия, духовная консистория, епископ, Священный Синод, белое и черное духовенство.

Аңдатпа

Ж.Е. Нурбаев¹

«КазГЮУ Университеті» АҚ-ң аға оқытушы, т.ғ.к.

ДАЛА ӨЛКЕСІ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРЫС ПРАВОСЛАВИЕ ШІРКЕУІНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада XIX ғ. екіншіжартысы мен XX ғ. Басындағы Дала өлкесі аумағындағы православияның таралу тарихы қарастырылады, қоныс аударғандардың алғышарттары және православиелік тұрғындардың орналасуының негізгі бағыттары талданып, Ақмола және Семей облыстарының сандық құрамы көрсетіледі, сонымен қатар, түркі және басқа да этностарды православие шіркеуіне шоқынуды туралы айтылады. «Шіркеу құрылысы» түсінігі, яғни кең көлемде, шіркеулердің салынуы, шіркеу билігі, әкімшілік бөліну үдерістері зерттеледі. Омбы епархиясының ұйымдастырушылық қалыптасуы және оның күрделі әкімшілік құрылымы суреттеледі: епархиялық басқару, діни оқу орындар, баспа мекемелер, православиелік қоғамдар және т.б.

Кілтті сөздер: орыс православиелік шіркеуі, Дала өлкесі, конфессионалдық саясат, Қырғыз миссиясы, миссионерлік стандарт, епархия, рухани консистория, епископ, Қасиетті Синод, ақ және қара дің иелері.

Abstract

Zh.E. Nurbayev¹

¹candidate of historical Sciences, senior teacher of the JSC "KazGUU University"

**TO THE PROLIFERATION OF PROTESTANT DENOMINATIONS IN THE TERRITORY
OF NORTHERN KAZAKHSTAN
(second half of XIX - beginning of XX centuries)**

The article discusses the history of the spread of Orthodoxy on the territory of the Steppe region in the late XIX – early XX centuries, the causes and main directions of settlement of the Orthodox population, given their size in Akmolinsk and Semipalatinsk regions, as well as information about converts to the Orthodox faith of the Turkic and other ethnic groups. Studied the process of "Church building", a concept which in a broad sense, includes the actual construction of churches, Church management, administrative division. Describes the history of the institutionalization of the Omsk diocese, with its complex administrative structuring: the diocesan office, religious educational institutions, media, Orthodox society, etc.

Keywords: Russian Orthodox Church, Steppe region, confessional policy, Kyrgyz mission, missionary settlements, diocese, Spiritual Consistory, Bishop, Holy Synod, white and black clergy.

Начало распространения в Казахстане русской православной церкви (далее – РПЦ) можно считать первую половину XIX в. Однако в этот период российская администрация в своей религиозной политике использовала ислам в качестве идеологического средства в целях формирования непротивленчества местного населения. Казахское население подвергалось интенсивному распространению и укреплению ислама: государство взяло на себя решение вопросов о назначении мулл, занималось строительством мечетей. Подобные действия преследовали, прежде всего, закрепления России в казахских пространствах и влияние на внутреннее устройство казахского социума.

Данные обстоятельства ограничивали влияние православия. Церкви строились только в местах русских поселений и военных форпостов. Однако уже в этот период, во-первых, в завоеванные районы переселялись только люди, исповедующие православие, а во-вторых, любая станица, любой город начинали свою жизнь от храма [1].

К 30-40-м гг. XIX в. укрепление институтов ислама приняло нежелательный характер для России. В казахскую степь под видом «бродячих мулл» стали проникать миссионеры из Центральной Азии, которых принимали за тайных агентов Британской и Османской империй. Это привело к кардинальной трансформации конфессиональной политики Российской империи.

Изменение отношения центральных и местных колониальных органов к исламу в сторону тотального контроля и ограничения, кроме того, массовое переселение крестьян стали основными причинами широкого распространения православия в Казахстане во второй половине XIX - начале XX вв., т.е. история ее проникновения теснейшим образом связана с крестьянской колонизацией.

Обострение земельных отношений в центральных регионах России во второй половине XIX – начале XX вв. Правительство стремилось разрешить путем государственного стимулирования переселения крестьян из перенаселенных центральных регионов на новые колонизированные территории империи. В результате этническая характеристика Степного края была кардинально изменена, происходит резкий скачок удельного веса славянского компонента, а отсюда изменения конфессиональной структуры в сторону увеличения представителей православного христианства.

Наглядно изменение численности православного населения можно проследить по ежегодным статистическим отчетам. Источники подтверждают неуклонный рост православных христиан Степного края с 1900 – по 1911 гг., особенно в Петропавловском уезде. В 1900 г. в Петропавловском уезде проживало 44516 православных, в 1911 г. стало 160728 человек [2].

Более подробно конфессиональный состав населения в отдельных областях рассмотрим на основе материалов Первой Всеобщей переписи населения 1897 г. Так, к примеру, перепись выявила, что Акмолинская область отличалась наиболее высоким удельным весом православных христиан, их удельный вес в общей численности населения составлял 33,37 % [3], а наибольший процент православных по уездам области наблюдался в Петропавловском уезде.

В Семипалатинской области православные христиане составляли по итогам переписи 1897 г. - 9,88 %, старообрядцы и раскольники - 0,2 % [4].

Отметим, что в переписи конфессиональная принадлежность определялась по языку. Так, кроме русских, украинцев и других славянских этносов православие исповедовали и небольшое количество казахов, татар, немцев, евреев. Наибольшее число крещенных казахов было в Семипалатинской и Акмолинской областях, соответственно, 286 (183 мужчин и 103 женщины) и 138 (94 мужчин и 44

женщины). Отсюда можно заключить, что больше всего казахов, принявших православие, проживало в областях Северного Казахстана, где наиболее активно шла колониальная политика. Всего, по Переписи 1897 г. казахов, которые приняли православие насчитывалось 643 человек: 405 мужчин и 238 женщин. Из них в Акмолинской области - 138 человека (94 мужчин, 44 женщин), Семипалатинской - 286 человек (183 мужчин, 103 женщин). Отсюда, прозелитизм в среде кочевников можно охарактеризовать как малоуспешную, о чем свидетельствует весьма небольшое количество новообращенных казахов [5].

Кроме казахов, православие принимали представители других этносов - татары, уйгуры, узбеки, евреи. Наибольшее количество новокрещенных татар проживало в Акмолинской области - 143 человека, среди них 93 мужчин и 50 женщин, в Семипалатинской - 18 человек, 10 мужчин и 8 женщин. Всего в крае насчитывалось 230 татар, которые приняли новую веру, из них 154 мужчин и 85 женщин. Локализация татарского населения, принявших православие, совпадала с картиной, сложившейся среди крещеных казахов. Основная часть крещеных татар располагалась в Северном Казахстане, прежде всего в Акмолинской области. Узбеков, принявших христианство, в целом по Казахстану насчитывалось всего 17 человек (10 мужчин и 7 женщин). Крещеные узбеки локализовались, в основном, на юге Казахстана - в местах своего традиционного проживания.

Таким образом, к началу XX в. кардинально трансформировалась религиозная картина Степного края, где прослеживалась тенденция увеличения числа православного населения. В отдельных уездах их численность уже в конце XIX – начале XX вв. составляла более трети от всего населения, в Петропавловском же православное население стало доминировать над мусульманским. Например, в 1900 г. в г. Петропавловске и Петропавловском уезде православных проживало 44516, мусульман – 41011 (из них казахов – 37551, татар - 3460) [6]; а в 1915 г. количество православного населения превысило мусульманское в 1,5 раза и их численность составило 196035 и 132050 человек, соответственно [7].

Так как этими огромными массами православного населения нужно было как-то управлять, создается целая система организационного управления. Во второй половине XIX в. началось массовое строительство православных церквей. В 1869 г. в Москве была учреждена специальная организация – Миссионерское общество, созданы миссионерские станы и посты, которые выполняли задачу «христианского просвещения туземного населения». Специальным правительственным постановлением предлагалось карать заключением в крепость лиц, уличенных в пропаганде иноверия среди православных. В то же время всемерно поощрялось принятие православия иноверцами. Правительство требовало от своих представителей на местах, чтобы они систематически информировали о состоянии веры в крае и мерах, предпринимаемых для усиления влияния православия.

Следует отметить важные особенности законодательных актов Российской империи в религиозной сфере: все граждане государства должны были быть представителями той или иной конфессии, а «внеисповедное состояние» запрещалось; критическое отношение и осуждение религии каралось каторжными работами по статье богохульство; православная церковь являлась государственной религией Российской империи, поэтому была «первенствующей и господствующей».

Территория Степного края, а конкретнее, территория Акмолинской и Семипалатинской областей входила в юрисдикцию Омской епархии.

Сначала Акмолинская и Семипалатинская области были во введении Томской и Тобольской, а затем вошли в состав и структурно оформились в основном в рамках Омской епархий (1895 г.).

Важное значение в распространении и укреплении православия в это время в Павлодарском уезде отводилось Семипалатинскому духовному правлению. По архивным данным в Павлодаре и Семипалатинске уже в начале XIX в. функционировали православные церкви, священнослужители которых были призваны участвовать в отправлении религиозных потребностей имевшегося на то время славянского населения во всей прилегающей округе [8].

Православие Семипалатинской области по своему церковному управлению, после образования в 1838 г. Томской епархии, была разделена между ней и Тобольской епархией. Ведению последней подлежали все церкви между ст. Семиарской и п. Урлютюбинском, а также станицы Баян-Аульская и Каркаралинская, находящиеся в составе Атбасарского благочиния [9].

Вследствие крайнего неудобства такого разделения в церковном управлении писались ходатайства о подчинении всей Семипалатинской области безраздельно ведению Томского, либо Тобольского епархиального начальства. Однако, намерение властей об открытии отдельной епархии Степных областей в последующем было одной из основных причин создания Омской епархии [10].

Еще в 1885 г. Собор сибирских архипастырей рассматривал вопрос о создании самостоятельной Омской епархии. В конце 1887 г. в Омске была создана особая комиссия, результатом деятельности

которой было представление предложений Тобольской духовной консистории об обособлении Омской епархии и выделении из Тобольской епархии. В 1895 г. Святейший Синод инициировал учреждение Омской епархии, а 2 марта 1895 г. он был утвержден Императором Николаем II. Так, в Западной Сибири и непосредственно в Северо-Восточном Казахстане возникла новая Омско-Семипалатинская епархия с площадью более 1 миллиона квадратных верст, но с количеством населения всего в 350 тысяч человек. В структуру епархии переходили все 57 церквей Акмолинской и Семипалатинской областей.

Первым епископом Омской епархии стал Григорий (Лев Полетаев), Управление епархией Григорий осуществлял до декабря 1900 г. [11].

Главным органом управления епархией стала Омская духовная консистория. Административная система Омской епархии включала: архиерей, возглавляющий епархиальное управление, в структуру которой входили канцелярия и духовная консистория; епархиальный училищный совет; комитет Православного миссионерского общества; противосектантский миссионер, окружной противосектантский миссионер, начальник Киргизской миссии. Кроме того существовали попечительство о бедных духовного звания, Епархиальное братство ревнителей православия, самодержавия, русской народности и христианского благотворения, во имя Божией Матери, именуемой «Утоли моя печали» (с 1898 г.), Общество хоругвеносцев. Затем были учреждены: комитет по удовлетворению религиозных нужд переселенцев Омской епархии и ревизионный комитет. В 1913 г. при Омском епархиальном братстве открыли Общество трезвости, а в 1915 г. комитет по оказанию помощи беженцам и дамский комитет.

Указом Синода от 30 ноября 1897 г. омскому епархиальному начальству было разрешено издавать с 1 января 1898 г. «Омские епархиальные ведомости» (внутренняя жизнь православной церкви освещалась до 1917 г.). Издание выходило два раза в месяц в составе двух частей (официальной и не официальной) под редакцией священника Омского кафедрального собора Климента Скальского [12]. В первом номере издаваемых епархией «Омских епархиальных ведомостей», вышедшем в свет 1 января 1898 г. так оценивалось значение новой епархии: «Прежде отверженное и почти забытое малое стадо Христово, затерянное в массе туземцев-магометан освежается как пришельцами, так и новокрещенцами; церкви Божии, этот неоценимый дар небес, растут, множатся и благоухают среди векового невежества; растут и православные приходы - эти рассадники христианской, нравственной жизни, - они множатся и утверждаются, и во главе их ставятся правоспособные и достойные пастыри, решившиеся ради дела Христова покинуть свою далекую, присных и знакомых и по первому зову Владыки нашего посвятить себя апостольскому подвигу...» [13]. В этих словах была сформулирована главная идея процесса освоения края Омской православной епархией, его идеологическое обоснование.

В 1881 г. с разрешения Святейшего Синода была учреждена Киргизская противоисламская миссия как отделение Алтайской миссии Томской епархии для обращения в православие обитающих в пределах епархии казахов-кочевников [14]. До 1890 г. в имущественном и административном отношении Киргизской миссии не существовало вовсе: она состояла из одного только миссионерского причта, который занимался подготовительными работами к предполагавшейся в будущем деятельности. С 1890 г. Киргизская миссия постепенно начала приобретать самостоятельность и к тому времени, когда с образованием Омской епархии в 1895 г. она полностью отделилась от Алтайской миссии, у нее уже был свой собственный начальник в сане архимандрита, 4 стана и 11 служителей, за год присоединивших к Православной Церкви до семи - десяти инородцев [15].

Служители Киргизской миссии делились на три категории: 1. Управитель или начальник миссии, имевший высшее духовное образование, в сане архимандрита и его помощник в сане иеромонаха. Начальниками миссии за годы ее существования являлись выпускники Казанской духовной академии архимандриты Сергей (Стефан Петров) (1895 - 1899), Макарий (Михаил Павлов) (1899 - 1901), Владимир (Вячеслав Тихоницкий) (1901 - 1906) и Киприан (Константин Комаровский) (1906 - 1917). 2. Собственно миссионеры, почти все являвшиеся молодыми представителями белого духовенства, очень часто не имевшие специальной миссионерской подготовки и приобретавшие определенные навыки непосредственно в процессе своей деятельности. 3. «Будущее миссии»: псаломщики, учителя, переводчики. Практически все они были воспитанниками миссии - детьми новокрещенных и русских переселенцев.

С 1897 по 1917 гг. Киргизская миссия состояла в разное время из 7-10 станов: 6 в Семипалатинской области - Центральный стан, располагавшийся в Заречной слободке г. Семипалатинска, являлся духовным средоточием миссии и резиденцией ее начальника; здесь находился архив миссии, фундаментальная миссионерская библиотека, две церкви (Петропавловская и Благовещенская), две русско-киргизские школы, приют для новокрещенных и общежительный монастырь во имя Св. Апостола Андрея Первозванного; Преображенский (или Буконский) Усть-Каменогорского уезда Кулуджинской

волости, в с. Преображенском; Мало-Владимирский Семипалатинского уезда в с. Мало-Владимирском; Шульбинский Усть-Каменогорского уезда в п. Шульба; Долонский – 3-го военного отдела Сибирского казачьего войска станицы Долонской Семипалатинской области и уезда; Чернойарский Павлодарского уезда, а также 4 стана в Акмолинской области - Татарский Омского уезда Черлаковской станицы; Атбасарский в г. Атбасаре; Александровский Акмолинского уезда Михайловской волости, находится в 25 верстах от г. Акмолинска, откуда перенесен 29 мая 1895 г.; Еленинский Акмолинского уезда Приречной волости в с. Нецветаевском.

Особенностью распространения православия на территории Степного края было формирование огромного числа служителей церкви. Священники выполняли государственные функции: им было поручено вести записи актов гражданского состояния – рождений, браков, смертей, передача этих функций церкви означало, по существу, насильственное привлечение всего населения к исполнению религиозных обрядов [1, с.7]. Однако, в изучаемом периодecerковных служителей крайне не хватало для удовлетворения религиозных нужд православных жителей Степного края. В 1893 г. Степной генерал-губернатор просил Преосвященных Тобольского и Томского о назначении священников в 10 переселенческих поселков Акмолинской и 4 поселка Семипалатинской областей [16]. Так как данная проблема стояла остро и в Сибири, в 1903 г. Степным генерал-губернатором Н.Н. Сухотинным была направлена просьба митрополитам Санкт-Петербургскому, Московскому и Киевскому о командировании несколько иеромонахов из подведомственных им монастырей, с кругом церковно-богослужебных книг, священных облачений и церковной утварью в поселения тех же областей [17]. В 1910 г. поднимался вопрос о нехватке духовных служителей. Вследствие обширности приходов, священники были лишены возможности посещать новые поселки, еще не вошедшие в состав этих приходов. Население проживало в таком отдалении от храмов и священников, что вовсе не в состоянии было обращаться к ним даже в самых необходимых случаях. Так что крещение детей откладывалось на месяцы и годы, а венчание заменялось гражданским сожителем [18].

16 августа 1898 г. было учреждено Омское епархиальное «братство ревнителей Православия, Самодержавия, Русской Народности и христианского благотворения». В п.1 Устава братства указывались его основная цель и задачи: «...насаждать, утверждать и охранять в жизни и деятельности меньшей во Христе братии любовь и преданность Церкви, Престолу и Отечеству, как залог их благосостояния, благоденствия и истиннагосчастия». Теория официальной народности провозглашалась практически реализуемой, доказывая верноподданническую позицию руководства епархии [19]. Братство делилось на 7 уровней. Братья первоогоуровняносили взнос 3 рубля, шестого - не менее 100 рублей. В 3-ей главе устава братства написано: «Священство и церковнослужители Омской епархии, по долгу своей службы, состоят непременно ревнителями Братства» [20]. Деятельность Братства всегда была значимой для Православной Церкви. Главное направление деятельности братствавыражалось в охранеправославных жителей епархии от сектантства и раскольниковства.

Важнейшим мероприятием развития епархии признавалось становление профессионализма священнослужителей, который зависел от местных условий и потребностей развития церкви. В 1909 г. обсуждался вопрос осоздании в г. Омске образовательного учреждения для подготовки духовных лиц. Согласно отчету о состоянии епархии за 1908 г., подготовленныйепископом Омским и Семипалатинским ГаврииломСиноду, полный курс духовной семинарии окончило не более 43 % всех священников епархии. Остальные 57% священников «по своему образовательному цензу» представляли «крайнее разнообразие: от не окончивших курса семинарии до окончивших сельскохозяйственную школу или получивших лишь домашнее образование». Ближайшие духовные семинарии - Тобольская и Томская - не удовлетворяли потребности Омской епархии. 6 апреля 1909 г. епископ Гавриил направил ходатайство в Синод об открытии духовной семинарии в Омске. Однако в условиях военного времени Синод счел начало новых строительных работ «неблаговременным» и указом от 27 июля 1916 г. предписал даже частичную постройку здания омской семинарии «отложить до наступления более благоприятного времени» [21]. Разрешения властей на создание своего училища, несмотря на настойчивые просьбы, казахская миссия так и не добилась. Подготовка миссионерских кадров производилась за пределами Степного края.

По причине увеличения и разрастания епархии в 1912 г. было учреждено первое викариатство - Семипалатинское, с пребыванием епископа в Семипалатинске. В 1913 г. с миссионерской целью открыли Акмолинскоевикариатство, с кафедрой епископа в г. Омске [22]. В последующем, по указу Синода в ноябре 1914 г. кафедра второго викария (Акмолинского) переехала в г.Петропавловск, викарный же епископ стал именоваться Петропавловским.

Вторым викарием на территории Казахстана, также относившимся к Омской епархии, с назначением его места пребывания в г. Омске, стал Мефодий (бывший руководитель Уфимского духовного училища). Ему была поручена внутренняя «противосектантская» миссия и замена главы епархии по необходимости. После же открытия данного викариатства руководитель Омской епархии стал именоваться уже епископом Омским и Павлодарским.

Киргизская духовная миссия Омской епархии в 1912 г. имела при 8 станах 13 церквей и молитвенных домов и 18 школ.

В епархии было 6 монастырей: женские - Петропавловский Всехсвятский, Казанский в 6 верстах от станции Омск, Архистратиго-Михайловский в 7 верстах от п. Пресногорьковского Петропавловского уезда, Богородице-Михаило-Архангельский в Омском уезде; мужские - Николаевский на урочище Кара-Оба Петропавловского уезда и Покровский в 15 верстах от Омска. Основанная в 1902 г. женская община на «Святом Ключе» в Семипалатинской области в 1912 г. была преобразована в Знаменский миссионерский женский монастырь, при нем действовали церковно-приходская школа для девочек и приют для детей-сирот [23].

Таким мы увидели динамику роста православного населения Степного края и «церковное строительство», понятие, которое в широком смысле объединяет в себе следующее: строительство молитвенных домов, духовное управление, административно-территориальное деление.

Таким образом, можно подвести следующий итог:

Масштабная политика крестьянской колонизации на территории Казахстана, в особенности его степных регионов, а также изменение отношения Правительства к исламу, приведшей к разнообразным мерам его сдерживания, способствовали тому, что на рубеже XIX-XX вв. православие широко распространилось в Степном крае.

Отсюда изменяется конфессиональная палитра населения Степного края, в котором наблюдалась тенденция увеличения числа представителей православного христианства.

Отличительной чертой институционализации РПЦ в Степном крае является то, что православные христиане управлялись Омской епархией, которая по мере усиления процесса массовой крестьянской колонизации увеличивала систему епархиальных органов, приходов и церквей, что привело к дроблению, разветвлению епархии.

Первостепенной причиной появления епархии послужил также тот факт, что Степной край являлся полиэтничным и многоконфессиональным регионом, который превосходил в то время число православного населения, что негативно влияло на религиозные чувства последних. Хотя, именно это обстоятельство предопределило развитие в крае миссионерской деятельности.

Список использованной литературы:

1. Артемьев А.И. Русская православная церковь в Казахстане. - А., 1995. - С. 42.
2. Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее – ЦГА РК) Ф.393. - Оп.1. - Д.52. - Л.16; Обзор Акмолинской области за 1911 г. – Омск, 1912. - Ведомость №3.
3. Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Акмолинская область. – Л.V.
4. Первая Всеобщая перепись 1897 г. Семипалатинская область. - Л.V.
5. Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. – СПб.: Слово, 1905. – С.48-61.
6. ЦГА РК Ф.393. - Оп.1. - Д.52. - Л.20.
7. ЦГА РК Ф.393. - Оп.1. - Д.131. - Л.35.
8. ЦГА РК Ф.387. - Оп.1. - Д.129. - Л.77.
9. Государственный архив Омской области (далее – ГАОО) Ф.3. - Оп.7. - Д.11259. - Л.1-1 об.
10. ГАОО Ф.3. - Оп.7. - Д.11259. - Л.8-8 об.; ЦГА РК Ф.64. - Оп.1. - Д.125. - Л.18.
11. Скальский К.Ф. Омская епархия. - Омск, 1900. – С.15-34; Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. - Омск, 1914. – С.900; Огородникова Л.И. Омская епархия – 110 лет со времени основания (2 марта 1895 г.) / Знаменательные и памятные даты Омского Прииртышья, 2005. – Омск, 2004. – С.41.
12. Берковская З.Н. Омские Епархиальные ведомости как базовый источник изучения истории Омской епархии конца XIX - начала XX вв. / Степной край Евразии: историко-культурные взаимодействия и современность. Тезисы докладов и сообщений V Международной научной конференции (Под ред. Р.М. Жумашиева, А.П. Толочко). – Омск: Издательство ОмГУ им. Ф.М. Достоевского, 2007. – С.143-144.
13. Господи, благослови! // Омские епархиальные ведомости. – 1898. – №1. – С. 1-3.
14. Всеподданнейший отчет обер-прокурора Святейшего Синода К. Победоносцева по ведомству Православного исповедания за 1886 год. – СПб., 1888. – С.115.
15. ГАОО Ф.16. - Оп.1. - Д.45. - Л.16.
16. ГАОО Ф.16. - Оп.1. - Д.48. - Л.41-44.

17. ЦГА РК Ф.64. - Оп.1. - Д.1062. - Л.1-2.

18. ГАОО Ф.16. - Оп.1. - Д.122. - Л.1-5.

19. Зайцева Л.Ю. Православная церковь и казахское население Степного края (конец XIX - начало XX вв.) / Степной край: зона взаимодействия русского и казахского народов (XVIII – XX вв.). II Международная научная конференция: Тезисы докладов и сообщений. (Под ред. А.П. Толочко). – Омск: ОмГУ, 2001. – С.141.

20. Айтенова Б.К. Процесс институционального структурирования Омской епархии и коренное население Степного края (конец XIX - начало XX вв.) / Вопросы методологии и истории в работах молодых ученых: Сборник научных статей. – Омск: ОмГПУ, 2004. – С.21-26.

21. ГАОО Ф.16. - Оп.1. - Д.146. - Л.11-15, 233, 242, 248.

22. Лебедева Н.И. Храмы и молитвенные дома Омского Прииртышья. – Омск, 2003. – С.13-14.

23. ГАОО Ф.16. - Оп.1. - Д.121. - Л.49; ЦГА РК Ф.15. - Оп.1. - Д.2123. - Л.1-19; Лебедева Н.И. Храмы и молитвенные дома... – С.14.

УДК 94(574)«1920»:94(47)

МРНТИ 03.20

А.С. Ысқақ¹

¹т.ғ.д., доцент, «Нархоз Университеті» АҚ, Алматы

1920-жж. КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІК-ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа

Мақалада кеңестік мемлекеттік-партиялық бақылау жүйесінің қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Бақылау мекемелерінің партиялық-бюрократиялық жүйенің әкімшілік органына айналуына және жұмысының негізгі бағыттарына талдау жасалады. Қазақстан автономиялы республикасы құрылуымен кеңестік үлгідегі жаңа мемлекеттік аппарат қалыптасты. Аппарат большевиктер көздеген кеңестендіру саясатын жауапты әрі белсене жүргізуге барынша бейімделді. Әсіресе басқарудың тұтас орталықтанған жүйесінде бақылау ісіне ерекше мән берілді. Бұл мақсатта кеңестік бақылау ісіне жауапты. Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариаты, партиялық бақылауға жауапты Өлкелік бақылау комиссиясы құрылды. Жұмысшы-шаруа инспекциясы мемлекеттік басқару институты мәртебесінде бірқатар маңызды қызметтер атқарды. Кеңестік аппаратты жетілдіруге кірісіп, мекемелерді тазарту жолымен арзандатуды көздеді. Партияның беделін асқақтатып, тұйықталған мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда демократиялық принциптерге қайшы келетін түрлі жұмыс тәсілдері пайдаланылды. Оның жұмысын жандандыруға жергілікті жерлерде бастауыш ұйымдар және «үштіктер» жұмылдырылды. Кеңестік мемлекеттік-партиялық бақылау жүйесінің біртұтастығы Қазақстанның Орталық билікке тәуелділігін ресми бекітті.

Түйін сөздер: мемлекеттік-партиялық бақылау, кеңестік жүйе, жұмысшы-шаруа инспекциясы, бақылау комиссиясы.

Аннотация

А.С. Ысқақ¹

¹АО «Нархоз Университет», Алматы, д.и.н., доцент, sakmaral7@gmail.com

СОВЕТСКАЯ СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННО-ПАРТИЙНОГО КОНТРОЛЯ В 1920-Е ГОДЫ

Статья посвящена становлению и развитию советской системы государственного-партийного контроля. Анализируются превращение контрольных учреждений в административные органы партийно-бюрократической системы и основные направления их деятельности. С образованием автономного Казахстана формируется новый государственный аппарат, который был адаптирован проведению политики советизации большевиков. При этом основное внимание уделяется контрольной системе и создаются Народный комиссариат рабоче-крестьянской инспекции для советского контроля и Краевая контрольная комиссия для партийного контроля. Рабоче-крестьянская инспекция в статусе института государственного управления выполнял важные функции. В деле совершенствования советского аппарата предполагалось путем его чистки удешевить. На местах для оптимизации работы инспекции привлекаются к ее работе ячейки и «тройки». Единая система советского государственного-партийного контроля закрепила полную зависимость казахских земель от центральной власти.

Ключевые слова: государственного-партийный контроль, советская система, рабоче-крестьянская инспекция, контрольная комиссия.

Abstract

A.Yskak¹

¹doctor of History, Narxoz University, Almaty, sakmaral7@gmail.com

THE SOVIET SYSTEM OF STATE-PARTY CONTROL IN THE 1920 s

The article analyzes the formation and development of the Soviet state-party control system. It also deals with the issue of the transformation of control agencies in the administrative bodies of the party-bureaucratic system and the main directions of their activities. With the formation of the autonomous Kazakhstan, a new state apparatus, which has been adapted for conducting the Sovietization policy of the Bolshevik regime. With a focus on the control system, the People's Commissariat of Workers' and Peasants' Inspection was created for Soviet control and the Regional Control Commission for Party Control. Rabkrin in the status of the Institute of Public Administration performed an important function. In improving the Soviet apparatus it was intended to reduce the cost by purging. On the ground, in order to optimize the work of inspection 'cells' and 'troika' were involved. United Soviet system of state-party control totally made government of Kazakhstan dependent on the Soviet regime.

Keywords: state-party control, the Soviet system, worker-peasant inspection, Control Commission.

Өткен ғасырымыздың 20-30-шы жылдары Орталық билік өзінің мемлекет ретінде қуаттылығына федералдандыру принципі арқылы қол жеткізді. «Кеңестік үлгідегі» мемлекетті қалыптастыруда оның негізіне қатаң түрде орталықтанған ұлы империя құрудың стратегиялық бағытын ала отырып, оны іс жүзіне асыруды көздеді. Экономикалық империялық модернизация жасау мақсатын қойды. Сол себепті де ұлттардың өз тағдырын өзі белгілеуі, шын мәніндегі ұлттық автономия мәселесін басты саяси мақсатқа бағындыруға тырысып, оны ұлт немесе ұлыс пайдасына шешуді міндет деп санамады. Міне, осы бір маңызды мәселенің автономиялы Қазақ республикасы өмірінде дұрыс шешімін таппауы кейінгі уақытта оның тағдырына қатысты түбегейлі мәселелердің Орталық биліктің пайдасына шешілуіне жағдай жасады.

Кеңестік үлгідегі жаңа мемлекеттілік қалыптасқан бойда Орталық билік басқару жүйесіне және оның тиімді тетіктеріне үлкен мән берді. Басқару ісінің мақсат, міндетін, қызметін іске асыруда бақылау ісіне айрықша ден қойды. Бұл мақсат үшін арнайы бақылау мекемелері құрылды. Жаңа кеңестік биліктің қалыптасуы және мемлекеттік аппараттың дамуымен бүтін мемлекеттік аппарат пен өндіріске бақылау жүргізу қажеттігі туды. Осы мақсатта 1920 жылы республикалық Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариаты (*бұдан әрі* Жұмысшы-шаруа инспекциясы - *авт.*) құрылады. Ол мемлекеттік басқару және шаруашылықтың барлық салаларында шешімдердің уақытылы, жылдам жүзеге асуын қамтамасыз етуге жауапты болды. Жергілікті жерлерде губерниялық инспекциялар ұйымдастырылды [1, 79 п.]. Алғашқы Жұмысшы-шаруа инспекциясының халкомы болып Николай Иванович Баландин және оның төрағалық етуімен алқа мүшелері болып Х.И. Досов, Ш.И. Ибраев, Шоповалов сайланды [2, 66 п.]. Кеңестік мемлекеттік аппараттың жұмысына жауапты Жұмысшы-шаруа инспекциясы болса, партия ұйымдарының жұмысын бақылау ісіне 1921 ж. Құрылған Қазақ облыстық бақылау комиссиясы (*бұдан әрі* Өлкелік Бақылау комиссиясы - *авт.*) жауапты болады. Аталмыш екі ұйымның жұмысы өзара үйлесімділікте жүрді.

Жұмысшы-шаруа инспекциясына кең өкілеттік берілді. Алайда ол біріккен халкомат құқында РКФСР Жұмысшы-шаруа инспекциясына бағынды әрі қызметі, құрылымы, штаты онымен толық үйлесімділікте болды. 1920-жж. басында Жұмысшы-шаруа инспекциясының жұмысы ауыр жағдайда өтті. Жергілікті жағдайды жақсы білетін, бақылау жұмысын халық арасында кеңірек түсіндіріп, олармен тығыз байланыс жасай алатын мамандар жоқтың қасы болды. Осы мәселеге қатысты Ұйымдастыру-нұсқаулық бөлімінің (*бұдан әрі* Ұйымдастыру бөлімі – *авт.*) бастығы О.Кадак 1921 ж. 28 қаңтарда РКФСР Жұмысшы-шаруа инспекциясына хат жолдап, көмек сұрайды [3, 33-33 арт.п.]. Осы хатқа Ресей халкомының орынбасары Аванесов мынадай жауап жазады: «Автономиялы республика мен облыс инспекциялары бұратана халық пен кедейлердің қалың бұқарасын бақылау органдарына тартуға айтарлықтай көңіл аудармай отыр.... Жұмысшы-шаруа инспекциясы кедей бұратана халықты органдарға тарту, бұқара халықты кеңестік аппаратпен таныстыру, кеңестік құрылысқа үйрету ісінің мектебі болуы тиіс» [3, 59-59 арт.п.].

Мемлекеттік басқару институты ретінде Жұмысшы-шаруа инспекциясы бірнеше маңызды қызметтер атқарды. Кеңестік аппаратты жетілдіру ісін ол мекемелерді тазарту жолымен арзандатуды көздеді. 1922 жылдан бастап аппаратты күдікті, жұмысына адал емес адамдардан тазартып, оны коммунистермен толықтыруды қолға алды. Жергілікті жерлерде бұл іспен бастауыш ұйымдар және ерекше құқы бар «үштіктер» айналысты. Олардың қабылдаған шешімдері қайта қарауға жатпады. Тексеру - *нақты тексеріс, жедел тексеріс пен жаппай тексеру, құжаттық тексеру, алдын-ала (шығын материалдары мен азық-түлікті) тексеру* түрінде жүргізілді. Аталған тексерулер шартты түрде бөлінгенмен оларды бір-

бірінен айыру мүмкін еместі. Қай тексерудің қайдан басталып немен аяқталғанын айқындау көп жағдайда қиындық туғызып отырды [3, 59-59 арт.п.].

Мемлекеттік басқару ісін толығымен шоғырландыруды айқындап берген В.И. Ленин оны қайта құрудың бірден-бір жолы партиялық бақылау мекемесімен біріктіру деп санады. Оның жоспары бойынша Жұмысшы-шаруа инспекциясы мемлекеттік басқару жүйесін ұйымдастыратын әрі партиялық аппараттың құрамдас бөлігі де болуы тиіс. Мұндай бірігу бір жағынан Жұмысшы-шаруа инспекциясының беделін көтеретінін және жоғарғы партиялық мекемеге айналатынына сенім білдірді. РКП(б) XII съезінің шешіміне сәйкес 1923 ж. Жұмысшы-шаруа инспекциясы Өлкелік Бақылау комиссиясымен (бұдан былай ЖШИ-ӨБК - *авт.*) біріктірілді. Бұл бірігу мемлекеттік аппаратты түбегейлі жаңаша қайта құру міндетін қойды.

Өлкелік Бақылау комиссиясына партияның беделін асқақтату жауапкершілігі жүктелді. Оның құрамына 1921 ж. 24 маусымдағы № 1 хаттамамен «жауапты тергеуші» лауазымы енгізіледі [4, 1 п.]. Жұмысына баға беру үшін бір ғана Ақмола губерниялық бақылау комиссиясының 1921 ж. 15 шілде мен 1 қыркүйек аралығында атқарған жұмысына талдау жасайық. 25 шілде мен 1 қыркүйек аралығында барлығы 99 тәртіп бұзушылық бойынша іс қозғап, оның 4-ін қорытындысымен Орталық бақылау комиссиясына жолдаса, 53 істі қарап, орындалды деп есеп берген [5, 3 п.]. Төменде қаралған 32 іс бойынша талдау қорытындысы беріледі (1-кесте).

1-кесте. Тағылған айып бойынша Бақылау комиссиясының қорытындысы

№	Бақылау комиссиясының қаулысы	Тағылған айып	Адам саны
1	Кандидаттық мерзімін 5 айға созу	Партия этикетін бұзу және діни дәстүрді сақтау	1
2	Бақылау комиссиясынан шығару, ісін сотқа беру	Пара беру	1
3	Сөгіс беру	Партия этикасын бұзу	2
4	Партиядан шығару және ісін сотқа беру	Партия мен кеңес өкіметінің беделін төмендету, лауазымын асыра пайдалану	2
5	Партиядан шығару және ісін Ревтрибунал сотына беру	Қазақтарға зорлық көрсету және бөтен мүлікті иемдену; маскүнемдік пен өзін-өзі қамтамасыз ету	2
6	Партиядан шығару	Қоғамдық орында әдепсіздік; бюрократизм және діни дәстүрді сақтау; Жастар одағын, Ақмола қаласы Азық-түлікшілердің II съезін балағаттау; маскүнемдік; діни дәстүрді ұстану	7
7	Партиядан шығару туралы ескертпе жасау	Коммунистік этикаға селкос қарау	1
8	Басқа ауданға жұмысқа жіберу	Партиялық міндетіне салғырт қарау	1
9	Партияға кандидаттықтан шығару	Халық судьясына 2 маскүнемге қатысты пікір білдіру	1
10	Сөгіс жариялау	Бақылау комиссиясын балағаттау	1
11	Қызметін төмендету	Бюрократизм және қызметінде дөрекілік көрсету	1
12	Партия билетінде сөгіс жариялау	Коммунистік этиканы бұзу	6
13	Қызметін төмендету	Партиялық міндеттеріне салғырт қарау	2
14	Партиядан шығару және оны мерзімде басылымда жариялау	Партиялық этикетті дөрекі бұзу	1
15	Партиядан шығару, жауапты қызметтерден алу	Пәлекорлық және өз міндеттерін орындамау	1
16	Мерзімді басылым бетінде сөгіс жариялау	Азық-түлік киімін дұрыс қабылдамау және таратпау	1
		Барлығы	32

Тағылған айып түрлеріне шығарылған қорытынды жазалау шаралары аса салмақты деуге болады. Партиялық тәртіпті сақтауға қатаң талап қойылған. Ал енді мемлекеттік және партиялық қос бақылау ұйымдарын біріктіруде қандай мақсат көзделді? Анықтауымызша, біріншіден, мемлекеттік басқару мен партиялық басшылықта үйлесімділікті қамтамасыз ету, екіншіден, Жұмысшы-шаруа инспекциясының жұмысын саясиландыру жолымен беделін көтеру. ЖШИ-ӨБК-ның өкілеттіктері өте кең болды. Мемлекеттік аппараттың жұмысын тексеру, оны жетілдіру, мекемелерде бюрократиямен, сарсаңдықпен күрес міндеті Жұмысшы-шаруа инспекциясына жүктелді. Бірігуден кейін Жұмысшы-шаруа инспекциясы алқасы және ӨБК Төралқасы бірге өткізіліп, екі мекеменің түбегейлі басшылығы ӨБК-ның Төралқасымен

жүзеге асып отырды. Бақылау мекемесінің жаңа жүйесіпартиялық-мемлекеттік бақылауды күшейтті. Алайда ӨБК партиялық мекеме болғанымен бұл мәселенің шегін айқындау да күрделі мәселе. 1926 ж. 26 маусымда бірқатар республикалық Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушілері қатысуымен Орталықта кеңес өтеді. Орталық Бақылау комиссиясынан Караваев, Осьмов, Шкирятов, Белорусиядан Одынь, Мәскеуден Мороз, Ресейден Тростников, Ильин, Ленинградтан Грибов қатысты. Қазақстаннан өкіл қатыстырылмады [3, 59-59 арт.п.]. Негізгі баяндамашы Шкирятов қос мекеменің міндеті, жұмыс мазмұны мен әдістеріне, әсіресе Ұйымдастыру бөлімінің жұмысына тоқталады: «...РКФСР Ұйымдастыру бөлімін былай құруға болмайды, ол Өлкелік ұйымдардан бөлек басқаша жүргізіледі... әзірше оның жұмысы партиялық болуы әлбетте. Партиялық жұмыс аса таныс жұмыс және үйреншікті, ал кеңестік жұмыс әлдеқайда қиынырақ». Біріншіден, РКФСР Ұйымдастыру бөлімінің республикалық мекемелерге қарағанда мәртебесі жоғары, яғни олардың қызметіне ортақ бақылау жүргізеді. Екіншіден, оның жұмысы таза партиялық, саяси сипатта болуы тиіс...[6, 4-6 пп.].

Уақыт өте келе Жұмысшы-шаруа инспекциясы жұмысына өзге де ұйымдар жұмылдырыла бастады. 1924 жылдан бастап кәсіподақтар, ал өндірісті жақсартуға бағытталған шараларды іске асыруда кәсіпорындардың зауыт комитеттері жұмылдырылды. Өндірісті жақсарту үшін жаппай жер-жерде өндірістік комиссиялар құрылды. Мысалы, Орал қаласының өзінде 1925 ж. 9 өндірістік, 2 сауданы жақсарту және 5 аппаратты жетілдіру комиссиялары қызмет етті [7, 11 п.]. Осылайша, ЖШИ-ӨБК-ның жұмысы уақыт өткен сайын партиялық бағытта тұйықтала түсті. Тексеру ісі 1925 ж. РКП(б) Орталық Комитетімен келісілген «Ауылдық партия ұйымдарын тексеруді жүргізу тәртібі туралы нұсқаулығына» сәйкес жүргізілді. «Проверку необходимо проводить со всей осторожностью и вдумчивым подходом, отнюдь не придавая ей характера специальной комиссии, в масштабе целого уезда и губернии, а проводя ее постепенно, по мере выявления в отдельных организациях указанных явлений, тщательно проверяя и взвешивая факты и материалы, избегая поспешного обобщения данных по нескольким ячейкам на весь уезд, каждый раз хорошо подготовляя такую проверку, выделяя для проведения этой работы вполне подходящих опытных партийных товарищей, знающих деревню, могущих учесть особенности деревенских условий и обстановку [8, 7 п.].¹

Осы ретте жұмысқа қажетті білікті мамандар КСРО Жұмысшы-шаруа инспекциясы қарамағындағы бір жылдық курста даярланды. 1926 ж. осы курсты аяқтаған мамандардың Өлкелік, Жетісу, Орал инспекцияларына жолдама алғаны туралы мәліметтер бар [9, 23 п.]. Төменгі буынды мамандар – іс жүргізуші, есепші, машинистка жергілікті курстарда даярланды. Осы жылы 450-ге жуық қазақ және басқа шығыс ұлтынан төменгі буында мамандар даярланған. Мамандарды іріктеуде партиялық дайындығы, таптық тұрғыдан жетілген сана-сезімі болуы басты талап етіп қойылды. Бұл талаптар аппаратты тазалау ісінде де басшылыққа алынып отырды.

1923 ж. жылдан бастап аппаратты тазалау бақылау комиссияларының алдына басты міндет етіп қойылды. 1923 ж. РКП(б)-ның Аппаратты тазалау комиссиясы жойылып, оның міндеті Бақылау комиссияларына жүктелді. 1925 ж. 1 шілде мен 1926 ж. 1 шілде аралығында ӨБК мекемелері бойынша 31 684 коммунист пен кандидаттар жауапқа тартылды, 1635 адамға шара қолданылды. Аппаратты тазалауды Орталық жоспарлы түрде ұйымдастырып, орташа көрсеткішті одақ бойынша 5,1 пайыз етіп белгілеген. Бұл жөнінде ӨБК-ның есебінде «Біздің ұйым Одақ бойынша жауапқа тартудың орташа пайызын береді», - деп көрсеткен. Белгіленген орташа көрсеткіш жыл сайын өсіп отырды. «...Одақтың орташа көрсеткішінен... Қазақстанды репрессияның алдыңғы қатарына шығару қаупі бар. Себебі XVI съезге қарай Орал облысының 6,7 пайызы бойынша біз Одақтың ең жоғары көрсеткішіне жеттік. Қазақстандық ұйымның Одақ бойынша және тіпті шет аймақтағылардың ішіндегі ең қауіптісі деу де қиын және олай болар ма екен (сыз. - авт.). ...Сірә, бұған жауапты ең бастысы губерниялық бақылау комиссиялары жұмысының әдістерінен іздеген жөн болар. Олар осы уақытқа дейін ұйымдарды тәртіпке келтіру бойынша шараларды партиялық репрессияларға ауыстырып келді. Бұл әдіс тәрбиелеуді қажет ететін жас қазақстандық ұйымда тіптен жойылуы тиіс. Әйтпесе, репрессияның көбеюіне әкелетін қауіпті осы жағдайда ұйымдардың өсуінің тоқтауына тап боламыз» [9, 64-65 пп.]. 1925-1926 жж. ӨБК-на келіп түскен 105 арыздың 20 пайызын жат топтармен байланысы үшін қылмыс түрі құрады [9, 71-72 п.].

1926 ж. ЖШИ-ӨБК партиялық-мемлекеттік басқару ісін жетілдіруге белсене кірісті. БОАК мен ХКК-нің 1926 ж. 11 маусымдағы «Үнемдеу тәртібі туралы» қаулысына сәйкес Жұмысшы-шаруа инспекциясына мүмкін болатын жерде әкімшілік-шаруашылық шығындарды 20 пайызға қысқарту міндеті жүктелді [10, 5 п.]. Үнемделген қаржыны әлеуметтік салаға, ел қорғанысы мен апаттардан қорғау қорларын

¹Мәтін аудармасыз беріліп отыр. Авт.

жасауға жұмсау көзделген. Мәліметтер бойынша, тексерілген 16 мекеменің штаты он ай ішінде 20 пайызға өскен [11, 166 п.]. Бірақ, қанша күш салуларға қарамастан басқару аппаратын арзандатуға қол жеткізілмеді. 1926-1927 жж. ұйымдардың көпшілігінде несиенің мөлшері бөлінген қаржыдан асып, Қазхалком 1927-1928 жылға жалақыны көтеруге мәжбүр болды. Айталық, Жер шаруашылығы халкоматының штаты 55 пайызға қысқарса да 1927-1928 жж. алдыңғы жылмен салыстырғанда бюджет несиесі ешүнелмеген. Сауда халкоматында штат 33 пайызға қысқарған, ал несиенің алдыңғы жылға қарағанда 15 пайызға көбейген. Еңбек халкоматында сәйкесінше бұл көрсеткіш 33 және 23 пайызды, ал Халық ағарту халкоматында 52 мен 70 пайызды құрады [10, 5 п.]. Мемлекеттік аппаратты қысқарту бойынша республикалық мекемелер орташа есеппен 36, губерниялық 33 және уездік мекемелер 14 пайызға қысқарды. Штатты қысқарту көрсеткіштері төменде берілген (2-кесте) [12, 17-18 пп.].

2-кесте. Штаттықысқарту көрсеткіштері

1926/1927 жж.	Орталық мекемелер	Губерниялық мекемелер	Уездік мекемелер	Барлығы
Штаттың жылдық көрсеткіші	457	1302	456	2215
Жаңа штат	290	857	389	1536
Қысқартылуы	167	445	67	679

Мемлекеттік басқарудың барлық майданын қамтыған бақылау мекемелері 1928 ж. Қаңтарынан бастап жаңа майдан – аппаратты тазалауға кірісті. Дайындық жұмыстары Кадрлар бөліміне жүктелді. Аппаратты жұмысқа жарамсыз, жұмысшы табына жау және партия, үкімет директиваларын жүзеге асырғысы келмейтін адамдардан аластату көзделді. Тазалау жұмыстарын жүргізуде «Кеңестік аппаратты тексеру және тазарту жөніндегі нұсқауы» басшылыққа алынды [13, 1-2пп.]. Мәселен, бақылау мекемесінің бастауыш ұйымдарын тексеру нәтижесінде ауыл, деревня ұйымдарында ең тұрақты топ жұмысшы деп танылды және ол бойынша берілген қорытындыда «ауыл-деревня ұйымдарында партиялық-тәрбие жұмысының әлсіздігі не тіпті жүргізілмеуі, партиядағылардың бастауыш ұйым жұмысына тартылмауы, яғни еш партия жұмысын атқармауы» секілді кемшіліктер баса көрсетіледі [14, 29-30пп.].

Бақылау мекемелері жауапқа тартылған партия мүшелерінің сот істеріне қарауына қалдырды. 1927 ж. 14 қарашада республикалық Бақылау комиссиясына «құпия» жолданған «ЖШИ Бақылау комиссиясының сот істері бойынша Прокуратура мен сот-тергеу мекемелерімен байланысын күшейту туралы» циркулярында былай делінген: «Прокуратура мен сот органдары партия мүшелеріне қатысты істерді, яғни олардың қамауға алынуы жөнінде алдымен комиссияға хабарлауы тиіс. Қылмыстық іздестіру бөлімдері тергеуіндегі коммунистердің істері жөнінде Прокуратура, Мемлекеттік Саяси басқарма бойынша оның жергілікті бөлім бастығы бір күннен соң комиссияға хабарлауға тиісті. Сот ісіне тартылған коммунистерді жұмыстан босату, басқа жұмысқа ауыстыру мәселесін прокурордың пікірімен Бақылау комиссиясы шешеді» [15, 4 п.]. Лауазымдық қылмыстық істер ЖШИ-ӨБК Пленумында қаралып отырды. Мәселен, III Пленумда барлық қылмыс ішінде лауазымдық қылмыстың екінші орын алатыны, оның жалпы қылмыс үлесіне шаққанда 19,8 пайыз құрайтыны айтылды. Тіпті Орал, Сырдария губернияларында қылмыстың бұл түрі бірінші орында тұрды. Жаппай құбылыс ретінде етек алған бұл қылмыстың себебін ЖШИ-ӨБК былай деп түсіндірді «кадрды іріктеудің әлсіздігі; рухы жат ортаның ықпалы, тіпті ЖЭС-тың ықпалы бар» деген себептер көрсетілді [9, 7-8пп.].

1920-жж. соңына қарай жеке басшылыққа негізделген саясиландырылған мемлекеттік-партиялық басқару жүйесі «біртұтас жүйе» болып қалыптасты. 1929 ж. КСРО Жұмысшы-шаруа инспекциясымен Орталық Бақылау комиссиясының біріккен мәжілісінде Орталықтың тапсырмаларының орындалуын бақылауды күшейту партиялық-мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі міндеті екені аталып өтіледі [16, 78-78 арт.п.]. Тоталитарлық режим жағдайында партиялық-мемлекеттік басқару жүйесі барынша нығая түсті. Осы кезде арнайы Бақылау-жоспарлау бюросы, ал 1930 ж. КСРО ХКК-ның қарамағында Орындау комиссиясы құрылды. Жаңа комиссияның құрылуы бақылау мекемелері жұмысының мазмұны мен әдістеріне өзгеріс әкеліп, жаңа түр берді. 1934 ж. Жұмысшы-шаруа инспекциясы «Кеңестік бақылау комиссиясы» болып өзгерді. Партия мен мемлекеттік бақылаудың бірыңғай жүйесі орнына екі бақылау мекемесі – *Партиялық бақылау комиссиясы* және *Кеңестік бақылау комиссиясы* пайда болды. Кеңестік бақылау комиссиясының жұмысына қатысудан бұқара халық толық шектетілді.

Қорытындылай келе, біртіндеп партиялық-бюрократиялық жүйенің әкімшілік органына айналған бақылау мекемелері толығымен кеңестік мемлекеттік аппаратты өз бақылауында ұстады. Жұмыс мазмұны партиялық-мемлекеттік басқару жүйесінің міндетіне бағытталып, саяси міндеттерге сәйкес олар бірқатар өзгерістерге ұшырады. 1923 ж. бақылау мекемелерінің Бақылау комиссиясымен бірігуі партияға мемлекеттік саяси билікті өз қолында шоғырландыруға, партиялық-мемлекеттік басқаруда Орталық биліктің өктемдік саясатын ары қарай қалай іске асыруды ойластыруға толық мүмкіндік берді. Орталық билік ЖШИ-ӨБК-ны кең бұқараның еркін басып-жаншуға да пайдаланды. Ол да Саяси басқарма тәрізді «сәл артығырақ құқықты» пайдаланумен тек саясиланған биліктің мүддесін қорғады. Сондықтан республикалық бақылау мекемелері барлық әрекеті жағынан Орталық билікке тәуелді болды. Лениннің пайымдауынша «Рабкринді беделді партия органымен біріктіріп, үлгілі аппарат ету» идеясы толығымен жүзеге асты. Заңдылық пен мемлекеттік меншікті қорғау, мемлекеттік аппаратты күшейту және оның жұмысын жетілдіру мекемесі ретінде құрылған Жұмысшы-шаруа инспекциясы үлгілі аппарат қана емес, бүтін басқару жүйесінде беделді, күштеу аппарат құралына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының бұйрықтары //Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. 44-қор, 1-тізімдеме, 4-іс. (бұдан әрі ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 4-іс.)
- 2 Ішкі істер халық комиссариатының қызметі туралы // ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 6-іс.
- 3 Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариаты туралы ереже // ҚР ОМА. 44-қ., 2-т., 29-іс.
- 4 Облыстық бақылау комиссиясының хаттамалары //Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. 718-қор, 1-тізімдеме, 3-іс. (бұдан әрі ҚР ПА. 718-қ., 1-т., 3-іс.)
- 5 Ақмола губерниялық бақылау комиссиясының хаттамалары //ҚР ПА. 718-қ., 1-т., 10-іс.
- 6 Одақтық, өлкелік ЖШИ-БК ҰНБ меңгерушілері кеңесінің стенограммасы //ҚР ПА. 719-қ., 1-т., 408-іс.
- 7 БКП(б) ОКК және Орталық Өлкелік комитеті-Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариаты қызметін тексеру нәтижелері туралы баяндама //ҚР ПА. 719-қ., 1-т., 1029-іс.
- 8 БКП(б) ОБК-Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының Президиумы мәжілісі хаттамаларының көшірмелері //ҚР ПА. 719-қ., 1-т., 357-іс.
- 9 БКП(б) Қазақ Өлкелік комитеті-Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының сот-тергеу органдарымен байланыс орнатуы туралы құжаттар //ҚР ПА. 719-қ., 1-т., 422-іс.
- 10 Алқа мәжілісінің хаттамалары //ҚР ОМА. 44-қ., 8-т., 106-іс.
- 11 ЖШИ халық комиссариаты жұмыс есебінің материалдары //ҚР ОМА. 44-қ., 8-т., 43-іс.
- 12 Орталық Атқару Комитетінің, Халық Комиссарлар Кеңесінің директивалық нұсқаулары //ҚР ОМА. 44-қ., 10-т., 187-іс.
- 13 ЖШИ халық комиссариатының қаулылары, циркулярлары //ҚР ОМА. 44-қ., 10-т., 296-іс.
- 14 БКП(б) Қазақ Өлкелік комитеті-Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының 1925/1926 жылдық есептері //ҚР ПА. 719-қ., 1-т., 70-іс.
- 15 Өлкелік Бақылау комиссиясының сот ісіне араласуы туралы материалдар //ҚР ПА. 719-қ., 1-т., 672-іс.
- 16 ЖШИ халық комиссариаты Алқа мәжілісінің хаттамалары //ҚР ОМА. 44-қ., 10-т., 22-іс.

ӘӨЖ 94 (574) 141
МРНТИ 03.20

Н.Сармурзина¹

¹*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, тарих ғылымдарының кандидаты
naghma0107@mail.ru*

ЖЕР ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ халқының тарихындағы жерге қатысты мәселелер баяндалған. Кеңес үкіметі орнаған кезде большевиктік үкімет көптеген жерімізді Ресейдің еншісіне бергендігі, үкімет саясатының дәстүрлі қазақ қоғамындағы жерге қатысты жазылмаған заңдарымызды яғни қазақ халқында бұрыннан келе жатқан көші-қон дәстүрін өзгертуге мәжбүр болғандығы сараланды. Егеменді ел болған күннен бастап біраз шындықтың беті ашылғандығы тарихи Отанымыздың өткен тарихын дұрыс деректік негізде зерделеу қажеттігі қамтылды.

Түйін сөздер: қазақ халқы, жер мәселесі, көшпенділік дәстүрі, Отан тарихы, Кеңес өкіметі, Ресей, егемендік, тәуелсіздік.

Аннотация

Н.Сармурзина¹

¹Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова, кандидат исторических наук
naglma0107@mail.ru

СУДЬБА ЗЕМЛИ – ИСТОРИЯ НАРОДА

В данной статье изложены вопросы, связанные с земельным вопросом в истории казахского народа. Проанализированы факты передачи большевистским правительством части казахских земель в российское владение в период становления Советской власти, что вынудило изменить неписанные законы общества, то есть традиции кочевничества казахского общества. Подчеркнута необходимость изучения истории нашего Отечества со дня приобретения независимости и суверенитета в связи с раскрытием некоторых ранее бывших недоступными реальными историческими фактов.

Ключевые слова: казахский народ, земельный вопрос, традиции кочевничества, история Отечества, Советская власть, Россия, суверенитет, независимость.

Abstract

N.Sarmurzina¹

Atyrau State University named after H.Dosmukhamedov, candidate of historical sciences

THE FATE OF THE EARTH - HISTORY OF THE PEOPLE

This article outlines issues related to the land issue in the history of the Kazakh people. The facts of the transfer by the Bolshevik government of part of the Kazakh lands to Russian ownership during the formation of the Soviet power, which forced to change the unwritten laws of society, that is, the tradition of nomadic society in Kazakhstan were analyzed. The need to study the history of our Motherland from the day of independence and sovereignty in connection with the disclosure of some previously inaccessible real historical facts.

Keywords: The Kazakh people, the land issue, the traditions of nomadism, the history of the Fatherland, Soviet power, Russia, sovereignty, independence.

Кеңес Үкіметі құрамына кірген барлық Республика халқымен бірдей солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының жерге қатысты тағдыры туралы тарихи зерттеулер жүргізу тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Тілімізден, дінімізден айрылды, оған қоса жерімізден айрылды. Оған дәлел Астрахань облысы жерін қоныстанған қазақ бауырларымыз өз ата қонысымызға кірме атанып, қазіргі мезгілде шет-ел қазақтары атанып жүр. Әрине ол жерлерді даулағылы отырған жоқпыз, бірақ болашағымыз жастар тарихымызды дәлелді деректер негізінде білуі қажет.

Сонау жоңғар шапқыншылығынан қорғану мақсатында орыстардан көршілік көмек сұраған кіші жүз ханы Әбірхайыр кезеңінен бодан бала бастаған қазақтар кейін өздерінің ата-бабаларының мекен еткен жерін, еркін билеу құқынан айрылды. Кіші жүз қазақтары тым-тырақай бөлінді, Еділ-Жайық бойына қоныстанғандарды ағайын-туысқандармен араласуына кедергі жасап, бір беттен екінші бетке өткізбеді. Бөкей жері Ресей отарлығына қарсы күрес нәтижесінде қайтарылсада, орыстар ол жерді «қазақтарға уақытша берілген жер» деп есептейді. Шындығында ол біздің ата қонысымыз еді. Бөлшектенген қазақтарды орыстар үнемі бақылауда ұстады. Ақыр соңында Кеңес үкіметі орнаған кезде большевиктік үкімет ол жерді Ресейдің еншісіне бөлді. Кеңес тарихшылары бұл жағдайларды кезінде ашып айта алмады, айтқанын үкімет саясатына қарсы жау деп жазалады. Егеменді ел болған азғантай уақыт ішінде біраз шындықтың беті ашылып, тарихымызды саралауға қол жеткіздік.

Бір кезеңде ата мекені болып еркін, көшіп-қонып жайлаған ата-баба жері саналған, бірақ Патшалы Ресей, кешегі кеңестік заманда өзге қарамағында қалған, бүгінге дейін ол жерлерден ешқайда жылжымай табандылық танытқан, шет елдердегі қазақтар ирредентін қалыптастырған ұлтымыздың тағдырыда ерекше маңызды мәселе. 1717 жылы 22 қарашада І Петр жарлығына сәйкес өз алдына дербес Астрахан губерниясы құрылды. Оның құрамына Самара, Пенза, Ульяновск, Саратов, Волгаград облыстары, Қалмақ Республикасы, Дағыстан және Қазақстанның кейбір облыстары кірді. Әр жылдары Саратов, Орал, Гурьев (Атырау) облыстары да Астрахань губерниясының құрамында болды. ХУІІІ ғасырда Астрахан территориясына қазақтар қоныстана бастады, себебі 1799 жылы Кіші жүздің сұлтаны император І Павелдан Жайық пен Еділ бойына қазақтардың қоныстанып еркін жүріп тұруына рұқсат сұраған болатын. І Павел 1801 жылы 11 наурызда Нұралы ханның баласы Кіші жүздің сұлтаны Бөкейдің ұсынысын жылы қабылдап, өздеріне ыңғайлы жерге қоныстануына рұқсат беріп және өзінің портреті басылған алтын медалді мойнына қара лентамен тағып жүруді міндеттеді [1]. І Павелдің рақымшылығын алған 5000 мың түтін, яғни 22775 қазақ Поволжье жеріне қоныстанды, артынан тағы да 1265 түтін, 8333 адам келді, кейін осы қоныстанушылар жері Бөкей ордасы аталынды. ХІХ ғасырдың

ортасында ішкі Ордада қазақтардың 16 этникалық топ құрылып, оның ішінде адайлар - 7515, алаша - 11150, байбақты - 16025, беріш-26785, жаппас - 4520, есентемір - 2330, ысық - 3345, кете - 2055, масқар - 1805, қызылқұрт - 4125, тама - 555, тана - 6405, жетіру - 6175, шеркеш - 13795, төлеңгіт - 2460, әлімұлы - 5465 адамға жеткен [2].

Ұлт зиялысы Ә.Бөкейханов «Қазақ» газетінің 178 санында Астрахань жері қазақтардың ата-қонысы, туған жері және олардың тұрмысындағы қиыншылықтарды күллі Ресей мұсылмандары мен Мемлекеттік Дума депутаттарына былайша жеткізе баяндайды: «Бұл жеделхатта жазылған жерден Астрахан қазағына аламыз дейтін жер жүз сексен мың десятина. Бұл жерді 1802 жылдан бері қазақ қоныс қылған. Жүз жылдан астам бұл жерге қазақтың еңбегі сіңген. Бұл жерде Астрахань қазақтары 114 жыл кір жуып, кіндік кескен. Ол алынатын жерде неше мың салулы үй, қора-қопсысы бар. Жұрт қадірлеген бейіт бар. Қанша мың адам шаруасын істеп, күн көрген, пішендік, егін жай, мал өрісі осы жерде. Жұртты сыртынан малша бағып, дағдыланған үкімет оюды өзі пішіп, өзі ойып отыр... Думада 315 депутат күрмеліп – байланып блок боп жұртты жарық жолға шығарамыз деп отыр. 1914 жылы Ұлы князь Николай Николаевич 1915 жылы министрлер ағасы Горемыкин Үкімет атынан мәлімдеп, орыс қол астындағы жұрт бәрі құрдас десті. Осы соғыста мемлекет қолына алынған туы - жер үстіндегі жәбір көрген жұрттарға жақ болу. Мысалы, Белгия, Сербия, Қаратаулық, Ғалиция, Полша, Литва, Латыш құқықтарын орнына түсіру, азған бұратаналарды құрдастыққа жеткізу. Орыс жұртын бұратаналармен қашан болса да бірдей көрген саясат партиясының адамдары 1 һәм 2 Думаларда көп болған. Оларды қолдаған жұрт қашан болса да үкіметтің осы күнгі соғыс зардабымен түсіп отырған жолында болатын. Саяси көзі ашық адамдардың балы дұрыс болса, біздің мемлекет ісі айдап баққанынан таза құтылып, құрдастық жолына сапар шекпек. Жалғыз тасырқап тұрғанымыз мынау үстіміздегі қиямет қайым соғыс. Осы күнгі саясат күні мұндай жарық, жылы болған соң, енді үкімет бұратана деп, айдап баққан дағдысына тартып, Мемлекеттік Дума көрсеткен таза жолдан шыға жайылған көрінеді. 1904 жылы Жапон соғысында Ертіс қазақтары пайдаланып отырған «он шықырымға» дейінгі жер Сібір қазағына кетті. Астрахань жері мен «он шақырым» жерінің арасы алыс жатыр. «Он шақырымдағы» қазақтар Сібір қазағына салық төлейтін. Астрахань жері - қазақ жері. 1904 жыл бұрынғы өзі пішіп, өзі ойып іс қылатын заманның дәуірлеп тұрған кезі. Онан бері біздің мемлекет Европа болды, ұлт Думасы шықырылды. Өз ортасынан адамдар жіберіп, жұрт заң шығарысуға кірісті. Астрахань қазақтарының жері түгел осы күнде қолға алынса, «он шақырымда» қол жетпеске кете қоймас еді. «Заманына қарай амалы» деген, Ертіс қазағы айтысып, қол жетпеске кеткен «он шақырымға» аяғын салып отыр [3]. Ақсақалдардың басқаруына негізделген Бөкей Ордасы халықтары жетіге бөлінді. 1890 жылғы статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, 216 850 қазақ тұрғындары болса, оның 122 868 - ер адам, 93982 - әйел адам болды. 1908 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша қазақтардың жалпы саны 253882-ге жетті, оның ішінде ер адамдар 133546, ал әйелдер 120336 болды. Көшпелі қазақтар жергілікті билік өкілдерінің озбырлығы салдарынан аштықпен мұқтаждықты көп көрді. Жоқшылықтан күн көре алмағандары Каспий теңізі жағасы мен Еділ өзені бойындағы балық аулау өнеркәсіптеріне баруға мәжбүр болды, бұл ауыртпалық жағдай жылдан-жылға күшейе түсті [4].

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы Астрахань аймағы тарихында өнеркәсіп, кәсіпорындармен сауда байланыс орындарының дамуымен ерекшеленеді. Астраханьдық көпестермен кәсіпкерлер шаруаларды өз өндіріс орындарына жұмысқа алғаннан гөрі жалдамалы жұмыс күшін пайдаланғанды тиімді көрді. Жәңгір хан (1845 жылы) өлгеннен кейін хандық билік жойылғандығы белгілі. 1876 жылы Ішкі орда Астрахань губерниясының құрамына кіріп, Уақытша кеңестің Астрахань губернаторына бағынышты болды. Өзінің құрамы жөнінен Астрахань губерниясы көп ұлтты. Негізінен орыс тұрғындарынан басқа қазақ, қалмақ, татар және тағыда басқа бар. XIX ғасырдың екінші жартысында Астрахань губерниясында көшпелі халық есебінен тұрғындар саны айтарлықтай өсті.

Н.Воськиннің «Заселение Астраханского края» атты еңбегінде XIX ғасырдың ортасында аймақтағы отырықшы қазақтар саны - 279120 адам болғандығы көрсетілген. Олар 394 ауылдарға қоныстанды. Сонымен бірге, аймақ территориясында 134 мың қазақ көшіп-қонып жүрді. XIX ғасырдың 50 жылдардың аяғында аймақтағы тұрғындар саны 480 мыңға жетті, оның 58,7% отырықшы, 41,3% көшпенді өмір сүрді. Тұрғындар орналасу тығыздығы бір шаршы жерге - 2,5 адамнан келген. Олардың ішіндегі ең көбі – қазақтар [5]. 1915 жылғы деректер бойынша 353733 адам қоныстанған. Кейбір бөліктері Еділ өзені жағалауында Красноярск және Астрахань уездерінде қоныстанды. Қазақтар мен орыстар бір-бірімен тығыз туысқандық, достық қатынаста өмір сүрген. Орыс халқынан егін, балық шаруашылықтарының қырсырын меңгерген. Патша үкіметі қазақ халқының ата қонысын мемлекет меншігі деп жариялап, шұрайлы шабындықпен құнарлы егіндікті қоныс аудару қорына, орыс-казак әскерлерін орналастыру және басқада отарлаудан туындайтын мақсаттар үшін тартып алып отырды. Күштеп өзіне алу саясатының екі ғасырға

созылған жылдарында россиялық отарлаушылар Қазақстанның 45млн десятина жерін, яғни ең құнарлы деген жерінің 16 процентіне иелік етті [6].

Дәстүрлі қазақ қоғамында жер тұтас елдікі, халықтікі болып саналды және мемлекеттік нышан қызметін атқарды, оның бүтіндігі саяси дербестіктің белгісі болды. Сондықтан жер тек қоныс және көші-қон нысаны ретінде ғана құқықтық айналымға түсті. Мұрагерлік жолмен келе жатқан және түрлі саяси оқиғалардан соңғы (жаугершілік, шапқыншылық, т.б.) жерді бөлісу немесе қайта бөлісу хан жарлығымен жүзеге асып, билер мен рубасы ақсақалдар кеңесі шешімі арқылы белгіленді. Жер дауының реттелуі көшпелі қоғамда ғана емес, отырықшы, жартылай отырықшы қауымдар үшін де қажет болды. Осы реттерде және күнделікті тұрмыста туындайтын жер-су, көші-қонға байланысты күрделі дау-жанжалдарды шешу ежелден қалыптасқан әдет-ғұрып заңдарымен қатаң түрде атқарылып отырды. Жер дауының дұрыс шешілмеуі руаралық араздықтың өршуіне, ел бірлігінің бұзылуына апарып соқты. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” деген атпен белгілі заңдар жүйесінде, Тәуке ханның тұсындағы “Жеті жарғыда” және өзге де бұрыннан қалыптасқан қағидаларда жер дауын шешудің барынша тиімді жолдары қарастырылды. Дауды қарау шарттары мен тәртіптері айқындалды. Бұл тұрғыда өзен, көл, жол, арықтар жеке меншікке жатпайтын көпшілік мүлкі болып саналды. Дау кезінде дауласушы екі жақ та куәлар әкелуі және дауланған жердің өз меншігіне жататындығын дәлелдейтін белгілерін айтуға немесе көрсетуге тиісті болды. Ол дәлелдемелерге: ата-баба қорымы, қазылған құдық, арық, соғылған бөгет, егілген ағаш, салынған үй тәрізді меншікті жердің шекаралық аумағын айқындайтын бұрыннан келе жатқан қозғалмайтын белгілер қабылданды. Осы аталған белгі-мұралардың біреуі талапкердің ата-бабасының не туған-туысқанының еңбегімен жасалғаны, онда бұрын қоныстанғаны анықталса, талап етуші иемденушіден ол жерді қайтарып алу құқына ие болды. Ол жерден соңғы иеленуші алып кете алмайтын оның меншігіндегі қозғалмайтын мүліктердің (ғимарат, бау-бақша, т.б.) құны дауға бейтарап үш кісінің кесімі бойынша анықталып, талапкердің мойнына салынды. Бірақ жерді қайтарып алуға дауласқан кезде және онан кейін салынған қозғалмайтын мүліктер әдейі істелінген деп саналып, жауапкер еңбегіне өтемақы төленбеген. Дауласушы екі жақтың куәлары мен айғақтары теңдей болып, дау тұйыққа тірелетіндей жағдайда, билік айтушы билердің ұсынысымен “ант ішу” рәсімі орындалған. Сөзі мен айғағының растығына “ант ішкен” жақтың талабы қанағаттан-дырылған. Жер дауы кезінде жалған ант ішіп, өтірік сөйлеуге екі жақ та бара алмайтын, өйткені кейін әшкере болған жағдайда ұрпаққа кететін “ант ұрған” деген аттан намыстанып, тұқымға таңба қалдырудан қорықты. Бұл, бір жағынан, қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі антқа беріктік пен сөзге тоқтаудың көрінісі еді. Қазақ жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланғаннан бастап, қазақ халқы бұрыннан келе жатқан көші-қон дәстүрін өзгертуге мәжбүр болды, әйтсе де Кеңес үкіметі орнағанға дейін жер дауын шешудің дәстүрлі үлгілері ішінара сақталды. Қазіргі кезеңде жер дауына қатысты барлық мәселелер Қазақстанның азаматтық заңдарына сәйкес реттеледі, оның ішінде “Жер туралы” заңның “Жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқы және жерге өзге де құқықтар” бөлімінде жер меншігіне қатысты барлық мәселелер қамтылған. [7] Сондықтан, қолда барды қадірлеп ұлан ғайыр жерімізді, байлығын талан таражға салмай ұрпақ болашағына пайдаланып, ата бабаларымыздың қалдырған дәстүрлі тарихымызды жалғастыру бүгінгі күнгі негізгі мақсатымыз деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зиманов С.З. *Россия и Букеевское ханство. – Алматы: «Наука», 1982. – 171 с.*
2. *Национальный состав населения Астраханской области по данным всеобщей переписи населения 1989 Астрахань 1990 Астраханское областное управление статистики.*
3. Бөкейханов Ә. *Қазақ газеті. – 1916 ж. – №178.*
4. *Первая всеобщая перепись населения. Астраханская губерния. – Астрахань, 1899*
5. *Воськин Н.М. Заселение Астраханского края. – Волгоград: Ниж-Волж. кн.изд-во, 1973.*
6. *Қойгелдиев.М.Қ Автореферат док. диссерт. – А., 1994. – 27 б.*
7. *ҚР-ның Жер туралы заңы. – 2001 жыл, қаңтар*

УДК 930.25:94(574) «18/19»
МРНТИ 03.20

Т.Ә. Төлебаев¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры., т.ғ.д., tur-07@mail.ru.

Г.Е. Абикенова²

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.,
agulzhazira@mail.ru.

ХІХ ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН ХХ ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТАША БИЗНЕС

Аңдатпа

Бүгінгі таңда елімізде капиталистік қатынастардың орнауы мен дамуы барысында маңызды болып отырған мәселелердің бірі шағын және орта бизнесті дамыту болып отыр. Мақалада ХІХ-ғ. екінші жартысы мен ХХ-ғ. басындағы ұсақ және орташа кәсіпкерлік қалыптасуы мен дамуы мәселелері жазбаша және мұрағаттық құжаттар негізінде зерттеле отырып баяндалады. Ол кезеңдегі шағын және орташа кәсіпкердің түрлері айқындалады. Олармен айналысқан адамдардың санын анықтау жолдары көрсетілді. Шағын және орташа кәсіпкерліктің ауылдарда, басқа да елді мекендерде және қалаларда орын алғандығы сипатталды. Оның қазақтардың шаруашылығы мен тұрмысындағы орны айқындалды. Олар халықтың бір бөлігін сауда-өнеркәсіптік кәсіпке тарта отырып, ақша-тауар қатынастарының дамуында, капитализмнің енуі мен қалыптасуында елеулі рөл атқарды.

Түйін сөздер: Қазақстан, ұсақжәне орташа кәсіпкерлік, Жетісу, капитализм, бизнес, ақша-тауар қатынастары, ішкі рынок, сауда капиталы.

Т.А. Тұлебаев¹

¹д.и.н., профессор, КазНУ им. аль-Фараби, tur-07@mail.ru.

Г.Е. Абикенова²

¹к.и.н., доцент кафедрасы История Казахстана КазНУ им. аль-Фараби,
agulzhazira@mail.ru.

МАЛЫЙ И СРЕДНИЙ БИЗНЕС В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ ХІХ И НАЧАЛЕ ХХ ВЕКА

Аннотация

Сегодня, когда в нашей стране происходит процесс становления и развития капиталистических отношений, одним из актуальных вопросов является развитие малого и среднего бизнеса. В настоящей статье на основе новых архивных и письменных источников изложена история становления и развития малого и среднего предпринимательства во второй половине ХІХ – начале ХХ в. Выявлены формы и различные отрасли малого и среднего промысла того периода. Показана методика определения количества людей занимавшихся промышленной деятельностью. Показано, что малое и среднее предпринимательство существовало не только в аулах, но и в других населенных пунктах и городах, определено их место в хозяйстве и быте казахов. Они привлекая часть населения в торгово-промышленное предпринимательство, играли важную роль в развитии торгово-денежных отношений, в проникновении и становлении капитализма в Казахстан.

Ключевые слова: Казахстан, малое и среднее предпринимательство, Семиречье, капитализм, бизнес, товарно-денежные отношения, внутренний рынок, торговый капитал.

Abstract

T.A. Tulebaev¹

¹professor, al-Farabi Kazakh National University, tur-07@mail.ru.

G.E. Abykenova²

²k.h.s.associate professor of the department of History of Kazakhstan, al-Farabi Kazakh national university,
agulzhazira@mail.ru.

SMALL AND MIDSIZE BUSINESSES IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF XIX AND BEGINNING OF XX OF CENTURY

Today, when in our country to take place becoming and development capitalist relation, one of pressing questions is development of small and midsize businesses. In the real article on the basis of new archival and письменных sources history of becoming and development of small and middle enterprise is expounded forms and different industries of small and middle trade of that period are Educed in the second half of ХІХ - beginning of ХХ of century. Methodology of determining the amount of people is shown carrying on commercial activity. It is shown that small and AV предпринимательство existed not only in auls but also in other settlements and cities, their location is determined in an economy and way of life of Kazakhs. They attracting part of population in a commercial and industrial enterprise, played an important role development trade-money relation, in penetration and becoming of capitalism to Kazakhstan.

Key words: Kazakhstan, small and AV enterprise, Семиречье, capitalism business, commodity-money

XIX-XX ғ. басындағы Қазақстан тарихын зерттеушілер шаруашылықтық дамуда өзіндік орын алған, капитализмнің енуімен байланысты ондағы әлеуметтік-экономикалық жаңашылдыққа бастамашы болған ұсақ және орташа кәсіпкерлік туралы мәселеге жете көңіл бөлмей келеді. Кеңестік кезеңде бұл кезең салыстырмалы түрде біршама жақсы зерттелді. Бірақ басты назар таптық көзқарас негізінде қоғамның бай мен кедей болып екі антогонистік топқа жіктелуі негізіндегі шаруашылықтың даму барысын сипаттауға бағытталды. Соның салдарынан Қазақстандық тарихнамада XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы ұсақ және орташа бизнестің қалыптасуы мен дамуы мәселелері бүгінгі таңға дейін арнайы, кешенді түрде зерттелуі жеткіліксіз дәрежеде. Ал оның көптеген мәселелерін жан-жақты зерттеп, айқындамайынша сол кезеңдегі экономикалық-әлеуметтік дамуды толық қанды дәрежеде түсіну мен түсіндіру мүмкін емес. Бұл мәселені зерттеудің бүгінгі таңдағы еліміздегі нарықтық қатынастарға байланысты, ұсақ және орта бизнесті қалыптастыру қажеттігі, әсіресе ауылдық экономиканы көркейту мен инфрақұрылымын қалыптастыру проблемалары туып отырған кезде практикалық маңызы да артып отырғанын жақсы түсінуіміз керек.

Біз мәселенің зор маңызына зерттеушілер назарын аударып отырып, оның капитализмнің қазақ даласына енуімен байланысты жақтарына баса көңіл бөлеміз. Капитализмнің енуі, ақша-тауар қатнастарының дамуы ауылдық жерлердегі күн көрісті қиындата отырып, өзіне қарай бейімделуге мәжбүр етті. Ақшаның экономикалық қатынастарда басты рөл атқара бастауы, ақша үшін, яғни сату үшін әртүрлі заттар жасауды көбейте, кеңейте түсті. Капиталистік қатынастар өзінің негізгі құрылымы әлі де капиталистік емес экономикалық салаларға да таралды. Сөйтіп ақша табудың жаңа жолдарын, кәсіпкерлікті дамытты.

XIX ғ. II-жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанға капитализмнің енуі мен алғашқы дамуында ауылдар мен деревняларда, өнеркәсіптік елді мекендерде және қалаларда күн көріс үшін әртүрлі кәсіппен айналысатын адамдар саны көп болды. Олар өздері үшін ғана емес, көшпелілер, жартылай көшпелілердің және отырықшы шаруалардың сұранысына қажетті тауарлар өндірді. Сөйтіп олардың ақша-тауар қатынастарына тартылуына ықпал етті. Бұның өзі екі жолмен жүрді. Біріншіден, олардан жер және мал шаруашылықтары өнімдерін шикізат ретінде алды. Осының барысында, шаруашылықтың бұл салаларының тиімділігін арттыруға, тауарлылық сипат алуына үлес қосты, капиталистік негізде дамуына белгілі бір дәрежеде әсер етті. Екіншіден, олардың тұрмыс-тіршілігіне қажетті заттарды сатты. Өз тұтынушыларының натуралды шаруашылығын ыдырата отырып рынокқа, сауда және өнеркәсіп капиталына жақындатты. Көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің тауарлы өндіріс жолына бейімделуіне әсер етті. Осылайша қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуіне, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында тауарлық өндірістің кеңеюіне, ішкі рыноктың дамуына, сауда капиталының өсуіне және жалдамалы еңбектің ұлғаюына ықпал етті.

Ауылдық, аудандық жерлерде ұсақ және орташа кәсіпкерліктің көптеген түрлерінің болғандығын төмендегі кестеден айқын көреміз.

1910 жылғы Шымкент оясындағы кәсіпкерлік туралы деректер бойынша мұнда ұсақ және орташа кәсіпкерліктің алаша тоқу, жүн бояу, киіз жасау, арқан жасау, қап тоқу, киім тігу, бас киім жасау, ағаш шебері (плотничный), ағаш ұсталары (столярный), арба, оның заттарын жасау; шойын құю, қалайышы (лудильный), темір ұстасы (кузнечный), темір шебері (слесарный), пышақ тауарлары, фотография, қыш өңдеу, ертоқым жасау, аяқ киім тігу мен жөндеу, нан пісіру, кондитерлік бұйымдар, мал сою, ашытқы жасау, минералды су, бояу жасау, бақшашылар, ет сатушылар, кірешілер: ауыр (ломовых) және жеңіл; мұржа тазалаушы, оташы (коновалов), шатыр жапқыштар(кровельщиков), шаштараздар, әктас жасау, сылақшылар, көмір жасау, бал арасын өсіру, балық аулау, алебастр мен гипс жасау, қара жұмысшылар сияқты 39 түрі бойынша 11805 адам еңбек еткен. Олар 731120 сомдық жұмыс жасап, бұл ақшаның айналымға түсуіне ықпал етті [1].

Сөйтіп жұмыс күші де, ақша да тауар құны баламасы ретінде, жаңа экономикалық қатынастардың таралып, ұсақ және орташа бизнестің қалыптасуына және дамуына үлес қосты.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанда ұсақ және орташа кәсіпкерліктің қалыптасуы екі жолмен жүрді. Біріншісі, жергілікті үй өнеркәсібі мен қолөнердің капитализмнің енуімен байланысты жаңа жағдайға бейімделе отырып дамуы нәтижесінде. Екіншіден, көшіп келген кәсіпшілер мен шаруалардың қазақ даласында тіршілік көзі ретінде кәсіпкерлікпен айналысуы және жалғастыруы барысында.

Қазақтардың ежелден бері келе жатқан және отырықшылану барысында қалыптасқан елді мекендерінің, сондай-ақ қалаларға, жәрмеңкелерге, базарларға жақын ауылдарының тұрғындарының арасынан ақша үшін әртүрлі кәсіппен айналысушылар шыға бастады. Мұндай ауылдар мен елді мекендердің, қалалардың базарлары мен көшелерінде кәсіпкерлердің әртүрлі салалардағы шағын шеберханалары көбейді.

Кешегі қазақ ауылдарындағы жекеленген үй өнеркәсібі мен қолөнер өнімдері енді арнайы сату үшін өндіріле бастады, тауарлық сипат алды. XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қолөнер және ұсақ тауарлы өндірістер тарихын зерттеушілер бұл мәселеге әлі де жете көңіл аудармай отыр. Сондықтан да біз бұл мәселеге, дәлірек айтқанда капитализмнің енуімен байланысты ұсақ және орташа кәсіпкерліктің қазақ ауылдары мен отырықшы аймақтарында қалыптасу процесіне кеңірек тоқталу қажет деп есептейміз. Көшпелі және жартылай отырықшы қазақтардың ежелден-ақ қойдың, ешкінің, түйенің жүндерінен, жылқының қылынан әртүрлі заттарды жасап, тұрмыс-тірлігінде пайдаланып келгені белгілі. Солардың ішінде киіз жасаудың кең таралып отырғаны XIX ғ. соңына қарайғы шартты әкімшілік құжаттарда да атап көрсетілген. “Киіз көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындардың жылжымалы баспанасы және төсеніш ретінде, отырықшылардың үйлеріндегі кірпіш және жер едендерге төсеу үшін, түйеге тоқым ретінде, артиллериялық және интенданттық көліктерде тауарлар мен қазыналық заттарды орауға, далалық жорықтардағы әскерлерге төсеніш тағы басқалар ретінде пайдаланылады. Бір сөзбен айтқанда киіз әртүрлі дүниеге пайдаланылады. Облыс көлемінде Әулиеата оязында киіз көп жасалады, ол жақтан Ташкентке және басқа да оңтүстік-шығыстағы қалаларға шығарылады”, - делінген 1886 жылға тән мәліметтер келтірілген Сырдария облыстық шолуларында [2]. Қазақ үйдің көлеміне қарай оған қажетті киіздің құны 50 сомға дейін жеткен. Бұл деректен біздің байқайты-нымыз ақша-тауар қатынастарының дамуына байланысты қазақтар киізді өздері ғана пайдаланып қоймай, тауар ретінде арнайы жасаған және сыртқа шығарған, ол енді өзіндік ақшалай құнға ие болған.

Ал түйе жүнінен жасалған матаның жақсы түрлерінен (армячина) көйлек, әскердегі казактарға жейде, астық, үн басқа да тауарларды тасу мен сақтау үшін қап жасалды. Ондай қаптар, мөшектер қойдың жүнінен де, кейде түйе жүнін араластыра отырып жасалды. Түйе жүнінен жасалған мата (армячина) тұрпайылау болғанына қарамастан, мықты, төзімді болғандықтан кең таралып, қолданылды [2, 114]. Бұлармен қатар қой жүнінен текемет, алаша, кілем, ақ қалпақ, байпақ, арқан, жіп және т.б. жасау кеңейе түсті.

Жергілікті халықтардың тері өңдеу өндірісі де ауқымын кеңейте түсті. қой және ешкі терілерінен жасалған замшыдан Түркістан өлкесіндегі орыс армиясы әскерлері шалбар тіктіріп киді. Сырдария облысындағы жергілікті қалалар мен ауылдардағы базарларда шоғырланған шеберханалардың ішінде өнімдерінің айналымға түсу көлемі бойынша наубайханалар бірінші орында тұрды. Одан кейінгі орындарды етікшілер, ұсталар, мысшылар, тігіншілер және тағы басқалар иемденді [2, 120]. Олардың өнімдері, әсіресе, көшпелілер қыстауға көшіп бара жатып аялдаған кезде өте көп көлемде өтті.

Қоныстанушы шаруалардың ұсақ және орташа кәсіпкерлікпен айналысқандығы туралы деректерді И.Гейердің еңбегінен кездестіреміз. Қазақстандық тарихнамада XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы ауылдардың, деревнялардың, сауда-өнеркәсіптік елді мекендердің пайда болу және даму тарихы әлі күнге арнайы зерттелмей келе жатқанын атап өте отырып, біз қоныстанушы шаруалардың кәсіпкерлігі жөніндегі мәселені олардың Әулиеата оязындағы елді мекендері бойынша талдаймыз. Бурное (Теріс) ауылында 3 адам – ағаш шебері, ұста және теріші (шорник); Михайловскде 3 ағаш шебері, 1 арба дөңгелегін жасаушы, 4 етікші, 1 пеш және кірпіш қалаушы, 2 бақшашы; Александровскде 4 тігінші, 2 етікші, 1 бондарь, 1 арба дөңгелегін жасаушы, 1 теріші, Дмитриевскде 4 ағаш шебері, 2 тігінші, 2 етікші, 4 дөңгелек жасаушы, 4 ұста, 6 жүн өңдеуші, 2 теріші, 2 тоқымашы, 1 жіп жасаушы; Каменкада 1 ағаш шебері мен 1 бондарь; Меркеде 2 ағаш шебері, 2 тас қашаушы, 2 дөңгелек жасаушы, 3 ұста, 10 бас киім тігуші, 2 тігінші, 1 скорняк, 1 ложкар, 3 бондарь; Шалдоварда 4 ағаш шебері, 5 бас киім тігуші, 4 тігінші, 1 скорняк, 4 бондарь; Николаевскде 2 ағаш шебері, 5 бас киім тігуші, 2 бондарь, Покровскде 4 етікші, 3 бондарь, 2 ұста, 3 пима жасаушы болды [3]. Олардың көпшілігі жергілікті сұранысты қанағаттандыруға бейімделген еді. Шаруалар табыс табудың кез келген жолдарын іздестірді, ешқандай жұмыстан бас тартпады. Әйелдер тоқымашылықпен айналысты. Тоқыған заттарының бір аршыны 2-3 тиын болды және жылына 20-25 сом тауып отырды. Мұнымен қатар кейбір ауылдың тұрғындары шеттен табыс табуға да кетіп отырды. Мәселен, Александровск тұрғындары Әулиеатаға барып, жүн жуумен айналысып, көктем кезінде көлемді табыс табатын еді. Мұның бәрі қоныс-танушы шаруалардың ақша-тауар қатынастары мен капитализмнің енуіне байланысты жергілікті жағдайға бейімделе отырып әртүрлі кәсіппен айналысқанын көрсетеді.

1903 жылы Жетісу облысында 17096 отбасы кәсіпкерлікпен айналысты. Олардағы 18964 ер, 5488 әйел – жалпы саны 24452 адам ұсақ және орташа кәсіпкерліктің 31 түрін күн көріс көзі етті [4]. Верный оязындағы кәсіптің бұл түрлерін жекеленген салалары бойынша топтайтын болсақ: тағам өнімдері саласында 50 еркек, 9 әйел; киім жасау саласында 1328 еркек, 465 әйел, шаруашылық заттарын дайындау саласында 1768 еркек, 719 әйел; басқа салаларында 96 еркек еңбек етті. Бұлармен қатар 57 кірекеш, күзетші, аула тазалаушы, хат тасушы сияқты маманданған жұмысшы болды [5].

Енді біз кәсіпкерліктің аталған түрлері және олардың капиталистік сипаты туралы айқынырақ түсінік беру үшін Жәркент оязы бойынша нақтылы деректер келтірейік. Мұндағы 3337 отбасындағы 3535 адам кәсіптің 31 түрімен айналысқан. Солардың ішінде сан жағынан көбірек айналысқан түрлері қой терісін өңдеу (1083 адам), бау-бақша (635), малөнеркәсіпшілігі (603), тоқымашылық (325), етікші (238), аңшы (172), ұста (154), ағаш ұстасы (145) сияқты салалары болды. Ал табысының көлемі бойынша кірешілер, тігіншілер, ағаш кесу мен сатуды кәсіп етушілер, ұсталар алдыңғы орындарды иемденеді. Кірекештердің орташа табысы 250 сом деп есептегенде, олардың жалпы табысы 15000 сомды құрайды және ояздағы 200 диірменнің өнім құнынан да (12380 сом) артық табыс табады [6]. Байқап отырғанымыздай жекеленген ұсақ және орташа кәсіпкерлік түрлері кейбір кең таралған диірмен тәрізді өндіріс салаларынан да тиімді болған еді. Бірақ кәсіпкерліктің барлық салалары бірдей осындай пайдалы бола бермеді. Жеміс-жидек, тезек теру, пима басу, тоқымашылық өте аз табыс әкелді. Соған қарамастан, ауылдық жерлердегі ұсақ және орташа кәсіпкерлік тұрғындардың өмір тіршілігінде үлкен рөл атқара бастады.

Оны біз мына салыстырмалы талдаудан көреміз. 3535 адамның әрқайсысының орташа табысы 94 сом деп есептегенде, жалпы табысы 332290 сом болып шығады. Ал Жетісу облысы өнеркәсібінің арақ-шарап жасау, сыра қайнату және диірмен сияқты салаларынан басқа барлық түрлерін қоса есептегенде 366 өндіріс орны 295950 сомдық өнім өндіреді екен [7]. Бұдан біз бір ояздағы ұсақ және орташа кәсіпкерлік пен айналыса-тындардың жалпы облыс бойынша саны жағынан 10 есе көп өндіріс орындарынан да артық пайда табуға, олардан да көп ақшаны айналымға түсіруге ат салысқанын көреміз.

Осылайша олар халықтың бір бөлігін сауда-өнеркәсіптік кәсіпке тарта отырып, ақша-тауар қатынастарының дамуында, капитализмнің енуі мен қалыптасуында елеулі рөл атқарды.

Сонымен, ұсақ және орташа кәсіпкерлікпен айналысу жалпы алғанда прогрессивті құбылыс болды. Олар ауылдық жерлерге жаңа, капиталистік өндірістік қатынастардың жаршысы еді. Алыстағы, артта қалған елді мекендердегі тұрғындарды жаңа қоғамдық қатынастарға тартты. Олардың сауаттылығын, санасын көтеруге, мәдени әдеттер қалыптастырып, күнделікті тұрмыс-тірлігіндегі сұраныстарын арттыруға тиімді ықпал етті. Ал қалаларға бару шаруалардың патриархалық түнектен, тәуелділіктен босата отырып, азаматтық тұлға ретіндегі сезімі мен өзіне сенімін күшейтті. Олар ендігі жерде өздерін еркін ірек, басқа әлеуметтік топтағылармен тең сезіне бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *ӨР ОММ, 269 қ, 1 т, 467 іс, 10–11 пп.*
2. *Обзор Сыр-Дарьинской области за 1886 г. – Ташкент: Изд-во Криснер, 1887. – С.113.*
3. *Гейер И.И. Крестьянская колонизация Сыр-Дарьинской области. – Ташкент: Изд-во Криснер, 1892. – С.65-103.*
4. *ҚР ОММ, 44 қ, 1 т. 48518 іс. 2466 б. 1-11, 34-42 пп.*
5. *ҚР ОММ, 44 қ, 1 т. 48521 іс. 2466 б. 1 п.*
6. *ҚР ОММ, 44 қ, 1 т. 48535 іс, 2467 б. 134-135 пп.*
7. *ҚР ОММ, 44 қ, 1 т. 48535 іс. 2467 б. 135-136 пп.*

*ӘӨЖ 258-012
МРНТИ 03.20*

Р.Р. Оспанова ¹

*¹тарих ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті*

АШАРШЫЛЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ – 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЕМЕЙ Өңірінің жағдайы

Аңдатпа

Мақалада мұрағат құжаттары негізінде Семей аймағының аштықтың алғашқы жылдарындағы жағдайы қарастырылады. Автор кеңестік кезеңнің алғашқы экономикалық шаралары жерді мемлекеттендіруден басталғандығы және жаңа экономикалық саясат кезеңінде жер мәселесінің өзектілігі арта түскендігіне баса назар аударады. Сонымен қатар елді жайлаған қуаншылық пен жұттың алапат зардаптары да талданды. Сондай-ақ аштықтың аймақтағы тарихи мәні ашылды. Семей губерниялық ауылшаруашылық одағының Семей қаласында орналасқан ауылшаруашылық несие қоғамының бөлімшесіне ұсынған құжаттарында губжербасқармасы мен уездік жер бөлімінің келісілген 1924-1925 жылдарға арналған агро-мәдени шараларды жүзеге асыру бастамасын жүргізді. Ол бойынша губерниялық ауылшаруашылық одағының жүйесіне кіретін ауылшаруашылық кооперацияларына ссудалар беру көзделді.

Тірек сөздер: аштық, губерния, Семей, қазақ халқы, жұт, тарихи мән.

Аннотация

Р.Р. Оспанова¹

¹кандидат исторических наук, доцент кафедры История Казахстана КазНПУ имени Абая

ПОЛОЖЕНИЕ СЕМИПАЛАТИНСКОГО РЕГИОНА В ПЕРВЫЙ ПЕРИОД ГОЛОДА – 1921-1922 гг.

В статье на основе архивных данных рассмотрено положение Семипалатинского региона в первые годы голода. Автор обращает особое внимание на то, что первоначальной экономической мерой советского периода стала национализация земель и актуальность земельной проблемы острее проявилась в период НЭПа (новой экономической политики). Также проанализированы последствия засухи и джута для казахского народа. Раскрыта историческая роль голода в регионе.

Причиной голода 1919-1922 года в Казахстане был неурожай в разных регионах страны, в связи с чем Советской властью в январе 1919 года была повторно введена так называемая продразвёрстка в рамках действовавшей с 13 мая 1918 продовольственной диктатуры. Но по продовольственной развёрстке отнимался лишь излишек пшеницы, а у казахов оставался скот. Данная продразвёрстка была частью комплекса мероприятий, известных как политика «военного коммунизма». В заготовительную кампанию 1919-20 хозяйственного года продразвёрстка также распространилась на картофель, мясо, а к концу 1920 на все сельхозпродукты. Учитывая, что в Казахстане хлеба было мало, то большой упор был сделан на конфискацию скота у местного населения.

Ключевые слова: голод, губерния, Семипалатинск, казахский народ, историческая роль.

Abstract

R.R. Ospanova¹

¹candidate of History, Associate Professor of the History of Kazakhstan KazNPU named after Abay

THE SITUATION OF THE SEMIPALATINSK REGION IN THE FIRST PERIOD OF HUNGER – 1921-1922

The article examines the position of the Semipalatinsk region in the early years of the hunger on the basis of archival data. The author draws special attention to the fact that the initial economic measure of the Soviet period was the nationalization of lands and the urgency of the land problem was more pronounced during the NEP (New Economic Policy). Also the consequences of drought and jute for the Kazakh people are analyzed. The historical role of hunger in the region is revealed. The cause of the famine of 1919-1922 in Kazakhstan was a crop failure in different regions of the country, in connection with which the Soviet authorities in January 1919 reintroduced the so-called surplus-appropriation in the framework of the food dictatorship effective May 13, 1918. But only food surplus wheat was taken from the food industry, while the Kazakhs left livestock. This surplus was part of a set of events known as the "war communism" policy. In the procuring campaign of 1919-20 of the economic year, the surplus-stocking also spread to potatoes, meat, and by the end of 1920 all agricultural products. Given that there was little bread in Kazakhstan, much emphasis was placed on the confiscation of livestock from the local population.

Key words: hunger, gubernia, Semipalatinsk, Kazakh people, historical role.

Қай кезеңде болмасын жер мәселесі қазақ халқы үшін өмірлік маңызы бар ерекше болып келгендігі мәлім. Себебі тіршілігінің көзі болған малды бағып-қағудың неше түрлі әдіс-тәсілін, өзіндік сырын меңгерген қазақтар төрт түліктің қамын ойлап, жайлы жер іздеп, жазда жайлауға қыста қыстауға көшіп көшпелі өмір кешкен.

Кеңестік дәуірдің алғашқы экономикалық іс-шаралары жерді национализациялаудан басталды. Жер мәселесі жаңа экономикалық саясат басталған кейін де, өзектілігін арттыра түсті, өйткені елді жайлаған қуаншылық пен жұт өз алапат зардаптарын ала келді. 1921 жылғы аштық бүкіл ел үшін үлкен сабақ болды. Семей губерниясы бойынша ашыққандар үшін көмек зор қарқынмен жүрді (ол жайында жоғарыдағы бөлімдерде айтылды). РСФСР Наркомпрод есебіне сүйенсек, Семей губерниясында 1921 жылдың 17 қарашасында 1 млн. пұт астық, 11 пұтқа жуық май, 2 млн. дана жұмыртқа, 1922 жылдың шілдесінде 3 млн. 168 пұт астық, 17 пұтқа жуық май дайындалды. Ет өткізу жоспары үш есе нормадан артық орындалды, әсіресе, бұл жұмысты салықтан босатылған көшпелілер орындады. Мысалға, Қарқаралы уезінің шаруалары Губпомголға 3 мыңнан астам бас ірі қара, 2,3 мың астық өткізді [1].

Көмек көрсету алымдарын жинаумен қатар, губернияның жұмысы ашыққан аудандардан келген ересек адамдар мен балаларды орналастырумен жалғасты. Комиссиядан 30 млн. сом бөлініп, 1500 бала толық губерния қарамағына алғашқы күннен-ақ алынды. Қостанай губерниясының өзінен 1000 балаға көмек көрсетілді [2]. 1922 жылдың қаңтарындағы мәліметтерге сәйкес губернияның еңбекшілері көмек қорына 236 млн. сом, астық, ет және өзге де азық-түлікті өткізді, Семей қаласынан азық-түлік тиелген 225 вагонның 170-сі Мәскеуге, қалғаны Самара, Саратов, Қазан қалаларына жөнелтілді [3].

1921 жылдың тамызынан 1922 жылдың қаңтары аралығында Семей қаласында 13, Алашта - 6 балалар үйі ашылып, 4584 бала қарауға алынды. Бұған қоса, 23 мекеме балалар үйіне жасақталды. Өскемен,

Павлодар, Бұқтырма, Семей уездерінде ашылған 48 балалар үйінде 1990 бала орын тепті. Жалпы губерния бойынша 61 балалар үйі жұмыс жасады (Ресейдің ішкі аудандарынан келген 574 жетім балаға туған үйіндей болды). 250 орынға арналған ауруға шалдыққан балалар үшін аурухана ашылды. Губернияға келушілердің (аурулары, аштыққа шалдыққандары, жетімдері бар ересек, балалар) саны күн өткен сайын артты, Ә. Бөкейхановтің Мәскеуге жүгінуіне тура келді (жеделхаттар Орынбор, Омбы, Жаңа-Николаевск т.б. қалаларға жөнелтілді). Онда 1921 жылдың ортасында 9217 баланы әзер орналастырғандығы жөнінде айтылады. Ендігі жерде Челябинск-Петропавловск-Омбы-Жаңа-Николаевск теміржол бағыты бойынша елге келушілерден құжаттарды тексеру міндеті және Сібрэвком жанындағы Қазөкілдік визасымен ғана елге кіре алатын тәртіп енгізілді [4].

Өз беттерімен келіп қоныстанған 1925 жылғы жерге орналастыру кампаниясы кезінде губернияға біршама қиындықтар туғызды. Бұған қатысты шаралардың түрлі әдістері қолданылғанымен, тек 1926 жылы бұл мәселе өз шешімін тапты.

1921 жылғы ашыққандарға көмек көрсетуде үлкен жұмыстар атқарылды. 1922 жылдың қазан айына қарай аштықтың беті бері қарады деуге болады. ҚырОАК жанындағы Аштыққа көмек көрсету ОК Аштық салдарын жою жөніндегі Комитетке айналды (Последгол). 15 қазан 1922 жылы жер-жердегі Помгол органдары таратылды.

Ата кәсіп көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы жете дамыған еліміз бойынша жанданған ауылшаруашылық кооперативінде дені қазақтар (51.1%) болды [5].

Жалпы губерниядағы қазақ және орыс тұрғындарының саны 1926 жылы көрсеткіші былай: қазақтар – 614086 адам, немесе барлық тұрғынның 52,7%, көбін орыстар құраған басқа ұлттар – 551441 адам, немесе 47,3% құрады. [6].

Семей губерниясының Колхоздарды несиелендіру туралы Қарарын қабылдап, Орталық ауылшаруашылық банкінің несиелендіру бөлімінің меңгерушісі Саламатовтың баяндауынша, колхоздарды тиімді жолмен несиелендіруде келесідей дүниелерді орындау керектігін айтты: 1) жер органдары мен ауылшаруашылық кооперациялары одағының жылдық жоспарларына ауылшаруашылық несиесін қоса бекітуі; 2) колхоздраға несиені ауылшаруашылық несиесі Қоғамдары арқылы кез келген қажетті мақсатта жұмсалыуына беріледі (егін егу науқаны, техниканы жөндеу, сатып алу, жер өңдеу, оны жырту т.б.); 3) тұрақты түрде несиені қорын сақтап, колхоздарды ұзақ мерзімге несиелендіру жұмысын жүргізіп тұру мақсатында ОАШ банкінің немесе республикалық банктер жанынан мемлекеттік қаржыландырудан түсіп тұратын арнайы капитал қалыптастыру; 4) ауылшаруашылық одағы мен ОАШ банкінің КСРО үкіметі алдында ходатайство беру арқылы 10 млн. р. ұзақ және жеңілдетілген несиелер беру мақсатында 1925-1926 жж. басында қаржыландыру; 5) ОАШ Банкі арнайы капитал қорын ұстай отырып, ауылшаруашылық мекемелеріне несиені беруде арнайы несиелендіруге қажетті жоспарын ұсыну; 6) несиені беруші жақ пен несиені алушы колхоздар тарапынан өзара сенімнің қалыптасуы және уақытылы қаржының қайтаруы; 7) берілген ссуда немесе несиенің қайту жолдарын тиімді жүргізу мақсатында колхоздарға есеп жүргізіп отыру; 8) колхоздарға қолдарындағы еркін қаржы құралдарын банктерге өткізу арқылы кез келген қаржы-операциялық шараларды банктердің араласуымен жасауын ұсыну; 9) несиелендіру саясатына оң әсерін тизізетін колхоздарға ауылшаруашылығы несиені Қоғамдарындағы құрылтай және шаруа пайларын сатып алуын ұсыну; 10) ОАШ Банкінің ауылшаруашылық несиені қоғамдарына несиені беруде өз қаржылары арқылы беруі (Банк бұл ретте қаржының құйылуына кепілдеме беруі тиіс); 11) колхоздарға несиені натура түрінде месе, ақшалай түрде беруі; 12) ауылшаруашылығы кооперациялары одағы арқылы ауыл шаруашылық ұжыдарының кварталдық және жылдық несиелендіру жоспарларын қарастыруда ауылшаруашылық несиесі Қоғамдарына ОАШ Банкінің директивасын беру [7].

Осыған орай губерниядағы колхоздардың ерекшеліктерін ескере отырып, 1925 жылға ауыл шаруашылығы құрылысын ұйымдастыру бойынша тезисін (жоба бойынша) қабылдау жұмыстарын жасады. Ауыл шаруашылығы кооперациясы саясатының ұйымдастыруындағы мәні мен бағыты анықталады: 1-ден, 1924 жылдың соңында ауыл шаруашылығы кооперациясы жүйесіндегі жағдайды сараптау; 2-ден, оның 1925 жылға бағытталған даму жағдайлары; 3-ден, одан әрі кооперациялау бағытындағы, оның тиімді пайдалану жолындағы кезекті міндеттерінен көрінеді. Жалпы 1924 жыл ауыл шаруашылығы кооперациясы үшін қаржылық жағынан жоғары жақ пен төмендегілері бойынша дағдарыс жылы болды. Қаржылық дағдарыстың себептері: 1) ауыл шаруашылығы кооперациясы жүйесінен тыс жатқан объективті тәртіптің болмауы; 2) 1924 жылы орын алған экономикалық жағдайлар: бағаның түсіп кетуі мен ақша реформасының кешеуілдеуі; 3) саяси сенімсіздік, яғни жарғыны сақтамау, жергілікті жерлердегілердің немқұрайлы қарауы; 4) кооперация мен мемлекеттік сауда (синдикат, акционерлік қоғам т.б.) арасындағы

түсініспеушілік; 5) мемлекеттік өнеркәсіппен арадағы қатынастың дұрыс болмауы; 6. реттеу саясаты (қатаң лимиттер мен міндетті тапсырмалар); 7) салықтың ауырлығы, әсіресе жергілікті жердің.

Бұған кінәнің бәрін артып қоюға болмайды, бұл ретте кооперациялар келесі мәнде жұмыс жасаулары қажет болды: 1) жұмыстың жүйелілігінің болмауы мен шашыранқылығы; 2) әсересе, тұтыну тауарларында тәуекелділікке бой алдыру; 3) несиелік және іскерлік тәртіптің әлсіздігі; 4) психологияның қалыптаспауы; 5) басқару органдарында жауапкершіліктің болмауы; 6) жұмыстың кооперативтілігінің жетіспеушілігі; 7) кооперацияланған тұрғындармен арадағы байланыстың әлсіз жүруі; 8) тіркелген мүшеліктің жоқтығы.

Семей губерниялық ауылшаруашылық одағының Семей қаласында орналасқан ауылшаруашылық несиелік қоғамының бөлімшесіне ұсынған құжаттарында губжербасқармасы мен уездік жер бөлімінің келісілген 1924-1925 жылдарға арналған агрономдани шараларды жүзеге асыру бастамасын жүргізді. Ол бойынша губерниялық ауылшаруашылық одағының жүйесіне кіретін ауылшаруашылық кооперацияларына ссудалар беру көзделді. 64325 р. ақшаның 40000 мелиоративтік және жерге орналастыру шараларына жұмсалып тұрды. Бұл қырғыз кооперативтеріне берілді: губерния бойынша 100 пункті бар бұқа шағылыстыру ұйымдарына 10000 р.; 20 пункті бар жылқы шағылыстыру ұйымдарына 10000 сом; ауылшаруашылық фермаларына қажетті асыл тұқымды малдарды сатып алуға 4325 р. беру көзделді (5 жыл мерзімге дейін деп көрсетілген). Басқа да ұйымдар губауылшаруашылық одағының шешімімен несиелер алу жолдары қарастырылды. Осы аталған мәселелер ішінде ауылшаруашылығы одағы асыл тұқымды «Қырғыздың сүтті сиырларын» Семейтау ауылшаруашылығы фермасына сатып алуға 4325 р. көлемінде беруін талап етті [8].

Семей губерниясындағы коммуналар мен ауыл шаруашылық артельдері агрономдани маңызы бар шараларды жүзеге асыруға қажетті материалдарды қажетсініп жатты, осы ретте олар ауыл шаруашылық саласын қалпына келтіруде өкіметтен несиелік мөлшерін сұрады.

1920 жылдардың басындағы жағдай табиғаттың айтып келмейтін апаты болды. Кеңес үкіметін қалай жамандасақта, губернияның табанды еңбегі арқасында қиыншылықтардан шығу жолдарын үйренді, ысылды.

Кейін келе, 1924-1925 жж. Павлодар уезіндегі қуаншылық пен егіннің шықпай қалуы 1924 жылы тамызда 20077 адамды аштыққа ұшыратты [9].

Семей губерниялық ауыл шаруашылығына көмек көрсету бойынша комиссиясы хабарлағанындай Семей уезі бойынша Атқару комитетінің Президиумының №№25,27 хаттамаларында 1924 жылдың мамыр айынан бастап бірқатар болыстарда тамақтың жетіспеушілігі мәселесі тұрды. Халық көктемгі және жазғы табиғаттың қолайлылығын сезе отырып, астықтың шығуын тоспай, әйтеуір ашықпаудың жолын іздеді. Бірақ олардың қам-қарекеттері ұзағынан созылды. Күзге қарайғы табиғат өзгерісі оларды аштыққа ұшыратты. Павлодар уезінің хабарлауы бойынша: Семейдегіден күрделі болып тұрған уездің жағдайы 1924 жылғы ауыл шаруашылығының құлдырауы мен аштыққа әкеп соқтырды. Бұдан шығудың жалғыз жолы деп жазады – ол: азық-түлікпен мемлекеттің қамтамасыз етуі, ірі қара малды сатып алу, 1925 жылғы егін егу науқанына материалдарымен қамтамасыз ету – деген комиссия төрағасы Молдажановтың шара қолдану туралы хаттамалары бар. Сонымен аталған жылдары еліміздің басқа аймақтары сияқты Семей губерниясында да ЖЭС талаптарына сәйкес іс шаралар өткізілді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ШҚО ҚЗТҚО 1-ҚОР, 1-ТІЗБЕ, 71-ІС, 7-П.
2. ШҚО ҚЗТҚО 152-ҚОР, 1-ТІЗБЕ, 96-ІС, 6-П.
3. Дахилейгер Г.Ф. Социально-экономическое преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1965. – 118 с.
4. ШҚО ҚЗТҚО 320-ҚОР, 1-ТІЗБЕ, 8-ІС, 102-п.
5. Дахилейгер Г.Ф. Социально-экономическое преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1965. – 473 с.
6. Ескендиоров М.Г. Социально-экономическое развитие Восточного Казахстана (вторая половина XIX-начала XXI вв.): Автореферат диссертации на соискание д.и.н. – Семипалатинск, 2006. – 26 с.
7. ШҚО ҚЗТҚО 87-қ, 1-т, 42-іс, 13-п.
8. ШҚО ҚЗТҚО 87-қ, 1-т, 8-іс, 4-п.
9. ШҚО ҚЗТҚО 1-қор, 1-т, 1033-іс, 152-п.

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY

УДК: 94(574)+338.48:93(574)
МРНТИ 03.09

А.А. Алдашева¹

¹к.и.н. старший преподаватель кафедры страноведения и туризма КазНПУ им. Абая,
Республика Казакстан, г.Алматы. e-mail: E-mail: aldashieva75@mail.ru

ЗАРОЖДЕНИЕ И РАЗВИТИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ТУРИЗМА КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье рассматривается история развития международного туризма Казахстана. Туризм - сложное, разностороннее и многообразное явление, имеющее важное значение для развития экономики, политики и культуры как отдельного государства, так и ряда государств, различных по уровню развития экономики, политическому строю, системе государственного управления, идеологии, этническому составу населения, жизненному укладу. Оказывая значительное влияние на развитие национальной экономики и мировой торговли, международный туризм одновременно является фактором политической стабильности и развития государственности, источником позитивного валютного баланса во внешнеэкономическом обмене и реальным символом мирного прогресса. Исторический анализ развития туризма в Казахстане чрезвычайно важен для определения вклада Казахстана в мировую экономику, политику и культуру, для оценки перспектив взаимовыгодного международного социально-экономического и культурного сотрудничества. Реализуя туристский продукт, страна формирует активный валютный баланс, компенсирует валютными поступлениями пассив по другим статьям платежного баланса, ускоряет инвестиционный процесс, получает возможность развития остальных регионов и модернизации индустрии. Геополитическое положение Казахстана, расположенного в центре материка Евразия, сложный этнический состав, стремление к формированию открытой рыночной системы в экономике вызвали необходимость ведения миролюбивой внешней политики.

Ключевые слова: международный туризм, политическая стабильность, внешнеэкономическая стабильность, национальная экономика.

Аңдатпа

А.А. Алдашева¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ елтану және туризм кафедрасының т.ғ.к.,аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ. E-mail: aldashieva75@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Бұл мақалада Қазақстанның халықаралық туризмінің даму тарихына ерекше көңіл бөлінген. Халықаралық туризм бұл халықаралық экономикалық байланыстардың айрықша түрі болып табылады, қазіргі кезде жедел дамып келеді. Халықаралық туризм шетел валютасының белсенді көзі болып табылады және де ол мемлекеттің төлем балансына әсер етеді. Халықаралық туризм көптеген елдердің экономикасына ғана емес, соныме қатар олардың әлеуметтік-мәдени ортасына, экологиясына да әсерін тигізеді. Халықа

ралық туристер деп өз елінен басқа елдерге саяхаттайтын, бүкіл әлемдік сауда ұйымының статистикасына тіркелген азаматтарды атайды. Туризмнің даму қарқыны бүкіл әлем бойынша жылдан жылға ұлғаюда. Қазақстан азаматтары белсенді турист болып, өз отанымыздың табиғатын жақсылап білуді көздеп, оның барлық жерлердің табиғаттын, салт-дәстүрі мен мәдениет ерекшеліктерін танып білуде.Туристік саланың өзіндік сипатының болуы оның ресурстарының жаңарып отыруымен, экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда тәуелсіздігімен ерекшеленеді. Туризм индустриясының дамуының көлемі мен бағыты халықтың орналастыру, қозғалыс, тамақтандыру, көңіл көтеру құралдарындағы сұранысына негізделеді.

Кілт сөздер: халықаралық туризм, туризмнің дамуы, маршрут, саясат, туристік қызмет .

Abstract

A.A. Aldasheva¹

¹Candidate of history Kazakh national pedagogical university named after Abay Almaty Republic Kazakhstan, Regional Geography and Tourism Department, Almaty. e-mail: E-mail: aldashieva75@mail.ru

THE ORIGIN AND DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL TOURISM OF KAZAKHSTAN

The geopolitical location of Kazakhstan, located in the center of Eurasia, a complex ethnic composition, the desire to create an open market system in the economy made it necessary to conduct a peaceful foreign policy. Kazakhstan announced to the world about their positions as soon as proclaimed independence. "The Republic of Kazakhstan its relations with other states based on the principles of international law", - declared in the Constitution of the Republic of Kazakhstan.

The economic conditions of ability to live which are the economic base of tourism have changed, and this business factor has essentially limited participation in tourism of many social strata. The balance between astronomical and working hours, defining extraworking hours has changed. Which is possible for immutable employment and leisure. In a number of departments there were instead of one annual two truncated holidays during different seasons. Levels of knowledge and erudition of the population, public health, an urbanization, character of labor and family-household activity have changed. Simultaneously with it the turistko-excursion system has changed and has accordingly changed vision of a situation and prospects. The thesis about successful geographical and geopolitical position of Kazakhstan which became an ordinary stamp in works of the authors far from knowledge tourism of technologies is doubtful. World practice has proved that high cost of the entry visa reduces quantity of tourists.

Key words: international tourism, development of tourism, route, policy, tourism services.

Международный туризм способствует мировой интеграции и глобализации созданием различных межгосударственных и неправительственных, коммерческих и общественных организаций: научных, журналистских, транспортных лингвистических, технических, гостиничных, ресторанных.

Туристский потенциал страны определяется географическими, климатическими, природными, ископаемыми, минеральными, сельскохозяйственными, индустриальными, научными, технологическими, трудовыми и культурно-историческими ресурсами. Он представляется на международных форумах, участие в которых особенно важно для новых государств, потому что на этих форумах представители сотен стран обмениваются информацией во всех ее формах. Примечательно, что туристская деятельность, замыкая на себе множество различных отраслей науки, культуры, сельского хозяйства и промышленности, содействует всесторонней демонстрации достижений этих отраслей не международном уровне, а также самого туризма. Международный туризм наряду с другими видами экономических, культурных, социальных, научных и технических связей государств является важным фактором укрепления взаимного доверия и вносит значительный вклад в решение таких проблем, как поддержание мира, укрепление дружеских взаимоотношений между государствами. Туризм - явление взаимообусловленного и исторически складывающегося сочетания национальных и интернациональных факторов [1].

Туризм обладает огромной стабилизирующей возможностью в осуществлении многовекторной внешней политики государств мира, так как в туристской деятельности участвуют множество секторов экономики развитых стран и лидеров сегодняшнего мира.

Геополитическое положение Казахстана, расположенного в центре материка Евразия, сложный этнический состав, стремление к формированию открытой рыночной системы в экономике вызвали необходимость ведения миролюбивой внешней политики. Казахстан объявил миру о своих позициях, как только провозгласил государственную независимость. "Республика Казахстан свои отношения с другими государствами строит на основе принципов международного права", - декларировано в Конституции Республики Казахстан. Туризм является методом и формой этих отношений. Касаясь сложностей взаимоотношений стран, входящих в СНГ, Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отметил: "Конечно, если бы некоторые политики стран СНГ, отбросив политические амбиции и бесплодные игры, сумели объединить усилия, вместе выбраться из кризиса было бы намного легче. Ведь наши экономики буквально "вросли" друг в друга, теснейшим образом переплелись, и крайне неразумно разрывать их только на основании того, что каждый член бывшего Союза стал суверенным государством, самостоятельным субъектом международных отношений, полноправным членом ООН и других международных организаций. Большинство стран мира, руководствуясь здоровым смыслом и нередко поступаясь частью своего суверенитета, стремятся к интеграции. Мы же, ревностно храня в сердце былые, пусть справедливые обиды на развалившийся тоталитарный центр, упрямо углубляем процессы дезинтеграции. Это не делает нам чести" [2]. Источниками информации о прибытии в Казахстан первой группы интуристов в 1965 г. ранее являлись: управляющий отделением ВАО "Интурист" в Алма-Ате В.А. Байгарин в 1986 году ,

заместитель председателя Республиканского общественного совета по пропаганде туризма Ю.Кукушкин в 1985 году, заведующая отделом гидов-переводчиков отделения ВАО “Интурист” в Алма-Ате С.И. Ержанова в 1985 году, редакция газеты “Огни Алатау” в 1979 г. Журнал “Казахстан коммунист”, сообщивший в 1960 г., что “если за последние 4 года в Казахстане побывало 6 тысяч туристов, то только за 10 месяцев 1960 г. побывало 1160 туристов” [3]. Туристский обмен с развивающимися странами Азии, Африки и Латинской Америки осуществлялся благодаря контактам с молодежными организациями, представленными на международном уровне в ассоциациях и федерациях.

В настоящее время туристские маршруты связывают Казахстан более чем с 80 странами. Однако в целом можно констатировать уменьшение численности туристов, прибывающих в Казахстан и выезжающих в другие страны, а также уменьшение доходов от туризма.

Единообразное развитие мирового и казахстанского туризма устанавливается из наличия общих форм, методов и содержания туристской деятельности: индивидуальных и групповых туров, транспортного туризма с использованием гостиниц и турбаз, культурно-познавательного и других видов туризма, продвижения на рынок туристского продукта путем рекламы, выставок и других мероприятий, общественных и государственных турорганизаций, транспортных отраслевых турорганизаций, акционерных обществ, предприятий со смешанным иностранным и отечественным капиталом, филиалов за границей, частных и правительственных предприятий, правовой базы, идеологического обеспечения, туристских ресурсов в виде историко-культурных, природных, промышленных, лечебных и других объектов. Их общность устанавливается для разных исторических периодов и стран.

Исходя из доминирования транспортных путешествий, имеющих хозяйственно-финансовые показатели и в несколько раз большее количество маршрутов, следует закономерный вывод о необоснованном представлении истории казахстанского туризма в современных исследованиях как истории в основном горных восхождений, пеших походов и спортивного туризма.

Специфика казахстанского международного туризма состоит в активном использовании организационных и материально-финансовых возможностей общественных (профсоюзных и комсомольских организаций, обществ дружбы и культурных связей с зарубежными странами) организаций в Казахстане и их аналогов за рубежом, в использовании туристского потенциала для нужд обороны государства и в агитационно-пропагандистских целях для укрепления международного авторитета Казахстана, в использовании безвалютной и бартерной форм туристского обмена в период ограниченных валютных возможностей, в исторической привязанности географии туризма к маршрутам и культурно-историческим памятникам Шелкового пути. Туризм как часть общечеловеческой культуры входит в сферу профессиональных интересов многих специальных дисциплин и вследствие этого не может быть в исключительном ведении географии или географии экономики и педагогики, или любой другой группы дисциплины.

Анализ туристской деятельности, произведенный в данном исследовании, показывает, что туризм не ограничивается сферой спортивного туризма, пешими походами и горными восхождениями, а представлен многообразием транспортных путешествий в конкретном историческом, экономическом, идеологическом, правовом, техническом, географическом, литературном выражении. Учитывая роль истории как комплекса социальных наук, изучающих объект во всем его многообразии и в хронологическом развитии, туризм с достаточным основанием является предметом учебного курса высшей школы “История туризма” и имеет основания быть предметом научной дисциплины “История туризма Казахстана”. При этом по древнему периоду еще нет исследований, устанавливающих туристский характер форм и способов рекреационной деятельности, по средневековому периоду устанавливаются достоверные маршруты Шелкового пути с курортно-рекреационными комплексами (Сарайчук) и услугами гостеприимства, аналогичных современным (ночлег, питание, обмен валюты, хранение вещей, информация, проводник - гид и т.д.). Начало современного туризма устанавливается 1856 годом, то есть на 100 лет ранее общепринятого срока, детерминируется как туристское на основании самоидентификации Ч.Валиханова и атрибутируется современным содержанием, формой, способом организации, составом участником и т.д. Такая периодизация соответствует истории человечества и свободна от недостатков заимствованной польской и российской периодизации, не учитывающих казахстанскую специфику. А также - от анахронизмов советской традиции, которая, игнорируя количественно-качественную разницу в туристском развитии союзных республик, одинаково периодизировала организационно-правовые, материально-технические и хозяйственно-финансовые процессы в сфере туризма соответственно этапам развития социалистической формации.

Использованная литература:

1. Балабанов И.Т., Балабанов А.И. Экономика туризма. – Москва, 2013. – С.323.
2. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. // Казахстанская правда. – 16 мая. – 1992.
3. Саипов А.А. Теория и практика туризма Казахстана. – Алматы, 2012. – С.425.

ӘОЖ: 958.5
МРНТИ 03.09

А.А. Оспанова¹

¹PhD докторы, «Тарих» кафедрасының доцент м.а.,
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, aliya.ospanova@ayu.edu.kz

ЕКІНШІ КРЕСТ ЖОРЫҒЫ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада екінші крест жорықтарының тарихы қарастырылған. Автор Сирия мен Египет арасында орналасқан стратегиялық орталық болып табылатын Аскола қаласының алуына толық тоқталады. Сонымен қатар XII ғасырдың басында Еуропа монархтары Палестинадағы оқиғаларға басқаларға қарағанда мүдделі болғандығы айтылады. Себебі Иерусалимнің құлауы тұрақты жағдайда болған сауданы бірден тоқтатты. Ол батыстың экономикасының негізі болатын. Оның алдында болған қантөгіс шайқастардан, қатыгездіктен болған жаулап алушылықтан және сұрқия интригалардан кейін діни идеялар өзінің өзектілігін жоғалтып, амбициялық мотивтерге орын берді. Ол шіркеудің және саясаттың істеріне араласудан қорыққан жоқ және ересертер мен жарамсыз насихатшылармен күрес жүргізді. Ол өзінің көптеген насихаттарында рухани – рыцарлық ордендердің құрылуын қолдады.

Түйін сөздер: крест жорықтары, Еуропа, шіркеу, христиан, мұсылман.

Аннотация

А.А. Оспанова¹

¹доктор PhD, и.о. доцента кафедры «История», Туркестан,
МКТУ имени Х.А. Ясауи, aliya.ospanova@ayu.edu.kz

ВТОРОЙ КРЕСТОВЫЙ ПОХОД

В статье рассматривается история второго крестового похода. Автор подробно останавливается на взятие города Аскалоны как стратегического центра, расположенного между Сирией и Египтом. Другие государства крестоносцев не смогли помочь Эдессе, так как Раймунд Антиохийский недавно понёс тяжёлое поражение в войне с Византией, а в Иерусалиме правила вдова короля Фулька Мелисенда, власть которой была непрочна. По ходу движения в Святую землю крестоносцы грабили территории, которые лежали на их пути, нападали на местных жителей. Византийский император Мануил I Комнин боялся, что Конраду III не удастся обуздать буйную и непокорную толпу, что эта толпа, жадная к наживе, может начать в виду Константинополя грабежи и насилия и вызовет серьёзные смуты в столице. Поэтому Мануил старался отстранить крестоносное ополчение от Константинополя и советовал Конраду переправиться на азиатский берег Галлиполи. Но крестоносцы силой пробивались к Константинополю, сопровождая свой путь грабежами и насилиями.

Ключевые слова: крестовые походы, Европа, церковь, христиан, мұсылман.

Abstract

А.А. Оспанова¹

¹doctor PhD, Department of History, Turkestan,
IKTU named A.Yassawi, aliya.ospanova@ayu.edu.kz

THE SECOND CRUSADE

In this article is considered history of the second crusade. The author in detail analyzes on capture of the city of Askalon as the strategic center located between Syria and Egypt. The article discusses the history of the second crusade. The author dwells on the capture of the city Askalany as a strategic hub located between Syria and Egypt. Other States of the crusaders were unable to help Edessa, as Raymond of Antioch had recently suffered a heavy defeat in the war with Byzantium and Jerusalem rules the widow of king Polymerised, which authority was fragile. In the course of movement to the Holy land, the crusaders plundered the territory that lay in their way, attacked the local residents. Byzantine Emperor Manuel I Komnenos was afraid that Conrad III fail to restrain violent and unruly crowd, this crowd, greedy for profit, may start in videocontainer looting and violence and cause severe turmoil in the capital. So Manuel tried to remove the militia from the crusade to Constantinople and advised Conrad to cross to the Asian shore of Gallipoli. But the crusaders force their way to Constantinople, accompanying his way of looting and violence.

Key words: second crusade, Europe, church, christian, musulmanin.

Бірінші крест жорықтарынан кейін 50 жылға жуық уақыттан кейін Еуропа монахтары үлкен ірі шығыс компаниясын ұйымдастыру қажет екендігін түсінді. Оған сылтау болған 1144 жылғы түріктердің Эдессаны бағындыруы болды.

Екінші крест жорықтары 1145 жылы 1 желтоқсанда салтанатты түрде жарияланды. Біріккен әскерді Францияның королі YII Людовик және герман императоры III Конрад басқарды. Жақсы дайындыққа, қаражаттың мол болуы және тәжірибелі басшылардың болуына қарамастан бұл әрекеттер нәтижесіз аяқталды.

Эдессаны бағындырған түрік-селджуктер Иерусалим королдігіне қарай жылжыды. Шіркеу болса көп күш салу арқылы жаулап алған жас мемлекетті құтқару үшін шара қолдану қажет екендігін жақсы түсінді. Католик священниктері рыцарларға және қарапайым халыққа өз иеліктерін қорғау үшін жорыққа шығуға шақырды.

XII ғасыр бас кезіне қарай бірінші крест жорыққа қатысқан рыцарлардың ұрпақтары өздерінің палестиналық иеліктерінде мықтап орналасып алған болатын. Герцогтық және княздықтардың христиан басшылары мұсылман аудандарына шабуыл жасаған басқыншыларға әрдайым қарсылық көрсетулеріне тура келді. Сонымен қатар Византиямен қарым-қатынас нашарлады. Ол Иерусалим королдігін өз территориясы деп есептеді.

Еуропаның ең төменгі әлеуметтік тобы король салықтарымен феодалдардың әрекеттеріне наразылықтарын білдірді. XI ғасыр аяқ кезінен бастап дүниедегі биліктің ең қатерлі оппоненті - өздерін басқаратын қалалар солтүстік Италияда, Франция, Англия және Германияда пайда болды [1;113 б.].

Осындай қиын саяси жағдайда Рим үшін түріктердің христиан бекінісі Эдессаны жаулап алуы тиімді болды. Олар қалыптасқан жағдайды пайдаланып, шаруалардың діни сезімдерін қоздыру арқылы мәселені шешуге қадам жасады.

Екінші крест жорықтарын ұйымдастыруда ерекше белсенділік танытқан тамплиер ордені болатын, ол 1099 жылы құрылған еді.

Орденнің бірінші французша атауы латынның **templum** – **хром** деген сөзінен шыққан. Оның негізін қалаған Гуго де Пейен болатын. Тамплиерлердің ерекше белгісі ретінде ақ киімдегі қызыл крест болатын. Басқыншылықтың нәтижесінде бұл орден өте көп қаражат жинап Еуропадағы ең ықпалды рухани мекемеге айналды. Әсіресе Бернар Клервоский тұсында орден өзінің гүлдену шағына жетті.

1291 жылы Иерусалимді мұсылмандар бағындырғаннан кейін орден Францияға орналасты, ал ұлы магистрдің корольмен қарым-қатынасы шиеленісті. 1307 жылы король IV Филипптің бұйрығы бойынша француз тамплиерлерін түрмеге отырғызды және Рим папасын бұл орденді таратуға көзін жеткізді.

Қасиетті Бернар Клервоский өз кезеңінің белгілі тұлғаларының бірі болған яғни католик шіркеуінің ірі қайраткері ретінде атағы шықты. Ол текті бургунд семьясынан шыққан, бірақ 1113 жылы Ситодағы монастырьға келіп, 12 бауырларын жинап Клерво монастырының негізін салды.

Жас кезінен бастап Бернар Клервоский өзінің ішкі дүниесін қоршаған ортадан жоғары қоюмен ерекшеленді. Ол Парижді «күнәлардың орталығы» немесе, «жаңа Вавилон» деп есептеп, монастырьда жалғыз қалуды жөн көрген. Оның ілімі бойынша құтқару шындығы тек құдайға деген шынайы махаббат арқылы ашылатын.

Жаратушы мен бірге болу адамды таза махаббатпен толықтырып отырады және бұл адамның өзі үшін емес Иисус Христос сияқты барша үшін өмір сүруге жетелейді деп түсіндіреді.

Кейінірек Клерво монастырының нәтижесінде цистерциондардың ордені құрылды. Ұстаз Бернардың еңбегінің арқасында оның өмірінің соңына қарай Францияда 60 цистерциондық монастырлар жұмыс істеп, онда 700 монах болды. Өз өмірінің көп жылдарын Бернар Клервоский Еуропа монархтарымен хат жазысумен, монах ордендерінің теориясына арналған шығарма жазумен, үгіт насихат оқумен өткізді.

Ол шіркеудің және саясаттың істеріне араласудан қорыққан жоқ және ересертер мен жарамсыз насихатшылармен күрес жүргізді. Ол өзінің көптеген насихаттарында рухани – рыцарлық ордендердің құрылуын қолдады. 1145 жылы рим папасы болып оның шәкірті III Евгений тағайындалғанда, Бернар оған шімірікпестен былай деп жазды: «Папа деп сізді емес, мені есептейді».

Тамплиер орденінің жарғысын дайындаған тұлға ретінде Бернар Клервоскийдің даңқы Римде оны атақты болуға мүмкіндікті берді. II Инокентийдің орнына келген Рим папасы III Евгений монахтың таланты жөнінен жақсы хабардар болатын, яғни қарапайым халыққа да және текті рыцарларға ықпал ететіндігінен.

Католик шіркеуінің басшысы болып сайланған Евгений кезінде Римде қудаланып Парижге қашқан болатын. Еуропалық істермен айналысудан қолы тимеген понтифик крест жорықтарын ұйымдастыру жоспарын және көшеге шығып үгіт-насихат жүргізу жұмыстарымен айналысуда ұқыпты болмады. Рим

папасының қолы тимеген кезін пайдаланып, аббат Бернар крест жорықтарының идеялық дем берушісіне айналды.

Ең алдымен Бернар Клервоский кез-келген Еуропа тұрғындары оңай түсінетін идеяны дайындауға кірісті. Болашақ нағыз христиан ретінде Бернар Клервоский жұмаққа тек қасиетті соғысқа қатысу арқылы жетуге болады деп есептеді.

«Похвальное слово новому воинству рыцарей храма» атты кітапта ол бүкіл христиандарға былай деп мәлімдеді: «Пұтқа табынушыларды қырып тастау керек».

1145 жылы Везельде жиналған соборда Рим папасы YII Людовик және Бернар Клервоский сөйледі.

Бернар Клервоский Эдесса тұрғындарының қиналып жатқандарын мәлімдеп, жиналғандардың ыстық сезімдерін оята білді. Соборға келгендерді келесі крест жорықтарына қатысу арқылы құдай алдында өз күнәларынан арылып, жұмақ өмірді қамтамасыз етуге үгіттеді. Жиналғандар оған «оны құдай талап етіп отыр», «оны құдай тілеп тұр» деп жауап берді.

Везель соборының қорытындысы 1145 жылы 1 желтоқсанда көпшілік алдында екінші крест жорықтары жарияланды.

Өз миссиясы Францияда аяқталды деп есептеген Бернар Клервоский Германияға аттанады. Бұл жерде де ол қарапайым халық ішінен үлкен қолдауға ие болады және француз королінің бұйрығымен жорыққа шығуға уәде берді. Герман королі III Конрад бастапқы кезде Рим папасының саясатын қолдаған жоқ. Себебі король Германиядағы өзара қырқысудың күшейген кезінде елді тастап кетуді жөн көрмеді. Бірақ Бернар Клервоскийдің жалынды сөзінен кейін менмен император мұсылмандарға қарсы күресуге келісті.

Бернар Клервоский өзінің қолдаушыларын көптеп жинай отырып, бүкіл Еуропаны аралады.

1146 жылы бойына Парижге қарапайым шаруалар ағылап келе бастады. Олар оңай жолмен байлыққа кенелеміз деп есептеді. 1147 жылға қарай Бернар Клервоскийдің монахтарының рухани үгіт-насихаты YII Людовикке жақсы дайындалған әскерді қамтамасыз етті. Ірі феодалдар және дворяндарда монахтың шақыруын қолдап, жорыққа шығуға тілектерін білдірді. Сонымен қатар бірінші крест жорықтарының граф Альфонс-Жордан Тулузский және граф Фландрский, корольдің інісі граф Робер Першский, барондар Ангерран де Куси, Жоффруа Рансон, Гуго Лузиньяндар крест жорықтарын қолдады [2; 204 б.].

1147 жыл басында Людовик және Конрадтың біріккен әскер күші Византия шекарасынан өтті. Бұл кезде Византия тағында I Алексейдің немересі Мануил Комнин отырған болатын. Византия халқы кресшілерге сенімсіздікпен қарайтын. Ал Мануил Комнин еш құны жоқ монеталар шығаруға бұйрық берді, яғни кресшілер еш құны жоқ ақшаны алды.

Француз кресшілер алдыңғы кресшілердің қателіктерін қайталаму үшін жергілікті тұрғындармен ешқандай қақтығысқа барған жоқ.

Қонақтарды салтанатты түрде қарсы алған Мануил Комнин батыс христиандардың қолбасшысына қажет болған жағдайда көмектесетіндігін мәлімдейді. Бірақ Людовик Византия императорына сенбейтін, себебі ол оның Иконий сұлтанымен астыртын келісім жасағандығынан хабардар болатын.

Кресшілер Босфор арқылы өтіп, Никелдің маңында тоқтады. Осы жерде олар герман императорының қаза тапқанын естіді. Конрадтың айтуы бойынша Мануил Комнин кресшілерді әдейі басқа жолмен жүргізіп, олар шөл далада аштан қырылып қалған.

Қиын жолдарды өтіп француздар Меандр өзеннің алқабына келеді және келесі жағалаудан түрік лагерін көреді. Бірнеше сағатқа созылған шайқастан кейін Людовик әскерімен Анталияға келеді. Бірақ Тарсаға дейін баратын кемеге кресшілердің жартысы ғана сияды. Ал Анталияның сыртында қалған кресшілер аштықтан және аурудан қайтыс болады.

Кресшілер Антиохияға келеді. Бұл облысты ол кезде барон Раймунд Путьерский басқаратын. Ол өз жерлестерін қуанышпен қарсы алып, Египетке қарсы жорыққа қатысуға шақырды. Людовик тек Палестинаға жорыққа шығатындығын мәлімдеп, одан бас тартады.

Людовиктің жауынгерлері аман-есен Иерусалимге жетіп, ол жерде Конрадпен кездеседі. Иерусалим королдігінің билеушісі III Балдуиннің инициативасымен Птолемаидта үлкен жиналыс өткізіліп, Сирияға қарсы әскер жіберу арқылы келісілді.

Рыцарлардың біріккен күші Антиливан қыраттарынан өтіп, Дамаск жазығына келеді. Сол кезде Сирияның қаласы Дамаск әлемдік көркем қолөнердің орталығы болып есептелетін. Дамаскіні қоршау кезінде мұсылмандарға көмекке Мосух және Алептің сұлтандары көмекке келеді. Күштің тең еместігін түсінген христиандар бекіністі тастап, кері шегінеді.

Нәтижесінде монахтар біріккен әскери қимылдарды жүргізбеуге бел буады және Аскалонды бағындырудан бас тартады.

1148 жыл аяғында король III Конрад Германияға, ал Людовик Францияға қайта оралады. Осымен Екінші крест жорығының алғашқы кезеңі аяқталады. Әскер басшыларының дұрыс стратегиясының

болмауы және біріккен әрекет жасалмауы себептерінен бұл жорықтар Батысқа өздері күткендей нәтиже әкелмеді [3; 147 б.].

1147-1148 жж. Шығыс жорықтары Екінші крест жорықтарына қатысқан мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінің көп жақтарына әсер етті. Иерусалим және Антиохияның билеушілері Рим Папасына әлденеше рет жорықтарды бастау туралы сұрау салғанымен нәтижесіз аяқталып отырды. Мұсылмандардан жеңіліске ұшырау, Франция мен Германия княздықтарының экономикасына ауыр шығындар әкелді.

Аскалонды алу соңғы жылдардың трагедиялық оқиғалары ауыртпалығы дворяндар мен қарапайым халыққа түсті. Бірақ соған қарамастан дінсіздерге қарсы жаңадан соғыс бастау идеясы әлі де күн тәртібінен кеткен жоқ. Тарихқа терең үңілетін болсақ осы салада аббат сугерия жаңа жорыққа халықты үгіттеуде көп әрекет етті. Сугерия Шартрдағы жалынды сөздері зая кетті. Аббат өз қаржысына 10000 әскер жинады, бірақ ол кенеттен қайтыс болады.

Жаңадан шығысқа крест жорықтарын жасау үшін ең алдымен Аскалонды бағындыру керек болды.

Аскалонды екі ай қоршауда ұстағанымен олардың рухын түсірген жоқ. Мұсылмандар үшін ең қиындық туғызған христиандардың қозғалатын мұнарасы болатын, ол арқылы бекініске ыстық смола лақтыруға болатын. Бекіністі қорғаушылар бірнеше рет христиандарды қауіпті қаруының көзін құртуға әрекеттер жасағанымен бұл сәтсіздікке ұшырап отырды. Дәл осындай әрекеттің бірі шайқастың нәтижесіне әсер етті.

Мұсылмандар мұнараға жанармай қосылған құрғақ бөренелерді жақындатады. Олар оған от қойғанымен, мұсылмандар желдің бағытын бақылауды ескермей, ол қорғаушыларға теріс нәтиже әкелді. Христиандардың қаруын құртудың орнына шығыстан соққан қатты жел Аскалонды қабырғаларына отты түсіріп, қорғаушыларды қатты әбігерге түсіреді. Кресшілердің таңдауына қарай бекіністің батыс жағына үлкен өткел пайда болды. Бес ай бойы кресшілер жасай алмай қойған мүмкіндікті кресшілер пайдалана алмады, өткелде тұрған кресшілердің азғантай тобы бекіністің ішіне кіріп, тонаушылықпен айналыса бастады. Оны сырттай байқап тұрған мұсылмандар тонаушыларға соққы беріп, қалғандары бассауғалап қашуға мәжбүр етті.

Келесі күні патриарх жауынгерлерін қайтадан шабуылға шығуға шақырды. Бірақ сәтті жағдай енді келмесе кетті. Бекіністі бағындыруға мүмкіндік болмаған соң екі жақ келісім жасады.

Қайтадан басталатын крест жорықтары үшін Аскалон қаласын басып алу қажет болды. Себебі Сирия мен Египеттің ортасында орналасқан стратегиялық бекініс болатын. Атақты қаланы басып алу жоспарын III Балдуин ойластырды. Бес айға созылған қоршаудан кейін мұсылмандар мен христиандар уақытша келісімге келді. Мұсылмандар қаланы Иерусалим короліне берілулеріне тура келді. Бірақ бірнеше жылдан кейін III Балдуин қайтыс болып, оның орнына інісі Амальрик таққа отырады.

Аскалонды кресшілер бағындырғаннан кейін Египеттің халифі оларға салық төлеуден бас тартады. Бұл жағдай Амальриктің Египетке шабуыл жасауына сылтау болды. Алғашқыда Ніл жағалауындағы елдімекендерге жасалған жорықтар Амальрикке өте көп олжа әкелді. Одан кейінгі жорыққа шықпастан бұрын король батыстан көмек сұрады. Палестинаға Пуату және Аквитаниядан әскер келді, оған Гуго Либрен басшылық етті.

Мұсылмандардың қолбасшысы Нурредин Харенка түбінде болған шайқаста христиандарда жеңіп, князь III Боэмунд және триполи графы Раймундты қолға түсіреді.

Амальриктің Египетті бағындырмақшы болған жорықтары сәтсіз аяқталады.

Талантты әскери қолбасшы Нуррединнің аурудан қайтыс болуына байланысты, оның орнына Саладин келеді. Амальрик королдің орнына Иерусалимде таққа IV Балдуин отырады.

Екінші крест жорықтарының сәтсіз аяқталуы, Иерусалим королдігінің құлауы және Палестина христиандарына келген қиындықтар Еуропа елдерінің экономикасына кері әсерін тигізді. Соған қарамастан христиандар тез арада мұсылмандардан кек алуға шақырды.

Үшінші крест жорықтарын жариялаған Рим папасы VIII Григорий болатын, ол Римдегі сенат алаңында 1187 жылы 29 қазан халыққа мәлімдеме жасады [4; 230 б.].

XII ғасырдың басында Еуропа монархтары Палестинадағы оқиғаларға басқаларға қарағанда мүдделі болды. Себебі Иерусалимнің құлауы тұрақты жағдайда болған сауданы бірден тоқтатты. Ол батыстың экономикасының негізі болатын. Оның алдында болған қантөгіс шайқастардан, қатыгездіктен болған жаулап алушылықтан және сұрқия интригалардан кейін діни идеялар өзінің өзектілігін жоғалтып, амбициялық мотивтерге орын берді. Рыцарьлар Рим папасының жаңа жерлерді басып алу және байлыққа кенелу мақсатында ғана қолдап отырды [5; 23-б.]. Осыған байланысты Шығыс Жерорта теңізі жағалауын басып алу жоспар дайындалды. Соған қарамастан қасиетті әкелер армияның жинау барысында адамдарды оларды жасайтын істерінің әділетті екендігін және мәңгі бақи жақсы өмірді уәде етуді жалғастыра берді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мишо Г. История крестовых походов. – М., 2004.
- 2 Жан де Жуанвиль Жоффруа де Виллардуэн. История крестовых походов. – М., 2008.
- 3 Доманин А. Крестовые походы. – М., 2003.
- 4 Грицак Е. Краткая история крестовых походов. – М., 2002.
- 5 Заборов М.А. Папство и крестовые походы. – М., 1960.

ӘӨЖ: 314.15(485):325.1
МРНТИ 03.09

Ж.К. Идрьшева¹

¹*т.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан, idrysheva7@gmail.com*

ДАНИЯДА КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Даниядағы көші-қон үрдісінің қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Солтүстік Еуропа елдері ішінде Дания мемлекеті көші-қон заңнамасының қатаңдығымен және елге келуші мигранттар ағынын шектеу саясатын жүргізуімен ерекшеленеді. Еуроодақ орасан зор көші-қон толқынын ұстап тұрған жағдайда Дания мигранттарға қатысты және баспана сұрағандарға ЕО елдері үшін квота туралы мәселеде еуропалық ортақ саясатқа қосылмайтындығын мәлімдеді. Батыс Еуропаның көптеген елдеріндегідей заңсыз көші-қон мәселесі Данияда қатты сезілмейді. Данияның көші-қон саясаты басқа Солтүстік Еуропалық мемлекеттерден ерекшеленеді. Финляндия, Швеция және Норвегия мәдени түрлілікті сақтай отырып мультикультурализм саясатын жүргізеді. Дания бұл саясатты ұстанбайды. Соңғы жылдары батыс емес елдерден келуші мигранттардың ағыны өсуде. Бұл аймақтағы елдердегі миграциялық жағдай бір жағынан ғаламдандудың объективті үрдістерімен, екінші жағынан қазіргі халықаралық-саяси жағдайлармен күрделенуде. Миграциялық ағындар жергілікті ұлт пен келуші этностардың өзара қатынастарына әсер етеді.

Түйін сөздер: көші-қон, көші-қон үрдісі, көші-қон саясаты, босқындар, Солтүстік Еуропа, Дания.

Аннотация

Ж.К. Идрьшева¹

¹*к.и.н., КазНУ имени аль-Фараби*

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ МИГРАЦИОННОГО ПРОЦЕССА В ДАНИИ

В статье рассматривается становление и развитие миграционного процесса Дании. Среди стран Северной Европы Дания отличается проведением строгого миграционного законодательства и политикой ограничения миграционных потоков в страну. В условиях, когда ЕС сдерживает натиск мощнейшей волны миграции, Дания заявила, что она не намерена присоединиться к общеевропейской политике в отношении мигрантов и не поддерживает идею о квотах на просителей убежища для стран ЕС. В Дании проблема нелегальной миграции не ощущается так остро как во многих странах Западной Европы. Миграционная политика Дании отличается от остальных стран Северной Европы. Финляндия, Швеция и Норвегия проводят политику мультикультурализма, сохраняя культурные различия. Дания же не поддерживает такую политику. Поток мигрантов из не западных стран в Дании существенно увеличился. В настоящее время миграционная ситуация в странах Северной Европы осложняется, с одной стороны, объективными процессами глобализации, с другой современной международно-политической обстановкой. Миграционные потоки влияют на взаимоотношения доминирующих наций с пришлыми этносами.

Ключевые слова: миграция, миграционные процессы, миграционная политика, беженцы, Северная Европа, Дания.

Abstract

J. K. Idrysheva¹

¹*candidate of historical Sciences, KazNU named after al-Farabi*

THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF THE MIGRATION PROCESS IN DENMARK

In this article explained the establishment and development of the migration process in Denmark. Among the countries of northern Europe Denmark characterized conducting strict immigration laws and policy restrictions migration flows to country. In conditions, when the EU holds back the onslaught of the most powerful waves of migration, Denmark stated that it does not support the idea of quotas for refugees to the EU countries. In Denmark, the illegal immigration problem is not so acutely, like in many countries of Western Europe. Finland, Sweden and Norway carry out multiculturalism policy, keeping cultural differences. Denmark is not support such type of policy. The number of migrants from non-Western countries increased in Denmark. In these days, migration situation in Northern Europe is complicated, from one hand, the objective processes of globalization, and from other hand modern international political atmosphere. Migration flows affect the relationship between the dominant nations to outsider ethnicities.

Key words: migration, migration processe, migration politik, refugees, Northern Europe, Denmark.

Миграциялық үрдіс әсіресе 1960 жылдары Еуропалық еркін сауда аймағы құрылғаннан бастап және 1992-1993 жж. Еуропалық Одақ құрылуы кезінде көптеген өзгерістерге ұшырады және миграциялық ағым еселеп арта бастады. Миграциялық үрдістер әсерінен халықтың әлеуметтік жағдайы мен демографиялық жағдайы өзгере түсті. Қазіргі таңда Еуропа елдері мигранттар есебі жөнінен АҚШ-тан кейінгі орында тұр. XX ғасырдың соңғы онжылдығы мен ХХІ басында этностық, мемлекетаралық соғыстардың, табиғи апаттардың әсерінен мәжбүрлі көшірілген мигранттардың саны арта түскен. Босқындар мәселесі жөніндегі БҰҰ жоғары комиссары басқармасының мәліметінше 2006 жылы әлемде 32,9 млн. мәжбүрлі көшірілген мигранттар болса, соның 13,9 миллионы босқындар қатарына кірген.

Бүгінгі таңда көші-қон мәселесі тек саяси пікір-таластардың маңызды тақырыбына ғана емес Еуропа-лық Одақтың бас қайғысына айналып отырған үлкен даулы мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары Таяу Шығыс, Африка, Ауғанстан сияқты елдерден келуші босқындар ағыны Скандинавия елдеріне де келуде.

Скандинавия мемлекеттері Солтүстік Еуропада орналасқан Еуропа елдерінің ішіндегі экономикалық-әлеуметтік әлеуеті жоғары мемлекеттердің қатарында саналады. Солтүстік Еуропадағы миграциялық толқын жыл сайын артуда. Бұл аймақ ортақ тарихи, географиялық, саяси және мәдени құндылықтары бар Норвегия, Швеция, Дания, Финляндия және Исландия сияқты мемлекеттерден тұрады. Скандинавия елдері тек Еуропа құрлығында ғана емес бүкіл әлем бойынша өмір сүру деңгейі ең жоғарғы аймақ. Экономикалық дамыған бұл елдердің өндірістік, әлеуметтік жағдайы және халықтың қоғамдық өмірге белсенді араласуы жоғарғы деңгейде болуы мигранттардың осы аймаққа қызығушылығын тудырады. Дегенмен демографиялық жағдайы төмен, жұмысқа қабілетті халықтың санының аз болуы бұл аймақ елдерінің де мигранттарға, шетелдік жұмыс күшіне тәуелді етуде.

Солтүстік Еуропа мемлекеттері ішіндегі Дания Корольдігі экономикалық дамыған мемлекеттер қатарында болғандықтан бүкіл әлем елдерінің мигранттарын өзіне тартымды етуде. Өзге де Солтүстік Еуропа елдері сияқты Дания мемлекетінің ұлттық құрамының 88,4 пайызы дат халқынан тұрады, әлем бойынша ең қатал миграциялық саясат ұстанушы мемлекеттің бірі. Сондықтан Даниядағы көші-қон үрдісінің қалыптасуы мен дамуы, саясатын, қазіргі кезеңдегі көші-қон үрдісінің тенденциялары мен ерекшеліктерін айқындау маңызды.

Дания мемлекеті көші-қон мәселесін реттеуде бірнеше ұлттық заңдар мен халықаралық көші-қон және босқындарға көмек көрсету туралы келісімдерді негізге алады: Жалпыға бірдей Адам құқықтары (1948 ж.), Босқындар статусы жөніндегі БҰҰ Конвенциясы (1951 ж.), Халықаралық босқындарға көмек және миграция саласы жөніндегі келісім (1951 ж. және 1967 ж.), Зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі Еуропалық келісім (1987 жыл), Шенген келісімі (1994 жыл); Дублин келісімі (1997 жыл), сонымен қатар 2002 жылдың 22 маусымында қайта толықтырылған шетелдіктерді интеграциялау заңы, 2002 жылдың 7 шілдесінде қайта толықтырулар енгізілген Шетелдіктер мәселесін реттеуші заң [1].

Босқындар, миграция және интерация мәселесі бойынша министрліктің 3 департаменті бар:

1. Әкімшілік департаменті. Жалпы халықаралық қатынастардағы мәселелерді реттейді. Мемлекетаралық виза жүйесін, жаңадан мемлекетаралық жасалған келісімдерді реттейді, екіжақтық қатынастарды орнатады. Еуропалық Одақ шеңберіндегі мәселелерді шешеді.

2. Интеграция департаменті. Дат қоғамындағы мигранттарды интеграциялау, оларды баспанамен қамтамасыз ету, босқындар мәселесін реттеу және сараптамалық, статистикалық жұмыстарды реттеу т.б.

3. Иммиграция департаменті. Иммиграциялық заңдағы барлық заңнамалардың орындалуын оның жүзеге асуын қадағалайды.

Иммигранттардың елге көптеп келе бастауы ХХ ғ. 70-80-ші жылдарымен тұспа-тұс келген. Оған дейін Дания шекарасына көп мигранттар келмеді, өйткені даниялықтар мигранттармен интеграциялануға дайын емес болатын. Даниялықтар елге келуші мигранттар елдің тарихын, дәстүрін, құндылықтарын білмейтін, оқымайтын, оқуға талпынбайтын, олар тек жағдайларын жақсарту үшін ғана келді деп қабылдады. 1996 жылы оншыл ұлттық бағыттағы Дат халық партиясының (ДХП) жетекшісі Пиа Кьерсгор әлеуметтік-демократиялық партияның жетекшісін ұлттық құндылықтарды ескермейтін, мүдделерін орындамайтын сатқын деп айыптаған. Салдарынан халықтың одан да көп бөлігі мигранттардан қауіптен бастайды. ХХІ ғасырдың басында қабылдаған шетелдіктерге қатысты заңдар миграциялық саясатқа көптеген толықтырулар мен өзгерістер алып келді [2].

Дегенмен соңғы кездері жұмысшылардың жетіспеуі қатты байқалуда. Данияның ірі 10 компаниясының 6-уы соңғы 3 жыл бойы шетел қызметкерлеріне қатты тәуелді болды. 2020 жылға дейін Дания 100 мыңға жуық шетел жұмысшыларына тәуелді болады деген болжамдар бар. Батыстық емес иммигранттардың елге келуіне қатты шектеулер қойылды. Дания мемлекеті 2001 жылдан бері миграциялық қатаң

тексерістің нәтижесінде 5,1 млрд кронды үнемдеп қалды. Мигранттарды мемлекет шекарасына аз мөлшерде қабылдады, себебі мигранттарға төленетін әлеуметтік көмекті үнемдеудің өзінен мемлекеттік қазынада 15,7 миллиард крон қалды. Ал батыс мемлекеттерінен келуші мигранттар қазынаға 2,2 миллиард крон жыл сайын алып келетін. Ал Еуропа мемлекеттері Данияның миграциялық саясатын сынға қатты алуда. Себебі билік адамдардың мемлекетке тиетін пайдасына ғана байланысты бөледі дейді. Дания халқы миграция мәселесін өте даулы тұрғыда қарастырып жатыр. Дания ұлтшылдар, жағымпаздар және еуропалық құқықты бұзушылардан тұрады деп айыпталуда [3].

Иммигранттардың 80 пайызы мейрамхана және қонақ үй бизнесінде, сонымен қатар қызмет көрсету салаларында, ал 30 пайызы балабақшалар мен тазалау-жинау жұмыстарын істейді. Мемлекетте тұрушы барлық мигранттарға арнайы жүйелік тапсырмалар беріп, мемлекеттің тарихын, тілін, дінін және мәдени құндылықтарын қаншалықты білетінін тексерістен өткізеді. Тұрақты тұруға құқығы бар мигрант елдің саяси мәселелеріне араласа алмайды. Яғни партиялар атынан сайлауға қатысу сияқты мүмкіндіктері шектелген. Данияда 7 жылдан көп тұрған мигрант дат тілінен емтихан тапсырғаннан кейін және заңға мүлдем тартылмаған болса ғана тұрақты тұруға өтініш білдіре алады [4].

Дания миграциялық саясатының басты міндеті шетелдіктерге қатаң бақылау, тексеріс жүргізу, мигранттардың интеграциялануын және талаптарды күшейте отырып, олардың санын азайту болып табылады. ХХІ ғасырда қабылдаған жаңа миграциялық заң өте қатаң сипатқа ие болды. Себебі ендігі кезекте шетел жұмысшысы кез-келген заң бұзушылығы үшін мемлекеттен қуылады. Мигранттың мемлекетте тұрақты тұратын мекен жайы, үй-жайлары болса да Дания билігі ол мигрантты қауіпті деп танып елден шығарып жібереді. Егер мемлекетте 9 жылға дейінгі мерзімде тұрған мигрант қылмыс жасаса, б немесе одан да көп айға тұтқындалып, ол депортацияға ұшырайды. Ал егер мигрант мемлекетте 9 жылдан көп мерзім бойы тұрып, ауыр қылмыс жасаса, яғни есірткі тасымалы немесе белгілі тұлғаға жәбір көрсетсе елден қуылады. Мұндай заң тек басқа аймақтардың азаматтарына ғана емес, сол сияқты ЕО азаматтарына да қатысты. Солтүстік Еуропа елдеріндегі миграциялық заңның қатаң болуы бұл мемлекеттердегі адам санының аз болуымен түсіндіріледі [5].

2015 жылдың 1 қаңтарында халық саны 5 633 782 адамды құрайды. 2001 жылмен салыстырғанда 274999 адамға ғана артқан. 2001-2014 жж. халық санының жалпы өсуі: 2001 ж. 1 қаңтарында 0,36 пайыздан 2008 ж. 1 қаңтарында 0,59 пайызға, 2015 ж. 1 қаңтарында 0,25 пайыз аралығында ғана болды. [6]. Елге келуші иммигранттардың үлесі, эмигранттардың үлесінен біршама көп. Данияда туу көрсеткіші өлу көрсеткішінен аз ғана көп. 2014 жылы табиғи өсім 562 адамға көбейсе, ал миграциялық өсім 13543 адамға артты. 2015 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша мигранттардың және олардың ұрпақтарының үлесі жалпы халық санының 11,6 пайызын құрап отыр. Ал өзге Еуропа мемлекеттерінде мысалы Германияда бұл көрсеткіш 20 пайызды құраған. Еуропадан келуші мигранттардың үлесі барлық мигранттардың 53 пайызын құрап отыр. 2015 жылы әр күн сайын Данияда мигранттардың саны 37 адамды құраса, ал Финляндияда 9, Швецияда 43, Норвегияда 24 адамнан болған. Ал бұл көрсеткіш Германияда 118 адам болса, Францияда 267 адамды құраған [4].

Қазіргі таңда Дания билігі көптеген проблемалармен ұштасуда. Яғни мемлекетке мұсылман мемлекеттерінен келген адамдарға қатаң бақылау орнатып мемлекетке кіргізуден бас тартуда, себебі ұлттық құрамнан бұл мигранттар өте қатты айырмашылық жасайды деп санайды. Негізінен мигранттар жұмыс іздеу үшін, өмірлерін жақсарту үшін елге келсе, ал енді бір тобы елдеріндегі азаматтық соғыстың салдарынан босқын мәртебесіне ие болып отыр. Мұсылмандар Солтүстік Африкадан, Таяу Шығыстан келуде. Билік тарапы антимиграциялық заңдар қабылдауда. 2015 жылдың басында Данияға баспана іздеп келуші адамдардың саны артты. 3359 адам мемлекет шекарасына қашып келді. Олардың көбісі Сириялық азаматтар 1720 адам болса, қалғаны Сомали 126 адам, Иран 63, Ресейден 56 адам, Ауғанстаннан келуші мигранттар жыл басында 55 адам баспана сұрау мақсатында барған. Ал отбасыларды жақындату саясаты бойынша 2014 жылы Данияға 2070 адам келді [7].

Норвегияның Утойя аралында болған қанды қырғын бүкіл Еуропаның миграциялық саясатына кері әсер етті. Әсіресе көрші Дания мемлекеті үшін бұл жағдай елдегі антимиграциялық топты күшейтіп жіберді. Жергілікті халық та мигранттардың келуіне бірден қарсылық танытты. Брейвик өз сөзінде Скандинавия елдерінің ішіндегі жалғыз Дания ғана миграцияға қарсы дұрыс саясат ұстанатынын, онда мемлекет заңының қатаң түрде болуын өте дұрыс бағалаған. А.Брейвиктің «2083 жылғы Еуропа тәуелсіздік декларациясы» атты интернет-манифестінде осы Дания мемлекетін барлық Еуропа елдеріндегі мұсылмандарға қарсы дұрыс саясат ұстанушы ел деп таныған. Ол Норвегия билігін елдің мүдделерін

ойламайтын саясаткерлерден, сатқындардан тұрады деп айыптаған. Себебі мұсылмандар барлық Еуропа-ны демографиялық дамулары арқылы болашақта басып алады деп сескенген [8].

Еуропадағы Норвег қайғысы, сол сияқты Даниядағы пікір-таластар өте күрделі тақырыптардың қатарында болып отыр. Көптеген саясаткерлер бұл мәселені қақтығысты, жаугершілік және арандату-шылық деп түсінеді. Данияның бұрынғы СІМ Уффе Эллеманн-Йенсен Брейвик оқиғасының бүкіл Еуропада қайталануы мүмкін, он-жиырма жыл бұрын мұндай мәселені мүлдем болжауға болмайтын еді, ал қазір миграциялық мәселе өте даулы болып отыр деп пайымдайды. Ал Дат халық партиясының өкілі Сёрен Эсперсен Данияда миграциялық мәселені қатаңдатпаса 2050 жылға дейін мұсылман азшылығы мемлекет халқының көп бөлігін құрауы мүмкін деген ойын білдірді. 2010 жылдың 1 шілде күні Дания ұлттық статистикалық институттың зерттеуінің мәліметіше елде 333977 шетел азаматтары (барлық халықтың 6 пайызы), оның ішінде 180706 адам батыс мемлекеттерінің тұрғындары емес [8].

Данияның миграциялық саясатының ең маңыздысы «отбасыларды жақындату» саясаты. Дегенмен бұл жоба бойынша мемлекетке кіру үшін көптеген: ерлі-зайыптылар міндетті түрде бірге тұрулары; Дат үкіметі бұл некені мойындауы; екі жақта өз еркімен некеге тұруы; ерлі-зайыптылардың жасы 24 жастан кем болмау керек; тұратын үйлерінің болуы (20 кв.м кем болмау керек); ай сайынғы кірістің болуы; ер кісінің әйелін қамтамасыз ететін 50000 дат кроннан астам ақшасы болуы; ерлі-зайыптылардың бірге кем дегенде 1,5-2 жж. бірге тұрулары, т.б. шарттарға сай болуы керек. Сонымен бірге «Отбасыларды жақындату» саясаты бойынша мемлекетте болу мерзімі бір жылға ғана рұқсат етілген. Ал егер тұрақты тұруға рұқсат алғылары келсе келесідей шарттарға сай болу: интеграция бағдарламасын өтуі; дат тілінен емтихан тапсыруы; заң алдында жауапкершілігі болмауы; төленбеген қоғамдық қарыздары болмауы керек. Еуропарламенттің әлеуметтік-демократиялық тобының басшысы Мартин Шульц Данияның жаңа отбасыларды жақындату заңын адамдарды бірінші және екінші сортқа бөлетіні және адам құқықтарының орындалмауы деп айыптады.

Өткен жылы Дания парламенті елден босқын мәртебесін сұраған мигранттардан құны 1500 еуродан асатын бағалы заттарын полицияның тәркілеуіне рұқсат беретін жаңа ережені мақұлдады. Алынған бағалы заттар, билік мигранттардың ісін қарап, тиісті шешім шығарғанша, олардың жатын орны мен тамағының ақшасын өтеуге жұмсалады [9]. 2015 жылы Данияға 20 мыңға жуық мигрант барған. Бұл Еуропалық Одаққа мүше-елдер арасында жан басына шаққандағы ең жоғарғы көрсеткіш. БҰҰ бас хатшысының өкілі Стефан Дуярич Дания билігінің шешімін сынап, «Еуропаға ұмтылған босқындарға аяушылықпен және құрметпен қарауға» шақырған. Ол бұған қоса босқындарға барлық тиісті құқығы берілуі тиіс екенін де айтқан. Дания оппозициясы жаңа ережені «жиіркенішті ұлтшылдық» және мигрант-тарды «үркітудің нышаны» деп атады.

Мигранттарға Данияның құндылықтарын сыйлауға, білуге, білім алу, қызметке тұру, шетел тілдерін меңгеруге, халықаралық гуманитарлық ұйымдардың қызметіне араласу және өздерін қамтамасыз ететін қаражат табуға тиісті. Өтініш беруші банктік гарантия 100 мың крон беру керек, әлеуметтік көмек 3 жыл мөлшерінде алмауы және дат мемлекетінің алдында қарыздары мүлдем болмауы керек. Бұл жүйе Еуропа-лық мемлекеттердің азаматтарына қатысты болмады. Сондықтан Еуропарламент тарапынан сынға ұшы-рады. Мигранттарға беретін әлеуметтік жәрдемақыларды керісінше азайтқандығы жайлы мәліметтер де бар. 2015 жылдың басында тек 100 адам ғана баспана сұрауға өтініш берсе, қалған мигранттар Финляндияға, Швецияға кеткен болатын.

Батыс Еуропаның көптеген елдеріндегідей заңсыз көші-қон мәселесі Данияда қатты сезілмейді. Полицияның мәліметтері бойынша елде 20 мыңнан 50 мыңға дейінгі мөлшерде заңсыз мигранттар бар, яғни бұл сан барлық мигранттардың 5 пайызын құрайды [10]. Бұл мемлекеттің қатаң заңнамасы мен жүргізген қатал миграциялық саясатымен байланысты.

2014 жылы Дат халық партиясының бастауымен тұрақты кедендік бақылау күшейе түсті. Қосымша шекараларға 50-ге жуық кеден қызметкерлерімен толықтырды. Бұл шаралар шекаралық қылмыстарды тоқтатуға көмектеседі деп санайды. Дегенмен Германия тарапы Дания билігінің қабылдап отырған бұл саясатын Шенген келісімін орындамай отыр, яғни тауарлар мен адамдардың еркін қозғалысына кері әсерін тигізуде деп қатты сынға алды. Еуропалық эксперттер Данияға тексеріс жүргізу мақсатында барып, Дания билігінің саясатын төмен бағалады. Ішкі істер жөніндегі еурокомиссар Сесилия Мальстрем Дания ЕО барлық міндеттерін және Еуропада еркін кіру саясатын орындау керек, егер орындамаса Еуропалық Сот алдында жауапқа тартылуы керек деген [11].

Қорыта айтқанда, Еуроодақ орасан зор көші-қон толқынын ұстап тұрған жағдайда Дания мигранттарға қатысты және баспана сұрағандарға ЕО елдері үшін квота туралы мәселеде еуропалық ортақ саясатқа

қосылмайтындығын мәлімдеді. Керісінше, көші-қон заңнамасын қатандатып және босқындар үшін берілетін жәрдемақының көлемін қысқартуда. Данияның көші-қон саясаты басқа Солтүстік Еуропалық мемлекеттерден ерекшеленеді. Финляндия, Швеция және Норвегия мәдени түрлілікті сақтай отырып мультикультурализм саясатын жүргізеді. Дания бұл саясатты ұстанбайды. Соңғы жылдары батыс емес елдерден келуші мигранттардың ағыны өсуде. Бұл аймақтағы елдердегі миграциялық жағдай бір жағынан ғаламдандудың объективті үрдістерімен, екінші жағынан қазіргі халықаралық-саяси жағдайлармен күрделенуде. Миграциялық ағындар жергілікті ұлт пен келуші этностардың өзара қатынастарына әсер етеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Закон об иностранцах./Ариба О.И. Иммиграция, интеграция натурализация. Опыт западноевропейских стран. –М.: Издательство Института Гайдара, 2012. – С. 131-132.
2. Васильева Т.А. Миграционная политика, гражданство и статус иностранцев в странах западной демократии (сравнительно-правовое исследование) Автореф.дис...док.юр. наук. – М., 2010. – 55 с.
3. Новые правила для мигрантов в Дании//<https://www.euromag.ru/denmark/46275.html>2016.27.01
4. Паникар М.М., Васева О.А. Специфика миграционных процессов на севере Европы (на примере Королевства) // Арктика и Север. 2015. № 21. – С.46.
5. Панкратов С. Дания избавляется от «нежелательных иностранцев». URL: http://radiovesti.ru/article/show/article_id/14261 (дата обращения: 21.09.2015.).
6. Население Дании. URL: <http://countrymeters.info/ru/Denmark> (дата обращения: 06.11.2015).
7. Миграционный кризис в Европе // Подробнее на ТАСС // <http://tass.ru/migracionnyy-krizis-v-evrope>
8. Об иммиграционных проблемах в Дании. Дания вырастила своих Брейвиков.// Эхо планеты. 2 сентября 2011 года// demoscope.ru/weekly/2011/0477/gazeta015.php
9. Дания принимает закон об изъятии ценностей беженцев //www.bbc.com/russian/international/2016/01/160126_denmark_migrants_law
10. Дания за неделю: 50 тыс. нелегалов и шантаж мэра Копенгагена. URL: <http://www.news Balt.ru/detail/?ID=3975> (дата обращения: 21.09.2015).]
11. Почему Швеция и Дания закрыли двери для беженцев?// <https://inosmi.ru/politic/20160930/237944697.html> (30.09.2016).

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

УДК: 341.24: 351.88
МРНТИ 04.11

Е.Т. Базаров¹

¹ҚР ҰҚК Академиясының Phd докторанты,
Алматы қ., Қазақстан abitovad@inbox.ru

«ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК» ҰҒЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОМПОНЕНТАСЫ МӘСЕЛЕСІНЕ

Аңдатпа

Мақалада «қауіпсіздік» ұғымы көпқырлы әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл ұғым тарихи сипатқа ие және «табиғат - адам - қоғам» жүйесіндегі өзара әрекеттесудің әртүрлі бағыттарымен тығыз байланысты.

Қазақстан тәуелсіз, егеменді даму жолына түскен кезде еліміз үшін ұлтаралық қатынастар үлгісін жасаудың маңызы айқындалды. Бірақ өзіндік дәстүрі, тарихы, ерекше ұлтаралық қатынастар жағдайы бар қазақстандық қоғам үшін бұған дейінгі солтүстікамерикалық, оңтүстікамерикалық, еуропалық, ресейлік, қытайлық және т.б. үлгілер сәйкес келмеді. «Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бірегейлік пен бірлік саласында әмбебап стандарттар мен ұсыныстар болмайды. Әлемдегі бірде бір елдің осы салаға байланысты дайын үлгілері мен жауаптары жоқ. Дүниеде әлі ешкім бірегейлік пен бірліктің жалпыға ортақ индексін немесе өмірдің осы саласын өзгертуге қабілетті формулаларын жасай алмаған» [5], - деп, Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның ұлт саясатындағы жалғыз жолы ретінде бірлік пен азаматтық бірегейлік негізінде ұлтты жүйелі қалыптастыруды бекітті.

Президент: «Полиэтикалық мемлекеттің қазақстандық үлгісінің қандай ерекшелігі бар? Біріншіден, ұлттық саясаттың ең басты элементтерінің бірі қазақтың мәдениетін мақсатты түрде дамыта отырып, өзге этностардың дамуы үшін барша жағдайларды жасау болып табылады». Президент «өзге этнос өкілдерінің ана тілінде сөйлеуге және түсінікті болуға деген құқығы барлық уақытта сақталады. Қазақ тілін егер біз оны мәжбүрлеусіз ендіру саясатын жалғастыра түссек, Қазақстанның барша ұлттық топтары игеріп шығады» [6], - деп, баса айтып өтті.

Қазақстан – унитарлы көпұлтты мемлекет. Оның Конституциясында Қазақстан халқын құрайтын барлық ұлттар мен ұлттық топтардың құқықтары теңестірілген, әрі байырғы қазақ жерінде бой түзеген Қазақ мемлекетінің тарихи құрылу фактісіне баса назар аударылған. Яғни «мемлекетіміздің негізін қалыптастырған – қазақ ұлты. Бұны бірінші кезекте күллі жаһан мойындаған. 1993 жылы Ата заңымызда «Қазақ ұлты» делінсе, 1995 жылғы Ата заңымызда «байырғы қазақ жерінде мемлекет орната отырып» делінген. Мемлекетіміздің аты – Қазақстан, яғни қазақ ұлтының атымен аталады, «-истан» дегеніміз – мекен, орын. Қазақстан – қазақтардың мекені, «қазақ елі» дегенді білдіреді», - деді М. Тәтімов. Ал Әбдімәлік Нысанбаев: «Конституцияда жазылған «қазақстан халқы» ұғымын еліміздің сан түрлі этнос-тарының қарапайым жиынтығы түрінде ұғынсақ, қатты қателесеміз. Қазақстан халқы – осы тәуелсіз унитарлы мемлекеттің негізін құрап отырған шешуші қазақ халқының маңына топтасқан халқымыздың мәдениетіне, діліне өз мәдениеттері арқылы отандастарымыз қауымдастығының жаңаша сапалық күйі», - деп сипаттап берді [7].

Алайда Қазақстандағы ұлттық қатынастар, қазақстандық бірегейлік деген кезде, қазақ ұлтына басымдық беру, ұлт мәселесіне келгенде, мемлекет құрушы ұлттың маңызын үнемі ерекше атау басқа ұлт өкілдерін кемсіту емес, бүгінгі жаһандану заманынан туып отырған қажеттілік. Әлемдегі кез келген Қазақстан секілді көпұлтты мемлекеттің өзінің тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтаудың негізгі шарттарының бірі – ол оның азаматтарының ұлтқа бөлінбей, бір қауымға, тұтас халық дәрежесіне біріктіру мәселесі

алынады. Сондықтан да Қазақстан билігі өз азаматтарының ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, жалпы қазақстандық ұлт дәрежесіне біріктіру саясатын ұстанған. «Ең алдымен біздің бәріміз – қазақстандықтармыз, осында тұрып жатқандар – Қазақстан азаматтары, бәрі де – қазақстандықтар. Өңгіме тұтас алғанда, ел туралы болғанда және елден тысқары жерде жүргенімізде, біз – қазақстандықтармыз. Ал ұлттың ішкі өмірі туралы болған кезде, әрбір ұлттық топ өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін аялауға құқылы және бұған ешкім де кедергі келтірмеуге тиіс» [8].

Қазақстанда 1992 жылы елдің саясатын реттейтін негізгі құқықтық база қалыптасты. Соның негізінде, Қазақстандағы барлық этнос өкілдерінің мүддесін қамтамасыз етуші ұйым туралы идеяны алғаш рет 1992 жылы тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының бірінші форумында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бұл форумды тұрақты негізге ауыстыру идеясын ұсынды [9].

Еліміздегі халықтардың татулығы жайында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы «Тарихи зерде кешіндегі сөз» тақырыбындағы баяндамасында: «...Жас мемлекетіміздің қуаттылығы, оның танылуы мемлекеттің өзіндік дербес жүргізіп жатқан ұлт саясаты мен халқының бірлігіне, ұйымшылдығына, ынтымақшылдығына және отаншылдығына байланысты болмақ. Шынайы тәуелсіздікке жетуіміз барлығымызға бұрынғыдан да гөрі салмақтырақ жауапкершілік артты. Олардың ішінде, әсіресе ұлтаралық жарасымдылықты республикамыздағы көршілес, жері іргелес елдермен өзара достық, өзара тиімді экономикалық мәдени, рухани байланысты нығайту үшін де аса маңызды алғышарт болып табылады» [10], - деген еді.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылған.

Бұл органның пайда болуы халық арасында да, этникалық азшылық арасында да қолдау тапты. Ассамблея өз жұмысын бастағаннан кейін, этникалық азшылықтың көптеген ұлттық-мәдени орталықтары алғаш рет өздерінің тілін, дәстүрлерін жаңғыртуға және оны мемлекеттің қолдауымен жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілдері тұрады.

Елбасы одан әрі осы мақсатқа жету үшін Ассамблеяның алдында қандай міндеттер тұрғанын атап өтті. Сөзінің соңында Президент Ассамблеяның конституциялық мәртебесі өскен соң, ол туралы жеке заң қабылдау қажеттігін айтып, «Ассамблеяның негізгі мақсаты азаматтық қоғамның негізіндегі біртұтас бірегейлікті құруға бағытталған идеологиялық бағытты қолдауға бағытталсын» [9, 93], - деді.

Қазақстандағы ұлтаралық татулық пен саяси тұрақтылықты нығайту мақсатында 1995 жылы 18 қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі мәжіліс өткізген. Онда елдің келешек даму жолына алаңдаушылық білдіріп, республикадағы өтпелі кезеңде, қоғамдық-саяси жағдайда қиындықтар бар екендігі айтылған. Бірақ өркениеттілік жағдайында Қазақстан құқықтық және демократиялық мемлекетті нығайта отырып, азаматтарының ұлтаралық келісімде өмір сүруіне мүмкіндіктер жасайтындығы аталған. Оған дәлел Қазақстан Республикасы Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтарына іргелі негіз жасап, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу керектігі көрсетілген [11].

Елімізде ұлтаралық татулықты қалыптастыру мақсатында 1995 жылы Алматы қаласынан аттанған делегация өкілдері облыстарға түсіндіру, насихаттау жұмыстарымен барып, Кіші Ассамблеяларды құру және ұлттық-мәдени орталықтардың жұмысын жандандыру мәселесін көтерген. Осындай Кіші Ассамблеялардың бірі Атырау қаласында құрылып, онда өз жұмысын бастағандығы жайында және олардың Қазақстан халқы Ассамблеясының секретариатының бөлім меңгерушісі С.Т. Сейдумановтың атына жолдаған мәліметінен байқаймыз[15].

Мемлекет басшысы 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясындағы сөзінде мемлекетіміз әу бастан ұлттық қауымдастық емес, азаматтық қоғам құруға бағытталғанын атап өтті. Адам баласы өткен ғасырдың соңғы он жылдығына аяқ басқан шақта әлемдегі ең алпауыт мифтерінің бірі – «біртұтас кеңес халқы» туралы аңыз ғайып болды. Бүгінгі ұрпақ кезінде Кеңес үкіметінде орын алған ұлттық саясат қатаң субординация, аға мен іні халықтарына бөліну, зорлық-зомбылық пен шектеушілік қағидасына негізделгенін біледі. Сонымен бірге ұлт мәселесінің оң шешілмеуі де ақыр соңында КСРО атты алып мемлекеттік құрылымның құрдымға кетуіне әсер еткенін түсінеді [16].

2008 жылғы 20 қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды. Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындады [9, 94].

Егер біздер өркениетті елдер қатарына қосыламыз десек, сөз жоқ, адамзат баласы қалыптастырған баршаға ортақ қағидаларға бой ұсынып, соларға қарай бірте-бірте аяқ басуымыз керек. Ол үшін өзімізге өзіміз сын көзбен қарап, бойымызда бар, ұлтымызға тән қасиеттерді әрі қарай дамытып, жетілдіре түсуіміз қажет.

Біздің елімізде Отансүйгіштік идеясы қашанда қоғамның жалғыз рухани тұрмыс-тіршілігінде ғана емес, сонымен бірге қызметінің барлық мейлінше маңызды – мәдени, идеологиялық, саяси және тағы басқа салаларында ерекше орын алды. 2008 жылдың 6 ақпанында Елбасы Н.Ә. Назарбаев ҚР Парламенті қос палатасының мәжілісінде Қазақстан халқына кезекті Жолдауын таныстыра отырып, Қазақстанның саяси және мемлекеттік құрылыс үлгісін одан әрі жетілдіру, әрі оны жалпыға ортақ демократиялық даму заңдылықтары мен қоғамымыздың дәстүрлерін ұштастыру жолымен ілгері басу қажеттілігін қадап айтты. Одан әрі Президент тәуелсіз еліміздің жетістіктерін тізе келе, «біз қоғамдық келісім, ұлтаралық татулықты қамтамасыз етудің, қазақстандық бірегейлік пен жалпы қазақстандық отансүйгіштіктің жеке үлгісін жасай алдық» [17], - дейді.

Қоғамда «Қазақстан – біздің Отанымыз» деген мәні қарапайым ойды бекітуіміз керек. Аталған идея өз ішіне көп нәрсені сыйғызады. Сондықтан кез келген азамат, қай ұлттың өкілі болмасын, ең алдымен, ортақ үйміздегі достық пен келісім ахуалын қолдауы тиіс. Айталық, әлемде ұлттары мен ұлыстарының саны бізде де көп талай мемлекеттер өмір сүреді, олардың арасында дамыған мемлекеттер де аз емес. Олардың патриоттық сезімі де жоғары» [18].

2006 жылы қабылданған «Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің 2006–2008 жылдарға арналған қазақстандық үлгісінің бағдарламасында» елімізде 130 ұлт, ұлыстар мен этникалық топтардың өмір сүретіндігі аталып өтті. Бірақ оларды 130 ұлт пен ұлысқа бөлудің белгілері көрсетілмеген. Тіпті Қазақстан Республикасының Конституциясы да азаматтарды ұлттық белгілерге қарап, алалауға болмайтынын ескертті. Ендеше, Қазақстан халқы этникалық тұрғыдағы алуан түрлілігіне қарамастан, біртұтас жұрт болып табылады. Ал қазақтар болса, мемлекет құраушы ұлт. Бұл – оның ұлттық артықшылығы емес, азаматтық ұстанымы. Тек қазақтар ғана Қазақстанда тұратын барлық ұлттың игілігін қамтамасыз етіп, қоғамды түрлі, әсіресе ұлтаралық араздықтан аман сақтауы тиіс. Сондықтан өзге ұлт өкілдері бұған түсіністікпен қарайды, себебі, бұл – біртұтас мемлекеттегі қарым-қатынас пен бейбіт қатар өмір сүрудің табиғи да тарихи заңдылығы. Онсыз мемлекетте қарама-қайшылықтардың қордаланып, дау-жанжалға ұласуы мүмкін.

2009 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны төмендегідей болды: қазақтар – 9540806; орыстар – 3869661; өзбектер – 463381; украиндар – 422680; ұйғырлар – 241946; татарлар – 226803; немістер – 20957; корейлер – 103931; дүнгендер – 49605; поляктар – 39869; күрдтер – 39660; шешендер – 36555; тәжіктер – 34296; башқұрттар – 20323; басқа этностар – 195856.

Көпэтносты Қазақстан халқының қалыптасуының тарихи кезеңдері Ресей империясы отаршылдығының дәуірін, кеңестік кезеңді және еліміздің қазіргі тәуелсіз даму кезеңін қамтиды. Ресей патшалығының қол астында болған кезде Қазақстан халқы этностық біртектіліктен көп ұлтты елге айналса, кеңестік дәуірде еліміздің этностық құрылымында үлкен өзгерістер жүргізіліп, ұлтаралық қатынастарда күрделі мәселелер қордаланып қалған болатын. Ал қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында ұлтаралық қатынастардағы келеңсіз құбылыстарға жол бермеу үшін өмірлік талаптарға жауап беретін, қоғам болашағына негіз бола алатын, тиімді әрі оңтайлы этносаралық қатынастар моделін қалыптастыру мен оны жүзеге асыру міндеті орындалуда. Оның басты дәлелі – Қазақстан этностық тұрғыда қақтығыстарға жол берген жоқ [19].

Еліміздің тәуелсіздік алған уақытынан бері қазақ халқы өзге ұлт өкілдерімен саяси тұрақты және ұлтаралық келісімде өмір сүруде. Бұл ширек ғасырға жуық уақыт аралығында этносаралық қарым-қатынастың қазақстандық үлгісінің қалыптасқандығын байқатады. Ал елдегі азаматтардың ортақ отансүйгіштігі мен ұлтаралық келісімі бейбіт және тату өмір сүрудің нәтижесінде қалыптасатындығы сөзсіз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Мұнда барлық халықтар тең // *Мирас*, №2. 2010. – 23 б.
2. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты (ҚР ПМ). 5-н-қ., 1-т., 2566-іс, 1-п.
3. Козыбаев М.К. «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» В двух книгах. Книга первая. – Алматы: Ғылым, 2000. – 61 с.
4. Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк / Е.Л. Тугжанов, Г.В. Кан, В.С. Коробков, Н.У. Шаяхметов. – Алматы: Паритет, 2010. – 304 с.
5. Статья Главы государства «План нации – Путь к казахстанской мечте» // *Официальный сайт Президента Республики Казахстан URL: http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferens/* 30.06.2016
6. Назарбаев Н. Национальное согласие – основа стабильности и развития Казахстана (из доклада на пятой сессии АНК, 21 января 1999 года) // *Казахский альманах*. №1. 2009. Май-июнь. – С. 13-18.

7. Жәпек М, Ыбраева Г. Ұлттық тұтастықтың кілті – бірлікте // Қоғам және дәуір. – 2010. - №1(25). – 57-59 бб.
8. Назарбаев Н.Ә.: Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы / Е.Л. Тоғжанов, Ә.Ә. Әбдіәкімов, Н.П. Калайшикова, В.Г. Коченов, С.В. Селиверстов, А.М. Әли, Н.Ж. Шәймерденова, Ғ. Төлегұл. – Астана: «Жасыл Орда», 2014. – 282 б.
9. Рустембекова Д.К., Амандықова С.К. Қазақстандағы этносаралық қатынастардың саяси-құқықтық негіздерінің кейбір мәселелері // KazNU Bulletin. Law series. №1 (69). 2014. – 94-95 бб.
10. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Раритет», 2010. – 369-370 б.
11. ҚР ПМ. 54-қ., 1-т., 5668-іс, 3-п.
15. ҚР ПМ. 54-қ., 1-т., 5675. 1-іс, 1-п.
16. Абсаттаров Р.Б., Садықов Т.С. Воспитание культуры межнационального общения студентов. – Алматы, 1999. – 94 б.
17. ҚР ПМ. 5-н-қ., 1-т., 3378-іс. 21-п.
18. ҚР ПМ. 5-н-қ., 1-т., 1815-іс. 2-п.
19. Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. – Алматы: «ҚАЗ ақпарат», 2015. – 69-70 бб.

УДК 338.124.4 (574)

МРНТИ 05.07.33

Қ.М. Ерімбетова¹

¹ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ (2000-2010 жж.)

Аңдатпа

Мақалада нарықтық экономика жағдайында жүргізілген кешенді шаралар жүйесі, экономикалық дамудың ұзақ мерзімді Стратегиясы - экспортқа бағдарланған үлгісін қалыптастыру, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және экономикалық өсімге табысты қол жеткізудің негізгі тетіктері жөнінде сараланады. Ұзақ мерзімді Стратегияның басты мақсаты – экономика салаларын әртараптандыру жолымен тұрақты экономикалық жетістіктерге, жоғарғы өнімділіктің алғы шарттары - заманауи технологияларды қолдануға қол жеткізу. Сол сияқты кәсіпкерлік ахуал, бәсекелестік орта қалыптастыру, жеке меншік секторды қосылған құны жоғары өндірістер құруға ынталандыратын қоғамдық институттар жүйесін құру. Осыған орай оны жүзеге асыруда Қазақстан Даму Банкі, Қазақстан Инвестициялық қоры, Ұлттық инновациялық қор, бірлескен жобаларды қаржылық және техникалық жағынан демеуді қамтамасыз ететін экспорттық несиелерді сақтандыру жөніндегі Корпорация даму институттары құрылды.

Олар өздерінің мүмкіншіліктері мен іскерлік әріптестік қатынастарын көрсете алды. Қазақстан ТМД елдері ішінде алғаш рет экономикалық дамуды басқарудың жаңа - Ұлттық инновациялық жүйесін құрды.

Кілт сөздер: дағдарыс, трансұлттық корпорация, қаржы жүйесі, экспорттық әлеует, инвестиция, инновациялық даму.

Аннотация

К.К. Ерімбетова¹

¹ведущий научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК

ГЛОБАЛЬНЫЙ АНТИКРИЗИСНЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ КАЗАХСТАНА (2000-2010 гг.)

В статье рассматривается система комплексных мер для формирования долгосрочной Стратегии экспортно-ориентированной модели экономического развития и реализации инвестиционных проектов и основные механизмы достижения экономического роста осуществляемых в условиях рыночной экономики. Основная цель долгосрочных стратегических секторов экономики основана на диверсификации устойчивых экономических достижений и предпосылок для повышения производительности – доступ к использованию современных технологий.

А также формирование конкурентоспособной среды, бизнес-климата, стимулирование высокотехнологичных отраслей в частном секторе с добавленной стоимостью, создание системы общественных институтов. В связи с этим, для осуществления совместных проектов, оказывающих финансовую и техническую поддержку Банку Развития Казахстана, Инвестиционному фонду Казахстана, Национальному инновационному фонду создана Корпорация институтов развития по страхованию экспортных кредитов.

Они показали свои возможности и партнерские отношения. Впервые в странах СНГ создана новая - Национальная инновационная система управление развития экономики.

Ключевые слова: кризис, транснациональная корпорация, финансовая система, экспортный потенциал, инвестиция, инновационное развитие.

Abstract

K.M. Erimbetova¹

¹Leading Researcher Institute of History of the State Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

GLOBAL ANTI-CRISIS THE ECONOMIC POTENTIAL OF KAZAKHSTAN (2000-2010 yy.)

The article deals a system of comprehensive measures for the formation of a long-term strategy of export-oriented economic development model and realization of investment projects and the basic mechanisms for achieving basic mechanisms for achieving economic growth carried out in conditions of market economy.

The main objective of long-term strategic sectors of the economy based on the sustainable diversification economic achievements and prerequisites for increasing productivity - access to and use of modern technologies.

As well as the formation of a competitive environment, business climate, promotion of high-tech industries in the private sector value added, creation of a system of public institutions.

Concerning, for the implementation of joint projects, providing financial and technical support to the Bank of Development of Kazakhstan, Investment Fund of Kazakhstan, National Innovation Fund created Corporation established institutions of export credit insurance. They showed their potential and partnerships.

For the first time in the Commonwealth of Independent countries created new - National innovation system of economic development management.

Key words: crisis, transnational corporation, the financial system, the export potential, investment, innovation development.

Жаһандық дағдарыстың ұласу сипатына орай, оған қарсы мемлекеттік шаралар қарастыру күн тәртібінде тұрды. Қазақстанда индустриалдық-инновациялық даму Стратегиясы жарияланды және оны елдің нақты табыстарына айналдыру тәжірибесі елге сенімділік ұялатты. Таңдалған жолдың дұрыстығына көз жеткізілді. 2007 жылғы әлемдік қаржы нарығындағы дағдарыстың әсерін бәсеңдетуде кешенді шаралар жүйесі әзірленіп, дәйектілікпен іске асырылды. Ішкі және сыртқы конъюнктура жіті қадағаланып, жедел табанды шаралар қолға алынғандықтан да жаһандық азық-түлік дағдарысы ұлттық апатқа айналған жоқ. Тұрақты экономикалық даму үлгісі нарық жағдайында, Қазақстанда және шет елдерде бәсекелесуге қабілетті, трансұлттық корпорацияларды құруды ынталандыратын, экономикалық және саяси жағдайды қалыптастыруда мемлекеттің белсенді іс-қимылын қажет етеді. Қазақстан экономикасы ішкі рыноктың сыйымдылығы бойынша ауқымды еместі. Осыған байланысты экономикалық өсудің ұзақ мерзімді Стратегиясы дамудың экспортқа бағдарланған үлгісін қалыптастыруға бағытталды.

2001-2003 жылдардағы Үкіметтің іс-шаралары мемлекеттің және кәсіпорындардың берешегін жою бойынша, кедейлікпен күрес, өндірістік, қаржы және бюджеттік секторда реформаны жалғастыру, одан әрі қарай институционалдық түрленуді қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталды. Сонымен қатар бір уақытта тұрақты қаржы және салық-бюджет жүйесін құру саласында да жұмыстар жүргізілді. Үкіметтің бұл жылдардағы қызметі инфляцияны әрі қарай төмендетуді қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларды орта және ұзақ мерзімді несиелеу үшін жағдай туғызатын жүйелік шараларды жасауға, мұнайға қатысты әлем бағаларының күрт ауытқуынан тәуелсіз бюджеттік жүйені қамтамасыз етуге, шикізат емес сектор салаларының дамуына жағдай туғызуда шоғырланды. Қойылған міндеттердің шешілуіне негізгі ықпал еткен шаралар: Қазақстан Ұлттық Қорын және Қазақстан Республикасы Даму банкі құру; ақша қаражаттарына рақымшылық жүргізу; қаржы лизингі туралы, құрылыстық жинақтар туралы, ипотекалық несиелеу туралы, сақтандыру қызметі туралы, салықтық кодекс заңдарын қабылдау. Бұл кезең өндіріс өсімінің жоғары қарқынымен, жұмыссыздықтың күрт қысқаруымен және халықтың нақты табыстарының өсуімен сипатталады. Стратегияның алғашқы шараларын жүзеге асыру бойынша Қазақстан экономикасының барлық салаларында оң өзгерістерге қол жетті. Жаппай экономикалық өсу белгілері халықтың әлауқатын көтеруге оң әсер етті.

Мемлекеттік бюджет және кәсіпорындар 2002 жылда-ақ ағымдағы берешекті жойды, нақты секторға инвестициялардың өсу үрдісі басталды. Аграрлық сектордағы жұмыс бір қалыпқа түсті. Экономика қарқыны мен халықтың әлауқатының өсуін сипаттайтын оң көрсеткіштер серпіні, тұрақты экономикалық өсу үлгісін құру бойынша жұмыстарды жандандыруға негіз болды [1]. Негізгі атқарылатын басым іс-қимылдар үш жылдық мерзімге көшіріліп, 2003 жыл республика тарихында экономика саласында стратегиялық міндеттерді қолға алу кезеңі болды. 2003 жылы тұрақты даму үлгісін қалыптастыру саласында жұмыс стратегиясын анықтайтын Қазақстан экономикасының 2015 жылға дейінгі дамуының екі негізгі

құжаты қабылданды: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енуі» және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдаулары негізінде Қазақстанның 2003-2005 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық Даму стратегиясы қабылданды. Мұнда 2015 жылға дейінгі Стратегияны жүзеге асырудың жұмыс тетігі ретінде, әлемдік дағдарыс жағдайында қазақстандық өндірістің кейбір салаларын алға шығару мүмкіншілігінің бар екендігі халыққа жария етілді (ҚР Президентінің 17 мамыр 2003 жылғы № 1096 Жарлығы).

Ұзақ мерзімді Стратегияның басты мақсаты – экономика салаларын әртараптандыру жолымен тұрақты экономикалық жетістіктерге, жоғарғы өнімділіктің алғы шарттары - заманауи технологияларды қолдануға қол жеткізу. Сол сияқты кәсіпкерлік ахуал, бәсекелестік орта қалыптастыру, жеке меншік секторды қосылған құны жоғары өндірістер құруға ынталандыратын қоғамдық институттар жүйесін құру. Осыған орай оны жүзеге асыруда Қазақстан Даму Банкі, Қазақстан Инвестициялық қоры, Ұлттық инновациялық қор, бірлескен жобаларды қаржылық және техникалық жағынан демеуді қамтамасыз ететін экспорттық несиелерді сақтандыру жөніндегі Корпорация даму институттары құрылды.

Олар өздерінің мүмкіншіліктері мен іскерлік әріптестік қатынастарын көрсете алды. Қазақстан ТМД елдері ішінде алғаш рет экономикалық дамуды басқарудың жаңа - Ұлттық инновациялық жүйесін құрды. Алда экономиканы шикізаттық бағдарынан өңдеушілік бағдарға қарай диверсификациялау жолдарын айқындап алу міндеті тұрды. 2004 жылдан бастап инновациялық инфрақұрылым негіздерін құруға нақты қадам жасалды, төрт технопарк құрылды – алдымен ақпараттық технология Паркі, сол сияқты аймақтық парктер. Қазақстанда бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялы және тауарды сыртқа шығаруға бейімделген экономиканы дамытуға жағдай жасалып, шығарылған өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, қосылған құнның технологиялық және экономикалық леспелі дамуы (ЦДС) сақталынатын өндірістің жалпы жүйесін (кластерлер) құру бойынша жұмыстар жүргізілді. Мемлекет алдындағы басты міндет – экономиканың шикізат емес салаларына инвестиция тартуға, заңнамалық ережелерді жасауға бағытталды. Қазақстандық маркетингтік-талдамалы зерттеу Орталығы Халықаралық дәрежеде танымал «Дж.И.Остин» (J.E. Austin Associates Inc) консалтингтік компаниясымен «Қазақстан экономикасындағы іс-қимылдар дамуына және келешекте әлеуеті зор секторлардың бәсекеге қабілеттілігіне баға беру мен олардың дамуына ұсыныстар жасау» жобасын жүзеге асырды. Бұл жоба аясында барлық қазбалы емес салаларға талдау жасалынды. Қазақстандық, аймақтық және әлемдік деңгейдегі нарық әлеуетіне баға берілді, жеті болашағы бар салалар мен «кластерлер» анықталды. Олардың ішінде тамақ өнімдері өндірісі, мұнай-газды машина жасау өнімі, металлургиялық өнім өндірісі, көлік-логистикалық қызмет, құрылыс материалдары өндірісі кластерлері. Стратегияны жүзеге асыру сыртқы капиталды тартуды қажет етеді, ең алдымен әлемдік жетекші компаниялармен ынтымақтастықты жолға қою керек болған-дықтан, бұл мақсатта Қазақстан жағынан ірі трансұлттық компанияларды елдегі болашағы бар жобаларға тарту мақсатында келіссөздер жүргізілді [2,83-85 pp.]. Экономиканы диверсификациялауға және елдің шикізаттық факторға тәуелділігін жою мақсатында алғаш рет 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму Стратегиясы белгіленді және оның аясында өнеркәсіпті белсенді құрылымдық қайта құруға, елдің экономикалық дамуына инновациялық сипат беруге, ұтымды бизнес-орта құруға, өндіруші өндірісті дамытуға, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге бағытталған алғашқы қадамдар жасалынды [2,2п.]. Стратегияны жүзеге асырудың (2003-2005 жж.) бірінші кезеңінде экономиканың барлық салаларының заңнамалық базасына мониторинг жүргізілді, жаңа заңдар қабылданды, жаңа Даму институттарының жұмысының бастамасы белгіленді.

2003 жыл Индустриалдық—инновациялық стратегияны іске асырудың алғашқы жылы болды. Даму институттары құрылып, экономикадағы өңдеуші салаларды жаңғыртуға нақтылы ықпал жасалынды. Даму банкі жарты миллиард доллардан астам қаржы көлемімен 20 инвестициялық жобаға несие бөлді. Сонымен қатар инновациялық қор алғашқы ғарыштық жер серігінің жасалуын қаржыландыруды қолға алды. Бес мұнай-химия кәсіпорнының жұмысы қалпына келтірілді, Балқашта мырыш, Атырауда полиэтилен құбырларын өндіретін зауыттар, Каспий теңізіндегі жағалау жұмыстарына көмек жасайтын инфрақұрылым пайдалануға берілді. Қостанай дизель зауыты іске қосылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жаңғыртып, қайтадан жасақтау жүзеге асырылды.

2003 жылы тұңғыш рет өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны өндіруші өнеркәсіптің өсу қарқынынан асып түсті. Машина жасауда бұл көрсеткіш 20 пайыздан асты [3]. Алматы-Астана және Астана-Бұрабай авто-мобиль жолдары пайдалануға берілді. Қызылорда облысында Сырдария үстімен өтетін көпірдің, Алматы әуежайында жолаушылар терминалының, ұзындығы 402 шақырымдық аса маңызды «Алтынсарин-Хромтау» темір жолының түйісуі аяқталды. Қазақстан Республикасы жеке меншік пен еркін бәсекеге негізделген нарықтық экономика жолында мақсатты бағыт алды. 2003-2005 жылдары

өнеркәсіп өндірісі көлемінің индексі 26%, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 8,4%, байланыс қызметі көлемі 2,1 есе, көліктің барлық түрлерімен тасымалдау көлемі 25,9% өсті. Мұнай саласы есебінен дамып келген экономиканың жоғарғы қарқыны, 2005 жылы құрылыс, ауыл шаруашылығының жоғарғы даму қарқыны есебінен және қызмет көрсету саласының жан-жақты дамуымен қол жетті. Жалпы 2003-2005 жылдары тұрғындардың жан басына шаққанда ДЖӨ көлемі 1,3 есе өсті. Жұмыссыздар саны 2003 жылғы 672,1 мыңнан, 2005 жылы 639,3 мыңға азайды, яғни тұрғындардың белсенді бөлігін құрайтын бөлігі бойынша жұмыссыздар деңгейі 8,8 %-дан 8,1%-ға түсті. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму жетістіктерін халықаралық қаржы және рейтингтік агенттіктер мойындай бастады. Қазақстан жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктерде: Moody's Investors Service, Standard&Poor's және Fitch Ratings Ltd инвестициялық топ рейтингісінде Қазақстан 2005 жылы алғаш рет Бәсекеге қабілеттілік жөніндегі Дүниежүзілік Есепке ресми тіркелді және дамудың бәсекеге қабілеттілігі Индексіне сәйкес 61-ші орынды иеленуімен ТМД елдерінің алдына шықты [4]. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан өміршең және икемді экономика жасау үшін күрделі құрылымдық реформалар жүргізді, экспорттық әлеуетті ұлғайтты және экономиканы әртараптандыруды бастады. Сондықтан ел экономикасы дағдарысқа қарсы саясат жүргізуге қабілетті болып отыр. Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың құралы – мемлекеттік қаржы ресурстарын тарту арқылы жаңа өндіріс-терді қаржыландыру болып табылады. Қазіргі кезеңде Қазақстанда жаңа өндірісті қалыптастыру және кәсіп-керлікті ынталандыруға бағытталған мамандандырылған индустриалды-инновациялық инфрақұрылымдар, мемлекеттік бірнеше Даму институттары қызмет атқарады [2,4п.].

2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы экономиканы жаңа технологиямен қамтамасыз етіп, Қазақстанды индустриалды қоғам санатындағы елдер қатарына қосуды мақсат етті. Қазіргі кезең өте тиімді жоғары технологиялардың заманы. Және бұл бұрынғыдай дәстүрлі технологиялар емес, білім мен ғылым жаңалығын барынша мол пайдаланған инновациялық технологиялар. Америка, Батыс Еуропа, Жапония, Оңтүстік-Шығыс Азия «жолбарыстары» жылдық ішкі жалпы өнімнің 50-ден 80 пайызына дейін осы инновациялық технологиялар негізінде алады. Аталмыш Стратегия заманның осындай өктем талабынан туған еді. Оны орындау барысында ұлттық инновациялық жүйе, технопарктер, даму институттары құрылды. Стратегияны іске асыруда білім мен ғылымды дамытудың, инновациялық технологиялар енгізуге дайындығы мол кәсіпкерлер жасақтаудың маңызы анықталды.

Дегенмен, 2003-2007 жылдары Стратегияда көрсетілген іс-шаралар елімізде баяу жүрді, 2008-2009 жылдардағы дүние жүзі экономикасы дағдарысының теріс ықпалы да баяу қимылдың себебі болды. Әлемдік дағдарыстан Қазақстан тиісті қорытынды шығара білді: тек индустриялық-инновациялық технологиялық негізде жаракталған, сондықтан да тиімділігі жоғары экономика қандай да болса дағдарысқа тойтарыс бере алады. Әлемдік дағдарыстан алған негізгі сабақ осы болды [5]. 1991-2006 жылдар аралығында экономиканы дамыту деңгейі бойынша Қазақстан экономикалық реформалардың көшбасшы болып танылып, бұрынғы КСРО мемлекеттерінің арасында бірінші болып нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін және инвестициялық топтың жоғары рейтингтік бағаларын алып нәтижелерге жетті. 2008 жылы жаһандық экономикалық дағдарыс қатері жағдайында экономиканы одан әрі жаңғыртудың маңыздылығы, әлеуметтік даму қарқынын сақтау, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету мәселесі қарастырылды.

Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарынан нық орын алу мен экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға ықпал етуге тиісті 30 корпоративтік көшбасшыларын қалыптастыру негізінде елді индустриаландыру міндеттері басты стратегиялық мақсатқа айналды және атқарылатын басты міндеттер айқын-далды. Мемлекет басшысы Үкіметке дағдарысқа қарсы кешенді бағдарлама жасауды тапсырды. Оның негізгі бағыттарын атап көрсетті: қаржы секторын тұрақтандыруға, жылжымайтын мүлік нарығындағы мәселелерді шешу, шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіп кешенін ынталандыру және индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру [6]. Ал 2008-2009 жылдардағы бүкіл-әлемдік экономиканы діңкелетіп үлгірген экономикалық дағдарыс Қазақстан экономикасының беріктігін сынаққа салды. Әлемдік экономиканың сәйкессіздігінен дағдарыс сырттан келді. Жаһандық дағдарыс дауылы алпауыт мемлекеттерді де шайқалта бастады, өз ауқымына Америка континентін, Еуропа мен Азияны тартты. Бұл жағдайға қарағанда оның ұзаққа созылатыны болжамдалып, сарапшылар әлемдік экономика өз құлдырауында әлі шыңырау түбіне жетпегенін дәйектеді. Әлемдегі іскерлік белсенділіктің қысылуымен мұнай мен металл деген сұра-ныс төмендеді. Ал бұл – Қазақстан экспортының негізі еді. Бір жылда мұнай бағасы 4 еседей, металл бағасы 2 еседей төмендеді. Қазақстанның негізгі сауда-саттық әріптестер Ресей мен Украина ұлттық валюталарын 40-45 пайызға құнсыздандырды. Тиісінше тауар өндірушілер мүддесі тұрғысынан Қазақстанда теңгенің де құнсыздануына мәжбүрлік қалыптасты. Басқа-

ша жағдайда қазақстандық өнім өзінің бәсекеге қабілеттілігін жоғалтып, алтын-валюта резервін жұмсау жалғасын тапқан болар еді. Осындай экономикалық ахуалда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның мұндай сынақтарға дайын ғана емес, дағдарысты еңсеретін күшті әрі өркендеген мемлекетті» қалыптастыруға шақырды және «Дағдарыстан шығу кілтін» ұсынды [7].

Оған негіз болған - Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы тұрақты ұстанымының сақталынуы, Ұлттық қор арқылы қорланудың мақсатты саясаттың жүргізілуі, экономикадағы құрылымдық реформалардың жүргізілуі, экспорттық әлеуеттің ұлғайтылуы мен экономиканы әртараптандырудың басталуы еді. Бұл дағдарысқа қарсы ойластырылған әрі тиімді саясат жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақстанда алдымен қарыз-дарын өтей алмаған ел ішіндегі жетекші банктерді банкроттан сақтандыру жұмыстары жүргізілді. Кейбір банкирлер банк қаржысын иеленген алаяқтар және ұрылар болып шықты. Мұндай істермен заң органдары айналысты. Қазақстан экспортының жартысы қысқарды. Шағын бизнес несиелік қаржысыз қалды. Жүздеген жұмысшылар жұмыс орнынан айырылатын жағдайға жетті.

Осындай жағдайда Үкімет нақты шешім және тұрақтандыру шаралары пакеті қабылданды, Ұлттық қордан қосымша 10 млрд. доллар бөлінді. Мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелер сақталынып қана қойған жоқ, ұлғайды, келешектегі инвестициялық жобалар анықталды. «Жол картасы» және «Аймақтық жұмыспен қамту Стратегиясы» қабылданды. 2009 жылдың қазан айындағы мәліметтер бойынша «Жол картасы» мен барлық кешенді дағдарысқа қарсы шаралардың жүзеге асырылуының алғашқы қорытындылары көрініс берді: 400 мың жаңа жұмыс орны құрылды, 200 мыңнан аса адам қайта даярлықтан өтті және қоғамдық жұмысқа қатысты. Нәтижесінде жұмыссыздар деңгейі көптеген елде өсім беріген тұста, Қазақстанда 6%-ға төмендеді. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық нысандарын және инфрақұрылымды жаңғырту бойынша көлемді жұмыстар жүргізілді. 1,5 мың денсаулық сақтау, білім беру және басқа әлеуметтік инфрақұрылым нысандары жөндеуден өтті. Мыңдаған шақырым жол салынды және жөнделді. 2009 жылдың екінші тоқсанында шағын және орта бизнес секторындағы өндіріс көлемі 14 пайызға өсті. Агроөнеркәсіптік кешенді қолдау арқылы егін жинаудың табыстылығына, ауыл шаруашылық өнімін қайта өңдейтін нысандар санының көбеюіне қол жетті. Жалпы жиналған астықтың бункерлік салмағы 22 млн. тоннаны құрады. Бұл соңғы бес жылдағы 2009 жылы алынған рекордтық астыққа қол жеткізу еді.

Қазақстан жалпы қаржы жүйесінің тұрақтылығына қол жеткізді. Банк жүйесін қолдауға 476 млрд. теңге бөлінді. Ал мемлекет елдің жетекші банктерінің ірі акционеріне айналды. Мемлекеттік қолдау арқылы алданған 40 мыңнан аса үлескердің мәселесі шешілді. Жалпы ел экономикасына 2,7 трлн. теңге немесе ЖӨ-нен 14 пайыз дағдарысқа қарсы мақсатта қаржы бағытталды [8]. Дағдарыс жағдайында халықты әлеуметтік қорғау және ұлттық экономиканы дамыту мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басты басымдылығына айналды. Ұлттық қор құру арқылы жинақтаудың мақсатты бағытталған саясаты жүргізілді. Ұлттық қордан бөлінген ақымды қаражат отандық экономиканың жұмыс істеуіне қызмет ете бастады. Экономикада экспорттық әлеуетті ұлғайта отырып, әртараптандыру қолға алынды. Дағдарысқа қарсы шараның маңызды бөлігі инновациялық, индустриалдық және инфра-құрылымдық жобалар болып табылады. Бұл бағытта 19 млрд. доллар бөлінді, ол ЖӨ-нің 14% құрады. Әлемдік дағдарыстың келеңсіз әсеріне қарсы бағытталған шешімдерді жүзеге асыру арқылы, елді жаңа сапалы деңгейге көтеру мақсаты қойылды. 2009 жылдың 11 наурызында «Ғаламдық тәуекел ету жүйесіндегі Еуразияның экономикалық қауіпсіздігі» тақырыбында ІІ-ші Астана экономикалық форумы болып өтті. Форумда Президент Н.Ә. Назарбаев дүниежүзілік валюталық-қаржы жүйесі заманауи әлемнен және оның сұранысынан артта қалуына байланысты, бүкіл әлем дамуына кедергі болып отырғанын ашық жариялады: «Кез-келген өндірісті дамыту негізі оның технологиясын жаңғыртуда. Технологияны тұтастай жаңарту оның парадигмаларын өзгертуді талап етеді. Ал парадигмаларды тұтастай жаңартудың негізі – бұл тұтастай инновация.

Дүниежүзілік валюта-қаржы жүйесінің терең қарама-қайшылығы жаңғыртумен қатар, оның құрылымын реформалау жолдарын көрсетеді [9]. 2009 жылдың 18 сәуіріндегі Боао азиялық форумы аясында «Дағдарыстан кейінгі басқару» тақырыбында өткізілген конференцияда Президент Н.Ә. Назарбаев саясаттағы, аймақтық қауіпсіздіктегі сенімділік өзара іс-қимылдары және шаралары, қаржы-валюталық салада да сенімділіктің өзара іс-қимылдары және шараларымен қамтамасыз етілуімен ғана, жаһандық дағдарыс жағдайында Азия елдерінің интеллектуалдық әлеуеті ортақ валютаны жасаудың теориялық, ұйымдастырушылық және практикалық негіздерін, заңдылығы мен енгізу жолдарының бірлескен қадамдарын жасау мүмкіндігі туралы ұсынысын білдірді [10]. 2009 жылдың екінші жартысында республикадағы жүргізілген дағдарысқа қарсы шаралардың алғашқы нәтижелері көрініс берді. Біріншіден, еңбекпен қамту мәселесін тұрақтандыруға қол жеткізілді. Екіншіден, Қазақстанның экспорттық тауарлары бойын-

ша бағаның төмендегеніне қарамастан, республиканың халықаралық резерві 43 млрд. доллар деңгейіне тұрақталды, тіпті өсім байқалды. Үшіншіден, қаржы жүйесінің жалпы тұрақтануына қол жеткізілді [11]. Төртіншіден, кәсіпкерлер маңызды қолдауға ие болды. Шағын және орта бизнес 134 млрд. теңгені игерді. жалпы 2,5 мың шағын кәсіпкерлік субъектілері Бағдарламаны пайдаланды, олар 4700 жаңа жұмыс орнын ашты [12]. Халықаралық «Sandard & Poor,s» рейтингтік агенттігі Қазақстанның егеменді рейтингісі бойынша болжамын «тұрақты» деңгейге дейін көтерді. Дағдарыс тағы да экономиканы әртараптандыру қажеттігін бекітті. [13,-323 бб.] Сондықтан да 2010 жылдан бастап республика дамуының үдемелі индустриалды-инновациялық дамуы бойынша екі 5 жылға бөлінген онжылдық жоспар жүзеге асырыла бастады.

Қорытынды. Ел тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап Қазақстан инвестициялық ашық саясат ұстанды. 1991-2009 жылдар аралығында елге 90 млрд. доллар шетел инвестициясы тартылса, ішкі инвестиция 140 млрд. долларды құрады. Осындай қаржылар Қазақстанның нық тұруына ықпал етті және экономика дамуын 2000 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге (12 маусым 2009 ж.) ұлғайтты [13,-250 б.]. Қазақстанның дағдарыстан кейінгі даму бағдарламасындағы қаржы ресурстарын жұмылдыруда республиканың ішкі мүмкіншіліктері ескерілді [14]. Мемлекет басшысы «Дағдарыстың кілті» және «Бесінші жол» мақалаларында заманауи жаһандық дағдарысты – жүйелі дағдарыс ретінде тұжырымдап, дүниежүзінің дағдарыстан кейінгі даму үдерістерін былайша береді [13,-292 б.]: бірінші - дүниежүзілік валюталық жүйенің трансформациясы; екінші-жаңа дүниежүзілік күштердің орналасуы; үшінші - энергияны үнемдеу экономикасына өту; төртінші - экономикадағы мемлекеттің рөлі мен мәнінің өсуі; бесінші – жалпы адам капиталы сапасына қойылатын талаптардың көтерілуі және т.б. Бүкіләлемдік банктің бағалауы бойынша Қазақстан әлемнің инвестициялар үшін барынша тартымды жиырмалығына және 2010 жылдың басында дағдарысқа қарсы саясат шараларын барынша табысты жүзеге асырушы елдердің қатарына кірді [15]. Оның үстіне, әлемдік экономиканың жандана бастауы, ішкі сұраныстың өсуі және экспорттық бағыттағы өнімдерге сыртқы баға конъюнктурасының тұрақтануы қазақстандық экономиканың өсуіне септігін тигізді. 2010 жыл бастан-аяқ тұтастай ел экономикасы жағдайының барынша жақсаруымен сипатталып, дағдарыстың бірқатар келеңсіз салдарын жою бағытындағы іс-қимылдармен сипатталды.

Заманауи кезең дағдарыстан кейінгі тұрақты өсу трендіне көшу және оны жетілдірумен ерекшеленеді. 2016 жылдың қорытындылары бойынша негізгі капиталға инвестициялар көлемі 5,1 пайызға, яғни 7,7 трлн теңгеге дейін артты [16]. Инвестициялардың айтарлықтай өсімі ауыл шаруашылығында, таукен өнеркәсібінде, саудада, жылжымайтын мүлікпен операцияларда байқалды. Жаһандық сын-қатерлер аясында, Қазақстан жаңғырудың үшінші сатысына және экономикалық дамудың инновациялық өзегі – бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға бағыт алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Ішкі және сыртқы саясаттың 2002 жылғы негізгі бағыттары» // Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. ҚР ҰМ. 136-қор, 1-тізім, 283-іс.
3. <http://www.akorda.kz> [25.12.2012].
4. ҚР ҰМ. 136-қор, 1-тізімдеме, 477-іс, 77-78пп.
5. Сағадиев К. Экономика – елдік тұғыры. //Егемен Қазақстан, 20 сәуір 2011 жыл.
6. Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности. 2008 год. – Астана: Деловой мир Астана, 2009. – 396 с.
7. Н.Ә. Назарбаев. «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» // Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2009 жылғы Жолдауы.
8. Назарбаев Н.А. Лекция в Казахском национальном университете имени аль-Фараби «Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее». г.Алматы, 13 октября 2009 года.
9. Назарбаев Н.Ә. Выступление на II Астанинском экономическом форуме «Экономическая безопасность Евразии в системе глобальных рисков». г. Астана, 11 марта 2009 года.
10. Назарбаев Н.Ә. Выступление на конференции Беооского азиатского форума. КНР, о.Хайнань, 18 апреля 2009 года.
11. Назарбаев Н.А. Выступление на XII пленарном заседании Совета иностранных инвесторов при Президенте Республики Казахстан. г.Алматы, 4 декабря 2009 года.
12. Назарбаев Н.А. Выступление на открытии III сессии Парламента Республики Казахстан четвертого созыва. г.Астана, 1 сентября 2009 года.
13. Назарбаев Н.А. Выступление на торжественном собрании по случаю Дня независимости Республики Казахстан. г.Астана, 15 декабря 2009 года.// Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности. 2009 год. – Астана: Деловой мир Астана, 2010.-378с.
14. Назарбаев Н.А. Выступление на XXI пленарном заседании Совета иностранных инвесторов при Президенте Республики Казахстан. г. Костанай, 12 июня 2009 года.

15. <http://www.kisi.kz>[18.08.2013].

16. Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауына қатысты Мәлімдемесі. // <http://www.akorda.kz>. 30.01.2017.

ӘӨЖ 94-327:504} (575)

МРНТИ 04.51

У.М. Джолдыбаева¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Абай ат. ҚазҰПУ Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ШЕКАРААРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы мен Орталық Азия өңіріндегі елдер өзара халықаралық қатынастарында бүкіләлемдік өзекті мәселеге айналып отырған орнықты даму, қауіпсіздік проблемаларын тығыз байланыста шешіп отыр. Қауіпті экологиялық құбылыстар әлемдік және ұлттық деңгейдегі ұдайы өсу құрылымына және әлеуметтік-экономикалық дамуға кері әсерін тигізіп отырғандықтан, экологиялық мәселелер жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтар тұрғысынан қарауды талап етеді. Орталық Азиядағы шекарааралық экологиялық проблемалардың маңыздылары – атмосфералық ауаның және су көздерінің ластануы. Аймақтағы мемлекеттер шекарааралық өзен ағыстарын реттеу, су жіберу имараттары құрылысын жүргізу, су пайдалану мөлшерін белгілеу мәселелерін екіжақты, көпжақты келісімдер арқылы тиімді шеше алады.

Тірек сөздер: Қазақстан Республикасы, Орталық Азия, халықаралық қатынастар, қауіпсіздік, орнықты даму, стратегия, экология.

Аннотация

У.М. Джолдыбаева¹

¹кандидат исторических наук, доцент кафедры истории Казахстана КазНПУ им. Абая

В настоящее время Республика Казахстан и страны Центральной Азии в своих международных отношениях в тесной связи решают вопросы устойчивого развития и безопасности, являющиеся всемирной актуальной проблемой. Поскольку опасные экологические явления отрицательно влияют на структуру стабильного роста и на социально-экономическое развитие на мировом и национальном уровнях, экологические проблемы требуют рассмотрения с позиций общечеловеческих интересов и ценностей. Важнейшие трансграничные экологические проблемы Центральной Азии – это загрязнение атмосферного воздуха и водных источников. Страны региона могут эффективно решить вопросы регулирования трансграничных рек, строительства водных сооружений, определения объема водопользования посредством двусторонних и многосторонних соглашений.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Центральная Азия, международные проблемы стратегия, охрана окружающей среды, безопасность, трансграничные проблемы, устойчивое развитие, экология, регион.

Abstract

U.M. Joldybaeva¹

¹candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan, KazNPU named after Abay

THE ISSUE OF THE IMPORTANCE OF CROSS-BORDER ENVIRONMENTAL PROBLEMS AND THEIR SOLUTIONS IN CENTRAL ASIA

At present, the Republic of Kazakhstan and the countries of Central Asia in their international relations in close connection solve the issues of sustainable development and security, which are a world-wide urgent problem. Dangerous environmental phenomena adversely affect the structure of stable growth and social and economic development at the global and national levels, so environmental problems require consideration from the standpoint of universal human interests and values. The most important transboundary environmental problems in Central Asia are pollution of atmospheric air and water sources. The countries of the region can effectively solve the issues of regulation of transboundary rivers, construction of water facilities, determination of the volume of water use through bilateral and multilateral agreements.

Key words: Republic of Kazakhstan, Central Asia, international problems, strategy, environmental protection, security, transboundary problems, sustainable development, ecology, region.

Бүгінде орнықты дамудың стратегиялық мақсаттарын белгілеудің теориялық негіздері экономикалық даму мен әлеуметтік міндеттерді есепке алуға негізделеді. Халықаралық қатынастардағы негізгі қағида – адамзаттың құқықтары мен бостандықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады. Әлемнің орнықты

дамуына нұқсан келтіретін мәселелерді шешудің маңызы да жылдан-жылға артуда. Ол мәселелер шекарааралық және жаһандық ауқымды қамтып отырғандықтан, оларды шешуді жеке мемлекеттер өзара әрекеттестікте ғана жүзеге асыра алады және олар халықаралық қоғамдастықтың бірлесіп күш жұмсауын талап етеді. Әлемдік өркениет дамыған сайын адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасы қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардың қатысуымен қабылданған заңнамалармен, мемлекетаралық, халықаралық құжаттармен реттеледі. Солардың ішінде басты құжат – «XXI ғасырдың орнықты дамуы жөніндегі күн тәртібін» [1] Біріккен Ұлттар Ұйымы құрамындағы елдер Рио-де-Жанейрода (Бразилия) 1992 жылы өткен жаһандық экологиялық форумда қабылдаған болатын.

Қазіргі кезеңде адамзатқа жаһандық экологиялық апат қаупі төнуде. Қауіпті экологиялық құбылыстар әлемдік және ұлттық деңгейдегі ұдайы өсу құрылымына және әлеуметтік-экономикалық дамуға кері әсерін тигізіп отырғандықтан, экологиялық мәселелер жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтар тұрғысынан қарауды талап етеді. Орталық Азияның шөлді аймақтарынан халықтың үдере көшуі орын алып, зиянды өнімдерді пайдалану, су, топырақ ластануы, қауіпті атмосфералық құбылыстардың әсері халық денсаулығының нашарлауына, өмір ұзақтығының қысқаруына, халық саны өсімінің төмендеуіне әкеліп соғуда, бұл факторлар әлеуметтік-демографиялық және саяси-экономикалық тұрақсыздықтың алғашқы белгілері болып табылады. Алайда, адамзат қызметінің қоршаған ортаға шектен тыс әсер етуінен жер биосферасы мен эокөжүйелердің қолайлы қызмет ету мүмкіндіктері шектелуде. Табиғи апаттар қоршаған ортаға техногендік ықпал жасауымен ұштасып отырады. Бұл мәселе дүние жүзі ғалымдарының талқысына салынууда әрі оларды шешудің жолдары жан-жақты іздестірілуде. Экологиялық қауіпсіздікті ұтымды деңгейге жеткізуде ҚР Президенті 2003 жылғы 3 желтоқсанда мақұлдаған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы негізгі құжат болып белгіленген. Бұл құжатта ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік «тұрақты дамудың міндетті шарты... және табиғи жүйелерді сақтаудың және қоршаған ортаның тиісті сапасын қолдаудың негізі» [2, 5 б.] – деп белгіленген.

Қазіргі жаңа геоэкономикалық жағдайлар дамыған кезеңде орталық-азиялық мемлекеттер өзара тығыз әрекеттестік орнату арқылы ғана тәуелсіздігін сақтай алатыны күмән тудырмайды. Орталық Азия өңіріндегі мемлекеттер мүдделерінің түпкілікті мәні – халыққа төнуі ықтимал сыртқы қауіптердің алдын алу және мемлекеттілігін сақтау болып табылады. Өңірдегі елдердің бірігуі алғышарттарына: тарихи-мәдени, діни тамырларының ортақтығы, экологиялық жағдайы, сыртқы қауіптерге қарсы бірігіп әрекет ету факторлары жатады. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауының стратегиялық дамуға қатысты бірқатар міндеттерінің ішінде: «Оныншы міндет – жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін ілгерілету. Бүгін біз басқа елдермен көкейкесті проблемалардың кең ауқымын шешуде ынтымақтасып отырмыз. Бұл... экологиялық апаттарға қарсы күрес те. Біз алдағы уақытта да өңірлік ынтымақтастық пен халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретіндегі өзіміздің рөліміз бен беделімізді нығайта беретін боламыз...» [3], – деген болатын. Орталық Азиядағы шекарааралық экологиялық проблемалардың маңыздылары – атмосфералық ауаның және су көздерінің ластануы. Атмосфералық ауа ластануының антропогендік көздеріне өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, жылу энергетикасы, тұрғын үйлерді жылыту жүйелері, ауыл шаруашылығы т.б. жатады. Өндірістік кәсіпорындар қызметінің салдарынан қоршаған ортаға зиянды әсер тигізетіндерге: шикізаттар, әр түрлі материалдар, құрал-жабдықтар, отын, электр энергиясы, су, қалдықтар, өнімдер, атмосфераға тарайтын шығарындылар, энергетика шығарындысы, шу, инфрадыбыс, ультрадыбыс, электромагнитті өріс, жарық, ультракүлгін, лазерлі сәулелер, иондалған шығарынды т.б. жатады. Ауаны ластайтын заттардың химиялық құрамы отын-энергетика ресурстары түрлеріне, өндіріс шикізаттары мен өңдеу технологияларына байланысты.

Weakening of the position of imperialistic international oil cartel in the Middle East was promoted also by aggravation of inter-imperialistic contradictions.

When the countries of the Middle East have started active carrying out independent oil policy, foreign monopolies have resorted to blackmail and threat of the transference of new investments into other petro industrial regions (first of all to the Sahara). The governments of the countries of the Middle East have tried to use the rivalry between members of cartel and outsiders for the conclusion with the outsiders of concession agreements based on the open auction and on conditions more favourable to themselves [7].

Then in 1957-1959 Iran, Saudi Arabia and Kuwait have provided concessions to outsiders' fight of imperialistic predators for the Arab oil has even more escalated.

It should be noted that new concession agreements with outsiders were more favourable to oil-producing countries in comparison with agreements of members of the international oil cartel as OPEC. The independent policy of the governments of the countries of the Middle East and impact of outsiders has pressed up the cartel in this region. At the same time, the cartel tried to retain Middle Eastern oil because the total amount of the profits got here only by oil monopolies of the USA in 1957 exceeded average profits on all foreign capital investments of the USA twice.

References:

1. Масюк А. В. Тенденции развития мирового рынка нефти в условиях глобализации. – М., 2006. – С. 32.
2. Амреев Б. Ближний Восток: от войны к заветному миру/ Восток и Запад: вызовы глобализации. – Елорда, 2007. – С. 112.
3. Regulation (EC) No 1228/2003 of The European Parliament and of The Council of 26 June 2003 on conditions for access to the network for cross-border exchanges in electricity // Europe's Energy Portal // http://www.energy.eu/directives/l_17620030715en00010010.pdf.
4. Oil Supply Security. The Emergency Response Potential of IEA Countries. - Paris, 2013 // <http://www.iea.org/publication.htm>.
5. Doran P.B. Collective Energy Security: The New Approach for Europe / P.B. Doran // The Journal of Energy Security. — 2009, February - 19. <http://www.ensec.org/index.php?option=com_content&view=article&id=177:collective-energy-security-a-new-approach-foreurope&catid=92:issuecontent&Itemid=341>.
6. Arnold Wolfers. Discord and Collaboration: Essays on International Politics. The Goals of Foreign Policy. - Baltimore: The Johns Hopkins Press, 1962. – Chapter 5. – P. 67-80.
7. Анненков В.И., Лахтовский Н.М. Энергетическая безопасность в условиях глобализации // Обозреватель-Observer. – 2010. – №1. – С. 37.

УДК 37.016:94 (574):004
МРНТИ 05.01.29

Э.Д. Телеуова¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

БІЛІМ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК РЕТІНДЕ: ТАЛАП ПЕН СҰРАНЫС

Аңдатпа

Білім мен ақпарат зияткерлік меншік ретінде әлеуметтік-экономикалық ұстаным тұрғысында қарастырылады. Қазіргі қоғамдағы «білім» және «зияткерлік меншік» ұғымының қолданыстық мазмұны талданады. Білімнің қоғамдық дамудағы орын мен тарихи, әлемдік тәжірибе тұжырымдары ұсынылады. Білім беру жүйесі бұл әлемдік деңгейдегі ең бір қуатты күш болып табылады. Білім, ғылымды өзге елден іздеп, ой-өрісін кеңейтіп, ғылыми жаңалықта ашқан ірі ғұламаларды тарихтан білеміз. Қазақтың даласынан шығысқа және батысқа қарай білім алуға

ұмтылу ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақстанның студенттері шетел университеттерінде білімін жалғасытқынымен, серіктес университеттердің студенттері Қазақстан университеттерін таңдап оқуы сирек. Бұл әрине ЖОО білім деңгейінің сапалық көрсеткіші мен оқу үдерісін ұймыдастырудағы қабілеттілікке байланысты

Түйін сөздер: білім, ақпарат, сапа, сұраныс, зияткерлік меншік, әлемдік тәжірибе, қоғам, бәсекелестік, мектеп.

Аннотация

Э.Д. Телеуова¹

кандидат исторических наук, доцент кафедры истории Казахстана

КазНУ им. аль-Фараби

ЗНАНИЕ КАК ОСНОВА ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ

Рассматриваются проблемы исследования знаний и информации, интеллектуальной собственности исходя из социально-экономического подхода. Анализируется содержание категорий «знание» и «интеллектуальная собственность» с позиций теории потребительной стоимости. Объясняются ключевые свойства знания, понимаемого как общественное благо.

Ключевые слова: знание, информация, качество, потребность, интеллектуальная собственность, мировой опыт, общество, конкуренция, школа.

Abstract

E.D. Teleuova¹

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan

KazNU named after al-Farabi

KNOWLEDGE AS THE BASIS OF INTELLECTUAL PROPERTY

The problems of research of knowledge and information are examined, to intellectual property coming from socio-economic approach. Maintenance of categories is analysed "knowledge" and "intellectual property" from positions of theory of the use value. Key properties of the knowledge understood as public blessing are explained.

Key words: knowledge, information, quality, demand, intellectual property, world experience, society, competition, school.

Қоғам алдында ғылым орнының ерекше өсуі, бүгінгі күннің талабы ретінде қараған жөн. Ғылым мен білімнің өзара тығыз байланыста болуы қоғамның алға ілгерлеуінің кепілі. Білім зияткерлік өнім ретінде - қоғамның саяси, мәдени, экономикалық, әлеуметтік сипатын анықтайтын қағида. Олай болса, білім берудің талаптары мен сұранысын, қолданысы мен нәтижелері талдаудан өтуі тиіс.

Әлемдік білім берудегі нарықта Қазақстанның ЖОО-ның бәсекелестік деңгейі туралы тоқталып өтуге болды. Зияткерлік мектеп және Назарбаев Университетінің ашылуы кәсіби мемлекетті қалыптастыруға, білімді экспорттауға және оның тиімділігін арттыруға бағытталған саясат. Қазақстанның сыртта студент оқыту, «Болашақ» бағдарламасының талаптарындағы магистратура бойынша білім алуды көтеру - осы бәсекелестіктің қадамдары ретінде қарастыруға болады. Бұл бағдарлама бойынша магистр және ғылыми тәжірибеден өтуге жіберу кәсіби деңгейде қалыптасқан мамандардың біліктілігін арттыруды көздейді.

Сонымен қатар Қазақстанның Хартияға қол қойған 60 университеті академиялық ұтқырлық бойынша студенттердің алмасу келісімі бар, бірақ бұл біржақты болып отыр.

Қазақстанның студенттері шетел университеттерінде білімін жалғасытқынымен, серіктес университеттердің студенттері Қазақстан университеттерін таңдап оқуы сирек. Бұл әрине ЖОО білім деңгейінің сапалық көрсеткіші мен оқу үдерісін ұймыдастырудағы қабілеттілікке байланысты.

Ғылыми-зерттеу университеті ретінде дамуға мүдделі ЖОО білім беру үдерісінің бәсекеге қабілетті маманды даярлауды көздейді. Бұл тұста оқу үдерісінде студенттің оқу жоспарында сыни ойлауға, жаңалық ашуға және шығармашылыққа қабілеттілігін және практикаға дағдылануын қалыптастыру қажет. Сондықтан мамандықтардың сипаттамысында **Европалық біліктілік шеңбері** - құзыреттілік, міндеттілік және дербестілікке бағытталған.

ЖОО-да оқу үдерісінің тиімділігі мен қолданбалылығына баса назар аударуы қажет. Мамандарға сұраныс аясындағы талаптарды білім беруде ескеру, базалық білімді практикамен ұштастыруды қолдануы қажет. Осы жағдайда ғана әлемдік білім нарқында Қазақстан университеттері өздерінің білім алушыларының мүдделерін жүзеге асыра алады. Қазақстан университеттері дербестігі арқылы академиялық саясатын жүргізіп, бәсекелестікке қабілеттілігін көрсете білуі тиіс.

Сонымен қатар, көптеген ірі шетел университеттерінің студенттерінің академиялық еркіндігі қарапайым сабақ кестесін өзінің мүддесіне сәйкестеп жасаудан, оқу бағдарламысын таңдау мүмкіндігі, өзге университет профессор дәрісін тыңдау, университетке қабылданғаннан кейін оқу үрдісі кезеңінде маман-

дықты таңдау т.б. айырмашылықтары жеткілікті. Университеттердің қаржыландыруы жергілікті бақару әкімшілігі тарапынан жүзеге асады. Әр университеттің өзінің ішкі заңына сәйкес оқу үрдісі жүзеге асады. Әр университеттің өзінің студентін таңдап алу мүмкіндігі бар. Осы жерде баса айтатын мәселе университеттердің өз студенттерін таңдауы. Жас маман өз таңдауын жасағаннан кейін, оған қойылатын талаптан бастап жұмысқа орналасуына дейінгі үрдісті университет жүзеге асырады. Университет рейтингісі де түлектердің жұмысқа орналасуына тығыз байланысты. Олай болса неге университет студентін өзі таңдамасқа. Қазіргі таңда мемлекеттік тапсырыс бойынша мамандарды даярлап жатқан көптеген университет студенттері өздерінің таңдауы бойынша емес, гранттың бөлінуіне көп жағдайда тәуелді екенін жиі айтады. Бұл болашақта шешілуге тиісті мәселе.

Білім беру мәселесін ХХ ғасырдың ұлт зиялылары ерекше қолға алған. Қазіргі көптеген ірі мемлекеттер қолданатын жүйені 1917 жылда Алаш партиясы өз бағдараламысында шешіп кеткен. Алаш партиясының бағдараламысының жобасында «Қазақ мемлекетінде оқу орындарының есігі кімге де болса ашық және оқу ақысыз болмақ, оқу жалпыға бірдей жайылмақ. Қазақ тілінде орта мектептер мен университеттер ашылады, бастауыш кластарда ана тілінде сабақ жүргізіледі, Үкімет оқу ісіне араласпайды. Мұғалімдер мен профессорлар сайлау арқылы тағайындалады»- осы бабында бірнеше мәселенің бүгінде шешуге тиісті тұстары көрініп тұр. Ол біріншіден қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатында жұмсалатын қаражатты бастауыш сыныптағы қазақ тілінде білім берудің дегейін көтеруге бағыттау қажет. Алғашқы рет мектеп есігін ашқанда білім алу дүниені тану, ортаны тану, өзін танумен қатар жүреді. Сондықтан бастапқы 3 жылда қазақ тілінде сапалы білім беруге ұмтылу қажет. Екіншіден университеттің білім беру үрдісіне үкіметтің араласпауы тиіс, себебі ерекше ойлайтын тұлғаны сомдау қоғамның талабына сәйкес жүруі тиіс. Үшіншіден білім беруге келегендердің мәртебесі жоғары болуы керек десек, олардың өздері үнемі ізденістегі қабілетті маман болуын заңдалақ ретінде қараған жөн. Себебі біреуге тапсырма беріп оны жасату үшін, өзінің қолынан осы іс келетініне сенімді болуға тиіссіз.

Білім беру жүйесі бұл әлемдік деңгейдегі ең бір қуатты күш болып табылады. Білім, ғылымды өзге елден іздеп, ой-өрісін кеңейтіп, ғылыми жаңалықта ашқан ірі ғұламаларды тарихтан білеміз. Қазақтың даласынан шығысқа және батысқа қарай білім алуға ұмтылу ертеден қалыптасқан үрдіс. Оған өзге елде білім алған ертедегі Анахарсис философ, орта ғасырдағы әл-Фарабиден бастап кейінгі ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларынан бүгінгі «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алған жастарымзды атап өтсек болады. Білімді егер коммерциялық продукт деп қарайтын болсақ, қай заманда болсын оның сұранысы жоғары болды. Сондықтан сапалы және жеке адамның сұранысына сәйкес білім алатын орнын таңдау құқысы бар. Әлемдік жоғары білім беру жүйесі-бұл ірі мемлекеттердің өзара бәсекелестік алаңы. Ұлттық экономика, саяси ахуал, мәдени өмірі - жоғары білім беру жүйесінің ортақ шарттарын анықтайды. Бұл бәсекелестікте алдыңғы қатарлы мемлекеттер 100 млрд. доллар айналымын ұсынады. Жоғары білім берудің сапалық деңгейі және оның тиімділігі алдыңғы қатарлы елдердің білім беруді экспорттауда өзара тартысқа түсудегі ықпалы зор. Әрине бұл елдер арасындағы қоғамға жаңа ықпалдастық жолын ұсыну ретінде қарастыруға да болады. Жоғары білімді экспорттауда әр елдің өзіндік мүддесі болуы заңдылық.

Бүгінде алдыңғы қатарлы мемлекеттер шетел студенттерін оқытуға талпынып отыр. Оның өзіндік себептерін көрсетуге болады. Соңғы жылдардағы ЭЫЖДҰ (Organization for Economic Cooperation and Development's: Comparative Indicators of Education in the United States and Other G-8 Countries) мәліметіне сүйенсек жоғары білімді экспорттау үлесі АҚШ, Канада, Франция, Германия Ұлыбритания, Италия, Япония, Ресей Федерациясына тиесілі. Әрине жаһандану заманында бұл үлес арта түсуде. Шетел университеттерінде білім алудың бөлініс көрсеткіші төмендегідей: АҚШ-19, Ұлыбритания-10, ЖКББ (ВПО) секторы бойынша өзге мемлекеттер 2-7 пайызды құрады [1].

Осы тұста әр мемлекеттің өз ішіндегі академиялық жоғары білім берудегі пайыздық сандық көрсеткішінде бакалавриат, магистратура және Phd бағдарламасы бойынша үлес салмағының жоғары деңгейін бақылауға болады. Бакалавриат бойынша білім алуға тіркелуде Ұлыбритания – 21 пайызбен алдыңғы қатарда. Phd бағдарламасы бойынша Ұлыбритания-48 Франция-40, Канада-39 және АҚШ-28 пайызды құрайды [2].

Жоғары білім берудегі бәсекелестікте мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаты толығымен ұштасып жатады. Ірі мемлекеттерде бұл мәселе ерекше назарға алынған. Олардың үнемі жоғары оқу орнындағы білім берудің ұтымды тетіктерін іздестіруден, өзгеріп отыратын бәсекелестік сұраныстарға қатысты әрекеттеріне тоқталып өткен жөн.

АҚШ-тың 44-ші Президенті Барак Обама «Біз әлемді қайта түрлендіріп, қайта құрумыз қажет.... Бұл болашақ жеңістің кілтті ең қымбат экспортымыз - білім беруді арттыру арқылы жүзеге асырамыз» - деп әлемдегі жоғары білім берудің маңыздылығын көрсетті.

Міне осы мәселелер шетел мемлекеттерінің мүдделігі және біздің еліміздегі жастардың білім беру жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан университеттерден тәлім алуға ұмтылушылығын ақтайтыны заңдылық.

Білім беру саласындағы өзгерістер сатылы түрде жүзеге асуы тиіс. Қазақстанда қабылданған бағдарламалардың барлығында білім сапасын, бәсекелестігін көтеру міндетті түрде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндетінде: Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын нақты сипаттайды. Осы тұста біз Германияның тәжірибесін алуға ұмытылуымыз қажет. ЖОО оқу мәселесінде колледжде білім алумен шектелу басым. Себебі жұмыс қамту дұрыс жолға қойылған. Жоғары оқу орындарында білім алу өте қиын, екінші бір жағы арнайы кәсіптік білімі бар мамандарға сұраныс жоғары. Бұл мамандардың өмір сүру деңгейі жоғары, әлеуметтік қамту толығымен қарастырылған. Яғни ЖОО орнына жаппай ұмтылушылық жоқ. Сонымен қатар ЖОО бітірген студент міндетті түрде тәжірибеден өте алған жағдайда диплом алу құқығы беріледі. Бүгінде біздің Қазақстандық ЖОО орындары осы бағытты қарастыруы тиіс сияқты.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Organization for Economic Cooperation and Development's: Comparative Indicators of Education in the United States and Other G-8 Countries: 2011, OCTOBER 2011 // <http://nces.ed.gov/pubs2012/2012007.pdf>*

2. *Higher education in 2012: a global perspective // <http://www.guardian.co.uk/higher-education-network/blog/2012/jan/23/internationalisation-in-2012?newsfeed=true>*

ӘОЖ 94 (574)

МРНТИ 05.01.33

Г.Б. Қозғамбаева¹

¹т.ғ.к., доцент әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚР, Алматы қ.

М.К. Егізбаева²

²т.ғ.к., доцент әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚР, Алматы қ.

МОНҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада Алтай өлкесінен моңғол жеріне қоныстанған қазақтардың негізі шаруашылығы, экономикалық және әлеуметтік тірегі көшпелі мал шаруашылығы болғандығы қарастырылған. Қобда бетіне мал жайып, келіп-кетіп жүрген қазақтар өлкенің табиғатының қолайлылығын, халықтың сирек қоныстанғанын байқап, моңғол жеріне қоныстанды. Моңғолия елін мекендеген қазақтардың бір бөлігі мал шаруашылығымен анальсып, төрт түлік малды өсіруде жыл мезгілдерінде көшіп қонып жүріп, малға шөбі шүйгін жерлерді мекендеген. Мал шаруашылығымен қатар аң аулау кәсібімен де шұғылданғанымен, олардың негізгі шаруашылығының қайнар көзі мал шаруашылығы болды.

Түйін сөздер: диаспора, мал шаруашылығы, аң аулау, дәстүрлі шаруашылық

Аннотация

Г.Б. Козгамбаева¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, к.и.н., доцент

М.К. Егізбаева²

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, к.и.н., доцент

ТРАДИЦИОННОЕ ХОЗЯЙСТВО КАЗАХОВ МОНГОЛИИ

Во 2-ой половине XIX века казахи кочевавшие в западной части Китая начали переселяться в монгольскую область Кобда. Переселению казахов из Алтайского аймака в Кобда есть несколько причин. Во-первых, когда казахи в середине XIX века стали переселяться в Кобда, основой их хозяйства было кочевое скотоводство, которое требовало новых, богатых травостоем и водой пастбищ. К тому же бурное развитие на Алтае земледелия ограничивало масштабы перекочевков. Частыми стали споры из-за земель, пастбищ. Казахи, которые уже бывали в Кобда, были заинтригованы богатыми летними пастбищами и зимовыми местами для скота. Часть казахских пастбищ превратилась в земельные угодья китайцев, что стало причиной для начала переселения казахов в Монголию.

Ключевые слова: диаспора, кочевое скотоводство, охота, традиционное хозяйство.

Abstract

G.B. Kozgambayeva¹

¹associate professor of Al-Farabi Kazakh National University

M.K. Yegizbaeva²

²associate professor of Al-Farabi Kazakh National University

TRADITIONAL ECONOMY OF KAZAKHS OF MONGOLIA

In the 2 th half of XIX century Kazakhs being a nomad in western part of China began to transmigrate in the mongolian area of Кобда. To migration of Kazakhs from Altaian аймака there are a few reasons in Кобда. Firstly, when Kazakhs in the middle XIX century began to transmigrate in Кобда, basis of their economy was the nomadic cattle breeding, that required new, rich in травостоем and water of pastures. Besides rapid development on Altai of agriculture limited the scales of перекочетов. Споры became frequent from earth, pastures. Kazakhs that already were in Кобда were intrigued by rich summer pastures and зимовыми placed for a cattle. Part of the Kazakh pastures grew into the landed lands of the Chinese, that became reason for the beginning of migration of Kazakhs to Mongolia.

Key words: diaspora, nomadic cattle breeding, hunt, traditional economy

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Алтай тауының теріскей жағын мекендеген қазақтардың негізі шаруашылығы, экономикалық және әлеуметтік тірегі көшпелі мал шаруашылығы болды. Қазақтардың бір бөлігінің бұл өңірге көшіп келіп, қоныстанудың басты себебі көшпелі мал шаруашылығына қажет жайылым жерлер болды.

Қытайдың маньчжуриялық Цин империясы моңғол елін XVIII ғасырдан – XX ғасырдың басына дейін отаршылдық езгіде ұстады. Моңғол халқының тәуелсіздік үшін күресінің нәтижесінде Моңғолия Цин империясының бодандығынан 1911 жылы босанып, елдің тәуелсіздігін жариялады. Моңғолия Цин империясының қарауында болғандықтан қытай мен моңғол елі арасында ресми шекара болмаған. Қазақтардың кейбір рулары XIX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бұрын да моңғол жеріне мал бағып, әсіресе жаз айларында жайлау ретінде пайдаланған. Моңғол жерінде көшпелі мал шаруашылығына қажетті жайылым жерлердің молдығы керей тайпасын қызықтырып, олар XIX ғасырдың екінші жартысында көшіп келіп, мекендей бастайды. Қазақтың Абақ, Керей руларының мал жайылымының жағдайы туралы Г.Ф. Астафьев: «Осынау елді мекеннің кейбір жерлері, көшіп-қонып мал жайылуына қолайлы. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысуда негізінен жыл мезгілінің қысы мен жазына сәйкес мал жайылымы болуы қажет. Мысалы, Алакөл ойпаты мал қыстауға өте қолайлы болғанымен, жайлауға жәйсіз болатын» деп, атап көрсеткен [1, 41б.].

Моңғолияның табиғатының ерекшелігіне байланысты қазақтар мал шаруашылығын жартылай көшпелі түрде ұйымдастырды. Әрбір қазақ ауылының белгілі қыстау қорасы қалыптасты. Қыстауды көп жыл пайдаланып иемденген отбасы келе-келе, сол жерге өзінің меншігі ретінде қарады. Ондағы жер сол отбасының атымен аталды, оған басқа біреудің келіп қонуына, шөбін малына жегізуге рұқсат болмады. Ондағы қора, оның шөбі қатал түрде қорғалды. Әдеттегі құқық-ережелері жеке отбасының қыстауға деген құқығын қорғайтын болған. Сөйтіп, қыстау-қора әрбір отбасының жеке меншігі ретінде қалыптасты. Қыстау-қораның иесі қыстауын өз балаларына мұрагерлікпен беруге, өз қыстауын басқа отбасына беруіне құқылы болды. Моңғолияны мекендеген қазақтар арасында қыстауды сату немесе сатқаны туралы мәлімет кездеспейді. Қыстау жеке отбасының меншігіне берілгендігін дәлелдейтін ресми мәліметте жоқ. Бұл айтылғандар, сол елді мекендеген қазақтардың бірі бөлігі Керейлердің арасында қыстауға жартылай жеке меншік болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақтардың арасында малға жем-шөп дайындау кең өріс жайған жоқ. Өйткені Қобда өңірінің табиғаты мал жайылымына қолайлылығы және оның ерекшеліктеріне байланысты болды. Өңірдің жайылымының көпшілігі тау-тасты жерлерде болғандықтан, жаппай алатын жерлер аз болды, жайылым негізінен малдың өз аяғымен жайылуына бейімделгендігін аңғартады. Қыстаудың жайылымын қорып, одан азғантай шөп шауып алғанымен, ол қыс бойы барлық малды жемдеуге жетпеді. Тек, жазғытұрым арық малдарды жемдейтін болған. Жылдың төрт мезгілінде көшіп-қону, қыстаудан басқа үш кезеңінде қазақтар үнемі көшетін болған. Қобда бетіне асқан қазақтардың бір бөлігі, қазақтың басқа да ру ұлыстары сияқты төрт түлік мал ұстады.

Экономиканың натуралды сипатта болуы, халықтың басқа дүниеден томаға-тұйық болуына әкеп соқты да, тауар – ақша қатынасының дамуына кедергі болды. Экономиканың натуралды сипатта болуы, ақша айналымының дамуына, сауданың өріс алуындағы кедергіге қарамастан, XX ғасырдың басында

қазақтардың арасында ішкі сауда мен нарықтың дамуы едәуір орын алды. Жеке қожалықтардың арасындағы сауда-саттық айырбас саудамен шектелді де, ол қазақтардың мал шаруашылығы мен колөнерінің өнімдерін сіңіре алмады. Бұл қазақтарды көршілес орыс, қытай елдерімен сауда қатынасын дамытуға итермеледі.

XIX ғасырдың екінші жартысынан Ресейде, XX ғасырдың басынан Қытайда капиталистік қатынастардың дамуы, екі елге өнеркәсіп өнімдерін өткізетін рынок, ауылшаруашылық шикізатының қорын іздеуге мәжбүр етті. Экономика саласында мұндай жаңа көрініс орбитасына моңғол елін мекендеген қазақтар да тартыла бастады. Тарихи деректерге қарағанда XX ғасырдың басында Ресейдің моңғол елін мекендеген қазақтармен шекаралас жерінде жыл сайын ашылатын Сарымсақты жәрмеңкесі олардың экономикалық жағынан дамуына үлкен үлес қосты. Көнекөз қарттардың естелігіне қарағанда, жәрмеңке жыл сайын желтоқсанда ашылып, он күн бойы сауда жасайтын болған. Жәрмеңкеге қазақтар жыл сайын соғым сойып апарып, сауда жасаған. Олар тері, жүн, киіз, аң терісі сияқты шикізаттарды орыс ақшасына сатып, оған өздеріне қажетті бұйымдар алған. Қазақтардың алатын басты тауарлары: астық, шай, әртүрлі мата, темір-терсек сияқты күнделікті тұтыныс бұйымдары болды [2, 87-88 б.].

Моңғолиядағы қазақтар Қытаймен де, ондағы қазақ туыстарымен де сауда-саттық қатынастарды дамытып отырды. Г.Н. Потаниннің айтуына қарағанда, Алтай бетін мекендеген керейлер XIX ғасырдың екінші жартысынан егіншілік кәсібімен айналыса бастаған. Қара Ертістің бойында арпа, бидай еккен, бұл өлкеде он шақты үй диірмендері болған, мұнда тартылған ұн, Қобда бетіне асқан қазақтарға да жеткізілген [3, 38 б.].

Г.Н. Потанин 1876 жылы әрқайсысы екі атқа киіз, шай, мата артқан, оны Қыранға апарып сатып, астық алғалы бара жатқан жиырма шақты қазаққа кездескені туралы жазады [1, 396.]. Мұнымен қатар қазақтар мекендеген моңғол елінің батыс өлкесіне орыс, қытай саудагерлері келіп сауда жасаған. Г.Н. Потаниннің айтуына қарағанда, керейлердің арасында орыс саудагерлерінің бірнеше тасымал сауда орындары жұмыс істеп тұрған [3, 75 б.]. Қобда бетін мекендеген қазақтар екі түрлі алым-салық төлеп отырды. Оның бірі Цин империясының жергілікті орындарына, екіншісі қазақтардың өз ішіндегі лауазым иелеріне төлейтін салық еді. 1911 жылы Моңғолияда жеңген ұлт-азаттық қозғалысқа дейін Цин империясының ең ауыр салығының бірі лау салығы еді. Моңғол елінде сөз болып отырған кезеңде қатынас көлігінің рөлін атқаратын жолаушы тасу міндеті моңғолша ортен, қазақша лау деп аталды. Әрбір отбасы жыл сайын белгілі бір мерзімде өз ат көлігі, үйі, азық-түлігімен белгіленген ортен жерге келіп, бір ай бойы лау салығын өтеді. Екі ортеннің арасы отыз-қырық шақырым болды да, лаушы қазақ осы екі араға жолаушы тасуға міндетті болды. Мемлекет арасындағылар, лау атын мінетін куәлік алған шенеуніктер ат мінгені, тамақ ішкені, ортен үйіне қонғаны үшін ақы төлемейтін еді. Қобда қаласынан Ойғыр басына дейін сегіз ортен болды. Осы ортендерде қазақтар лау міндетін атқарды [2, 89 б.]. Цин империясының мүддесі үшін қазақтар жыл сайын империя әскерлерінің ат көлігіне арнап мың жылқы төледі, мұны қазақтар «сары нокта салығы» деп атады. Қытайлар жылқыны сары қайыс ноктамен байлайтын болғандықтан осылай аталады. Қазақтар өкіметке және жергілікті билеушілерге алым-салықтар төлеп тұрды, қазақтар «қазан алман», «сойыс» деп мал өнімінен, ал «ғұшыр», «пітір» деп егін өнімінен салық төлеп тұратын. Алтай қазақтарынан жыл сайын он мың қой, бес мың ірі қара, бір мың түйе, екі мың кесек киіз (ұзындығы 10 м, ені 5 м келетін) алман алып отырған [4, 19 б.]. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын елдерде шаруашылықты ұйымдастырудың басты формасы моңғолдарда «хот айл», қазақтарда «ауыл» болып табылды. Ауыл жайылымға бағынып, көші-қонын реттейтіндіктен, бір жерде ұзақ отырмайды, жайылымды қыстау, күзеу, жайлау, жазғытұрымғы қоныс деп бөліспен пайдаланады [5, 37 б.]. Малдың өсуі жайылымға байланысты болғандықтан оны бөліске салғандықтан мал жан өсе келе жаңа жайылымдар үшін үнемі қақтығысып отырған. Үстем тап өкілдері арасында жерге байланысты көбіне дау-дамайлар болып, үнемі қақтығыстар да болып тұрған.

Қазақтың үстем тап өкілдері алғаш урианхайлардан жалға алған жерлерін бөліске салып, Алтай тауының қойнау, сілемдерін ұзақ жылдар бойы үрім – бұтағымен пайдаланып келгендіктен бірқатар жерлер күні бүгінге дейін солардың кейбіреулерінің атымен аталып келгендігі айқын. Мәселен Баян–Өлгей аймағының Алтай сұмын өлкесінде алғаш қоныстанған Көбештің атымен аталған «Батыр ашасы», Самырхан, Жәңгірлер мекендеген «Төре жайлауы», Үкірдай, Мұрындық мекендеген «Үкірдай сайы», Рысбай байдың үлкен баласы Қорабай мекендеген «Қорабай ашасы» сондай-ақ «Мамырбай дарасы», «Өсербай дарасы», Ценгээл, Сагсай сұмыны өлкесінде Бозтай байдың атымен аталған «Бошекен жайлауы», Ұлтарак бай қоныстанған «Ұлтарак жарығы», «Дәкілбай дарасы», «Құлыбай аралы» секілді тұнық сулы, орман – тоғайлы, құнарлы жайылымды өлкелерді көптеп атауға болады. Осы өлкелер жоғарыдағы адамдардың иеленіп келген жерлері ретінде із қалдырған [5, 38 б.]. Қобда бетін мекендеген қазақтар жазда Даян, Сырғалы, Сүнгіті, Алтай сияқты малға жайлы, шөбі шүйгін жерлерді жайласа, қыстың суы-

ғында қар аз түсетін Қаратау, Шүйашы, Толбо, Дәлүін қатарлы көптеген жайлы жерлерді таңдап қыстады. Бұл жерлерге қар аз түсетіндіктен, малды қолдан жемдемей, табиғи жайылымда ұстауға қолайлы жерлер болып келді. Бірақ қыста қардың аз түсуіне қарамастан кей жылдары қыс ұзақ болуы салдарынан мал жұтқа ұшырап халықтың жағдайын ауырлатып жіберетін жағдайлар да кездеседі. Бұл өлкеге қазақтардың бір бөлігі қараша айының басында келіп қонып сәуірге дейін болатын. Көктеуде мал шаруашылығының негізгі маңызды кезеңі болып саналады. Өйткені малдың төлдеуі жауапты кезең болып есептелген. Малдың төлін аман-есен алуы, сол отбасының мал санының артып, экономикасының жақсаруына әкелетін болған. Ал жайлауға шығу уақыты сол мекеннің климаттық жағдайына байланысты болғанымен де, негізінен жаздың – маусым, шілде, тамыз айларында болды.

Алтай тауының теріскей бетіндегі қазақтың Абақ – Керей руларының жылқысының дене бітімі келісті, басы әсем, кеудесі жуан, қарны татыңқы, терісі жұқа, жүні қысқа, жылтыр негізінен ақшыл, қара, қаралау өңді болғанын Г.Е. Грумм – Гржимайлоның еңбектерінде айтылған. Ал қойдан ет беретін тегене құйрықты қой өсірген. Моңғол елін мекендеген қазақтардың өсірген қойларының дене бітімі шағын, сары, қызғылттау өңді басының маңдайы үлкен, мұрны дөңес, астыңғы ерні ілгері, құлағы ұзын, бел арқасы тегіс, кеудесі жуан, тұяғы тік, жазда денесіне майды мол жинайтын тұқымнан болған, ешкі малын аз өсірген. 1860 жылдары қазақтың азғантай ауылы алғаш мұнда 30 мыңнан аса қой, 10 мыңнан аса жылқы, 6 мыңнан аса сиыр, 2 мың түйемен, келсе, 1989 жылдың мәліметі бойынша жалпы Баян-Өлгей аймағы 1284,0 мың бас мал санатқан. Оның 0,8 пайызы түйе, 6,5 пайызы жылқы, 8,7 пайызы сиыр, 60 пайызы қой, 24 пайызы ешкі түлігі түгелімен байырғы қазақ қойының тұқымы, – деп көрсеткен [6, 128 б.]. Моңғолиядағы қазақтар мал шаруашылығымен қатар аң аулаумен де шұғылданып келген. Аң аулау кәсібі көшпелі қазақ шаруашылығының ежелгі кәсіптерінің бірі болып саналады. Аңшылар қасқыр, түлкі, қоян, суыр, борсық, қарсақ, арқар, саршұнақ, күзен және т.б. аңдарды аулаған. Сонымен қатар аңды бүркіт, қаршыға, сұңқар салу арқылы да аулаған. «Қазақтар өзара бүркіт саудасын жасайтын. Олардың бір-біріне бүркітті 200 қойға дейін сатқанын көзіммен көргенім бар. Басқаша айтқанда сол кездегі бағамен 500 рубль. Өйткені бүркітті баптауға аса мол еңбек жұмсалыды» -деп, жазады Грумм –Гржимайло [7, 38 б.]. Аңды бүркіт, қақпан, аздаған шитті мылтықпен аулап келді. Олар бүркіт, сұңқар, қаршығамен түлкі, қарсақ секілді ұсақ аңдар аулады. Сонымен қатар аң терісін орыс, қытай көпестеріне айырбас және ақша-тауар арқылы өткізіп отырды, ал кейбірін уранхайларға жер төлемінің ақысына береді. Ауқатты адамдар аң аулауды серуен көріп, қатарынан бірнеше бүркіт те ұстады, кейде аңшылыққа шыққанда өздерімен қоса көп адамдарды ерте жүрген.

XX ғасырдың басында қазақтар суырды көптеп аулай бастады. А.Н. Казнаков: «Соңғы жылдары орыс саудагерлері суыр терісін көп алатын болды. Осыдан болар халық арасында суыр аулау өріс алды» - деп, жазды. [8, 6 б.] Алтай тауының теріскей бетіндегі қазақтардың шаруашылығында аңшылықтың маңызы төмен болмады. Олар аң аулап, етін жеп, терісінен киім жасаумен қатар бағалы аң терілерін сатып отырды. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда моңғол елін мекендеген қазақтар көшпелі мал шаруашылығымен қатар аңшылықпен де айналысып, көптеген аңдардың түрлерін аулаған. Моңғолиядағы қазақтардың экономикасының қайнар көзі ежелден көшпелі мал шаруашылығы екендігін А.Сарай, Ә.Мініс, З.Қинаятұлы, И.Қабышұлы тағы басқа да ғалымдардың еңбектерінде айтылып, бүгінгі күнге дейін шаруашылықтың осы түрімен айналысатындығы жазылған. 1940 жылы Моңғолияда мекендеген қазақтар өз алдына жеке шаңырақ көтеріп, әкімшілік-территориялық Баян-Өлгей аймағының орнауы бұл өңірдегі қазақтардың қоғамдық-экономикалық өміріне үлкен өзгерістер әкелді. 1941 жылдан бастап мал шаруашылығы мен өндіріс өнімдерін арттыру жолға қойылды. Сонымен қатар бұл өңірдегі қазақтардың қоғамдық-экономикалық өмірінде дамудың жаңа кезеңі болды. 1941 жылдан мал шаруашылығы, өндіріс өнімдерін арттыру, экспорт мөлшерін өсіру, жүн дайындау, сарымай, ұн, нан өндіруге назар аударылды. Сөйтіп, 1941 жылдан бастап Баян-Өлгей аймағы қазақтарының экономикалық өмірі мемлекеттің біріккен экономикалық саясат, жоспар аумағында өрбіді. 1947-1952 жылдар аралығында халық шаруашылығы мен мәдениетін дамытудың алғашқы бес жылдық жоспарларында Баян-Өлгей аймағы қазақтарының экономикасына байланысты кейбір мақсаттар белгіленіп, іске асырылып келді. Қазақтар дәстүрлі мал шаруашылығымен айналасумен қатар өндіріс, байланыс, көлікбайланысы және т.б. кәсіпорындар саласындағы жұмыстарды да атқарды. Ел экономикасының негізі күші мал шаруашылығы 2 қайта өсті. Мал өсіріп, санын арттыру мүмкіндіктері туды. Машинамен шөп шабатын станция, мал дәрігер ұйымдары мен маман дәрігерлердің саны артты. Ауыл шаруашылығында ұжымдасқан бірлестіктердің саны жүзден асып, өндіріс, ет комбинаттары, баспа ісі, азық-түлік өндірісі және т.б. көптеген ірі өндіріс орындарының саны жылдан жылға өсіп, халықты күнделікті тұтынатын заттармен қамтамасыз етіп отырды.

Қорытындылай келе, Моңғолия елін мекендеген қазақтардың бір бөлігі мал шаруашылығымен айналысып, төрт түлік малды өсіруде жыл мезгілдерін де көшіп қонып жүріп, малға шөбі шүйгін жерлерді

мекендеген. Мал шаруашылығымен қатар аң аулау кәсібімен де шұғылданғанымен, олардың негізгі шаруашылығының қайнар көзі мал шаруашылығы болды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Астафьев Г.Ф. Национальный состав в Китае. – М.: Политиздат, 1971. – С. 399.
2. Ардагерлер ескерткіші. // Баян-Өлгей аймағының партия комитетінің архиві. – 87-89 бет.
3. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. – Вып II. – С.38-39.
4. Тортаева Ә. Шығыс Түркістан қазақтары. // Қазақ тарихы. – 1998. – № 1. – 17-21 б.
5. Сарай А. Революциядан бұрынғы қазақ халқы. – Өлгей. – 1991. – 146 бет.
6. Қиянатұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2001. – 215 б.
7. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Т. 2. – Исторический очерк в связи с историей Средней Азии. – Л.: Ученый Комитет МНР, 1926. – 840 с.; Т.3. – Антропологический и этнографический очерк этих стран. Торговая и колонизаторская в них деятельность китайцев и русских. Дополнения и поправки. – Л.: Ученый Комитет МНР, 1930.
8. Казнаков А.Н. Монголия и Ким. – СПб.: Рус. Геогр. Об-во, 1907. – 320 с.

УДК 378 (574)
МРНТИ 04.91.09

Э.К. Саудабекова¹

¹канд. филос. наук, доцент, Университет «Нархоз», г. Алматы
Н.З. Такижбаева²

²канд. ист. наук, доцент, Алматы Менеджмент Университет (AlmaU), г. Алматы

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ И ТАКСОНОМИЯ БЛУМА В ПРОЦЕССЕ ВНЕДРЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Отмечается, что современное образование в Казахстане, как и во всем мире, должно исходить из инновационных технологий, чему особое внимание уделяет Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании. Рассматривается проблема профессиональной компетенции преподавателя, показана роль таксономии Блума в определении целей и учебных задач. Исходя из актуальности ИКТ-компетентности уделяется внимание критериям отбора приложений для образования. Отмечается, что в системе университетского образования всё большее распространение получает ориентация на инновационный тип обучения. При этом таксономия Блума, не теряя своей актуальности, применяется в новых инновационных моделях, что позволяет свободно действовать в инновационных образовательных ситуациях.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, ИКТ-компетенция, таксономия Блума, учебные задания, инновационные технологии.

Аңдатпа

Э.К. Саудабекова¹

¹философия ғылымдарының кандидаты, доцент.

«Нархоз» университеті, Алматы қаласы. E-mail: elma-67@inbox.ru

Н.З. Такижбаева²

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Алматы Менеджмент университеті. E-mail: takizhbayeva@mail.ru

МУҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ ҮРДІСІНІҢ БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ

Қазіргі заманғы білім беру тек Қазақстанда емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша білім берудегі ақпараттық және инновациялық технологияларды қолдануы бойынша ЮНЕСКО институты ерекше назар аударады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің проблемасы, мақсаттары мен оқыту мақсатын жүзеге асыру Блум таксономиясы бойынша рөлін көрсетеді. АКТ-құзыреттілік маңыздылығын ескере отырып, білім беру жүйесі үшін өтінімдерді іріктеу көрсеткіштеріне назар аударылады. Инновациялық типтегі оқыту жүйесінің барлық көп таралған түрлері университеттік білім беру жүйесінде байқалады. Блум таксономиясы өзінің өзектілігін жоғалтпай, инновациялық білім беру жағдайларда еркін жұмыс істеуге мүмкіндік беретін инновациялардың жаңа модельдерін пайдаланады.

Түйінді сөздер: кәсіби құзыреттілік, АКТ құзыреттілік, Блум таксономиясы, оқу тапсырмалары, инновациялық технологиялар.

Abstract

E.K. Saudabekova¹

*Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor,
“Narhoz” University, Almaty. E-mail: elma-67@inbox.ru*

N.Z. Takizhbayeva²

*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
Almaty Management University (AlmaU). E-mail: takizhbayeva@mail.ru*

THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF THE TEACHER AND BLUM'S TAXONOMY IN THE COURSE OF INTRODUCTION THE INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN EDUCATION SYSTEM.

It is noted that modern education in Kazakhstan, as well as around the world, has to proceed from innovative technologies what special attention is paid by Institute of UNESCO on information technologies in education. The problem of professional competence of the teacher is considered; the role of taxonomy by Blum in definition the purposes and educational tasks is demonstrated. Preceding from relevance of ICT competence the attention is paid to selection criteria of applications for education. It is noted that in the system of university education orientation to innovative type of training gains ground. At the same time Blum's taxonomy, without losing the relevance, it is applied in new innovative models that allow working freely in innovative educational situations.

Key words: professional competence, ICT competence, Blum's taxonomy, educational tasks, innovative technologies.

Человечеству надо быть готовым жить в новых условиях современного мира, когда знания, интеллект становятся ведущим фактором существования современной мировой цивилизации. И главным фактором здесь является образование, построенное на инновационных технологиях, разработанных и применяемых во всем мире. Этому вопросу большое внимание уделяет ЮНЕСКО, свидетельством чему являются подготовленные Институтом ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании «Рекомендации по работе с открытыми образовательными ресурсами (ООР) в сфере высшего образования» [9]. В них особо подчеркивается, что современная глобальная экономика опирается на знания, поэтому системы высшего образования играют важную роль в социальном развитии и росте конкурентоспособности национальных экономик. Поэтому учебные заведения должны внедрять информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) в управленческую и административную деятельность, а также в свои образовательные программы, чтобы сделать обучение более рентабельным и эффективным с целью подготовки выпускников к профессиональной деятельности в условиях реального мира.

И в этих условиях, наряду с обеспечением высокого качества и доступности образования, важным являются адаптация педагогических подходов и учебных материалов к современным средствам обучения. При этом именно научно-педагогический состав оказывает непосредственное влияние на качество учебно-методической среды [1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 10, 11].

Преподаватели и научные сотрудники играют центральную роль как в преподавании, так и в обучении студентов. И здесь на первый план выходят их профессиональные компетенции, состоящие из знаний, компетенций и навыков, позволяющих использовать в своей работе современные методы и технологии. В их число, в частности, входят развитие профессиональных навыков в сфере разработки программ, курсов и материалов, а также профессиональный уровень владения техническими навыками.

Развитие профессиональных навыков в сфере разработки программ, курсов и материалов, например, предполагает, что научно-педагогические работники должны особое внимание уделять полному раскрытию потенциала ресурсно- и личностно-ориентированных подходов к обучению. Обладать навыками точного определения целевых аудиторий; ожидаемых результатов обучения; предметного содержания для программ, курсов и модулей; выбора подходящих комбинаций для методик преподавания и самостоятельной работы студентов, которые будут способствовать достижению намеченных результатов обучения; разработки эффективных и интересных учебно-методических материалов; разработки адекватных и эффективных стратегий оценки; применение наиболее подходящего интерактивного оборудования и технологий, способствующих достижению заданных результатов обучения; использования различного интерактивного оборудования и технологий для организации образовательного процесса, взаимодействия и поддержки студентов.

В современном вузе, наряду с проблемно-ориентированными компетенциями, необходимо уделять внимание и ключевым компетенциям, позволяющим индивидам эффективно участвовать во множестве контекстов или социальных областей, способствует полной жизненной реализации индивидов, а также развитию хорошо-функционирующего общества (то есть ведет к важным личностным и социальным результатам). При этом специалисты, на основе анализа междисциплинарной перспективы, отмечают трехмерность классификации ключевых компетенций: действуя автономно; действуя интерактивно, действуя в социально гетерогенных группах. Действуя автономно сфокусировано на самостоятельности и личности (самобытности). Действуя интерактивно характеризует взаимодействие индивида с миром через его физический и социокультурный инструментарий (включая родной язык и традиционные академические дисциплины, такие как история). Совокупность ключевых компетентностей определяет социальную зрелость человека.

Уделяя внимание компетентностям, невозможно обойти стороной и современные технологии обучения. В числе таких признанных технологий находится и таксономия американского ученого Б. Блума, который все цели образования разделил на такие сферы, как когнитивная (требования к освоению содержания предмета), аффективная (эмоционально-ценностная), психомоторная (развитие двигательной, нервно-мышечной деятельности). Надо заметить, что созданная американским ученым Б. Блумом в 1956 г., эта таксономия впоследствии разрабатывалась и обновлялась. Среди них можно выделить версии Д. Кротвеля, Л.Андерсона.

Сам же Б.Блум таксономию учебных целей представлял так:

Целевая категория	Значение категории
Знание	запоминание и воспроизведение изученного материала
Понимание	преобразование учебного материала из одной формы выражения в другую
Применение	самостоятельное соотнесение знания с реальной ситуацией, использование изученного материала в конкретных условиях и новых ситуациях
Анализ	умение разбить материал на составляющие элементы так, чтобы ясно выступала структура; определять элементы, связи, связующие принципы
Синтез	умение комбинировать элементы, чтобы получить целое, обладающее новизной
Оценка	вынесение суждений относительно ценности идей, решений деятельности, объектов, свойств

Представляя эти уровни мышления в виде пирамиды, надо отметить, что её вершиной будет «Оценка», при этом «Анализ», «Синтез» и «Оценка» относятся к мышлению высокого уровня.

Данная таксономия активно используется и в казахстанской системе образования, способствуя совершенствованию профессиональной компетенции преподавателей и студентов. Здесь хотелось бы обратить внимание на сборник, подготовленный А.Е. Мурзагалиевой и Б.М. Утегеновой, в котором таксономия Блума весьма детально представлена прикладном уровне [6]. В сборнике рассматривается система выделения учебных целей в соответствии с процессом усвоения учебного материала, представлены учебные задания по таксономии Блума. В частности, при разработке морфологической карты учебных заданий определенного уровня учебной цели, авторы выделяют такие параметры, как: «Определение, смысл»; «Операнды», т.е. информацию, которая требует переработки и её передачу для достижения ожидаемого результата; «Поле действия», «Тип задания», «Востребованное действие», «Ожидаемый результат», «Приём /техника обучаемого». Вот как, например, представлен уровень «ПРИМЕНЕНИЕ» в Морфологической карте учебных заданий по Таксономии Блума по «Истории Казахстана», 11 класс (См. табл.1):

Таблица 1 – Морфологическая карта учебных заданий по Таксономии Блума по «Истории Казахстана», 11 класс

Учебное задание: Установи последовательность процесса индустриализации в Казахстане и представь её в виде презентации в программе PowerPoint

№ пп.	Параметры	Показатели	Пример
1.	Определение, смысл	Знание средств, которые позволяют оперировать данными	Применение знаний, приобретенных ранее
2.	Операнды		

	2.1	базовый	Информация из учебника и др. источников	Новое знание, приобретённые на данном уроке
	2.2	обобщенный	Действие, процесс, преодоление, развитие, тенденции, части, причины, отношения расположения, классификация, категоризация	Принципы, законы, выводы, эффекты, методы, теории, ситуации, обобщения, процессы, приемы, алгоритмы
3.	Поле действия			
	3.1	внешнее	Информация из учебника	Раннее изученная информация
	3.2	внутреннее	Преобразование информации в знания	Комбинаторика знаний из кратковременной памяти, на основе правил, законов, алгоритмических предписаний
4.	Тип задания		Вопросы, требующие короткого ответа	Задание на закрепление
5.	Востребованное действие		Вспомнить, распознать, идентифицировать, добыть	Применить, обобщить, установить связи, выбрать, развить, организовать, использовать, руководствоваться, преобразовать
6.	Ожидаемый результат		Письменная интерпретация знаний	Расстановка в правильном порядке
7.	Приём/техника обучаемого		Работа с текстом	Презентация PowerPoint

В основу сборника положена классическая классификация учебных целей, разработанная Б. Блумом. Как пишут авторы: «В основу данной схемы положена классическая классификация учебных целей, разработанная Б. Блумом, так как ориентирует обучающего (учителя, тренера, преподавателя) относительно качественно иных результатов образования обучающихся (учеников, слушателей, студентов) – компетентностей. Она содержит аспекты деятельности и указания на уровни сформированности компетентностей обучающихся, понимаемых как освоенные способы деятельности. Свою задачу мы видим в том, чтобы «оснастить» эту целостную идею на прикладном уровне, используя категорию «глаголов - действий», с помощью которых возможно создание упражнений, ориентированных на развитие умения достигать те или иные учебные цели». Думается, можно согласиться с авторами, что данный сборник может быть полезен педагогам, тренерам, методистам и руководителям общеобразовательных школ» [6, с.2].

Исходя из того, что профессиональная компетентность предполагает и ИКТ-компетентность, немалое внимание следует уделять и критериям отбора приложений для образования. Выбирая приложение для занятий, мы ориентируемся на основные задачи обучения: развитие компетенции, способности использовать усвоенную информацию в деятельности для решения конкретных задач. Разумеется, именно педагогические задачи определяют выбор приложений, веб-сервисов. Рассмотрим некоторые из них [12].

Модель SAMR – четыре уровня этой модели: Substitution, Augmentation, Modification, Redefinition, созданная доктором Robin Puentudura, помогает учителям и преподавателям интегрировать информационно-коммуникационные технологии в процесс обучения и преподавания для эффективности самостоятельной работы учащихся.




Рис. 1. Модель SAMR

Модель SAMR получила свое применение в приложениях для iPad, соответственно четырем уровням SAMR - замена, усиление, модификация, переопределение.




Рис. 2. Приложения для образования на iPad по классификации модели SAMR

Также известна модель под названием «Педагогическое колесо» («PadagogicalWeel») Алана Каррингтона, которая дополнила 4 уровня модели SAMR и таксономию Блума.




Рис. 3. «Педагогическое колесо» Алана Каррингтона

В цифровой систематике Блума для каждого из шести уровней мыслительных процессов, таких как **запоминание** (remembering), **понимание** (understanding), **применение** (applying), **анализ** (analyzing), **синтез** (evaluating) и **оценка** (creating) рассматриваются определенные приложения и веб-инструменты.

Как мы знаем для уровня ЗАПОМИНАНИЯ подходят задачи, связанные с глаголами – *запомните, повторите, назовите, напишите, определите, выучите*. Для этого уровня подходят следующие виды деятельности: работа с текстом, комментирование, поиск, ведение блога, использование социальных закладок, составление списков тезисов. К этим видам деятельности уровня запоминания подходят приложения, которые способствуют развитию описывать и определять термины и факты, находить и запоминать информацию, к ним относятся приложения для iPad и Android, веб-инструменты: **Pages, GoogleSearch, Twitter, PaperportNotes, iTunesU, Edmodo; GoogleKeep, Wunderlist, GoogleDrive, Diigo, AudioNote; Creately, Wordle, Lino, Quizlet.**

Второй уровень – ПОНИМАНИЕ достигается путем *описания, обсуждения, формулирования, демонстрации*. Виды деятельности для уровня понимания – составление интеллект карт, воспроизведение по памяти, выделение главного. На этом уровне используются приложения и сервисы, помогающие лучше понять представленные идеи и концепции, для обобщения материала, можно применять следующие приложения и веб-инструменты: **Socrative, Nearpod, Maps, Inspiration, StudyBlue, InspirationMaps; Weebly, Explain, LectureNotes; Edublogs, Prezi, Twitter, Thinglink.**

Для совершенствования уровня ПРИМЕНЕНИЯ знаний, связанного с задачами, выполнение которых формулируются с помощью глаголов – *создать, решать, объяснять, показывать, учить, использовать, демонстрировать*. К видам деятельности уровня применения – создание фильма, редактирование, создание подборок, построение диаграмм, составление карт, ролевые игры, ведение альбома, демонстрация, подходят приложения дающие возможность приобретения навыков и выполнения освоенных методов и процедур, также они сфокусированы на умении применять изученное в определенных условиях – **iMovie, Corkulous, PicCollage; ExplainEverything, Magisto; Animoto, Blabberize, Podomatic.**

Способность к АНАЛИЗУ и СИНТЕЗУ развивается на основе заданий с ключевыми глаголами – *исследовать, сравнивать, разделять, интерпретировать, противопоставлять, анализировать; соединять, составлять, изобретать, формулировать*. Выполнение видов деятельности: анкетирование, опрос, построение схем и графиков, обобщение, резюмирование, работа с электронными таблицами при помощи приложений, которые могут быть использованы на уровне анализа и синтеза, способствующие развитию умений отличать существенное от не существенного, выделять целое и части, определять взаимосвязи и структуру содержания – **Evernote, GoogleDrive, Ubersense, Skype; ColorNoteNotepad, Skitch; GoogleDocs, GooglePlus, CollaborizeClassroom** и других.

Уровень ОЦЕНКИ направлен на самостоятельную интеллектуальную деятельность требует знаний и умений *оценивать, одобрять, поддерживать, рекомендовать, критиковать и делать заключения*. Виды деятельности для уровня оценки: выдвижение гипотез, моделирование, самооценка, обмен мнениями, рекомендации, вынесение суждений, для решений этих задач можно с успехом применить следующие приложения для оценки качества, эффективности содержания изучаемой информации, методов, основываясь на критериях, установленных самостоятельно или взятых из других источников: **BookCreator, WeVideo, Glogster, Educreations, YouTube** и других.

Большинство этих приложений доступно для скачивания на сайтах официальных магазинов приложений для iOS и Android.

В системе университетского образования большее распространение получает ориентация на инновационный тип обучения. Таксономия Блума не теряет своей актуальности, ей находится применение в новых инновационных моделях, что дает нам готовность свободно действовать в инновационных образовательных ситуациях.

Список использованной литературы:

1. Аннушкин Ю.В. Интернет-технологии: экзистенциальный анализ образования // Школьные технологии. Научно-практический журнал. – 2016. – № 2. – С.43 – 47.
2. Балахметова Г.К. Применение новых образовательных технологий в преподавании истории Казахстана // Актуальные вопросы развития и совершенствования методики преподавания истории и общественных дисциплин на современном этапе: Материалы Республиканской научно-практической конференции (г. Алматы, 22 апреля 2016 г.). – Алматы, 2016. – С.8 – 12.
3. Зеков М.Г. Возможности средств web-технологий для оценки качества предметных и метапредметных образовательных результатов // Педагогическая диагностика. – 2016. – № 5. – С.38 – 40.
4. Илджиев А.А. Методика диагностики профессиональных компетенций студентов // Педагогическая диагностика. – 2016. – № 4. – С. 76 – 78.
5. Мартынец М.С. Использование таксономии Блума для определения максимального уровня образовательного результата учащихся с ограниченными возможностями здоровья и интеллектуальными нарушениями // Школьные технологии. – 2016. – № 4. – С.131 – 135.
6. Мурзагалиева А.Е., Утегенова Б.М. Сборник заданий и упражнений. Учебные цели согласно таксономии Блума / А.Е. Мурзагалиева, Б.М. Утегенова. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2015. – 58 с.
7. Остапенко А.А. Соотношение структурных и процессуальных компонентов образовательной системы // Педагогические технологии. – 2016. – № 1. – С.3 – 20.
8. Подлиняев О.Л. Кризис профессиональной компетентности педагога и пути его решения в контексте теории гуманитарных систем образования // Школьные технологии. Научно-практический журнал. – 2016. – № 2. – С.13 – 23.
9. Рекомендации по работе с открытыми образовательными ресурсами (ООР) в сфере высшего образования / Содружество обучения, 2011 // <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/3.0/deed.ru>
10. Самсонова Т.В., Рамазанова В.Н. Сетевая модель обучения с использованием ИКТ: опыт становления // Народное образование. – 2016. – № 4-5. – С. 94 – 100.
11. Чошанов М.А. Дидактическая инженерия, или Как учить в цифровую Эпоху. // Народное образование. – 2016. – № 4-5. – С.113
12. По материалам Educational Technology and Mobile Learning -<http://www.educatorstechnology.com/2012/12/ipad-apps-classified-by-samr-model.html> <http://appsineducation.blogspot.com/2012/11/samr-model-apps-poster.html> <http://designingoutcomes.com/the-pedagogy-wheel-its-a-bloomin-better-way-to-teach/>

УДК 94(5)
МРНТИ 03.61.91

Е.Т. Қартабаева¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к., erke_66@mail.ru

ТҮРКІ ӘЛЕМІ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада түркітілді елдер арасындағы интеграция мәселесін объективті тұрғыдан зерттеп, оның зандылығын тарихи және ғылыми жағынан негіздеуге тырыстық. Түркі мемлекеттерінің бірлесуі занды құбылыс. Себебі,

саясаттану-шылардың пікірі бойынша, ХХІ ғасырдың екінші ширегінен бастап, дүние жүзіндегі геосаяси күштердің салмағы Азия құрлығының Орталық және Шығыс бөлігіне ойысуы ықтимал. Американың «Үлкен Таяу Шығыс» жобасының соңғы кезеңі ретінде Орталық Азияның белгіленуі, Қазақстан аймағында Қытайдың салмағы мен қысымының артуы, Ресей, Еуропа Одағы, Иран және Үндістан сияқты аймақтық державалардың Орталық Азияға қатысты күрделі саяси-экономикалық жоспарларының болуы, әсіресе, аталмыш аймақта орналасқан түркі мемлекеттерінің бірлесуіне жеткілікті себеп болып табылады.

Кілтті сөздер: түркілер, мәдени-гуманитарлық, экономикалық, саяси, интеграция

Аннотация

Е.Т. Картабаева¹ к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, erke_66@mail.ru

ИНТЕГРАЦИЯ ТЮРКСКОГО МИРА: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ

В статье делается попытка объективно рассмотреть проблему интеграции между тюркоязычных стран и обосновать ее законность с исторической и научной точки зрения. В результате исследования пришли к выводу, что сближение тюркоязычных государств исторически закономерное явление, т.к. у этих государств и народов общая история и традиции. К тому же политические тенденции последних лет показывает, что со второй четверти ХХІ века расстановка геополитических сил могут измениться на Центральную и Восточную части Азии. Обозначение Центральной Азии как последнего этапа американского внешнеполитического проекта «Большой Ближний Восток», усиление в Казахстане китайского влияния, наличие сложных политических и экономических планов таких региональных государств, как Россия, Иран и Индия по отношению к Центральной Азии будут достаточными причинами для усиления интеграционных процессов тюркоязычных государств.

Ключевые слова: тюрки, культурно-гуманитарная, экономическая, политическая, интеграция

Abstract

E.T. Kartabayeva¹

¹candidate of historical sciences, associate prof. of [al-FarabiKazNU erke_66@mail.ru](mailto:al-FarabiKazNU_erke_66@mail.ru)

THE INTEGRATION OF THE TURKIC WORLD: HISTORY AND CURRENT STATUS

The article is an attempt to objectively consider the problem of integration between the Turkic-speaking countries and to justify its legitimacy from the historical and scientific point of view. The study concluded that the rapprochement of Turkic states historically a natural phenomenon, because these states and peoples a common history and traditions. In addition, the political trend of recent years shows that the second quarter of the ХХІ century, the balance of geopolitical forces can change to Central heating and East Asia. Designation of Central Asia as the last stage of the American foreign policy of the "Greater Middle East", the gain in Kazakhstan Chinese influence, the presence of the complex political and economic plans of the regional states, such as Russia, Iran and India in relation to Central Asia will be sufficient reasons to strengthen the integration process of Turkic-speaking States.

Keywords: Turks, cultural, humanitarian, economic, political, integration

Орта ғасырлардың өн бойында Кіндік Еуразия іс жүзінде түркі және түркі-монғол империяларының арасында бөліске түсті. Мысалы, орта ғасырлардың аяғына қарай, ХVІ ғ. барлық дерлік мұсылмандық Еуразия, сондай-ақ Үндістан, Солтүстік Африка мен Оңтүстік-Шығыс Еуропа Осман, Сефеві, Ұлы Монғол (Бабыр), және Шейбани және басқа да түркі әулеттерінің қоластында болды. Алайда түркілер бұл уақытта халықаралық аренада бір бүтін мемлекет немесе біртұтас ұлт ретінде өмір сүрмеген болатын, керісінше түркі халықтары қалыптастырған ұлы империялар өз күш-қуатын бір-бірімен күреске жұмсап отырды.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басына қарай жағдай мүлде өзгерді. Түркі халықтары, Еуразиядағы әскери және билеуші халықтардан, ұлы державалардың отары немесе жартылай отарына айналып қалды. Осы кезеңде түркі әлемінде еуропалық халықтардың ықпалымен өзін-өзі анықтаудың этникалық ұстанымы кеңінен тарала бастайды. Сонымен бірге, түркі әлемі, түркі халықтарының мәдени туыстығы, географиялық және тарихи жағынан жақындығы туралы білімдердің тарауы ХХ ғасырда түркі халықтарының еркіндік жолындағы ұлт-азаттық қозғалысы ретінде және осы қозғалыстың орталығы ретінде түрікшілдік идеясы дами бастайды. Осылайша, алғаш рет түркі халықтарының әулеттік, географиялық немесе діни ұстанымдар негізінде емес, этникалық ұстаным негізіндегі бірігуі идеясы пайда болды. Мұндай идеяның объективті қажеттілігі, оны жақтаушылар әр түрлі түркі халықтарының қоғамдық қайраткерлері арасынан көптеп шығуынан көрініс тапты және олар бір-бірінің ықпалымен емес, бір-бірінен дербес қалыптасты. Бұл қайраткерлер түрікшілдікті жекелеген түркі халықының ұлттық қайта түлеуі, азаттыққа жетуі, мәдени дамуына бағытталған саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастырды [1].

XX ғасырдың басы мен ортасындағы тоталитарлы тәртіптердің аяусыз қуғын-сүргінге салуының нәтижесінде түрікшілдік, идея ретінде толықтай күйретілген болатын. Түрікшілдікке бәрінен де зор соққыны сталиндік тәртіп бергені белгілі, соның салдарынан кеңестер еліндегі көптеген көрнекті түрікшілдер өлім жазасына кесілген болатын. Түрікшілдікке ең ауыр соққы болғаны түркі халықтарының жақындасуы туралы идеяның жоққа шығарылуы еді және түркі халықтарының тарихи және интеграциялық потенциалының өзіне тиым салынуы болды. Түрікшілдікке тиген соққының аса ауыр болғандығының айғағы КСРО ыдырағаннан кейін де түркі халықтарының қоғамдық бұқарасы арасында аса зор потенциалы бар қандай да бір қауымдастық ретіндегі түркі әлемі туралы ақпараттың жоқтығы, сондай-ақ түрікшілдіктің, керісінше құртушы-бүлдіруші ағым екендігі туралы түсініктердің кең тарауы, немесе шынайы жоспарларды іске асырудан алшақтатын утопиялық (қияли) идея деп қарастыруды жатқызуға болады.

Адамзат тарихында идеялар, материалдық құндылықтарға қарағанда, айтарлықтай маңызды рөл атқарғаны белгілі (соғыстар мен қақтығыстар, экономикалық шығындар және т.б. әр түрлі идеяларды іске асыру немесе олардың іске аспай қалуымен байланысты орын алып отырған). Сонымен бірге, идеяларды ақ-қара категорияларымен сипаттауға болмайды, яғни олардан не оң белгіні, немесе теріс белгіні ғана іздеуге болмайды. Идеялардың жасампаздығы немесе бүлдіргіштігі, қандай да бір идеяның қай жағы басым, және сәйкесінше бұл идея қандай формада іске асатындығына байланысты. Сондықтан да кез-келген идеяны басы бүтін ақ немесе толықтай қара деп қарастыру қате. Осы тұрғыдан түрікшілдік идеясының болашағын саралағанда, оның беретін пайдасы мен теріс жағын екіге бөліп, іске асыру формаларын дұрыс тандай білу қажет.

Түркітілді мемлекеттердің интеграциясы мәселесі бұрынғы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бірден-ақ өзіне жол сала бастағаны белгілі. Бұл процесс Түрік Республикасының осы түркітілді елдердің тәуелсіздігін алғаш болып мойындауынан басталды. Түркі елдерінің бірлесуі мынадай себептерден туындайды: түркі дүниесінің мәдени, рухани мұрасын сақтап, жетілдіруді; күллі әлемнің аймақтануы кезінде түркі географиясының бірлесуінің қажеттілігі; әртүрлі геосаяси күштер тоғысқан Еуразияда түркі әлемінің мүдделерін қорғау, құрлықтың ішінде орналасқан елдердің теңізге шығу мүмкіндігі, түркі елдерінің «Жібек жолы» жобасының көліктік және тасымалдық ресурстарын пайдалану.

Қазіргі саясаттанушылар, түркі елдері интеграциясын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастырады. 90-жылдарды қамтитын алғашқы кезеңде интеграциялық үдерістерде Түркияның саяси, идеологиялық, экономикалық және мәдени ықпалы басымырақ болса, 2000-жылдардан басталған уақытты қамтитын екінші кезеңде Қазақстанның саяси, қаржылық, ұйымдастырушылық, мәдени-гуманитарлық рөлі арта бастады [2].

Түркі әлеміндегі интеграциялық үрдістердегі бастамаларды дамытуға 2006 жылғы Анталиядағы Түркітілдес мемлекеттерінің басшылары саммитінде Н.Ә. Назарбаев бірнеше жалпытүрік құрылымдарын құру, атап айтқанда Түркітілдес мемлекеттер басшыларының Тұрақты органын, Түркітілдес мемлекеттерінің парламенттік Ассамблеясын, Ақсақалдар алқасын және Түркі академиясын құру туралы бастама жасаған болатын. Сонымен бірге түркітілді елдердің кәсіпкерлер кеңесі, Баку қаласындағы ортақ мәдени мұраны қорғау жөніндегі қор, Түркі музейі мен кітапханасы, Түркі ғылыми-зерттеу қоры, Түркі дүниесін зерттеу орталығының құрылуы түркі бірлігі идеясының институционалдық деңгейге өткенінің айғағы екенін атап көрсетіп берді. Аталмыш кезеңде ҚР Президенті Н.Назарбаев туыстас түркі елдерімен жақын, достық қарым-қатынастар орнатуды көздеп, осы мақсатпен атқарылатын іс-шараларға мұрындық болып келеді.

Түркітілді мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілгендігінің айқын айғағы 2014 жылы 4-5 маусымда Түркияның Бодрум қаласында өткен түркітілді мемлекеттер басшыларының бас қосуы болды. Бұл кездесуде Еуразияның үш аймағында: Оңтүстік-Батыс Азия, Оңтүстік Кавказ және Орта-лық Азияда орналасқан түркі мемлекеттері көшбасшылары бас қосқан болатын. Бұл кездесудің маңызын кейбір түркі интеграциясының маңызын елегісі келмейтін саясаткерлердің төмендетуге тырысуларына қарамастан, түркі елдерінің саяси-әлеуметтік және мәдени дамуында алатын орны ерекше. Халықаралық аренада Түркі доғасының күшеюі кейбір сарапшылардың алдында: түркі интеграциясының күннен-күнге күшейіп келе жатуы 2015 жылдың 1 қаңтарында ашылуы жоспарланып отырған Еуразиялық Одаққа бәсеке туғызбай ма деген үлкен сұрақ та туғызып отыр. Мүмкін ЕАЭО-ның түркі әлемімен қызметтестік орнатуы екі жақ үшін де тиімді болар деген де пікірлер бар. Оның үстіне Түркия мен Әзірбайжан Мәскеумен қарым-қатынасты бұзып алмауға мүдделі екендігін көрсетіп отыр.

Түркі елдері арасындағы қызметтестік жайында сөз болғанда, Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстан үшін қашан да еш маңызы жоқ, қайдағы бір абстрактілі мәселелер емес, жақын болашақта аталмыш елдердің әрқайсысына айтарлықтай пайда әкелетін мәселелерді нақты қарастыру тән екендігін

айта кеткен жөн. Сонымен бірге талқыға түсетін тақырыптар мен қызметтестік бағыттарында ешбір шектеу жоқтығы да маңызды. Бұл бірлескен қаржы салынымдары (инвестиция), транспорт, мәдени-гуманитарлы саладағы, туризм саласындағы қызметтестік. Бодрумдағы басқосуда туризм мәселесімен бірге, халықаралық аренада түркітілді елдер диаспорасын күшейту мақсатымен орталықтар құру және олардың ықпал ету салаларын кеңейту бағдарламасы, білім беру, экономика саласындағы бірлескен қызметтестік стратегиясы қабылданды және бірлескен түркі телевидениесін ашу туралы шешім қабылданды.

Саммитте ең алғаш рет кеңінен қарастырылған гуманитарлық саладағы қызметтестік тақырыбы, және диаспора құрылымдары жұмысы саласындағы әрекеттестікті күшейту туралы қабылданған шешім, түркітілді мемлекеттер қызметтестігі Кеңесіне кіретін барлық елдердің осы аса маңызды бағытта өзара әрекеттестікте қызмет етудің ортақ ресурсын жасау талабын анық көрсетіп берді, бұл АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде, осы елдердің әр түрлі саяси топтары тарапынан болатын қауіп-қатерлерді болдырмау мақсатына қызмет етуге тиіс болатын. Үшті түркі елі арасындағы гуманитарлы кеңістікті айтарлықтай интеграциялауға ықпал ететін жобаның бірі Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған түркі елдерінің ортақ телевидениесін құру туралы ұсыныс болғандығын да атап өту керек. Бодрумдағы Саммитке ең алғаш рет Түрменстан президенті Бердымұхамедов келіп қатысты, ол осы кезде түркияда мемлекеттік іс-сапарда жүрген болатын.

Түркітілді елдер арасындағы ынтымақтастық пен қызметтестік жақын болашақта одан әрі жандана түсетіні аңғарылып отыр. Бұған барлық жақтар мүдделі екендігін 2015 жылы 11 қыркүйекте Астана қаласында өткен Түркітілді елдер қызметтестігі Кеңесінің V Саммиті көрсетіп берді. Саммитке Әзірбайжан президенті Ильхам Әлиев, Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қырғызстан президенті Алмазбек Атамбаев, Түркияның Ұлы ұлттық жиналысының төрағасы Исмет Йылмаз, Түрменстан премьер-министрінің орынбасары Сапардұрды Тойлыев қатысты. Қазақстан президенті өз сөзінде: «Астанада өтіп жатқан мерейтойлық Бесінші саммит түркі әлемі интеграциясы жолындағы маңызды белес», - деп көрсетті [3].

Қазіргі таңда түркітілді елдер біріккен бастамалар мен ортақ жобаларды күннен-күнге көбейтіп отыр. Мысалы, алғаш рет 2010 жылы Астана қаласында ашылып, 2014 жылы халықаралық статус алған Түркі академиясы табысты қызмет етуде. Қазіргі таңда Академия түркі әлемі тарихы бойынша ғылыми зерттеулердің қарқынды жүруіне ықпал етіп, оларды үйлестіріп отырады. 2015 жылғы Астана Саммитінде қарастырылғаннан кейін түркітілді елдердің ақпараттық агенттіктері арасындағы қызметтестік жолға қойылып, қазіргі таңда бұл салада қоян-қолтық жұмыс жүргізіліп отыр. Кеңеске кіретін елдердің Білім министрліктері тарих, география және әдебиет салалары бойынша ортақ түркілік оқулықтар дайындау туралы мәселені талқылауда [4].

Ортақ тамырымызды жандандыруға бағытталған шаралардың тағы бірі Азербайжанда Түркі мәдениеті мен мұрасы Қорының құрылуы болып табылады. Астана Саммитінде Н.Назарбаев түркітілді мемлекеттердің білім беру кеңістігін қалыптастыруды жылдамдатуға шақырып, Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін барлық түркі әлемі халықтарына арналған оқу орнына айналдыру туралы бастама көтерді.

Дегенмен, түркітілді елдер арасындағы қызметтестік тек мәдениет пен білім беру салаларымен шектелмейді. Түркітілді елдердің стратегиялық орналасу жағдайы олардың территориясында Ұлы Жібек жолын қайта жандандыруға алғышарттар жасайды, бұл жол түркі елдерінің территориясы арқылы Қытай мен Еуропаны байланыстырар еді. Осы бағыттағы, яғни түркітілді елдердің транзиттік потенциалын іске асыру мен дамыту бағытындағы алғашқы қадамдар қазіргі таңда іс жүзіне асырылып жатыр. Атап айтқанда, Баку-Тбилиси-Карс темір жолы мен «Батыс Еуропа –Батыс Қытай» автотранспорттық магистралі салынып бітуге таяп қалды, Каспий теңізінде заманауи транспорттық инфраструктура жасалуда, 2016 жылдың шілде айының аяғы мен тамыз айының басында Қытай-Қазақстан-Әзірбайжан бағыты бойынша алғашқы тестілік контейнерлік поезд жолға шықты, ол жүк тасымалдаудың кететін уақытты айтарлықтай қысқартады, сондықтан да оған көп үміт артылуда. Транспорттық инфраструктураның дамуы түркітілді елдерге өзара экономикалық қызметтестікті кеңейтуге және аймақтағы рөлін арттыруға мүмкіндік береді.

Экономиканың басқа салаларында да қызметтестікті дамыту шаралары іске асырылуда. Атап айтқанда, Астана саммитінде «Түркілік кеңес – Заманауи Жібек жолы» біріккен туристік өнімін құру туралы ұсыныс жасалды. Сондай-ақ Қазақстан президенті түркі интеграциясының ортақ қорын құру туралы ұсыныс жасады, оған Кеңес мүшелері болып отырған елдерден іскерлік топтар мен демеушілерді тарту арқылы түркітілді елдердің ортақ жобаларын қаржыландыру мүмкіндігі жайында сөз қозғалды. Мысалы, Әзірбайжан, қазірдің өзінде көрші елдеріне де, түркітілді елдерге де инвестицияларын салуды қолға ала бастады.

Сонымен, қорыта айтқанда, қалыптасып отырған жаңа интеграциялық бірлікке әлем елдері әр түрлі пікірде. Мысалы, Түркия мен Өзірбайжанда интеграция жобалары, ал болашақта түркітілді елдердің бірігуін, ерекше ықпалмен қабылдайды. Қазақстанда Түркі Кеңесін, Қазақстанға тән сыртқы саясаттың «көпвекторлығының» айқын көрінісі ретінде қарастырылады, бұл саясат Қазақстанның дербестігін сақтап, аймақтағы көшбасшылыққа үмітін бекіте түседі. Сондай-ақ түркі әлеміне кіруді қазақ элитасы ұлттық сана мен ұлттық бірегейлікті дамытуда қажетті құрал ретінде бағалайды. Осыған ұқсас мүдделер Қырғызстанға да тән екені түсінікті., алайда сонымен бірге, Түркі Кеңесіне мүше болу Қырғызстан үшін экономикалық және саяси тұрақтылықтың қосымша ресурсы ретінде де қарастырылады.

Ал Ресей сарапшыларына келетін болсақ (тек сарапшылар ғана емес, Кремльдегі тиісті топтар да), Түркі кеңесіне қатынас менсінбеушілік-сенімсіздіктен бастап, қауіптену-теріс көзқарасқа дейінгі аралықта өзгеріп отырады. Атап айтқанда, көпшілік топтар мұның бәрінен Анкараның өзінің бұрыннан белгілі пантүркілік ойларын іске асыруға ұмтылушылығын көреді. Алайда, Түркі кеңесін құрушылар оның қандай да болмасын үшінші елдерге қарсы бағытталмағандығы және оған мүше болу басқа халықаралық ұйымдар (ТМД, ЕурАзЭО, Кедендік Одақ) аясында қабылданған міндеттерге қайшы келмейтіндігі жөнінде әлем мемлекеттері мен халықтарына ашық түрде мәлімдеген болатын. Түркі интеграциясының мақсаты – бірлесіп күшейіп алып, өзге мәдени және этностық топтарға қарсы шығу емес, керісінше, қазіргі күрделі жаһандық жағдайда өзінің түркілік болмысын, мәдениетін, тілін сақтап қалу үшін ортақ мәдени-ақпараттық кеңістік құру және сауда-шаруашылық байланыстарын нығайту үшін өзара тиімді экономикалық жобаларды іске асыру. Қазіргі аумалы-төкпелі кезеңде түркі мемлекеттерінің жекеленіп, бөлектенуі немесе оқшаулануы келешек тұрғысынан қауіпті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хайдаров М. Перспективы углубления интеграции тюркского мира. <http://www.mtss.ru/?page=puitm>.
2. Иембекова М.О. Қазақстан және түркі әлеміндегі ықпалдасу үдерісі // Білім–Образование. – 2011. – № 4. – Б.27-30.
3. Участие в Пятом саммите Совета сотрудничества тюркоязычных государств/. http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_sittings/uchastie-v-pyatom-ammite-oveta-sotrudnichestva-tyurkoyazychnyh-gosudarstv
4. Косолапова Е. Тюркоязычные страны на пути к интеграции. <http://www.trend.az/casia/kazakhstan/2432673.html>

ӘӨЖ 342.1(575.12)
МРНТИ 05.01.05

А.Н. Шұқыжанова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Аймақтану кафедрасының докторанты,
Қазақстан Республикасы, Астана қ. E-mail: aiym.shukizhanova@gmail.com

XX ҒАСЫРДЫҢ 20 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕРРИТОРИАЛДЫ МЕЖЕЛЕНУІ

Аңдатпа

Мақалада Орталық Азия республикаларының XX ғасырдың басындағы шекарасының межелеу үрдісі қарастырылады. Большевиктік межелеу нәтижесінде өздерінің титулды мемлекетінен ұлттар тысқары қалды. Бұл республикалар тәуелсіздігін алғаннан кейін олардың арасындағы шекараны анықтауда қиындықтар туғызды. Автор не себепті Кеңес билігі аймақта ұлттық республикаларды құрғандығына, делимитация жобасына қатысты аймақ элиталарының көзқарастары қандай болғандығына, Орталық Азия бюросы Территориалды Комиссиясының жұмысына сараптама жүргізеді. Әр республика арасындағы шекараны делимитациялау қалай жүргізілгендігі, Қарақалпақстан мәселесі де көрсетіледі.

Кілт сөздер: Орталық Азия, ұлттық территориялды межелеу, Кеңес билігі, шекара, территориялды комитет, территорияға қатысты келіспеушіліктер

Аннотация

А.Н.Шұқыжанова¹

¹докторант кафедры регионоведения ЕНУ имени Л.Н.Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана, E-mail: aiym.shukizhanova@gmail.com

НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ РАЗМЕЖЕВАНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ 20-Х ГГ. XX ВЕКА

В статье рассматривается разграничение границ республик Центральной Азии 20-х гг. XX века. В результате большевистского размежевания сложилась ситуация, когда за пределами своего титульного государства оказывались значительные количества лиц той или иной национальности. После обретения республиками независимости эти факторы усложняли процесс делимитации их границ. Анализируется причина создания Советским Союзом национальных республик, реакция местной элиты к проекту делимитации и работа Территориальной Комиссии Средазбюро. Автор показывает процесс установления границ между республиками и вопрос Каракалпакстана.

Ключевые слова: Центральная Азия, национальное территориальное размежевание, Советская власть, граница, территориальный комитет, территориальные разногласия

Abstract

A.N. Shukyzhanova¹

*¹Phd Student of regional studies department of L.N. Gumyliyev ENU,
the Republic of Kazakhstan, Astana, E-mail: aiym.shukizhanova@gmail.com*

NATIONAL-TERRITORIAL DELIMITATION OF CENTRAL ASIA IN 20s OF XX CENTURY

The article discusses the delineation of borders of Central Asian republics at the beginning of the 20th century. As a result of Bolshevik delimitation there was a situation when outside the title state there were significant amount of persons of this or that nationality. After the collapse of USSR these factors complicated the process of delimitation of their borders. The reason of creation of the national republics by the Soviet Union, reaction of local elite to the project of delimitation and work of the Territorial Commission of Sredazbyuro is analyzed. The author shows the process of setting up the borders between the republics and the question of Karakalpakstan.

Key words: Central Asia, national territorial delimitation, the Soviet government, border, territorial committee, territorial disputes

Кіріспе. XX ғасырдың 20 жылдары Кеңестік билікті тұрақтандырудың әр түрлі құрылымдарының жүзеге асқаны белгілі. Соның бірі Орта Азия республикаларын ұлттық-территориалды межелеу мәселесі. Бұл тақырыптағы мұрағат материалдарын КСРО кезінде оқи алмайтын едік, зерттеушілер коммунистік идеология мен кеңестік ұлттық саясат тұрғысында жазатын. Ал жергілікті ұлттық, саяси және ғылым элита осы саясат пен идеологияны дамыту мен құру үшін атсалысатын. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұл тақырыпта түрлі даулар мен талқылаулар пайда болды. Жаңа ұлттық тарих концепциясы шеңберінде Орталық Азия республикаларының өзінде бұл мәселені зерттей бастады. Кеңес билігінің сол кездегі мақсаты, не үшін және қалай жүзеге асырғандығы жайлы аймақ және әлем ғалымдары арасындағы пікір әртүрлі. Бірі жақтаса, екіншісі қарсы шығады.

Зерттеу тәсілдері. Зерттеу жүргізілген кезде автор зерттеудің тарихи тәсілдеріне жүгінді. Тарихи оқиғаларды шынайы мазмұнда аша отырып, зерттеуші қарастырып отырған оқиғаларды Орталық Азия республикаларының жаңа тарих позициясы тұрғысынан түсінуге тырысты. Тарихи әдебиетке салыстырмалы сараптама жасау автордың негізгі ғылыми тәсілдемесі болып табылады.

Кремль және Түркістан мұсылман ұлттық коммунистері

Большевиктер билік басына келгеннен кейін 1918 жылы сәуірде РСФСР құрамына кіретін көп ұлтты халқы бар Түркістан Совет Республикасын құрды [1]. Жыл өткеннен кейін билік этнофедералды жүйе құруға көшті. Большевиктердің басшысы жергілікті халыққа сенбей өз адамдарына бұл шараны жүзеге асыруды тапсырды. Ол кезде Түркістан мұсылмандарының мақсаты Лениндікімен сәйкес келмейтін.

1919 жылы қазанда Ш. Елява, Я. Рудзутак, М. Фрунзе, В. Куйбышев, Г. Бокий және Ф. Голошекин бастаған Түркістан комиссиясы құрылды. Комиссияның мақсаты республикада этнофедералды принципті жүзеге асыру болатын. Т. Рысқұлов Түркістан Кеңес Республикасының Орталық Атқару Комитетінің басшысы болып тағайындалды. Өзбек, қазақ және түркмен деп аталатын халықтар негізін құрайтын жаңа этносаяси одақтарға Түркістанды бөлу туралы комиссия шешім қабылдайды.

Комиссия құрамындағылар 1897 жылғы санақ бойынша сарт, өзбек және түрік болып анықталған, аймақтағы қалада тұратын және отырықшы түркітілдес халықты «өзбектерге» жатқызды. Сол жылғы санақ бойынша Жетісу мен Сырдарияны қоса қамтитын қазақ тілінде сөйлейтін дала көшпенділері «қазақ» деп қарастырылды. «Түркмендерге» аймақтағы шығыс оғыз түркі тілдес көшпенділерді жатқызды [2].

Түркістан комиссиясының жұмысы жүзеге аспай, Т. Рысқұлов аймақтағы барлық түркі халықтарының басын біріктіретін Түрік республикасын құруды ұсынды. Идеясы көпшілік тарапынан қолдау тапты. Бұл жоба Мәскеуді сескендірді. Комиссия аталған мәселені теріс деп тауып, ал Кремль Қазан революциясы саясатына қайшы деп айыптап, қабылдамады.

Мәскеу Түркістанды бірнеше этнос немесе ұлттарға бөлу қажет деп есептеп, талқылай бастады. В.И. Ленин былай деп жариялады:

1. Түркістанды Өзбекия, Қырғызия және Түркмения болып бөлінетін (этнографиялық) картасын даярлау;

2. Одан кейін осы үш аумақты біріктіру немесе бөлу мүмкіндігін анықтау.

Осыдан кейін РКП ОАК-тің тапсырмаларын мүлгітпей орындау үшін Түркістан Комиссияның құқығы мен жауапкершілігі артып, Түркістан бюросына тікелей қарайтын мемлекеттік органға айналады.

Т.Рысқұлов пен оның жақтастарының орнына А.Рахымбаев, К. Атабаев және Б.Ходжаев келеді. 1920 жылы маусымда Түркістан АКСР Орталық Атқару комитеті Ресей Коммунистік Партиясының Түркістанды делимитациялауға қатысты резолюциясын орындау үшін республиканы этнос принципі бойынша әкімшілік бөлу жұмыстарына қатысады [3].

1921 жылы сәуірде Түркістан ОАК-і Транскаспий облысын Орталық Азиядағы этностық принцип бойынша анықталған түркмен саяси одағының негізін салған Түркмен облысы қылып өзгертеді. 1922 жылы сәуір мен маусым аралығында Түркістан ОАК Түркістан АКСР құрамында Қара – қырғыз таулы облысын құруды көздейді. Алайда қара-қырғыз фракциялары арасындағы билікке тартыстың салдарынан жоспар жүзеге аспай қалады. 1923 жылы сәуірде Түркістан үкіметі Памир ауданын облысқа айналдырады [4].

Хорезм мен Бұқара Совет Республикаларында Түркістан Совет Республикасындағыдай өзгерістер жүргізу көзделді. 1921 жылы наурызда Хорезм халқының әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсартуға жәрдемдесетін Хорезм Орталық Атқару Комитетіне қарасты арнайы түркмен және қазақ – қарақалпақ бөлімдері құрылды. 1923 жылы қазанда Төртінші Бүкіл Хорезмдік Кеңес Құрылтайы республиканы этнотерриториалды облыстандыру жоспарын жариялады. Хорезм Кеңес Социалистік республикасының солтүстігінде қазақ – қарақалпақтардың құқықтарын қорғайтын Қазақ – Қарақалпақ облысы құрылды. Түркмендер орналасқан жерлер Ташауыз облысына біріктірілсе, өзбек қоныстары Ново – Ургенч облысын құрды. Бұқара Халық Кеңес Республикасы үкіметі Орталығы Чарджоу болып табылатын Түркмен автономиясын құрды. 1924 жылы мамырда Бұқара Орталық Атқару Комитеті көбінесе иран тілді халық тұратын өзінің Шығыс Бұқара Провинциясын жартылай автономды қылды. Бұл шаралардың барлығы Орталық Азияда Кеңес билігін күшейту үшін жасалды [5].

Делимитация жобасы және Орталық Азия элиталарының реакциясы

Ұлттық территориалды делимитацияны толығымен жүзеге асырмастан бұрын Кеңес билігі Орталық Азияда өз билігін күшейткен болатын. Ол кезде Орталық Азия халқының басын біріктіретін республика құрмақшы болғандардың жоспарын жүзеге асыртпай, қарсы шыққандарды басып тастады. Аймақта билігі күшейгеннен кейін Кеңес үкіметі Бұқара мен Хорезм республикаларында да ұлттық территориалды делимитацияны жүзеге асыруға болады деп шешті. Қырғыз (қазақ) Автономды Кеңес Социалистік Республикасын бірнеше ұлттық республикаларға бөлу қажет емес болғанымен, делимитация нәтижесінде республиканың шекарасы өзгеріске ұшырады.

Ұлттық территориалды делимитацияны жүзеге асыру 1924 жылы 31 қаңтарда Ресей Коммунистік Партиясының Орталық Атқару Комитетінің Ұйымдастыру Бюросының арнайы сессиясында шешілді. Түркістан АКСР, Бұқара КХР және Хорезм КСР үкіметтерімен ақылдасып, делимитацияны қалай жүргізу керектігін зерттеу үшін Орталық Азия Бюросы басшысы қылып Орталық Атқару Комитеті Я.Рудзутакты тағайындады.

Орталық Азия Бюросы Басшысының орынбасары А.Рахимбаев РКПОАК-тің нұсқауы бойынша делимитация жайында жергілікті халықпен кездесті [6]. 10 наурызда Бұқараның Атқару Бюросы делимитацияны жүзеге асыруды қабылдады. Делимитацияны жүзеге асырудағы мақсат аймақта ұлттық мемлекет құру процесіне кедергі жасайтын көпұлтты жасанды құрылған мемлекеттік құрылымдарды жою деп түсіндірді. Өзбек және Түркмен Кеңес Республикаларын Түркістан АКСР, Бұқара КХР және Хорезм КСР республикалары негізінде құру жоспарланды. Қазақтар қоныстанған Жетісу мен Сырдария облыстарын Қырғыз (қазақ) АКСР-не беріп, Өзбек Республикасына қарасты Тәжік облысын құру көзделді.

1924 жылы 10 наурызда Ташкентте Кеңестік Түркістан басшыларының арнайы сессиясында Орталық Азия Бюросының бастамасымен делимитация мәселесі қаралды. Онда делимитация жүргізілетін болса ұлттардың өзін-өзі анықтау құқығы жүзеге асырылатындағы айтылды. Аймақтағы ұлтаралық дауларды шешугеде септігін тигізетіндігі қозғалды.

Сессияда делимитацияны жақтап сөйлегендермен қатар қарсы шыққандарда болды. Бірі Түркістан, Бұқара және Хорезм Республикаларын біріктіретін ортақ федерация құру керек десе, екіншісі өзбек және түркмен деген ұлт жоқ деп мәлімдеді. Түркістан КП ОАК-і соңғы шешім қабылдайтын болды. 1924 жылы 23-24 наурызда Түркістан КП Пленумы Түркістан АКСР шеңберінде ғана жүзеге асырылатын резолюция қабылдады. Оған сәйкес Түркістан АКСР-і территориясында өзбек, түркмен және қазақ ұлттық автономды республикалары және тәжік, қара – қырғыз облыстары құрылатын болды [7].

Кеңес Хорезм билігі делимитация жоспарын бірден қабыл алмады. Хорезм үкіметінің өзбек фракциясы Хорезм КСР-інен түркмендер орналасқан аудандардың бөлінгендігін қаламай, керісінше өзбектер мекен ететін аудандардың Өзбек республикасына қосылатындығына қарсы емес болатын. Орталық Азия Бюросы қысымымен Хорезм Республикасы делимитация жоспарын қабыл алуға мәжбүр болды.

Орталық Азия Бюросы Түркістан АКСР, Бұқара КХР және Хорезм КСР республикаларынан заңды түрде келісімдерін алды. Политбюро делимитация жоспарын жүзеге асыруды Орталық Азия территориясын қайта құрудың егжей-тегжейлі схемасын Орталық Азия Бюросы жасағанға дейін 1924 жылдың мамырына дейін тоқтатып қойды [8].

1924 жылы сәуірде Орталық Азия Бюросы Политбюроның кездесулерінің тапсырмаларын орындайтын арнайы комиссия құрды. Осы комиссияға қарасты өздерінің ұлттарының құқықтарын қорғайтын түркмен, өзбек және қырғыз (қазақ) субкомиссиялары пайда болды. Қырғыз (қазақ) субкомиссиясы Орталық Азия Федерациясын құруды ұсынса, Хорезм территориясы алыс орналасқандықтан және экономикалық себептерге байланысты мемлекетті тәуелсіз республика ретінде қалтыруды сұрады. Әрине екеуінің де ұсыныстары қабылданбады. 1924 жылы мамырда РКПП олитбюросына ұсыныстарын даярлағаннан кейін Орталық Азия Бюросы комиссиясы өз жұмысын аяқтады. Түркістан АКСР, Бұқара КХР және Хорезм КСР территорияларынан Өзбек және Түркмен КСР-лерін және тәжік пен қара – қырғыз автономды облыстарын құруды ұсынды. Комиссия Түркістан КСР-нің Жетісу мен Сырдария облыстарын Қырғыз (қазақ) АКСР-іне беруден бас тартып, Түркістанда қырғыз (қазақ) автономиясын құруды ұсынды.

1924 жылы 12 маусымда Орталық Азия республикаларын делимитациялауға байланысты Орталық Азия Бюросының ұсыныстарын тыңдағаннан кейін РКП ОАК Политбюросы төмендегідей қаулы шығарды: Түркістан АКСР, Бұқара КХР және Хорезм КСР-дің түркмендер орналасқан аудандарда Түркмен Республикасын құру; Бұқара КХР және Түркістан АКСР-дің өзбектер мекен ететін аудандардан Өзбек Республикасын құру; түркмен аудандары бөлінгеннен кейін шекарасын анықтау үшін Хорезм КСР-ді сол қалпында қалтыру; Түркістан АКСР-дің қырғыздар (қазақ) орналасқан жерлерін Қырғыз (қазақ) АКСР-не қосу; РСФСР-ге кіретін қара-қырғыз облысын және Өзбек КСР-і құрамында Тәжік облысын құру; жаңадан құрылған республикалар мен КСРО арасында олардың Кеңес Үкіметіне кіретіндігі туралы келісімге келу. Политбюро 1924 жылдың қазанына дейін жаңа Орталық Азия республикаларының шекарасын анықтайтын арнайы уақытша Территориалды Комиссия құруды ұсынды.

РКП Политбюро қаулысы Орталық Азия Бюросының ұсыныстарын екі маңызды өзгерістер қабыл алды: Түркістандық қырғыз (қазақ) автономиясын құруға рұқсатын бермеді және Хорезм республикасын таратпай, шекарасын аздап ғана өзгертті.

Шет мемлекеттер тарапынан сынға ұшырамас үшін, Кеңес Үкіметі делимитациялау үрдісі республикалардың басшылары мен халқының келісімімен жүзеге асырылады және осыған қатысты барлық зерттеулер жүргізілген деп сендіруге тырысты [9]. 1924 жылы шілдеде Орталық Азия бюросының төрағасының орынбасары О.Карклин жергілікті халықты атқарылатын шаралар саяси және экономикалық жағынан тиімді деп сендірді. 1924 жылы тамызда РКП Политбюросы Хорезм КСР-нің республиканы толығымен делимитациялап, өзбектер мекен ететін жерлерді Өзбек КСР-іне қосу туралы өтініштерін қабыл етті.

1924 жылы шілдеде Орталық Азия Бюросы Орталық Азия республикаларының шекарасын анықтау үшін арнайы Территориалды Комиссия құрды. Комиссияның жұмысын Мәскеуден Сталин бақылап отырды.

Делимитацияның басты мақсаты бір ғана ұлттан тұратын саяси одақ құру емес, жаңадан құрылған республика не облыста титулды ұлт басым болу керек болатын. Территориалды Комиссияның республикалар арасындағы шекараны белгілеуде ұлттық принцип ең басты критерий болды. Сонымен бірге, Комиссия әлеуметтік – экономикалық принципке де көңіл бөлуі тиіс. Ұлттық делимитацияны жүзеге асырған кезде әр жаңа республика делимитациядан кейін экономикалық және мәдени дамып кете алу үшін экономикалық принцип, яғни зауыттар, жайылымдар, ауылшаруашылық аудандары, елді-мекендер барлығы да ескерілуі қажет болатын [10].

Территориалды Комиссия қазақ, өзбек, түркмен, қара-қырғыз, тәжік және қара-қалпақ ұлттық бюрларынан тұратын. Әрқайсысы 1924 жылдың 12 тамызына дейін Территориалды Комиссияға талқылауға өздерінің болашақ республика не облыстарының нақты сыртқы шекараларын көрсететін этнотерриториалды карта даярлау керек болды. Әр ұлттық бюроның мүшелері қолайлы экономикалық потенциалы бар көп территорияны алып қалуға мүдделі болғандықтан олар құрған карта шындыққа жанаспады. Жергілікті халықты ұлттық линия бойынша делимитациялау қиын болмады, алайда олардың көбі өздерін Кеңес үкіметі бекіткен титулды ұлтқа жатқызбады. Территориалды Комиссия кейбір халық топтарын жасанды анықтады және бұл өз кезегінде ұлттық бюро өкілдері арасында даулар туғызды [11].

Қазақ – түркмен және өзбек – түркмен шекарасын делимитациялау

Қырғыз (қазақ) АКСР мен Өзбек КСР-лерінің түркмендермен шектесетін секторында ұлттар аралас орналаспағандықтан Территориалды Комиссияға осы үш республиканың шекарасын делимитациялау аса қиын болмады. Түркмен Республикасына берілген территорияның басым бөлігі қалалары жоқ шөл дала болды да қырғыздар (қазақ) мен өзбектер тарапынан экономикалық қызығушылық тудырмады. Алайда бұл республикалар арасындағы ұлттық территориалды делимитация қиындықсыз болмады. Қырғыз (қазақ) бенен түркмен ұлттық бюролары арасында жайылымы мол Маңғышлақ уезіне қатысты дау болды. Түркмен және Өзбек КСР-лері арасындағы шекарада өздерін не түркмендерге не өзбектерге жатқыза алмайтын бірнеше топ болды. Олар өздерін кландарына байланысты анықтайтын. Көп жағдайда лингвистикалық және кландық – генеалогикалық критерийлері арқылы қай ұлтқа жататындығын анықтауға болатын, алайда даулы аймақтағы адамдардың диалектілері мен генеалогикалық шығу тектері әртүрлі болды.

Сол себепті Территориалды Комиссия 1920 жылдан бері Орталық Азия халқының этнографиялық мәліметтерін жинауға қатысып жүрген кеңес этнографтарынан кеңес сұрады. Кеңес зерттеушілері Патша мұрағаттары мен аймақтағы соңғы зерттеулерге сүйене отырып, топ, клан немесе тайпа мәдени немесе лингвистикалық критерийлері жағынан қай ұлтқа жататындығын анықтаулары керек болды. Кеңес этнографтары бұлай істеу арқылы аймақтағы әртүрлі клан, тайпа және этностық топтардан ұлттарды бөліп шығарулары керек болған делимитацияны жүзеге асырушылардың жұмыстарын жеңілдетті [9]. Кеңес үкіметіне Орталық Азиядағы жергілікті халықтың ұлтын анықтауда кеңесін берген орыс этнографы В. Бартольдтың айтуы бойынша аймақтағы ұлт құру жобасы тарихи фактілерді жоя отырып, жасанды болды және ұлттар аймаққа мүлде жат Батыс Еуропа моделі негізінде құрылды [12].

Орталық Азиядағы ұлттарды анықтау зерттеушілердің ісі екені көп жағдайларда байқалады. Мысалы, «Түркман» тайпасының мүшелері өздерін түркмендерге жатқызса, оларды орыс зерттеушілері этностық өзбектерге жатқызды. Егерде этнографиялық тұжырым ұлттық бюродағыларға қайшы болса, олар даулы территорияға қатысты өз талаптарын экономикалық факторға келтіре отырып, дәлелдейтін. Хорезм КСР-індегі Ташауыз қаласының басым бөлігі өзбектер болса да социалистік мемлекет құру үшін қалалары жоқ деген желеумен Түркмен КСР-іне берілді.

Қазақ – өзбек шекара делимитациясы

Территориалды Комиссия үшін Қазақ АКСР мен Өзбек КСР-і арасындағы шекараны делимитациялау қиын болды. РКП Политбюросы ТАКСР-нің қырғыздар (қазақтар) орналасқан жерлерді Қырғыз (қазақ) АКСР-іне беру туралы қаулы шығарса да қырғыз (қазақ) және өзбек ұлттық бюролары өкілдері екі республика арасындағы шекараны қай жерден өткізетіндігіне байланысты келісімге келе алмады. Қырғыз (қазақ) – өзбек территориалды мәселесі құрама, түрки және қыпшақ сияқты этностардың қай ұлтқа жататындықтары жөнінде қиындықтарға ұшырады. Себебі қырғыздар (қазақ) мен өзбектер бұл этностарды өздеріне жатқызды. Мысалы, қырғыз (қазақ) ұлттық бюросы құрама этносын этимологиялық, антропологиялық және генеалогиялық ерекшеліктеріне сәйкес оларды өздеріне жатқызды. Керісінше, өзбектер олардың отырықшы ел екенін көрсетіп, көшпенді қырғыздарға (қазақ) қатысы жоқ деп мәлімдеді.

Қырғыз (қазақ) бен өзбек ұлттық бюросы арасында тағы бір келіспеушік Ташкент қаласына қатысты болды. Ол қалада өзбектер тұрғанмен, маңайында қырғыздар (қазақ) мекен етті. Ұлттық не экономикалық критерийдің қайсысы жарайтынын территориалды комиссия шешу керек болды. Қырғыз (қазақ) ұлттық бюросы бұл мәселені шешуде Лениннің «ұлттық» факторға бола қаланы экономикалық жағынан байланысқан маңайындағы ауылдар мен аудандардан бөлу қателік деген ертеректе айтылған мәлімдемесін алға тартты. Сонымен қатар, қырғыздар (қазақ) Ташкентке қатысты талаптарын Қырғыз (қазақ) АКСР-і Орынбор қаласы географиялық тұрғыдан алыста жатқандықтан шалғайда жатқан республикаға саяси-экономикалық және мәдени орталық бола алмайды және Түркістан АКСР-нің қырғыз (қазақ) территориясы қосылатындықтан, жаңа астана болатын қала керек деп дәлелдеді. Ол кезде қырғыз (қазақ) басшылығы Мәскеу Орынборды және оның маңайындағы территорияны Ресей құрамына қосқысы келетінін білді. Ал өзбек ұлттық бюросы Ташкент өзбек қаласы және Өзбек КСР-іне қосылу керек деп мәлімдеді.

Қырғыз (қазақ) бен өзбек қарым-қатынасын ушықтырып алмас үшін Орталық Азия бюросы Ташкентті Өзбек КСР-іне қалтырды. Кеңес тарихшылары Ташкент маңайы қырғыз (қазақ) елді – мекендерімен қоршалғанымен экономикалық жағынан алғанда өзбек халқы орналасқан провинциаларға жақын деп түсіндірді [13].

Қарақалпақстан мәселесі

Хорезм және Түркістан Республикаларының тағдырын шешкеннен кейін Кеңес Үкіметі қарақалпақ халқы мәселесін реттеу керек болды. Олар екі республиканың шекара аймағында мекен етті. Қарақалпақтарға жеке ұлт ретінде дамуына мүмкіндік беру не қырғыз (қазақ) немесе өзбек ұлттарына жатқызу сияқты бірнеше нұсқалар болды. Хорезмдік қарақалпақтықтар қырғыздармен қырғыз (қазақ) – қарақалпақ автономды облысы ретінде біріккендіктен бірінші нұсқа таңдалды. Кеңес үкіметі Хорезм мен Түркістан республикаларының қарақалпақтар орналасқан жерлерінен жеке Қарақалпақ автономды облысын құрып, оны Қырғыз (қазақ) АКСР-іне қосу туралы шешім қабылдады. Қарақалпақтар қырғыздармен (қазақ) Арал теңізін бөлісіп, экономикалық және транспорт жағынан тығыз байланысып жатты.

Қарақалпақ автономды облысын Қырғыз (қазақ) КСР-іне беру қырғыз (қазақ) бен өзбек ұлттық бюросының арасындағы Ташкент пен оған қарасты 31 болыс туралы келісімге қатысты болды. Оған сәйкес Ташкент пен Ташкент уезінің 21 болысы Өзбекстанға өтеді де қырғыздарға Қарақалпақ автономды облысы және Ташкент болысының қалғаны беріледі [5].

Өзбек – қара - қырғыз шекарасы делимитациясы

Өзбек және қара – қырғыз ұлттық бюролары ауылшаруашылық ресурстары бай территорияларға таласты. Қара – қырғыз ұлттық бюросының мүшелері Ферғана алқабы қалаларының көбінде отырықшы өзбек және тәжіктер орналасқанын мойындады. Қара – қырғыз автономды облысы экономикалық және әлеуметтік потенциалын жүзеге асыру үшін аймақтың басты қала орталықтарын (Андижан, Ош, Наманган, Қоқан) облысқа қосу керек деп мәлімдеді. Қара – қырғыз ұлттық бюросы қырғыздар (қазақтар) сияқты өз талаптарын дәлелдеу үшін Лениннің жоғарыда айтылған мәлімдемелерін алға тартты. Қара – қырғыздар барлық қалалардың маңайында қара – қырғыздар не өзбектерден қарағанда қара – қырғыздарға жақын түркілер тұрады деп көрсетті. Өзбектер болса қара – қырғыз және өзбектер арасындағы даулы жерлердегі Өзбек КСР құрамында болғылары келетін өзбектердің құқын қорғау керек деп талап етті. 1924 жылы тамызда территориалды комиссия арқасында қара – қырғыз бен өзбектер арасындағы шекара делимитация мәселесі шешілді. Оның нәтижесі бойынша негізінен өзбектер өмір сүретін Ош және Жалалабад қалалары қара – қырғыздарға өткенімен, дау туғызған көптеген қалалар, болыстар және Ферғана алқабындағы уездер Өзбек КСР-іне берілді [2].

Кеңес үкіметінің Орталық Азия республикаларының шекарасын анықтаушылар қара – қырғыз және өзбек шекарасы ұлттық және экономикалық принципке негізделіп құрылды деп мәлімдейді. Бүгінгі күні өзбек және қырғыз зерттеушілері ұлттық делимитацияға қатысты қарама – қайшы пікірде. Мысалы, өзбек тарихшылары М. Рахимов пен Г. Уразаева қара – қырғыздарға өзбектер мекен еткен қалалар мен уездерді қосқанда сол жерлерде тұрып жатқан халықтың қалауы ескерілмеді және жылдар бойы Қырғыз КСР-інде өзбектердің құқығы тапталып келді деп есептейді [14]. Қырғыз зерттеушілері ұлттық территориалды делимитация кезінде қырғыздарға аз территория беріліп, ең көп зардап шекті деп мәлімдейді. Территориалды комиссия қара – қырғыздардың көшпенді өмір салтын ескермеді. Маусымдық көш кезінде өз территорияларында өзбектерді қалтырып, басқа жерлерде өмір сүргендіктен ол жерлерде қырғыздар мекен етпейді деп есептелініп, Өзбек КСР-іне беріліп кеткен. Ал өзбектер қара - қырғыз жерлерін Өзбек республикасына тиесілі деп көрсеткен. Дәл Қырғызстандай Орталық Азияның еш мемлекеті өз территориясында бірнеше анклавтармен қалмаған [15].

Өзбек - тәжік шекарасының бекітілуі

Республикалардың шекарасын анықтағанда көшпенді халықтарды түркмен, қара – қырғыз бен қазақтарға жатқызса, отырықшы халықты өзбектерге жатқызғандықтан Тәжік облысы мен Өзбек КСР-інің шекарасын делимитациялағанда қиындықтар туды. Себебі, тәжіктерде өзбектер сияқты отырықшы болатын. Екі ұлтта отырықшы халық болғандықтан, теория жүзінде этнолингвистикалық ерекшелігіне байланысты делимитациялау керек болды. Алайда олар әр жерде аралас шымырмалып орналасқан болатын. Сонымен қатар, олардың арасында лингвистика жағынан өзбектенген тәжіктер, тәжіктенген өзбектер қауымының болуы ұлттарын анықтауда қиындықтар туғызды.

Өзбек – тәжік шекара мәселесі барлық параметрлеріне байланысты Территориалды Комиссия үшін ең шешімі қиын болып көрінгенімен, өзбек және тәжік ұлттық бюролары арасында ортақ шекараларына қатысты келіспеушіліктердің жоқтығы арқасында оңай болды. Бұқара Халық Социалистік Республикасының шығыс таулы аймақтарында (Матшы, Гузар, Қаратегин – Гарм) Тәжік облысын құру және Өзбек КСР-іне Самарқанд пен Бұқара қалаларымен тәжіктер тұратын аудандарды беру ұлттық бюро мүшелері тарапынан қарсылық тудырмады. Алайда аймақтың тәжік тілді халқының көбі Тәжік облысынан тысқары қалды [16].

Ф.Ходжаев пен тәжік ұлттық бюросы мүшелерінің Самарқанд пен Бұқараны өзбектерде қалтырып, 1,200,000 тәжіктің 800000 облыстан тыс қалтырып, таулы және қолайсыз жерлерде жеке облыс құру

бірнеше сұрақтар туғызды. Ұлттық бюро тәжіктер қоныстанған жазық және таулы жерлердің арасындағы әлеуметтік – мәдени теңсіздік және табиғи экономикалық изоляция болғандықтан барлық тәжік жерлерін біріктіру мүмкін емес деп мәлімдеді. Өзбекстан құрамында Тәжік автономиясы болу олар үшін саяси және экономикалық жағынан тиімді екендігін алға тартты.

Тәжік ұлттық бюросының өкілдері тәжіктерге автономиялы республика статусын сұрады, 1924 жылы қазанда РСФСР ОАК-нің екінші сессиясында бұл сұраным қабылданды. Бұл өтініштен басқа ешқандай территорияға қатысты талаптар жасамағандықтан және жоғарыда көрсетілгендерден кейін тәжік ұлттық бюросы мүшелері тәжіктердің мүддесін емес, өзбектердің мүддесін қорғағандай көрінеді. Мәскеу тәжіктерге 1924 жылы Ура – Тубе, Панжакент провинцияларын, бір жылдан кейін Горно – Бадахшан автономды облысы болып өзгерген Памир облысын берді.

Тәжіктер парсы – тәжік тілді халық қоныстанған жерлерді сұрамағандықтан, автономиялы республика табиғи ресурстары аз немесе мүлде жоқ таулы жерлерде құрылды.

Тәжік ұлттық бюросы мүшелерінің мақсатын түсіндіру қиын. Олар статус пен шекараға қатысты ойларын делимитация туралы келісім жүзеге асқаннан кейін Мәскеуден Өзбек КСР-інің құрамынан Тәжікстанды шығарып, тәжіктер орналасқан Самарқанд, Бұқара қалалары, Ходжент ауданы, Сурхандария облысының кейбір бөлігін талап етті. 1929 жылы маусымда Кеңес Үкіметі Тәжік АКСР-і экономикалық және әлеуметтік деңгейін жақсартқандықтан саяси статусын көтеруге болады деген қорытындыға келген, Тәжікстанның Өзбек КСР-інен бөлініп шығуын зерттейтін арнайы Комиссия құрды. Мәскеу анағұрлым өзбек азшылығы бар Ходжент ауданынан басқа территорияға қатысты талаптарын орындамады да, КСРО құрамында Тәжік АКСР-не жеке одақтас республика статусын берді.

Кеңес үкіметі аймақтағы өзбек гегемониясынан қорқып, Тәжік АКСР-не жеке одақтас республика статусын беру арқылы өзбек билігіне шектеу қоюды көздеді. Екіншіден, Мәскеу сол кездегі Ауғаныстандағы азамат соғысына ықпал ету мақсатымен тәжік ұлттық мемлекеттің құруды қарастырған. Онда тәжіктер (немесе иран тілді халық) белсенді қатысқан.

Тәжік КСР-і жаңа статусын алған соң территорияға қатысты талаптарын қайта қарауды талап етті. Мәскеу өзбек - тәжік шекара мәселесін шешу үшін тағы бір комиссия құрды. 1926 жылғы бүкіл одақтық санақ алдыңғы санақтардағы мәліметтердегідей емес Тәжік КСР-і талап етіп отырған территорияларда өзбектер қоныстанған деп көрсетуі өзбек пен тәжіктердің арасында үлкен дау туғызды. Тәжік КСР-і басшылығы Өзбек КСР-індегі жергілікті тәжіктерді өз еркінен тыс өзбек қылып жаздыртқан деп мәлімдесе, өзбектер бұл санақты ең дұрыс жүргізілген санақ екендігін көрсетеді. Соңғысы Бұқара әмірлері тұсында дау тығызып отырған жерлердегі өзбектерге күштеп тәжік тілін қолдануды талап еткендерін көрсетеді. Лингвистикалық тәжіктендіруге қарамастан өзбектер өз этностық бірегейліктерін сақтап қалғандығын 1926 жылғы санақ дәлелдеді. Тәжік – өзбек шекара мәселесін шешу үшін арнайы жасақталған комиссия Орталық Азияны зерттейтін ғалымдардан көмек сұрады, ғалымдар келісімге келетіндей ешқандай тұжырым жасай алмады. Шешімі табылмай шекара 1929 жылғы Орталық Атқару Комитеті Комиссиясы бекіткен күйінде қалды [17].

1924–36 жылдардағы Кеңестік Орталық Азияның саяси картасының өзгеруінің аяқталуы

1924 жылы қыркүйекте Территориалды Комиссия өз жұмысын аяқтады және оның шешімі делимитация нәтижесінде құрылған республикаларға ратификациялауға жіберілді. Түркістан, Бұқара және Хорезм республикаларының тиісті органдары комиссияның нәтижесін қабылдағаннан кейін, қазанда КСРО-ның Орталық Атқару Комитетінің Екінші Сессиясында мақұлданып, күшіне енді. 1924 жылы қарашада Түркістан, Бұқара және Хорезм республикалары тарих сахнасынан кетті, Орталық Азияда жаңа республикалар мен облыстарды құру жұмысы ұлттық ревкомдарға берілді. 1925 жылы ақпанда Бұқарада Бірінші Өзбек Кеңестерінің Кеңесі шақыртылып, Өзбек КСР-ін құру туралы резолюция қабылдады. Одан кейін Ашхабатта Түркмен КСР -і құрылды. 1925 жылы мамырда Өзбек (Тәжік АКСР-імен бірге) және Түркмен КСР-лері ресми түрде КСРО-ның құрамына одақтас республикалар ретінде кірді. 1926 жылы ақпанда қара – қырғыз облысы Қырғыз АКСР болып өзгерді [18].

1924 жылы қыркүйекте Орталық Азия бюросының ұлттық территориалды делимитация жобасын тексеретін РКП ОАК-нің арнайы комиссиясы Қазақ АКСР-нің статусын жоғарылату керек деп ұсыныс тастады. Қазақ Республикасы саяси және экономикалық жағынан дайын емес деп мәлімдеп Политбюроның мүшелерінің көбі бұл ұсынысты қабылдамай тастады.

Ұлттық территориалды делимитация Қазақ АКСР-нің саяси статусына әсер етпегенімен, Сырдария, Жетісу облыстары және Самарқанд облысының қазақтар мекен еткен жерлері қосылып территориясы кеңейді [19]. Алайда 1925 жылы сәуірде РКП ОАК шешімі бойынша Оренбург қаласы Қазақ АКСР-нен алынып, РСФСР-дің құрамына қосылды. Қазақ АКСР-нің астанасы Орынбор қаласынан Ақ – мешіт

каласына ауыстырылды. 1925 жылы маусымда Бесінші Қазақ Кеңестерінің Кеңесі Ақмешітте жиналып, Қырғыз АКСР деп аталып келген республика атын Қазақ АКСР қылып өзгертті. Кеңес қазақ астанасын Қызылорда қылып өзгертуге шешім қабылдады. 1936 жылы Қазақ АКСР мен Қырғыз АКСР-лері КСРО-ға одақ республика ретінде кірді [7].

1930 жылы Қарақалпақ автономды облысы РСФСР құрамына өтті. Қарақалпақстандағы социализмге қанағаттанбай, Қазақ АКСР-і облыста социализм орнауына қажетті деңгейде бағыт бере алмады деп Қарақалпақ облысын РСФСР құрамына кіргізді. 1932 жылы наурызда Қарақалпақстан АКСР болып өзгертіліп, 1936 жылы Өзбек КСР-і құрамына кірді. 1936 жылы Орталық Азияның саяси картасы өзгеріп, делимитация нәтижесінде титулды ұлты бар алты республика құрылды [18]. 1991 жылы бұл республикалар тәуелсіздігін алғанға дейін олардың сыртқы шекаралары мен саяси статустары өзгермеді.

Қорытынды.

Орталық Азияны ұлттық – территориялды белгілері бойынша межелеу саясаты оның ұйымдастырушылары мен жүзеге асырушылар үшін өте күрделі болды. Өзіндік арбитр қызметін атқарған КСРО-ның Атқарушы Комитеті делимитация жобасын өз деңгейінде өтуін қамтамасыз ете алмағандықтан соңында аймақ республикаларына этнотерриториялды дауларды өз шарты бойынша шешуге мәжбүрледі.

Делимитация жөнінде даулардың пайда болуы дайындық жұмыстарының дұрыс жүргізілмегендігінен, әсіресе жергілікті халықтың этнографиялық құрамын және этникалық үрдістерін дұрыс зерттемегеннен пайда болды. Орталық Азия жағдайында бір мәнді түсіндірілмеген «ұлт» коммунистік концепциясын қолдану мәселені одан ары қиындатты.

Межелеуді әкімшілік – әміршілік сарында жүзеге асыру және ұлттық бюрода кейбір ұлт өкілдері жіберген қателіктер арқасында бірнеше мыңдаған қазақ, қырғыз, тәжік, өзбектер өз мемлекеттерінен тыс қалды. Жаңа кеңестік мемлекеттік құрылымдардың арасында этностық талаптардың бірі болған түрік, қыпшақ, құрама және тағы да басқа этностық азшылықтардың тағдыры әрқилы болды.

Халық шекараны межелеу үрдісіне түсіністікпен қарады. Басқа бір әкімшілік ауданға көшкеннен кейін олардың күнделікті өмірлерінде өзгерістер болмады. Себебі шекара ашық және жергілікті институттар қажетті деңгейде жұмыс істемеді. Халықтың айналысатын кәсібін, қарым-қатынастарына немесе қозғалыс бағытына әсер етпеді. Мәскеу республикалар арасындағы даулы мәселелерді күшпен немесе бейбіт жолмен шешіп отырды. Қажет болған жағдайда айыптыларды жазалап отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. T. Dadabaev (2012): *Securing Central Asian Frontiers: Institutionalisation of Borders and Inter-state Relations/Strategic Analysis*, 36:4. – P. 566.
2. Койчиев А. *Национально-территориальное размежевание в Ферганской долине (1924-1937 гг.)*. – Бишкек, 2002. – С.10.
3. Абашинов С. *Национальное размежевание в Ферганской долине: как все начиналось [Электрон.ресурс]*. – 2012. – URL: <http://www.idmedina.ru/books/islamic/?4695>(дата обращения: 10.02.2017)
4. Ожужеева Т.С. *XX век: возрождение национальной государственности в Кыргызстане*. – Бишкек, 1993. – С. 169-170.
5. Haugen A. *The Establishment of National Republics in Soviet Central Asia*. / N. Y.: Palgrave Macmillan, 2003. – P. 344-35
6. *Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости*. /Ташкент. – 2000. - с.647.
7. Hirsch F. *Empire of Nations: Ethnographic Knowledge and the Making of the Soviet Union*. /Ithaca, London: Cornell University Press, 2005. – P. 221.
8. Тиханова Е.В. *Районирование Средней Азии: экономическая целесообразность [Электрон.ресурс]*. – 2011. – URL: <http://elar.urfu.ru/bitstream/10995/18800/1/iurg-2011-96-16.pdf>(дата обращения: 11.02.2017)
9. G.Ubiria. *Soviet nation-building in Central Asia: the making of the Kazakh and Uzbek nations*. / London: Routledge, 2016. – P. 107.
10. F. Starr. *Soviet Rule and the Delineation of Borders in the Ferghana Valley, 1917–1930.Ferghana Valley: the heart of Central Asia*. – London, 2011. – P. 105
11. Charles Shaw (2011) *Friendship under lock and key: the Soviet Central Asian border, 1918–34, Central Asian Survey*, 30:3-4, 331-348, DOI: 10.1080/02634937.2011.607966
12. М. Олимов. *В.В.Бартольд о национальном размежевании в Средней Азии [Electronic resource]*. URL: http://www.ca-c.org/datarus/st_13_olimov.shtml(date of the application: 10.02.2017)
13. Sengupta A. *Image and Influence: The Politics of Nation-Branding in Uzbekistan*. /Swedish research institute in Istanbul Stockholm & Istanbul, 2014, vol. 5. p. 92-93
14. Rahimov M. Urazaeva G. *Central Asian Nations & Border Issues [Electronic resource]*. – 2005. URL: <http://www.isn.ethz.ch/Digital-Library/Publications/Detail/?lang=en&id=92527>(date of the application: 12.02.2017)

15. Аламанов С. Краткая история и опыт решения пограничных проблем Кыргызстана. – Бишкек, 2005. – С. 77
16. B. Kassymbekova. Humans as territory: forced resettlement and the making of Soviet Tajikistan, 1920–38 //Central Asian Survey. – 2011. – № 30. – P. 356-357
17. P. Bergne. The birth of Tajikistan. – London: I. B. Tauris, 2007. – P. 301-303
18. T. Dadabaev. “We want a state of our own!” Reconstructing community space in bordering areas of Central Asia.// The journal of territorial and maritime studies. Special issue: borders and civil society in Asia. – Volume2, № 2. – P. 12-13
19. Сейдін Н.Б. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. – Алматы: Ғылыми басылым. – ҚРПрезиденті жанындағы ҚСЗИ, 2006. – 151 б.

ӘОЖ 94(574)6
МРНТИ 04.51.27

Ғ.Халидуллин¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Б.М. Аташ²

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасы, философия ғылымдарының докторы

АРҒЫ ТАРИХТЫ ОБЪЕКТИВТІЛІК ТҮРҒЫДАН ТҮЙСІНУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Адамзат прогресс пен өрлеу аясында болашағына қаншалықты деңгейде үңілетін болса, өткеніне де соншалықты деңгейде қарайлап отыратындығы дамудың тарихи-әлеуметтік шындығы. Өткен – жай ғана адамзаттың жүріп өткен жолы емес, бүгіннің алғышарты, болашақтың негізі, өмір сүріп-бар болудың онтологиялық кепілі болып табылады. Бірақ бұл тұста, «біз сол тарихты қалай түйсіне аламыз» деген тарих философиясының әдіснамалық мәселелеріне келіп тоғысатын сауал күрделі болғандықтан, көп жағдайда жауабы субъективизмге қарай ерікті-еріксіз түрде бұрылып кетіп отырады. Нақтырақ айтқанда, сыни көзқарас тұрғысынан алғанда, тарих сол ақпараттарды алғаш рет беріп отырған немесе жазып қалдырған адамның субъективті көңіл-күйіне, діліне, дүниеге көзқарасына көп жағдайда байланысты болып шығады да, шындық бүркемеленіп қалады. Мәселен, еуропалық тарихшылар Аттиланың жрығын таза варварлықтар деп түсіндірсе, түркі тарихшылары оның ерен ерлігі мен тарихи үдерітін жеделдеуіне қосқан үлесін ұсынып келеді. Осыдан-ақ, бізге ғылыми ақпараттар ретінде ұсынылып жүрген тарихтың қаншалықты субъективті екендігін байқауға болады.

Тірек сөздер: тарих, прогресс, адамзат, алғышарты, даму

Abstract

Ғ.Khalidullin¹

¹*d.ï.n., professor,*

B.M. Atash²

²*st. philosopher. n.*

SOME PROBLEMS OF AN OBJECTIVE UNDERSTANDING OF THE BACKGROUND AND EVOLUTION OF MANKIND

This article considers the basic principles of the genesis of the historical process of human evolution and the origins from the standpoint of philosophy view. The author presents new paradigms for reconsideration the history in general. The author believes that if these paradigms are implemented, the history and evolution gets a fair assessment. If you look at as far as the future of human progress and growth, so be more looking at the level of development of the fact that the historical and social realities. The past is not just a way of mankind to live on the basis of the future a prerequisite for today is a guarantee of ontological existence. But this time, "we have the same awareness of the history of how we can" philosophy of history is a difficult question confluence of methodological problems, in most cases the answer is going to turn to the swbektivizmge voluntary and involuntary. In particular, the critical point of view, the history of those who provided information for the first time or the mood of the person who wrote subjective views in most cases will be baylanısmıtu the world mentality, and the

truth will remain anonymous. For example, European historians Attila jroğın net Merits varvarlıqtar said Turkish historians present and historical contribution to the acceleration of the process. It also offered as scientific information to us how subjective history that can be traced.

Key words: prehistory, evolution of mankind, new paradigms, modern civilized world, future, development.

Аннотация
Ф.Халидуллин¹
¹д.и.н., профессор
Б.М. Атаи²
²д. философ. н.

НЕКОТОРЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОРИЕНТЕРЫ ОБЪЕКТИВНОГО ПОНИМАНИЯ ПРЕДЫСТОРИЮ

В данной статье, анализируются основные философские принципы генезиса исторического процесса и истоки эволюции человечества. Авторы представляют новые парадигмы для перерасмотра история в целом. Авторы считают, что если эти парадигмы реализуются, то история и эволюция получает свою объективную оценку. Социальное образование понимается как часть общего процесса социализации человека, как одна из составляющих структур его профессионального становления, и, как сфера подготовки специалистов социальной сферы. Общая направленность социального образования результируется в становлении субъектных качеств человека и условий среды, способствующих к развитию этих качеств.

Ключевые слова: предыстория, эволюция человечества, новые парадигмы, современный цивилизованный мир, будущее, развитие, интеграция науки и т.п.

Он сегізінші ғасырда өмір сүрген, белгілі француз философы Ф.М. Вольтер алғаш негіздеген тарих философиясы тарихты бағалау мен талдау, көп жағдайда тарихи зерттеулер мен тарихты түсіндіру нәтижелерін ұсына отырып, үдерістердің түп мәнін ашуға ұмтылатын ілім. Одан кейін тарих философиясы әсіресе, тарихшылар мен философтардың ойтолғам объектісіне айналған еді.

Жалпы адамзаттың дүниетанымы аясындағы өткенін екшей білу ғана емес, бүкіл ғылым дамуы да осы объективтілік қағидасынан аса алмайды деп айта аламыз. Бірақ ол да заманалар мен адамзаттың ой-өрісі кеңіген сайын жаңарып, өзінің жан-жақты мүмкіндіктерін ашып беріп отырады. Түптарих пен адамзаттық эволюцияға объективті көзқарас өткенді зерделеуде біршама жетістіктерге қол жеткізіп келеді, дегенмен, бүгінгі күні оны жетілдіре түсуді талап ететін адасуды болдырмайтын жекелеген ұстанымдар ескерілмей қалып отырғандығы шындық. Сондықтан адамзаттық эволюция мен арғы тарихты зерттеу аясында оның кейбір мәселелерін теориялық-әдіснамалық бағдар ретінде былайша ұсынып өтпекпіз:

1. *Өркениеттердің локальдігі теориясына сәйкес, жалпыадамзаттық дамуды «табылған-қол жеткізілген» бір ғана дамыған мәдениет аясында түсінуге болмайтындығы.* Бүгінгі таңдағы тарихи зерттеулердің көпшілігі мәдениеттердің дербес, окшау дамығандығы туралы қағиданы мойындайды. Сондықтан, ең көне және ең жетілген өркениет белгілері табылғаннан кейін, тұтас жалпыадамзаттың даму өлшемі мен прогресінің критерийін соған сай бағалайды, солай бекітіп қояды. Дәл сол анықталған өркениеттің өзінің жалпыадамзат даму тарихындағы міндетті түрде ең жетілген бірден-бір үлгісі болып шықпауы мүмкін екендігі ескерілмейді. Мысалы, қазіргі мәдени дамудың біркелкі емес екендігіне де назар аударсақ, африка мен оңтүстік америка сияқты материктерде әлі де болса алғашқы қауымдық құрылыс деп атауға болатындай деңгейде өмір сүріп жатырған тайпалар мен ұлыстар бар екендігін, тіпті әлі де ғылымға белгісіз жабайы тайпалардың өмір сүріп келе жатырғандығын жоққа шығаруға болмайды. Демек, бүгінгі «дамыған-өркениеттенген» парадигмадағы мәдени сұхбаттастықтың жетілген заманы мен жаһанданудың жалпыадамзатты біркелкілендіру саясаты жүргізіліп отырғандығына қарамастан, әлемнің әр бұрышында әрқелкі даму деңгейлері сақталып қалып отырғандығын есепке алсақ, бұндай іріктеліп даму беталысы тарихтың өн бойында сабақтасып келе жатырғандығына оңай көз жеткізе аламыз. Ендеше, бізге мәлім болып отырған «жетілген» деп бағаланған тарихи өркениеттің өзі – осы локальді өркениеттер паралеліндегі бір ғана мәдениет ошағы және оның адамзат тарихындағы ең озығы емес болуы мүмкіндігі, тіпті жай ғана сол дәуірдегі адамзат эволюциясын-дағы орташа деңгейлі болып шығуы ықтимал екендігін естен шығармағанымыз жөн. Демек, бұл – тек біз мәлім болып отырған фактіге ғана сүйеніп отырғанымызды білдіреді, себебі, әзірге басқа факт жоқ, бірақ бұл, біз әзірге ең түпкі және ең озық дамыған өркениет ошағын таптық дегенді білдірмейді. Ендеше, әлі танылмаған-анықталмаған, зерттелмеген-дәлелденбеген өркениеттердің болуы ықтималдығы және олардың ең озығының әлі жасырын жатуы туралы гипотеза ұсынуымызға болады. Яғни, табылған-мәлім болған, дәлелденген-айғақталған бір ғана өркениетке қарап, жалпыадамзаттық дамудың өлшемін белгілеп қоюға болмайтын сыңайлы.

Осы тұста көптеген тарихшылар мен мәдениеттанушылар арасында тарихқа дейінгі кезеңнен бастап, бүгінге дейінгі адамзат эволюциясын белгілі бір кезеңдерге бөліп көрсететін мәдениеттанулық беталыс

ғылымда қалыптасқандығын атап өтуіміз керек. Мысалы, В.Вундт: аңшылық пен терімшілік, тайпаларға бөліну мен әскери істің дамуы, мемлекет пен діннің пайда болуы, гуманистік және философиялық кезең деп тұтас эволюцияны төртке бөледі [1,172-173 бб.]. К. Ясперс жалпыадамзаттық рухани сілкініс дәуірі «белдеулік уақыт» теориясын негіздейді, О.Конт адамзаттың интеллектуальдік эволюциясы ретінде – теологиялық, метафизикалық, позитивтік кезеңді ажыратады [2,29-32 бб.], көптеген ойшылдар гендерге байланысты бастапқыда матриархат дәуірі, кейінен патриархат дәуірі болғандығына күманданбайды. Жоғарыдағы Вундттің пікірі жалпыадамзат эволюциясында бұл 4 кезең Жердің әр түкпірінде, әрикілы жүзеге асып отырғандығын есепке алмаған, ал белдеулік уақыт кезеңін 400 жылдай деп тым кең ауқымда сипаттайды, шындап келгенде, бұл белдеудің өзі біріншіден кездейсоқтық, екіншіден, К. Ясперсше айтсақ, бұған дейінгі бізге әлі беймәлім «белдеулердің» ұмыт бола бастаған нәтижелерінің қайталанған-жаңартылған түрі ғана болуы ықтимал екендігін естен шығарып алады және мәдениеттердің бір-бірімен сұхбаттастық нәтижесінде алынғандығын-ұрланғандығын ескере бермейді. Мысалы, б.э.б. 1000 жылдары жазылған деп топшыланған, веда ілімдеріндегі атомдық теория кейіннен б.э.б.4-3 ғасырларда көне Грекияда қайталанатын және түпәрісі алғашқы теория дәл сол Үнді жерінде пайда болған деген ойдың өзі күмәнді, себебі, ол да өзінен бұрынғы мәдениеттен алған болуы әбден мүмкін. Бұл бір ғана мысал, осыдан, тұтас өркениеттердің қаншама рет қайталанғандығын бағамдауға болады.

Немесе, б.э.б. 4 ғасырларда Грек жерінде өмір сүрген Филолайдың ұғымы бойынша әлемнің орталығында от жатыр, оны бір тәулікте үлгеретін сфералық Жер айналып жүр. Осыған байланысты күн мен түн ауысады деген пікірлер қайта өрлеу дәуірінде гелиоцентризм идеясымен қайталанды.

Сонымен қатар бүгінгі Африка мемлекеттеріндегі тайпалық одақтардың бірінде таза матриархаттық билік кездесетіндігін ескерсек, екі диспозицияны бұрын және кейін деп бөлудің өзі шартты түрде екендігін топшылауға болады. Соңғы кездегі тарихи-археологиялық зертеулер көне Мысыр пирамидаларынан 6000 жыл бұрынғы тамаша архитектуралық ескерткіштерді тапты. Яғни, тарихшылар айғақтар мен фактілерге сүйеніп, тарихи оқиғалар мен адамзат өркениетін жіктеуді, оған баға беруді үнемі абсолюттендіруге ұмтылады. Ғылым дамыған сайын, адамзаттың түп тарихи өркениетінің тым әріден екендігі белгілі болып, тіпті адамның пайда болуының өзі де, ретроспекциялы түрде созыла беруі ықтимал.

2. *Адамзаттың шеңбер бойымен циклді даму мүмкіндігіне баса маңыз берілмеуі.* Бірінші ұстанымнан туындайтын бұл қағида бойынша, дамудың қайталамалы түрде өрлеуі мүмкін екендігін естен шығарып алғандығымызды ұғынуымыз қажет. Шпенглер, Тоинби сияқты мәдениеттанушылар оны тек қазіргі адамзат эволюциясы аясында ғана түсіндіреді. Шеңбер бойымен даму мен қайталамалы өрлеу заңдылығы бойынша, «бұрынғы» түбегейлі жойылады, ол кейінгімен сабақтаспайды. Дінде бұл апокалипсис теориясымен дәйектеледі. Дегенмен, бүгінгі ғылыми ізденістер мен тереңге үңілу құралдарының жетілгендігіне байланысты «адамзаттың осы дүниеден» бұрынғы, бірнеше рет қайталанған өркениеттердің болмашы ғана қалдықтарының табылуы мүмкін екендігі тағы да түптарихтың даму эволюциясындағы теориялар мен тұжырымдама-ларды жоққа шығаруы ықтимал. Демек, болашақта эволюцияларды, бірінші, екінші, үшінші т.б. деп бөліп көрсету арғытарихты зерттеудің негізгі өлшемдеріне айналмасына кім кепіл.

Тек тарих қана емес, біздің әлемнің өзі тек бірінше жаратылған дүние емес болып шығуы ықтимал. Осыған орай, жойылған өркениеттер туралы ақпараттар табылған сәтте, тарихи даму туралы көзқарастарамыз да түбегейлі өгеруі ықтимал.

3. *Бүгінгі өркениет жетістіктеріне «масаттана» отырып, тарихи өркениеттерді дискриминациялаудан арылу қажеттігі.* Адамзат өзінің қазіргі даму деңгейін «эволюциядағы ең жетілген, бұрын-соңды болмаған бірден-бір озық мәдениет» деп түсінеді. Осы ұғым өткеннің барлығын «жетілмеген», «дамымаған», «бүгінгі деңгейге көтеріле алмаған, әрі бұдан тым алысырақ» деген сияқты пікірлерді бірден-бір теориялық ұстаным ретінде ғылыми және бұқаралық санада бекітіп берді. Осы қалыптасып қалған стереотип өткенге кемсітушілік парадигманы туғызды, бұл ғылым этикасы тұрғысынан ғана қаралатын мәселе емес, жалпы эволюцияны қате түсіндіретін адасуға алып келуі ықтимал сана-сезім. Мысалы, Мысырдағы пирамидалардың құрылысына таңқалыс білдірген бүгінгі адамзат, оның құрылысын Беймәлім Ұшатын Объектідегі Жерлік емес өркениеттер салып берген деген баламалы гипотезаны туғызды. Нақтырақ айтқанда, Мысырлықтарға пирамидалар сала алатын толықтай қабілетті даму деңгейі мен өркениетті, технологияларды «қимады». Сондықтан, бұндай гипотезалардан гөрі жоғарыдағы «өзге ғарыштық ықпал» идеясы тиімді болып шықты. Шындап келгенде, тек Мысырлықтардағы ғана емес, көптеген ескерткіштерде бүгінгі өркениет аясы қол жеткізе алмайтын ерекше артефакттер табылып отыр. Осы тұста, бұрынғы «тағылық» деп атап жүрген дәуірдегі өркениеттер шындығында, қоғамдық өмірдегі немесе ғылымдағы кейбір салалар бойынша қазіргі «біздің» өркениеттен тым ілгері болуы да ықтимал, бірақ әрине, өркениеттік дамудың Біз ұстанған парадигмасымен емес, олар басқа да вариацияларының

бірін таңдаған болуы да мүмкін деп топшыласақ, ал бүгінгі түптарих пен адамзаттық эволюцияны зерттеу бағдары қалыптасып қалған стереотиптер бойынша, дәл қазіргі өркениетке ұқсас үлгі қалдықтарын ғана іздестірумен шұғылданып жүргендігінің куәсі боламыз. Нақтырақ айтқанда, басқаша өркениет үлгілері, мәселен, психологиялық қуатқа сүйенген болуы мүмкін екендігі естен шығарылады. Сөйтіп, маңызды белгілер мен сарқыншақтарды, елеусіз қалдырып, ескермей, оларды маңызсыз деп санайды. Демек, бүгінгі бізді таңқалдырып жүрген, мысырлық пирамидалар, маиялықтардың күнтізбесі т.б. адамзат эволюциясындағы бірден-бір жетілген мінсіз үлгі емес болуы да ықтимал екендігін естен шығармаған жөн. Осы тұста, мәселені нақтырақ түйсіну үшін, мынадай конструкция құрастыруымызға болады. Егер, Мысырдағы, Шумердегі, Қытай мен Үндідегі біздің эрамыздан бұрынғы өркениеттердің ізі де қалмаған болса немесе тым бүркемеленіп қалса, ал Маиялықтардың өркениеті ғана белгілі болса, онда біз адамзаттың өркениеттік тарихының 1000-1500 жылдық қана хронологиясымен қанағаттанамыз және тек қана осы кезеңнің жетістіктеріне «таң қалумен» боламыз. Демек, біздің санамызда орныққан-сендірілген «тағылық» дәуір деген ұғымды абсолюттендіру эволюция мен түптарихтың алдында «күнә» болып табылады. Мүмкін, жүздеген-мыңдаған жылдардан кейін бүгінгі біз солай деп есептеп жүрген: адамгершіліктің субстанциясы дін, халықаралық әділеттіліктің тірегі БҰҰ, мораль мен гуманизм дәуіріндегі және бұндай әлеуметтік институттарға сөзсіз сенім кезеңі тұсындағы – миллиондардың аштан өлуі, адам саудасы, гомосексуалистердің өзара тұрмыс құруы т.б. «нағыз рухани тағылық» дәуір ретінде тарихи жадыда сақталып қалатын шығар.

4. *Мифология мен мистикадағы тарихи таным шындығын назардан тыс қалдырмау қажеттігі.* Адамзаттың алғашқы дүниеге көзқарасының ерекшелігі деп танылған мифологияны талдайтын көзқарастарға зер салсақ, мифтік образдарды адамның өзімен аналогиялық түрде түсіндіретін – аллегориялық, жеке тарихи тұлғаларды құдайландырып жіберген деген - евгемеризмдік, көне дүниетанымдағы тілдік сарқыншақтардан туындаған деп түсінетін «тілдің ауруы» интерпретациялары, мифті таза поэтикалық тіл ретінде түсіндіру, миф ритуалдардан туған деп санайтын – ритуалдық-социологиялық интерпретация, ішкі көңіл-күйді объективтендіруден туындайды деп пайымдайтын психологиялық түсіндірме, мифті құрылымдық түрде сараптау, оны символдар мен романтикалық ықпал деп есептейтін ағым [3,40-75 бб.] т.б. жалпылама алғанда, мифті адамзаттың «балаң» кезеңіндегі дүниені «аңғалдықпен» қабылдау, толық жетілмегендік сана деген тұжырымдарды ниеттеуге келіп тоғысады. Яғни, олар мифтік дүниеге көзқарасты архаикалық стиль немесе прологикалық ойлау деп түсіндіре келе, қазіргі заман тұрғысынан бағалап, танымның артта қалған көрінісі ретінде ұғындырады. Біздіңше, бұндай біржақты түсіндірмелер адамзат эволюциясы мәселесін ашуда оңды нәтижелер бермейді. Мифологияны кең ұғым ретінде қарастыру, оның ішінде кейінгі шыққан тарихи аңыздардың шындыққа келіп тұтасуы, оның түпмифологиялардан тамыр тартатындығы тұрғысынан бағамдау да арғытарихты танудың тиімді тәсілі болмақ. Мысалы, мифология мен ақиқат тарихты көп жағдайда байланыста ұстаған: «Үнді мифологиясы тарихи оқиғаларды бейнелейтін «Махабхарата», «Рамайна» тәрізді көне әдебиеттердің мазмұнына айналды», - деген сияқты пікірлерді басшылыққа алатын [4,75б.] И.Г. Садовскаяның пікірі тәрізді пікірлер біз ұсынып отырғандай тарихтың әдіснамалық-теориялық ұстанымдарына келіп түйісе алады.

Ендеше, бұл тұста біз, қазіргі ғылыми философиялық тілмен айтқанда, мифтік ойлау бейберекетсіз (анархиялы), хаостық жүйесіз, артқа тартушы (консервативтік), көзсіз сенімге ғана бағдарланған, дәлелдеусіз-дерексіз (мистификациялық-абстрактілі), қиял мен армандау үстемдік еткен (панфантастмогориялық) емес, керісінше, жүйелі, таным сәтінде оңды-ілгерішіл (радикалды), белсенді болуымен қатар, ең бастысы эволюция мен тарих ақиқатын бейнелеуден жалықпаған деген ұстанымызды тиянақтай аламыз. Яғни, мифтік оқиғалар мен фрагменттер көп жағдайда «объективті дүние ақиқатының жалпылама тиянақталған шындығы» деген тұжырымға келіп тірелеміз. Бір қарағанда, бұның өзі мистика мен оккультизм тәрізді болып көрінеді. Егер біз, бүгінгі экстрасенстер мен балгерлердің трюктарына тереңірек назар аударсақ және оның адамзат эволюциясымен бірге бүгінгі күнге дейін көне дәуірлерден жалғасып келе жатырғандығына күмән келтірмесек, биоөрістерді басқа да физикалық өрістер алдында дискриминацияламай тең дәрежеде белгілесек, табиғаттағы аномальдік құбылыстарды тек кездейсоқтық пен ауытқушылық деп қабылдасасақ, есте жоқ өркениеттер мен олардың жетістіктерінің бізден «артықшылығын» мойындасақ, мифологияның адамзат эволюциясы мен тарихындағы жадыны жалғастыруда, көне мағлұматтарды бізге жеткізе білуде қаншалықты қызмет атқарғандығын бағамдай аламыз.

Шындығында, бүгінгі өркениет мифологиялық таңғажайып оқиғалардағы бейнеленген жетістіктердің де кейбір белгілеріне ғана, әрине, басқаша призма мен парадигмада, қол жеткізген сыңайлы (мәселен, ұшқыш кілем-самолет) және миф пен фантастиканы қазіргі прогрестің даму бағдарының жол сілтеуші

түпәдіснамасы деп топшылауға болатын тәрізді. Ендеше, бір ғана мысал, итбасты немесе көкқұтан басты адам сияқты мифтік образдар бізге байырғы геноинженерияның жетістіктерін елестетіп отырған сыңайлы буюлып тұрады.

Осы орайда, постпозитивистердің, П.Фейерабендтің «бәріне де рұқсат» қағидасына сәйкес, миф, мистика, әдет-ғұрыптар, дін, философия, қазіргі ғылым бәрін бірінен-бірі жоғары-төмендік иерархияға орналастыр-май, тең деңгейде қарастыру қажетігі туралы идеяны біз қолдай аламыз.

5. *Тек қана бүгінгі күннің бейнесі тұрғысынан тұтас өткен және келешек тарихқа баға беруге болмайтындығы.* Бүгінгі гуманитарлық сала ғалымдарына көп жағдайларда тән белгі жеке өзінің өмір сүрген кезеңі тұрғысынан бүкіл адамзат тарихына баға беруі мен тар өрісті топшылаулар ұсынуы. Қазіргі әлеуметтік жағдай мен беталыс, нақтырақ айтқанда, жеке пікір айтушы субъектінің өмір сүрген кезеңі, әрісі 50-60 жыл, сан мың жылдаған өткен және болашақта іске асатын «мәңгілік» тарихтың алдында «түкке тұрғысыз», тым болмашы сәт қана екендігін ескеруіміз керек. Мысалы, позитивтік кезеңге аяқ бастық деген О.Конттың пікірінің өзі тек сол өзінің өмір сүрген дәуірі үшін ғана ақиқат ретінде бағаланған. Ол осы орайда, сан мыңдаған жылдық тарих алдында «сөйлейді». Конт ойлаған позитивтік кезең, әрісі екі жүз жыл болатын болса, адамзат болашақта метафизикаға қайтадан аяқ басса, мыңдаған жылдық тарих алдында, бұл 200 жылдықты есепке алмай-ақ қоюға да болады. Мәселен, орта ғасырларда түркі халықтарының кейбірі қабылдаған христиан діні уақыты арнайы кезең ретінде ескерілмейді. Немесе, Кеңестік заманындағы дінсіздендіру саясаты адамзат тарихында, болашақта, белгілі бір дәуір ретінде қарастырылмайды, мүмкін жеке-кездейсоқтық аса маңызды емес сәт ретінде ғана ескерілуі ықтимал. Немесе, Кеңес үкіметі тұсында, оған енген субъектілер өздерінің ұлттық мемлекеттік нышаны мен тарихының аяқталғандығын елестетті, бірақ жетпіс жылдық уақыт, тұтас мемлекет тарихының алдында өткінші сәт екендігін естен шығармауымыз қажет. Демек, бүгінгі біздің тарихқа беріп отырған бағамыз, тек қана «адамдар сол кезде солай ойлаған» деген айғақ ретінде ғана есте қалады. Бұл – демек, тарихқа төреші болу мақсатында үзділді-кесілді пікір айту үшін мыңдаған жылдық тәжірибе алаңындағы шындықты бастан өткеру керек дегенге келіп саяды. Мысалы, тарихта жүздеген жылдар бойы империя құрған халықтар тек өздерінің «мәңгілігіне» сенімді болды және адамзат эволюциясының тұтас қозғаушы күші екендігіне күмән туғызбады.

6. *Адамзаттың пайда болғандығына 2500-3000 млн. жылдай уақыт болды деп кесіп-пішушілік.* Біздің пайымдауымызша, бұл тұста, басты адасудың көзі – ақ аю мен қоңыр аю секілді, маймыл мен адамның жай ғана ұқсастығы. Табиғаттағы ұқсастық міндетті түрде туыстықты білдіре бермейтіндігін ескеруіміз керек. Расында да, есте жоқ ескі замандарда адамдар маймылдың тұрмыс-тіршілігіне ұқсас өмір сүрген болуы ықтимал немесе түптеп келгенде, биогенетикалық болмысы да сәйкес шығар. Бірақ эволюция нәтижесіндегі маймылдың адамға айналу үдерісі міндетті түрде болмай қоймайтын табиғи объективтілік емес болуы да ықтимал. Олай болса, тарихқа баға беру де қасаң қағидалар мен стандартты ойлау жүйелеріне, тек 200-300 жылдың ғана аясында өрбіген бүгінгі ғылыми парадигмаларға бағына бермейтіндігін үнемі естен шығарма-ғандығымыз жөн. Олай болса, адамның пайда болғандығына, мүмкін, 5-6 млн. жыл мүмкін 5-6 млрд. жыл болған болуы да ықтимал.

7. *Жеке адамның субъективизмі мен индивидуализміне аналогия құра отырып, бүгінгі дәуірді өткеннен оқшаулау.* Осы орайдағы бүгінгі ғылыми танымның әдіснамалық зерттеулерінің басты ұстанымы – тарихтың тұтас рухын бөлшектеп дифференциациялау. Шындап келгенде, белгілі бір ұлттың генетикалық тұтастығының жалпыадамзаттың тұтастыққа келіп тоғысатындығын жалпы мен жекенің қатынасы ретінде түйсінудің үнемі айнымауымыз керек. Жалпыадамзат XIX ғасырдағы социологиядағы органикалық мектеп тұжырымдағандай, қоғам тек қана горизонтальді жағынан ғана емес, вертикаль бойынша да органикалық тұтастықты құрайды. Яғни, қоғамның бүтіндігі мен өзіндік даралығы тұтас тарихты қамтиды. Ол тек жай ғана, эволюция немесе К.Г. Юнг тұжырымдағандай ұжымдық бейсаналық арқылы ғана байланыспайды, тұтасынан физиологиялық-психологиялық-рухани бірлік арқылы ғарыш аясында біріге алады. Сондықтан бүгінгі қоғамның прогресі жалпыадамзаттық эволюцияның қателіктері мен жетістіктерін өзінің өн бойына «эволюциялық жады» арқылы сіңірген. Ендеше, өткен тарих пен бүгінгі прогресті және келешектегі болашақты бір ғана организмнің өмірі, бағдары, нысаны, мақсаты мен міндеттері деп түйсінген абзал. Осы мәселенің теориялық жағын онтологиялық тұрғыдан Б.Сатершинов былайша ашып көрсетеді: «Осылайша «өткен шақ-осы шақ» оппозициясы өзінің «осы шақ - болашақ», «өткен шақ - келешек» сынды модификацияларына ие болады» [5,67 б.]. Ендеше, «өткен-осы-болашақтың» тұтастану адамзат тарихының органикалық бірлігінің уақыт бүтіндігі аясындағы жеке екендігін паш ете алады.

Олай болса, бүгінгі күнгі адамзат өткен мен болашақ алдында өзінің қателіктері мен жетістіктері үшін «жауап беруге» тиіс. Бірақ, тұтас адамзат эволюциясы деп атауға болатын мегаорганизм, ғарыштық бүтіндіктің еркі алдында, оның аясына енетін болғандықтан, өзінің еркін тежейді десе де болады.

Олай болса, белгілі бір кеңістіктегі белгілі бір ұлыс немесе мемлекеттің әлеуметтік-қоғамдық әрекетіне тұтас адамзат немесе керісінше ол адамзат алдында жауап беруі тиіс. Бұл бүгінгі экологиялық мәселелерден-ақ еріксіз түрде байқала бастады. Сондықтан тарихи зерде мен жады рухының тұтастығын естен шығармасақ, тарих пен эволюция алдындағы жауапкершілік пен парызымызды орындасақ, олар өзінің ішіне бүккен шынайы құпиясын аша түспек.

8. *Тарих ғылымының интегративті әдіснамаға көбірек көңіл бөлмеуі.* Қазіргі кездегі ғылым дамуында дифференциациямен қатар (бір ғылымның ішінен көптеген салаларының бөлініп шығуы, мәселен, ядролық физика, механикалық физика, бейсызықтық физика т.б.) интеграцияның да жүріп отырғандығы (ғылымдардың бірігуі, мәселен, геноинженерия, астрофизика, биохимия т.б.) жасырын емес. Осыған орай, бүгінгі таңда, үйлесуі тиіс ғылымдар бірігіп, ортақ бір әдіснамаларды қолдануды мақсат етеді және нәтижесі бір ғылымның жетістіктерінен артығырақ болып, бірін-бірі жетілдіріп, толықтырып отырады. Олай болса, тарх та осы интеграцияға ұмтылу тиіс. Мәселен, қазіргі тарихи зертеулердегі көне тайпалар мен халықтардың бүгінгі таңда қайсысына туыстық жағынан жақынырақ екендігі туралы пікірталастар өрбіп отыр. Шыңғысханды кейбір тарихшылар қазақ халқына туыстық жағынан жақындатса, Алтын Орда халқын кейбір ресейлік зерттеушілер орыс халқымен туыстығы бар деп болжамдап жүр. Осы орайда, бұндай даулы мәселелерге генетика көмекке келе алады. Олардың сүйектерін алып, экспертиза жасап, генетикалық кодтарын анықтап, қазіргі адамдардың кодтарымен салыстырып, ұқсастықтары мен сәйкестіктерін ғылыми тұрғыдан дәйектеп беріп, қай халықтың ата-бабалары кім болғандығын айғақтап беруге мүмкіндіктер ашады. Олай болса, тарих ғылымы, әсіресе, қазақ тарихы, келесі кезекте, интеграциялық әдіснаманы жолға қоюы тиіс деп санаймыз.

Қорыта айтқанда, миллиондаған жылдардан жалғасып келе жатырған адамзат эволюциясы мен мындаған жылдар бойы сабақтасқан тарихтың алдында 200 жылғы «позитивті ойлау» деп аталып жүрген өлшемнің уақытша, өткінші сәт қана екендігін естен шығармасақ, объективті уақыт ағымы игілікті қажеттіліктер мен мүдделерді өзінің ырқы бойынша құндылықтар аясында жүзеге асыра бермек, бұл метатарихи үдерістің пайымдау беталысына келіп тоғысады. Белгілі тарихшы Б.Аяған: «Сондықтан кәсіби тарихшылар қазіргі ғылым дағдарысын мойындай отырып, оны жеңудің жолдарын іздестіруді ойластыру керек. Теориялық-әдіснамалық дағдарыстың себептерінің бірі зерттеу объектісінің толықтай анықталмағандығы», - деп тұжырымдаған ой-пікірін [6,23 б.] кең көлемде түйсінсек, аталған мәселердің өзекті, әрі түпмәнді екендігін бағамдай аламыз. Немесе, «Жалпы алғанда, бұл жағдаят тек түркі-қазақ халықтарының ғана соры емес, ағартушылық дәуірден бастау алған кезде де ешкім аңдамаған, XIX ғасырда өндірістік-техникалық төңкеріс-термен пәрмен алып, XX ғасырда бой бермей кетіп, миллиондаған халықты құрбандыққа шалған, ал қазір жалпыадамзаттың имандылығының ғана емес, табиғаттың өзінің де тағдырлы тамырларына балта болып сілтеніп жатқан тоқсан түрлі себептерден туындап отырған жалпыадамзаттың жағдаяты», - деген С.Оспановтың пікірлері де [7,5 б.] осы позитивтік кезеңнің «өзімшілдік» ыңғайын байқаудан туған дәйекті тұжырымдар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Философия истории. Под.ред. А.С. Панарина. – М., 2001. – 216 с.*
2. *Социология/В.Н. Лавриенко, Н.А. Нартов, О.А. Шабанова, Г.С. Лукашова. – М.:ИЮНИТИ,1998. – 349 с.*
3. *Хюбнер К. Истина мифа: Пер.с нем. – М.: Республика, 1996. – 448 с.*
4. *Садовская И.Г. Мифология. – М.:ИКЦ «МарТ», 2006. –352 с.*
5. *Сатеришинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. – 291 б.*
6. *Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. Оқиғалар хроникасы. – Астана:Астана полиграфиясы, 2011. – 248 б.*
7. *Оспанов С. Арғытектану негіздері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424 б.*

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

ӘӨЖ 958.4
МРНТИ 03.01.09

Э.Е. Альжанова¹

¹т.ғ.к., «Тарих» кафедрасының доценті,

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, elmira.alzhanova@ayu.edu.kz

А.А. Оспанова²

²PhD докторы, «Тарих» кафедрасының доцент м.а.,

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, aliya.ospanova@ayu.edu.kz

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ДІН МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің дін мәселесіндегі ұстанымы нақтылы, жалпы көпшілікке беймәлім деректер негізінде, осы мәселеге қатысты жеке тұлғалардың пікір, көзқарас пайымын айналымға тартып отырып ой қозғаған автор діни ағартушылық пен ұлт-азаттық ұғымдардың сабақтастығы тұрғысында автор тарапынан өзіндік тоқтамдар жасалған.

Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде жәдитшілдік және дін жайы да арнайы қарастырылғандығы, зерттеушінің 1910 жылдан былайғы жарық көрген қазақ тіліндегі дін негіздерін ұғындырған Нығмет Құранбаевтың, Манан Тұрғанбаевтың, Жүсіп Темірбековтің, Нұғыман Манаевтың, Омар Қарашевтің кітаптарының мәліметтері елеулі.

Осы тұрғыда автор Міржақып Дулатұлының мүфтилік мәселесін ұдайы назарда ұстап, үкіметке талап қою жолдарын көрсетіп отыруы бағытында мәнді деректерді айналымға қосқан. Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінде шыққан «Қазақтағы мүфтилік мәселесі» атты мақаласында 1913 жылы патшаға қарағаннан кейінгі қазақтағы дін жайын тарихи тұрғыда тұтас қамтып отырып баяндаған. Оның бұл еңбегінің дін жолымен реттелуі тиіс жағдайларды көпшілік жұртшылыққа ұғындыруда мәні болған.

Әбілхайыр ханның 1731 жылы патшаға құран сүйіп ант берген. Сол замандарда Ресей мұсылмандарына Уфа шаһарында дін ісін басқаратын мүфтилік берілген. Арғы ғұрып, ата салтын көп ұстанып ғұмыр кешіп отырған қазақтарға бұл биліктің көп тұсы ұнай бермейді. Түрлі ұғыныспаушылық өрістейді. Жәңгір хан ел ішіндегі көп дауды мүфтилік ауқымында-ақ реттеп отырған. Міржақып Дулатұлы XX ғасыр басында мүфтиліктен бұрын шығып

кеткен қазақтардың көп мәселесінің шиеленісте болғанына зер салған. Автор дін, шариғат, қазақтың дін жөніндегі саяздау ұғымы ХХ ғасыр басындағы әдеби шығармаларда елеулі мәселе болып көтерілгеніне тоқталады.

Түйін сөздер: Алаш қайраткерлері, дін мәселесі, мүфтилік мәселесі, шариғат, діни ағартушылық, ұлт-азаттық, Ресей мұсылмандары, жәдитшілдік, саяси, тарихи.

Аннотация

Э.Е. Альжанова¹

*¹к.и.н., доцент кафедры «История», МКТУ имени Х.А. Ясави,
Туркестан, elmira.alzhanova@ayu.edu.kz*

А.А. Оспанова²

*²доктор PhD, и.о. доцента кафедры «История», Туркестан,
МКТУ имени Х.А. Ясави, aliya.ospanova@ayu.edu.kz*

ПОЗИЦИИ ДЕЯТЕЛЕЙ АЛАША ПО РЕЛИГИОЗНЫМ ВОПРОСАМ

В статье автор затронул позиции деятелей Алаша по религиозным вопросам в начале ХХ века, на основе точных, неизвестных широкой общественности сведений, принимая во внимание мнения, взгляды и рассудки частных лиц, относящихся к этому вопросу с точки зрения преемственности религиозно-просветительских и национально-освободительных понятий и были сделаны личные выводы со стороны автора.

Заслуживают внимания то, что в труде Сабита Муканова «Казахская литература в ХХ веке» были отдельно рассмотрены вопросы джадидизма и религии, а также сведения в книгах на казахском языке Ныгмета Куранбаева, Манана Турганбаева, Жусипа Темирбекова, Нугмана Манаева, Омара Карашева, которые были опубликованы после 1910 года, где разъясняются основы религии.

С этой точки зрения автор, постоянно имея в виду проблему муфтийства Миржакипа Дулатова, пускает в оборот важные сведения в направлении показа путей по предъявлению требований правительству. Миржакип Дулатов в своей статье, под названием «Проблема муфтийства у казахов», которая была опубликована в газете «Казах» излагал состояние религии у казахов при царе после 1913 года полностью охватывая с исторической точки зрения. Его данный труд стал весьма важным для объяснения общественности обстоятельств, которые должны были регулироваться религиозным путем.

В 1731 году Абулхаир хан присягнул на священном Коране. В то время Российским мусульманам в городе Уфа было дано муфтийство для управления религиозным делом. Казахам, проживающие соблюдая древние обычаи и традиции, не понравились многие стороны этой власти. Развернулись разные недопонимания. Жангир хан регулировал многие конфликты в обществе в рамках муфтийства. Миржакип Дулатов в начале ХХ века обращал внимание на многие проблемы казахов, которые получили обострение до муфтийства. Автор останавливается на том, что религия, шариат и неглубокое понятие казахов о религии были подняты как важная проблема в литературных произведениях в начале ХХ века.

Ключевые слова: деятели Алаша, вопросы религии, вопросы муфтийства, шариат, религиозное просветительство, национально-освободительный, Российские мусульмане, джадидизм, политический, исторический.

Abstract

E.E. Alzhanova¹

*¹associate Professor, Department of History, Turkestan,
IKTU named A.Yassawi, elmira.alzhanova@ayu.edu.kz*

А.А. Оспанова²

*²doctor PhD, Department of History, Turkestan,
IKTU named A.Yassawi, aliya.ospanova@ayu.edu.kz*

POSITIONS OF ALASH FIGURES ON RELIGIOUS ISSUES

In the article the author touched upon the question of Alash figures position on religious issues in the early twentieth century, based on exact, unknown to the general public of information, taking into account the views, opinions and prejudices of individuals belonging to this issue in the terms of continuity of religious, educational and national liberation concepts, also personal conclusions were made by the author.

It is worthy of attention that in the work of Sabit Mukanov "Kazakh literature in the twentieth century" issues of Jadidism and religion have been separately considered, as well as the information given in the Kazakh language in Nygmet Kuranbaev, Manan Turganbaev, Zhusip Temirbekov, Nugman Manaev, Omar Karashev's books, that were published after 1910, where the bases of religion were explained.

From this point of view the author constantly referring to the problem of mufti's function of Mirzhakyp Dulatov recycles important information in the direction of demonstration the ways for making claims to the government. Mirzhakyp Dulatov in his article titled "The problem of mufti's function of Kazakhs," which was published in the newspaper "Kazakh" expounded the religion state of the Kazakhs in tsar's time after 1913, covering completely from the historical point of view. His present

work has become very important to explain the circumstances of the public, who were to be governed by the force of religious.

In 1731 Abylkhair Khan swore on the Holy Quran. At that moment Russian Muslims in Ufa were given mufti's function to control the religious affair. Kazakh people, who lived observing the ancient customs and traditions, did not like many aspects of this power. Various misunderstandings turned out. Zhanqir Khan regulated many conflicts in society within mufti's function. Mirzhakip Dulatov in the early twentieth century paid attention to many problems of the Kazakhs, who got the aggravation before the mufti's function. The author dwells on the fact that religion, Sharia and shallow concept in Kazakh religion have been raised as an important issue in the literary works of the early twentieth century.

Key words: Alash figures, the issue of religion, the issue of mufti, sharia, religious educational, national liberation, the Muslims of Russia, jadidism, political, historical.

Дін мәселесінің ұлттық мүддемен сабақтастығы бағытындағы ХХ ғасыр басындағы саяси ахуалдың тағы бір дерек, дәйектері Сәбит Мұқанов еңбегінде баяндалғаны туралы айтар едік. Осында Сәбит Мұқанов аса зор рухани ықпалды күш – діни-ағартушылыққа орай елеулі мағлұмат берген. Жәдитшілдік және дін жайында кең қозғап сөйлейді.

«Ұлтшылдық дүкені кызып, ұлт мәдениеті қолға алынғаннан кейін таза қазақ тілінде дін кітаптары шыға бастады. Мәселен:

1. «Құран құралы» Нығмет Құранбаев.
2. «Пайғамбар заманы» Манан Тұрғанбаев.
3. «Иман Екітқад» Жүсіп Темірбеков.
4. «Иман ислам» Нұғыман Манаев.
5. «Өрнек» Омар Қарашев., тағы басқалар.

Бұл кітаптардың бәрі де 1910 жылдың бер жағында шықты. Бұлардың бәрінде де бұрынғы «Мұқтасар», «Қудурия», «Тағылмаймо-ассалат», «Шыру тоссалат», «40 хадис», «Бақырған», «Бадуам», «Көрің қадырлердегі» сөздер таза қазақ тілінде жазылды. Қазақтың ұғымына сәйкес жазылды» [1; 46 б.].

Осы тұста діни ағартушылықтық зерттеушілер аса мән бере бермейтін бір дәйегін Сәбит Мұқанов айтып отыр. «Діни ағартушылықпен», «ұлт азаттық» ұғымдардың сабақтасып жату фактісін қазіргі кезеңде, бөлек-бөлек арнада зерделеп қарастырып отыруда ескермеуге болмайтын осы фактіге назар салу керек сияқты.

Сәбит Мұқанов ХХ ғасыр басындағы қазақ қайраткерлерінің дін мәселесіндегі ұстанымына зер салған. Расында да Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы қазақты басқаруда мүфтилікті қосып отыру мәселесін егжей-тегжейлі күн тәртібіне қойып отырған ғой. Бұны Сәбит Мұқанов тілге тиек етіп атап өткен.

Міржақып Дулатұлы қазақтағы мүфтилік мәселесін ұдайы назарға алып, үкіметке талап қылып айтудың жолдарын белгілеп көрсетіп отыратындығына қатысты Міржақып Дулатұлының еңбектерімен жақсы таныс адамдар әбден біледі.

«Түрік баласы» деген бүркеншік есіммен «Қазақ» газетінде 1913 жылдың 21 сәуірінде (№11) жарияланған «Қазақтағы мүфтилік мәселесі» еңбегінде қазақ еліндегі патшаға қарағаннан кейінгі дін жайын тарихи тұрғыда тұтас қамтып отырып баяндап, көкейкесті жайларды жұртшылыққа ұғындырып өтеді.

«1730 жылы Кіші жүздің ханы Әбулхайыр Петерборға елші жіберіп, Россия үкіметіне бағынсам екен деп тіленді. Ханның тілегі қабыл алынды» [2; 84 б.].

Міржақып Дулатұлы Әбілхайырдың Құран сүйіп патшаға ант бергенін, мұнан 50 жыл өткенде Уәли Абылай баласы Екінші Екатеринаға Құран сүйіп жан бергенін баяндайды. Сол заман Ресей мұсылмандарына Уфа шаһарында ісін басқаратын мүфтилік берілгенін айтады. Сол уақыттарда Бөкей, Уәли хандар рухани істеріміз мүфтидің қарамағында болса екен деген дейді.

Міржақып Дулатұлы осы құбылыстардың арғы ғұрыпты көп сақтайтын қазақтарға кері тұстары болғандығын егжей-тегжейлі баяндап береді.

«Түу басында хандар өз тілеуімен орысқа бағынғанда, жалпылық жұрттың қаны ұйып оншама ықылас қоя қойған жоқ еді. Орыстың саудагерін, кірешісін талап, шекарадағы елге тиіп, қазақ халқы орыстың дәйім тынышын алып тұрушы еді. Қазақты қалай тыныштандырудың қыбын таба алмай тұрғанда, хандардың мүфти қарамағында боламыз деген арызын Россия үкіметі қабыл ала қойды.

Қазақ мүфти қарамағында қалған соң, Орынбор, Орск, Троицк, Қызылжар қалаларында мұғалім молдалар шығып, қазаққа дін үйретуге ерік берілді. Неке, талақ, мирас бөлу, өлі көму істерін шарифатқа муафик қылып тұру үшін указной молдалар сайланды. Указнойлардың үстінен қарап тұратын ахундар қойылды» [2; 84 б.].

Міржақып Дулатұлы қазақтың көп рәсімі Шыңғыс хан, одан бұрын Момын хан замандарынан келе жатқан заңдар бойынша жүргізіліп келгенін, оның қайсыбір мәселеде шарифат заңдарына қайшы болғанын, осы тұста қазақты билеушілер мүфтиліктен шығуға ұмтылып, ақыры қандай жағдай туындағанын тарқата баяндап берген.

«Қазақ – бұрынғышыл жұрт. Бұрынғының жолы ғой деп, Момын заманынан қалған заңды қазақ түк өзгерткен жоқ еді. Сол бойымен мүфтиге қарады. Мүфти қарамағында болған соң, указнойлар, ахундар заң орнына ислам шарифатын жүргізе бастады. Манағы мың жылдық заңның жолы шарифат қағидаларына үйлеспейтін болды. Мысалы: бірінші, байы өліп жесір қалған қатын төрт ай он күн ғадет сақтау тиіс. Ғадеті толған соң бір жаққа барам десе де, өзі тілеген біреуге тием десе де шарифаттың хукімі бойынша – ерік. (Құран – 2-сүре, 23-аят). Қазақ мың жылдық заңды қолым деп, жесір қатынды күштеп әменгеріне қосады. Екінші, бір адам өлген соң, артында баласы қалмаса, шарифат бойынша мүлкінің төрттен бірі қатынына тиеді. (Құран – 2 сүре, 11-аят). «Қатын мал билеуші ме еді» деп қазақ баса-көктеп, малын тартып алып, өзіне бір әменгер табыла кетеді. «Атым өлсе – сауыры мұра, ағам өлсе – жеңгем мұра» деген қағидасы даяр тұр. Осындай шарифаттың хукімі мен заңның жолы ереуіл келетін орындар толып жатыр» [2; 85 б.].

Қазаққа көп дүние ұнамай мүфтиліктен шығу жайы, Жәңгірдің мүфтилікте қалып, ел ішінде көп дауды реттеудің тетігін тапқаны туралы да бағалап ой айтқан – Міржақып Дулатұлы.

Қазақта хандық билік жойылғаннан кейінгі Сібір қазағындағы аға сұлтандық, Орынбордағы правительдік билік тұсындағы мүфтилік жайын Міржақып Дулатұлы былайша баяндап көрсеткен.

«Сол аға сұлтандар мүфти қарамағында тұрғанда, өздерінше талай кемшілік көрді. Екі жақтан дау болғанда мүфтидің бұйрығы жүріп, аға сұлтандардың сөзі сөз болмай қалушы еді. Мысал: Тойте Нүрекеновтың Зылиха атты қызы Жақсыбай деген жігітке тиіп кеткен. Атасы Тойте Жақсыбайдан айырып алуға жүрсе де, қолынан келмеген. Зылиха менен Жақсыбай мүфтиге арыз беріп, қолдарына ерік қағазын алған. Сөйтіп, аға сұлтан Тойте жығылып қалған» [2; 86 б.].

Міржақып Дулатұлы тағы да талай ел ішінде болған уақиғаларды айтып өтеді. Мүфтиліктен шығып қазақ ұтылды деген ойы бар. Байқап отырғанда осы дін, шарифат, қазақтың дінге салқындау қарайтын білместігі ХХ ғасыр басындағы әдеби шығармаларда елеулі мәселе болып көтеріліп отырғанын көреміз.

Міржақып Дулатұлы келтіріп өткен Ақмолла ақынның өлеңінің өзегіндегі ойды діни ағартушы аталған ақындар да, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт та айтты.

*Айтамын үгіт қылып қазақ халқын,
Көңіліңіз дін жағына сонша салқын!
Дін қойса, заң қоюға ырза емес,
Бұрынғы қоя алмайсыз ата салтын.*

Сәбит Мұқанов «ұлтшылдардың» ендігі бір көңіл бөліп көтергені әйел мәселесі дейді.

«Қазақтың өркендеп келе жатқан байлар табы, оның жолбасшысы ұлтшылдар әйел мәселесін күрделі ұрандарының біреуі қып алды. Олар: қызды жастай беруге, әменгершілікке, қызды теңіне бермеушілікке, көп қатын алушылыққа, қалың малға қарсы болды.

«Айқап», «Қазақ» сықылды баспасөздерде сол кезде шыққан ұлтшыл жазушылардың өлеңдерінде жоғарғы айтылған әйел бостандығына залалды заттарға аттаныс жасалды. Олардан басқа әйел теңсіздігіне арналып Міржақыптың «Бақытсыз Жамал», Сәлім Көшімұлының «Мұңды Мәриям», Асфандияр Көпейұлының «Қалың мал» деген романдары шықты. Бұлардың бәрінде де феодалдық өмірге қарсылық, әйел бостандығын қолдаушылық, әйелді өнерге тартушылық сықылды пікірлер қозғалды. Феодалдық өмірдің айуандық мінездері суреттелді» [1; 49 б.].

Сәбит Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегі тұтастай саяси, тарихи ахуалды саралап, барша болған жайды құжаттап берген. Бұл тұста Сәбит Мұқанов ел басынан өткеріп отырған қоғамдық-әлеуметтік, тарихи жағдайларды кәнігі қоғамтанушылық, әлеуметтанушылық ұстанымдармен пайымдап, тарихи дамудың нақтылы бір кезеңіндегі қилы құбылыстың әдеби шығармашылықтағы көрініс табу тенденцияларын көркемдік, жанрлық негізде тұғырландырып отырғандығын көреміз. Не дегенде де қағаберіс қалған еш құбылыс жоқ. Білікті де білімді ұлт қайраткерлерінің ел дамуының ұстанымдарын дәл осы еңбектегідей егжей-тегжейлі ұғындыру, бағалау, саралау сол бір отызыншы жылдар ғана емес, қазіргі кезең өресінен де оңай шаруа емес. Сәбит Мұқанов бұл еңбекті үлкен құштарлықпен, даналық алыммен жазғандығын байқамау мүмкін емес.

Міржақып Дулатұлының мүфтилік мәселесіне қатысты ұстанымдары ХХ ғасыр басындағы қазақ елдігі үшін еңбектенген қайраткер тұлғалардың ортақ бағыттары болғандығы туралы, олардың жан-жақты жанкешті ғұмырбаяндарындағы бір айқын құбылыс екендігі тұрғысында арнайы айтыла қойған

жок. Бұл мәселенің түп-төркін, мән-жайын Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегі арнайы саралап бергендігі тағы да Сәбит Мұқановтың ғасыр басындағы тарихи даму, саяси-әлеуметтік ахуал тұрғысында тұғырнамалық зерттеу дәрежесіндегі пайымдаулар айтқан алғашқы адам болғандығын көрсетеді.

«Міржақып Дулатұлы «Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы» мақаласында Жәңгір ханның ел билеу ісінде мүфтиліктің құзіретін орнымен пайдалану тәжірибесін келтіреді.

«Жиһангер ханның Бөкей елін мүфтилікке мықтап байлау үшін қылған қызметтерін көрсету үшін бұл жерде бір жарағын жазамыз:

«Тана руы, Бисары тафесі, молда Отызбай Торымбай ұғлына бұйырамын:

Бірінші, өз халқыңыз ішінде мешіт, медресе салып, қария хүкімінде болып, жамағат жамағи хәм айт оқыңыз. Балаларды оқытып, халықтың үстінде фарз болған бес уақыт намаз хәм рузаның хүкімдерін үйретіңіз.

Екінші, надан қара халыққа иман хәм исламды білдіріп тұрыңыз. Бала туса, уақытында ат қойып, дүниядан қайтқан кісі болса, уақытында жаназа оқып, шарифат бойынша көміңіз.

Үшінші, қыз беріп, құда түсерде өз көзіңізше екі ғәділ куәнің алдында «алдым, бердім» сөзін айтқызып, ғақад қылдырыңыз.

Төртінші, бұрын айттырып қойылған қыздың күйеуі ұрын келгенде, «әбжап құбылсыз» қол ұстау болмасын.

Бесінші, байы өліп, жесір қалған қатындардың халін тексеріп тұрасыз. Ғадет, ішінде никаһ оқушы болмасын.

Алтыншы, жесір қатындарға өзінің жақындарының рұқсатынан басқа (қатынды күштеп) никаһ оқушы болмасын.

Жетінші, мирас бөлгенде һәр кімге өзінің телімі шарифат бойынша берілсін. Біреудің хақы біреуге аумасын.

Сегізінші, байлар малынан тиісті зекетті орнына шығармай қалмасын.

Тоғызыншы, халық ішінде ұрлық қылушы болмасын. Елдегі бастық, би хәм старшиналарға бұйрық қылармыз, осы істерге орнына келтіруге олар да жәрдемші болар».

Жиһангер ханның осындай тәдбирлері арқасында ел тыныш болды» [2; 94 б.].

В борьбе с кулачеством властные структуры использовали любые формы, в частности в августе 1930 года на территории Восточного Казахстана проводилась полномасштабная операция по кулакам,

церковным старостам и торговцам. Задача операции заключалась в изъятии скрытого разменного серебра, имеющие на руках серебро на сумму свыше 15 рублей подлежало изъятию с заменой на бумажные деньги. Кулаки, церковные старосты и торговцы, имеющие на руках свыше 30 рублей серебром немедленно арестовывались вместе с материалом направлялись Уполномоченному ОКР ОТД. ОГПУ в Катон-Карагай для привлечения по 58 ст. пункт 7 УК – вредительство. Весь беспартийный актив и коммунисты были вовлечены в работу по выявлению лиц, имеющих на руках серебро. Секретарь ячейки входил в распоряжение представителя от органов ОГПУ и милиции с целью проведения обысков у кулаков, торговцев и церковных старост, по указанию представителя центра [16, л.179].

На заседании Казкрайкома ВКП(б) 27 сентября 1930 года заслушивался вопрос о деятельности ПП ОГПУ. Вопрос стоял не только о слабой деятельности ОГПУ, но и указывалось, что конфискация полуфеодалов баев в 1928 г., наиболее слабо была проведена в пограничных районах, что там налицо тесная связь байской верхушки с закордонным, при крайне слабом, а зачастую, засоренным чуждым элементом партийно-советского аппарата – эти районы, по мнению руководства, стали чрезвычайно неблагополучными в политическом отношении – это постоянное возникновение банд, вооруженные перекочевки, решительное сопротивление всем советским мероприятиям. Вероятно ввиду последних событий Казкрайком решил провести в пограничных: Зайсанском, Чингистайском, Тарбогатайском, Маканчинском, Урджарском, Катон-Карагайском, Маркакольском районах изъятие активной байско-кулацкой верхушки с высылкой их в другие районы республики с конфискацией имущества за исключением предметов домашнего обихода и скота в пределах трудовой нормы...». Казкрайком предложил местным организациям перечисленных районов выселить из пограничных районов, самовольно прибывших из Сибири кулаков, при этом ПП ОГПУ поручалось арестовать по Казахстану верхушечный слой кулачества и направить их на рыбные промыслы Аральского моря, по отношению к остальным, предоставлялась возможность поселения их в других районах с обязательной регистрацией в соответствующих РИКах [17, л.109].

22 декабря 1931 года издается Оперативный приказ ОГПУ за № 71/417 «Об определении социального положения и социального прошлого лиц, привлекаемых органами ОГПУ», где были определены категории деления обвиняемых лиц в различных контрреволюционных преступлениях по их социальной принадлежности, главным ключом в их выявлении являлся термин «бывший» – бывшие офицеры, бывшие члены привилегированных сословий, бывшие чины царской администрации. Не зря во всех анкетах той эпохи и учетных листах стоял вопрос – «род занятий до 1917 года» или «указание видов деятельности до 1917 года» и пр. [18]

Постановлением ВЦИК и СНК от 26 марта 1928 года было изменено содержание статьи 28 УК с целью увеличения сроков наказания, и по отношению к крестьянам использовались статьи 60 и 61 УК, осуждавшие злостных неплательщиков за невыполнение государственных заданий. С 1930 года положение стало постепенно меняться. Сроки наказания по наиболее часто применяемым статьям Уголовного Кодекса, определяемые судами, резко возрастают. Суды, по секретным указаниям Верховного Суда, начинают применять максимальные сроки наказания, предусмотренные статьями Уголовного Кодекса, особенно по 58 статье. Ужесточение наказания и появление новых репрессивных законов являлось следствием накала экономических и социальных трудностей, связанных с проведением индустриализации и коллективизации, кризис с продовольствием и прочие социальные лишения советской экономики вынуждали правительство предпринимать законодательные меры. Закон 1932 года означал второй этап в репрессивной политике Советского государства по отношению к крестьянам.

Размах репрессий против крестьянства то набирал силу, то немного ослабевал. Борьба с саботажниками, контрреволюционерами, зачистка населения позволяло правительству культивировать страх перед силовым ведомством, поддерживать страх неожиданного ареста, что в какой-то степени позволяло сохранять определенное равновесие, и руководить народным гневом, направленным против врагов социализма. Таким образом,

– силовая модернизация сельского хозяйства и ликвидация индивидуалистического крестьянского мышления через политику раскулачивания привели к настоящей войне, которую государство объявило крестьянской деревне. По масштабам проводимой политики, речь шла не о простой экспроприации или аресте небольшого количества кулаков, шел активный процесс раскрестьянивания, который привёл к коренной ломке культуры, образа жизни и психологии крестьянства;

– для достижения результатов в строительстве колхозного строя государство использовало широкий набор мер репрессивной политики в деревне, административно-карательная система состояла из арестов, ссылки, депортации, конфискации, психологического насилия, судебного преследования, штрафных санкций и пр.

Список использованной литературы:

1. ГАРКО Ф139п. Оп.1. Д.22. 248 л.

2. ГАРКО Ф6н. Оп.1. Д.69. 61 л.
3. ГАРКО Ф6н. Оп.1. Д.21. 225 л.
4. Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы: Университет «Туран», 1997. – 360 с.
5. Мусин М. Островок в Архипелаге ГУЛАГ. – Усть-Каменогорск: КГП «Шыңғыс ақпарат», 2009. – 68 с.
6. Лухтанов А. Да здравствует власть рабочих и крестьян, долой коммунистов и коммунию. // Простор. – №12. – 2005.
7. ГАРКО Ф.788. Оп.1. Д.38а. 78 л.
8. ГАРКО Ф.788. Оп.1. Д.35. 141 л.
9. ГАРКО Ф139. Оп.1. Д.78. 52 л.
10. ГАРКО Ф139н. Оп.1. Д.22. 248 л.
11. ГАРКО Ф139н. Оп.1. Д.22. 248 л.
12. ГАРКО Ф6н. Оп.1. Д.69. 61 л.
13. ГАРКО Ф139н. Оп.1. Д.22. 248 л.
14. Ивницкий Н.А. Коллективизация и раскулачивание (начала 30-х годов). – М.: Магистр, 1996. – 288 с. Халидуллин Г.Х. Политика советского государства в отношении казахских шаруа (1917-1940 гг.). – Алматы: НИЦ Ғылым 2001 г. – 214 с.
15. Подсчет сделан автором на основании архивных дел Департамента КНБ РК по ВКО
16. ГАРКО Ф139н. Оп.1. Д.22. 248 л.
17. ГАРКО Ф135н. Оп.1. Д.59. 159 л.
18. Архив Департамента КНБ РК по ВКО Оперативный приказ ОГПУ за № 71/417 от 22 декабря 1930 года

УДК 930:929(574)
МРНТИ 03.81.37

М.Н. Ибрагимова¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, ibragimova.meruert@mail.ru
Г.Т. Тилеужанова²

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, gulhan_74@mail.ru
Г.Е. Сапаева³

³әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, gulchatay26@gmail.com

ШАРАФ АД-ДИН ' АЛИ ИБН ШАЙХ ХОДЖИ ЙЕЗДИДІҢ «ЗАФАР-НАМЕ» ШЫҒАРМАСЫ – ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ

Аңдатпа

XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеу өткен ғасырдың бай мұрасымен тығыз байланысты. Олардың ішінде бүгінгі күнге дейін ғылыми маңыздылығын жоғалтпаған парсы жазба деректері ерекше орын алады. Шынайы тарихымызды жазу үшін ең алдымен деректерімізді дұрыс меңгеруіміз керек. XIV-XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихы ашып көрсетілетін орта ғасырлар авторларының нарративтік тарихи еңбектері негізінен Темір ұрпақтары тобының шығармаларынан тұрады. Бұл шығармалар әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихнамашыларымен жазып қалдырылған. Бұл деректер бұған дейін де зерттеушілермен кеңінен қолданылып келді. Алайда арнайы деректанулық талдаулар жасалған жоқ. Сондықтан да Темір әулеті шығармаларын ортағасырлық Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде арнайы зерттеудің маңызы зор. Мақалада темірлік деректердің бірі – Шараф ад-Дин ' Али ибн Шайх Ходжи Йездидің «Зафар-наме» шығармасының Қазақстан тарихын зерттеудегі маңыздылығы жайлы қарастырылған. Автор түрлі деректерді салыстыра зерттей отырып, осы мәселеге қатысты белгілі зерттеушілердің пікірлерін талдайды. Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихшылары пайдаланған деректер көбіне ортақ болып келгендіктен оқиғаны баяндауда бірін-бірі қайталайды. Сондықтан оларды бір-бірімен салыстыру арқылы олардың қайсысы шындыққа жақын екендігі дәлелденеді.

Түйін сөздер: дерек, пікір, әулет, хан.

Аннотация

М.Н. Ибрагимова¹

¹ҚазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования, ibragimova.meruert@mail.ru
Г.Т. Тилеужанова²

²ҚазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования, gulhan_74@mail.ru
Г.Е. Сапаева³

³ҚазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования,

gulchatay26@gmail.com

ПРОИЗВЕДЕНИЯ «ЗАФАРНАМА» ШАРАФ АД-ДИН ' АЛИ ИБН ШАЙХ ХОДЖИ ЙЕЗДИ

Изучение истории Казахстана XIV-XV вв. тесно связано с наследием ученых прошлого века. Из них особое место занимают персидские исторические источники, которые до настоящего времени не потеряли свое научное значение.

В статье рассматривается значимость одного из данных тимуридского периода произведения «Зафарнама» Шараф ад-Дин ' Али ибн Шайх Ходжи Йезди в исследовании истории Казахстана. Сопоставляя различные исторические источники, автор статьи анализирует точки зрения известных исследователей по данной проблеме. Так как историки поколений Амира Темура и его самого использовали одни и те же источники, их описания события совпадают. Исходя из этого, в статье приводятся доказательства того, какие из данных более достоверны.

Ключевые слова: источник, точка зрения, династия, хан.

Abstract

M.N. Ibragimova¹

*¹al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education,
ibragimova.meruert@mail.ru*

Г.Т. Тулеужанова²

²al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education, gulhan_74@mail.ru

Г.Е. Санаева³

*³al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education,
gulchatay26@gmail.com,*

«ZAFARNAME» BY SHARAF AD-DIN ALI IBN SHAIKH HODJI IYEZDI

Studying the history of Kazakhstan in the 14 th and 15 th centuries goes hand in hand with creative use of the extensive historical material accumulated over the years. And especially valuable parts of this legacy are manuscript sources of that period written in the Persian language.

The significance of «Zafarname» by Sharaf ad-Din Ali ibn Shaikh Hodji Iyezdi (which is one of Timur's period's data) in research of Kazakhstan's history is considered in the article.

Comparing various historical sources, the author of article analyzes the points of view of famous researchers on this problem. Because of Amir Timur's and the historians of his ancestors used the same data and information their reporting is similar. Therefore, in the given article by comparing them which of them is close to the truth is proved.

Keywords: source, points of view, dynasties, khan.

Егеменді ел болғалы еңсеміз көтеріліп, көп жылдар бойы бұрмаланып келген төл тарихымызды еркін жазуға мүмкіндік туды. Қазақстанның әр бір азаматы өзінің ата-баба тарихын жазуға құлшына кірісіп кетті. Соның нәтижесінде кітапхана сөрелері еліміздің тарихына қатысты сан қырлы зерттеулермен толыға түсуде. Әрине бұл тәуелсіз еліміздің тұғырын көтереді. Десек те кез-келген азаматтың тарихты әр түрлі деңгейде жазуы қайтадан тарихымызды бұрмалауға әкеліп соқтыруы мүмкін. Ал шынайы тарихымызды жазу үшін ең алдымен деректерімізді дұрыс меңгеруіміз керек. Сондықтан да Темір әулеті шығармаларын ортағасырлық Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде арнайы зерттеудің маңызы зор.

XIV-XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихы ашып көрсетілетін орта ғасырлар авторларының нарративтік тарихи еңбектері негізінен Темір ұрпақтары тобының шығармаларынан тұрады. Бұл шығармалар әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихнамашыларымен жазып қалдырылған. Бұл деректер бұған дейін де зерттеушілермен кеңінен қолданылып келді. Алайда тарихшылар өздеріне керекті тұстарын ғана өз зерттеулері үшін үзіп-үзіп алып отырды, ал ол деректерге деректанулық талдаулар жасалған жоқ. Темірлік деректердің бірі – Шараф ад-Дин ' Али ибн Шайх Ходжи Йездидің «Зафар-наме» шығармасы Қазақстан тарихы үшін маңызды деректердің бірі болып табылады.

Шараф ад-Дин ' Али ибн Шайх Ходжи Йездидің «Зафар-наме» [1, 383] («Жеңістер туралы кітап») шығармасы «Зафар-наме-ий Тимури» (парс. «Темірдің жеңістері туралы кітабы»), «Фатхнаме-ий Сахибкиран», «Тарих-и джахангушай-йи Темури» аттарымен де белгілі. Әмір Темірдің өмір тарихын баяндайтын еңбектің екінші, толықтырылған бұл нұсқасы шамамен 1419-1425 жылдары парсы тілінде жазылған. Шығарма Қазақстан, Орта Азия, Иран т.б. елдердің XIV ғасырдың II жартысындағы тарихын зерттеуде құнды дерек көзі болып табылады. Автор өз еңбегін Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме» деп аталатын еңбегі негізінде жазған. Орта ғасырлардағы шығыс тарихнамасы үлгісінде жазылған бұл еңбек Әмір Темір жорықтарының, сол тұстағы оқиғалардың тарихи шежіресі іспетті. Еңбекте сол кездегі көршілес халықтардың экономикалық, мәдени жағдайы туралы мағлұматтар толық қамтылғанымен, Әмір

Темір мемлекеті мен оған көршілес елдердің саяси, әскери тарихына қатысты нақты деректер келтірілген. Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін, әсіресе, Әмір Темірдің Жетісу мен Дешті Қыпшаққа жасаған жорықтары жөніндегі тараулар аса бағалы. «Зафар-наме-ий Тимуридін» кейбір қолжазба нұсқаларына 1419 жылы жазылған «Мұқаддима-ий Зафарнаме» да («Жеңіс кітабына алғы сөз») кіреді. Алғы сөзде түріктердің, татарлар мен моңғолдардың, қыпшақ, қарлұқ, қият, барлас, жалайыр т.б. түркі тайпаларының шығу тегі туралы аңыздарға әрі тарихи деректерге негізделген мағлұматтар бар [2, 178].

Шараф ад-Дин ' Али ибн Шайх Ходжи Йезди Иранның Йезд қаласынан онша алыс емес Тафт елді мекенінде туылған. Оның туылған жылы белгісіз. Ол 818 (1415-1416) және 838 (1435) жылдар арасында Шаһрухтың ұлы Ибрахим Сұлтанның қызметінде болады [3, 84]. Ибрахим Сұлтан хатшыларының көмегімен Темір тарихы жайлы алдын жазылған барлық материалдарды, сонымен қатар әр түрлі тектен шыққан тарих жазушылары мен хатшылардың жазбаларын таңдайды. Мұқият таңдалған және жүйеге келтірілген материал Шараф ад-Динге беріліп, оған кітап құрастыру тапсырылады [4, 152].

Шараф ад-Дин ' Али Йезди суфизм, астраномия, философия сияқты ғылымдарды жақсы игерген және де соларға байланысты шығармалар жазған. Ол Ибрахим Сұлтан мен Шаһрух тарапынан тек балалары мен немерелерінің тәлімгері және ұстазы ғана емес, сонымен қатар дана кеңесшісі ретінде де үлкен сый-құрметке ие болды. Ибрахим Сұлтанның өлімінен кейін (838/1435 ж.) Шараф ад-Дин ' Али Йезди 846/1442-1443 ж. Сұлтаня, Казвини, Рей және Кумды өзіне қосқан аймақтың билеушісі болып тағайындалған, Шаһрухтың немересі – Мырза Сұлтан Мұхаммедтің сарайына шақырылады. 849/1445-1446 ж. Шаһрухтың ауруын пайдаланып Сұлтан Мұхаммед өзінің жақын адамдарымен, оның ішінде Шараф ад-Дин ' Али Йезди де бар, феодалдық бүлік шығарады. Хамадан, Исфоганды жаулап алып, Ширазды қоршайды. Шаһрух өзінің ауруына қарамай, Гераттан бүлікшіл шахзадаға қарсы шығады. Шаһрухтың Ширазға жақындағанын біліп, Сұлтан Мұхаммед қаланы қоршаудан босатып, Луристанға қашады, ал Шаһрух Исфоганға қайтады. Онда Сұлтан Мұхаммедтің жақтаушыларын жазалайды. Айып-тылардың ішінде Шараф ад-Дин ' Али Йезди де болды, бірақ бақытына орай ол құтыла алды. Ұлықбектің үлкен ұлы Абдаллатиф (796/1394 ж. туылып, 853/1449 ж. қайтыс болған) жауап алу кезінде Шараф ад-Дин ' Али Йездиге қатаң шара қолданды, сондықтан Шаһрух оны Абдаллатифтің қолына беруді жөн көрді. Абдаллатиф оның өмірін сақтап қалып, оны Самарқандқа өзінің атасы Ұлықбекке жібереді. Шараф ад-Дин ' Али Йезди Самарқандта шамамен бір жылдай тұрып, Ұлықбектің ғылыми ізденісіне қатысады. Шаһрухтың өлімінен соң (850/1447 ж.) Шараф ад-Дин ' Али Йезди өзінің елі Тафтқа оралады. Онда Ханакада орналасып, өмірінің соңына дейін сонда өмір сүреді. Ол 858/1454 ж. қайтыс болып, сол Ханакада жерленеді [5, 113]. Шараф ад-Дин ' Али Йездидің ойы бойынша шығарма үш тараудан (мақаладан) тұруы керек болатын. Бірінші тарау Темірге, екіншісін Шаһрухқа, үшіншісін Шаһрухтың ұлы Ибрахим Сұлтанға арнау болжанған. «Зафарнаме» тек бірінші тараудан тұрады, басқа екі тарау жоқ – олар Шараф ад-Дин ' Али тарапынан жазылмаған немесе бізге жетпеген [3, 85]. «Зафарнаме» кіріспе («Муқаддима» немесе «дибача») және негізгі бөлімнен тұрады [6, 4].

Кіріспе «Муқаддима Зафарнаме» («Жеңіс кітабына алғы сөз») немесе «Та'рих-и Джахангир» («Әлемді жаулап алушының (генеалогия) тарихы») деген аттарымен мәлім. Кіріспенің бағалы ерекшелігі – Шыңғыс ханнан бастап (шамамен 603/1206-624/1227) Темірдің әкесі Тарағайға (762/1361 жылы қайтыс болған) дейінгі Дешті Қыпшақ, Елхандар мемлекетінің, Шағатай ұлысы мен Мауараннахрдың қоғамдық-саяси тарихы қысқаша түрде көрсетілген. Шығарманың бұл бөлімінің өз алғы сөзі (Муқаддима), екі тарауы (фасл) және қорытындысы (хатима) бар. Шығармада Әмір Темірдің Йасавий (562/1166-1167 жылы қайтыс болған) мавзолейін тұрғызғандығы жайлы бағалы мәлімет сақталған.

Негізінен алғанда «Зафарнаменің» деректері мыналар еді: Низаматдин Шами «Зафарнамесі»; Темірдің жорықтары баяндалған күнделіктері, бұлардан Шараф ад-Дин ' Али Йезди Шамиге қарағанда толығырақ пайдаланды; Темірдің жанында болған парсы және ұйғыр мырзаларының жазбалары; назым түрінде жазылған «хан тарихы» атты түркі салнама; соғысқа қатысқандар мен замандастарының ауызша айтқандары [7, 34].

«Зафарнама» 1492 жылы Лотфи ақын жыр етіп өзбек тіліне, 1521 жылы Патефи тәжік тіліне, 1510-30-жылдары қайта Мұхаммед али ибн Дарвиш али Бұхари тарапынан өзбек тіліне және Хафез Мұхаммед ибн Ахмед-әл-Әжәми аудармасымен түрік тілінде жарық көрген. Ал XVIII ғасырда француз, ағылшын тілдеріне аударылған. Қысқаша үзінділері итальян тілі мен орыс тіліне аударылған.

1887-88 жылы «Маулави-әл-хадад» жаңа парсы тілінде реттеліп, Кәлкәте қаласында баспаға тапсырылған. 1958 жылы бұл шығарма екі томдық болып, «Мұхаммед Аббаси» деген тарихшының еңбегімен Тегранда басылып шыққан [8, 63].

Әмір Темір және оның ұрпақтарының өмір сүрген уақыттары мен олардың сыртқы саясаттары жайлы сарай тарихшылары ғана нақты жазып қалдырған. Шығармаларда олардың көрші елдер мен халықтар

жөніндегі саясаты ғана көрсетілмеген, сонымен қатар олардың ішкі саяси, шаруашылық, этникалық-мәдени өмірі жөніндегі материал да көп.

«...Деректанудың негізгі методологиялық принциптері деректермен жұмыс істеудің әр түрлі кезеңдерінде нақты көрініс табады» [9, 29]. Алғашқы кезең деректерді іздеу, табу жағына келетін болсақ қазіргі кезде темірлік деректердің орысша, өзбекше, ескі өзбек тіліндегі аудармалары жарық көрген. Және бұл деректер ғылымда да айналымға енген бұрыннан мәлім деректер. Дегенмен соңғы уақытта темірлік шығармалар болып табылатын жаңа деректер де зерттеушілермен айналымға енгізілді.

Келесі кезең деректанулық талдау жағына келетін болсақ бұл темірлік деректерді зерттеуде аса қажет мәселелердің бірі. Профессор Қ.Атабаев деректердің пайда болуын сынауда кездесетін проблемаларды жеке-жеке атап өтеді [9, 29].

Темірлік деректердің сақталу формаларына келетін болсақ қолжазбалар болып табылады.

Темірлік шығармалардың пайда болу уақытына тоқталатын болсақ, көп жағдайда деректің жазылған уақыты туралы құнды мәліметті сол шығарманың өзінен, оның мазмұнынан табуға болады. Және темірлік деректер көбінесе Темір не оның ұрпақтарының тарихына арналғандықтан тарихшының қай тұлғаның кезінде өмір сүргендігіне қарай да анықтауға болады. Қосымша деректерден де темірлік шығармалардың қай уақытта жазылғандығы туралы мәлімет ала аламыз.

Жоғарыда аталған тексттің оқу және уақытын анықтау үшін пайдаланылған тәсілдердің көбі оның пайда болған жерін анықтау үшін де қолданылады.

Темірлік деректер авторының не құрастырушысының атын анықтау (атрибуция) мәселесіне келетін болсақ, темірлік тарихшылардың өз шығармаларынан да, қосымша деректердің көмегімен де табуға болады. Соған қарамастан кейбір темірлік шығармалардың әлі күнге дейін авторлары белгісіз.

Темірлік деректерді зерттеуде мәтінді талдау жасау және әр түрлі деректерді қарама-қарсы салыстыру тәсілдері пайдаланылған.

Профессор Қ.Атабаев оқиғаны жақыннан суреттеген жылнамашылардың еңбектерінде оқиғаның бейнелеу дәрежесінің жоғары болатындығы рас дейді [9, 39]. Дегенмен, шынайылық проблемасына келетін болсақ темірлік деректердің бір ерекшелігі онда жасампаздық пен өз әмірлерін асыра мақтаушылық байқалады.

Типі бойынша қазақтар мен Қазақстан тарихына арналған барлық темірлік шығармалар нарративті жазба деректерге жатады.

Түрі бойынша баяндаушы, темірлік деректер тарихи хроникалар, анналдар, естелік жазбалар, өмірбаяндар, күнделіктер болып табылады.

Материалдың мазмұнына қарап, оларды жалпы және әулет тарихы топтарына бөлуге болады.

Темір және оның ұрпақтарына арналған нарративті шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады. XIII-XVI ғғ. Дешті Қыпшақ және Түркістан жеріндегі негізгі оқиғалар тізбектелген бұл шығармалар біржақтылығына қарамастан дерек ретінде алатын орны жоғары. Өйткені тек Әмір Темір және оның ұрпақтарының шығармалары ғана сол кезең оқиғаларынан басқа ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай көрініс береді. Жоғарыда аталған Темір және оның ұрпақтарына арналған парсы деректері кейіннен қазақ халқының құрамына енген Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Жетісу территориясында өмір сүрген халықтар жайлы көптеп мәлімет береді. Сонымен қатар Дешті Қыпшақтағы билеуші хандар арасындағы алауыздықты, халықтардың бытыраңқылығын жақсы суреттейді. Енді XIII ғ. басына дейін қыпшақ дәуірінде Қазақстан аумағындағы этникалық процесс халықтық деңгейге жақындап, ортақ этникалық кеңістік қалыптасып болған еді. Алайда, монғол шапқыншылығы халықты бытыратып жібереді. Кейіннен тарихи арена сахнасына көтерілген Әмір Темір жорықтары да Қазақстан территориясындағы өмір сүріп жатқан халықтарға ауыр соққы береді. Темір жорықтары оның тарихшыларымен жақсы бейнеленеді. Кей жерлерде ақиқатты жасырып қалса да, Темірдің жаулап алған жерлеріндегі халықтарға озбырлығын бүкпей көрсетеді. Темір және оның ұрпақтарының шығармаларында ортағасырлардағы қазақ халқы мен қазақтарға қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Алайда оларды алып пайдаланбас бұрын деректерді сыннан өткізген дұрыс болар еді.

Темірлік шығармаларда Қазақ хандығының құрылуының алғы шарты болған мемлекеттердің саяси тарихы, және Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі оқиғалар бейнеленеді.

Жалпы алғанда, Темір мен оның ұрпақтарына арналған шығармалардың ортағасырлық Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеудегі басқа ортағасырлық шығыс мұсылман деректердің арасындағы алатын орны жоғары деуге болады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшүлатов. Т., 1997, 383 б.
2. Қазақстан тарихы. – А., 1998, II том. – 640 б.

3. Темурийлар бунёдкорлиги дәвр манбаларида. Лахрир хайъати: М.М. Хайруллаев, А. Уринбоев, О. Буриев; Тузувчилар: А. Уринбоев, О. Буриев. – Т., 1997. – 168 б.
4. Султанов Т.И. Тимур и его империя. – А., 2004. – 152 с.
5. Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв. Дисс.на соискание уч.степени д.и.н. – А.,2003. – 406 с.
6. Амир Темур аждодлари (Шарафуддин Али Яздийнинг «Зафарнома» асаридан терма-таржима) // Форс тилидан таржима, кириш суз ва изохлармуаллифи О. Буриев,масъул мухаррир: А. Уринбоев. Т., 1992. – 32 б.
7. Темур ва Улғубек дәври тарихи. – Т., 1996, – 264 б.
8. Жеменей И., Дәулетхан Ә., Қатран. Деректану (Қазақ тарихы мен мәдениеті парсы, қытай, монғол, түрік, мажар тілдеріндегі кейбір деректер бойынша). Ғылыми ізденістер жинағы. – Алматы, 2002. – 172 б.
9. Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері; оқу құралы. – А., 1999.
УДК 930:929(574)
МРНТИ 03.81.37

М.Н. Ибрагимова¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, ibragimova.meruert@mail.ru
Г.Т. Тилеужанова²

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, gulhan_74@mail.ru
Г.Е. Сапаева³

³әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті,
gulchatay26@gmail.com

«МУ'ИЗЗ АЛ-АНСАБ» ШЫҒАРМАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеу өткен ғасырдың бай мұрасымен тығыз байланысты. Олардың ішінде бүгінгі күнге дейін ғылыми маңыздылығын жоғалтпаған парсы жазба деректері ерекше орын алады. Шынайы тарихымызды жазу үшін ең алдымен деректермізді дұрыс меңгеруіміз керек. XIV-XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихы ашып көрсетілетін орта ғасырлар авторларының нарративтік тарихи еңбектері негізінен Темір ұрпақтары тобының шығармаларынан тұрады. Бұл шығармалар әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихнамашыларымен жазып қалдырылған. Бұл деректер бұған дейін де зерттеушілермен кеңінен қолданылып келді. Алайда арнайы деректанулық талдаулар жасалған жоқ. Сондықтан да Темір әулеті шығармаларын ортағасырлық Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде арнайы зерттеудің маңызы зор. Мақалада темірлік деректердің бірі – «Му'изз ал-ансаб» шығармасының Қазақстан тарихын зерттеудегі маңыздылығы жайлы қарастырылған. Автор түрлі деректерді салыстыра зерттей отырып, осы мәселеге қатысты белгілі зерттеушілердің пікірлерін талдайды. Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихшылары пайдаланған деректер көбіне ортақ болып келгендіктен оқиғаны баяндауда бірін-бірі қайталайды. Сондықтан оларды бір-бірімен салыстыру арқылы олардың қайсысы шындыққа жақын екендігі дәлелденеді.

Түйін сөздер: дерек, пікір, әулет, хан.

Аннотация

М.Н. Ибрагимова¹

¹ҚазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования, ibragimova.meruert@mail.ru
Г.Т. Тилеужанова²

²ҚазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования, gulhan_74@mail.ru
Г.Е. Сапаева³

³ҚазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования,
gulchatay26@gmail.com

ПРОИЗВЕДЕНИЯ «МУ'ИЗЗ АЛ-АНСАБ»

Изучение истории Казахстана XIV- XV вв. тесно связано с наследием ученых прошлого века. Из них особое место занимают персидские исторические источники, которые до настоящего времени не потеряли свое научное значение.

В статье рассматривается значимость одного из данных тимуридского периода произведения «Му'изз ал-ансаб» в исследовании истории Казахстана. Сопоставляя различные исторические источники, автор статьи анализирует точки зрения известных исследователей по данной проблеме. Так как историки поколений Амира Темура и его самого

использовали одни и те же источники, их описания события совпадают. Исходя из этого, в статье приводятся доказательства того, какие из данных более достоверны.

Ключевые слова: источник, точка зрения, династия, хан.

Abstract

M.N. Ibragimova¹

¹al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education, ibragimova.meruert@mail.ru

Г.Т. Тулеужанова²

²al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education, gulhan_74@mail.ru

Г.Е. Санаева³

³al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education, gulchatay26@gmail.com,

«MU'IZZ AL-ANSAB»

Studying the history of Kazakhstan in the 14 th and 15 th centuries goes hand in hand with creative use of the extensive historical material accumulated over the years. And especially valuable parts of this legacy are manuscript sources of that period written in the Persian language.

The significance of «Mu'izz al-ansab» (which is one of Timur's period's data) in research of Kazakhstan's history is considered in the article.

Comparing various historical sources, the author of article analyzes the points of view of famous researchers on this problem. Because of Amir Timur's and the historians of his ancestors used the same data and information their reporting is similar. Therefore, in the given article by comparing them which of them is close to the truth is proved.

Keywords: source, points of view, dynasties, khan.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі біршама уақыт өтті. Одан бері міне Қазақстан жан-жақты дамып келеді. Соның ішінде тарих ғылымында да елеулі істер атқарылды. Мысалға айтар болсақ тарихшылардың зерттеу жұмыстарының әдіс тәсілдері қайта қаралып, деректерге деген көзқарастары біртіндеп өзгерді.

Еліміздің тарихын білу қазақстандық әрбір азаматтың міндеті. Өткен өмірде жіберілген қателіктерді болдырмау үшін және де сол өмірдің тәжірибелерінің негізінде болашаққа жол алу мақсатында өз тарихымызды білу маңызды. Ал сол еліміздің тарихын біз сан қырлы деректер негізінде ғана танып біліп, меңгере аламыз. Алайда деректерді алып пайдаланған бір бөлек те, оларды талдау арқылы пайдаланған бір бөлек. Сондықтан да қазақ халқының толыққанды іргелі тарихын жазу үшін, ең алдымен сол тарихтың негізін құрайтын деректермен жұмыс істей білу қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 2004-2006 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастаған болатын. Соның негізінде көптеген тың деректер қазақ және орыс тілдеріне аударылып, айналымға енгізіліп, кітап болып шығып оқырмандарға ұсынылып отыр. Енді зерттеушілердің деректерге қол жеткізуі біршама жеңілдей түсті. Осы орайда ұлттық деректанушыларымыздың жұмысы күрделене түскендігін айта кеткен жөн. Өйткені олардың алдында сол деректерді өзіндік ерекшеліктерінен шыға отырып, оларды дұрыс, әрі тиімді пайдаланудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін іздеп табу секілді ауқымды істер күтіп тұр.

«Мәдени мұра» бағдарламасы өзінің бастаған ісін тоқтатпай 2007-2009 жылдарды қамтитын екінші кезеңін бастап кетті. Бұл кезеңде енді жиналған мол мұрамызды сақтау, оларды пайдалану сияқты мәселелерге көңіл бөлініп отыр.

Десек те еліміздің тарихын зерттеуде негізгі дерек көзі болып табылатын көптеген деректер зерттеушілермен пайдаланылғанымен, оларға деректанулық талдаулар жүргізу әлі де болса кенжелеп келеді. Сондай талдауды қажет ететін деректердің қатарына әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалар жатады. Осы уақытқа дейін бұл деректер ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде негізгі деректердің қатарында қолданылып келген болатын. Алайда оларға жүйелі түрде деректанулық талдау жасалынған жоқ. Әр түрлі сипаттағы және жиі бір-біріне қайшы келетін, түрленіп отыратын темірлік деректердегі еліміздің тарихына қатысты мәліметтерін жеткілікті түрде жұмылдыру және оларды басқа дерек көздерімен салыстыра отырып зерттеу аса өзекті.

Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған нарративті шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады. XIII-XVI ғғ. Дешті Қыпшақ және Түркістан жеріндегі негізгі оқиғалар тізбектелген бұл шығармалар біржақтылығына қарамастан дерек ретінде алатын орны жоғары. Өйткені тек Темір әулеті шығармалары ғана сол кезең оқиғаларынан басқа ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай көрініс береді. Темірлік деректерде ортағасырлардағы қазақ халқы мен қазақтарға қатысты мәліметтер көптеп кездеседі.

XIV-XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихы ашып көрсетілетін орта ғасырлар авторларының нарративтік тарихи еңбектері негізінен Темір ұрпақтары тобының шығармаларынан тұрады. Бұл шығармалар әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихнамашыларымен жазып қалдырылған. Бұл деректер бұған дейін де зерттеушілермен кеңінен қолданылып келді. Алайда тарихшылар өздеріне керекті тұстарын ғана өз зерттеулері үшін үзіп-үзіп алып отырды, ал ол деректерге деректанулық талдаулар жасалған жоқ. Темірлік деректердің бірі – «Му'изз ал-ансаб» шығармасы Қазақстан тарихы үшін маңызды деректердің бірі болып табылады.

«Му'изз ал-ансаб» («Генеалогияны дәріптейтін кітап») шығармасын ғылыми айналымға белгілі шығыстанушы Т.И. Султанов енгізді. Шығарманың авторы белгісіз. Түрік ғалымы Ахмед Тоған бұл шығарманың авторы Темір ұрпақтарының тарихшысы Хафиз-и Аbru (1430 ж. өлген) болуы мүмкін деген болжам айтады. Алайда, бұған байланысты нақты мәліметтер кездескен жоқ [1, 111].

«Му'изз ал-ансаб» Гератта Темірлік Шахрух (1447 ж. өлген) Сарайында 830/ 1426-27 парсы тілінде жазылған.

«Му'изз ал-ансабта» Шыңғыс ханның бір мыңға жуық және Темірліктердің жүздеген ұрпақтары жайлы мәліметтер жинақталған [1, 112]. Ірі орыс шығыстанушысы В.Г.Тизенгаузеннің (1825-1882) «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының» екінші томында XIII-XV ғғ. Шыңғыстық және Темірліктердің шежіре тарихына қатысты маңызды дерек – «Му'изз ал-ансабтан» көлемді аудармасының үзіндісі келтірілген. Белгілі шығыстанушы Т.И.Султанов осы мәтінді Париждің ұлттық кітапханасында сақталған парсы тіліндегі түпнұсқамен салыстырғанда В.Г. Тизенгаузеннің «Жинағындағы» басылған аударма үзіндіде Шыңғыстың шежіре тарихын, сонымен қатар Шыңғыс ұлыстарындағы ішкі әулеттік және ішкі саяси қатынастарын бұрмалап көрсететін өрескел қателіктер жол берілгендігін байқайды [2, 342]. Автор екі мәтінді бір-бірімен салыстыра отырып, Париж кітапханасындағы сақталған түпнұсқаның анағұрлым шындыққа жақын екендігін дәлелдеуге тырысады. Ч.А. Стори мен Ю.Э. Брегельдің белгілі анықтамалығында «Му'изз ал-ансабтың» Париж, Лондон және Стамбулдегі үш қолжазбасы сақталғандығын айтады. Алайда, 1990 ж. американдық ғалым Дж.Е. Вудс Стамбулдегі Топкапы мұражайында сақталған қолжазба басқа, Али-Шахтың ұлы қайсібір Хұсайн жазған ертедегі шежіре тарихының тізімі екендігін анықтаған. Осылайша, профессор Дж.Е. Вудс «Му'изз ал-ансабтың» екі қолжазбасы бар деп белгілейді. Бірақ жапон зерттеушісі Широ Андо Алигархта (Үндістан) тағы да «Му'изз ал-ансабтың» екі қолжазбасының бар екендігін айқындады [2, 342].

Сонымен қазіргі кезде «Му'изз ал-ансабтың» төрт қолжазбасы – 1) Париждің Ұлттық кітапханасында; 2) Лондонның Британ мұражайында; 3) Алигархтың Мұсылман университетінде; 4) Алигарх Мұсылман университетіндегі 176 бет, екі томнан тұратын қолжазбасы сақталған. «Му'изз ал-ансабтың» осы төрт қолжазбасының ешқайсысында көшірмешінің аты-жөні, көшірілген жері, нақты датасы берілмеген [1, 111].

«Му'изз ал-ансабтың» анонимді авторы өзінің деректерін нақты атап көрсетпейді... Алайда ол былай деп бейнелейді: «Әділ түрік тарихшылары міне былай деп хабарлайды...» («монғол тарихшылары», «хан тұқымының тарихшылары»). Тек Шыңғыс ханның әкесі Есугей-бахадүр жайлы әңгімелегенде автор әйгілі Елхандар тарихшысы Рашид ад-Диннің «Джами' ат-таварих» шығармасына сілтеме жасайды [1, 113].

Зерттеушілер А.З.Тоған, Дж.Е.Вудс, Широ Андо, Ш.А.Квиннің көрсеткеніндей шыңғыстықтарға арналған «Му'изз ал-ансабтың» бір бөлігі Рашид ад-Диннің «Шуаб-и панджанның» («Бес халықтар шежіресі») мәліметтерінен алынып пайдаланылған. «Му'изз ал-ансабтың» анонимді авторы XV ғ. дейінгі шыңғыстықтар мен Темір және алғашқы Темір ұрпақтарының шежіресіне біраз мәліметтер қосып жазады. «Му'изз ал-ансабтың» тағы бір деректерінің бірі Хұсайн ибн Али-Шахтың шежіре тарихы.

Ірі орыс шығыстанушысы В.Г. Тизенгаузен (1825-1882) «Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды» атты жинағының екінші томында «Му'изз ал-ансабтың» көлемді аудармасын келтірген болатын [3]. Онда XIII-XV ғасырларда өмір сүрген Шыңғыс ұрпақтары Темір хан ұрпақтарының шежіре тарихына қатысты мәселе қарастырылған. Кейінгі уақыттарда бұл шығарманы зерттеуге ғалымдар көп көңіл бөле бастағандығын білеміз. Соңғы кезде осы шығарманың түпнұсқаларымен жұмыс жасап жүрген

шығыс-танушы Т.И.Сұлтанов оның төрт түпнұсқасы бар екендігін анықтады. «Муизз ал-ансабтың» осы төрт түпнұсқасында да көшіріп алушының аты не болмаса көшірілген уақыты көрсетілмеген [2, 342-343]. Т.И.Сұлтанов осылардың ішінен Париждің Ұлттық кітапханасында сақталған түпнұсқасын пайдалана отырып, оның мәліметтерін В.Г.Тизенгаузен келтірген мәліметтермен салыстырады. Автордың пікірінше В.Г.Тизенгаузен Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресін шатыстырып жіберген. Т.И. Сұлтанов осы мәселені зерттеуде түпнұсқаны қайта қарауды қажет ететіндігін ескертеді. Ол «Муизз ал-ансабтың» парсы тіліндегі түпнұсқасын зерттей отырып, белгісіз автор негізгі мәтіннің шежірелік мәліметтерінің құрылу принципін айқын көрсететіндігін айтады. Ол оның әулеттік кітабында кестелер және басқа кескіндік пішіндер мен құрылымдар қолданғандығын анықтайды. Сөйтіп, ханшайымдарды тікбұрыш ішіне, ал ханзадаларды шеңбер ішіне, ал жоғарғы билікке қолы жетіп, патшалық еткен ханзадаларды екі линиялы тікбұрыш ішіне жазғандығын көрсетеді [1, 115-116]. Осылайша зерттеуші ғылымда өз жаңалығын ашады.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына орай 2006 жылы «Муизз ал-ансаб» шығармасы орыс тіліне аударылып, «Қазақстан тарихы парсы деректерінде» атты жинақтың III томында жарық көрді [4]. Онда Қазақстан тарихы бойынша «Муизз ал-ансабтың» мәліметтері төмендегідей топтарға бөлінеді:

- «1) көшпенділердің мемлекеттік және қоғамдық құрылымы бойынша жалпы мәліметтер;
- 2) Қазақстан территориясында тайпалардың жаңа конфедерациясын құруға ат салысқан ру-тайпалардың тарихы;
- 3) Қазақстан территориясында билік құрған Жошы ұрпақтары және Шағатай ұрпақтарының шежіресі бойынша мәліметтер;
- 4) темірліктердің Дешті Қыпшақтың билеуші әулеттерімен, сонымен қоса Шайбандық өзбектер ұлысының тайпаларымен қатынасын зерттеу үшін нақты мәліметтер;
- 5) көшпенділердің сакрализациялық билігі мәселесі бойынша құнды мәліметтер;
- 6) қарапайым құқық қызметінің механизмі бойынша бай мәліметтер;
- 7) көшпенді дәстүр негізінде құрылған мемлекеттік басқару аппаратын меңгеру үшін мәлімет;
- 8) көшпенділер арасындағы неке және отбасылық дәстүр бойынша түрлі мәліметтер;
- 9) монғол тайпалары мен түркі тайпаларының ассимиляциясы үрдісінің барысын байқау үшін мәліметтер» [4, 13-14].

Жинақ кіріспесінде басқа да жазбаша, ауызша, құжаттық деректермен салыстырғанда «Муизз ал-ансабтың» мәліметтері қазақ хандарының тарихы мен шежіресін құрастыруға мол мүмкіндіктер беретіндігі айтылады [4, 14].

Темір және оның ұрпақтарына арналған нарративті шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады. XIII-XVI ғғ. Дешті Қыпшақ және Түркістан жеріндегі негізгі оқиғалар тізбектелген бұл шығармалар біржақтылығына қарамастан дерек ретінде алатын орны жоғары. Өйткені тек Әмір Темір және оның ұрпақтарының шығармалары ғана сол кезең оқиғаларынан басқа ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай көрініс береді. Жоғарыда аталған Темір және оның ұрпақтарына арналған парсы деректері кейіннен қазақ халқының құрамына енген Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Жетісу территориясында өмір сүрген халықтар жайлы көптеп мәлімет береді. Сонымен қатар Дешті Қыпшақтағы билеуші хандар арасындағы алауыздықты, халықтардың бытыраңқылығын жақсы суреттейді. Енді XIII ғ. басына дейін қыпшақ дәуірінде Қазақстан аумағындағы этникалық процесс халықтық деңгейге жақындап, ортақ этникалық кеңістік қалыптасып болған еді. Алайда, монғол шапқыншылығы халықты бытыратып жібереді. Кейіннен тарихи арена сахнасына көтерілген Әмір Темір жорықтары да Қазақстан территориясындағы өмір сүріп жатқан халықтарға ауыр соққы береді. Темір жорықтары оның тарихшыларымен жақсы бейнеленеді. Кей жерлерде ақиқатты жасырып қалса да, Темірдің жаулап алған жерлеріндегі халықтарға озбырлығын бүкпей көрсетеді. Темір және оның ұрпақтарының шығармаларында ортағасырлардағы қазақ халқы мен қазақтарға қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Алайда оларды алып пайдаланбас бұрын деректерді сыннан өткізген дұрыс болар еді.

Темірлік шығармаларда Қазақ хандығының құрылуының алғы шарты болған мемлекеттердің саяси тарихы, және Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі оқиғалар бейнеленеді.

Жалпы алғанда, Темір мен оның ұрпақтарына арналған шығармалардың ортағасырлық Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеудегі басқа ортағасырлық шығыс мұсылман деректердің арасындағы алатын орны жоғары деуге болады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. –(Казахстанские востоковедные исследования). – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 276 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. – СПб., 2004. – 350 с.
3. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды, Т. II, Извлечения из персидских сочинений собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – Москва-Ленинград, 1941. – 308 с.
4. История Казахстана в персидских источниках. Му'изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии). Т. III. Алматы., «Дайк-Пресс», 2006. /отв.ред. А.К. Муминов. Перевод с персидского, предисловие, примечания, подготовка факсимиле и изданию Ш.Х. Вохидова; сост. указателей У.А. Утепбергеновой. – 672 с.

УДК 125-45

МРНТИ 03.81.37

Ж.А. Құдайбергенова¹

¹д.и.н., доцент ҚазНПУ им.Абая

БУКЕЙХАНОВ А.Н. О ПРОБЛЕМАХ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ И АГРАРНОЙ ПОЛИТИКЕ САМОДЕРЖАВИЯ В НАЧАЛЕ XX В.

Аннотация

В статье освещаются проблемы переселенческой политики царизма, столыпинской аграрной реформы в исследованиях и публикациях А.Букейханова. На основе анализа публицистических очерков, статей автора прослеживается его принципиальная позиция по аграрному вопросу, о развитии казахского скотоводства в условиях аграрных преобразований начала XX в. Он был убежденным сторонником ограничения переселенческого движения и изъятия исконных казахских земель. В своей работе «Киргизы» А.Н. Букейханов писал: « В 90-х годах прошлого столетия Министерство земледелия и государственных имуществ, ныне Главное управление землеустройства и землепользования, желая определить тот излишек земель, который без ущерба киргизскому хозяйству может быть отчужден, снарядило статистическую экспедицию, во главе которой стоял статистик Ф.А. Щербина... По итогам исследований экспедиции была установлена 25% надбавка к земельным нормам казахского хозяйства.

Ключевые слова: аграрный вопрос, переселение, земельные споры, изъятие земель, земледелие, скотоводство.

Аңдатпа

Ж.А. Құдайбергенова¹

¹т.ғ.д., Абай ат. ҚазҰПУ доценті

Ә.БӨКЕЙХАНОВ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕ

Мақалада Ә.Бөкейхановтың зерттеулері мен басылымдарындағы патша үкіметінің қоныс аудару саясатына, Столыпинның аграрлық реформасы проблемаларына байланысты көзқарастары қарастырылған. Баспасөз басылымдарда жарық көрген публицистикалық очерктерін, мақалаларын талдау негізінде автордың XX ғасырдың басындағы ауылшаруашылық мәселелері, аграрлық реформа барысындағы қазақтың мал шаруашылығының дамуына қатысты өзіндік көзқарастары айқындалды. Ә.Бөкейханов қазақтың байырғы жерлерін алып қоюға қарсы шығып, келімсектердің қоныстануын шектеуді табанды түрде жақтаған.

Кілт сөздер: аграрлық мәселелер, қоныс аудару, жер даулары, жерді алып қою, егіншілік, мал шаруашылығы.

Abstract

Zh.A. Kudaibergenova¹

¹doctor of historical sciences, associate professor KazNPU named after Abai

A. N. BUKEYHANOV ABOUT THE PROBLEMS OF MIGRATION AND THE AGRARIAN POLITICS OF SELF-DEGRADING AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY

The article highlights the problems of resettlement policy of tsarism, Stolypin's agrarian reforms in research and publications of A.Bukeyhanov. Based on the analysis of journalistic essays, articles of the author, one can trace his principled standpoint on the agrarian question, the development of the Kazakh cattle breeding in the conditions of agrarian transformations in the beginning of XX century. He was a staunch supporter of limiting the resettlement policy and exemptions of native Kazakh lands.

Key words: the agrarian problem, resettlement, land controversy, land seizure, agriculture, cattle breeding.

Алихан Букейханов, будучи блестяще и разносторонне образованным, по масштабу своего научного дарования стоял вровень с современной ему русской социологической и экономической мыслью. В своих научных подходах к освещению сложнейших в своей противоречивости социально-экономических процессов, сопутствовавших колонизации национальных окраин Российской империи, концептуально сближаясь с легальным марксизмом, он тем не менее координировал в своей социологической методологии все работающие на результат критерии оценок общественных явлений.

А. Букейханов в своей научной и публицистической деятельности акцентировал все внимание на необходимости отстаивать коренные социальные интересы своего народа. Эти интересы сфокусировались для него в необходимости разрешения аграрного вопроса, заключавшемся в приостановлении или, как минимум, упорядочении переселенческого движения крестьян из европейской части России вглубь казахских земель.

В своих исследованиях переселенческой политики царизма он обстоятельно анализировал статистические данные, собранные им в период работы в экспедициях по обследованию казахского края под руководством Половцева, Щербины. Начиная с 1903 г., он регулярно выступал в печати. Самые яркие его работы по аграрным проблемам – «Переселенцы в Тарских урманах», «Отчуждение киргизских орошаемых пашен», «Киргизы на совещании генерал-губернатора», «Кризис канцелярского переселения» и другие. В этих статьях с помощью данных, собранных в экспедициях Половцева, Щербины, собственных статистических материалов, анализируя как меняющееся состояние казахского общества, так и переселенческое хозяйство, А. Букейханов убедительно доказывает, что:

1. Казахстан, как естественно-географическая зона, не пригоден для ведения традиционного экстенсивного земледелия по следующим причинам: отсутствие достаточных запасов воды, как следствие – недостаток кормов, тонкий слой плодородных земель, резко континентальный климат, специфическое использование земель переселенцами.

2. В результате вышесказанного происходит отток переселенцев на родину, пик которого приходится на 1900-1910 гг.

3. Последствием переселения огромного количества крестьян для казахского населения стало его разорение, отчуждение у казахов лучших земель, массовый снос «кыстау», выселение на непригодные для жизни земли.

В итоге, пишет А. Букейханов, «...политика изъятия угодий, соединенная с пренебрежением к правам туземного населения, порождает антагонизм между киргизами и переселенцами, а также недоверие к русской власти. Очевидность настоящей нужды в коренном преобразовании переселенческого дела бьет в глаза, и Государственная Дума не может, наконец, обойти молчанием столь серьезный государственный вопрос, как переселение...» [1].

В своей работе «Киргизы» А. Н. Букейханов писал: « В 90-х годах прошлого столетия Министерство земледелия и государственных имуществ, ныне Главное управление землеустройства и землепользования, желая определить тот излишек земель, который без ущерба киргизскому хозяйству может быть отчужден, снарядило статистическую экспедицию, во главе которой стоял статистик Ф. А. Щербина... По итогам исследований экспедиции была установлена 25% надбавка к земельным нормам казахского хозяйства. Это было сделано исключительно в интересах защиты казахов, как корректив к нормам упомянутой экспедиции. Но и это не спасло казахов от потери существенных угодий – пашни, покоса и водопоя, отводившимся в надел крестьянам» [2].

В течение 1908 г. в нескольких номерах издававшегося в Санкт-Петербурге журнала «Сибирские вопросы» публиковались очерки А. Букейханова, положившие начало многолетнему изучению им хода и последствий аграрной политики самодержавия на примере Казахстана.

Особое место в ряду публикаций А. Букейханова занимает аналитический очерк «Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора», посвященный обстоятельному разбору материалов совещания генерал-губернатора Степного края И. П. Надарова с представителями казахского населения по вопросу введения земства на местах в связи с общероссийским процессом либерализации общественно-политических отношений в период революции 1905-1907 гг. [3]. Несмотря на максимальное ограничение представительства коренного населения, декоративный характер повестки дня и заранее декларированную необязательность исполнения решений, А. Букейханов считает принципиально важным выделить это событие из ряда других, как знаменательный показатель неизбежной актуализации тяжелых социально-экономических и политических проблем, порожденных переселенческой политикой царской администрации на колониальных окраинах Российской империи. Как утверждает автор, этот акт изначально замышлялся как маневр, отвлекающий казахов от претензий к властям, псевдомодемократический трюк,

якобы демонстрирующий добрую волю генерал — губернатора повернуться лицом к истинным нуждам коренного населения края. Изначально было предложено созвать в уездах съезды под председательством мировых судей, чтобы обсудить требования, выдвинутые в петициях казахов в революционном 1905 г., но после успеха реакции, сбившей революционную волну полевыми судами, думскими заговорами, раздробившими общедемократический фронт наступления на царизм, было решено провести частное собрание с участием прежде запуганных делегатов коренного населения и практически безголосых назначенцев — чиновников — казахов из окружения губернатора.

Статья представляет собой подробный анализ протоколов совещания в части обсуждения земельных споров, где губернские чиновники по сути отстаивают принятые в разное время решения по землеустройству, на которые жалуются казахи — делегаты. Букейханов справедливости ради отмечает некоторое благожелательное стремление некоторых официальных лиц разобраться в причинах наиболее острых разногласий коренных жителей с переселенцами, что, однако, не мешает им совмещать человеческое сочувствие изгоняемым с насиженных земель казахам с твердой приверженностью колониальной политике царизма в Казахстане.

А. Букейханов указывает на произвол, чинимый казенными землемерами, которые размежевывают ценные для скотоводства земли, оставляя казахам камни, пески, солонцы, безводные земли. Более того, верстовая полоса, разделяющая земли переселенцев и казахов, сплошь и рядом сознательно проводится таким образом, чтобы казахи, боясь потрав скотом пашен переселенцев, насильного удерживания в переселенческих поселках их скота, оказавшегося в пределах переселенческих наделов, добровольно оставляют зимовки с мечетями, могилами предков, которые нередко подвергаются осквернению. Но самое главное то, что казахи по этой же причине отчуждаются от рек, колодцев, что совершенно обесценивает оставшиеся за ними земли. Поэтому они вынуждены арендовать по праву им же принадлежащие земли, прилегающие к водопою, чтобы восстановить естественный для скотоводчества баланс хозяйствования.

Кроме того, автор акцентирует внимание на том, что в некоторых уездах лучшие земли отходят в руки поземельной аристократии — чиновников и казачьих офицеров, которые только паразитируют на ренте с этих исконно казахских земель, отдавая их в аренду тем же казахам. Автор убежден, что многие примеры отчуждения водных земель от казахов, тогда как ими и пользоваться больше некому, имеют подоплекой желание взять ренту с них.

Из изложенного материала делается однозначный вывод, что сама «...форма организации поселений ориентирована на сверхэксплуатацию и без того ограниченных ресурсов местного населения, эти поселения есть неизбежный довесок к тяготам автохтонов: сдают в аренду казахам их же земли, сознательно отмежеванные русским...».

В последующих статьях: «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Русские поселения в глубине Степного края» автор обстоятельно освещает проблемы переселения, касающиеся почвенного состава земель, отведенных под переселенческие участки, климатических условий, обуславливающих исторически сложившиеся формы хозяйствования на этой обширной территории, истинные причины неудач и провалов переселенческой политики царизма, перспектив казенной идеи дальнейшего увеличения колонизационной емкости Центрального Казахстана [4].

Автор подчеркивает выгодное с точки зрения традиционного скотоводства казахов отличие этой территории от остальной части Степного края, позволяющее обосновывать зимние поселки — кыстау до ста хозяйств, тогда как в остальной части Казахского мелкосопочника численность хозяйств в кыстау нисходит до одного-двух.

Как бы предупреждая вопрос, почему в этом крае не получило развитие земледелие до переселенческого движения, автор очерка вспоминает о наличии следов арычной пашни в верхнем течении реки Нуры, свидетельствующем о попытках еще с древнейших времен организации оседлой культуры возделывания земли. Но в силу мигрирующей природы казахских рек, зависимости их наполнения от сезона дождей, а также слабой насыщенности гумуса прилегающих к рекам земель солями, требующих долговременного возобновления после урожая, опыт объективно стабильного хозяйствования казаха на земле не удался. Казах не отказался от земледелия, но сеет загонами, снимая по 2–5 урожаев, и затем надолго оставляет участок.

Автор на основе строго научного анализа почвенно — ботанической составляющей степного ареала выявляет глубинные причины социальной неудовлетворенности самих переселенцев новой жизнью в Степном крае. Настойчиво проводится мысль об обманчивости первого впечатления от великолепного

разнотравья пойм степных рек весной и летом, отнюдь не гарантирующих качество и количество сена осенью, и тем более не свидетельствующих о стабильном плодородии почвы.

Вывод А. Букейханова из приведенных многочисленных наблюдений, научных фактов и свидетельств организаторов и участников переселенческого процесса в Степном крае однозначно сводится к тому, что альтернативой неуспеха традиционного крестьянствования русских и украинцев на новых землях, отведенных им царской администрацией, является неизбежное ими заимствование местной культуры скотоводства. Констатируя печальный факт, что увеличение количества десятин наделов переселенцев не переходит в результативное земледелие на них, А. Букейханов заключает: «переселенцам предстоит вместо сохи взять в руки курык (уключина)».

В этой связи интересна информация о реальной экономике существования переселенческих семей, приведенная в четвертом разделе очерка. Переселение стоило бюджету каждой семьи в 3–4 рублей, от которых по причине высокой финансовой затратности первоначального обустройства отрубного хозяйства на новом месте остались крохи, которых по твердому убеждению А.Букейханова едва хватит на пропитание и содержание скота в недолгой перспективе. Власти, вопреки своей же аграрной политике, подталкивают отчаявшегося переселенца к ведению скотоводческого хозяйства, которое более соответствует профилю большого количества малоудобных земель в его пользовании.

Приводя пессимистические признания крестьян поселка Романовское в неверии в свое будущее на новых землях, А.Букейхановуверенно итожит: «Близится час краха карточного дома современной политики переселения в Киргизский край. Придется разрешение аграрного вопроса перенести с плоскости паллиатив на его действительное место» [5]. Паллиативы Букейханов видит в том, что колониальная администрация одержима безумной идеей скорейшего разведения садов и цветников в пустынных и безводных просторах Степного края сего резкоконтинентальным климатом, при абсолютной необеспеченности этих прожектов научно обоснованными почвоведческими расчетами и рекомендациями, отсутствии элементарной базы для систематической селекционной работы.

Для понимания идейного замысла очерка чрезвычайно значим авторский анализ последствий притеснений, чинимых царской администрацией в угоду разрядки напряжения в аграрном секторе Европейской части России, в отношении к коренному населению Степного края. На примере хозяйствования казахов на территориях, где отведены земли пришлым крестьянам девяти поселков на реке Ишим, Букейханов показывает всю меру социальной опасности разрушения веками складывавшегося хозяйственного уклада жизни автохтонов края. Системность кочевого хозяйства разваливается, когда аулы отрываются от естественных водоемов для скота пашнями переселенцев, когда лучшие сенокосные угодья, составлявшие долговременную кормовую базу для скота целых родов прирезаются к наделам поселян извне и выкашиваются, когда перманентное перекраивание объемов и конфигураций наделов переселенцев в целях сдерживания процесса их обеднения запутывает кочевые маршруты, стусшеывает границы родов и порождает конфликты между ними, не говоря о провоцировании конфликтов между коренным населением и переселенцами.

Подробно характеризуя принципы образования новых участков к заселению прибывающими поселенцами из разных регионов Российской империи в Казахскую степь, Букейханов выдвигает тезис, который сводится к тому, что только практика фальсификации результатов топографических исследований могла породить абсурдную ситуацию одновременного недовольства коренного населения и нежелания переселенцев обживать здесь. Отошли от казахских родов пашни, назначение которых хотя и было нерегулярно потребительским, но тем не менее качественно структурировали их продовольственное потребление. Однако они по причине высокой степени риска неурожаев при долговременном возделывании не могли быть основой хуторского хозяйствования. В целом на этой территории в среднем 65% земли признана по данным разных экспедиций неудобными. Манипуляции администрации в целях расширения колонизации, когда 5 десятины неудобной земли засчитывались как 1 десятина удобной, не только преступно искажали реальные возможности формирования аграрного сектора за счет переселенцев, но и неразрешимо противоречили официально принятым к руководству рекомендациям экспедиции Ф.А.Щербины 1896–1901 гг., которая в законных интересах местного населения предусмотрела по всем исследованным районам соответствующие нормы землепользования.

А. Букейханов особо обращает внимание на то, что ко всему прочему в пользование переселенцев отошли естественные водоемы, без которых обваливается вся структура кочевого хозяйства. Кочевые пути, на которых держится благополучие хозяйствования в условиях полупустынных степей, без водоемов, расположение которых, собственно, и определяют их круги, теряют свой смысл. Автор

приводит многочисленные доказательства ухудшения положения кочевых хозяйств, согнанных с берегов озер и обосновавших свои кыстау на берегах малых рек, плохо пригодных к этому сезону хозяйствования, и заключает риторическим вопрошанием «...какой смысл имеют абсолютные числа десятин Киргизской земли, где можно согнать киргиз с их усадьбы, отобрать их пашни, покосы и водные источники, без которых летние и осенние пастбища не могут быть использованы, обречь киргизское хозяйство на верное разорение, а народ в нищету, — и что в результате?» [6].

А. Букейханов не отрывает вопросы защиты коренных социальных интересов казахского народа от исторических задач буржуазно-демократической революции в России. Как один из заметных деятелей конституционно-демократической партии России (кадеты), боровшейся за реальные свободы граждан и равенство всех перед законом, требовавшей, в частности, отчуждения земельного фонда в пользу малоземельным и безземельным крестьянам, он прекрасно отдавал себе отчет в том, что без ускоренного решения аграрного вопроса Россия обречена на экономическую отсталость и перманентные внутренние социальные конфликты, чреватые политическим распадом. Но он вместе с соратниками по партии противостоял Столыпинской программе форсированного и насильственного перевода общинных отношений в русскую деревню на хуторское хозяйство, особенно на новых территориях за Уралом, без учета исторически обусловленных препятствий психологического, территориально-специфического и административного порядка. Кадеты ратовали за последовательную реструктуризацию товарно-денежных отношений в русской деревне на базе рыночного перераспределения земли и интенсификации крестьянского труда, которое только и может снять проблему аграрного перенаселения. Перемещение «лишних» крестьян на новые земли в подавляющем большинстве случаев только ухудшает их социальное положение, не решая в корне проблему выхода России из депрессии в аграрном секторе. А неготовность царской бюрократической машины к реализации государственных планов такого масштаба, как переселение и землеустройство сотен тысяч людей, доводит до абсурда саму идею решения аграрного вопроса таким способом.

Алихан Букейханов — решительный сторонник правового решения неизбежных конфликтов между переселенцами и местным населением, красной нитью проводит в своих очерках мысль о необходимости законодательного регулирования землепользования в Степном крае с учетом естественных жизненных интересов казахского народа. Социальные интересы полукочевого казахского народа, обусловлены сильной зависимостью от экстенсивных форм хозяйствования, требующих обширных территорий для пастбищ, принуждение его к ускоренной седентеризации равносильно сознательному подталкиванию к общественному хаосу и голоду, хотя в исторической перспективе экономический облик Казахстана видится А.Букейханову как преимущественная сельскохозяйственная специализация на основе оседлости. И в этом ключе большой, хотя и нерентабельный, опыт хуторского хозяйствования переселенцев может сыграть известную роль в процессе окультуривания сельскохозяйственного труда в степных условиях, если придать этому процессу долгосрочный и планомерный характер преобразования всего социального ландшафта.

Приверженец идеи национального самоопределения как конечной цели буржуазно-демократической революции, А.Букейханов прозорливо видел объединяющее в полиэтническую общность значение правового регулирования фактического сосуществования двух типов хозяйствования на казахской земле — традиционного полукочевого и новосформировавшегося хуторского.

Список использованной литературы:

1. Алихан Букейхан. *Избранное* / Гл.ред. Р. Нурғали. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – С.229.
2. Алихан Букейхан. *Избранное*. – С.233.
3. Алихан Букейхан. *Избранное*. – С.226.
4. Алихан Букейхан. *Избранное*. – С.234.
5. Алихан Букейхан. *Избранное*. – С.235.
6. Алихан Букейхан. *Избранное*. – С.238.

ӘӘЖ 94.894.993.03.51.9
МРНТИ 03.81.37

Напил Базылхан¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Академик Т.С. Садықов атындағы
Қазақстан тарих кафедрасының аға оқытушы, e-mail: napilbaz@gmail.com*

ШЫҢҒЫС ҚАҒАН ОРНАТҚАН МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ РЕСМИ МӨРІНДЕГІ МӘТІНІ МӘСЕЛЕСІНЕ (Күйік қағанның жарлықты хаты, 1246 жылы)

Аңдатпа

Мақалада Еуразиялық алып империяның негізін қалаушы Шыңғыс қағанның билік атрибуттарының бірі алтынмен апталған мөрдің мәтіні Күйік қағанның мөріндегі мәтін болуы керек деген ұсыныс баяндалған. Күйік қаған тарапынан Ұрым (Рим) папы 4-нші Иннокентийге 1264 жылы жіберген жарлықты хатының мәтіні орта түрік және парсы тілінде араб жазуымен аралас-қуралас жазылған, ал хатқа екі рет көне моңғол мәтінді қызыл бояулы төрт бұрыш пішінді мөр басылған еді. Аталмыш жарлықты хат, мөр мәтіндерінің қазақша ғылыми аудармалары берілген. Ал, көшпелілердің христиан дінінен хабарсыз болғандығы жайы жарлықта анық баяндалған.

Түйін сөздер: түріктану, моңғолтану, тарихи текстология, жарлық, мәтін, мөр, орта түрік, моңғол, парсы тілі, қаған, папа, Тәңір, христиан

Аннотация

Напил Базылхан¹

¹*старший преподаватель кафедры истории Казахстана имени академика Т.С. Садыкова, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, E-mail: napilbaz@gmail.com*

ВОПРОСЫ ОФИЦИАЛЬНОГО ТЕКСТА ПЕЧАТИ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ СОЗДАННОЙ ЧИНГИЗ КАГАНОМ (Ярлык Гуюк каган, 1246 г.)

В статье рассматривается научный перевод на казахском языке текста ярлыка и печати Гуюк кагана, который был послан Папе Римскому Иннокентию IV в 1246 г., которые могут быть аналогичным тексту золотой печати Чингиз кагана, основателя великой Евразийской империи. А также по данным текста письмо, доказывает что кочевники того времени не были знакомы с христианством.

Ключевые слова: тюркология, монголоведение, историческая текстология, ярлык, текст, печать, среднетюркские, монгольские и персидские языки, каган, папа, Тенгри, христианство.

Abstract

Napil Bazylhan¹

¹*senior lecturer, department of History of Kazakhstan named after academic T.S. Sadykov,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
E-mail: napilbaz@gmail.com*

QUESTIONS OF THE OFFICIAL TEXT OF THE MONGOLIAN EMPIRE'S STAMP CREATED BY GENGHIS HAGAN (YarlikGiyyuk Hagan, 1246)

The article discusses the scientific translation in the Kazakh language of Giyyuk Hagan's text label and stamp, who was sent to Pope Innocent IV in 1246, which may be similar to the text of the Genghis Hagan's golden stamp, founder of the great Eurasian Empire. Although it is believed that the nomads of that time were not familiar with Christianity.

Keywords: turkology, Mongolian studies, historical textology, label, text, seal stamp, Turk, Mongol and Persian languages, kagan, pope, Tengri, Christianity.

Түрік Елі империясының ізін баса, дүниежүзі тарихында Шыңғыс қаған (1162-1207 жж.) орнатқан алып империя дәуірінде ортағасырлық ескі ұйғыр жазуына негізделінген жазуды ресми түрде қолдана бастады және осы жазумен хатталынған жазба құжаттардың бірсыпырасы сақталынғанын ерекше атау керек.

Моңғол империясы дипломатиялық ресми іс құжаттарында ескі ұйғыр жазулы ортағасырлық моңғол және де орта түрік тілін, сонымен қатар араб, парсы, қытай, армян, сирий және басқа тілдерінде жазғандығы байқалады.

Моңғол империясы дәуірінде Шыңғыс қаған Еуразиялық алып мемлекетті көне түріктердің билік дәстүрі бойынша шығыс (Мұқылай ноян басқарған), орталық (Наяя ноян басқарған), батыс (Боғұршы ноян басқарған) түмендіктерге, одан мыңдық (95 ноян), жүздік, ондықтарға бөліп, мемлекеттік немесе мыңдықтар жері, қорық жері, сыйлық жері деген ерекше бөліспен ұйымдастырып, қол астындағы барлық территорияға қатаң билік жүргізді.

Әлбетте, Шыңғыс қағанның билік рәміздері мен ресми құжаттары, кеңселері де болды. Қаған ақ киізбен көтеріліп ұлықталынды, алтын тақта отырды, алтын тәж киді, алтынмен көмкерілген ақ ордада (киіз үйлі үлкен арбада) жайғасты. Бұрынғы Ішкі Моңғолия, Ордостағы "Чингисийн онгон" ("Шыңғыстың құтты киесі") деп аталатын жерде ұлы қағанның қолданып жүрген зат-бұйымдарын кие тұтып, айрықша қастерлеп "дархат әулеттері" (қағанды қорғаушы *darqan* > дархан//*darqat* > дархат рулары) бірнеше ғасыр сақтап келгенімен "қытайдың қызыл мәдениет төңкерісі" кезінде толықтай жоғалған делінеді. Дегенмен де, XIII-XIV ғасырларға қатысты Жошы, Шағатай, Өгедей ұлыстарының аумақтарында археологиялық табылымдардан бірсыпыра жайттарды білуге болады. Шығыс миниатюраларында Шыңғыс қаған және оның ұлдары мен немерелерін суреттеген бейнелерден көптеген рәміздік этносимволикалық деректерді аңғаруға болады.

Шыңғыс қағанның билік атрибуттары біздің заманға ұласып жетпеген. Әлбетте арнайы алтынмен апталған мөрі болғандығы хақ. Ол мөрдін басылымы Күйік қағанның мөрі болу керек деп болжаймыз. Сол себептен біз "Күйік қағанның жарлықты хатына" қатысты мәселерлерге тоқталуды жөн санадық.

Шыңғыс қаған орнатқан империяның туы "**yesün költü čaγa'an tuγ**" - йесүн көлтү чағаан тұғ яғни сөзбе-сөз аударсақ «тоғыз аяқты, тұғырлы ақ ту». Осы ретте «*yesün költü čaγa'an tuγ*» – деп көшпелілердегі ақ боз түсті жылқының ақ реңкті ту күйірығынан жасалынған тоғыз тұғырлы шашақты мемлекеттік рәміздік белгіден сөз етіп тұр. Байырғы көшпелілерде үш немесе үш үш - тоғыз сандары ерекше ырымдық белгілері болып қастерленген. Бұл көшпелілердің этномәдени болмысының нақты төлтума бітімі деген сөз [1, 42-64]

Шыңғыс қаған дәуірінде империя территориясының кеңеюі мен көптеген ел жұрттарымен тікелей қарым қатынастарда болуына қатысты аса мол құжаттар болғандығы хақ. Алайда сол замандардан бізге ұласып жеткен құжаттарымен салыстырғанда із түзсіз жоғалып кеткендері, уақыт ағымында ғайып болғандары тіптен көп деуге болады.

Моңғол империясы дәуірінен бірсыпыра тарихи ресми құжаттары біздің заманға дейін сақталынған. Осы орайда біз, ортағасырлардан ұласып жеткен ресми құжаттардың бірі Күйік қағанның (<**Küyük qaγan**>) жарлықты парсыша хатының мәтіні мен мөрі жайлы айтайық. Хат жазылған мерзімі 1246 жылы.

Өгедейдің ұлы Күйік қағаннан Ұрым (Рим) папы 4-нші Иннокентийге (1195-1254 жж.) жіберген жарлықты хатының мәтіні орта түрік және парсы тілінде араб жазуымен аралас-құралас жазылған, ал хатқа екі рет көне моңғол мәтінді қызыл бояулы төрт бұрыш пішінді мөр басылған. Хаттың өлшемі 97x16.5см.

Аталмыш құжатты 1920 жылы Ватикан құпия архивінен поляк папы Крилл Кавалевский алғаш анықтаған. Мәтіннің алғашқы зерттеуін француз ғалымы Пол Пелио [2, P1-I.] жасаған еді.

Ал хаттың бастапқы арабграфикалық екі жолы орта түрік тілінде:

Maңgi Tenriniң küčün-te! Uluγ ulusniң² Taluyniң qan jarlıγimiz! - Мәңгі Тәңірінің күшін-де! Ұлық ұлыстың теңіздің ханы жарлығымыз! деп басталады.

Арабграфикалық түрікше мәтініндегі "Uluγ ulusniң" дегенді "Kür //gür (tour entier) uluγ ulusniң - Күллі барлық ұлық ұлыстың" деп П.Пелио оқыған болатын [2, 22]. Одан кейінгі жолдары парсы және орта түрік сөздері аралас-құралас жазылған.

² Жошы ұлысының ресми атауы Uluγ ulus>Ұлық ұлыс. Бұл атауды орыс, славян, батыс жылнамаларында "алтын орда" деп ханның ордасының алтынмен көмкерілген ордалы киіз үйлеріне қарай шолақ қайырып, атап кеткен еді. Сөйтіп, бұл атау да тарихи зерттеулерде жөн жосықсыз осылайша қалыптасып кеткен.

Хаттың орысша ғылыми аудармасы шығыстанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жұлдыз Төлебаеваның зерттеулері бойынша беріліп отыр:

" Силою Вечного Неба, ... всего великого народа. (Строка написана по-среднетюркски: Манги Тенринин кучин-те, Улуг Улуснын, Талуйнын хан йарлыгымыз).

Наш приказ.

Это приказ великому Папе, посланный для его ознакомления и чтобы он понял.

После того как держали совет..., вы нам отравили просьбу с изъявлением покорности, что было услышано от ваших послов.

И если вы поступаете согласно вашим словам, то, как великий Папа, поспешите сами к нашей особе, чтобы каждый приказ Йассы мы бы вас заставили выслушать в то самое время.

И еще. Вы сказали, что если я приму крещение, то это будет хорошо. Вы умно поступили, прислав к нам прошение, но мы эту твою просьбу не понимаем.

Еще. Вы послали мне такие слова: «Вы захватили все области маджаров и христиан. Я удивляюсь. Какая ошибка была в этом, скажите нам?» И эти твои слова мы тоже не понимаем.

Чингис-хан и Каан послали к обоим приказ Бога выслушать. Но приказу Бога эти люди не послушались. Те, о которых ты говоришь, даже держали великий совет, они показали себя высокомерными и убили наших послов, которых мы отравили.

В этих землях силою вечного Бога люди были убиты и уничтожены.

Некоторые по приказу Бога спаслись, благодаря его единой силе. Как человек может взять и убить, как он может захватывать? Ты говоришь: «я христианин, я люблю Бога ...». Каким образом ты знаешь, что Бог отпускает грехи и по своей благодати жалуется милосердие. Как можешь ты знать его, что произносишь такие слова?

Силою Бога все земли, начиная от тех, где восходит солнце, и кончая теми, где заходит, пожалованы нам. Кроме приказа Бога так никто не может ничего сделать.

Ныне вы должны сказать чистосердечно «мы вашими подданными станем, мы все свое имущество вам отдадим». Ты сам во главе королей, все вместе без исключения, придите предложить нам свою службу и покорность. С этого времени мы будем считать вас покорившимися. И если вы не последуете приказу Бога и воспротивитесь нашим приказам, то вы станете врагами.

Вот что вам следует знать. А если вы поступите иначе, то разве мы знаем, что будет, одному Богу это известно.

Джамади-ул-ахра 644/1246 год."

Күйік қағанның жарлықты хатының мәтіні:

қазақша аудармасы

(Жұлдыз Төлебаеваның парсышадан орысша аудармасы негізінде)

(Бастапқы екі жол орта түрік тілінде):

Мәңгі Тәңірінің күшін-де! Ұлық ұлыстың теңіздің ханы жарлығымыз!

(Парсыша мәтіні): Біздің жарлығымыз!

Бұл жарлық, ұлы Папаға арнап жіберілген, танысқан соң ол түсінсін! Ақыл кеңесіңізді ұстанып.....Сіз бізге құлшылық етуді сұрап өтініш жазыпсыз, оны Сіздің елшілеріңізден тыңдап білдік.

Егер де, Сіз өзіңіздің айтқаныңыз бойынша істі жасасаңыз, онда ұлы Пап Сіз де бізге асығыңыз, Йасаның әрбір бұйрығын Сіздің өз құлағыңызбен тыңдауыңызды осы уақытта қалар едік.

Тағы да (айтарымыз). Сіз маған айттыңыз, егер мен шоқынсам жақсы болар дедіңіз. Сіз, Бізге өтініш жолдап өте ақылды әрекет жасадыңыз, алайда Сіздің өтінішіңізді біз түсінбедік.

Тағы да (айтарымыз). Сіз маған мынадай сөздерді жолдапсыз: "Сіздер Мажарлар мен христиандардың барлық аудандарын жаулап алдыңыздар. Мен таңғаламын. Мұнда қандай қателік бар, айтыңызшы" депсіз. Сіздің бұл сөзіңізді біз де түсінбедік.

Шыңғыс қаған және қаған біз екеуімізге Тәңірдің бұйрығын тыңда деді. Алайда Тәңірдің бұйрығын ол адамдар тыңдамады. Сен сөз еткендер, ұлы аманат, кеңеске көнген еді, олар тәккәппарлығын көрсетті, біз жіберген біздің елшілерімізді өлтірді.

Бұл жерлерде Мәңгілік Тәңірінің күшімен адамдар өлтірілді, жоқ болды.


Кейбіреулері Тәңірдің бұйрығымен аман қалды, Тәңірдің бір ғана күшінің арқасында. Қалайша адамды тұтқындап, өлтіріп, қалайша олар жаулап алды. Сен айттың: "мен христианмын, мен Тәңірді

сүйемін....". Сен қайдан білесің! Тәңірдің күнәні кешіретінін, мейрімділікті өзінің қалауынша сұрайтынын! Сен оны қайдан білесің, осыншама сөз етіп!

Тәңірдің күшімен, күннің атуынан бастап, күннің батуымен аяқталатын барлық жер бізге тиесілі. Тәңірдің бұйрығынсыз ешкім ештеңе істей алмайды.

Қазір Сіз шын жүректен айтуыңыз керек: "біз Сіздерге құлдық етеміз, біз бәріміз Сіздерге өз мүліктерімізді береміз" деп. Сен өзің король болып басқарып, бәріңіз де бірге, ешкім қалмай келіңдер, өздеріңнің қызметтеріңді, құлдықтарыңды ұсыныңдар! Осы сәттен бастап біз сіздерді бас иіп, бағынды деп санаймыз. Егер Сіз Тәңірдің бұйрығына көнбесеңіздер, бізге қарсылық көрсетсеңдер, онда сіз жау боласыз!

Мінеки Сіз нені білу керек екенсіз! Егер сіз басқаша әрекет жасасаңыз, оны біз біледі дейсіз бе, не болатынын, ол жағы, бір Тәңірге ғана аян! 644 (1246) жылы, жамади-ул-ахра айы (хижраның ирандық ай есебінің 6-нші айы).



*Күйік қағанның жарлықты хатындағы төртбұрыш мөрі.
Мөр басылымның жалпы өлшемі: 14x14 см.
(П.Пеллио бойынша)[2, Pl-I.]*

Күйік қағанның жарлықты хатындағы төртбұрыш мөрдің көне моңғолша мәтіні.

1. **Möñke Teñgeri-yin**
2. **küçün-dür! Yeke Moңғol**
3. **ulus-un dalai-yin**
4. **qan-u jarliy! El bulqa**
5. **erkin-dür kürbesü,**
6. **büsiretügei ! ayutuyai !**

Қазақша аудармасы:

Мәңгілік Тәңірінің күш-дүр!

Ұлық Моңғол ұлысының теңіздей ханының жарлығы!

Ел, жаулар мен ерікті халыққа жетсе, бүгіліңдер, қорқыңдар!



Хаттың парсыша мәтіні (П.Пеллио бойынша) [2, Pl-I.]

Осы жарлықты хатты Күйік қаған өз елшілерімен жеткізбек болған екен. Алайда оның ордасында 1246 жылы болған миссионер елші, францискандық Пано Карпини (1182-1251 жж.) [3, 37-39] өзі осы хатты Рим папы 4-нші Иннокентийге аманатты түрде жеткізеді деп уәдесін берген екен. Пано Карпини өзінің саяхатнамасында Күйік қаған ордасында төрт ай болып, соңында "Күйік қаған, құдайдың барлық шіркеулеріне, Рим империясына, Христиандық барлық патшалықтарға, бүкіл батыс елдеріне қарсы жорыққа аттануға әзірленіп жатыр" деген қорқынышты хабарды Рим папасына жеткізеді, сол шабуыл-жорықтарға қарсы христиан елдер бас қосып барлығы қорқынышты апатты соғысқа дайындалу керек деген екен [4, 250-251]. Алайда, ол соғыс жорықтар жасалмады, бұл екі еларалық биліктің бірін бірін сырларын білмекші болған іспетті қатынастарды аңғартады. Сонымен қоса, аталмыш жарлықты хатта Күйік қаған билігі дәуірінде бірде-бір көшпелі түрік, моңғол тайпалары христиан дінін қабылдамақ түгіл, хабарсыз болғандығын тағы да дәлелдейді.

Отандық және шетелдік шығыстанудың бұрынғы зерттеулерінде Найман, Керей, Оңғұт секілді аса қуатты хандықтар мен тайпалық бірлестіктері несториан, христиан діні ағымында болды деген дәлелсіз тұжырымдарында аталмыш жарлықты хаттың өзі бұлтартпайтсан етіп, ол жаңсақ тұжырымдарын тас талқан етіп тұр. Оған қоса, хаттың мазмұнына зер салсақ, Рим папасы Күйік қаған дәуірінде христиан дінін таратуға, көшпелілерді шоқындыру амал әдістерін іздестіріп барын салғандығы да аңғарылады. Ал, Күйік қаған Рим папасына Тәңірлік дүниетанымына бас иіп, Шыңғыс қағанның Ұлы Йаса заң құқықтарына бағынуды бұйрық етеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Базылхан Н. Шыңғыс қаған орнатқан алып империя: этно-лингвистикалық және тарихи-деректанулық факторлары жайында қысқаша шолу // Археография және деректану ұлттық орталығының хабарлары. 1/2014. – Астана. – 92 б.
- 2 Pelliot P. *Les Mongols et la Papauté. Documents nouveaux edites, traduitset commentes.* // *Revue d'Orient Chretien.* -Ser. 3. T. III (XXIII). -1922-1923.-№1 et 2. – p. 3-30.
- 3 Иоаннь де ПIANO Карпини *Исторія Монгаловъ. Вильгельмъ де Рубрукъ. Путешествіе въ восточныя страны. Введеніе, переводъ и примечанія А.И. Малеина.* – СПб.: Изданіе А.С.Суворина, 1911.– 224. (37-39)
- 4 Бира Ш. *Монголын түүх, соел, түүх бичлэгийн судалгаа (Бүтээлийн эмхэтгэл).* Улаанбаатар, 2001. – 250-251.

ӘӨЖ (УДК) 930:929

МРНТИ 03.81.35

А.М. Уразбаева¹

¹т.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті,

З.Б. Бейсекеева²

²тарих, археологияжәне этнология факультетінің I курс магистрі,
әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

ӘЛИХАНТАНУ ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ БАҒЫТЫ

Аңдатпа

Автор аталған мақалада ұлт зиялысы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға қатысты зерттеу еңбектеріне талдау жасай отырып, әлихантану негіздерін қарастыруға талпыныс жасайды. Әлихан Бөкейхан мен оның дәуіріне қатысты зерттеу еңбектерін хронологиялық тұрғыдан қарастырады. Соның ішінде әлихантану негізін қалаушылардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, Әлихан Бөкейханның қазақ тарихындағы рөлін ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: революция, Алаш қозғалысы, патша үкіметі, ұлтшылдық, әкімшіл-әміршіл жүйе, әлихантану.

Аннотация

А.М. Уразбаева¹

¹к.и.н.доцентКазНУ им.аль-Фараби

З.Н. Бейсекеева²

²магистр истории, археологии и этнологии, КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
Akzhamal.urazbayeva@kaznu.kz; zapi2183@gmail.com

АЛИХАНОВЕДЕНИЕ-НАПРАВЛЕНИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

В данной статье автор анализирует труды исследователей, касающиеся жизни и деятельности выдающего представителя казахской интеллигенции, Алихана Бөкейханова, а также пытается показать основы направления алихановедения. Автор рассматривает исследования с хронологического аспекта. Руководствуясь трудами основателей алихановедения, автор показывает роль Алихана Бөкейхана в казахской истории.

Ключевые слова: революция, движение Алаш, царское правительство, национализм, командно-административная система, алихановедение.

Abstract

A.M. Urazbayeva¹

¹Ph.D. associate professor KazNU im.al-Farabi

Z.N. Beisekeyeva²

Master of History, Archaeology and Ethnology. KazNU im.al-Farabi, Almaty,
Kazakhstan. E-mail: Akzhamal.urazbayeva@kaznu.kz; zapi2183@gmail.com

THE STUDYING A. BOKEYKHANOV'S WORKS AND LIFE IS THE DIRECTION IN THE STUDY OF THE HISTORY OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA

In this article the author analyzes the works of researchers related to the our nation's intellectual, the leader of Alash Alikhan Bokeyhanov and try to uncover the tendency in studying Alikhanov's works and life. The works will be considered (studied) in chronological point of view on AlikhanBokeyhan. Guided by the works of the founders of the direction "The studying Bokeykhanov's works and life" and determine the role of Alikhan Bokeyhan in Kazakh history.

Keywords: Revolution, the Alash movement, government of tsar, nationalism,-administrative system, alihanovedenie.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоғысында бұған дейін Ресей империясының толық отарына айналып, нәтижесінде ұлттық рухы мен мемлекеттілігінен айырылған туған елінің саяси, рухани және экономикалық негізін жаңаша дамыту қажеттілігін түсінген ұлтжанды қазақтың зиялы қауымы қалыптасты. Зиялылардың қазақ қоғамы үшін атқарған қызметі, халық мүддесі үшін көтерген жүгі қашан да ауыр болып келді. Халық бұқарасы әр кезеңде өзінің зиялы оқыған азаматтарына үлкен үміт артып, басына қиын-қыстау күн туған уақытта арқа тұтты. Ал зиялылар халқының жарқын болашағы үшін аянып қалған жоқ. Ұлттық мүддені қорғаған қазақ интеллигенциясының саны аз болғанына қарамастан, олар өз кезегінде халықтың саяси санасының қалыптасуында үлкен рөл атқарды. Бірақ, тоталитарлық жүйеге қызмет еткен идеология ұзақ жылдар бойы қазақ зиялыларының өмірі мен шығармашылық қызметтерін ұлтшылдық ретінде бағалап, олардың еңбектері мен саяси идеяларын оқып-зерделеуге, мәндерін танып-білуге тиым салып отырды.

Солардың көш басында қазақ баспасөзінің бетінде өзін «қыр баласы» деп таныстырған, ал зиялылар тобы «ұлт көсемі» деп білген, қазақтың болашағы үшін қызмет еткен, мұң-мұқтажын ескеріп «тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп қайрат танытқан Әлихан Бөкейханды ерекше атап көрсетеміз. Әлихан Бөкейханның туғанына үстіміздегі жылы 150 жыл толды. Ұлт көсемінің мерейтойы Юнеско шеңберінің көлемінде кең аталып өтіп, «Бүкіләлемдік дара тұлға» атына ие болды. Ал Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1870-1937) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық жолындағы қозғалыстардың теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы ретінде баршамызға танымал тарихи тұлға.

Еліміз егемендік алып, жеке шаңырақ құрған тұстан бастап-ақ өткен тарихымыз бен бүгінімізге, оның ішінде ұлттық идеяны қалыптастырушы ұлт көсемдері мен олардың қызметіне жаңаша тұрғыдан баға беру жұмыстары басталып кеткен болатын. Өз кезегінде патшалық билік пен жаңа қалыптаса бастаған ұлт зиялылары арасындағы өзара келіспеушіліктер қазақ қоғамындағы ресми билікке қарсы тұрған саяси оппозицияның қалыптасуымен аяқталды. Сондай-ақ олар ұлттық мемлекеттік дербестік және тәуелсіздік идеясын жаңа сапада қайтадан көтере білді. Ұлттық саяси сананың қалыптасуы мен ұлт көсемдерінің тарихындағы бұл кезеңнің, яғни XX ғасырдың алғашқы ширегінің тарихының ерекшелігі: саясат сахнасына ұлт тағдырын, заман ағымын уақыт сұранысына лайық теориялық дәрежеде қорыта алған, сондай-ақ онымен шектелмей ұлт өмірін жаңа талапқа сай мазмұнда қайта құруға ынталы да жігерлі саяси күштің келуімен сипатталды.

Олардың алдыңғы қатарында қазақ жұртшылығына танымал тұлға, өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін терең із қалдырған қайраткер Әлихан Нұрмұхамедұлы болды. Ә. Бөкейханмен оның серіктері өмір сүрген дәуірде қазақ қоғамы алдында тұрған ең өзекті мәселе – ұлттық теңдік және саяси бостандық еді. Алайда қазақ елінің ғасырлар бойы мыңдаған асыл азаматтары басын тіккен биік арманы – ұлттық мемлекеттікті қалпына келтіру ісі Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметімен және кейіннен жаппай атылып-асылып кеткен ұлт зиялыларымен оның көшбасында тұрған Ә.Бөкейхан сынды тұлғалармен бірге тарих қойнауында, тоталитарлық өктемдік пен империялық зомбылықтың шаңына көміліп қала берді.

Десек те, еліміз тәуелсіздігін жариялап, соған орай төл тарихымыз бен туғана ана тілімізді жаңғыртуға жол ашылғандығын жоғарыда айтылды. Қазақ тарихы мен әдебиетінде, оның ішінде қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ ұлттық саяси элитасының ішінде Әлихан Бөкейханның өмірі мен қоғамдық-саяси және ғылыми-ағартушылық қызметін танып білу, олардан үлгі-өнеге алу негізге алынды. Әлихан Бөкейханға қатысты зерттеулер мен пікірлер кеңес өкіметі жылдарындағы тарихи-партиялық тарих-намадан-ақ бастау алған болатын. Бұл мәселелерге қатысты алғашқы тұжырымдар партияның идеологиялық және саяси қағидаларын басшылыққа алды, соған икемделіп жазылды. Олардың алғашқысы «Жизнь национальностей» басылымының апталық шығарылымындағы 1920 жылғы қарашаның 25-дегі санындағы С.Сейфуллиннің “Манап Шамиль” деген бүркеншек атпен “Қазақ интеллигенциясы туралы” атты мақаласы [1] болды. Автор 1905 жылдан бастап, әсіресе 1912 жылдан кейінгі кезеңде, қазақ зиялыларының арасында ұлттық теңдік пен азаттық туралы пікірлері таратыла бастағанын айта келіп, жас қазақ интеллигенциясына дем беруші басшылары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов және М.Дулатов болғандығын айтады. Алайда өзінің сан қырлы қоғамдық және шығармашылық қызметін социализм мен коммунизм идеяларымен тығыз байланыстырған Сәкен Сейфуллин аталған мақаласында ұлт зиялылары құрған Алаш партиясы мен Алашорда қозғалысына өз деңгейінде баға бере алмаған еді. Десек те С.Сейфуллин бұл ойларын 1927 жылғы Қызылорда қаласында жарық көрген “Тар жол, тайғақ кешу” деп аталатын тарихи-публицистикалық еңбегінде тереңдете, нақтыландыра түсті [2].

Ал XX ғасырдың 20-30 жылдарының екінші жартысындағы тарихи еңбектерде Қазақстанда орныға бастаған саяси науқаншылдық пен сталиншілдіктің нақты көрінісі бейнеленген еді [3-4]. Бұл еңбектерде Алаш зиялысы Ә.Бөкейханмен Алашорда үкіметіне қатысты объективті баға берілмеген болатын. Көп уақыт өтпестен Алаш пен Алашорда тақырыбына қалам тарту іс жүзінде тоқтатылды да, Алаш қозғалысын жан-жақты зерттеуге ресми түрде тиым салынды. Соған орай өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңына дейін 20-30 жылдардағы қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси, ғылыми қызметіне қатысты арнайы зерттеу еңбектері жазылмады және оны жүргізуге әкімшіл-әміршіл жүйеде мүмкіндік берілмеді. Тек қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұраларын зерттеу жұмыстарындағы жаңа кезең бүкіл Кеңестер Одағын қамтыған қайта құру процесіне орай, 80 жылдардың соңына қарай орын алды. Түрлі баспасөз беттерінде біртіндеп ұлт зиялыларының қызметі мен саяси көзқарастарына қатысты пікірлер білдіріле бастады.

Десек те, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Отан тарихына қатысты, оның ішінде Ә.Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының өмірі мен қызметіне жаңаша теориялық-методологиялық көзгерді. Мәселен, академик М.Қ. Қозыбаев [5-6] өз еңбектерінде алғашқылардың бірі болып Алаш зиялыларының XX ғасыр басындағы қызметіне баға беріп, олардың қазақ тарихы мен тарихнамасында алатын рөлінің ерекшелігін нақтылап берді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұста тарихымыздың атаулы мәселесін зерттеуге бет бұрған тарихшы-ғалым, академик М.Қозыбаев 1992 жылы Алаш зиялылары мен Қазақстан тарихының басқа да өзекті мәселелеріне арналған "Ақтандақтар ақиқаты" атты еңбегін жарыққа шығарды. Аталған еңбектің "Тарихтың ащы сабағы" дейтін тақырыпшасы Алаш зиялылары мен олардың қызметіне мәселелерге арналған. Академиктің тұжырымына орай, И.Сталин кезіндегі жеке басқа табынушылық идеологиясының әсерінен тарихшылар "Алашорда" қозғалысын арнайы зерттеген емес, Ресейдегі үш төңкеріс кезіндегі қазақ зиялыларының Алаш қозғалысына саяси топталуы кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым ретінде беріліп, оларға "ұлтшыл пиғылдағы зиялылар" дейтін айдар тағылды. М.Қозыбаевтың тұжырымында, "Алаш" - қазақ халқының ежелгі атауы. Ендеше, Алаш қозғалысы — ұлт-азаттық қозғалысы. Осылайша М.Қозыбаев "Алаш" қозғалысын ұлт-азаттық қозғалысқа теңей отырып, қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалыс тек таза пролетарлық қозғалыс болуы мүмкін еместігін, бұл қозғалыс ежелден шындалып келе жатқан буржуазиялық демократияға бет алған қозғалыс болғандығын, Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісінен кейін қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалысының туын жоғары ұстаған Әлихан Бөкейхан сынды көсемі бар зиялы қауымның саяси аренаға көтерілгенін жазады [6,16-17 бб.].

Осы тұста М.Қозыбаев орыс либералдық интеллигенциясынан Ә. Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларының мынадай айырмашылықтары бар екендігін атайды: біріншіден, олар - патшалық Ресей бұратана деп кемсіткен халықтың зиялылары; екіншіден, олардың құрамында іскерлік өндіріске араласқан өндірісшілер мен финансистер болған жоқ. Зерттеушінің пікірінше, Алашордашылар — өздерін басқа ұлттан артық жаралғанбыз деп санаған неміс ұлтшылдары сияқты ұлтшылдар емес, өз ұлтын отарлық езгіден құтқаруға тырысқан ұлтшылдар, батыс пен шығыс мәдениетінің өкілдері еді, орыстың патша өкіметіне наразы либералды топтарының моралін, көзқарасын, тіпті кадеттердің доктринасын қабылдаған зиялылар болатын деп нақтылап береді [6,17-18 бб.]. Жалпы академиктің "Тарихтың ащы сабағы" атты мақаласының осы бөлігін XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақ мемлекеттігін жаңғырту жолында күрес жүргізген "Алаш" қозғалысына арналған Қазақстанның тәуелсіздік алу қарсаңында жазылған алғашқы зерттеу ретінде қабылдауға болады және аталған еңбекте Әлихан Бөкейхан сынды тұлға туралы да жағымды пікірлер кездеседі.

Ал академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті К.Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» [7] еңбегінде Алаш зиялылары, оның ішінде Әлихан Бөкейханның осы қозғалыстағы орны мен қоғамдық-саяси қызметіне нақты баға берді. Сондай-ақ ғалым еңбектерінде Кеңес өкіметі кезінде 60 жылдам астам уақыт зерттеуге тыйым салынған Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметі тарихының деректемелік негіздер, ұлттық демократиялық Алаш партиясының дүниеге келуі мен оның бағдарламалық мақсат-міндеттері, Алаш автономиясының іс-әрекеті, Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейханның қызметі жан-жақты тың мұрағат деректері арқылы талдау жасалды.

Қазақ мемлекеттігін жаңғырту жолында күрес жүргізген Алаш қозғалысы туралы жазылған бұл іргелі зерттеуде К.Нұрпейісов Алаш қозғалысының бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратынын, оның күрделі ұғым екендігін, бұл ұғымға біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш партиясы екендігін, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) кіретіндігін нақтылап береді.

Монографиялық зерттеуінде Кеңес Нұрпейісұлы 1917 жылғы төңкеріске дейінгі қазақ интеллигенциясының қатарында ақсүйек, бай-шонжар әулеттерінен шыққандар да, орта дәулетті отбасы өкілдері де, қарапайым шаруалардың балалары да болғандығын, осылардың Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған бөлігі "Қазақ" газетін шығарып, соның төңірегіне топтасып, кейін Алаш партиясының ұйтқысы болғандығын, ал М.Сералин бастаған екінші бөлігінің "Айқап" журналының төңірегіне топтасқандығын атап өтеді. XX ғасырдың бас кезінен қазақ зиялыларының арасында қалыптаса бастаған буржуазиялық-демократиялық көзқарастар мынадай жалпы ұлттық міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігіш қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру сияқты мақсаттарды іске асыруға итермелегендігін жазады [7,36-37].

Алғашқыда Алаш қозғалысы басшыларының қазақтарға автономия бере ме деген үмітпен Уақытша өкіметке қолдау көрсеткендігін, кейіннен 1917 жылдың шілдесінде үміт үзілгеннен кейін, осы айдың 21-26 жұлдызында қазақтардың бірінші съезінің шақырылып, онда Ә.Бөкейханның сынысымен "демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының қрамындағы" қазақтың ұлттық-территориялық автономиясын құру туралы қаулы қабылданғандығын және қазақтың саяси партиясының "Алаш" деген атаумен құрылғандығын, 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынбор қаласында өткен екінші бүкілқазақтық съезде қазақ-қырғыз ұлттық Автономиясын құруға шешім қабылдап, бұл автономияның "Алаш" деп аталатындығы туралы, Уақытша ұлттық Кеңес құрылып, оның аты "Алашорда", Алашорданың уақытша тұрағы Семей қаласы болсын деген шешімнің қабылданғандығын, осылайша Алашорда үкіметінің 137 жыл мемлекеттілігінен айырылған қазақ халқының өз мемлекеттігін қайта жаңғырту жолындағы алғашқы қадамдарын жасағандығын К.Нұрпейісов мұрағаттық құжаттарға, алғашқы қазақ зиялыларының еңбектеріне, сол кезеңдегі қазақ тілді баспасөз деректеріне сүйене отырып жазады. Жалпы автор Әлихан Бөкейхан сынды көшбасшының қызметіне ерекше баға береді [8].

Ал Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметін талдауда белгілі бір бағыт қалыптастырған зертеуші ғалым М.Қ. Қойгелдиев болды. Үлкен ізденіс арқылы Мәмбет Құлжабайұлы Әлихан Бөкейханның шығармашылығы ең маңызды мәселе екенің бірден аңғарды. Ғалымның зерттеу еңбектерінде мұрағат деректеріне негізделі отырып, Әлихан Бөкейханның толық өмір жолы мен ұстанған бағыты, Алаш қозғалысы өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметі нақты, жан-жақты баяндалған. Мәселен, Мәмбет Қойгелдиев: «Егер Латын Америкасы үшін Симон Боливар қандай болса, Әлихан Бөкейхан қазақ үшін сондай тұлға. Егер Ататүрік қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай. Егер Махатма Ганди Үндістан үшін қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай тұлға», деп өте жоғары баға берген. М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты монографиясында «1905-1916 жж. ұлт зиялыларының соның ішінде Әлихан Бөкейханның қоғамдық саяси қызметі», «Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы» бойынша тарауларға бөлініп қарастырылған [9-16]. Сонымен қатар автор өз еңбектерінде «Қазақ» газеті мен басқа да сол тұстағы баспасөз беттерінде жарық көрген еңбектер негізінде ұлт зиялыларына қатысты жаңаша, нақты тұжырымдар жасайды. Мәмбет Құлжабайұлы бастауында тұрған әлихантану бағытындағы іргелі зерттеулер еліміздің болашағында кеңінен қаралатынына сеніммен қараймыз.

Белгілі ғалым, тарихшы, Т.Омарбеков өз еңбектерінде XX ғасырдағы Қазақстан тарихының қайшылықты кезеңдеріне жан-жақты талдау жасап, әкімшіл-әміршіл жүйенің күштеу саясатын аша отырып, Алаш қайраткерлері мен оның ішінде Ә.Бөкейханның қоғамдық қызметтеріне баға береді [17-21]. Мәселен, Т.Омарбековтің «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» [22] атты еңбегінде Алаш қозғалысы қайраткерлерінің қатал тағдыры жайлы баяндай отырып, олардың артында қалдырған шығармашылық мұраларының қазақ тарихы үшін құнды да маңызды еңбектер екендігін бағамдайды. Әсіресе ғалым «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» [23] атты еңбегінде Ә.Бөкейханның 1916 жылғы көтеріліс пен қазақ елінің мемлекеттік автономия алу мәселесіне қатысты тарихи көзқарастарына жан-жақты талдау жасап береді.

Ал деректанушы ғалым т.ғ.д. Қ. Атабаевтың «Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918)» атты ғылыми зерттеу жұмысында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының жазба дерек көздерінің бірі – қазақ баспасөзінің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы және деректердің ерекшеліктері туралы мәселе көтере отырып, баспасөзге деректанулық талдау жасаудың тәсілдері мен жолдарын ұсынған. Сонымен бірге бұл монографиясында ғалым Ә.Бөкейханның «Қазақ» газетіндегі мақалаларына жан-жақты талдау жасайды [24-25].

Сонымен бірге соңғы жылдары жарық көрген Махат Данагүлдің «Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінде «оңшылдыққа» және ұлтшылдыққа айыптау: тарихы және салдарлары /1925-1933 жж./ атты [26] зерттеу жұмысында қазақ зиялыларының «ұлтшылдар», «жікшілдер», «оңшылдар» ретінде негізсіз айыпталғандарын, олардың бірі Ә.Бөкейханның екендігін баса көрсетеді. Ал «Қазақ зиялыларының

қасіреті» еңбегінде автор «Ұлтшылдыққа» айыптаудағы басты мақсат-идеология саласында – тоталитаризмді орнықтыру, басқаруды жаппай әміршіл-әкімшілдік жүйеге көшіру, «ұлтшыл жіктерді, құпия зиянкестік ұйымдарды» әшкерлеу сияқты желеулермен ұлттық идеологияның тамырына балта шабу, халықтың еркіндігін басып-жаншу саясаты жүргізіу еді [26, -128 б.] деп қорытынды жасайды. Сонымен бірге Д.Махат өзінің «Баспасөз: Сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 жж.)» атты [27] көлемді монографиясында «Қазақстандағы ұлт және ұлтаралық қатынастар: баспасөзде дәйектелуі» деген бесінші тарауында Алаш қайраткерлерінің негізсіз айыпталғандығын жан-жақты қарастыра отырып, XX ғасырдың басында ұлт тілінде шыға бастаған биресми «Қазақ» газеті бетінде жарық көрген Ә.Бөкейханның мақалаларына талдау жасап береді [28].

Әлихан Бөкейханқазақ қоғамының алдында тұрған сан алуан міндеттерді шешу қажеттігін терең түсінген қайраткер және сол жолда аянбай қызмет етті. Оғаноның саналы ғұмырында атқарған жұмыстары негіз бола алады және қайраткер осы жолда, яғни әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбанына айналды. Қорыта айтқанда Алаш тарихына, Алаш қозғалысына биыл 100 жыл толып отыр. Осы орайда Қазақстан тарихында ерекше орын алатын Алаш зиялылары мен Алаш қозғалысына және ұлт көсемі болған Ә.Бөкейханның өмірі мен қызметіне әліде баға беру қажет. Бұл Әлихантану бағытының ауқымын толықтай бермек.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 О киргизской интеллигенции // Жизнь национальностей. – 1920.-25 ноябрь. Мына еңбектен алынды: Нұрпейісов К. Алаш ғам Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 2 Сейфуллин С. Тар жол, тайғақкешу. – Алматы: Жазушы, 1978. –195-б.
- 3 Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – Алма-Ата-Москва: Казгосиздат, 1935.
- 4 Богачов А.К. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. – Кзыл-Орда, 1927.
- 5 Қозыбаев М.К. История и современность. – Алматы, 1991. – 280 с.
- 6 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
- 7 Нұрпейісов К. Алаш ғам Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 8 Нұрпейісов К.Н. 60 жыл айтылмаған ақиқат // Азия.1993 желтоқсан. №52. 4-5 б.
- 9 Қойгелдиев М.Қ. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905-1917 жж. қоғамдық-саяси қызметі. Докторлық дис. авторефераты. – Алматы, 1994. – 27 б.
- 10 Қойгелдиев М. Алаш өткен жол // Ақиқат. – 1994. – №241. 46-б.
- 11 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.
- 12 Қойгелдиев М. Отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері // Қазақ тарихы. – 1993. – № 1. – 20-25 бб.
- 13 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
- 14 Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі // Қаз МУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 1998. № 10. – 3-7 бб.
- 15 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII- XX ғғ.). – Алматы: Жалын, 2004. – 157 б.
- 16 Қойгелдиев М. «Алашты» бұғаудан қашан босатамыз // Арай. – 1990. – 10-қыркүйек.
- 17 Омарбеков Т. Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы // Ақиқат. – 1992. – №2. – 52-59 б.
- 18 Омарбеков Т. О. Алаш қозғалысы: Аңыз бен ақиқат. // Егеменді Қазақстан. – 1995. – 10-маусым.
- 19 Омарбеков Т. Голощекиннің төңірегі: ол туралы не білеміз? // Ақиқат. – 1995. – № 9. – 31-37 бб.
- 20 Омарбеков Т. «Оңшыл ағымға» қарсы күрес: мәні және қорытындылары // Ақиқат. – 1995. – № 11. 26-30-бб
- 21 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1998.
- 22 Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. — Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001.- 404 –б
- 23 Омарбеков Т. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас.-Алматы.2004.-388-б
- 24 Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870 -1918 жж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 332-б.
- 25 Атабаев Қ. Ә. Бөкейхановтың деректанушылық көзқарастары // Қазақ тарихы. – 1999. - №1. – 23-27 бб.
- 26 Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 304 б.
- 27 Махат Д. Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 ж.). – Астана, 2007. – 332-393 б.
- 28 Бөкейханов Ә. Таңдамалы (избранное) / Гл. ред. Р. Нурғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 с.

УДК 93:910.3
МРНТИ 03.81.37

Н.Шаяхметов¹

*¹д.и.н., профессор ЕНУ им. Л.Гумилева
(Астана, Казахстан),*

Ж. Омирбекова²

*² докторант PhD ЕНУ им. Л.Гумилева
(Астана, Казахстан)*

К ВОПРОСУ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОГО ПОДХОДА В ЭТНОЭКОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Аннотация

Ключевые слова: историческая экология, этноэкология, методы исторических исследований, кочевая цивилизация

Аңдатпа

Н.Шаяхметов¹

¹т.ғ.д., профессор Л.Гумилев атындағы ЕҰУ

Ж. Омирбекова²

²Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің PhD докторанты

ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІНЕ

Бұл мақалада тарихи зерттеулерде пәнаралық әдістерді қолдану мәселелері қарастырылады. Соңғы жылдары тарих ғылымында жазба деректерге де, табиғи-экологиялық деректерге де талдау жасауда интеграциялық зерттеу әдістерін қолдануға ерекше көңіл бөліне бастады. Әсіресе, тарих ғылымы мен тарихи экологияның, тарихи географияның зерттеу әдістерінің тығыз интеграциясы айқын байқалуда. Өйткені, географиялық, экологиялық мәліметтер мен жазба деректерін кешенді түрде қолдану тарихи зерттеулерде өте тиімді және нәтижелі болатыны даусыз. Әр бағыттағы ғылымдар тоғысында пайда болатын жаңа сапалы ілімнің қалыптасуына алғышарт жасайды. Мұндай ілім адамзат тарихын тұтас әрі кешенді түрде, яғни табиғи-географиялық ортаның, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың және қоғамдық-саяси дамудың өзара бірлігі мен ықпалында қарастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: тарихи экология, этноэкология, тарихты зерттеу әдістері, көшпелі өркениет.

Abstract

N. Shayahmetov¹

¹doctor of historical sciences, professor

E-mail: nurbek_sh@mail.ru

Zh.M. Ovirbekova²

THE QUESTION OF AN INTERDISCIPLINARY APPROACH IN ETHNOECOLOGICAL RESEARCH

In given article is considered problem to realization of the approach between science in history research. At the last years all greater interest exists in history science to use integration methods of the studies as written, so and natural-ecological sources. Began more crowding integration of the methods to history ecology and strictly histories. Since complex use geographical, ecological and written sources are of special importance in research history past. The method expects origin between scientific areas of the knowledge, which capable to consider the history a mankind in holistic context: in naturally-geographical ambience, at study social-economic and public-political problem in their interaction.

Key words: historical ecology, ethnoecology, methods of historical research, nomadic civilization.

П.Орловтың деректік еңбегі негізінде жасалған төмендегі N3 кестеде 1894 жылы 2000 сомнан артық өнім өндірген өндіріс орындары топтастырылған. Ондағы мәліметтер Оңтүстік Қазақстан мен Солтүстік Қырғызстанның өнеркәсібі мен өнеркәсіпшілерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттауға, олардағы капиталистік дамудың дәрежесін айқындауға мүмкіндік береді. Біз аймақтағы 85 кәсіпорынды іріктеп ала отырып, оларды жұмысшыларының саны, өнімінің көлемі және жекеленген кәсіпорындардың ерекшеліктерін ескере отырып, үш топқа жіктедік. Бірінші топқа 2-4, екіншіге – 5-9, үшіншіге – 10-нан көп жұмысшылары бар кәсіпорындар жатқызылды. Сондай-ақ, шарап жасау өндірістерінде II-топқа жіктеуде негізге 20 және одан көп жұмысшылары бар кәсіпорындар алынса, ал арақ кәсіпорындарында өнім көлемі алынды. Кестедегі I-топтағы кәсіпорындарды капиталистік ұсақ тауарлы, II-топтағы және кейбір III-топтағыларды капиталистік кооперация тәрізді, ал III-топтағыларды мануфактуралық өндірістер деп есептеу қажет. Олардың әр саладағы үлес салмағы әртүрлі болды. Әсіресе кең таралған, үлкен капиталды қажет етпейтін тері өңдеу және ұн тарту сияқты өндіріс түрлерінде бірінші топтың саны көптеу болды. Ал қаржыны көптеу талап ететін және күрделілеу техникалы кәсіпорындарда I топтағылар аз екен. Аймақ бойынша I-топтағы кәсіпорындар жалпы санының 70,5%, II-топтағылар – 15,4%, III-топтағылар – 14,1%-ін құрады. Әсіресе үлкен пайыздық көрсеткіш тек I-топтағы 41 кәсіпорынды қамтығын ұн тарту өндірістеріне тән. Ірі кәсіпорындардың рөлі жұмысшыларының үлестік салмағы бойынша айқындалады. Олар жұмысшылардың жалпы санының I-топтағы кәсіпорындарда - 31,5%, II-топтағыларда - 20,3%, III-топтағыларда - 48,2%-ін құрады. Айқынырақ болуы үшін нақты мәліметтер келтірейік. Аймақтағы 19 тері өңдеу кәсіпорынының III- топтағы 1,5%-і жалпы өндіріс өнімінің 33%-ін топтастырды. Жалпы ірірек кәсіпорындар техникалық жағынан жақсырақ жабдықталды және ұсақтаулармен салыстырғанда жылдық жұмыс мерзімі ұзақтау болды. Тері өңдеу өндірістері ішінде Верный оязындағы Софийск станицасына жақын жерде орналасқан Пугасовтың кәсіпорыны өздерінің өнімінің көлемі бойынша ерекшеленеді. 1888 жылы негізделген бұл кәсіпорын 1894 жылдың өзінде 18 жұмысшысымен 42000 сомдық 6000 тері өңдеді. Ұн тартатын кәсіпорындардың ішінен А.Гаврилов пен И.Лутмановтың диірмендерін ірілеулердің қатарына жатқызуға болады. А.Гавриловтың диірменінде 12 жұмысшы 12000 пұт, И.Лутмановтың диірменінде 21 жұмысшы 19000 пұт, ал У.Юлдашевтың диірменінде 6 жұмысшы 50000 пұт ұн тартты. Осы аталған және сондай-ақ қалған салалардың III-тобындағы барлық кәсіпорындар мануфактуралық түрде жұмыс істеді. Ірілеу кәсіпорындардың қожалары әдетте бірбірімен байланысты бірнеше кәсіпорынды иеленген көпестер болды. Мысалы, И.Лутмановқа ұн тартатын және сыра қайнататын, Н.Пугасовқа – тері өңдеу, арақ-шарап жасау, Т.Бикеевке – тері және қой терісін өңдеу, А.Гавриловқа - ұн тартатын және темекі, У.Юлдашевқа – тері өңдейтін және ұн тартатын кәсіпорындар тиесілі екен. И.Ивановтың кәсіпкерлік қызыметі бүкіл Түркістан өлкесіне таралды. Ол арақ-шарап, сыра қайнату өндірістеріндегі (18 кәсіпорын) монополияға ие болған еді [1].

Сонымен, әлемдік капиталистік даму үрдісіне кештеу тартылғанына карамастан, Оңтүстік Қазақстанның өзінде XIX ғ. соңында капиталистік негіздегі, жалдамалы жұмысшылар еңбегіне негізделген ұсақ

тауарлы, коперация мен мануфактура түріндегі кәсіпорындар пайда болып, өмір сүрді. Дегенмен, олардың қалыптасуы ХІХ ғ. ІІ-жартысы мен ХХ ғ. басын қамтыған ұзақ та, күрделі процесс болғанын жоғарыдағы талдауда баяндағанымыздай кейбір зерттеушілер(П.Алампиев және т.б.) қазақтардың, Қазақстанның архи артта қалушылығының нәтижесі ретінде сипаттайды. Бұл дұрыс емес. Біздіңше оның себептерін тереңірек, әрі кеңірек іздестіру қажет. Дәлірек айтқанда, ХІХ ғ. ІІ-жартысы мен ХХ ғ. Басындағы Қазақстанда өнеркәсіптің дамуы қарқынының баяулығы мен дәрежесінің төмендігі мынандай себептер арқылы түсіндірілуі тиіс: біріншіден, аймақтың әлеуметтік-экономикалық қатнастары капиталистік дамуға дайын емес еді, оған қажетті экономикалық алғышарттар толық қалыптаспағандықтан көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтар тауар айналысына баяу әрі ұзақ тартылды және ол мұндағы капитализмнің даму қарқынына әсер етті. Екіншіден, орталық Ресейдегі капитализмнің дамуындағы қайшылықтар – ауыл шаруашылығының өнеркәсіптік дамудан артта қалуы - Қазақстандағы жергілікті капиталистікке дейінгі қатнастармен араласа отырып, ауыр да қиын бола түсті. Үшіншіден, Қазақстан отар ретінде, басқа да экономикалық жағынан метрополияға тәуелді аймақтар сияқты, отарлық жолмен дамыды. Жергілікті өнеркәсіптің негізгі міндеті метрополия мен шет елдер үшін шикізатты табу мен алғашқы өңдеуден өткізу болды. Жергілікті тұрғындардың өнеркәсіп тауарларына сұранысынегізінен Еуропалық Ресей мен шет ел өнеркәсіптерінің бұйымдары арқылы қамтамасыз етіп отырылды. Өнеркәсіп дамуын тежеген бұл негізгі үш себепке мамандардың жетіспеуі, қолайлы жол қатнастарының болмауы және т.б. сияқты жағдайлар қосылды.

Мәселен, ХХ ғ. басында өңдеу өнеркәсібінің кейбір түрлерінің санының азаюына өлке тұрғындарының сұранысы мен талғамына бейім заттарды шығара бастаған орталық Ресей өнеркәсіптері тауарларының көптеп әкелінуі әсер етті [2]. Тіпті ХІХ ғ. екінші жартысында дамыған кейбір өндіріс салаларының өзі бұрынғы маңызынан айырылды. Бұл өнеркәсіп магнаттарының аймақтық өз тауарларымен толтыруға, сөйтіп өткізу рыногына айналдыруға ұмтылуына байланысты болды. Сондықтан да тоқыма өндірісі мен тері өңдеу ісі біршама төмендеді [3]. Өңдеу өнеркәсібінің төменгі түрлерінің сақталуына метрополияның алпауыттары ғана емес, патша үкіметі де мүдделі болды. Отаршыл үкімет бұл аймақтағыларды бас көтерместей бағынышта ұстап отыруға және ұзақ уақыт қамтамасыз етіп отыратын шикізат көзін құруға ұмтылды.

Сондықтан да олар Қазақстандағы өнеркәсіптің жылдам дамуына мүдделі болмады, жекеленген кәсіпкерлердің біршама жетілдірілген кәсіпорындар ашуына кедергілер жасап отырды. Царизмнің өлкедегі өнеркәсіптің дамуын тежеген экономикалық және әлеуметтік саясатына ұлттық, шын мәнінде орыстандыру саясаты да қосылды.

Орыс императоры 1898 жылғы Министрлер Комитеті журналының 3 - қарашадағы Воскресенск тау өнеркәсібі қоғамын құру жөніндегі іс бойынша өз қолымен: “Желательно обойтись без помощи евреев. Они уже начали наводнять Сибирь – надо, пока есть время, не допускать их в Туркестан и Степные области”, - деп жазған [4].

Көрсетілген себептер мен царизмнің тонаушылық саясатының арқасында өлкедегі өңдеу өнеркәсібінің басым түрі ұсақ тауарлы капиталистік өндірістер болып қалды. Бірақ өндірістің арақ-шарап, сыра қайнату сияқты кейбір түрлерінің экономикалық ұйымдастырылу ерекшеліктері негізінде, капиталистік кооперациямен мануфактура тәрізді кәсіпорындардың және фабрика-зауыттардың да құрылғандығын көреміз.

Жалпыалғанда ХІХ ғ. ІІ-жартысы мен ХХ ғ. басындағы Қазақстанда өнеркәсіптің фабрикалыққа дейінгі түрлерінің қалыптасу және даму процесі күрделі, қайшылықты және ұзақ болды. Олар негізінен капиталистік кәсіпорындар болды, бірақ дамудың әртүрлі сатысында тұрды. Басым түрі капиталистік ұсақ тауарлы өндірістереді. Капиталистік кооперация және мануфактура түріндегі кәсіпорындар өнеркәсіптің барлық салаларында болмады және толық, аяқталған сипатқа ие бола алмады. Фабрикалыққа дейінгі өнеркәсіптің тарихи тағдырына тек жергілікті ерекшеліктер ғана емес, Қазақстанның ресейлік капитализм жүйесіндегі отарлық жағдайы да ықпал етті. Жалпы алғанда, капитализмге тән екі тенденция байқалады – экономикалық қатынастардың ескісін күйрету және оларды жаңа негізде қайта құру.

Қазақстанда өнеркәсіптің фабрик-зауыттық түрлерінің қалыптасуы туралы мәселені зерттеу барысында кең көлемді зерттеуді қажет ететін теориялық мәселе өнеркәсіптік төңкеріспен екінші технологиялық революция, олардың қазақ даласындағы кәсіпорындардың құрылу мен эволюциясына әсері туралы проблема. Жоғарыда баяндалғанындай қазақстандық тарихнамада өнеркәсіп төңкерісі туралы мәселе жекеленген зерттеушілердің еңбектерінде ғана сөз етілген. Ал батыстық тарихи-экономикалық әдебиетте

жиірек айтылатын екінші өнеркәсіптік революция, оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы жөнінде ешкім ешнәрсе жазған жоқ. Оның басты себептерінің бірі, Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуындағы дүниежүзілік, әсіресе батыстық, тіпті кейде ресейлік үрдістің ықпалына жете көңіл бөлмеу және оқшаулай қарау. ХІХ ғ. ортасында пайда болған электр мен іштен жану двигателдерінің ойлап табылуы және соларға негізделген техниканың (автомобиль, трактор, экскаватор, самолет т.б.) ойлап табылуы кәсіпорындардың технологиясы мен инфрақұрылымын өзгертті, жаңа сипат берді, өнімділігі мен тиімділігін арттырды. Сөйтіп капитализмнің дамуына жаңа қарқын берді. Міне осы қарқын капитализмнің өзіне дейінгі қатынастарды ығыстыра отырып жершарының көптеген бөліктеріне таралуына, Ресей мен оның басқа да отар аймағы сияқты Қазақстанға да енуіне ықпал етті. Оны біз өнеркәсіптердің санының ғана емес, түрлерінің де және сондай-ақ, двигателдерінің де санының көбейіп, сумен, желмен, атпен және бұмен ғана емес, мұнаймен, локомобильмен, керосинмен, бензинмен жүретін жаңа түрлерінің пайдаланыла бастауынан айқын көреміз. Мәселен бүкілресейлік әр жылдағы статистикалық басылым деректеріне сүйенсек, 1910 жылы Қазақстанның алты облысының (Торғай мен Орал облыстары бойынша мәлімет келтірілмеген) төртеуіндегі акциз төлемейтін 284 кәсіпорында 2444 аткүші бар 138 двигатель пайдаланылған [5]. Яғни кәсіпорындардың теңжартысына жуығы орта есеппен 18 ат күшіне тән двигательмен жұмыс істеген. №4 кестеде тек тағам өнімдерін жасайтын кәсіпорындарды іріктеп алдық. Фабрикалық инспектор В.Е.Варзардың басшылығымен жарық көрген бұл көлемді еңбекте өнеркәсіптің басқа салалары бойынша да деректер бар. Әрбір өндіріс орны, оның кожасы, орны, өнімінің көлемі, қуаты, жұмысшыларының саны нақты көрсетілген. Кітапта 1909 жылы Қазақстандық (Орал облысынан басқа) бес облыстағы тағам жасайтын акцизді және акцизсіз 97 өндіріс орыны туралы мәліметтер келтірілген. Олардың 71-і жалпы алғанда 2946 аткүшіндей қуат өндіретін әртүрлі двигательдермен жұмыс істеген. Мұнай деп жалпы көрсетілген бағанада керосинмен, бензинмен, мұнаймен жұмыс істейтін двигательдер көрсетілді.

Атпен, сумен және бұмен іске қосылып жұмыс істейтін двигательдердің саны 31 болса, қалған түрлерінің саны 40 болған екен. Мұның өзі қазақ даласына двигательдің жаңа түрлерінің кеңірек ене бастағанын көрсетеді. Демек ХХ ғ. Басында Қазақстанда да екінші технологиялық революция басталған еді.

Біздің мынаны да ашық айтуымыз қажет, В.Лениннің империализмді іріп-шіріген, революциялар қарсаңы деген концепциясын басшылыққа алған тарихшылар ХХ-ғ. Басындағы Қазақстанда Қазан төңкерісінің экономикалық-әлеуметтік алғышарттары қалыптасты деп дәлелдеуге ұмтылу барысында, шетелдік капиталистердің жыртықшылық, тонаушылық әрекеттерін дұрыс көрсете отырып, ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. Басындағы өлкедегі өзгерістерді мүлде жоққа шығарып жібереді. Мәселен, өңдеу және тау-кенөнеркәсіптеріне арналған мақаланың қорытындысында: “Өңдеу және тау-кенөнеркәсіптерін дамыта отырып, империалистік буржуазия сонымен бірге Қазақстан-отардың техникалық прогресі мен өндіргішкүштерінің дамуын тежеді”, – деп аяқталады [6].

Байқап отырғанымыздай сөйлемнің өзі қайшылықтан құралған. Бұл тұжырымның тек қайшылықты ғана емес тарихи шындыққа сай келе бермейтінін деректер де дәлелдейді.

Алдымен өңдеу өнеркәсібіне келетін болсақ, жоғарыда келтірілген мәліметтер олардың капиталистік негізде қалыптасып, жекеленген салаларда жаңа техника мен технологияны біртіндеп енгізе отырып дамығанын дәлелдейтінін баяндадық. Бұл біріншіден. Ал екіншіден, тау-кенөнеркәсібі де капиталистік толқынды даму процесін басынан кешіре отырып, қазақ даласына өзіндік жаңалықтар алып келді. Салыстырмалы түрдегі ірі капиталистік өндірістік бірлестіктер тау-кенөнеркәсібінде басым болды және олардың көпшілігі ресейлік қана емес, халықаралық сипатта әрекеттті. Сондықтан да кейбір өнеркәсіпорындарында техникалық прогресс нәтижелері пайдаланылды. Мысалы, 1891–1893 жылдарда Зырян кенбалқыту зауыты сол кезеңде Венгрияда қолданылған әдіспен, жылына 16400 т. Кенбалқытатындай есеппен салынды. Ал оны 1896 жылы сатыпалған француздық “Зырян тауөнеркәсібі қоғамы” Тұрғысын өзенінде гидроэлектростанция және кенөңдеу зауытын негіздеді [7]. Жекеленген өндірістердің өнімінің көлемі мен негізгі капиталы жыл сайын тұрақты түрде көбейіп отырды. Мәселен, Спасск мыс кендері акционерлік қоғамы” кәсіпорындарында мыс балқыту 1903 – 1905 жылдар арасында 4 есеге жуықартты [8]. Ал негізгі капиталы 1908 жылы 500 мың ф. стерл. болса, 1913 жылы 1 250 мың ф. стерлингке дейін өсті [9]. Ал ауқымы кеңейген кейбір өндіріс орындары арнайы тапсырыс бойынша жұмыс істеді. Дәлірек айтсақ, Ижорск зауыты “Риддер акционерлік қоғамына” 30 мың пұт мырышқа тапсырыс берді [10]. Осы келтірілген деректік мәліметтердің өзі тау-кенөнеркәсібінің жекеленген

салаларында өндірістік қатынастар мен өндіргіш күштердің дамығанының айқын дәлелі болып есептеледі. Солсебепті де қазақ даласы 1917 жыл қарсаңында социалистік төңкеріске дайын тұрды дейтін концепция, сол негізде өнеркәсіп дамуы болған жоқ дейтін тұжырым қайта қарауды, жаңаша көзқараста зерттеулерді қажет етеді. Біздіңше қазақ даласына жаңадан еніп келе жатқан капитализм, XX ғ басында керікетуді, іріп-шіруді емес кез келген жаңа құбылыс ретінде дамуға бейімділікті бастан кешіп жатыр еді. Бұл бағыт Ресейдің орталығында басталып, Қазақстанға келген Қазан төңкерісінің нәтижесінде Кеңес үкіметінің орнауы барысында үзілді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. *Указатель фабрик и заводов окраин России: царства Польского, Кавказа, Сибири и Средне Азиатских владений. Сост. П.А.Орлов. – Спб.: Тип. В.Кирибаума, 1895. – С.230.*
2. *Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т.ХІ. -Пг.: Тип. Кирибаума,1915. -С.18.*
3. *РМТА (РГИА). 1396 қ, 1 т, 8 іс, 52-131 нн.*
4. *РМӨТА (РГВИА). 400 қ, 2 т, 3886 іс, 12-14 нн.*
5. *Статистический ежегодник России 1912 г. (год девятый). –Спб.: Изд. центр. стат. ком. 1913. Отдел IX. – С.16-17.*
6. *Казахстан в канун Октября. Сборник статей. – Алма-Ата: Наука, 1968. – С. 177.*
7. *Митропольский Б.С., Паренаго М.К. Полиметаллические месторождения Алтая и Салаира. –Новосибирск, 1941. – С.124.*
8. *ҚР ОММ, 14 қ., 1 т, 171 іс, 15 – 19 нн.*
9. *ҚР ОММ, 212 қ, 1 т, 1176 іс, 107 – 111 нн.*
10. *ҚР ОММ, 444 қ, 1 т, 1 іс, 501 н.*

АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

ӘӨЖ 903.02 (574)
МРНТИ 03.81.37

Е.Ш. Ақымбек¹

¹PhD докторы, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері

ШУ-ТАЛАС Өңірлеріндегі орта ғасырлардағы жүзім шаруашылығы (Жазбаша және археологиялық материалдар бойынша)

Аңдатпа

Шу-Талас өңірлері немесе Тянь-Шаньның солтүстігі Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. Өңірлердің жері ашық және қаралау сарғыш сұр топырақты, бұл егіншілік, көкөніс пен жүзім егумен айналысуға, мал шаруашылығындағы техникалық дақылдар мен мәдени өсімдіктерді дамытуға мүмкіндік туғызады. Осы өңірлер ерте орта ғасырларда Түрік қағанаттарының иелігінде болған кезде, яғни VI-XII ғасырларда отырықшы халықтарда жүзім шаруашылығы дамығандығы белгілі болып отыр. Мұны қытай жылнамаларындағы мәліметтерден кездестіреміз. Онда Сюань Цзань (VII ғ.) мен Ду Хуаньның (VIII ғ.) Шу-Талас өңірлерінен өткен жол сапарларында жүзім алқабы және жүзімнен дайындалған өнімдер туралы деректер беріледі. Мұны Ақтөбе, Құлан және Төменгі Барысхан қалаларынан ашылған шарап шеберханалардың орны дәлелдей түседі. Сонымен қатар, Қостөбе және Құлан қалаларының орталығына жүргізілген қазбалардан ашылған салтанатты сарайлардың қабырғасындағы жүзімнің сағы мен жапырағы бейнеленген сылақтары өңірлерде жүзім шаруашылығы ерте орта ғасырларда дамығандығын куәландырады.

Тірек сөздер: Шу-Талас өңірлері, орта ғасыр, көне түрік жазба ескерткіштері, қала, жүзім шаруашылығы, шарап, шырын, шеберхана.

Аннотация

Е.Ш. Ақымбек¹

СРЕДНЕВЕКОВОЕ ВИНОГРАДСТВО ШУ-ТАЛАССКОЙ ДОЛИНЫ (По письменным и археологическим материалам)

Шу-Таласское междуречье или северное Притяньшанье, составляет юго-западную Жетысу. Почвы Таласской долины светло и темно-каштановые сероземы, что позволяет заниматься хлебопашеством, садоводством и виноградарством, разведением технических культур. Наиболее удобной для земледелия является увлажненная пустыня с сероземными почвами левобережной части Шуйской долины. Климат, почвы, наличие воды благоприятствовала возделыванию зерновых и технических культур, развитию плодоводства и виноградарство в эпоху Тюркских каганатов. Китайские путешественники Сюань Цзань (VII в.) и Ду Хуань (VIII в.) описывает развития виноградарства и виноделие в городах и поселениях Шу-Таласских долин. Первое изображение винограда встречено в городе Тараза. Найдено терракотовый столик VI-VIII вв. с наклепными изображениями побегов лозы с гроздьями. Виноградные листья и гроздь на изогнутых стеблях, украшали панели домов и дворцов городищ Кулана и Костобе.

Ключевые слова: Шу-Таласская долина, средневековье, древнетюркские письменные памятники, городище, виноградарство, вино, напиток, виноделие.

Abstract

Y.Akymbek¹

MEDIEVAL VITICULTURES OF SHU-TALAS VALLEY (Based on written and archaeological materials)

The valley areas between the Talas and Shu rivers of the northern Tien Shan are defined as south-western Zhetysu. The soils of the Talas valley are light and dark-chestnut gray soils that permit for cultivation, aboriculture, and viticulture, and large-scale agriculture. The best conditions for agriculture are the moist desert areas with gray soils situated on the left bank of the Shu Valley. The climate, soil, water availability favored the cultivation of grain and irrigated crops, the development of

fruit growing and viticulture during the era of the Türkic kaganates. Chinese travelers Xuan Zhang (VII century) And Du Huan (VIII century) described the development of viticulture and winemaking in the towns and smaller settlements of Shu-Talas valleys. The first image of the grape was found in the city of Taraz. A terracotta panel of the VI-VIII centuries. shows stucco images of vines with clusters of grapes. Vine leaves and a bunch of curved stems adorned the panels of houses and palaces of the settlements of Kulan and Kostobe.

Key words: Shu-Talas valley, Middle Ages, ancient Türkic historical monuments (with textual references), ancient settlement, viticulture, wine, drink, winemaking.

Шу-Талас өңірлерінің тарихи-географиялық жағдайы ерекше. Олар Қазақстанның оңтүстік-шығысында, отырықшы-егіншіліктің көшпелі мәдениетке өту аймағында орналасқан, тұрмыстық өмірдің отырықшы, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылығы үйлескен аймақ. Тіршілікке өте қолайлы, жері шұрайлы, суармалы алқабы солтүстіктен оңтүстік бағытта созылып жатыр. Жері ашық және қаралау сарғыш сұр топырақты, бұл егіншілік, көкөніс пен жүзім егумен айналысуға, мал шаруашылығындағы техникалық дақылдарды және мәдени өсімдіктерді дамытуға мүмкіндік туғызады.

Осы өңірлер ерте орта ғасырларда Түрік қағанаттарының (Түрік, Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ қағанаты, Қарахан мемлекеті) иелігінде болып, орда тіккен орталығына айналады. Түрік қағанаттары тұсындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай Шу мен Талас өңірлеріндегі қалалар мен қоныстардың өсуіне алып келді. Халықаралық сауда мен қолөнердің дамуы да VI-XII ғғ. экономика мен мәдени өмірдің көтерілуіне ықпал етті. Қалалардың өсуінде өндіріс пен ауыл шаруашылығы айтарлықтай дамыды. Ауыл шаруашылығында дәнді дақылдардан басқа, мәдени өсімдіктерден жүзім де өсірілді.

Жүзім туралы алғашқы мәліметтер Страбонның еңбегінде кездеседі [1]. Онда жүзім егу, одан алынған шарап туралы, жалпы жүзімді жан-жақты сипаттаған деректер бар.

Жүзім Қазақстан аумағында қай уақыттардан бері өсіріліп келе жатқандығы туралы нақты мәліметтер жоқ болғанымен, ерте орта ғасырларда Шу мен Талас өңірлерінде өсірілгендігін жазбаша және материалдық мәліметтер дәлелдеп отыр.

Қазақстан жерінде жүзімнің және одан дайындалған шараптың болғандығы жөніндегі алғашқы деректерді византиялық тарихшы Менандр Протектордың еңбегінен кездестіреміз. Онда 568 жылы Түрік қағанатының қабылдауында болған византиялық елші Земархтың мәліметтері беріледі: «... шарап біздегі жүзімнен сығылған сияқты емес, ал олардың жеріндегі сусын жергілікті, варварлық, жас тәтті шарапқа ұқсайды» [2, с. 24].

Шу-Талас өңірлерінде ерте орта ғасырларда жүзім өсіру мен одан өнім дайындау ісі жақсы дамығандығын қытай жылынамаларындағы хабарламалар да дәлелдейді. Қытайлық жазба деректерді аударған Ю.А. Зуевтың еңбегінен жүзім мен шарапқа байланысты саяхатшылардың мәліметтерін кездестіреміз [3]. Түрік қағанының қабылдауында болған Сюань Цзанының (VII ғ.) хабарламасынан мынандай жолдарды оқимыз: «Қаған шарап қойып, музыканы бастауды бұйырды. Осыдан кейін қаған, оның қол астындағы кісілер мен елшілер шарап іше бастады, ал дін өкілдеріне жүзім шырынының әлдебір түрі әкелінді. Сосын олардың барлығы толтырылған тостағандары мен бокалдарын өзара алмастырып, бірін бірі сыйлай бастайды.

... Қысқа мерзімде қонақтардың алдына жас қой еті мен бұзау еті молынан қойылды. Бірақ дін тәлімгерлері үшін күріш нанынан дайындалған жеңіл тамақ, ірімшікті шелпек, жабайы және балауызды бал мен жүзім алып келді. Ал тамақ таусылғанда жүзім шырынын тағы әкелді, тек осыдан кейін барып тәлімгерден діннің қағидалары жөнінде айтып беруін сұранды» [3, с. 264-265].

Шу өңірінде қағанмен кездескен қытай саяхатшысы жүзімнен бөлек, одан жасалынған өнімнің екі түрін: шарап пен жүзім шырынын атап өтеді. Шарапты қаған қадірлі қонақтарына ұсынғандығын, ал дін өкілдеріне шараптың орнына жүзім шырынын бергендігін айтқан.

Сюань Цзанынан кейін, қытай қолбасшысы Гао Сяньчжидің Орта Азияға жасаған VIII ғ. ортасындағы жорықтарын хатқа түсірген Ду Хуаньның жазбасында Талас (Далосы) қаласын сипаттай келе былай деп жазады: «Бұл жерден Батыс теңізіне дейін үшінші айдан тоғызыншы айға дейін жаңбыр болмайды, ал егістікті суаруға қар суын пайдаланады. Мұнда арпа, бидай, күріш, асбұршақ пен ірі бұршақ өседі. Тұрғындары жүзім және қарасора шарабы мен айран ішеді» [3, с. 90-93].

Жүзімнен жасалған сусындар мен шырындардың атауларының көп болғандығы туралы VII-XIII ғғ. жататын көне түркі жазба ескерткіштерінде бірқатар сөздер кездеседі [4].

BEKMÄS – жүзім шәрбаты [4, с. 92].

BOR – шарап [4, с. 112].

ŞAYİR – жүзім шырыны, жас шарап [4, с. 136].

MANDU – ерекше дайындалған шарап сіркесуы [4, с. 336].

SÜRMA – шарап [4, с. 518].

ŠĀRAB – ішімдік, сусын [4, с. 522].

ŠIRĀ – жүзім шырыны, жас шарап [4, с. 523].

Көріп отырғанымыздай ерте орта ғасырларда түрік халықтарында жүзімге қатысты және одан дайындалатын өнімдердің көп екендігі, олардың әрқайсысының атауы жеке аталатындығы белгілі болып отыр. Жоғарыда аталғандардың ішінде «šārab» сөзі бүгінгі қолданысымыздағы «шарап» сөзі екендігі анық.

Дегенмен, Земархтың айтып өткен жас шарабы мен Сюань Цзаньның жазған шарабы және жас шарабы, Ду Хуаньның айтқан жүзім және қарасора шарабынан бөлек түрік халықтарында жүзімнен алынатын сусындарға қатысты бірнеше атау, тіпті жүзімнен алынатын сусынның немесе шырынның бірнеше түрі болғандығын көріп отырмыз.

Қағанның немесе қала билеушілерінің тағамының арасында жүзімнің және шараптың ерекше орын алғандығын салтанатты сарай қабырғаларының сылағынан да байқауға болады.

2015 ж. ортағасырлық Құлан қаласының орталық бөлігіне жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде VIII ғ. жататын сарайдың бірнеше бөлмесі ашылды [5, с. 218-222]. Сарайдың шартты түрде белгіленген №1, зерттеу нәтижелері бойынша культтік храм деп табылған бөлмесінің қабырғаларындағы сылаққа жүзім сабағы, сағы немесе шоғы мен жапырақтары ойылып бейнеленіп әсемделген. Өрнектер бірнеше түрде орындалған [6, с. 29-66].

Ортағасырлық Қостөбе (Жамұқат) қаласының орталық бөлігіне жүргізілген қазба жұмыстарында VIII–IX ғғ. жататын тұрғын үй, салтанатты және діни бөлмелерден тұратын құрылыс қалдықтары анықталады. Көлемі жағынан үлкен, ғибадатхана деп белгіленген бөлме қабырғаларына сыланған қалың сылақ бетіне өсімдікті өрнектер ойылып түсірілген. Негізінен жүзім шоғы, сабағы және жапырағы әр түрлі: сағы үлкен не кіші, тығыз немесе сирек, жапырақтары да алуан пішінде бейнеленген (1-сурет) [7, с. 103-107; 8, с. 5-19].

Екі қаланың орталығындағы сарай кешені қабырғаларының сылағындағы жүзімнің бейнелері Сюань Цзаньның сапарынан кейін шамамен бір ғасыр өткен уақытпен, яғни VIII–IX ғғ. мерзімделеді. Осы уақыттарда жүзім қала халықтарының ерекше құрметтейтін жемістерінің біріне айналғандықтан, оны діни ғимараттардың қабырғаларына ойып бейнелеген сияқты.

Жүзімді тек сарай кешендерінің қабырғаларына ғана емес керамикалардың бетін әрлеу жұмыстарында да қолданылған. Т. Сенигованың еңбегінде Талас өңіріндегі ескерткіштердің өмір сүруін үш кезеңге бөліп, VI–IX ғғ. аралығына жататын қолөнер бұйымдарына тоқталу барысында саздан жасалған бір қақпаққа ерекше тоқталып өтеді. Қақпақ бетінде адам мен қойдың бейнесі перпендикулярлы түрде үш жеріне бедерленіп түсіріліп, олар жүзім сабағы және сағымен айнала өрнектелген (2-сурет). Бұдан бөлек бедерлі өрнегі бар қыш қақпақтардың да табылғанын айтып өтеді [9, с. 108]. Тіпті, қыш ыдыстардың ернеуі мен тұтқаларына жазылған жазулардан да шарапқа қатысты мәліметтер кездеседі [7, с. 138].

Түрік қағанаттары тұсында жүзімнен жасалған сусындардың атауынан бөлек тікелей жүзімнің өзіне қатысты бірнеше атау кездеседі:

BAĐIČ (?) – жүзім сабағы [4, с. 77].

BANZĪ – өнімді жинағаннан кейін сабағындағы жүзім қалдықтары [4, с. 81].

BUDA – жүзім, жүзім жидегі [4, с. 120].

BÜŠINČĀK – жүзім шоғы, сағы [4, с. 133].

Келтірілген жазба мәліметтерге қарасақ, орта ғасырларда жүзімнің сабағы, сағы және жидегі, әрқайсысы жеке-жеке атаулармен берілгенін көреміз. Ал бүгінде барлық атауды тек «жүзім» деген сөзбен байланыстырамыз. Дегенмен, орта ғасырларда да жүзімге қатысты жоғарыда көрсетілген атаулар «b» әрібінен басталады екен.

Б.з.д. II ғ. Хань императоры У-ди Чжан Цяньды елші етіп үйсін, қаңлы жерлеріне, Бактрия мен Согдианаға қарай жібереді. Ол Парфия мен Үндістан туралы мәліметтер жинап, Қытай мен Азиядағы эллиндік мемлекеттер аралығында дипломатиялық байланыс орнатады. Осы сапарда оның жүзімді Орта Азиядан Қытайға алып барғандығы белгілі. Тек ерте орта ғасырларда, тан әулеті уақытында (VII–X ғғ.) жүзім мен жүзім шарабы Қытайда кең тарайды [7, с. 138].

Жүзім шабдалы, қауын, көкөністер, тіпті дәмдеуіштер мен қант қатарында орта ғасырларда мәдени өсімдік ретінде саудагерлер арқылы Жібек жолы бойымен жан-жаққа тараған [10, с. 389].

Жүзімнен жасалған сусын-шарапты сатуды және шарап құюды арнайы кәсіп қылып, сонымен айналысқан адамдарға түрік қанаттары тұсында жеке де атау берген. Махмұд Қашқаридың (XI ғ.) еңбегінен мынандай сөздерді кездестіреміз:

TIM – 1) шанап, шарап толтырылған; 2) шарап сатушы [4, с. 561].

ТІМСІ – шарап сатушы [4, с. 561].

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (XI ғ.) еңбегінде де төмендегідей сөз кездеседі:

ІДІСІ – сусын тасушы, шарап құюшы [4, с. 203].

Шу өңірі жүзім егуге жарамды екендігі туралы мәліметтерді де Сюань Цзань өзінің жол сапарында келтіреді: «Тұнық көлден солтүстік-батысқа 500 лиден астам жүріп, Суйаб өзеніндегі қалаға келдік. Бұл қаланың айналасы 6-7 ли. Онда әр елден келген саудагерлер мен ху сцылар (соғдылықтар) аралас тұрады. Жері қызыл тары мен жүзім өсіру үшін жарамды. Мұнда орман сирек, ауа райы желді және суық...» [3, с. 268]. Ю.А. Зуев қытай тіліндегі Су-е бұл Шу өзені деп түсіндірме береді. Ал Суяб қаласын ғалымдар Қырғызстан жеріндегі Ақбешім қаласы орнымен баламалап жүр [11, с. 70-73].

Сюань Цзаньның Ақсудан Ташкент бағытындағы жазбасында жерлерінің қызыл тары мен жүзім өсіруге жарамды екендігін атап өтіп, Нучкет жері ылғалды, егіншілікке қолайлы, онда жұмсақ шөп пен ағаш, көптеген гүлдер мен жемістер, сонымен қатар жоғары бағаланатын жүзім өседі деп жазады [3, с. 270].

Көне түркі жазбаларында жүзімдік, жүзім, оны күту, жинау, сығуға қатысты кездесетін бірнеше сөздер төменде беріліп отыр:

ADAQLIQ – жүзімдікті ұстап тұратын тіреулерге және күрке сүйегіне арналған ағаш бағана дайындамалары [4, с. 9].

BORLUQ – жүзімдік [4, с. 113].

TAPCAN – үш аяқты қойғыш, биік бұтақтағы жүзімді жинау барысында пайдаланады [4, с. 534].

SIQMAN – жүзім шырынын қысу маусымы [4, с. 505].

Сюань Цзаньның айтып өткен мәліметі бойынша жүзімдік пен оның жоғары бағаланатынын, келтірілген көне түрік сөздері растай түседі. Жоғарыдағы атаулардың мағыналарына тоқталсақ, Түрік қағанаттары кезіндегі халықтар жүзімді ерекше күтіп баптағанын, жүзім сабағын ұстап тұру үшін арнайы тіреулер жасағанын, оны жинау кезінде арнайы жасалынған үш аяқты үстелдің және жүзімді қысу маусымының болғандығын көреміз. Жүзімді жинауға арналған үш аяқты үстелдің болғандығына қарағанда биік тіреуге өрмелеп өскен жүзім сабағы болған. Арнайы еккен жүзім алқабының болғандығы анық. Бүгінде «тарқан» сөзін еліміздің оңтүстік аймақтарындағы халықтар сол күйінде «тапшан» деп қолданып келеді. Тапшан – ағаштан жасалған, отырып демалатын және жататын орын [12, б. 719].

«Siqman» сөзіне бүгінде қолданысымыздағы «сақпан» атауы өте жақын. «Сақпан» сөзінің бір мағынасы «қой қоздату науқаны» дегенді білдіреді [13, б. 559]. Яғни, белгілі бір маусымды меңзейді. Егер латынның «i» әрібі кейде «i» немесе кириллица әліпбиінде «и» деп оқылатынын ескерсек, онда «siqman» атауының түбірі «сық» сөзіне жақындайды. Олай болса, «сық» етістік болып тұр.

Шу-Талас өңірлерінде жүзімді сығуға арналған арнайы құрылыс орындарының орта ғасырлар уақытында болғандығын бүгінде жүргізілген археологиялық зерттеулер де куәландырады.

Жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде бірнеше шарап жасайтын немесе жүзім сығатын шеберханалардың орны анықталып отыр.

Ортағасырлық Ақтөбе қаласына жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде үш жүзім сығатын немесе шарап шеберхана орны анықталды.

Біріншісін 1977 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы Ақтөбе қаласының орталық бөлігінен оңтүстікке 2 шақырым жердегі төбе астынан көлемі 5,6x6,2 м болатын жүзім сығатын құрылыс орнын ашты. Өлшемі 30x18x18 см қам кірпіштен тұрғызылған құрылыс екі бөліктен тұрады. Оның бірінің едені мен қабырға түбі тік бұрышты, өлшемі 34,5-35x18-19x3,5-4 см келген қыш кірпішпен төселіп, қаланған. Алаң бір жағына қарай еніс келіп, науа арқылы еденге көмілген хұмға жалғасқан. Бұл құрылыс жүзім сығумен тікелей байланысты. Табылған керамика материалдары бойынша X-XII ғғ. мерзімделеді [14, с. 439-441].

Екіншісін 1979 ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) археология және этнография кафедрасының мамандары қала аумағының оңтүстік-шығысындағы, яғни шаруашылық аймағындағы үйінді болып жатқан төбелерді зерттеу кезінде дәліз бен бірнеше бөлмеден тұратын, 41x20,5x10; 42x22x9-10 см қам кірпіштен қаланған жүзім сығатын құрылыс орнын ашады. Бір бөлменің еденіне 31,5x19,5x2,5; 32x20x3; 33,5x18,5x3; 37x18x3,5 см қыш кірпіш 1,9x0,9 м алаңға төселіп, ортасына, еденнен төмен хұм көмілген. Бір бөлмеде сығылған жүзім шырыны екінші бір бөлмеге қыш құбыр арқылы келіп құйылған. Шеберхана табылған материалдар бойынша XI-XII ғғ. жатады [15, с. 57-61].

Үшінші шеберхананы 2007 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының археологиялық экспедициясы қала орталығынан 1,5 км оңтүстік-шығыста орналасқан төбелердің біріне зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ашты. 12,3x5,5 м болатын өлшемі 41x21x10; 42x22x9-10 см қам кірпіштен тұрғызылған үш бөлмеден тұратын шеберхананың бір бөлмесінің еденіне өлшемі 34,5-35x18-19x3,5 см қыш кірпіш екінші бөлмеге қарай кеткен қыш құбырға еніс төселген. Екінші бөлме еденіндегі шағын алаңға (1x0,9 м) қыш кірпіш төселіп, ортасына, еденге хұм көмілген. Бірінші бөлмеде сығылған жүзім

шырыны екінші бөлмеге құбыр арқылы ағып келіп, хұм ыдысына құйылған (3-сурет). Шеберхана XI-XII ғғ. жатады [16, б. 99-105].

Жүзім сығатын шеберхана ортағасырлық Құлан қаласынан да ашылды. Орталық төбеден 3,5 шақырым оңтүстікте орналасқан, шартты түрде «Луговое Б» деп берілген төбені зерттеу барысында сығу алаңы, құдық-сұйыққойма мен шырын кететін күбіден тұратын шеберхана анықталады. Табылған түргеш тиыны бойынша шеберхана VIII ғ. мерзімделеді [17, с. 88-91].

1965 ж. Төменгі Барысхан қаласына қазба жұмыстарын жүргізу барысында едені алебастрмен сыланған және жерге хұм көмілген шарап өндірісінің орны ашылады [9, с. 68, 108].

Қырғызстан аумағындағы ортағасырлық Сарық (Сарыг) қаласының рабадынан да екі шарап шеберхана [18, с. 44, 46, табл. VII, 5, с. 90] ашылған.

Шу-Талас өңірлерінде орналасқан қалалардың аумағында жүзім шаруашылығының болғандығын, олардың үлкен алқапты алып жатқан шаруашылық аймағындағы тарамдалған арықтардың ізі де дәлелдей түседі. Сонымен бірге Тараз қаласының шахристанына, қалаға маңындағы үй-жайға және Жікіл, Шөлтөбе қалаларына жүргізілген қазба жұмыстары кезінде жүзім дәндері табылған [9, с. 108].

Орта ғасырларда Шығыс (араб, парсы, тәжік және т.б.) ақындары шарап туралы аз жырламаған. Олардың қатарында Абу Нувас (762-815), Абу Мұхаммед Абдаллах ибн Муслим Ибн Кутейба (828-889), Абдульхас Рудаки (шамамен 860-941), Абдуллах Абу-ль-Аббас Ибн аль-Мутаз (861-908), Абу Али ибн Сина (шамамен 980-1037), Кей Кавус Унсур аль-Маали (1021-1098), Гиясаддин Абу-ль-Фатха ибн Ибрахим Омар Хайям (1048-1122 кейін), Абу Хафс Омар ибн Али ас-Сади Ибн аль-Фарид (1182-1235), Муслихаддин Абу Мухаммед Абдаллах ибн Мушрифаддин Саади (1203-1210) және т.б. бар [19, с. 3-5].

Қорытындылай келе, Шу және Талас өңірлеріндегі ортағасырлық ескерткіштерден табылған жүзім сығатын немесе шарап шеберханаларының табылуы, жүзім сағы, сабағы, жапырағы бейнеленген сылақтар, жүзім және шарапқа қатысты саяхатшылардың мәліметтері мен жүзімге, одан дайындалатын өнімдерге қатысты көне түркі жазба ескерткіштеріндегі деректер ерте орта ғасырларда, яғни Түрік қағанаттары тұсында жүзім шаруашылығы дамып, одан бірнеше өнім дайындағандығын, өңір халықтарының өмірінде жүзім ерекше орын алғандығын көрсетеді. Олай болса, болашақта Шу-Талас өңірлерінің ғана емес, Қазақстанның басқа да аймақтарындағы ортағасырлық қалалардың аумағын, шаруашылықпен айналысқан бөліктерін зерттеу, жүзім сығуға және сусын дайындауға қатысты нысандарға қазба жұмыстарын жүргізу тарихымыздың шаруашылыққа қатысты ақтандақ беттерін толтыратындығы анық.


Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Страбон. География в 17 книгах (пер. Г.А. Стратановского). – М., 1964.
- 2 Жданович О. Менаандр Протектор. История: О посольствах тюрков к персам и византийцам в 568 году (Превод и комментарии) // Золотоордынское обозрение. – 2014. – №1(3). – С. 22-32.
- 3 Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002. – 338 с.
- 4 Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 677 с.
- 5 Хазбулатов А.Р., Ақылбек С.Ш., Шохаев К.А., Султанмуратов Б.С., Естемесов Е.А. Научно-исследовательские работы на городище Кулан в 2015 году // Материалы международной научно-методической конференции «VIII Оразбаевские чтения» по теме «Археология, этнология и музееология в системе современного высшего образования» приуроченной к 25-летию независимости Республики Казахстан. 1-2 апреля 2016 г. – Алматы, 2016. – с. 218-222
- 6 Ақылбек С.Ш., Смагулов Е.А., Яценко С.А. Декоративное убранство резиденции тюркских правителей VIII в. в цитадели г. Кулан // Культурное наследие Евразии (с древности до наших дней). Сборник научных статей. – Алматы, 2016. – С. 29-66.
- 7 Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1998. – 216 с.
- 8 Байпаков К.М., Терновоя Г.А. Резная глина Жетысу. – Алматы, 2004. – 164 с.
- 9 Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата, 1972. – 218 с.
- 10 Байпаков К.М. Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII в. // Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). – Алматы, 2013. – Книга II. – 516 с., цв. илл.
- 11 Байпаков К.М. О древних городах Суяб и Баласагун // ВАН Каз ССР. – 1976. – №1. – С. 70-73.
- 12 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. XIII том. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. XII том. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 14 Байпаков К.М., Капекова Г.А., Воякин Д.А., Марьяшев А.Н. Сокровища древнего и средневекового Тараза и Жамбылской области. – Тараз, 2011. – 620 с.
- 15 Елеуов М. Раскопки средневековой мастерской на городище Актөбе // ИМКК. – Алма-Ата: Изд. КазГУ, 1980. – С.57-61.
- 16 Ақымбек Е.Ш., Нұржанов А.Ә. Ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы шарап шеберханасы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. (268). – Алматы, 2009. – №1 – Б. 99-105.

17 Байпаков К.М. Раскопки средневековой мастерской в Семиречье // Вестник АН КазССР. – 1964. – №7. – С. 88-91.

18 Бернштам А.Н. Чуйская долина // МИА. – 1950. – №14. – 159 с. илл.

19 Зайчик Ц.Р. Тема вина в средневековой еврейской поэзии. – М., 2004. – 64 с.



1-сурет. Қостөбе қаласы. Қабырға сылағы (К.М. Байпақов бойынша)



2-сурет. Талас өңірі. Қыш қақпақ (Т.Н. Сенигова бойынша)



3-сурет. Ақтөбе қаласы. Шарап шеберханасы (XI-XII ғғ.)

Ж.Б. Аширбекова¹

¹т. э. к., доцент,

Ә.Б. Мұқан²

²тарих мамандығының магистрі, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан, musilmanka_aigerim_94@mail.ru

ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ ҚАЛАСЫ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТАРИХИ ОРДАСЫ

Аңдатпа

Мақалада Ежелгі Тараз қаласының басқа аймақтағы қалалардан мыңжылдық тарихи айырмашылығын ашып көрсету мақсатында тарихи деректер мен дәйектерге сүйене отырып, 2000 жылдық тарихындағы құрылымы мен қалану тарихы жүйелі зерттеулер бойынша қарастырылған. Ұлттық тарихымызды ұлықтауда ежелгі Тараз тарихы қайта жаңғырып, еліміздің тарихын асқақтатқан Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы тұсында Тараз қаласы өткен келбетін қайта жаңғыртып, жаңаша ғылыми-зерттеулермен толықты. Осы тұстағы жазба және тарихи деректер аясында Тараз өзінің көне шаһардың қалыптасуы мен тарихи күйреу кезеңінің басты оқиғалары баяндалады. Сонымен қатар елбасымыздың тарихымызды ұлықтаудағы игі бастамаларының негізінде жаңғырған Тараз қаласының келбеті – ұлттық тарихымыздың ашық мұражайы болғанын дәлелдейтін, қаламыздың бүгінгі таңдағы тарихи келбеті жайлы баяндалады.

Кілтгі сөздер: Тараз, сақ, ғұн, Ұлы Жібек жолы, қарлұқ, қарахан, зороастризм, манихей, будда, Талас, Әулиеата, соғы, Шыңғыс хан, Шу, Жәнібек, Керей, Абылай хан, Яны (Жаңа), Жамбыл, ЕХРО 2017.

Аннотация

Ж.Б. Аширбекова¹

¹д.и.н, профессор,

А.Б. Мұқан²

²магистр истории, Казахский государственный жеский педагогический университет,
г.Алматы, Казахстан musilmanka_aigerim_94@mail.ru

ДРЕВНИЙ ГОРОД ТАРАЗ-ИСТОРИЧЕСКИЙ ЦЕНТР КОЧЕВОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

В данной статье рассматривается историческая тысячелетняя разница города Тараз по сравнению с другими городами в разных регионах. Так же рассмотрели 2000 летнюю историческую структуру и историю становления с помощью системных исследований. В инаугурации национальной истории город Тараз имеет важную роль, так как значимое событие 550 ление Казахского ханства прошло в историческом городе. Город Тараз изменил свой облик в лучшую сторону и дополнил свой образ новыми научными исследованиями. Благодаря письмам и историческим данным в эти времена мы узнаем больше о истории древнего города Тараз. Хочу отметить, что город облик Тараз-наш открытый музей национальной истории.

Ключевые слова: Тараз, саки, гунны, Великий шелковый путь, карлук, қарахан, согди, Чингис хан, Яны (Новый) Жамбул, Шу, Абылай хан, зороастризм, манихей, будда, Талас, Жанибек, Керей, ЕХРО 2017.

Abstract

Zh.B.Ashirbekova¹

doctor of historical sciences, professor

A.B. Mukan²

master of history Kazakh state women's Teacher training university, Almaty,
Kazakhstan. E-mail: musilmanka_aigerim_94@mail.ru

THE ANCIENT CITY OF TARAZ HISTORICAL CENTER NOMADIC CIVILIZATION

This article discusses the difference millennial historical city of Taraz in comparison with other cities in different regions. Just looked at the 2000 Summer historic structure and formation history using system Trials. At the inauguration of the national history of Taraz city it has an important role as a significant event 550 anniversary of the Kazakh Khanate was held in the historic town. Taraz city changed its appearance for the better and complement its image with new research. Through letters and historical data in these times, we learn more about the history of the ancient city of Taraz. I note that the appearance of the city of Taraz, our open-air museum of national history.

Keywords: Taraz, saks, guna, The Great Silk Road, karluk, karahan, sogdy, Genghis Khan, Zhambyl, Kerei, Zhanibek, EXPO-2017, Shu, Abylai khan, Zoroastrianism, Manichaeism, Buddha, Talas.

Еліміздің тарихы – өз шежіреміз, болашағымызды қалыптастыратын кешегіміздің тірі тағылымы. Іргетасы қаланғанына жүздеген жылдар болған қалалар әлемде аз емес. Ал, бірнеше мыңжылдық тарихы

бар қалалар санаулы. Сондай-ақ елімізде ғана емес, Орта Азиядағы ең көне шаһарлардың бірі, бүгінде біз мақтан тұтар өркениетті Тараз қаласы.

Өте ертедегі Қазақстан қалалары сақ, үйсін, ғұн тайпаларының мәдениетіне байланысты өркендеді. Одан кейінгі мәдениет түрік, қарлұқ, оғыз, қыпшақ, қағанаттарының саяси өрлеуіне саяды. Міне, осы тарихи мәдениеттедің барлық уақыттағы, яғни соңғы 2 мыңжылдық тарихтың тірі куәсі - Тараз өңірі. Археологтардың зерттеулеріне сай Тараз қала ретінде XV ғ. басына дейін өмір сүрді, ал оның орнындағы отырықшы қоныс XVIII ғ. дейін болған.

Тараз қаласын I ғасырдан бастап Талас өзені бойын қаңлы тайпалары мекендей бастаса, үйсін, қаңлы, ғұндардың тарихта өшпес орны қалған қалалары Қытай шабуылы кезінде күйрейді (б.з.д. I ғ.) Одан кейін, яғни б.з. VI ғасырына дейін Сырдария мен Жетісу өлкесінде Тарбан, Тараз, Испиджап, Суб т.б. қалалар өсіп жетіледі. Осы кезде сақ тайпалары парсы патшасы Кирдің, інісі I Дарий, А.Македонскийдің жойқын жорықтарына қарсы тұрды. Осыдан көретініміз ата мекеніміз тарихында күрес дүбірі ешқашан толастаған жоқ. Ата-бабамыз келешек ұрпағына батырлық пен ерліктің үлгісін қалдырып отырған. Олар ешкімге бас имеген. Б.з.д. 36 жылы Қытай әскерінің шабуылынан Тараз қаласы күйреп үйінді астында қалған. Мықтап қираған қала VI ғасырда қайта гүлденіп, осы өңірде түркі тектес ұлттар қалыптаса бастады. [2]

Тараз қаласы әуел баста тәуелсіздік үшін күрескен ғұн мемлекетінің астанасы болды. Бұл кезеңде ғұн мемлекеті қаңлы елімен қырғи-қабақ жағдайда болып, Қытай әскеріне төтеп бере алмай, б.з.д 36 жылы қалаға лап қояды. Тараздың тарихында алғашқы рет құлауыосы оқиғадан бастау алады.

Тарихымыздың темірқазығына айналған, түркі халықтарының негізгі сауда орталығы болған Тараз қаласының ғұн көсемінің талабымен салынғандығы академик А.Н. Бернштам өз еңбектерінде былай деп баяндайды. «*Ғұн патшасы Чжи-Чжи Талас өзені алқабында өзі үшін және өзінің жасағы үшін қорған тұрғызды. Бұл кейінгі Тараз қаласы еді.*» [9; 100 б.]. Бұл қорғанды 500 жұмысшы екі жыл бойы салып, айналасын балшық дуалмен және күзет мұнаралары бар қосарлы сызықтарымен қоршалады. Алайда кейіннен қытай әскерлері мұнда үш рет шабуыл жасап, ақыры қиратады. Көптеген жылдар көрінбей кеткен Тараз қаласы алтыншы ғасырда тарих сахнасына қайта шықты. Бұл оқиға Жібек Жолының дамуымен де байланысты болды. Бұл көне дәуірдің өзінде бірқатар қағандықтар мен хандықтардың ордасы, орталығы болған Тараз қаласының мәртебесінің биіктігін көрсетеді. Яғни, көне Тараз өз тағдырының тарихи ізін әлем тарихының беттерінде қалдырды. [5]

С.Өтенияз «Ғұн ордасының пайда болды» атты ғылыми жұмысында Шөже Алтайдан батысқа қарай ұлы жорық жасап, қол астына көптеген тайпаларды бағындырған соң, өзінің қаңлы әскерімен қаңлы тайпасының жеріне орнықты. Көп ұзамай олардың сатанасы етіп Тараз қаласын салдырды» [6; 8 б.]. Бұл жерден ғұн тайпасының қаңлы тайпасына кіріптар болмағандығын, яғни, олар өз алдында үстем тайпа болып көптеген тайпаларды өз қол астына бағындырып, жеңістерге жетіп, өз әскери қажеттігі үшін жаңа астананың негізін салғанын көрсетеді. [3]

Зерттеушілердің көрсетуінше, Тараз сондай-ақ, Орта Азияның басқа қалаларындағы VI-X ғасырлардағы негізгі тұрғындар түркілер болды. Дегенмен, ол қалаларда соғдылар, арабтар, парсылар, сириялықтар да көп болған. Әсіресе, Батыс Түрік қағанаты соғды мәдениетімен тығыз байланыста болды (соғдылардың орталығы Самарқанд болды). VIII ғасырдан бастап Батыс Түрік қағанаты құрамындағы тайпалар арасында өзара соғыс басталған. Нәтижесінде, Іле өзенінен ығысқан түркештер Талас өңіріне келіп орналасқан VIII ғасырдың орта тұсынан бастап, Тараз түркештердің астанасына айналады. 751 жылы осы маңда өткен Атлах шайқасында түркештер арабтармен одақтаса отырып шабуылдап келе жатқан қытай әскеріне күйрете соққы берді. Шайқастан кейін арабтар кейін қайтып кетті де, түркештер арасында бір-бірімен өзара шайқасып, тайпаларға бөлініп кетті. Осы жағдайды пайдаланып, 766 жылы солтүстік-батыстан қарлұқтар ығыстырды.

Қарлұқтар бірте-бірте Іле, Шу, Талас, Тянь-Шань өңірлеріндегі түркі тайпаларын өздеріне бағындырды. Осы кезде Қарлұқ мемлекетінің де астанасы VIII-IX ғасырларда Тараз қаласы болды. Бұл кезеңде Тараз ғана емес, айналасындағы Жігіл, Барысхан қалалары пайда болды. Егер, тарихқа үңілсек, қарлұқ қағандары VIII-X ғасырлар аралығында екі ғасырдай билік еткен кезеңде, тараз археологы Сенигованың сөзімен айтқанда «*Тараз қарлұқ мемлекетінің орталығы болуымен бірге көшпенділер мен Орта Азия қалаларын байланыстыратын ірі сауда орталығы*», болған [1].

Бұл өңірде Қарлұқ қағандығы тұсында-ақ ислам діні терең тамыр жайған. Ежелгі соғды, түрік жазулары ығыстырылып, араб әліппесі тұрмысқа енген. Қалаларда мешіт, медреселер ашылып жатқан. Үлкен-үлкен әдеби ескерткіштер туған. Баласағұнның «Құтадғу білігі» мен Махмұт Қашғаридің «Диуани луғат ат - түрігі» осы тұста жарыққа келді.

840 жылы Исфиджаб билеушісі қарлұқ Білге құл Қадырхан қаған болып, жоғарғы үкіметті қолға алуды ниет етті. Бірақ дәл сол жылы саманидтер Исфиджабты бағындырып алды. Білге құл Қадырхан өлгеннен кейін қағанат билігі үшін талас жүрді. Осы талас-күресте оның екі баласы алымды-шалымдылық көрсетті. Базыр Арысланхан-Баласағұнды, ал, Оғұлшақ Таразды билей бастады. 895 жылы самани Исмаил ибн Ахмед Таразды тартып алды. 904 жылы Оғұлшақ саманидтерге шабуыл жасады. 915 жылы оның немере інісі Сатұқ Боғрахан Қарахан билігін орнатуға кірісті. Исламды қабылдап, саманилардың қолдауына сүйеніп Сатұқ Оғұлшақ билігін құлатты. Тараз бен Қашқарды өзіне бағындырды. 942 жылы Баласағұн билеушісін тақтан айдырды да, өзін жоғарғы қаған деп жариялады. Осыдан Қарахан әулетінің тарихы басталады [4].

X ғасыр аяқ шені – XI ғасыр басында Жетісуды, Оңтүстік Қазақстанды және Орта Азияны Қараханидтер әулеті жаулап алғаннан кейін Тараз жаңа мемлекет қожалықтарының астанасына айналады. VIII-X ғасырлардан бастап қалада әуелі «Түркеш теңгелерін», кейіннен «Қараханид дирхемдерін» шығарған теңге сарайлары жұмыс істеді. Тараз өз дамуының шырқау шыңына жетті.

1102 жылы Боғра хан Балығда (Алмалық) қайтыс болды. Осыдан кейін Тараз бен Баласағұнды билеп тұрған Қадырхан Селжұқтардың Орта Азиядағы үстемдігіне қарсы болып, жорыққа аттанды. Маураннаһирді қайтарып алды. Ол Термез түбінде жеңіліс тауып, Селжұқ сұлтаны Санжар-Ибраһим Қараханидтар әулетінің өкілі Арыслан ханды Маураннаһирдің билеушісі етіп қойды. Мұсаның орнын баласы Әли Арыслан хан басты да, жоғарғы қаған атағын алып, Тараз бен Баласағұнға да иелік етті. Артынан ол Баласағұнды Сатұқ Боғраханның немересі Хасенге берді. Бұлардың ұрпақтары кейін екі үлкен әулет болып есіп-өнді. Басты билеуші деп Арыслан Қарахан танылған. Мұның орталығы – Баласағұн. Ал Боғра Қараханды екінші билеуші деп білген. Оның астанасы осы Тараз қаласы болған.

Талас өңірінде Қарахан билігі тұсында, 960-жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Тарихи деректер бойынша Тараз қаласының тұрғындары зороастризм, манихей, будда діндері қатар өмір сүргендігі байқалады. Көп ғасырлар бой ұсынып қабылдаған және археологиялық қазба барысында зерттеліп дәлелденген діннің бірі зороастризм. Бұл дін Иранда I-II мыңжылдықта өмір сүріп, бергін келе V ғасырда Тараз қаласының тұрғындары қабылдаған. Зороастризм жорасымен жерленген алғашқы табыттар 1904 жылы Атшабар, 1931 жылы Ленин мен Базар көшелерінде жер қазу кезінде кездейсоқ табылған.

Аталмыш өңірде егіншілік мәдениеттің де биік деңгейде болғанын Әл Мақдиси Атлахтың бақтары мен жүзімдіктері ортасында тұрғандығын айтса, Вильгелм де Рубрук Талас алабынан жүзімдіктер көріп, екі рет шарап ішкенін жазған. Археологиялық қазбалар кезінде табылған атылғалы тұрған арыстанды бейнелейтін қыш құмыра, әркілы шыны, қола бұйымдардың қалдықтары Тараздың өз заманындағы халықаралық сауда орталығы болғандығын паш еткендей. Таразда шығарылған күміс дирхемдер Орта Азия қалаларында, одан да тыс жерлерде ұшырасқан. Тараз XI ғасырдың 70-жылдарына дейін өз теңгелерін шығарған.

Ежелгі Тараз мәдениетінің айғақтары: сақ, үйсін заманындағы ер адам, шығыс базары, ортағасырлық сәулет өнер үлгілері.

Әулиеата тұсындағы ақшалар, көне түрік нақыштары бар оюлы тастар, көкеністерді суландыратын қыш құбыр, әр алуан көлемдегі құмыралар, т.б. құнды жәдігерлер болып табылады. Осындай мәдениеттің дамуына тікелей әсер еткен Қытайдан Жерорта теңізіне дейін Еуразияны басып өтетін керуен жолдарының тоғысқан торабы – Ұлы Жібек жолы керуен жолдарының түйіскен жері Тараз өңірі еді. Ол қаланың дамуына әсер етіп, осы арқылы түркі халықтарымен дамыған елдер санасып отырды. Егер Қазақстан арқылы Ұлы Жібек Жолының екі тармағы өтсе, соның бірі Таразға соғатын. Қазақ тарихындағы Ұлы Жібек Жолы жолы бойындағы ежелгі ірі қалалардың бірі болып саналады және деректердің қайнар көзі болып табылады [2; 316 б.].

Ежелгі Тара қаласы түркі жолындағы аса ірі сауда, қолөнер орталығы болған, бірнеше керуен жолдарының тоғысқан жерінде тұрған бұл қаладан шартарапқа кететін керуен жолдары кетіп жатқан, олар: Ферғана жолы, Жоғары Талас жолы, Телікөл жолы, Қимақ жолы, Талас жолы.

Ферғана жолы: Тараздың оңтүстік-шығысқа жүрген бұл жол Үлкен қақпа шатқалынан өтіп, Шелжі (Садырқорған, VI-XVI ғ.) қаласына, одан кейін оңтүстікке бағыттталып, Қарабура өзенін жағалап, Талас Алатауындағы Қарабура асуынан асып, Қарақысмақ, шатқал өзендерін жағалап отырып, Шанаш асуы арқылы Шатқал Жібек жолының Оңтүстік бетіне, Ферғанаға өтіп, Ұлы Жібек жолының оңтүстіктегі (Ферғана) тармағына қосылған. [7]

Жоғары Талас жолы: Тараздан Шелжіге дейін Ферғана жолымен бірге жүрген, Шелжіде шығысқа бұрылып Сус (Шалдовар), Кул (Орловкалық Ақтөбе), Табакет (Талас қаласы жанындағы Ақтөбе), Дех

Нави (Каскантибе) қалалары арқылы Таластың жоғарғы ағысымен Шу арқылы Ыстықкөлдің батыс жағына шыққан.

Телікөл жолы. Тараздан солтүстік-батысқа қарай жүрген керуен жол Кіші Бұрыл тауының батыс етегіндегі Бесжылдық 1 (VIII-X ғғ.) Бесжылдық 2 (X-XII ғғ.) мекендерінен өтіп, Бектөбе (VI-XII ғғ.) Қаракемір қалалары арқылы Тамдыға жетті. Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевич пікірлеріне қарағанда бұл жол Тамдыға Биліккөлдің солтүстік жағасымен өткен. Қимақ жолы. Тараз қаласында Түркі жолынан бөлініп шығып, қимақтарға кеткен жол туралы Тамим ибн Бахр былай деген: «Тараздан шыққан жол Кавакет деген жердегі екі елді мекен, өңделген жерлер арқылы өтеді. Тараздан оларға дейінгі аралық 7 фарсах. Осы жерден қимақ патшалығына дейін өзімен жол азығын алып, суыт жүрген салт атты үшін 80 күндік жол».

VII-VIII ғасырларда Жетісу өлкесінде түрік қағандықтарының күшеюіне байланысты Қытайдан батысқа Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жолдың халықаралық маңызы артып, елші мен сауда керуендерінің басым көпшілігі осы жолмен жүрді. Жібек жолының шеңберіне ену Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу өңірінде қалалық мәдениеттің дамуына да үлкен әсер етті. Жолдың бойында қалалардың орналасуы керуен жолмен өтетін жібектер мен тауарлардың белгілі бір бөлігі осы қалаларда қалып отырды. Бұған археологиялық қазбалар кезінде табылған заттар айқын айғақ бола алады. Мысалы, Тараздың орынан I Юстианның византиялық алтын солиді табылған, оның бір бетінде дулыға киіп, найза мен қалқан ұстанған император, екінші бетінде қолына крест ұстаған Жеңіс Құдайы бейнеленген [8].

Жібек жолы бойымен тек бұйымдар тасылып қоймай, сонымен бірге әлемдік сәулет өнерінің жетістіктері де тарады. Осының нәтижесінде Шығыс пен Батыс тоғысқан Қазақстан қалаларында мәдениет дамып, отырықшы қалалықтар мен көшпелі тайпалар арасында тығыз байланыс орнап, таңғажайып туындылар дүниеге келді. Жібек жолы бойындағы ежелгі қала болғанын дәлелдейтін дерек II Юстинанның Иранға қарсы әскер одақ және жібекпен сауда жасасу туралы мәселелерді шешуге жоғарыда келтіргендей Түрік қағандығына келген грек елшісі Земархтың хабарламасында айтылған.

630 жылы Сюань-Цзьян жазбаларында Талас әртүрлі елдердің саудагерлері сан алуан сауда жасайтын ірі сауда қаласы ретінде сипатталады. Қалада көптеген соғды, сирия т.б. саудагерлері тұрған. Өз кезегінде тараздықтардың Хорасанда, Бағдатта, Исфаханда және т.б. қалаларда өздерінің тұрақты сауда орталықтары болған. М.Қашқари жазбаларында Тараз тұрғындары соғды, түркі тілдерінде сөйлейтіндігін жазады [6; 8 б.].

Сонымен қатар, Тараз қаласында аты беймәлім қаншама зиялы ақыл ой иелері, абыздар, ақындар, күйшілер де болған. Көне деректер біздің туған қаламыз осындай зиялы адамдардан кем емес екенін дәлелдейді. Соның бірі арабтың тарихшы, саяхатшысы Яқұт әл-Хамади ар-Руми (1179-1229) өзінің "Мұғджанәл Булдан" (Елдер сөздігі) немесе "Елдер жайлы сөздік" атты еңбегінде Тараз туралы айта келе "Одан бір топ ғалымдар шыққан дейді", автор өз зерттеуінде Махмуд бин Әбу бин ат-Тарази деген ғалымның атын айтады. "Ол білгір, салиқалы, Құранды мәнерлеп оқудың үздігі болатын, Әбу Садық Ахмал ибн Хасан аз-заңды Әл-Бұхари жайлы хадис жазған еді" - дейді. Ғалым Махмуд Қарахан мемлекетінің дәуірінде білім алған, ол уақыт ғылым мен мәдениет дамып, сәулет өнерінің шарықтау кезімен тұспа-тұс болып отыр.

Жоғарыда көрсетілгендей, Ә. Дербісәлиев «Қазақ даласының жұлдыздары» еңбегінде мынаны айтады: Тараздан Баласағұн мен Махмұт Қашғаридан басқа, Махмұд бин Әли, Әбу Таһир Мұхаммад, Шамс сияқты Ат-Таразилар шыққан. Бірінші аталған кісі «білгір факиһ, салиқалы аңғарымпаз, Құранды мәнерлеп оқудың үздігі болған. Ол Таразда туып, шығармаларын сол кездегі ғылым, білім, өнер тілі - араб тілінде жазған. Тегі - дулат. Ол 1135 жылы қайтыс болған. Ал Әбу Таһир Мұхаммад Таразда туып, Исфаһанда тұрған. Сондықтан ирандықтар оны «Һаджир» (келімсек) деп атаған. Бізге бұл ақынның мынадай елең жолдары жеткен:

Киік менің жарамды тырнайды,

Жанарыма ол ұйқы бермейді.

Ол түркі нәсілді Тараз киіктерінен еді.

Оның екі беті сұлулығы жібек іспетті.

Оның екі беті Тараз секілді мүскүс еді.

Бұдан ақынымыздың туған елін, жусанды жерін сағынғаны, санаменен сарғайып жүрген көңіл күйі аңғарылады. Шамс та Тараздан шыққан ақын екен. Оның есімі діни-мифологиялық желіге құрылған, түркі тілінде жазылған «Кесікбас жайлы дастан» арқылы белгілі болып отыр. Бұл - XIII ғасырдың соңы мен XIV-ғасырдың басында өмір сүрген, атағы алысқа танылған жерлес ақын [9].

Екінші айтарлық жаңалық Иақұттың еңбегінде Тараз қаласында туылған тағы бір жерлесіміз толық аты-жөні Әбу Таһир Мұхаммед бин Әбу Насыр Ибраһим бин Макки ат-Тарази Таразда туып, Испиджап-

та тұрғандығы, кейіннен Иранда ғұмырын өткізгендігі айтылады. Ол жөнінде ғалым бұған жауапты Парсы тіліндегі шежірелерге үнілгенде табамыз деп тұжырымдайды. Әрине Тараз тек өзінің тарихымен ғана емес зиялы ғалымдармен де атағы шыққан қала.

XIII ғ. басында Жетісу мен Орта Азия үшін аласапыран кезең туып, моңғол шапқыншылығының қарсаңында, Орта Азияда үстемдік ету үшін қарақытайлар, наймандар, Мұхамед хорезмшах араларында күрес болып Тараз бір қолдан бір қолға өтеді. Көптеген зерттеушілер Оңтүстік Қазақстан қалаларында, соның ішінде Таразда түркілердің саны басым болып, соғдылардың, әсіресе, 580-731 жылдары тығыз орналасуына қарамастан Тараз қаласы X-XII ғасырда Тааридің айтуынша «түркі патшаларының ордасы» болып хандық құрылған қазақ халқының негізі XI-XII ғасырларда қалыптаса бастады деген тұжырым жасайды [2].

XIII ғасырдың басында Шыңғыс хан бастаған моңғолдар жорығы басталды. Жер қайыстырған қалың қол 1207-1215 жылдарда айналасын түгел жаулап алып, 1218 жылы Жебе ноян бастаған 20 мың сарбаз Күшлік ханға қарсы Жетісуға аттанды. Қарауындағы елге қатыгездік көрсетіп, мұсылман дінбасыларын қырып салған Күшлік хан өз ішінен қолдау таппай тез қиратылды. Бадахшанға қашып барып, Сарықолда өлтірілді. Шыңғысхан әскері Орта Азия мен Қазақстанды 1219-1223 жылдары жаулап алды да, бөліске салды. Орта Азия мен Қазақстанға моңғол жұрты түгел қоныс аударып келген жоқ. Тек әскері келген. Қаптаған қалың қолы жаулап алу мақсаты орындалғаннан кейін олжаларын алып, 1224-1225 жылдары елдеріне қайтқан. Шағатай мен Жошы қарамағында шамалы ғана моңғолдар қалған. Олар кейін жергілікті түркі тілдес халықтарға судай сіңіп кеткен. Билік басына ілінген моңғол өкілдері де аз уақытта жергілікті елдің тілі мен әдетдағды, мәдениетін қабылдап, бөтендік белгілерін жойған. Олар түркілердің тіліне, әдебиет, мәдениетіне, салт-сана, дініне ықпал-қысым жасамады. Шаруашылық, экономикасына ауыр зардап келтіргенмен, бытыраңқы тайпалардың басын қосып, бір мемлекет болуға шоғырландырды. Олардың өзара қырқысуын, шабуыл-шатағын тыйды. Сөйтіп қазақтың халық болып қалыптасуына түрткі болды. [9].

Осы жерде бір ескерте кетер нәрсе - Шыңғыс ханның әскері Жетісуға келіп кіргенде қарлұқ-Қарахан билеушісі Арыслан хан қарсылықсыз бағынған. Оған Шыңғыс хан өз қызы Алқа бикені берген. Сөйтіп, біздің Тараз моңғолдардың ат тұяғында көп тапталмай, аса қирамай қалған сияқты.

XIV-ғасырдың 70-90 жылдарында Әмір Темір Солтүстік Моғолстанға бірнеше жорық жасап, Чарын, Іле езендеріне дейін барған. Сонда біздің Таразда да бірнеше рет қона жатып, ат шалдырған. Бұл тұста моңғолдар қиратқан қалалар, оның ішінде Жетісудағы, Шу мен Талас алқаптарындағы Баласағұн, Сұяб, Тараз қалалары қайта көтеріле бастады. Отырықшылық, егіншілікті қайта қолға алып, дамыта түсті.

XV ғасыр мен XVI ғасырдың басы патриархтық-феодалдық қатынастардың нығайып, феодалдық мемлекеттің дамыған кезіңі болды.

Бұл хандықтардың шығуына негіз, алғышарт жасады. Хандықтар соғысу, жаулап алу жолымен емес, экономикалық, этникалық негізде құрылды. Дешті Қыпшақта пайда болған Әбілқайыр хандығы Өзбек хандығы деп аталды. Сол тұстағы Орта Азия ғалымы Рүзбехан бұл хандық туралы былай деп жазды: «Өзбектерге үш түрлі халық жатады. Бұпар - Шыңғыс ханның қол астында болған халықтардың ең тамаша жақсылары. Бұлардың бірі Шейбаниге қарасты тайпалардың барлығы... Екінші бір халық - қазақтар, бұлар күші мен ержүректігі жағынан бүкіл жер жүзінде даңқы шыққан халық және үшінші бір халық-маңғыттар...» XV ғасырдың ортасында Әбілқайыр хандығына Сырдариядан Сібір хандығына дейінгі байтақ жер қарады. Жетісу да, біздің Тараз да осы хандық қарамағында болды. Бұл тұста хандықта династиялық күрес күшейіп, Әбілқайырдан жеңілген Барақ ханның балалары Керей мен Жәнібек сұлтандар ауылдарымен Шу бойына көшіп келді. Моғолстан ханы Исанбұқа өз қарауындағы Шу мен Талас алқаптарындағы Батыс Жетісу аудандарын солардың иелігіне беріп қойды [6].

Әбілқайыр мен оның тумалары феодалдық езгіні күшейтіп, халықты запы қылды. Мал жайылымдарын, суаттарды пайдалану жөн-жосығын бұзды. Осыған шыдамаған кептеген тайпалар ауа кешті. Өзбек хандығынан безіп, бірсыпырасы шығысқа қашты. Бұл туралы Дулат Мұхаммед Хайдар «Тарихи Рашиди» еңбегінде былай деп жазған: «Әбілқайыр бүкіл Дешті-Қыпшақты билеп төстеді... Керей хан, Жәнібек сұлтан және басқалары сияқты бір топ сұлтан біраз халықты ертіп, Моғолстанға қашты... Исанбұқа қашқындарды жақсы қарсы алып, олардың мекендеуіне жерінің бір түкпірін берді. Мұнда олар қауіпсіз жағдай тауып, күндері тыныш өтті. Әбілқайыр елгеннен кейін Өзбек ұлысында ырың-жырың күшейіп, дала мекендеушісі езінің қауіпсіздігі мен өз басының қамына бола Керей хан мен Жәнібек ханнан пана сұрады. Сөйтіп, бұлар қашқындардың осылай ағыл-тегіл көшіп келуімен күшейіп алды. Алғашында әлгі қашқындар, ал кейіннен басқа да көп жұрттар қашып, белініп кетіп, біраз уақыт бойына малсыз, мүліксіз,

қаңғып жүрген адамдар болғандықтан, оларды жұрт «қазақтар» деп атап кеткен. Сейтіп оларға тағылған осы ат соларға бекіп қалған».

Жәнібек хандығының территориясы алғашында Шу мен Сырдария аралығын алып жатты. Кейінірек Әбілқайырға тәуелсіз басқа сұлтандардың иеліктері де қосылды. 1468 жылы Әбілқайыр дүние салды. Өзбек хандығындағы феодалдық шиелініс мүлде күшейді. Осымен байпанысты Жетісуға қоныс аудару тіпті жиіледі.

Осы сәтті пайдаланып Жәнібек пен Керей ұрпақтары Дәшті-Қыпшаққа қайтып келіп, мұндағы сұлтандармен одақтасып билікті ез қолдарына алуға әрекет етті. Бірақ олар мұнда бекіне алмады. Кескілескен күресте Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шейбани (1451-1510) билікті басып алды. 1480 жылы Жәнібек хан дүние салды. Орнына Керейдің баласы Мұрындық хан (1480-1511) келді. Ол билігін күшейтіп, иелігін едәуір ұлғайтты. «Қырдың құдыретті ханы, ұлыстың ұлы адамдарының бірі» деп танылды. Шейбани мен Мұрындық арасындағы тартыс XV ғасырдың 80-90 жылдарында қатты шиеліністі. Бұл тартыс ақыры уақытша бітіммен аяқталды. Шейбани күшейіп, Әмір Темір тұқымдары билеп отырған Маураннаһирға жорыққа аттанды. Ол 1501-02 жылдары бүкіл Орта Азияны жаулап алды. Бұл қазақ сұлтандарының тынысын кеңейтіп, күшеюіне жағдай туғызды. Осы кезде «Өзбек», «Қазақ» деген атау жіктеліп, ауқымы айқындала бастады. 1510 жылы Хорасанға басып кірген Иран әскері Шейбани ханды елтірді. Осыдан кейін Жетісу Мұрындық ханның тұсында-ақ аты шыққан, Жәнібек ханның баласы Қасым сұлтанға қарады. Мұхаммед Хайдардың айтуынша, «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдыретті ешкім болған емес». Мұрындық өлген соң ол бүкіл Дәшті Қыпшақтың ханына айналған. Қасым хан 1518-1523 жылдар арасында қайтыс болған. Осыдан кейін қазақ сұлтандары арасындағы билік үшін күрес күшейе берді. Жетісудың Шу,Талас, Іле езендері алқаптарындағы көшпенділер мен егіншілер өздерінің дәстүрлі ерекшеліктерін сақтап, экономикалық, саяси байланыстары жағынан жақындасып, «Ұлы жүз» атанды. Осы жүздің басқару, мәдени орталықтарының бірі - өзіміздің Тараз қапасы болды. Жетісу Қасымның мұрагерлері Мамаш, Таһир, Бұйдаш, Тоғым хан дегендердің де үстемдігін көрді. Бұлардан кейін Қасымның баласы Хақназарға да (1538-1580) қарады. Одан кейін оның ізбасарлары Шығай (1580-1582), Тәуекел (1583-1598), Есім хан (1598-1628) биледі. 1680 жылы хандық Жәңгірдің баласы Тәукеге тиді. Ол Ресеймен қатынасты күшейтті. Дәл осы хандық тұсында Қазақ хандықтарына Жоңғар феодалдарының қаупі төнді. Ойраттарға қарсы үлкен айқастың бірі 1643 жылы Жаркент жеріндегі Белжайлауда болды. Жәңгір хан әскеріне көмекке асыға аттанған Жалаңтес батырдың 20000 қолы Жібек жолымен біздің Таразды басып еткен. Ақыры жоңғарлар 1723 жылы Қаратау асып, Талас өзенінің алқабына басып кірді. Ақтабан – шұбырынды біздің Таразды да шарпыды. Осыдан кейін Қазақстанның Ресейге қосылуы басталды [8].

XII ғасырда Қарахан мемлекеті әлсіреп, оны қарақытайлар жаулап алады. 1210 жылы қарақытайларды хорезмшах Мұхамед талқандады. 1220 жылы қаланы Шыңғысхан әскері жаулап алады. Тараз Шағатай ұлысына бағынады. Тараздың орынына Яны (Жаңа) деп аталған қала тұрғызылады. Онда 1334 жылға дейін ақша шығарылып тұрған. Дәуітбек, Тектұрмас, Манас мазарлары салынған. Қала қайтадан жандана бастаған тұста 1307 жылы Шағатай ұрпақтар арасындағы тақ таласы кезінде тағы да шапқыншылыққа ұшырайды. Осыдан кейін Тараз 1345 жылы жазылған деректерде «Мәуененаһрдан Алмалыққа баратын сауда жолындағы қала ретінде кездеседі. Еуропадан Үндістанға су жолы ашылғаннан кейін XV-XVI ғ. бастап Ұлы Жібек жолының мағзы түсіп кетті. Оған орта Азия билеушілерінің өзара үздіксіз соғыстары қосылып, оңтүстік қалалары қаңырап бос қалды. Сөйтіп, кезінде түріктердің астанасы болған шаһар жай ғана қыстаққа айналады. 1456-64 жылы Шу бойында қазақ хандығы құрылады да, XVI ғ. аяқ кезінен бастап қазақ ордасына қосылды. 1723 жылы Талас өңірі жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырады. 1729 жылы Аңырақай шайқасынан кейін қазақ рулары атамекендеріне қайта бастады. 1771 жылы Абылай хан таққа отырғанында Еділ қалмақтары қазақ жері арқылы өздерінің туған жері Жоңғарияға қайтты. Қазақтардың қалмақтарға алаңдауы байқаған қырғыздар осы жағдайды пайдаланып Іле, Шу, Талас өңірлерін тіпті, Шалақорған, Созақты басып алады. Абылай хан басшылығымен қазақ әскері қырғыздарды аталған өңірден кейін шегіндірді. Жеңіске жеткен Абылай хан 1774 жылы өз ордасын Талас өзенінің бойына тікті және қамалды қайта тұрғызу үшін қарақалпақ шеберлерін алдыртады. Жаңа қала Қарахан әулетінен шыққан Ша Махмұттың мазарының қасында салынғандықтан Әулиеата деп аталады. Қаланы салуға Құлышбек батыр бастаған қарақалпақтар да қатысады. XIX ғасырдың басында Таластың жоғарғы жағын тағы да шетелдіктер мен қоқандықтар басып алады. Әлім хан қазақтың Ұлы және Орта жүздеріне билік жүргізу үшін 1809 жылы қаланы басып алып, оны қайта салуға кірісті. Оның ісін мұрагері Мәделі хан да жалғастырды. Ол 1837 жылы қамалдың оңтүстігіне Наманганнан 28 отбасын әкеліп орналастырды. Олар орналасқан аймақта Наманган көшесі пайда болды. 1856 жылы Шығыс базары салынды. Базардың

айналасына қолөнершілер лавқалары, керуен сарайлары, шайханалар тұрғызды. Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Әулиеата Ташкент пен Ферғанадан Омбыға баратын негізгі сауда орталықтарының біріне айналды. Бірақ қала халқы Қоқан хандарының аса ауыр езгісіне ұшырап, жиі-жиі көтеріліс жасап отырды. 1821 жылы Русем сұлтан бастаған көтеріліске 12 мың адам қатынасты. Онан кейінгі бас көтерулер Байзақ датқа түсті. Оның жасағын-да Саурық, Сыпатай, Байсейіт, Сұраншы секілді әйгілі батырлар болды. Олар кейіннен 20 мыңдық Кенесары әскерінің негізгі бөлігін құрады. Көтерілісшілер Әулиеатаны қоршап ала алмады да, Сарыарқаға шегінді. Ұлы жүздің көпшілік бөлігі Қоқан мен Хиуа хандықтарына бағынышты болды. Олар қазақтар мен қырғыздарға аса көп мөлшерде салық салуы халықтың наразылығын тудырып, көтерілістің жиілеуіне себепші болды. Осыны пайдаланған патша үкіметі Лепсі, Қапал, Алатау бекіністерін салып, Жетісуға орналаса бастады. 1854 жылы Верный бекінісі тұрғызылды. Қазақтар мен қырғыздардың қоқандықтарға қарсы көңіл-күйін пайдаланған орыс әскерлері Тоқмақ, Меркі, Әулиеата, Шымкент, Созақ, Ташкент қалаларын басып алды. Қоқандықтарға қарсы орыс әскерлеріне 5 мың қазақ жастары көмектесті. Ұлы жүз толығымен Ресейдің қол астына өткеннен кейін, 1867 жылы Әулиеата уезі құрылды. Ол Сырдария облысына қарады. 1874 жылдан бастап өлкеде алғашқы переселендер (ішкі Ресейден) келе бастады. Переселенер үшін жергілікті тұрғындардан жақсы жер учаскілер тартып алына бастады. Онда қазақтар, орыстар, украиндер, өзбектер тұрды. 1914 жылы санақ бойынша қалада 17880 адам тұрған. Оның 6577-і қазақтар [10].

1871 жылы қалада алғашқы кітапхана ашылған.

1914 жылы I-дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін салық мөлшері 3-4 есеге өсті. 1916 жылғы патша жарлығы Әулиеата аймағында жаппай халық көтерілісі басталды. Мерідегі көтеріліске Т.Рысқұлов қатысты. Ішкі Ресейдегі секілді Әулиеатада да 1917 жылы 17 наурызда жұмысшы солдат депутаттар Кеңесі құрылады. Көп ұзамай қара жұмысқа алынған қазақтар босатылады. Әулиеата мен Меркіде «Қазақ жастарының революциялық одағы» құрылды. 19 қарашада 1917 жылы Әулиеатада Кеңес үкіметі орнады. 1918 жылы азамат соғысы басталды. Жер-жерде Кеңес үкіметіне қарсы көтерілістер орын алды. 20-жылдардың аяғы 30-жылдардың бас кезіндегі ашаршылық жылдарында Әулиеатада 1931 жылы тұңғыш рет жетімдер үйі ашылды [9].

1939 жылдың 14 қазанында Жамбыл обылысы құрылып, халық саны 64000 құрады

Соғыс жылдарында (1941-1945 жж.) Жамбылға жау басып алған аймақтардан 30 мыңнан аса адам орналастырылды. Соғыстың бас кезінде Жамбылда 105-ші әскер дивизиясы жасақталып, 1942 жылы майданға аттанды. Мындаған Жамбылдықтар Панфилов дивизиясында қызмет етті. Ол дивизияны Б.Момышұлы басқарды.

Соғыстан кейінгі жылдары қаланы өркендету жұртшылығының қатысуымен жергілікті бюджет есебінен жүргізілді. Тәуелсіздік алғаннан кейін халықтың талап-тілегін ескере отырып, ел Президенті Н.Ә.Назарбаев 1997 жылы 8 қаңтардағы Жарлығымен Жамбыл қаласына тарихи аты Тараз атауын қайтарды, ЮНЕСКО шеңберінде 2002 жылы 25-26 қыркүйегінде Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойы аталып өтілген болатын. Өзінің тарихи атауын алған Тараз қаласы-Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық дамудағы өзінің сүмбелі үлесін қосып келе жатқан қала. Екі мың жылдам астам тарихи бар көне Тараз қазірде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері қалаларының арасында жасы жағынан Самарқаннан кейінгі орында.

Тараз қаласы жөнінде ортағасырлық жазба деректерде жоғарыда көрсетілгендей әр кезең бойынша жетілікті түрде жазылған, заттай деректер тарихымызды тереңінен зеттеуге, тұжырымдар мен дәлелдерге дәйек болатын бірден-бір дерек көзі болып табылады. Мысалға алар болсақ, ғалымдарымыздың зерттеулеріне арқау болған Қытай жылнамасындағы деректерді қазіргі Тараз қаласының орнында б.ж.с. дейін-ақ елді-мекендер болғандығы туралы А.Н.Бернштам, Т.Н.Сенигова, А.Т. Агаева, М.С.Мершиев, Р.И.Ремпель басқарған археологиялық зерттеулер материаларымен дәлелдене түседі. Бұл деректер Тараз қаласы қазіргі жыл санауымызға дейінгі 42-41 жылдары немесе б.з.д I ғ. салынғаны нақты мүмкіндік береді. Ежелгі Тараз қаласының орны қазіргі осы қаланың орталық көк базар орналасқан жерде деп алғаш тұжырым жасаған ғалым-археолог М.Е. Массон болса, ғылыми жағынан нақты А.Н.Бернштам дәлелдеген. Қаланы ғылыми тұрғыда зерттеу 1867 жылы П.П.Лерховтан бастау алса, оны 1893 жылы Бартольд, 1929 жылы Е.И.Агаева мен Г.И.Пацевич, 1958 жылы Т.Н.Сенигова жалғастырды. Қаланың көлемі мен ішкі құрылыс орындарын және мәдени қабаттарының қалыңдығын анықтады. XX ғасырдың 60 жылдары Ә.Марғұлан атындағы археология институтының мамандары бірнеше рет ірі-ірі зерттеу қазба жұмыстарының негізінде Тараз қаласының бірнеше рет шапқыншылыққа ұшырап, қайта бой көтергенін дәлелдейтін бірнеше мәдени қабаттарды анықтады. Олар қаланы 5-мәдени қабаттарын 9-шы мәдени қабаттарына жеткізіп, тарихымыздың төркіні ілгеріден бастау алғаны жан-жақты дәлелденді.

Сонымен қатар 2014 жылы 23 ақпанында тікелей елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен облыс әкімі К.Көкрекбаевтың басшылық етуімен ежелгі Тараз қаласын зерттеу жөнінде ғылыми-әдістемелік кеңес құрылып, қалада қазба жұмыстарын жүргізуге бірнеше ғылыми экспедиция тартуға ұсыныс жасалды. Бұған дейін 2011 жылдан бері ежелгі қала орнындағы қазба жұмыстарымен «Археологиялық экспертиза» ЖШС айналысып келеді. Бұл шешімнің маңыздылығы сонда, Қазақстан тарихында бірінші рет орта ғасырлық қаланы қазуға осы саладағы басты мамандар тартылып, арнайы мамандардың ғылыми мүмкіндігі мен тәжірибесін пайдалану арқылы кең көлемдегі әр түрлі бағытта археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге жол ашылды [8].

М.Е. Массонның зерттеулерінде көрсетілгендей Тараз қаласының көк базар орнына, 2014 жылы ежелгі Тараз қаласына ғылыми-зерттеу жұмыстарын 10 маусынан бастап арнайы сәуір айында жарияланған кеңес шешімімен 4 орталық жетекшілігімен жүргізіле бастады.

Яғни, 1-лот шахристанның солтүстік қақпасының орнын анықтау мен қала бекініс жүйесінің элементтерін зерттеуге:

- «Археологиялық экспертиза» ЖШС жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Карл Байпақов;

- Шахристанның шығыс қабырғасын анықтау, алып жатқан көлемі мен шекарасын белгілеуге «Археолог» Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов;

- Цитадельде алып жатқан жер аумағы мен әр түрлі қазба жұмыстарын жүргізуге «Қазархеология» ЖШС жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Жұман Смайлов;

- Раббаттарда зерттеу жұмыстарын жүргізуге «Археология экспертиза» ЖШС жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Виктор Зайберт (директор Арман Омарходжаев) және Дмитрий Воякин бастаған экспедициялар жұмыс істеуде [9].

Ғылыми-зерттеу қазба жұмыстары барысында алғашқы күннен бастап қаланың жобасы Қазақстанда тұңғыш рет тодалит аспабымен картаға түсіріліп, оның сақталған бөліктері көрсетілді.

Оңтүстіктен солтүстікке, батыстан шығысқа бағытталған әр түрлі тастан қаланған қабырғалар, шағын құрылыстар қыштан жасалған ыдыстар, көзелер, сырлы бояулы шырағандар VIII-XIX ғасырларда салынған кезеңді қамтиды. Қазба жұмысын «ЕКСПО-2017» көрмесінде табылған жәдігерлерімізді аспан асты мұра-жайы ретінде көрсетілетін жобалардың біразы аяқталып, Тараз қаласы 2017 жылы туристер шаһары ретінде тарихымызды әлемге танытатын көшпенділер тарихының ордасына айналмақ.

Елбасымыз қолдау білдірген «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламалары аясында ұлтымыздың ұлы тарихын тануға кең жол ашылғанын, еліміздің тарихындағы елеулі оқиға Қазақ хандығының 550 жылдығын Талас пен Шу өзендерінің арасындағы Жайсан шатқалында Керей мен Жәнібек сұлтан-дар Қазақ хандығының негізін қалаған жерде болуы еліміздің оңтүстік өңіріндегі ежелгі Тараз қаласының тарихының жандануына ұлттық тарихымызды ұлықтауға жол ашқан, еліміздің мақтанышына айналды.

«Бүгінгі біздің, Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы Елордамыздан бастау алған, 2000 жылдық тарихы бар Тараз қаласында жалғасып жатқан бұл мереке біздің халқымыз үшін, әсіресе, келер ұрпақ үшін өте керек еді. Біз бодандық кезеңінде жүріп, тәуелсіздік алмай жүрген кезде өз тарихынан ажырап қалған халықпыз. Біздің тарихымыз терең екенін жастарға көрсетпесек, біздің онда «Мәңгілік Ел» болу деген идеямыз орындалмайды», – деп елбасымыз айтқандай, тарихымызға үңілсек, көне Таразды айтпай кетуге болмайды. Сондықтан да елбасымыз осы жылдардың ішінде көне тарихымызды барлық жер-жерлерден іздестіріп, тауып, жинап, жазып, елімізге ұлықтау аясында көптеген тарихи шаралар ұйымдастырылып, тарихымыз тереңінен зерттеліп жаңғыра түсті.

Яғни, оның куәсі ретінде бүгінде елбасымыздың Тараз қаласында айтқан сөздері халықымды рухани қуаттардыра түсті. *«Біз кеше ғана бола қалған халық емеспіз. Сонау сақтардан, ғұндардан, түркі мемлекеттерінен, одан кейін Алтын Ордадан қалған. Керей мен Жәнібек артына ел ертіп, Шудың жағасына ту көтерген кезде, қазақ деген сөз сол кезде шыққан болатын. Соны дүниежүзіне паш ету үшін, әсіресе, ұл-қыздарымыз, келе жатқан ұрпақ тарихымыздың терең екенін білсін деп осыны жасап отырмыз. Қазіргі қиын-қыстау заманға қарамай осындай үлкен тарихи кешен ашып, Таразда Қазақ хандығының 550 жыл-дығына арналған монументтің ашылу еліміздің ажарын келтірді. Қазақ хандығының 550 жылдығы бүкілхалықтық мереке аясында ежелгі қаланы жаңғыртып, келбетін тағы да бір өзгерттік. Тараздың 2000 жылдығын атап өтеміз деп бір жаңартқан болатынбыз. Енді 550*

жылдыққа байланысты Тараз қаласының іші де, сырты да абаттанып, әдемі болды. Қазақстанның барлық облыстары атсалысты.», – деді. [7]

Сонымен қатар тағы да ескеретін тарихты жаңғыртуда атқарылған шара -Тараз арқылы ұлы Жібек жолымен өтетін «Батыс Қытай - Батыс Еуропа» даңғылы салынып, бұрын-соңды болмаған жолмен жүріп жатқандарыңызды білесіздер. Бұл қала арқылы, облыс арқылы темір жол өтеді, бұл қала арқылы газ құбыры өтеді. Көне Шаһар орталығында музей ашылып, қазба жұмыстарының жүргізілуі.Тараз қаласын көркейту үшін барлық өңірлер қосылғанын айта келе, 20-ға жуық көше жаңадан салынғанын, монумент-тер орнатылып, үйлер мен қоғамдық нысандарға жөндеу жүргізілгенін атап өтті.

Таразда Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу кезінде республикалық маңыздағы тарихи ескерткіш – «Ежелгі Тараз» археологиялық паркі ашылды, оның аумағында бақылау мұнарасы, «Тараз саздары» стеласы, «Мыңбұлақ» гүлзары орналасқан. «Ежелгі Тараз» паркі облыстың халықаралық туристік брендті болмақ, бұл нысан ЭКСПО-2017 Бүкіләлемдік көрмесіне келетін қонақтар болатын орындар қатарына енгізілді.

Ежелгі Тараз тарихының бүгінгі ажары ежелгі жазба және заттай деректерді пайдалана отырып тарихи құндылықтарымызды жаңғырту мақсатында ежелгі тарихына сүйене отырып, жаңаша келбеті қалпына келтірілді.

Тараз бен облыс өңірінде қазақ халқының тұрмыстық мәдениетін, өнерін, тарихын ғылыми тұрғыда дәлелдейтін көптеген ежелгі тарихи-мәдени мұралар сақталған. Олардың қойнауын ақтарсақ сонау көне замандағы ата-бабаларымыздың бүкіл әлемдік мәдениетке қомақты үлес қосқан өркениетті ел екенімізді растайды. Әсіресе ежелгі заманнан бізге жеткен бабалар аманатын республикамыздың тәуелсіздігімізді алғаннан кейін тарихымыздың қайтадан қарап, оның мұрагері, қазақ халқы екендігін көптеген археологиялық қазба жұмысынан табылған деректер дәлелдей түседі. Сол себептен ұрпақ өрбіткен елін-жерін сақтап, мұра еткен әрбір көне тарихымыздың қолтаңбасы бар қазыналар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеуов М. «Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI-XIII ғ. басы)» тар ғыл докторы ғыл дәр алу үшін даяр диссертац. – Алматы, 1999. -194-б.
2. Бартольд В.В. «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. Сочинения. Т.4. – М.: Наука ГРВА,1966. -21-87 бб.
3. Қасенов М.С. талас өңірінің ортағасырлық қалалар мен елді мекендерінің мәдениеті (VI-XIII ғасыр): Автореф.дис.канд. – Алматы, 1995.
4. Бернштам А.Н. «Памятники старины Таласской долины». – Алма-Ата, 1941. – 83-87 бб.
5. Ханнама («Хань шу»)/94 т. Хұндар тарауының екінші бөлімі. Майда әріппен басылған нұсқасы. – Пекин,1997. – 2 т. – 967 б.
6. Байпақов К. //«Қазақстанның ежелгі қалары». – Алматы: «Аруана», 2005. – 316 б.
7. Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 44, 65,133-135 бб.
8. Қойгелдиев М.Қ. Тараз-қазақ мәдениетінің көне әрі ірі ошағы [Мәтін]: Көне және қазіргі Тараз: тарихы және әлеуметтік-экономикалық дамуының болашағы / М.Қ. Қойгелдиев // Көне және қазіргі Тараз: тарихы және әлеуметтік-экономикалық дамуының болашағы=Древний и современный Тараз: история и перспективы социально-экономического развития: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 4-5 сәуір. – 2002 ж. – Тараз: Тараз университеті, 2002. – Б.9-12.
9. Көкірекбаев К. «Қала астындағы қазына» // Егемен Қазақстан 2014, 19 наурыз №53. – 6 б.
10. Лерх П.И. «Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г.». – СПб., 1870.

МРНТИ 03.81.37

Ж.С. Әділханова¹, Қ.Д. Арыстанбекова²
^{1,2}әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

ЖОО дейінгі білім беру факультеті, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ этномәдениетіндегі бесік жырының атқаратын маңызы туралы айтылады. Ата-бабалардан мирас болып бізге жеткен, ұлттық мұрамыздың бірі болған бесіктің бала тәрбиесіндегі маңызы туралы айта келе авторлар оның халық мәдениеттегі рөліне тоқталады. Бесікті қолдану арқылы бала денсаулығы, тазалығы, физикалық тұрғыдан дамуы тек қазақ ғалымдарының емес, шетел ғалымдарының да қызығушылығын тудырғаны туралы сөз болады. Ұлттық құндылық болып танылатын барлық қасиетіне тоқтала отырып, авторлар бүгінгі күнгі жастарымыздың осы бағыттағы танымын кеңейтуге ықпал жасайды. Бүгінгі күнгі ұмтылып бара жатқан жәдігерімізді қастерлеп, құрметтеуі керектігі айтылады.

Түйін сөздер: этномәдениет, бесік, ата-баба мұрасы, ұлттық жәдігер, түрлері, тілдік лексика, қолданысы, қанатты сөздер, тарихи маңызы.

Аннотация

Ж.С. Адилханова¹, Қ.Д. Арыстанбекова²
^{1,2}старшие преподаватели КазНУ им. аль-Фараби,
факультет довузовского образования, кафедра довузовского подготовки

ВАЖНОСТЬ КОЛЫБЕЛЬНОЙ ПЕСНИ В КАЗАХСКОЙ ЭТНОКУЛЬТУРЕ

В статье говорится о важности колыбельной песни казахской этнокультуры. Говоря о колыбели, который стал национальным наследием, передавшийся нам от наших предков, авторы рассказывают о роли в нашей этнокультуре. Влиянием пользования колыбели на здоровье детей, на их гигиену, на физическое развитие интересовались не только казахские ученые и зарубежные ученые тоже. Авторы призывают молодежь ценить, а так же уважать колыбель, которая в наше время стала использоваться реже.

Ключевые слова: этнокультура, колыбель, наследие от предков, национальная ценность, виды, речевая лексика, использование, цитаты, историческая важность.

Abstract

Zh. Adilkhanova¹, K.D. Arystanbekova,²
^{1,2}senior lecturers of KazNU named by al-Farabi faculty of pre-university education,
department of pre-university training

THE IMPORTANCE OF THE CRADLE-SONG IN THE KAZAKH ETHNOCULTURE

In this article has spoken about important of Kazakh ethnocultural cradle-song. The authors said that the significant of cradle's function is upbringing national legacy and an ancestor of heritage to the our generation. Using the cradle useful for the children's health, cleanest, to the helping of physical developing of theirs bodies. Nowadays not only Kazakh scientifics, but in foreign scientifics interested too. The authors wanted that youth generation respect our national heritage.

Keywords: ethnoculture, cradle, the legacy of the ancestors, national legacy, national value, types, speech vocabulary, using, quotes, historical importance

Қазақы отбасының бағзы замандардан бергі даму тарихы тұтастай алғанда, жалпы адамзат қоғамының ортақтаса, сабақтаса өрбіп отырғанын байқаймыз. Әйтсе де, қазақ деген халықтың қалыптасып, дамуындағы әр түрлі тарихи жағдайларға сәйкес өзінше ерек болмысы бар. Сондықтан да қазақ отбасы жөніндегі жинақталған этнографиялық, фольклорлық мұраларымыз ұрпақ тәрбиесіне қызмет етуге тиіс. Сол асыл мұраларымыздың алтын дінгегі – бесік жырларында. Яғни, қазақтың отбасылық фольклорында өзіндік ерекше орын алатын, бала тәрбиесінің қайнары, әрі құнды мұрасы – сәбилік кезде құлаққа сіңген әже әлдіі, ана үні. Бала тәрбиесіне ұлттық мүдде тұрғысынан қарауды кезінде ұлт көсемдері А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, т.б.

ғұлама қайраткерлер өз зерттеулерінде құнды пікірлер айтқан. Әсіресе, М.Жұмабаевтың 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» атты еңбегінде ұлттық тәрбиенің бастауы болған – бесік жырының ұрпағымыздың сау, мықты, саналы болып қалыпта-суына тигізер оң ықпалын атап көрсетеді. Ғасырлар бойы қалыптасқан бала тәрбиелеу ісіндегі дәстүрлі ғұрыптар мен ұғымдардың, тарихи оқиғалар мен кезеңдік ой-өрістің дамуы бесік жырынан бастау алары рас. Бұл жырлар тәрбиелеу ісіндегі ғұрыптық рәсімдерді сүйемелдеп отыратын қолданбалы сипаттағы мұра ғана емес, ең бастысы, ол – жас ұрпақтың рухани әлемін қалыптастыруды мақсат еткен, бала бойына көркемдік нәр сіңіріп, қиялына қанат бітіріп, өнер тылсымын ұғындыратын эстетикалық құрал.

«Тәрбие басы – тал бесік» демекші, балалар фольклорындағы «Бесік жыры» ұлы Абай бабамыздың өлеңдерімен үндестігер болсақ,³:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,

Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең, – деп, ұлттық философиялық таным-түйсікті бір ауыз сөзге түйіндеп бергенін байқаймыз. Халқымыздың бар өмірі өлеңмен өрілген. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен, жер бесікке түскенге дейінгі аралықтың бәрін өлеңмен қамтыған. Мұң-зарын, сағынышын, қуанышын, сүйінішін, бата-тілегін өлеңмен өріп жеткізген. Соның ішінде балалар фольклорының алар орны ерекше.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген 100 томдық «Балалар сөзі» жинағының 72 томы осы «Балалар фольклорына арналған. Онда балаларға арналған шығармалар 4 тарауға бөлінген. Бұл балалар фольклорындағы жаңа бөлімдер. Әлемдік фольклор үлгісіндегі класификация негізінде жинақталған түрі деп атауға болады. Біз өз зерттеуімізде бірінше тараудағы жырларға тоқталып, оның мән-мағынасы, бүгінгі заманауи көзқарастармен байланыстыра қарастырып көрдік. «Адам ұрпағымен мың жасайды», – деген қазақтың мәтелі бар. Осы ұрпақтың жалғасытығымен адамзат баласы мың емес, ғасырлар бойы өмір сүріп келеді. Ол дәстүрін үзбей, тамырласа жалғасып, мәуесін жая өркендей дамыған саналы тірлік. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол саналы тірлік дамуының бағбаншысы – тәрбие. Демек, ұрпақ тәрбиесі қай заманның қай қоғамның болмасын көкейкесті мәселесі болып келгендігін дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Заманауи ғылыми көзқарастарда да «Бесік жырының» маңызы ерекше. Ғалымдар оның медициналық, психологиялық, әлеуметтік тұрғыдағы қасиеттерін саралап, мынандай тұжырымдар жасаған екен: 1. Баланың жүйке жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. 2. Сәби бойындағы мейірімділік, қайырымдылық, ата-анаға деген махаббат сияқты ізгі сезімдерді дамытады. 3. Дүниетанымдық ізденісін, ғылым-білімге деген ынтасын арттырады. 4. Бала мағыналы һәм мәнерлі сөйлеуді үйренеді. 5. Бесік жырын тыңдаған бала тұйықталмай, өз пікірін ашық білдіретін батыл жанға айналады.

Бесік жыры – сәбидің дұрыс жетілуінің бірден-бір кепілі. Нәресте үшін ана сүті қандай маңызды болса, бесік жыры да дәл солай маңызды.

Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.

Арша ме екен бесігі,
Өрік пе екен бесігі,
Алар ма екен әкесі,
Сүйер ме екен әкесі?

Бала санасына туғанда сіңген бесік әуені, қасиетті «ақ» сөзі, жамандықтан қорғайтын, лас, кір нәрсені алыстататын киелі ұғым. Осындай таза, мамыражай жайлы орында әуенмен тербеліп өскен ұрпақ дені сау ғана емес, жүйкесі толық жетілген, орнықты, салмақты, рухани бай, парасатты болып өсетіні дәлелденген екен. Сәби миындағы нейрондар даму үшін бесік жырынан артық дәрумен таппасыз.

Дәрігерлердің зерттеуінше, қазіргі жастардың 70%-ының жүйке жүйесінде ауытқулар бар. Сондықтан олар өмір сүруге қабілетсіз, өнер мен ғылымға деген бейімі төмен болып өседі. болады. Америкалық психолог, медицина ғылымдарының докторы, трансперсоналды психология ғылымының негізін салушы

³ Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. –А: «Кітап», 1986 ж.

Станислав Гроф «Beyond the brain» атты кітабында бесік жырының баланың психотерапевтік аурудан жазылуына бірден бір себеп бола алатынын ескерткен⁴.

2001 жылы Ресейдің Тюмень қаласының ғалымдары ұзақ мерзімді тәжірбие жүргізеді. Олар жастары шамалас бірнеше сәбиді іріктеп алып, екі топқа бөліп бақылайды. Алғашқы топтағы сәбилер анасынан тұрақты түрде бесік жырын ғана тыңдайды. Ал екінші топтағылар әртүрлі әуендер тыңдайды. Алты ай мерзімнен соң, бөбектердің ми қыртыстары тексеріледі. Нәтижесінде, әлди әнін тыңдамаған балалардың миындағы нейрон жасушалары баяу дамып, ойлау қабілеті бәсеңдегені байқалады.

Құндақта немесе бесікте жатқан нәресте екі-үш айға дейін айналасындағы құбылыстарды есту қабілеті арқылы танып, біледі. Бесік қасында әңгімелесіп отырған кісілердің даусын, олардың интонациясы мен ырғағын, тіпті бөлмедегі теледидар даусын қабылдап, құлағына жеткен ақпараттың бәрін миына жинақтай береді. Сондықтан ғалымдар бала тәрбиесінің алғашқы баспалдағын бесікте немесе құндақта жатқан кезде қалыптастыру керек дейді.

Ж.Милк және М.Милк есімді америкалық биологтар бөбектердің бесік жырын тыңдау барысындағы жүрек қағысын тексерген көрінеді. Нәтижесінде олардың жүрегі бірқалыпты, яғни минутына 68-72 рет соғатынын байқайды. Сонымен бірге бала бойынан эндофиндер, яғни қуаныш гормондары бөлінетіні байқалады. Ал өзге жанрдағы әуендерді, заманауи музыка түрлерін тыңдаған сәбидің жүрегі шамадан тыс соғып, ұйқысы бұзылып, өзін қорғансыз сезініп жатқанын көрсетеді. Тіпті, сезімге, махаббатқа құрылған әуендерді тыңдату да орынсыз. Себебі ол бөбектің сезім мүшелеріне қатты әсер етіп, шектен тыс дамытып жібереді. Бұл баланың болашақта махаббатқа тұрақсыз болуына ықпал етеді.

Германиядағы Геттинген университетінің ғалымдары баланың көрікті, ажарлы болып өсуі де бесік жырына байланысты деген тұжырымға келді. Ғалымдардың дәлелдеуінше, бесік жырын тыңдап жатқан баланың бойында оның ажар-көркіне жауап беретін гормондар жақсы жетіледі. Ана әлди әнін айтқанда, оның көңіліндегі көркем идеалар мен асыл мұраттар, тілектер шындыққа айналады. Австриялық психиатр Альфред Адлер адамның болашақтағы жетістіктері оның жас кезінде бесік жырын тыңдағанына байланысты дейді.

Болгар ғалымы Панайот Рандев, тіпті, баланың тілі шыққанан кейін де бесік жырын тыңдап барып ұйықтағаны дұрыс деген кеңес береді. Әлди әуені жүйкені тыныштандырып, баланы алаңсыз ұйықтатады. Баласына бесік жырын айтып берген ананың да ұйқысы қалыпты болады. Балалар психологы Борис Драпкин бесік жырын тыңдамаған немесе әуенді таспа арқылы тыңдаған баланың ана мейіріміне қанбай өсетінін, сондықтан түрлі психологиялық ауруларға душар болатынын байқаған.

Қазір психиатр дәрігерлер жасөспірімдердің 20-25%-ы қатыгездікке бейім болатынын анықтады. Есейе келе, зорлыққа, ішімдік пен есірткі заттарды тұтынуға әуес болатыны анықталаған. Агрессия феноменін зерттеген америкалық психолог Эрик Бэрн бесік жырын тыңдамау – агрессияның бастауы деп ой түйген. Шығыс елдеріне қатыгез адамды көрсе, «мынау бесік жырын тыңдамай өскен адам болса керек» немесе «мына адамның құлақ құрышы қанбаған екен» деген тәмсіл сөздер тараған. Келіншектер бесік жырын айтуды аяғы ауыр кезінен-ақ әдетке айналдырса, ағзадағы токсикоз төмендейді, жүктілік мерзімі айиарлықтай жеңіл өтеді. Сәбиге қажетті оттегі көбейіп, оның жүрегі қалыпты соғады. Анасының әлдиі оның эмоционалды көңіл-күйін реттеп, жүйке жүйесінің төзімділігін шыңдайды. Ресей медицина академиясының ғалымдары әлди жыры жас босанған ананың ағзасына да жақсы әсер етеді.

Түркі халықтарының бесік жырларын зерттеген татар ғалымы Ирина Карабулатова⁵: «Бесік жырында халық даналығы менсұлулық қабысып жатыр. Әр халықтың ұлттық тәрбиесі, салт-дәстүрі, өнері бесік жырынан бастау алады. Әлди әні арқылы бала бойында ана тіліне деген құштарлық қалыптасып, музыкалық қабілеті жетіледі» дейді. Қазақ бесік жырларындағы «әлди-әлдидің» түпкі мәнінде «Алла-ай. Алла-ай» сөзі жатыр. Тілдік заңдылық бойынша екі «л» дауыссыз дыбысы қатар келмейді. Сондықтан, халқымыз «Алла» есімін «Алда», «молла» сөзін «молда» деп айтады. Уақыт өте келе, «Алда-ай, Алда-ай» тіркесі жіңішкеріп, «әлди-әлдиге» айналған. Өзбек халықтарының бесік жырларында «Алла-ай», «Алла-ай» деп айтылады. Мамандар бесік жырын баланы емізгеннен кейін күніне үш рет 2-3 рет орындауға кеңес береді. Ал оның ұзақтығы 10 минуттай болуы керек. Бесік жырын 3 жасқа дейін тоқтатпаған абзал. Сәби тәтті ұйқыға кеткеннен кейін де бес минут бойы үзбей айтса, пайдасы шаш етекпен...

⁴ Альфред Адлер. Понять природу человека. – М., 1997 г.

⁵ И. Карабулатова. «Бесік жыры» мақала, «Ақжүніс» журналы, №9, 2014ж, қыркүйек айы.

Қорыта айтқанда, бесік жыры – телегей-теңіз қазақ фольклорында өзінше орны бар жылы ағыстың бірі. Халықтың көне заманнан бері бірге жасасып, бала тәрбиелеу ісінде үлкен қызмет атқарып келе жатқан балалар фольклорының арналы саласы болып табылады. Осы күнде «саналы тірлік дамуының бағбаншысы» болып отырған тәрбие отбасында қандай маңызға ие? Қазақ отбасында дәстүрлі тәрбие тал бесіктен бастау алған. Бесік жырына қанған бала есейе келе ертегі тыңдауға әуестенген. Ұлттық құндылықтарымыздан нәр алған ұрпақ ұлтына қызмет етуге дайын тұрады.

«Ел боламын десең, бесігінді түзе» - деген даналық сөз бар халқымызда. Егер тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашағына дені сау, рухы биік, санасы таза, намыты жастар тәрбиелеу керек болса, әр отбасындағы дүниеге келген нәресте ананың бесік жырымен әлдиленіп, әкенің ғибратын тыңдап өсуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Бабалар сөзі. 72-том. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2011. – 42-49 беттер.*
2. *Исламжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры, ҚР БҒ министрлігі, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Алматы, 2007. – 6-7 б.*
3. *«Бесік жыры» мақала, «Ақжүніс» Республикалық қоғамдық-әлеуметтік, әдеби-мәдени журналы. №9. 2014 ж., қыркүйек айы.*

ӘӘЖ11-97
МРНТИ 03.41.01

Ғ.Т. Бексеитов¹

*¹т.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан. E-mail: bek_ok@mail.ru.*

Е.Б. Оспанов²

*²тарих, археология және этнология факультетінің 3 курс Phd докторанты,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан. E-mail: Yerbolat.Ospanov@kaznu.kz.*

Б.Е. Сатаева³

*³тарих, археология және этнология факультетінің 1 курс магистранты,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан. E-mail: botakozsatayeva@gmail.com.*

РАХАТ ЕЛДІ – МЕКЕНІ МАҢЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕ 2015 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ АХУАЛЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада, Рахат елді-мекенінің географиялық орналасу аймағы мен өңірдің өзіне тән ерекшеліктері сипатталды. Елді-мекенде 1994-2005 жылдары К.М. Байпақов, Ф.П. Григорьев, К. Чанг жетекшілік еткен, біріккен «қазақ-американ» экспедициясының археологиялық қазба жұмыстары қамтылған. 2004 жылы А.Х. Марғұлан атындағы археология институтының Рахат елді-мекеніндегі ескерткіштерге жасаған археологиялық қазба жұмыстарына сипаттама беріліп, сараптама жасалды. Сонымен қатар Рахат елді-мекенінде орналасқан, жоғары палеолиттік тұрағында 2006-2007 жылдары О.Н. Артюхованың жетекшілігімен жүргізілген, түрлі деңгейдегі қазба, барлау жұмыстары толыққанды сипатталды.

2011-2012 жылдары «Есік» қорық мұражайының Б.Нұрмағанбетов жетекшілік жасаған, археологиялық экспедиция мүшелерінің жұмыстары сараланды. Археологиялық қазба жұмыстарымен қатар, жаратылыстану ғылымдарының жаңа ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерін пайдаланып, 2015 жылы Рахат елді-мекенінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасы «Халық тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелеріне және мекеннің қазіргі жағдайы мен болашағына сараптама жасалды.

Түйін сөздер: Елді – мекені, палеолиттік тұрақ, қоныс, қорған, ескерткіш, кесік қазба, ярус, керамика, жәдігер.

Аннотация

Г.Т. Бексеитов¹

¹к.и.н, доцент, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан. E-mail: bek_ok@mail.ru.

Е.Б. Оспанов²

²PhD докторант 3 курс факультет истории, археологии и этнологии.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан. E-mail: Yerbolat.Ospanov@kaznu.kz.

Б.Е. Сатаева³

³магистрант 1 курс факультет истории, археологии и этнологии.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан. E-mail: botakozsatayeva@gmail.com.

СОВРЕМЕННОЕ ПОЛОЖЕНИЕ И ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ РАСКОПОК ПРОВЕДЕННЫХ В 2015 ГОДУ ВОЗЛЕ ПАМЯТНИКОВ МЕСТНОСТИ РАХАТ

В данной статье описываются географическое расположение местности Рахат и свойственные ей особенности. Приведены результаты археологических раскопок проведенных в 1994-2005 гг. Под руководством К.М. Байпакова, Ф.П. Григорьева, К.Чанга совместно с «казахско-американской» археологической экспедицией. Проанализированы и описаны результаты археологических раскопок памятников проведенных в 2004 году институтом археологии имени А.Х. Маргулана возле местности Рахат. Описаны раскопки и разведовательные работы стоянки верхнего палеолита в местности Рахат, проведенные в 2006-2007 гг. под руководством О.Н. Артюховой.

Проанализированы работы членов археологической экспедиции, проведенной в 2011-2012 гг. в музее заповедника «Иссык» под руководством Б.Нурмаганбетова. Кроме археологических раскопок, на основе новейших научно-исследовательских методов естественных наук в 2015 году международной научно-исследовательской лабораторией «Геоархеология» КазНУ имени аль-Фараби в рамках государственной программы «Народ в потоке истории» были проанализированы работы данного исследования.

Ключевые слова: Поселение, палеолитическая стоянка, селище, курган, памятник, шурф, ярус, керамика, артефакты.

Abstract

G.T. Bexeitov¹

¹candidate of historical sciences, associate professor, Kazakh national University after al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan. Email: bek_ok@mail.ru,

E.B. Ospanov²

²masters of history, archeology and etnology Phd doctoral Kazakh national University after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan. Email: Yerbolat.Ospanov@kaznu.kz.

B.E. Satayeva³

³masters of history, archeology and etnology Kazakh national University after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: botakozsatayeva@gmail.com

CURRENT CONDITION AND RESEARCH PROBLEMS OF ARCHAEOLOGICAL EXCAVATIONS WERE MADE

IN THE MONUMENTS OF NEAR THE LOCATION- RAKHAT IN 2015

This article was described geographical location of the settlement area and own peculiarities of region Rakhat. There were “Kazakh-American” archaeological excavations of the expedition which was under the leadership of K.M. Baipakov, F.P. Grigoriev, K. Chang in 1994-2005 years. There were done expertise and were given description to the archaeological excavation of monuments which located in the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology in 2004. As well as, in the Upper Paleolithic place the various levels of mineral excavation, exploration work were characterized fully by the leadership of O.N. Artyukova in the location of Rakhat in 2006-2007.

The work of the members of the archaeological expedition was analyzed under the leadership of B.Nurmaganbetov in the memorial museum of “Esik” in 2011-2012. Along with archaeological excavation, new research methods of the scientists of Natural sciences were utilized, in 2015 in the international scientific -research laboratory “Geoarcheology” of al-Farabi university was made expert examination of the results and the current state and future of archaeological excavations which carried out in the framework of the State Program “The people in the flow of history” in the location of Rakhat.

Key words: Settlement, Paleolithic parking, selishte, mound, monument, hole, circle, ceramic artifacts.

Археологиялық ескерткіштер, қоныстар, тұрақ, қорғандар әдетте жер астында жасырылуы жатады. Сондықтан олар көбіне жерді қазу, өңдеу кезінде кездейсоқ табылып отырады. Соның бірі және бірегейі осы Рахат елді-мекені болып табылады.

Рахат ескерткіштері Алматы облысына қарасты Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылдық округі, Оңтүстік Есік қорымдарынан 3 шақырым жердегі таулардың етегінде орналасқан.

Рахат елді-мекені ата-бабаларымыздың ежелгі мекені, төсегі-көк майса жасыл жайлау, қорғаны-көк тіреген заңғар таулар, айнадай жарқыраған керім көлдері мен арнасынан арындап аққан асау өзендері, сыл-дырап аққан бұлақтары, қойнауы байлыққа толы осынау жері тарихи сырға толы болған

Рахат елді-мекені Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Оңтүстік Есік қорымдарынан, Есік-Талғар бағытына қарасты 5 шақырым аймақта жатыр. Географиялық координаттары: N: 43°20.250 ' ; E: 077°22.614. Ескерткіштің жалпы алып жатқан аумағы 88,7 гектар [2].

Өңірдің тарихын зерттеу барысында көптеген археологиялық барлау, қазба жұмыстары өз кезегінде орындалды. Елді-мекеннің тарихын тереңрек зерттеу барысында, 1994-2005 жылдары біріккен қазақ-американ археологиялық экспедициясы, жетекшілері: К.М.Байпақов, Ф.П.Григорьев, К.Чанг нәтижелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді [1].

Экспедиция елді-мекенді зерттеу барысында сақ-үйсін кезеңдеріне тән қоныстардан тұрғын үйлер, жар-тылай жертөлелер мен шикі кірпіштен жер бетінде тұрғызылған баспаналарды қазып, керамика қалдықтары мен артефактілерін жинап, көптеген ғылыми-зерттеу орталықтарында саратама жасады. Нәтижесінде жаратылыстану ғылымдарына тән ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану арқылы, біріккен экспедицияның археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі ақпараттық қоғамда таралуы маңызды орынға ие болды.

2004 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының қызметкерлері Рахат елді-мекенінде 5 қорғанда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар Рахат аймағындағы ескерткіштер мен қоныстарды тек Жетісу өңірінде ғана емес, Орта Азиядағы маңызды кешендердің қатарына ендірді. Осы ретте сақ, үйсін, ғұн, түркілер мен Іле Алатауының бөліктерінде өмір сүрген басқа да ежелгі және кейінгі тайпалар мен халықтар Жетісу аймағында маңызды орынға ие болды деуімізге болады [3].

Рахат елді-мекеніндегі жоғарғы палеолиттік тұрақта ең алғашқы нәтижелі археологиялық қазба жұмыстары 2006-2007 жылдары жүргізілді. Экспедицияға О.А. Артюхова басшылық жасап, зерттеу нәтижесінде табылған тас артефактілер тұрақтың жасын анықтауға өз септігін тигізді. Елді – мекеннің тарихи тамыры өте тереңде жатыр деп айтсақ болады, себебі мұнда сонау тас, қола, темір дәуірінің тамаша ескерткіштері мен тұрақтарының орналасуында жатыр [4].

2011-2012 жылдары Б.Нұрмұханбетов бастаған «Есік» қорық мұражайының ғылыми қызметкерлері, Рахат елді-мекенінде археологиялық барлау және қазба жұмыстарын ұйымдастырып, нәтижесінде ғылыми айналымға осы өлкенің тарихтамыры сонау тас ғасырынан бастау алатынын алға тарта келе, сақ, үйсін, ғұндар мен түркілерге тән қорғандарды қазып, қазақ тарихына өлшеусіз үлестерін қосты [5].

2015 жылдың 15 қазан күні ҚазҰУ-дың «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының «Халық тарих толқынында» атты тақырыптағы мемлекеттік бағдарламасы негізінде, Рахат ауылы маңындағы «Рахат» жоғарғы палеолиттік тұрағында, сақ-үйсін кезеңіне тән қоныс, тұрақтар мен қорғандарда үлкен археологиялық қазба жұмыстары орын алды. Археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарына жаратылыстану ғылымдарын химия, физика, биология пәндерін бір арнаға тоғыстыру арқылы, ғылыми айналымға жаңа әдіс-тәсілдерді геомарфология, геология, палинология, трасология және дендрахнологияны қолдану арқылы жасаған жұмыстары орындалды [6].

Елімізде жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары өңірдің тарихи кезеңдерін ашып, алғашқы қауымдық құрылыстағы қоғамының зерттелуіне өз үлестерін қосуда. Қазақстан жерінде орналасқан тас ғасырының тұрақтарында алғашқы адамдардың тастан жасалған құрал-саймандары көптеп табылды. Бұл археологиялық ескерткіштер, Қазақстанда алғашқы қауымдық құрылыстың болғандығының дәлелі болып отыр. Соның бірі және бірегейі осы Рахат жоғары палеолиттік тұрағы.

Қазақстанда тас ғасырының палеолиттік ескерткіштерін зерттеу жұмыстары, шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерімен салыстырғанда, жарты ғасырға артта қалып қойған. Палеолит кезеңіндегі ескерткіштер мен тұрақтарды анықтау барысында бірнеше тұрақта «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының ұйымдастыруымен 2015 жылы, өңірдің жасын анықтау мақсатында қазба жұмыстары атқарылып, тұрақтың жасы болжам бойынша жоғарғы палеолит кезеңіне жатқызылды. Тұрақ қарқынды экономикалық даму нәтижесінде жойылып кеткен.

Рахат палеолиттік тұрағы, Красный Востоктан Рахат өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Жанында Салдатсайдан Рахат өзені ағып жатыр.



Сурет 1. («Рахат» кейінгі палеолит тұрағы) Жалпы көрініс

«Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының археологиялық экспедициясы 2x4 м кесік-қазба салу арқылы тұрақтың мәдени қабатын анықтап, қаланың жасынанақты анықтама беру үшін, палинологиялық сараптама қолдану арқылы табылған тас артефактілерге жасалды. Нәтижесінде тұрақта жүргізілген қазба жұмыстары, мәдени қабаттардың нақты седиментациясын көрсетпеді. Тек Рахат палеолиттік тұрағының төменгі деңгейінен жиналып алынған тас артефактілер сараптамаға жіберілді [6].

Тұрақтың Шығыс қыратты жотасы солтүстікке қарай созылыңқы үлкен болып келген. Одан әрі ғылыми-зерттеу жұмыстары, тас ғасыры ескерткіштерінің одан әрі бұзылып кетуін болдырмау мақсатында жүзеге асырылды. Зерттеу барысында мықты тас жабынды қабат пен қоршау шөгінділерінде ошақ іздері кездесті. Тас артефактілерінің көптігі осы ескерткішке жан-жақты зерттеу жүргізуге мүмкіндік берді.

Тұрақтың экологиялық жағдайы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өзгерісін қалпына келтіруге, ескерткіштің жасын анықтауға мүмкіндік беретін материалдар мен артефактілерді жинауға жағдай туғызды. Жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының мәліметтері бойынша, ежелгі адамдардың биологиялық және мәдени эволюцияның негізгі кезеңдерін салыстырмалы түрде абсолютті жасын анықтағанда, ескерткіште ешқандай қазба жұмыстары жүргізілмегендігі анықталды.

«Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының археологиялық қазба жұмыстары кезінде жалпы алынған Рахат палеолиттік тұрағынан 48 дана тас артефактілер жиналып алынып, зерттелді.

Сыртқы пішіндері малтатасқа ұқсас, алдын-ала өңдеу құрылымы жүйелі түрде алты қырлы етіп жасалған нуклеустардан тұрады. Пішіні тұрақты фишкаларды жоюға арналған, беткі қабаты жұмыс құрылымына ыңғайластырып жасалған, чиптерді ығыстыруға арналған патин жабындысы жалатылған. Арнайы соққы құралдарына жақындатып жасалған, нуклеустың 1 жалпы дөңгелек өлшемі 9x10,5x8 см болып келген [6].

Рахат елді – мекенінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде, Қазақстан ғылымы жаңа тың мәліметтермен толықты. Одан әрі тұрақтың жасын анықтау барысында, қазылған қорғандар-қола, ерте темір дәуірі кезеңіндегі сақ, үйсін тайпаларының қатар өмір сүрген уақытын айқындайды. Рахат елді – мекенін зерттеу нәтижесінде 3 қорған қазылып зерттелді. Беткі қабаты тас жабындылардан аршылып алынып, шыққан материалдар сараптамаға жіберілді [6].

Қорған №1. Диаметрі: солтүстіктен оңтүстікке қарай - 9 м. шығыстан батысқа қарай - 8 м., биіктігі - 45 см. №1 обаға қазба жұмыстарын жүргізу барысында 1,7 м тереңдіктен, жерлеу шұңқырынан бір қыш ыдыс табылды.

Табак. Жарты эллипс секілді жасалған ыдыс құрамына майда құм, органикалық заттар араластырылған саздан тығыз жасалынған. Дөңгеленген түбінен қабырғасы еркін иіліп көтеріліп келіп, қимасында бұрыштанып ернеуленген. Күйдірілуі бірқалыпты емес, түсі ашық қызыл қоңыр болғанымен, біркелкі емес. Ернеуінің диаметрі 16 см, биіктігі 7 см, қабырғасының қалыңдығы 0,6-0,8 см [7].

Қорған №2 №1 қорғанынан шығыста 2 м жерде орналасқан. Бұл қорғаннан 14 – 15 жас шамасындағы бала сүйектері табылды.

Қорған №3. Диаметрі 9 м, биіктігі 0,5 м болып келген қорғандар қазылып, зерттелді. №3 обаға қазба жұмыстарын жүргізу кезінде жерлеу шұңқырындағы адам қаңқасының сол жағынан қыш ыдыстар табылды [7].



Сурет 2. (Рахат. Қорған-3. Қабір)

Тостаған. Жарты сфералы келген ыдыс құрамына майда құм, слюда араластырылған саздан жасалынған. Дөңгеленген түбінен қабырғасы біркелкі еркін иіліп көтеріліп, бүйірленіп барып, қимасында дөңгеленіп ернеуленген. Ыдыстың қабырғасын қатты затпен ұрғылап ысу арқылы тығыздығын артқандығын сыртынан байқауға болады. Күйдірілуі бірқалыпты, түсі ашық қоңыр қызыл. Ернеуінің диаметрі 10,5 см, бүйірінің диаметрі 12,8 см, биіктігі 8,8 см, қабырғасының қалыңдығы 0,5-0,7 см. 1954 жылы Тайғақ I қорымындағы №4 обаға жүргізілген қазба жұмыстарында осыған ұқсас ыдыс табылған. Оба б.з.д. I ғ.-б.з. I ғ. мерзімделеді [7].

Сонымен қатар сақ заманына тән 2 қонысқа стратиграфиялық кесіктер салынды. Жалпы алғанда сақ заманына тән керамика қалдықтары табылды. Табылған материалдардың мерзімделуі негізінен сақ кезеңін көрсетсе, ал қазбаның төменгі бөлігінен табылған керамика қалдықтары қола дәуіріне тән өрнек техникасымен негізделген. Осыған қарап елді-мекеннің тарихи тамыры тереңде екенін байқауымызға болады [6].



Сурет 11. (Рахат. Стратиграфиялық кесік қазба)

Шаршы-4-Г, ярус-I. Бұл шаршыдан санаулы ыдыс сынықтары табылды. Оның біреуінің ғана өлшемін анықтау мүмкін болды. Қалғандары ыдыстардың қабырға сынықтары [7].

Шаршы – 2-Б, ярус-II. Аталған шаршыдан табылған ыдыстардың ішінде екі үлкендеу көзе бар. Қазба кезінде IV ярустан бірқатар ыдыстардың сынығы анықталды. Негізінен олардың басым бөлігі асүйлік және шаруашылық ыдыстардың сынығы [7].

Шаршы-I-А, ярус-IV. Бұл шаршыдан анықталған ыдыс сынықтарының ішінде үлкен көзе бар.

Көзе ернеуі. Құрамына құм араластырылған саздан қолмен жапсыру арқылы орындалған ыдыстың ернеу сынығы. Бірден еркін иілген бүйірінен бірқалыпты тіктеу тарылған қабырғасы сыртқа қарай бедерленіп келіп ернеуленген. Сазы тығыз, күйдірілуі бірқалыпты емес, қимасында ортасы қаралау, сырты қоңыр қызыл түсті. Ернеуінің диаметрі 26 см, бүйірінің диаметрі 33 см, қабырғасының қалыңдығы 1,2 см [7].

Шаршы – 2-Б, ярус-IV.

Ыдыс ернеуі. Құрамына құм араластырылған саздан қолмен жапсыру арқылы жасалынған ыдыстың ернеу сынығы. Ішке қарай тарылып түзу шыққан қабырғасы сыртқа қарай бедерленіп, үсті тегіс болып етнеуленген. Сазы тығыз, күйдірілуі бірқалыпты емес, қимасында ішкі жағы қара сұр, сыртқы жағы

қоңыр қызыл түсті. Ернеуінің жалпықтығы 1,8 см, қабырғасының қалыңдығы 0,9-1,2 см. Сырты отқа күйген [7].

Шаршы – 5-Д, ярус-IV.

Құмыра. Құрамына құм араластырылған саздан қолмен жапсыру арқылы жасалынған ыдыстың кейбір бөлшектері жоқ. Пішінінде алмұрт секілді жасалынған. Дөңгелек түбінен еркін иіліп шығып бүйірленіп келіп жігі білінбей бірқалыпты кең мойнына жалғасып, ол ұзарып барып сыртқа сәл шалқайып ернеуленген. Күйдірілуі бірқалыпты, түсі ашық қоңыр қызыл. Ернеуінің диаметрі 9 см, бүйірінің диаметрі 14,2 см, жалпы биіктігі 18,5 см, қабырғасының қалыңдығы 0,7-1 см. 1954 жылы Үңгірқора I қорымындағы №21 обаға жүргізілген қазба жұмыстарында осыған ұқсас құмыра табылған. Оба б.з.д. III-II ғғ. Жатады [7].

Қазба барысында көптеген керамика сынықтары мен сүйек қалдықтары шықты. Қазбаны одан әрі тереңдетіп қазу нәтижесінде түрлі мәдени қабаттардан сол дәуірге тән артефактілер біршама көп мөлшерде шықты. Сол мәдени қабаттардан табылған артефактілерге қарап, қоныстың өз заманында шеберхана болғанын аңғартады. Қонысты тереңдетіп қазу барысында 6 кв метрге бөліп, қонысқа толық қанды сипаттама жасалды. Шамамен алғанда қазба нәтижесінде қоныстан түрлі үлгідегі 100-ге жуық керамика сынықтары мен сүйек қалдықтары шықты [6].

Зертханалық талдау мен артефактілерді зерттеу нәтижелері алдын-ала Рахат тұрағының мәдени кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік бағдарламада жоспарланған «Халық тарих толқынында» атты тақырыбы аясында ескерткіш кешенін зерттеу айтарлықтай республика мектептерінің жоғары оқу орындарында оқытушылықты, және тарихтың деңгейін одан әрі көтеруге мүмкіндік беретін, еліміздің ежелгі және көне тарихынан сыр шертетін суреттерін модельдеуге, алғашқы адамдардың өмірсүруі мен экологиялық жағдайларын қайта қалпына келтіруін қамтамасыз етеді.

Осы ретте 2015 ҚазҰУ-дың «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының мемлекеттік бағдарламасындағы «Халық тарих толқынында» атты тақырыбы негізінде жүргізген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын бір жүйеге келтіру арқылы, тарихи маңызын айқындау. Рахат елді-мекенінде орналасқан ескерткіш, тұрақтар мен қоныстардан табылған материалдардың көпшілігі осы аймақтың тарихи тамыры тереңде екенін көрсетіп берді.

Қорыта келе қазіргі таңда әлемдік ғылым саласы, алғашқы қауымдық қоғамда өмір сүрген тұрғындарының мәдениеті мен өнеріне көп қызығушылық танытуда. Бірқатар сауалдарды шешуде жаратылыстану ғылымының жетістіктері кеңінен қолданылып, жаңа технологиялық мүмкіндіктері жекелеген мәселелерді қарастыруға және нақтылауға өз септігін тигізуде. Осы орайда қазақстандық археологтар да жаратылыстану ғылымы салаларындағы (палеоботаника, палеогеология, одонтология, химия мен физика, генетика, геоморфология, палинология, т.б.) мамандарымен қоян-қолтық жұмыс істеу нәтижесінде көптеген жетістіктерге жетті. Оның нәтижелері әлемдік археология тарихнамасына енген елеулі табыс болып есептелінеді.

Болашақта Рахат елді-мекенін зерттеу жұмыстарын жалғастыру ғылым үшін өте маңызды. Елді-мекеннің шекарасын, мәдени қабаттарын, құрылыс орындарын анықтау арқылы қазақ тарихына қомақты үлес қоса аламыз. Үлкен аумақты алып жатқан мекеннің заттай мәдениетінен қалған жәдігерлерді алдағы уақытта зерттеу, елді-мекеннің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша құнды мәліметтер береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. (2009). «Қазақстан археологиясы». – Алматы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы: 401 б.
2. Мартынов А.И. (2005). Археология: Учебник. -5-е изд., перераб. – М.: Высш. шк. – 447 с.
3. Нұрмуханбетов Б.Н., Мухтарова Г.Р. (2001). Могильник Иссык-Некрополь Иссык-Археологический комплекс Есик-Рахат-Республиканский государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык»//Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии: тезисы докладов круглого стола. Караганда: Technology of Imaging. – С. 54-56.
4. Нұрмуханбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж. (2012). Охрана, использование и музеефикация Есик-Рахатского археологического комплекса в зоне заповедника-музея «Иссык»//Материалы республиканской научно-практической конференции «IV Оразбаевские чтения» на тему «Проблемы и достижения отечественной археологии и этнологии в XXI столетии приуроченной к 90-летию А.М. Оразбаева. – Алматы: Қазақ университеті. – С. 88-92.
5. Нұрмуханбетов Б.Н., Ахатов Г.А., Бермағамбетов А.Ж. (2005). «Есік қорымындағы археологиялық зерттеулер»//Мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша 2004 жылғы Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы: Алматы кітап. – 17-18 бб.
6. Отчет о научно – исследовательской работе (2015). «Естественно – научные методы при изучении и датировке археологических памятников и музеефикации объектов историко – культурного наследия»

(промежуточный). – Алматы: Научная программа Международной научной лаборатории по археологическим датировкам артефактов 178. – С. 2015 г.

7. Отчет о научно-исследовательской работе: научная программа международной научно-лаборатории по археологическим датировкам артефактов (заключительный) 149. – С. 2016 г.

УДК 39 (=512.122)(560)
МРНТИ 03.41.01

А.К. Бейсегулова¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
тарих, археология және этнология факультетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Б.Ш. Солтиева²

²әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
тарих, археология және этнология факультетінің аға оқытушы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада иран, түркия қазақтарының қазіргі кезеңдегі материалдық мәдениетін қаншалықты ұстануы, бөгде ортадағы өзара үрдістердің этникалық мәдениетке тигізген ықпалы талдау. Этнографиялық зерттеу экспедициясы бойынша Түркиядағы қазақ диаспорасы мен Қазақстандағы оралмандар арасынан қазіргі кездегі қолөнердің жасалуы, әсіресе ежелден келе жатқан сырмақ, тұскиіз, кестелеудің жасалу жолдары мен ерекшеліктері туралы ақпараттар алынды.

Түйін сөздер: диаспора, қолөнер, киіз, сырмақ, кесте, ою-өрнек

Аннотация

А.К. Бейсегулова¹, Б.Ш. Солтиева²

ОСОБЕННОСТИ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ

В статье рассматриваются вопросы материальной культуры казахской диаспоры в Иране и Турции, научного анализа воздействия инородной среды на процесс этнической культуры путем взаимного воздействия, а также их традиционные ремесла. Целью данной статьи является показать особенности ремесла казахской диаспоры. Исследование базируется на материалах этнографических экспедиций в казахской диаспоры Турции и оралманов в Казахстане. Особенности изготовления ручного изделия как сырмақ, тұскиіз, вышивка.

Ключевые слова: диаспора, ремесло, войлок, сырмақ, вышивка, орнамент

Abstract

А.К. Bacigalova¹, B.Sh. Satieva²

FEATURES OF THE MATERIAL CULTURE OF THE KAZAKH DIASPORA

The article deals with the material culture of the Kazakh diaspora in Iran and Turkey, the scientific analysis of the impact of the alien environment on the process of ethnic culture through mutual influence, as well as their traditional crafts. The purpose of this article is to show the features of the crafts of the Kazakh diaspora. The study is based on the materials of ethnographic expeditions in the Kazakh diaspora of Turkey and oralman in Kazakhstan. Features of the manufacture of handmade products like syrm, tsiskiz, embroidery.

Keywords: diaspora, craft, felt, syrmak, embroidery, ornament

Тарихтың әртүрлі оқиғалары зардабынан ауа көшіп қоныстанған қазақтар Түркия мен Иран республикаларында тұрып жатыр. Қандастарымыз қаншама тағдырдың тәлкегінен өтіп, ондаған жылдар бойы бөгде ұлт арасында мекен етіп отырса да халқымыздың ежелден жалғасын тауып келе жатқан өзіндік болмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын сақтап келе жатыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев дүние жүзі қазақтарының ІІ құрылтайында жасаған баяндамасында: «Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық. Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек-шекара болмауға тиіс, тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ

жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа», - деп көрсетті [1, 8 б.]. Осыған байланысты бүгінде мемлекетіміз сырттағы қазақтардың рухани-мәдени қажеттіліктерін, сұраныстарын зерттеп білу арқылы қол ұшын көрсетуде. Негізінде қазақ диаспорасы мен оралмандар мәселесі, Қазақстандағы этникалық үдерістердің барысы зерттеу нысаналарынан сырт қалып отырған жоқ. Мұның өзі мемлекетіміздің сырттағы қазақтардың тыныс тіршілігін қалт жібермей, олардың әлеуметтік мәдени қажеттіліктерін зерттеп білуге деген ұмтылыс деп білеміз. Бір жағынан шет жерлердегі қазақтардың жергілікті халықтар ықпалында қалыптастырған дәстүрлі мәдениетіндегі ерекшелік-терді, ұқсастықтарды сараптау Қазақстандағы этнология ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Міне, сол қазақ қандай қиыншылық көрмесін, қай жерде жүрмесін қолөнер өмір салтының бір арқауы болды. Олар ауыр азаппен Түркияға келгенде де басты кәсіп етіп мал не егін шаруашылығы емес, қолөнер яғни тері өңдеуге ден қойды. Қолөнер – ежелден келе жатқан кәсіп болғандықтан, шеттегі қазақтарда қолөнер бұйымдарын жасауда өз ұлтының ұлттық нақыштарын жоғалтпай әрі қарай жалғастырып ұрпағына жеткізіп отыр. Негізінен қолөнер әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді. Қазақ халқы әлемнің қай түкпірінде жүрсе де өзінің ата кәсіптерінің бірі қолөнермен айналыса отырып, оны күнделікті күн көріс қамының құралы етіп алса, екінші жағынан халқымыздың өнерін танытып, эстетикалық талғамын насихаттайды. Мәселен, қазіргі кезеңде қыз жасауына қосатын жастық тыстар не төсек жапқыштар түрік халқының да сұранысына ие болып отырғандығын Түркияға барған сапарда ел арасынан жиналған мәліметтер дәлелдейді.

Түркия қазақтары да қазіргі кезде ертеден ата кәсіптің бірі болып келе жатқан қолөнер туындыларын үйдің ішкі интерьерінде, сәндік жиһаз бұйымдарында, киім сәндеуде кеңінен қолдануда. Бірақ дегенмен ол да қазақ арасында кеңінен таралған деп айта алмаймыз. Мұнда да қазақтар қолының икемі бар жастарды өнерге баулуға, үйретуге көбірек мән береді. Солардың бірі 77 жастағы Күлия Софыған (I). Өзінің қолынан келетін кәсіпті ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруды мақсат еткен шебер, үйге сән беретін сәндік бұйымдарды көбірек кестелейді. Бүгінде өзінің қолөнерге икемі бар жас қыз келіншектерге үйретуде екендігін мәлімдеді. Оның қолынан шыққан кейбір бұйымдардың, мәселен оюлап тіккен дастарханына 40 жыл болған. Ол қызыл жібек матадан дөңгелене қиылған, үстелдің аяғы жабылатын бөлігіне желбезек етіп жапсарлай тігілген үлгіден тұрады. Үстелдің бетін жабатын дастархан бөлігінің шеті қазақы оюлармен әсемделіп, кестеленген. Бұл бұйым біздің елде көп кездесе бермейді. Бұл бір жағынан бізге үйренуге тұратын іс деуге болады. Дастархан тұрмыста көп қолданылатын заттардың бірі. Сондықтан қазақы өрнектермен безендірілген дастархандарды тігу арқылы неге өзіміздің қолөнерімізді насихаттамасқа деген ой келеді.

Шебердің қолынан шыққан дүниелерді тұрғылықты қазақтар сатып алып не қыздарының жасауына тапсырыс беріп жатады. Кейде оны өзі шеттен келген меймандарға, туыстарына сыйлап жатады.

Түркиядағы қазақтар «қыз жасауына» тапсырыспен көрпелер, көпшіктер, дастархан, сырмақ, төсек жапқыш, тұскиіз, жастықтың, көрпенің тыстарын, майлықтар жасатады. Мәселен, төсеніш көрпешелердің астарына мақта не жүн салынып, оның бетінің тысы оюлармен кестеленеді. Көрпешенің шет-шеті сыңар мүйіздермен жиектеліп, ортасы қошқар мүйіздермен өрнектеліп, ортасына гүлдерсалынады. Сондықтан Түркия халықтарының арасында қазақтың қолөнер бұйымдары сұранысқа ие деуге болады. Оны жасайтын шеберлер де халық арасында көп емес. Дегенмен қолынан іс келетін шеберлердің еңбегі жоғары бағаланған. Көбіне дастархан шетіне «бұрмаша» оюлар салынса (ою бұрмаланып отырып тігілетіндіктен «бұрмаша» деп аталады), орындықтың үстіне төселетін көрпешелерге «қошқар мүйіз» оюы, ал сырмаққа оюды бастырма әдіспен тігетіндігін айтады. Күлия Софығанның үйіндегі төсек жапқыш пен төсектің тұсына ілінген тұскиізге «қосмүйіз» оюы бізбен кестеленіп салынған. Қазіргі кезеңде кестенің көпшілігі қолмен емес, тігін машинасымен матаның үстіне оюды бастыра отырып, кестелей салады (II).

Көне заманнан келе жатқан қазақ қолөнері өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалған. Сол қолөнердің бір түрі – кесте тігу. Түркияда тұрып жатқан қазақтардың үйінен ұсақ моншақпен, кішкене түйме тәріздес домалақ жылтыр тастармен кестелеп безендіре орындалған дүниелерді көп кездестірдік. Ал қыздың жасауына берілетін дүниелерге де тігілген кестелер көбіне моншақтармен әшекейленеді. Сондай ақ моншақпен кестелеу орамал шеттеріне, көйлектің жаға не өңір жиектеріне де салынғандығын ел арасында жиналған материалдардан байқадық. Моншақтардың тесікшелері өте кішкентай болғандықтан, жіңішке ине арқылы өткізіліп, жіп моншақпен түстес болу қажет. Кестелер бізбен кестеленіп те, матадан оюлап кесіп те салады. Олар көрпе мен сырмақтарға көбіне «сыңармүйіз» оюын салатын болған. Дегенменде соңғы 3-4 жылда қолөнермен айналысатын адамдар тіпті азайып кеткен. Себебі,

соңғы кезеңдерде қыз жасауларының түр-түрі дүкендерге шығарылғандықтан көбіне сатылып алынады. Шеберлердің қолынан қазақ оюларымен жапсарланған қолдорбалар көбірек тігіліп, сыйлыққа да беріліп жатады. Ол кісінің төрт қабатты үйінің жеке өзі тұратын жоғары қабатында кілең қолдан жасалған әсем бұйымдар мен жиһаздарды, оның ішінде жүннен жасалған бұйымдарды көптеп кездестірдік [2].

Иран қазақтары қолөнермен ежелден айналысады. Иран мемлекетіне қоныстанған кезден бастап қазақтар өзінің ұлттық қолөнерін сақтауға тырысып, жалғастырып дамытты. Бұрынғы өздері тұрған Маңғыстау аймағының қазақтары негізінен термелі және тақталы алашалар, түкті және тақыр кілемдер, сырмақтарды көп тоқыған. Сондықтан қазақтар жаңадан орналасқан Иран мемлекеті де әлемде ежелден қолөнердің, сонын ішінде кілем тоқып шығаратын орталықтардың бірі болған.

Иран қазақтарында жүннен жасалып, үйдің төріне төселетін текеметтер көптеп кездесті. Көлемді, салмақты, үйдің ішін толық алып жататын мұндай текеметтер үлкен-үлкен шиыршық өрнектер салынады. Бізге берген информатор 67 жастағы Әсілхан Абдулланың айтуына қарғанда кілем тоқу түрікмендермен бірге тұрған қазақтарда кең тарағандығын айтады (1). Кілем тоқу өндірісінде қолданылатын негізгі материалы жергілікті қой жүні болып табылады. Ирілген кілем жіптерін сенімді табиғи және синтетикалық бояғыштармен бояйды, бұл кілемдердің сапалы болуына ықпал етеді. Түрікмен кілемінің басты бояуы-қызыл, ақшыл қызылдан күрең қызылға дейінгі түстерге боялады. Қызыл түс жалпы кілем алаңының 70-75% алады. Иран қазақтарының өмірінде қолөнер әр отбасының қажетін өтейтін, отбасына табыс әкелетін кәсібінің болуы маңызды болды. Кәсіптердің ішінде негізгісі – кілем тоқу өнері жатады. Қазақтардың жергілікті тұрғындарынан алған қой жүнінің негізгі бөлігі кілем тоқуға жұмсалды. Иранға барған алғашқы кездері қазақтар текемет басқан, текемет басудың алдында қойдың жүнін алып, оны жақсылап түтіп, керек түсті бояуға салып жүн тарақпен тарап дайындаған. Сосын шидің үстіне жартылай дайын қара жүннің үстіне әдемі қылып ішіне қою қызыл жүнді, сосын араларын ақ, көк түске боялған жүнмен өрнектеп орналастырған. Текеметтің екі жағын да осылай тегіс етіп әртүрлі бояумен боялған дымқыл жүнді өрнектеп салған, Арасында текемет қалпына келгенше қайта-қайта су сеуіп отырған, сосын киізді үш-төрт адам болып орап, екі жағын буып, ортасынан байлап бірнеше адам тартқан. Текеметтің безендіретін ортасы төрт бұрышты немесе ромб түрінде жиектеледі де, түрлі-түсті боялған жүннен, оның іші қошқар мүйіз, балта мүйіз, тұмарша, гүл, аралық гүлдермен оюланды [3].

Сонымен қатар, зерттеліп отырған аймақтағы қазақтардың киіз бетіне ою-өрнек жүргізу әдістерінің ең кең тарағаны түсті өрнектерді текеметтің өңіне бірге бастыру. Киіз басу қазақ тұрмыс салтынан әлі қалған жоқ. Киіздері көбіне 3x4 көлемді өте қарапайым, әдемі қошқар мүйізімен көз тартады. Кейбір күрделі киіз басу үшін көрші әйелдері келіп көмектеседі. Барлық дайындық жұмыстарын әйелдер атқарады, қой жүнін тазалау, жүнді бояу, жіпті иіруді көбінесе егде жастағы әйелдер жасаған. Қазақ оюлары жеңіл өзгеріп түрлен-діруге ыңғайлы. Кейінгі жылдары қазақ қыз-келіншіктері кілемге Иранның әртүрлі нақыштарын өрнектей тоқып, «гүл кілемі» деген ат бергендігін айтады.

Иран қолөнеріндегі ою-өрнегінің негізгі тақырыбы гүл мен өсімдіктер. Халықтың негізгі өнерінің дамуында сонымен бірге, географиялық қоршаған орта маңызды рөл атқарған. Өсімдік ою-өрнектері қоршаған табиғат ортасы бай халықтарда негізгі ою-өрнегі болып саналады. Иран ою-өрнегінде негізгі өсімдік ою-өрнегі басым, сәнделген барлық бұйымдарында түрленген осындай ою-өрнектер бар. Иран қазақтарының тоқитын «Гүл кілемі» жергілікті халықтардың арасында кеңінен тараған. Бастапқы кездері қазақ әйелдері кілем тоқуды түрікмендерден үйренген, бертін келе өздері осыны жақсы меңгеріп өздерінің қыздарын, келіндерін үйретті. Іс істемейтін, қолөнерінің бір түрімен айналыспайтын әйел адам жоқ.

Ираннан келген қазақтар тоқыған кілемдер жергілікті халықтың арасында кеңінен тарады, бұл кілемдер тез сатылып кетіп, тіпті кейбір кезде алдын-ала тапсырыстарды қабылдап отыратын мезгілдер болды [3].

Қай аумақта болмасын қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізат түрі – жүн. Қазақ халқы оның табиғи қасиетіне зер салып, тиімділігі мен күнделікті тұрмыста қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әдемілік жағына да көңіл бөлді. Киіз басуды қазақтар көне заманнан меңгергендігі белгілі. Бұрын киізді қара немесе ақ түсті етіп басса, кейінірек оюлап басу кеңінен тарады. Жүннен жасалған бұйым, әрине, жылы, төзімді келеді. Сондықтан қазақтың киіз басу өнері әлі күнге дейін қай аумақта болмасын ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатыр. Соңғы кезеңге дейін киізден жасалынған текеметтер қазақ халқының төсеніш қызметінде маңызды болғандығы белгілі. Түркиядағы қазақтар да соңғы кезеңге дейін дәстүрлі қолөнер түрі – киіз басудың маманы болды деуге болады.

«Сырмақ» қазақ халқының тұрмыста қолданатын төсеніштерінің бірі. Ол төсенішке мықты келеді. Кейбір сырмақтардың жарты ғасырдан аса төселінгені жөнінде мәліметтерде жеткілікті. Сырмақ сөзінің төркіні (этимологиясы) киізді қабаттап сыру, тігу немесе төсеніш ретінде жерге сыра салу сияқты

мазмұннан туындаған сияқты. Сырмақ жасау Түркия қазақтарында әлі күнге дейін таралып келе жатқан қолөнердің бірі. Бүгінде кереует не басқа да жерлерге төсеніш ретінде әртүрлі көлемдегі сырмақтар көбірек жасалынады. Солардың ішінде 1,82x1,16 см. не оданда кішірек 080x1,20 т.с.с. сырмақтар. Біздің байқағанымыз көбіне сырмақтың осы көлемі кіші түрлері қолданысқа ие. Себебі, олар жинап, қағуға ыңғайлы болып келеді. Әртүрлі түстегі киіз қалдықтарынан кестелеп жасалған төсеніштік ақ және қара киіздерге, аққа қара және басқа да түрлі түсті оюлар, қараға ақ пен қызыл-жасылды түсті оюлар көптеп салынған тікбұрышты түріндегі сырмақтар жиі кездеседі. Ою-өрнек сырмақтың ортасында және жиек шетіне оюластырылған. Зерттеу барысында көз жеткізгеніміз бүгінде ақ не қара киізге түсті жүнмен ойып, бастыра салудан гөрі түсті маталармен бастыра тігу әдісі көбірек деуге болады. Мысалы сырмақтың ортасы қою сары, қызыл, көк түсті жүн жіппен оюланса, әр айшықтың қолтырауыны қошқар мүйізбен не жиектелген үш жапырақты және де тармақты мүйіз элементтерімен байланыстырыла салынған. Сырмақтың орталығы екі не үш бірдей төрт-бұрышпен айшықтала өрнектелген. Қоңыр және қызғылт сары түстегі баулықпен бос орындары өрнектеліп толтырылған. Барлық жиектері тоқ қызыл қызғылт, қоңыр, ақ, көкшіл түсті жіптермен кестеленген. Кейбір сырмақтың шеті қызғылт сары түстегі жуан жүн жіппен екі түрде рамаланған. Ендігі бір сырмақта шетіне қошқар мүйізді оюлармен өрнектеліп, ортасында айшық жасалынып, тармақты қошқар мүйізбен гүл сабағы жалғаса оюластырылады. Негізі сырмақты не тұскиізді оюлау әдістері ол шебердің талғамымен қиялына байланысты болып келеді.

Сырмақ сыруда әр ұрпақ өкілдері өздерінің жаңалықтарымен, соны элементтерімен толықтырылып, байытып отырған. Қазақтар сырмақты қойдың табиғи ақ не қоңыр, қара, бөз, көгілдір жүндерінен жасайтын болған. Бірақ Түркиядағы қазақтар сырмақ жасаудың небір технологиясын ойлап қойған: ақ киізді сатып алып (ақ киізді заводтан сатып алады) көмбе қазанға бояу салынған суды қайнатып, оған ақкиізді салып бір күн қойып қажетті әр түске бояп аламыз. Содан кейін ақ киізбен қызыл киізді беттестіріп жиекті бастырып, тағы бір ақ киіз салып жиектеп тігеді. Сырмақ көбіне төрге төселінеді. Бүгінде олардың көлемі әр түрлі етіп жасалынып, төсек үстіне не төсек алдына да төселіне береді. Оған салынған ою-өрнектер қошқар мүйізді, өсімдік тектестегі өрнектер болса, ал орындықтар мен бөстектерге «сынар мүйіз» оюлары салынады. Бүгін-де төсек сырмаққа матадан ою жапсырып, жіппен кестелейді. Ал, кесте жіптері көбіне дүкеннен сатылып алынады.

Сондай-ақ қазақ халқы сәндік үшін киізден тұскиіз жасаған. Оны жасау үшін нығыз басылған, жұқа киіз таңдалынып алынған. Тұскиізді безендіріп, әшекейлеу үшін түсті барқыттар, жібек, шұға, т.б. маталардан бетіне ою-өрнектер тігіледі. Қазіргі кезеңде Түркиядағы қазақтар тұскиіздің негізгі қалыбын киізден емес, қалың бір түсті барқыттарды алып, оның бетіне түсті маталармен бастыра оюлар тігеді. Мұндағы оюлар жоғарыда айтып өткендей шебердің талғамына байланысты болып келеді. Негізі сырмақ, тұскиіздерге өрнектелетін оюлардың түрі болған.

Тұскиізді жасау әдісі сырмақ жасау әдісіне ұқсас. Тұскиізде мүйізді оюлармен қатар гүл, жапырақ оюларды да пайдаланған. Оның ең көп тараған түрі аппликациялық әдіспен жасалған түрі. XX ғасырдың ортасындағы барқыт маталарға түрлі түсті маталармен кестеленген тұскиіздер кең тарады. Олардың шет жағы қара бархытпен үш жақты жол жасалып, ортасына ірі розеткалық гүлдер орналасады. Тұскиізге жасыл көк, қою көк, қызғылт, ақ, қызыл түстегі жіптер қолданылған.

Қазіргі кезеңде малдың көп өсірілмеуіне байланысты текемет, киіз басу жоқтың қасы деуге болады. Сондай ақ мұнда кілем де көп тоқылмайды. Кілемді көбіне Түркияға Иран, Ауғанстаннан келген қазақтардың тоқитындығын байқадық (II). Осы жақтан келген қазақтардың қолөнерінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, солардың бірі Ауғанстаннан келген, Әжімұратқызы Ләйлә өзінің жиырма жылдан бері қол өнермен айналысып келе жатқанын, жастық, төсек орындарына кестелеп гүл салатынын, жастыққа тігілген өрнектердің жасалу жолдарын айтып берді. Ең алдымен ақ матаның үстіне қаламмен сызып ою-өрнектерін, гүл т.б. салып алады да сосын сол сызықтың үстімен кестелеп отырады. Сол сияқты қызға осындай оюланған, кестеленген жастықтың әр түсінен бес, оннан жұптап жиырма, он-он екіден көрпе тігіліп беріледі. Түркия, Иран не Ауғанстандағы қазақтардың қай-қайсысында болмасын үлкен «қаршын» деген жастық кең тараған. Оны көбіне отырғанда ыңғайлы болу үшін арқаға қояды, сондықтан оны кейде «арқа жастығы» деп те атап жатады. Олар қатты болу үшін арасына сабан немесе қартон қағаздар салып жасайтын болған. Ал, оған салынған ою-өрнектер қазақтыкінен гөрі Иран мен Ауған халықтарының өрнектері тәріздес өсімдік тектес, оның ішінде көбіне гүлді болып безендіріледі (III).

Түркияға Ауғанстаннан келген қазақтардың айтуы бойынша алаша көбірек тоқылған. Оның «қақпа алаша» деп аталатын түрін, аналарымыз ежелеріміз көбірек тоқитын, - деп көрсетеді. Төсеніштің бұл түрлері Орталық Азияда да кең тараған. Оның үстіне бұл аумақтарда да «Бұқар алаша», «Терме алаша», «Қақпа алаша» деп аталған (IV). Мұндағы Бұқар алаша деп атау себебі, кежім теру не бұқар теру

тәсілімен тоқылған алашаларды атайды, оларға көп түсті және әртүрлі өрнектер теріліп жасалады. Қақпа алашаға екі-үш жіп құрылады, бірақ оның арқауы болмайды. Бұл алаша көбіне мақта, жіптерден тоқылады. Қақпа алаша қара теру тәсілімен тоқылатын алашасына ұқсайды. Бұларда негізінен зооморфтық және геометриялық өрнектер кең тараған. Түркиядағы қазақтарда да «қақпа алаша» көп талғамды қажет ете бермейді. Сондықтан тоқуға оңай және көп шығынды керек етпейтін қолөнердің оңай түрімен айналысады.

Иран, түркиядан келген қазақтардың арасында кеңінен тарағаны үйдің ішкі әдемілігін арттыратын арқалық жастықтар, оны түрікмендер «пошти» деп атады. Бәрінің үйінде арқа сүйеніп отыру үшін жастықтың орнына әдемі арқалық жастықтар қойылады. Арқалықты тоқу үшін бірінші арқалықтың алдыңғы бетіндегі кілемін тоқып алады. Көлемі 1м-1,5м, үш-төрт әйел адам болып арқалықты 1 ай тоқиды, қолмен тоқып бетін қайшымен қиып тегістейді. Арқалыққа әртүрлі зооморфтық, геометриялық, өсімдік өрнектер салынып тоқылады. Көбіне қызыл, қоңыр, қара, ақ түсті өрнектер салынады. Арқалықтың артындағы қоңыр қызыл түсті қатты матаны бұрын қызыл тақыр қылып өздері тоқитын еді, енді оны дайын қылып сатып алады. Жан-жағын біріктіріп тігіп, ортасын қатты картон, қағазбен толтырады [3].

Қол өнерінің ішінде ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан түрі –кесте. Қазақ әйелдері киімді, төсек орын жабдықтарын, үй жабдықтарын кестенің әр түрімен сәндеп келген, Иран қазақтарында да кестелеу өнерімен көрпе жапқышты, жастықты, көрпелерді, киім-кешекті, үй жабдық артын кестелейді. Ираннан келген ағайындар өздерінің бешпенттерін, ішіктерін, көйлектерін, жаулықтарын түрлі-түсті жібек жіптермен кестелейді. Кестені ағаштан, темірден жасалған кірігішке керіп тігеді. Инемен тігілген материалды керіп, инеге сабақталған жіппен алуан түрлі мәнерлеп тігіп кестелейді. Ол үшін кесте салынатын матаға әуелі өрнек түсіріп алады да, сол өрнек ізімен тігеді.

Матаға ілмелі жаулықтың өрнектерін тігерде сызып алады, сосын инемен, қызыл, қоңыр жібек жіппен төрт бұрышын, ортасын кестелеп тігеді, Иран қазақтары өздерінің көйлектерінің жеңін, етегін әдемі мүйіз өрнектермен, басқа да геометриялық формадағы өрнектермен кестелейді. Қыздың жасауын дайындағанда көрпе-төсекті, жастықты әдемілеп кестелейді. Иран қазақтары арасында қолөнер туындылары өте көп сақталған. Оның бәрін үй иесі әйелдің өзі жасап, отбасында әрбір ана өз қыздарына өнерді үйретіп, тәрбиелеріне сіңіріп отыру керек деп санаған. Сонымен, қазақ елінде үй тұрмысында көп қолданылатын киіз бұйымдары, әр түрлі өрнектері бар қолдан жасалған кілемдер. Қазақстанда мүлдем кездеспейтін арқалық жастықтар, жайнамаздар осы елдерден келген қазақтарында үй тұрмыс сәнін келтіреді.

Ұлттық мәдени мұрасын сақтап, насихаттап халыққа таныстыру үшін осы үлгілерге қарап, жастарының жадынан шығармау мақсатында қолөнерге баулып отырған шеберлерді көрдік. Мұның бәрі әрине туған еліне халқына деген сағыныш пен құрмет деуге болады. Сонымен бірге халқымыздың қолөнері жетістіктерімен таныстыра отырып, ата-баба мұрасына ерекше құрметпен қарауды, болашақ ұрпақтарға тәлім-тәрбие беру қызметін жүзеге асыру болып табылады. Дегенмен де кейбір мәдени үлгілерде жергілікті ортаның ықпалдастығы да байқалмай қалмайды. Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жайды қалай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді қалай кәсіп етсе, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат құруды да білді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. *Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек // Егемен Қазақстан. – 1992. – 1қаңтар.*
2. Қалишабаева Б.К., Бейсезұлова А.Қ. *Түркия қазақтары (этникалық тарихы, этнографиялық ерекшеліктері). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 137 б.*
3. Бекежанова А. *Иран қазақтарының мдениеті: оқу құралы. – Ақтау: Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ. 2011. – 80б.*

Ақпарат берушілер:

- I. Күлия Софьгадан (Тәйжі) Жасы 66-да, Түркия мемлекеті, Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазақкентінде тұрады.
- II. Айша Полат – 1955 ж. Түркиядан келген. Қаскелен қаласы, Қарасай ауданы, Алматы облысы.
- III. Әсілхан Абдулла 67 жаста, Ираннан келген. Қаскелен қаласы, Қарасай ауданы, Алматы облысы.
- IV. Зіліқа Төлеп 1995 жылы Иранның Горган қаласынан көшіп келген

УДК 930.1584.5
МРНТИ 03.41.01

Е.Дубягина¹
¹PhD, КазНУ им. аль-Фараби

ПАМЯТНИК БОЗШАКОЛЬ ДРЕВНЕЙ ГОРНОДОБЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Достаточно сложная проблема складывается по отношению к памятникам древнего горно-металлургического производства, в связи с многочисленными разрушениями проводившимися работами по добыче ископаемых. Одним из таких памятников является Поселение Бозшаколь, свидетельствующий о наличие развитого древнего горно-металлургического производства на территории Казахстана. И на основе проведенных исследовательских работ, найденных артефактов, возможно получить подтверждения о существовании поселения горняков.

Ключевые слова: Бозшаколь, металлургия, поселение, бронза, горно-металлургического производство, рудники.

Abstract
E.Dubyagina¹

¹PhD, Kazakh National University. al-Farabi

MONUMENT BOSCHEKUL ANCIENT MINING INDUSTRY IN KAZAKHSTAN

Enough difficult problem develops with respect to the monuments of the ancient mining and metallurgical industry, due to numerous devastation to carry out works for the extraction of minerals. One of these monuments is the Settlement Boschekul, indicating the presence of development of ancient mining and metallurgy in Kazakhstan. And on the basis of the conducted research found artifacts may obtain confirmation of the existence of the miners' settlements.

Keywords: Boschekul, metallurgy, settlement, bronze, mining and metallurgical production, the mines.

Аңдатпа
Е.Дубягина¹

¹PhD, ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҚАЗАҚСТАНДА ЕСКЕРТКІШ БОЗШАКӨЛ ЕЖЕЛГІ ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІ.

Жеткілікті қиын мәселе пайдалы қазбаларды өндіру үшін жұмыстар жүргізуге байланысты көптеген күйзеліс, ежелгі тау-кен және металлургия өнеркәсібі ескерткіштеріне қатысты дамиды. Осы ескерткіштердің бірі Қазақстандағы ежелгі тау-кен және металлургия дамуының болуын көрсете отырып, есеп айырысу Бозшакөл болып табылады. Ал жүргізілген зерттеулер негізінде артефактілер шахтерлер елді мекендердің бар екендігіне растау алады табылған.

Түйінді сөздер: Бозшакөл, металлургия, есеп айырысу, қола, тау-кен және металлургиялық өндіріс, шахталар.

Одной из проблем при изучении металлургических памятников является то, что памятники горного дела и металлургии древности на территории Казахстана на данный момент были существенно разрушены проводившимися в XVIII-XIX вв. горными работами и разрушаются сих пор.

В материалах статьи «Древние рудники Восточного Казахстана» дается краткий экскурс по наиболее значимым памятникам металлургического производства Восточного Казахстана. Баянаульский ГМЦ включает ряд меднорудных месторождений северо-восточной части Казахского мелкосопочника. Данные не значительные [1, 2009, с. 116].

Наиболее крупным является медно-порфировое [2, 2008] Бозшакольское месторождение с выходом окисленных руд на поверхность и глубиной зоны окисления до 54 м, протяженностью 10 км [3, 2012, с. 46].

В 2003 и 2005 гг. была обследована Центральная зона, совместной Казахстанско-германской экспедицией. В 90-е гг. на ней был заложен опытно-промышленный карьер размером 100x400 м, уничтоживший часть древних выработок зоны. Другая часть была уничтожена задижкой довольно широкой площади к северо-востоку от карьера. На восточном фланге зоны уцелела цепочка карьеров длиной по 50-70 м и глубиной 2-3 м каждый. [2, 2008]

В 2007 году территорию памятника обследовала археологическая экспедиция КарГУ им. Е.А. Букетова. [1, 2009, с. 116].

В 2009 году по проекту ТОО «KazakhmysProjektLLC», было проведено научное археологическое изучение памятника ТОО «Археологическая экспертиза». На площади 6 681 га было обнаружено 10 объектов, охватывающих широкий хронологический диапазон от палеолита до рубежа эр.

Свидетельством горно-металлургической деятельности данного памятника, являются обнаруженные куски руды, шлаки, черновые слитки меди, тигли и льячки на многих поселениях этой зоны, в том числе в районе золотых россыпей Степняк. В отвалах обнаружены бронзовые изделия и керамика алексеевско-саргаринской культуры (Чудинов, 1936; Оразбаев, 1958) [3, 2012, с. 46].

Памятник находится в 14 км к северу от железнодорожной станции Бозшакуль и в 17,6 км к северо-востоку от поселка Торткудук Экибастузского района Павлодарской области [1, 2009, с. 116].

Поселение площадью 21 000 м² имеет вытянутую вдоль оси восток-запад направление. Основная часть памятника расположена между двух карьеров. Из имеющихся данных по пяти заложенным раскопам, наиболее полноценная информация была получена с первого раскопа⁶.

Раскоп I площадью 1026 м² было заложено в западной части поселения на южной окраине карьера 2007 г. так как была наименее разрушена. Раскопки велись квадратами 3 на 3 метра, квадраты по линии юг-север, были пронумерованы цифрами с (1-12), по линии запад-восток – буквами (А-О).

Было выявлено 3 помещения. Первое (центральное) и второе помещения имели подпрямоугольную форму с ориентиром север-юг, север-восток. Третье помещение находилось к востоку от центрального сооружения, восстановить форму жилища не представлялось возможным, так как его восточная и южная стороны были полностью разрушены. Размеры первого помещения 22,6 x 6,4 м глубина до 1,3 м. Площадь помещения 141,9 м². Размеры второго помещения 12,5 x 9,6 м глубина до 0,86 м. Площадь помещения 124 м². Размеры третьего помещения 13,5 x 10,6 м глубина до 0,85 м. Площадь помещения 92,7 м².

Классический вариант таких помещений наличие двух входов. Расположение которых с одной стороны в северо-западном углу, второй, юго-восточная сторона. В северо-восточном углу первого помещения был расчищен коридор, соединяющий центральное помещение со вторым помещением. Размеры коридора 1,13 x 1,2 м, глубина 0,3 м.

На дне котлованов были зафиксированы столбовые ямы и наличие хозяйственных ям. А также в первом помещении обнаружены 2 очага (кв. Г-8 и кв. В-4), наземного типа с каменными выкладками.

На дне котлована третьего помещения были зафиксированы 4 столбовые ямы, хозяйственная яма, 1 очаг (кв. З-7,8, И-7, 8), и 1 печь. Очаг, выложенный камнем, находился на тумбе подквадратной формы сложенной из материковой глины, вокруг зафиксированы древесные угольки, фрагменты костей и керамики.

Печь (кв. З-8, И-8) представляет собой яму округлой формы, диаметром 1 м и глубиной 0,34 м. С западной стороны расчищен дымоход подпрямоугольной формы, размером 1,3 x 0,9, глубиной 0,26 м. В заполнении печи найдены угольки, фрагменты керамики и костей. На дне зафиксирован незначительный по мощности золистый слой.

В ходе вскрытия слоев раскопа и выборки заполнения котлованов в помещении обнаружены многочисленные фрагменты костей животных, керамики и изделия из камня, бронзы и кости. Керамический материал по поселению Бозшаколь представлен фрагментами посуды федоровского, саргаринского, бегазинского типов.

Коллекция керамики насчитывает 3727 фрагментов от горшковидных, банковидных и кубковидных сосудов: 477 фрагмента венчика, 3096 фрагментов стенок, 154 фрагмента днищ. Единичны находки фрагментов чаш и мисок. Из находок были обнаружены фрагмент и целая часть предмета «утюжок» и пряслице. Фрагмент сопла.

Каменные находки представлены следующими предметами: мотыга, наковальня, точильный камень, терочник, молоточек, пест, ложило, фрагмент пряслица. Костяные находки в основном представлены набором тупиков, пару подвесок, наконечник стрелы (0,45 м) черешковый, трехгранный лавролистный, рукоять ножа, и другие заготовки из кости (пластина, рукоять, пряслице и т.п.).

Среди металлических изделий в наличии бронзовый циркуль (0,25 м) выполнен в виде стрежня, согнутого пополам в центральной части, размеры 10,3 x 0,4 см (фото 140); заклепка (0,35 м) имеет щиток круглой формы, припаянный к стержневидной «ножке», диаметр 1,5 см (фото 141), а также представлены фрагменты пластин, браслета, проколки и другие.

Раскоп II площадью 675 м² был заложен в центральной части поселения к западу от современной траншеи, проходящей по территории памятника в направлении с севера на юг. Кроме траншей в этой

⁶ Материалы по памятнику Бозшаколь изложены в архивах ТОО «Археологическая Экспертиза»

части поселения зафиксированы большое количество современных рытвин, котлованов и бетонных оснований тригопунктов и реперов. Помимо этого, почти всю центральную части поселения занимало болото. В ходе вскрытия верхних слоев поселения обнаружены немногочисленные фрагменты костей животных и керамики. Коллекция керамики насчитывает 16 фрагментов от горшковидных и банковидных сосудов: 3 фрагмента венчика, 11 фрагментов стенок, 2 фрагмента днищ.

Раскоп III заложен в восточной части поселения. Данная часть памятника также была сильно разрушена хозяйственной деятельностью. Ввиду сильной нивелировки современной поверхности, жилищные западины не читались, однако место локализации сооружения можно было зафиксировать по характеру растительности (более сочной, по сравнению с окружающей). Раскоп площадью 864 м², ориентирован по сторонам света.

За пределами сооружения и на полу «котлована» помещения зафиксировано более 50 хозяйственных, столбовых ям, канавок и одна печь.

Печь (кв. Е-10) представляет собой яму округлой формы, диаметром 2,2 м и глубиной 0,66 м. В заполнении печи найдены угольки, фрагменты керамики и костей. На дне зафиксирован незначительный по мощности золистый слой.

Коллекция керамики насчитывает 2981 фрагментов от горшковидных и банковидных, кубковидных сосудов: 446 фрагмента венчика, 2453 фрагментов стенок, 82 фрагмента днищ. Единичны находки фрагментов чаш и мисок. Встречены несколько фрагментов станковой красно, черноангобириванной и лощенной среднеазиатской посуды.

Имеются интересные предметы каменного изготовления: пест (- 0,5 м) сделан из кремня буро зеленого цвета, расширяется в нижней части, верхушка оформлена в виде небольшого цилиндра, отделенного от остальной части валиком, поверхность тщательно зашлифована, размеры 21 x 7,5 см; фрагмент литейной формы (- 0,3 м) выполнен на бруске сланца (?) трапециевидной формы, на рабочей площадке предмета имеется форма для орудия треугольной формы и ромбовидной в сечении, поверхность зашлифована, размеры 5,5 x 4 см; наконечник дротика (- 0,4 м), изготовлен из пластинчатого отщепы кремня зеленого цвета, лавролистной формы в сечении линзовидный, двусторонне обработанный, верхняя часть обломлена, поверхность обработана крупной чешуйчатой ретушью, размеры 7,3 x 3,1 см. Также присутствуют такие предметы как: терочник, пару точильных камней, фрагменты и целые части лошил, несколько молоточков (материал – гипс, гранит, диопаз) и несколько крышек, изготовленных из плитки мелкозернистого песчаника.

Бронзовые изделия включают следующие предметы: 2 ножа, пластинчатые, двулезвийные. Один с выделенным плоским черешком и округлым концом лезвия, размеры 23,5 x 4,4 см, второй с выделенным четырехгранным черешком – насадом, лезвие обломано и отделено от черешка кольцевым упором, размеры 19 x 3,4 см. Также небольшой крючок сделан из кованого бронзового прута квадратного в сечении формы с уплощенным концом, размеры 7 x 0,6 см. Пару слитков из бронзы, самородок меди и фрагмент обоймы.

Костяные изделия немногочисленны, это трепало изготовленного из ребра крупного животного, совок изготовлен из лопатки крупного животного, нижняя часть лопаточной кости подработана и закруглена, верхний конец полностью удален и клин изготовлен из трубчатой кости крупного животного, размеры 14 x 2 см.

Раскоп IV площадью 54 м², ориентирован по сторонам света. Заложен в центральной части поселения между раскопами № 1 и 2. Данная часть памятника также была сильно разрушена хозяйственной деятельностью.

В ходе вскрытия верхних слоев раскопа обнаружены немногочисленные фрагменты костей животных и керамики и одно каменное изделие (наконечник стрелы, лавролистной формы в сечении линзовидный, размеры 4,6 x 2,1 см).

Раскоп V заложен над почти полностью разрушенной древней выработкой, находящейся в северо-западной части поселения, на краю южного борта карьера 2003 г. Сохранившаяся часть входа шахты имеет сегментовидную в плане форму, в разрезе конусовидная. Глубина шахты 2,8 м. В заполнении шахты найден фрагмент тонкостенного сосуда бегазинского облика и бронзовая проколка (сделана из прута квадратного в сечении формы, размеры 11,3 x 0,4 см).

Конструкция жилищ и материал их построек определялись природно-географическими условиями, но при любых архитектурных особенностях жилые постройки возводились в вырытых котлованах. Наземные постройки очень редки. Глубина котлованов обычно от 0,5 до 1 м, размеры котлованов от 36 до 200-400 м², они чаще всего прямоугольной формы. Стены котлованов укреплялись плетнем или каменными вертикальными плитами. Жилище без каменных деталей преобладают в северном ареале

культуры, где использовались деревянные каркасные конструкции. Основы каркасных конструкций составляли ряды опорных столбов, вкопанных внутри котлована. Жилища имели наклонные стены и плоскую пирамидальную кровлю. Пол в жилищах был утрамбован или обмазан глиной. В полах находились хозяйственные ямы. Внутри домов находились очаги открытого типа. Это могли быть простые костры на полу, ямы с каменной обкладкой, каменные выкладки четырехугольных или пятиугольной формы без углубления. Выходы из жилищ оформлялись в виде тамбура и обычно направлены к реке или на запад. Нередко смежные жилища соединялись коридором, остатки таких двухкамерных построек фиксируются археологами в виде восьмеркообразных западин [4, 2002, с. 41].

Здесь жилища расположены близко друг к другу и занимают узкую полосу, вытянутую с запада на восток. Каменная выкладка не была обнаружена, вероятно, использовались деревянно-каркасные конструкции.

Исходя из имеющейся информации в отношении наличия находок и расположения столбовых и хозяйственных ям, возможно, сделать предположение, что второе и третье помещения по первому раскопу являлись мастерскими.

Первое помещение было поделено на две части, и вероятно с восточной стороны пролегла наземная постройка. Отмеченные два очага в южной и центральной части жилища, с каменной выкладкой, могли иметь кухонно-отопительное назначение. Вероятно, данное строение являлось жилым.

На третьем раскопе, где найденная печь (кв. Е-10), имеющая в заполнении угольки, фрагменты керамики и костей и на дне небольшой золистый слой, вероятно, служила не только для отопления, но и для плавки руды. На данном участке обнаруженные предметы, такие как: фрагмент литейной формы (кв. З-6, гл. -0,3 м), лощило 9 (кв. Г-9, гл. - 0,85 м), молоточки 1-6 (кв. З-7, гл. - 0,2 м), слиток бронзы (меди?) (кв. Д-6, гл. - 0,15 м), нож (кв. Г-7, гл. - 0,6 м), нож - кинжал (?) (кв. Г-7, гл. -0,6 м), предполагают к варианту наличия металлургической печи.

На примере джезказганских печей по наблюдению Валукинского Н.В., такие печи имели разные назначения: одни для обжига угля, другие для дробления руды до восстановительного периода, печи для выплавки, обожженной и измельченной медной руды в тиглях, печи для кучевого обжига [5, 1984].

Смоделировать тип жилища по памятнику Бозшаколь в полной мере из-за нанесенных повреждений не представляется допустимым. Возможно, лишь очертить контуры, дающие крупные прямоугольные помещения полуземляночного типа, и наличие небольших каркасных наземных построек.

Пик добычи казахстанских руд пришелся на поздний бронзовый век, когда оловянная бронза стала основным материалом для изготовления орудий труда, оружия и украшения. В это время наблюдается подъем горно-металлургического производства, формируется Евразийская металлургическая провинция, рудной базой которой, наряду с Уралом и Средней Азией, служили казахстанские месторождения меди и олова [2, 2008].

Хронологические рамки Евразийской провинции охватывают более тысячи лет – от рубежа III–II тыс. до н.э. вплоть до IX/VIII вв. до н.э. Общность культур с валиковой керамикой (ОКВК) была выделена Е.Н. Черных (1983). В ней намечены две зоны: западная (фракийская) и восточная, граница между которыми проходила в междуречье Северского Донца и Днепра. Восточная зона ОКВК простиралась от междуречья Дона и Северского Донца на западе до Верхней Оби на востоке. В эту зону входили памятники ивановской культуры (так называемые позднесрубные) в восточно-европейской степи и лесостепи и алексеевско-саргаринской – в азиатской. На поздней стадии ОКВК теряет былое единство материальной культуры, особенно ее восточная зона. Памятники трушниковского типа в Прииртышье, бегазинского и донгальского в Сары-Арке, нуринского в Волго-Уралье и Среднеазиатском междуречье фактически демонстрируют распад ОКВК. В азиатских степях заметно уменьшается плотность населения, но именно в это время в Центральном Казахстане появляются поселения, претендующие на статус протогородов [3, 2012, с. 45].

Поселение Бозшаколь является уникальным памятником, свидетельствующий о наличии развитого древнего горно-металлургического производства на территории Казахстана. К сожалению большая часть памятника была уничтожена техническими работами. Собранный материал ТОО «Археологическая экспертиза» позволяет провести ряд анализов для уточнения и проведения научной работы в отношении памятника. Что в дальнейшем позволит получить подтверждения о существовании поселения горняков.

Список использованной литературы:

1. Воякин Д., Амиров Е., Сеткалиев М. Поселение Металлургов в сердце Евразии // Промышленность Казахстана. №4 (55). – №5 (56). – 2009.
2. Берденов С.А. Казахстанские месторождения меди и олова и их разработка в бронзовом веке // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2008 г. – № 1. – С. 42-55.
3. Агапов С.А., Дегтярева А.Д., Кузьминых С.В. Металлопроизводство восточной зоны общности культур валиковой керамики // Вестник Археологии, антропологии и этнографии. 2012. № 3 (18). – С. 44-59.
4. В.В. Евдокимов, В.В. Варфоломеев. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана. - Караганда, Изд-во КарГУ, 2002. – 138 с.
5. С.У. Жауымбаев. Древняя металлургия и горное дело Центрального Казахстана (эпоха бронзы). Автореферат на соискание уч. степ. кандидатской исторических наук. –Караганда, 1984.

УДК 94(574):28(5-191.2)

МРНТИ 03.41.01

Е.Т. Қартабаева¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, т.ғ.к.,

kartabayeva66@gmail.com,

С.Қ. Дүйсеке²

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1 курс магистранты,

sanat_0194@mail.ru Алматы қаласы.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМ ФАКТОРЫ КҮШЕЮІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада посткеңістік кезеңдегі Орталық Азия елдеріндегі ислам факторының күшеюінің тарихи алғышарттарын объективті, ғылыми негізде зерттеуге талпыныс жасалады. Кеңес Одағы ыдырап, Орталық Азия елдері өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін аймақтың жергілікті халықтары ежелден ұстанып келген ата дінін, яғни исламды емін еркін ұстануға мүмкіндік алған болатын. Дәл осы жағдай ислам дінінің жандануына, өзіндік бір «діни ренессансқа» алып келді. Алайда, аталмыш құбылыстың оң жақтарымен бірге келеңсіз тұстары да бой көтергені белгілі. Мақалада осы жағдайлар, яғни Орталық Азия елдеріндегі ислам ренессансының объективті алғышарттары деректер мен арнайы зерттеулер негізінде талданады.

Кілтті сөздер: Орталық Азия, аймақ, дін, ислам, радикализм, лаңкестік.

Аннотация

Е.Т. Картабаева¹

¹к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби,

kartabayeva66@gmail.com,

С.К. Дүйсеке²

²магистрант 1 курса КазНУ им. аль-Фараби,

sanat_0194@mail.ru г. Алматы

ПРЕДПОСЫЛКИ УСИЛЕНИЯ ИСЛАМСКОГО ФАКТОРА В СТРАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

В статье делается попытка с объективной, научной точки зрения исследовать предпосылки усиления исламского фактора в странах Центральной Азии в постсоветский период. После распада Советского Союза и провозглашения независимости странами Центральной Азии местное население региона получило возможность вновь приобрести ислам – традиционную религию предков. Именно этот фактор привел к возрождению ислама, к так называемому «религиозному ренессансу». Однако, наряду с положительными сторонами проявлялись и некоторые негативные моментыданного явления. В статье данная проблема, то есть объективные предпосылки исламского ренессанса в странах Центральной Азии анализируется на основе источников и специальных исследований.

Ключевые слова: Центральная Азия, регион, религия, ислам, радикализм, терроризм.

Abstract

E.T. Kartabayeva¹

¹candidate of historical sciences, associate prof. of al-Farabi KazNU,
kartabayeva66@gmail.com,

S.K. Duiseke²

²undergraduate 1st year of Al-Farabi KazNU,
sanat_0194@mail.ru, Almaty

BACKGROUND AMPLIFICATION OF THE ISLAMIC FACTOR IN CENTRAL ASIA

The article attempts to objective, scientific point of view to explore the background amplification of the Islamic factor in Central Asia in the post-Soviet period. After the collapse of the Soviet Union and the independence of the Central Asian countries, the local population of the region has been able to re-acquire Islam - the traditional religion of their ancestors. This factor has led to a revival of Islam, the so-called "religious renaissance". However, along with the positive side of the developing and the ability to make some negative aspects of this phenomenon. In the article the problem, that is, the objective conditions of the Islamic Renaissance in Central Asian countries is analyzed on the basis of sources and special studies.

Keywords: Central Asia, region, religion, Islam, radicalism, terrorism.

КСРО ыдырығанға дейін Орталық Азия халықтары 70 жылдай кеңестік атеисттік идеология бұғауында болды. XX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында «рухани азаттықтың» лебі сезіліп, дәл осы кезеңде ислам терең шырмаудан шыға бастады. 1991 жылы әлемнің саяси сахнасында, атап айтқанда Орталық Азия аймағында бірқатар жаңа тәуелсіз республикалар пайда болды. Бұл мемлекеттер әлеуметтік-саяси салада нарықтық экономикаға көшу, жаһандық прогресті қуып жету, әлеммен байланыс орнату мақсатын ішкі және сыртқы саясатының негізгі ұстанымы ретінде жариялады. Сонымен бірге, Орталық Азия республикалары зайырлы мемлекет ұстанымын басшылыққа алды, оған алғышарт ретінде, кеңестік кезеңнен қалған, бұрынғы коммунисттердің атеисттік идеология ұранымен өскен, жаңа саяси элитаның билікке келуі ықпал етті. Кезінде бір орталыққа бағынған Орталық Азия республикалары, енді дамудың өзіндік жолына түсіп, қазіргі таңда дамуы жағынан бір-біріне еш ұқсамайды. Саяси-экономикалық даму жолымен қатар, ұлттық сана мен дәстүр, дін мен ділге қайтып оралу процесі де жүріп жатыр.

2000 жылғы статистика бойынша, «Алладан басқа тәңір жоқ» ұстанымын, яғни ислам дінін қазақтардың 63%-ы, өзбектердің 82%-ы, тәжіктердің 79%-ы ұстанды [1]. Тәжікстанның Памирлік бөлігінен басқа мұсылмандар, өздерін исламның Ханафи мазһабын ұстанушылар қатарына жатқызады [2, 148-149]. Алайда, ескерер тағы бір жайт бұл келтірілген статистикалық мәліметтер қазіргі күні ескірген, себебі, исламды ұстанушылар қазіргі күні, пайыздық көрсеткіш бойынша әлдеқайда өскен. С.Олимова мен М. Олимовтың 2011 жылғы зерттеулеріне қарағанда: «Тәжікстанда тұрғылықты халықтың 94,8% өздерін мұсылмандар қатарына жатқызады. Жергілікті халықтың діни санасындағы бетбұрысты сандық статистика түрінде ғана емес, ислам канондарын ұстануға деген ұмтылысынан да байқауымызға болады» [3].

Ал көршілес жатқан Қырғызстандағы исламның ахуалына келер болсақ, ұзақ уақыт бойы қырғыз жұртының діни танымы үстірт, тек сырттай ғана көрініс тауып келген болатын. Ал қазіргі таңда «30-64 жас аралығындағы жергілікті халықтың біраз бөлігі, өздерінің ұлттық құндылықтарын исламмен байланыстырады» [4].

Кезінде исламға деген жеңіл көзқарас танытқан Қазақстанның жергілікті тұрғындарына жүргізілген әлеуметтік зерттеулерге көңіл аударар болсақ, «халықтың діни танымы айтарлықтай жоғары дәрежеге көтерілгендігі байқалады. Және де бұл көрсеткішті жастар жағы бастап тұр, мұның себептерінің бірі ретінде, әлі дүниетанымы толықтай орнықпаған жас буынның фундаменталды ислам уағызшыларының ықпалына кіріп кетуін көрсетуге болады. Жақын болашақта Қазақстанның экономикалық және саяси потенциалы саналар ұрпақ, жаңа діни фанатиктер қатарын толықтырады» [5, 35] деген мәліметтер қатары толығымен түсуде. Алайда, әлеуметтік зерттеулер тек құрғақ статистиканы көрсетері анық, сол себепті мәселенің түбіне бойлап, «не себепті соңғы жылдары, ислам қазақтардың тұрмысына терең бойлай бастады» деген сұрақты тереңінен талдаған жөн.

Келесі бір әлеуметтік зерттеулердің нәтижесінде, «діннің рөлі моральдік тұрғыда анық көрінетіндігі және халықтың діндар бөлігі діннің тек осы бағытта дамығандығын қалайтындығы» анықталды. Мұндай діндарлар діннің рөлі мәдени және әлеуметтік саланы ғана қамтығанын қалағанымен, діннің саяси бағытқа өтіп кету қаупі әрдайым сақталып қалатындығын алға тартады. Сонымен бірге, бұл бағыттағы зерттеушілер исламның тартымдылығы жергілікті тұрғындардың арасында біршама өсіп отырғанын және ол дүниетаным тұрғысынан да анық байқалатындығын көрсетеді [5, 153]. Осыдан туатын тұжырым, ислам

барған сайын қоғамның қойнауына тереңірек еніп, елдегі кеңестік кезеңнің қалдығы болып саналатын, сырттан келген зайырлық саясаттың (мемлекетті басқарушы элитаның, жергілікті интелегенцияның) қабатын жұқартуда. Басқаша айтқанда, зайырлы биліктің ықпалы азайып, исламның қоғам ішіндегі танымы кеңейіп, әлі толықтай қалыптаспаған жаңа мемлекеттің конституциялық элементінің бір бөлшегі ретінде айқындалуда. Бұл дегеніміз Орталық Азия елдері, ендігі тұста, ислами фактормен санасуды қажет ететін тарихи жаңа кезеңге келіп жетті дегенді білдіреді.

Көптеген дінтанушылар мен саясаттанушылардың тұжырымдарына назар аударсақ, Орталық Азиядағы исламның өркендеп, дамуына, оның трансформациясына, сырттан келген миссионерлердің әсері болды деген біржақты пікір қалыптасқан. Алайда, Орталық Азиядағы орта ғасырлардан-ақ, исламның белді орталықтарының бірі болып саналғаны естен шықпауы тиіс. Тіпті, кеңестік жүйе кезінде ислам тұрмыстық деңгейде өмір сүруін жалғастырып, халық арасында моральдік қағидалар мен жергілікті рәсімдерден көрініс тауып отырды. Сол себепті де, небәрі 20 жыл ішінде тез арада өз рухын оңай көтеріп алды. Және де ең қызығы, исламның жандануына батыстан келген нарықтық экономикалық қатынастардың да көмегі елеулі болды. Жалпы, Орталық Азияда исламның қарқынды дамуына 3 негізгі оқиға әсер етті: 1) кеңестік социалистік жүйенің нарықтық экономикаға көшуі; 2) Орталық Азияда тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы; 3) ұлттық сананың қалыптасуы мен ұлттық бірегейлік (идентификация) жолындағы ізденістер.

Нарықтық экономикаға әбден икемделген Батыс елдері, саяси-экономикалық қатынастардың капиталистік моделін Орталық Азия республикаларына, мәжбүрлі түрде болсын, қабылдауға итермелеген болатын. Бұл Батыста «фронтальды шабуыл» стратегиясы деп аталды. Ол коммунизмді жеңу құралы деп қарастырылды. 2000 жылы Ташкентте, АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Мадлен Олбрайт өз есебінде, бұл стратегияны былай деп түсіндірді: «Ащы дәріні қабылдаудың бірден-бір жолы – оны жұтып салу» [6]. Орталық Азия халқы әлі күнге дейін бұл «ащы дәрінің» салдарынан айыға алмауда. Оған дәлел, тәуелсіздік алу кезеңінде көптеген әлеуметтік маңызы бар өндіріс орындарының «жасанды кәсіпкерлер тобының» қолына өтіп кетіп, талан-таражға салынуы. Соның салдарынан халық, бір-бірінен алшақ екі топқа бөлінді. Мүлдем жұмыссыз, әлеуметтік төмен қамтылған топтар мен капиталистік таптың ең жоғарғы бөлігі – кәсіпкерлер тобы пайда болды. Бүкіл Орталық Азия елдерінде әлеуметтік ахуал өте күрделі болды. Әлеуметтік теңсіздік елдің үлкен қасіретіне айналып, бұл процесс осы күнге дейін жалғасып келе жатыр. Орталық Азия мемлекеттеріндегі халықтың тұрмыс деңгейінің төмендігінен, балалардың дұрыс дүниетанымын қалыптастыруда үлкен көмек бола алатын бала-бақшалар мен мектептер тапшы күйінде қалып қойып отыр. Халықтың кедей топтары орталықтанған ауыз су мен жылу көздеріне, сапалы медицинаға әлі де қол жеткізе алмауда. Мемлекеттік органдардың парақорлыққа (коррупция) батуы, мемлекет пен халық арасындағы байланыс көпірінің құлауы, олардың арасында диалогтың әлсіреуі жағдайында, жергілікті халық өзінің өткеніне қарап, өзін жұбату процесінде, әрдайым дін «емдік дәрі» құралын атқаратындығын, психологиялық тұрғыдан көмек беретінін біледі. Демократиялық құндылықтардың тапталуы, ертеңгі күнге сенімсіздік жағдайында, адам санасы басқа бір тең құқылы бейғам әлемге өтуді жөн көріп, бәрін «жаратқанның қолына тапсыруға», санасын дінмен емдеуге бет бұрады. Осыдан барып, бірте-бірте түрлі радикалды бағыттағы топтардың соңынан еріп, орталықтанған тең құқылы Халифат құру идеясына қосылып, атқарушы биліктің бітіспес жауына айналары хақ. Лаңкестікке (терроризмге) итермелейтін факторлардың қатарында осыларды көрсетуге болады. «Ислам, саяси тұрғыдан коммунистік идеяға ұқсас болғанымен, шын мәнінде батыстық демократия элементтеріне жақын екендігін» еш уақытта ұмытпауға тиіспіз. Орталық Азия республикалары өзін мұсылмандар санатынан көретін жергілікті халықпен ортақ тіл тауып, диалогқа келмесе, Таяу Шығыстың радикалды элементтері қоғам арасына бірте-бірте сіңіп, бүлік тудыруы әбден мүмкін.

Радикалды исламның Орталық Азия елдеріне таралу процесі әсіресе, КСРО тарағаннан кейін кең етек алды. 1992 жылы Орталық Азия елдерінде халықаралық экстремистік «Хизбут Таһрир» ұйымының бөлімшелері ашылды. 1992-1994 жж. алғаш болып Ферғана, Өндіжан, Ташкент қалаларында, 1998-2000 жж. Тәжікстан мен Қырғызстанда ашылды [7]. «Хизбут Таһрирдің» алғашқы іс-әрекеттері Қазақстанда 1998 жылдан бастап тіркелді. Бұл ұйым Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанда экстремистік, заңсыз деп танылған. Орталық Азиядағы ең ықпалды, әрі қауіпті діни ұйымдардың бірі Өзбекстан Ислам Қозғалысы (ӨИҚ). Ұйым 1990-шы жылдардың басында Наманган қаласында құрылды. Ұйымның негізгі мақсаты – Өзбекстанда ислам мемлекетін құру. Қазіргі таңда ӨИҚ-ның террористік ұйымдар қатарына қосылып, қудалануына байланысты оның мүшелері Өзбекстаннан Ауғанстан мен Пәкістанның жиі әскери қақтығыстар болып отыратын, билік толық бақылау орнатпаған аймақтарына қарай ауысқан.

Осы тұста ислам дініндегі экстремистік, яғни шектен шыққан ағымдарға қысқаша түсінік беріп кетейік. Қазіргі таңдағы исламдағы көптеген радикалды ағымдарды бір сөзбен «сәләфия» деген атаумен топтастырып атап жүргендіктен, осы ұғымның мәнін ашуға тырысып көрейік. «Сәләфия» сөзі тілдік

жағынан «өткен», «ілгері», «алдыңғы» деген мағынаға ие. Арабтың «сәләф» және «хәләф» сөздері өзара мағыналық жағынан қарама-қайшы келеді, яғни «сәләф» бұрынғы, өткен деген мағына берсе, «хәләф» кейінгі деген мағына береді. «Сәләф» сөзі бастапқыда, ислам тарихының алғашқы үш ғасырында ғұмыр кешкен ізгі ұрпаққа қатысты қолданылды. Оның негізі Мұхаммед пайғамбардың, Нұғман бин Бишар арқылы жеткен мына бір хадисіне сүйенеді: «Адамдардың игі-жақсылары менің ғасырымдағылар, содан соң олардан кейін келгендер. Олардан кейін, бірінің куәлігі сертінен бұрын және серті куәлігінен бұрын берілетін қауымдар келеді» [8, 4]. Пайғамбарымыз көрсеткен осы алғашқы ұрпақтарға қатысты, бірте-бірте, «сәләф салих» – «бұрынғы игі-жақсылар» деген ұғым қолданыла бастады.

«Сәләфия» термині Мысыр Британияның отары болып тұрған тұста, Жамалуддин әл-Афғани, Мұхаммед Абдұһтар исламды реформалау қозғалысын бастап кеткен кезде кең қолданысқа ие бола бастайды. Реформаторлар мақсаттарына қол жеткізу үшін сәләфия терминін өздеріне ұран етіп алды. Бұл сол кездегі Мысыр елінің қиын жағдайымен байланысты еді. Ол кезде Мысырда алуан түрлі бидғаттар, хурафтар (дінде негізі жоқ, дінге енгізген жаңалықтар) көбейіп кеткен болатын. Яғни ислам діні дағдарысқа ұшырап, формализм белең алып кеткендіктен, оны сауықтыруға бағытталған қозғалыстар жүріп жатқан кезең болатын. Осы кезде Мысырлықтар екі топқа бөлінді, бірінші топ: «Батыс өркениетінің көшіне қосылу қажет, бұрыннан келе жатқан шектеулерден, қағидалардан тіпті ислами ой-пікірлерден де арылу керек» дегенді алға тартты. Екінші топ: «Мұсылмандарды түзеу бүкіл бидғаттардан, хурафтардан, жаңсақ пікірлерден ада, дұрыс исламға бағыттау арқылы жүзеге асады. Бастысы ислам дінін жаңа көшке ілестіру керек. Сырттан келген шетелдік өркениет пен исламның арасынан өзіндік үндестік жолын іздестіру қажет» деген пікірді айтты. Міне осы екінші топтың алдыңғы қатарында Шейх Афғани мен шейх Мұхаммед Абдүһ тұрды. Олардың «сәләфия» ұранын көтерудегі басты мақсаты сол кезеңдегі мұсылмандардың құлдырап кеткен жағдайына бұқара халықтың жиіркенішін тудыру болатын. Олар ислам өркениетінің алғашқы ғасырларындағы мұсылмандардың гүлденген жағдайы мен кейінгі кезеңде халықтың басынан кешіріп жатқан ауыр халдерін салыстыра отырып, мұсылмандарды сәләф салих дәуіріндегі қалыпқа түсіруді өздеріне мақсат етіп қойды. Осы дәуірдегі «сәләфия» түсінігі мен сол ұранның астында өткен реформаторлық қозғалысқа тарихи тұрғыдан баға беретін болсақ, оның оң бағыттағы, қоғамның прогресс жолымен дамуына жол сілтеген идеяларға негізделгендігін байқау қиын емес.

Алайда, қазіргі таңда «сәләфия» терминінің мағынасы да, қолдану аясы да түбегейлі өзгеріске ұшыраған. Өздерін сол игі жақсылар буынына қатыстымыз деп есептейтіндер тарапынан мағынасы бұрмаланған. Олардың кейбірі өздерін ғана «сәләфтардың мұрагеріміз, бізден басқа сәләфи жоқ» деп санайды. Олардың сәләфия туралы түсініктері болмашы мәселелер төңірегінде шоғырланып, сәл нәрседен талас тудыруға бейілдіктерін аңғартады. Өздерінің санаулы басшыларымен ғана кеңесетін олар, әлемнің әр түкпірінде діннің таралуына сүбелі үлес қосқан үмбет ғұламаларының басым бөлігін, дінді қанша терең түсінетініне қарамай бидғатшылар деп есептейді. Қазіргі таңдағы өздерін «сәләфиміз» деп жүргендердің басым көпшілігінің пікірі, әрекеттері, ұстанған жолдары, мәселелерге берген үкімдерінің негізгі бөлігінің дінге теріс екенін көреміз. Олардың ойы – қоғамда талас-тартыс тудырып, жанжалдастыру. Дінде шектен шығушылардың бағыты мұсылмандардың дамуына, діни диалогты жаңғыртуға, жалпы алғанда ислам әлемі қажет етіп отырған өрлеу жолына анық кедергі келтіреді. Бұл фанаттық бағыт – шектен шығуға үгіттейтін идеологияның негізгі ұйытқысы, қоғамның бөлшектенуіне, адамзаттың өмір көшінен кері қалуына, дертке шалдықтыратын қиял жетегінде жүріп, өзіне, немесе қоршаған ортаға деген қатынастан тыс қалуға, оқшау өмір сүруге шақыратын қайнар көз. Сондықтан Орталық Азия елдері мұндай экстремистік, радикалды діни ағымдардан бойын аулақ ұстап, дұрыс діни бағытта болуы үшін, ең алдымен діни сауатын көтеруі қажет деп ойлаймыз. Сонымен бірге Орталық Азия елдерінің үкіметтері өз қоғамдарында қордаланып отырған әлеуметтік мәселелерді де шешудің жолдарын қарастырғаны абзал деген қорытынды жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Центральная Азия расходится во мнении в вопросе о политической роли ислама и сходится во мнениях касательно секулярного государства. Государственный Департамент, Бюро исследований, Анализ мнений, 6 июля 2000. – М-95-00.*
2. *Малый исламский словарь. – Мюнхен, 2008. – С.148-149.*
3. *Интервью с С.Олимовой и М.Олимовым, Исследовательский Центр «Шарк» в Душанбе. Декабрь 2010. Председатель таджикского «Комитета по делам религии» А.Холиков, количественно озвучил в интервью информагентству «Азия Плюс» 11 июля 2011 года.*
4. *Салиев А. Современная роль ислама в общественно-политическом пространстве Киргизской республики. – М., 2009. – С. 122-153.*

5. Косиченко А. Г., Курганская В. Д., Назинбаева А. Н. Религиозные отношения в республике Казахстан. Исследования Центра гуманитарных исследований. – Алматы, 2006. – С. 35.
6. Речь госсекретаря США Мадлен К. Олбрайт в Университете мировой экономики и дипломатии, Ташкент, 7 апреля 2000 г. – Ташкент, 2000.
7. Карманов Д. Радикальные исламские организации Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 2004, №6. 63 с.
8. Имам Бұхари. «Сахих» кітабы. 2509-шы хадис. // Батталұлы Р., Әліұлы Б., Имамәди Т. Дінде шектен шыққандар (Ұстанған жолы мен ерекше мән берген мәселелері). – Алматы, 2015. – 144 б.

УДК 930(574)
МРНТИ 03.41.01

Ж.Б. Саткенова¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті,
zhanar_03@mail.ru

С.А. Нусупбаева²

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті,
n.salta_82@mail.ru

Ұ.С. Шанбаева³

³әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті,
ulpanshanbaeva@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада түркі тілдері, оның ішінде туыстас қазақ-қырғыз тілдерінің тарихи тамырластығы және тілдерінің қалыптасуы қаралған. Ұзақ жылдар бойы еліміз саяси тәуелсіздігін жоғалтып, патшалық Ресейдің отаршылдығында болып, кейінірек өз тәуелсіздігін алды, өз әліпбиін қалыптастырды. 1929 жылға дейін араб графикасының «төте жазу» үлгісін қолданса, 1929 жылы латын алфавитіне көшті, ал 1940 жылы қазақ жазуы орыс графикасы негізінде қолданылды. Қазіргі қазақ тілінің әліпбиінде 42 әріптен тұрса, төл дыбысы 26 екені белгілі. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде 9 дауысты, 17 дауыссыз фонема бар, қазақ тілі сингармониялық түркі тілдері қатарына жатады. Ал Қырғыз тілі (қырғ. кыргыз тили, *قىلىت زى عرىق*) – Қырғыз Республикасының мемлекеттік тілі, түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Қырғыз елі 1928 жылға дейін араб жазуын қолданып келеді. Қазіргі жазуы кириллицаға негізделген.

Тірек сөздер: қазақ тілінің фонологиялық жүйесі, қыпшақ тілі, қырғыз тілі, қазақ әліпбиі, латын әліпбиі, араб жазуы.

Аннотация

Ж.Б. Саткенова¹

¹ КазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования,
zhanar_03@mail.ru

С.А. Нусупбаева²

² КазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования,
n.salta_82@mail.ru

Ұ.С. Шанбаева³

³ КазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования,
ulpanshanbaeva@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ КАХАЗСКИХ И КИРГИЗСКИХ ЯЗЫКОВ

В данной статье рассматриваются исторические корни казахских и киргизских языков. До 1929 года казахи использовали арабскую графику, а в 1929 году письменность казахов заменили на латиницу. С 1940 года было решено перевести письменность на кириллицу. Этот алфавит казахского языка содержит 42 буквы. Рассматривается фонологическая система казахского языка. Фонологическая система казахского языка состоит из 9 гласных, 17 согласных фонем. Казахский язык является одним из тюркской группы. Киргизский язык является государственным языком Республики Киргизстан. Киргизский язык входит в кыпчакскую группу тюркских языков.

Ключевые слова: Фонологическая система казахского языка, кыпчакский язык, киргизский язык, казахский алфавит, латинский алфавит, арабская письменность.

Abstract

Z.B. Satkenova¹

¹al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education,
zhanar_03@mail.ru

S.A. Nusupbaeva²

²al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education, teachers of
history, n.salta_82@mail.ru

U.C. Shanbaeva³

³al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education,
ulpanshanbaeva@mail.ru

HISTORICAL ROOTS OF THE KAZAKH AND KYRGYZ LANGUAGES

In this article the problem of the historical roots of the Kazakh and Kyrgyz languages is discussed. Until 1929 the Kazakhs have used Arabic script, and in 1929 the Kazakh alphabet was replaced by the Latin alphabet. Since 1940, it has been decided to translate the Cyrillic alphabet. This alphabet of the Kazakh language contains 42 letters. We consider the phonological system of the Kazakh language: 9 vowels and 17 consonants. The Kazakh language is one of the Turkic group. Kyrgyz is the state language of the Republic of Kyrgyzstan. Kyrgyz language belongs to the Kipchak group of Turkic languages.

Keywords: the phonological system of the Kazakh language, Kipchak language, Kyrgyz language, Kazakh alphabet, Roman alphabet, Arabic written language.

Н.А.Баскаковтың топтастыру бойынша қазақ тілі түркі тілдерінің Батыс Хүн тармағының қыпшақ тобы қыпшық-ноғай топшасына жатады. Қазақтар дербес ұлт ретінде Қазақстан территориясындағы көптеген рулар мен рулық тайпалық одақтардың консолидациясы нәтижесінде XV ғасырда қалыптасты.

А.Байтұрсынұлы салған сара жолмен қазақтар 1929 жылға дейін араб графикасының «төте жазу» үлгісін қолданып келсе, 1929 жылы латын алфавитіне көшті, ал 1940 жылы қазақ жазуы орыс графикасы негізінде қолданылды. Қазіргі қазақ тілінің әліпбиінде 42 әріптен тұрса, төл дыбысы 26 екені мәлім. Әліпбидің и графемасы ый, ій дыбыстық тіркестерін құраса, у графемасы үу, ұу дыбыстық тіркестерін құрайды, я әріпі йа, йә, ю әріпі қазақ сөздерінде йуу, йуу тіркестерін көрсетеді. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде 9 дауысты, 17 дауыссыз фонема бар, қазақ тілі сингармониялық түркі тілдері қатарына жатады.

Қырғыз тілі (қырғ. қырғыз тили, (ىلىت زى عرقى) – Қырғыз Республикасының мемлекеттік тілі, түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Қырғыз тілінде 5,1 млн. адам сөйлейді. Олардың басым көпшілігі Қырғыз Республикасында тұрады. КСРО-да 1928 жылға дейін және ҚХР-да бүгінге дейін араб жазуын қолданады. Қазіргі жазуы кириллицаға негізделген.

Ең алдымен жұмыстың нысанына алынған туыстас тілдердің қазіргі даму кезеңіндегі қалпына сипаттама бере кететін болсақ, түркі тілдері ішінде Шығыс хун тармағының қырғыз-қыпшақ тобына жатады. Қазіргі кезде қырғыз тілі Қырғызстан Республикасының мемлекеттік тілі, бұл тілде оңтүстік және солтүстік екі диалект ерекшеленеді. Қырғыз әдеби тілінің жазба үлгісінің негізі XIX ғасырдың екінші жартысында солтүстік айтылым (говор) топтарының фонетикалық және лексикалық ерекшеліктерінің басымдылығы негізінде қалыптасты. Қырғыз тілі де қазақ тіліндей араб әліпбиінен 1928 жылы латын әліпбиіне, ал 1940 жылы орыс жазуына көшеді. Қырғыздар –ұлт атауы. 1924 жылы Қара-Қырғыз автономиялы республика болып Россия құрамында құрылды. 1926 ж. Қырғыз АССР-і, ал 1936 ж. желтоқсан айында Қырғыз ССР-і болып өзгертілді.

Қырғыз Республикасы Қазақстан, Орта Азияның солтүстік шығысындағы Өзбекстан, Тәжікстан және шығысында Қытаймен шекараласады. Жалпы жер көлемі – 198,5 мың км². Халқының саны 2002 жылғы есеп бойынша – 5 миллионнан астам адам. Астанасы –Бішкек қаласы.

Әкімшілік жағынан 3 облысқа, 8 ауданға бөлінеді. Республика құрамында – 15 қала, 35 қала үлгісіндегі аудандар бар. Халқының этникалық құрамы әр түрлі. Республикада: өзбек, орыс, украин, татар, дұнған, ұйғыр, қазақ т.б. ұлттар тұрады.

1991 ж. тамыз айының 31 жұлдызында Қырғыз Республикасының Жоғорку Кенеші (Жоғарғы Кеңес) «Қырғыз Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі Декларациясын» қабылдады.

Ұлттық және ресми мерекелері:

1 қаңтар – Жаңа жыл.

7 қаңтар – Рождество.

8 наурыз – Халықаралық Әйелдер күні.

21 наурыз–Ұлыстың ұлы күні.

1 мамыр–Халықаралық Еңбекшілер күні.

5 мамыр–Конституция күні.

9 мамыр–Жеңіс күні.

31 тамыз–Тәуелсіздік күні.

Ел арасында дәстүрлі діни ораза айт, құрбан айт мейрамдары ай күнтізбесі бойынша аталып өтеді.

Ұлттық ақшасы –сом.

Қырғыз Республикасының Президенті –елдің ең жоғарғы басшысы. Ол Қырғыз Республикасының Конституциясын қорғайтын, мемлекет пен халық бірлігін, азаматтардың бостандығы мен құқығының кепілі болып табылады.

Президент үкімет құрамын анықтайды және мүшелерін тағайындайды. Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші елдегі ең жоғарғы заң шығару органы болып табылады. Кенеш депутаттары құрамы 75 адам болып, 5 жыл мерзімге сайланады.

Археологиялық ескерткіштер Қырғыз жерінде адам баласы бұдан 300 мың жыл бұрын ертедегі тас дәуірі (палеолит) замандарынан бері мекен еткенін дәлелдейді. Ерте палеолит тас дәуірінің құралдары Ыстықкөл, Тянь-Шань, Ферғана маңынан, неолит тас дәуірі ескерткіштері Ош, Токмақ, Ыстықкөл өңірі мен Алтай далаларынан табылады.

XX ғ. 1985 жылында Орталықтан (Мәскеуден) басталған қайта құру дәуірі бұдан республикалардың тәуелсіздігін қалпына келтіру мәселесінде алғы шарт болды. 1990 ж. Қырғызстанда «Асаба» қоғамдық-саяси және «Қырғыз демократиялық қозғалысы» секілді екі ірі саяси қозғалыс құрылды. Демократиялық бағыттағы депутаттардың күш біріктіруімен 1990 жылдың 27 қазанында Қырғызстан Республикасының тұңғыш Президенті болып Қырғыз Ғылым Академиясының президенті А.Ақаев сайланды. Ел демократиялық даму жолын таңдады.

1990 жылы қараша айында Қырғызтан–Қырғыз Республикасы деп аталды. 1990 ж. 15 желтоқсанында Жогорку Кенеш «Қырғыз Республикасының Тәуелсіздігі Декларациясын» қабылдады. 1990 ж. 5 ақпанында Қырғыз республикасының сол кездегі Фрунзе деп аталатын астана атауы өзінің тарихи Бішкек атауына өзгертілді.

1991ж. 31 тамызында Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші «Мемлекет тәуелсіздігі Декларациясын» қабылдады. Қазіргі кезде бұл күн –Тәуелсіздік күні ретінде мерекеленеді.

1991 ж. өз тәуелсіздігін жариялаған Қырғыз Республикасын әлем елдері тани бастады. 1992 ж. Бішкекте ең бірінші Америка елшілігі, одан кейін Түркия, Қытай, Россия, Германия елшіліктері ашылды. Қазіргі кезде Қырғыз Республикасын әлемнің 135 мемлекеті таниды. Оның ішінде 96 елмен дипломатиялық қарым-қатынас орнады. Бішкекте әлемнің 20-дан аса мемлекеттерінің елшіліктері және осынша мөлшерде әлемнің әр елінде Қырғыз елшілігі ашылған.

1992 ж. 2 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы өзінің 4-ші сессиясында Қырғыз республикасын мүшелікке қабылдады. Қазіргі кезде Қырғыз Республикасы 40-тан аса халықаралық ұйымдардың мүшесі болып саналады.

Республикада финанс жүйесі қалыптаса бастады. Олар: Халықаралық валюта қоры, Әлемдік банк, Азия даму банкі. 1998 ж. Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы елдері ішінде Әлемдік Сауда Ұйымына мүшелікке өтті.

Қырғыздардың негізгі кәсібі – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы. Көбінесе мал жайылымына сай көшіп-қонып жүреді. Қыста –қыштоода (қыстауда), көктемде – көктоода (көктеуде), жазда –дойлода (жайлауда), ал күзде – күздөөге (күздеуге) қоныстанады.

Қырғыз әдебиетінің қайнар көзі – ауыз әдебиеті саналады. Қырғыз әдебиеті мен фольклорының шырқау биігі –Манас эпосы. Манас эпосы туралы алғашқы деректер Шығыс әлемінің ғұламасы Молла-ад-Диннің «Маджму-ат-Тауарих» атты еңбегінде (XVI ғ.) айтылады. Қырғыз халқының ежелгі ауыз әдебиеті нұсқасынан Манастан басқа «Кедейхан», «Қожаш», «Жаңыл мен Мырза», «Ер Төстік» т.б. жыр-дастандар сақталған.

XIX ғ. ортасында өмір сүрген Қалығұл, Арыстанбек секілді халық ақындарының «Тар заман», «Ақыр заман» т.б. өлең-дастандары тарады.

XIX ғ. 2-ші жартысында ақын Молдо Қылыш Шамырқановтың (1866-1917) «Жынды су», «Алдамшы», «Зар заман», «Бүркіт тойы» т.б. жырлары жарық көрді. Бұл кезеңде қырғыз халқының классик жыршысы Токтоғұл Сатылғановтың (1864-1933) шығармалары қырғыз әдебиеті үшін маңызды болды. Суырып салма ақын Барпы Алықұловтың (1884-1949) «Қатал хан», «Бақташы жыр», «Жетім» т.б. әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздікке қарсылық шынайы суреттеледі.

Қырғыз тілі –Қырғызстан Республикасының байырғы халқы қырғыздардың (қырғыз) тілі.

Төңкеріске дейінгі деректерде қырғыздарды буруттар, кара қырғыздар немесе жабайы тас қырғыздар деп атаған. Халықтың атауына сәйкес тіл де қырғыз тілі деген атауға ие.

Қырғыз тілі түркі тілдерінің солтүстік-батыс тобына жатады. КСРО-дағы барлық қырғыздардың саны 2529 мың. Қырғызстаннан тыс жерлерде қырғыздар Өзбекстанның Ташкент, Ферғана, Самарқанд, Әндіжан және Наманган облыстарында (142 мың адам), Тәжікстанның Гарм облысы мен Таулы-Бадахшан автономиялы облысында (48 мың адам), Қазақстанның Қырғызстанмен іргелес жатқан аудандарында және Ресей Федерациясының бірқатар аудандарында (1979 ж. мәлімет бойынша 29 мың адам) тығыз қоныстанған. Қырғыздардың біраз топтары Қытайдың Синцзян провинциясында (Қызылсу автономиялы ауданы), Ауғанстанның солтүстік-шығыс бөлігінде және Пәкістанда тұрады.

Қазіргі қырғыз тілі оңтүстік және солтүстік деп аталатын екі диалектіге (немесе оңтүстік және солтүстік говорлар тобы) бөлінеді. Олардың негізінде аймақтық ерекшеліктер жатыр (оңтүстік диалект – қазіргі Ош пен Талас облыстарының оңтүстік-батыс, солтүстік диалект – Солтүстік Қырғызстанды толық: Ыстықкөл аңғарлары, Шу алқабы және Нарын облысының аймақтарын қамтиды). Қырғыз диалектілерінің жіктелуі біршама шартты сипатқа ие. Өйткені көптеген сөздердің таралу шегі диалектіні құрайтын говор немесе говорлар тобының шартты шекарасынан шығып кетеді.

Ұзақ жылдар бойы еліміздің саяси тәуелсіздігін жоғалтып, патшалық Ресейдің отаршылдығы, кейінірек кенестік биліктің құрсауында қалып, өз тарихын зерттеуге және білуге деген мүмкіндігінен айрылуы қазақ пен қырғыз халықтарының XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі өзара саяси байланыстары тарихының объективті бағасын алмауына себеп болғаны белгілі.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы орыс өлкетанушыларының, шығыстанушыларының қазақ-қырғыз байланыстарына көңіл аударуы Жоңғар хандығы құлағаннан кейінгі кезеңде патшалық Ресей империясының саяси және сауда мүдделеріне орай арта түскен еді. XVIII ғасырдың соңғы ширегінде қазақ-қырғыз байланыстары туралы ресейлік академиялық экспедицияның мүшесі И.Г. Георги қысқаша сипаттама берсе, ал И.Г. Андреев сияқты әскери қызметкерлер империялық пиғылдағы Ресейдің саясатына орай мәліметтер жинады. Қазақтар мен қырғыздар туралы естіген, білгендерін жазып отырған олардың еңбектерінен екі елдің қаншалықты байланысы бар, араларында қарама-қайшылық бар ма деген сұраққа жауап беруге тапсырма алғандықтары да аңғарылып тұрады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздары арасында орын алған байланыстар жайына көңіл бөлген А.И. Левшин, А.Янушкевич, П.П. Семенов сияқты авторлардың еңбектерінде қазақтар мен қырғыздардың саяси байланыстарына қатысты орын алған оқиғалардың себептері мен салдарлары сипатталады.

Патшалық Ресейдің қазақтар мен қырғыздарға қарсы отаршыл саясатының, Кенесары ханның қырғызға жорығының, Ұзынағаш шайқасының сипатын көрсететін кітапты А.Кенесарыұлы жазып қалдырды. Сол тұстағы көптеген оқиғалардың куәгері болған Кенесары ханның ұлы – Сыздық сұлтанның айтуымен жазылғандықтан, аталмыш кітапты қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихын қарастыруда құндылығы жоғары еңбек деп бағалаған орынды. Тек кітаптың 1889 жылғы алғашқы басылымындағы Сырдария облыстық санақ комитетінің төрағасы, генерал Е.Т.Смирновтың түсініктемесіндегі қазақтар мен қырғыздардың өзара жауласуы көне дәуірлерден басталады, оның бастауын екі халықтың сонау орта ғасырлардағы Орта Азиядағы саяси бәсекелестігінен іздеу керек деп туыстас екі халықты бір-біріне ежелден дұшпан қылып көрсету ниеті шындыққа сай келмейді. Осы жерде орта ғасырлардағы қазақ-қырғыз этносаяси байланыстарының тарихымен арнайы айналысқан М.Калкан сияқты қазіргі заманғы зерттеушілер қазақ хандарының қырғыздардың жәрдемімен сыртқы жауларға қарсы соққы беріп тұрғанын, ал жеңіліске ұшырай қалғанда, қырғыз жеріндегі таулы аймақтарға шегініп, із суытып кетіп тұрғанын, сөйтіп, қазақтар мен қырғыздардың аймақтағы саяси оқиғаларға орта ғасырларда-ақ бірлесе қатысқанын, кейінгі XVIII–XIX ғасырларда да қазақ-қырғыз одақтастығы және бірлескен саяси әрекеттері болғанын көрсетіп, қазақтар мен қырғыздар үнемі жаулаушылық қатынаста болды деген пікірлердің жаңсақ екенін анықтап отырғанын да айтып өткен жөн. Қырғыздардың қазақтарды саяси қолдауын «М.Х. Дулати және XV–XVI ғасырдағы Қазақ хандығы» атты еңбегінде қазақ ғалымы С.Жолдасбайұлы да дәлелді көрсетіп береді.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ-қырғыз саяси байланыстарын аша түсетін еңбекті қырғыз тарихшысы Б.Солтоноев жазып шықты. Кеңестік дәуірде қуғын-сүргінге ұшыраған зерттеушінің еңбегінің қолжазбасы толығымен қырғыз тілінде екі кітап болып, «Қызыл қырғыз тарихы» деген атпен 1993 жылы Бішкек қаласында жарық көрді. Бірінші кітапта Көкжал Барак сұлтан, Абылай хан дәуіріндегі

қазақ-қырғыз саяси байланыстары мәселесі көтерілсе, екінші кітапта Кенесары хан тұсындағы, Жақыпбек Бадаулет кезіндегі екі халықтың қарым-қатынасы, 1916 жылғы байланыстар баяндалады.

Кеңес Одағы құлап, Қазақстан мен Қырғызстанның өз тәуелсіздігін жариялауы тарих ғылымының даму үрдісіне өзіндік әсерін тигізді. Қазақ және қырғыз тарихшылары мен қаламгерлері кеңестік дәуірде «ақтаңдақ» болып, ашылмай қалған тың тақырыптарды игеріп, тарихты ұлттық мүдде тұрғысынан жаза бастады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2004.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тілі дыбыстары жайында // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2015.
3. Джамгерчинов Б. Киргизы в эпоху Ормон-Хана. – Бишкек, 1998.
4. Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы. – Алматы, 2009.

УДК 739.2 (=512.122)

МРНТИ 03.61.91

Б.Ш. Солтиева¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы, soltievabsh@gmail.com

А.Қ. Бейсегулова²

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы, beysegulovaak@gmail.com

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ЖҮЗІКТІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа

Мақалада автор қазақ халқының әшекейлерінің бірі жүзіктердің түрлері мен семантикасына тоқталады. Соның ішінде жүзіктердің атауларының мән-мағынасы, олардың жасалу техникасы жан-жақты қарастырылады. Адамдардың әлеуметтік статусын білдіруіне және жасалу тәсіліне, өрнектерелуіне байланысты түрлері келтірілген. Сонымен қатар жүзіктерге қондырылатын тастардың өзіне тән қасиеті мен ерекшелігі жайлы, олардың сакральды, магиялық, қорғаныстық қызмет атқаратыны жөнінде баяндалады.

Кілт сөздер: Жүзік, семантика, зергерлік бұйым, статус, символ, янтарь, меруерт, ақық, құдағи жүзік, құсмұрын жүзік, отау жүзік, тасбақа жүзік.

Аннотация

Б.Ш. Солтиева¹

¹старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби, soltievabsh@gmail.com

А.К. Бейсегулова²

²старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби, beysegulovaak@gmail.com

ВИДЫ И СЕМАНТИКА КАЗАХСКИХ ПЕРСТНЕЙ КАК ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИЙ

В статье автор сосредотачивается на видах и семантике перстней как одного из видов ювелирных украшений казахского народа. С различных точек зрения рассматриваются виды перстней, связанных с социальным статусом человека, способы их изготовления и декорирования. Приводятся данные о значении и особенностях камней, используемых при создании перстней, их сакральных, магических, защитных функциях.

Ключевые слова: перстень, семантика, ювелирное изделие, статус, символ, янтарь, жемчуг, агат, перстень сваты, птичий клюв, перстень в виде черепахи.

Abstract

B.Sh. Soltieva¹

¹ seniorlecturer of Al-Farabi Kazakh National University, soltievabsh@gmail.com

A.K. Beysegulova²

² seniorlecturer of Al-Farabi Kazakh National University, beysegulovaak@gmail.com

TYPES AND SEMANTICS OF THE KAZAKH RINGS AS JEWELRY

In article the author concentrates on types and semantics of rings as one of types of jewelry of the Kazakhs. From various points of view types of the rings connected with the social status of the person, ways of their production and dressing are considered. Data on value and features of the stones used during production of rings, their sacral, magic, protective functions are provided.

Keywords: ring, semantics, jewel, status, symbol, amber, pearls, agate, matchmaker`s ring, bird`s beak, ring in the form of a turtle.

Зергерлік – өте ертеден келе жатқан, көркемдік өнердің бір түрі. Көне заманнан сыр шертетін дәстүрлі колөнерінде сәні мен салтанатына тәнті етерлік қазақ халқының зергерлік өнері маңызды орын алады. Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнер халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамыды. Әртүрлі сәнді бұйымдар, асыл тастардан жасалған қымбат заттар шеберлер қалдырған халық мұрасы болып табылады.

Қазақ халқының зергерлік бұйымдары жөнінде Ә.Х. Марғұлан [1], Х. Арғынбаев [2], С. Қасиманов [3], Ш.Ж. Тоқтабаева [4] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тауып отыр. Этнограф ғалымдардың еңбектерде, қазақ халқының колөнерінің ішінде зергерлік өнердің тарихы жөнінде айтылады. Сондай-ақ әшекей бұйымдарының бірі жүзіктердің атаулары мен орындалу техникасына қарай олардың түрлеріне, мән-мағынасына сипаттама берілген.

Қазақ зергерлерінің өте көп жасаған әшекейлерінің бірі – сақина мен жүзік. Кез-келген нәрсенің асылы мен жасығын асқан талғампыздықпен айыра білген қазақ қыздары мен әйелдерінің асыл тассыз, алтын – әшекейсіз елестету мүмкін емес. Әшекей заттар қоғамның барлық әлеуметтік топтарының арасында үлкен сұранысқа ие.

Жүзік – бауырдағы алтын, күмістен соғылып, саусақ сыртына қараған бетіне асыл тастан көз салынып, әр түрлі пішінде әзірленген саусаққа сәндік үшін киілетін зергерлік бұйым. Шеті ою-өрнектермен безендіріліп соғу, қалыптау, ширату тәсілмен жасалады. Жүзіктің қасиетті мағынасы өз атауынан «жүзік» (жүз-сто) жүзге дейін өмір сүреді деген сенімнен бастау алады. Жүзік сақинадан да күрделірек болады. Оның саусақ сыртына түсетін алақанына ширатылған металл сымнан, сіркелеу, лажылау, бағдарлау тәсілдерін қолдана отырып, күрделі өрнектер салып, күмбездеп, түрлі асыл тастардан көз орнатылып жасалынған. Сондықтан жүзік алақанының беті өте сәнді, әрі әсем әшекейленгендіктен «жүзік» деп аталса керек. Яғни, бет, жүз, ажар дегеннен шығады.

Жүзіктерді салудың да өзіндік дәстүрі болған. Мысалы, бұрынғы кездері қазақтар жүзікті аты жоқ саусаққа, сұқ саусаққа, кей кездері шынашаққа да таққан. Қазақ халқында саусаққа киілетін, алақаны бар жүзіктер әртүрлі пішінде жасалынған [5, 478-479 бб.].

Жүзіктерді адамдар әлеуметтік мәртебесіне қарай тағатын болған. Жүзікті соғылуы мен материалы, асыл таспен көркемделуі, арзан немесе қымбаттылығына тапсырыс берушілерінің әл-ауқатына, әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Жүзіктердің иелерінің әлеуметтік статусын білдіруіне байланысты құдағи жүзік, сом жүзік, шорлы жүзік, мөрлі жүзік сияқты атаулары бар.

Қазақ жүзіктеріне көбіне дөңгелек күн белгісі салынады. Бір дөңгелек күн белгісін «күніміз ашық болсын» деген тілекпен салса, қос дөңгелек немесе мөр жүзік – мейірімділік пен әділеттіліктің белгісін білдірген. Қалың қос дөңгелекті жүзікті, әдетте, қолбасшыға сыйлаған.

Жүзіктің өте көлемді түрлері де болған. Соның бірі - құдағи жүзік. Мұндай жүзік түрінің материалдық да мағаналық жасалуы ерекше. Құдағи жүзік – отбасылық әлеуметтік статусының жоғарғы көрсеткіші болып табылады. Құдағи жүзіктер Қазақстанның батысы мен оңтүстік-батысында кездесетін аса көлемді, әрі өте сәнді жүзік болып есептеледі. Жүзіктің бауырында екі саусаққа бірдей киізілетін қосарланған екі сақинасы соғылып жасалғандықтан, жүзік беті көлемді болып келеді. Жүзікке асыл тас, түсті шыны қондырылады, сондай-ақ міндетті түрде алтынмен әсемделіп жасалынады. Құдағи жүзіктің «қызметінің» маңыздылығына қарай құндылығы да жоғары. Құдағи жүзікті жаңа түскен келініне шын мәнінде аналық мейірімін төге білген парасатты құдағиға ғана арнайы жасатып, сыйлау салтына байланысты оны «құдағи жүзік» деп атайды. Оны иемдену – үлкен құрмет. Осы екі саусаққа қатар киетін қос бауырдағы (алақан астындағы қос сақина) бар жүзікті екі жастың ұзақ уақыт жұптары жазылмай бірге өмір сүруіне, бақытты болуына тілектестіктің белгісі ретінде санаған [6]. Құдағи жүзік айтқа, тойға, мейрамға барғанда салынады. Құдағи жүзік таққан адамды көрсе «Ақ ниетті әділ адам екен!» деп қызығып, ізет көрсетіп, сыйлап, қайда да бұл әділетті, мейірімді адам екен деп төрге отырғызатын болған. Ал, келіні кесірлеу болса, адамдар құдағи жүзік таққан кісіден кеңес сұраған. Сондай-ақ бұл жүзік қасының санына қарай қос қасты жүзік, бауырдағына қарай – қос бауырдақ жүзік, сонымен бірге жүзіктің батыс өңірінде кездесуіне қарай – Адай жүзік деп те аталады [5,46 б.]. Қос дөңгелекті «құдағи жүзік» - мөр жүзікпен салыстырғанда екі есе кіші болған.

Жүзіктер тек сән үшін ғана тағылатын әшекей емес, сонымен қатар ертеректе лауазымы, атқаратын қызмет дәрежесі жоғары, елге белгілі ер адамдар ғана таққан. Мұндай жүзік сәнді бұйым болумен қатар жазылған хатты растау үшін, қағазға таңба басатын мөр қызметін атқарғандықтан, мөрлі жүзік деп аталған. Мөрлі жүзіктерге алтын, күміске әртүрлі тас қондырып, аты-жөні, дәрежесі жазылған. Бұл жүзікті оң қолының сұқ саусағына тағатын. Кейінгі кездері лауазымды емес, қарапайым адамдар да аты жазылған мөрлі жүзік таққан. Оны хат танымайтындар мөр басу үшін де пайдаланған.

Сом жүзік – қомақты да салмақты, қалыпқа құю тәсілімен құйып жасалған жүзік.

Шор жүзікті дәулетті адамдар таққан. Шор жүзіктің үсті күмбез тәрізді пішінде жасалынған. Алақан күмбездерінің үстін зергерлер көбінесе сіркелеп, алтынмен аптап жасайды. Мұндай тәсілді шаю деп те атайды. Ерте кезде ауқатты адамдар осы шор жүзікті жасату үшін ақысына бірнеше түйе беріп соқтырған. Кей кездері бұл жүзікті шорлы жүзік деп те атаған [5, 483 б.].

Жүзіктің келесі бір түрлері – беті шиыршық өрнекті, бұдырлы болып келетін отау жүзік, құсмұрын жүзік, ортасына қондырылған тасы тасбақа тұрпалас тасбақа жүзік те сақина соғу өнерінің қайталанбас туындылары.

Отау жүзік – аты айтып тұрғандай отауды бейнелейді, жаңа құрылған жас отбасының отау көтеріп, үй болып кетуіне ырымдалып жасалынған. Бұл жүзіктің алақаны шаңырақ немесе шошақталып күмбез тәрізде жасалынған. Мұндай жүзік әдетте жаңадан отбасын құрған жастарға «отауың берік, шаңырағың биік» болсын деген мағынада салынған [4, 123 б.]. Жүзіктің үсті конус тәрізді, асты төртбұрышты болып келеді. Төртбұрышты болуы төрт құбылаң тең болсын, ал биік, жоғары көтерілуі биіктен көрінсін деген мағананы білдірсе, үстіңгі жағында бидай бейнелеген, ол ұрпақтары шашылсын дегенді білдіреді. Отау жүзіктің бауырдағы жалпақ етіп соғылады, оған айналдыра кереге тірізді ою түсіріліп, жиектері ширатпа тәсілі арқылы күміс сыммен жиектеліп жасалынады. Бұл жүзікті айттырылып қойған қалыңдыққа таққан. Әйелдің күйеуінің ұрпағын жалғастырушысы екендігін білдіріп тұратын сәндік бұйымының бірі [5,481 б.].

Қыздар арасында жоғары бағаланатын жүзіктердің бірі – құсмұрын жүзік. Құсмұрын жүзіктерді бақыттылықтың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі ретінде бойжеткен қыздар таққан. Негізінен өркендеу, өркен жаю идеясын білдіреді. Жүзіктің бұл түрі қалыпқа (құйып) салып, көбінесе үстіңгі бетіне қошқар мүйіз ою-өрнегін әшекейлейтін болған [7, 56 б.]. Жасалу техникасы жағынан қызықты болып келетіні – ішіндегі қуысқа құм немесе ұсақ тастар салынатын жүзіктер. Мұндай әдіспен алынған сақина сыңғырлаған әсем ән шығаратын болған. Құсмұрын жүзікті екі жақтамада таққан, біріншісі, ұшын саусақтың сыртына қарай сұқ саусағына тағуы басы бос, құда түспегендікті білдіреді. Бұл жүзіктің рәміздік мәні «құстай ерікті, өз еркі өзінде», яғни «қыздың басы бос» дегенді білдірсе, ішке қарай тағылуы құда түскендіктің белгісін білдірген. Кей кездерде сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Ұзатылған қыздың дүниесіне бұл жүзікті қосып беріп жіберген. Бауырларының жаңа босағада жағдайын білуге келген қыздың іні-сіңлілеріне құсмұрын жүзікті төркініне қайтарса, онда бұл белгі қыздың жағдайының жақсы екенін хабардар еткені [8, 45 б.]. Ұзатылған қызының жағдайының жақсылығына көзі жетіп, сәлемдемеге құсмұрын жүзік келсе анасы қуанған, немесе құстұмсық ою-өрнекі салынған тұскиіз, басқұр сияқты зат келсе, ауыл-аймағы қуанып, той жасап, оларды дастархан мәзіріне шақырған [9, 29 б.].

Сондай-ақ құсмұрын жүзікті жорыққа аттанған жігітке сыйлаған, мұндағы тілек аман-есен жылы ұяңа қайтып орал дегенді білдіреді. Ал құс дегеніміз әуелден еркіндік пен бақыттың, қайырым мен мейірімнің нышаны. Құсмұрын жүзіктерді жас келіншектер таққан болса, ал үлкен тасбақа қабығына ұқсас жүзіктерді ұзақ өмір жасау символы деп санаған.

Тасбақа жүзікті қазақтар өмір жасының ұзақтығы белгісі ретінде күмістен соғып жасатқан. Мұндай жүзіктерді әсіресе, жасы келген үлкен апалар өз өмірлерін ұзатарады деген сеніммен таққан [10, с.38].

Қазақ зергерлері әрбір тастың өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, кереметі бар екенін білген. Олардың біреуі адамға құт әкелсе, енді бірі тіл - көзден, пәле-жаладан сақтайтын қасиеті бар екен. Жасалу мәнеріне қарай немесе көздеріндегі орнатылған тастардың атына қарай зергерлер алтын жүзік, күміс жүзік, гауһар жүзік, жақұт жүзік, меруерт жүзік, қола жүзік деп атаған. Қазақ халқының дәстүрінде көзіне асыл тас орнатылған (кейде жазулы) алтын, күміс жүзіктерді қыз-келіншектер, сал-серілер салған болатын.

Көпшілікке танымал янтарь тасының ғажайыптарын ертеден гректер бұдан екі жарым ғасыр бұрын білген екен. Оны парсы тілінде «Хахруба» деп атаған, яғни «өзіне тартқыш» деген мағананы білдіреді. Ол шашты, шөпті өзін тартып алады және оның ішінде түрлі жәндіктер өзінің тірі қалпын сақтайтын көрінеді [3, 130 б.]. Ақық – қазақ зергерлерінің ең сүйікті тасы. Ақық тасын адам денсаулығына пайдасы бар деп санаған. Шығыста оны ежелгі уақыттан-ақ ерекше қастерлеген болса, ал қазақтарда әрдайым сақтаушы түсінігін білдірген. Пайғамбардың өзі «кімде – кім ақық тасты тақса, ол қуанышпен игілікке молығады» - деген [11,12 б.]. Түркімен халқы да өз наным-сенімі бойынша, ақық тасын ерекше қастерлеген. Өйткені, ол тастар иесінің алға қойған мақсатына жәрдем береді, ұрыста жауына қорқыныш, үрей туғызады деп сенген. Бұрынғы кездері түркімендер қанжар мен пышақ қындарын ақық көзді етіп әшекейлеуге тырысқан. Сондықтанда түркімендер әйелдердің әшекей бұйымдарына көбінесе ақық тасын орнатқан. Қазақтар ой-санасындағы меруерт, інжу тастарға деген сүйіспеншілігін айға теңеумен

байланыстырған. Меруерт – ақ, ақшыл түсті асыл зат. Меруерт парсы тілінен енген, морварид деген сөзден шыққан [7, 32 б.]. Меруерт жүзік аса сирек кездесетін әшекей болып табылады, оған меруерт тасы қондырылып жасалынған. Көбінесе егде тартқан әйелдер бұл тастарда да ай сәулесінің бір бөлшегі бар деген оймен оған ерекше мән берген. Инжу мен меруерт тастары бақытты, байлықты білдіреді [4, 121-127 бб.]. Ал жақұт тасы жүзіктің көзіне қондыры-латын қызыл түсті асыл тас. Жақұт қондырылған жүзік өте қымбат әшкей ретінде саналған. Өйткені Орта Азия елдерінде бұрынғылар төрт аяқты жануарлардың патшасы – ат, пәкиза гауһарлардың патшасы – жақұт, қымбат бағалы заттардың патшасы – алтын деп бағаланады. Көне наным бойынша жақұт адамды қатты ашулануға ұрындырмайтын, сабыр сақтауға бейімдеп, ауру –сырқаудан, қорқыныштан сақтап, адамдарға тазалық, сыпайылық, сүйіспеншілік әкелетін қасиетті тастың бірі.

Қола жүзік – қолдан соғылған арзанқол жүзік. Дәстүрлі ортада қола жүзікті қыз-келіншектің көпшілігі пайдалана беретін болған [7, 52 б.].

Гауһар – өңделіп қырланған алмас. Гауһардың алуан түрі кездеседі. Гауһар тас қондырылған бұйымдар болса гауһар сөзі қосылып айтылады. Мұндай жүзікті бойжеткен қыздар таққан. Қазақ зергерлері түрлі асыл тас орнатқан алтын, күмістен жасалынған әйелдердің жүзіктері бұрын да, қазір де әйел адамдардың ажарын ашатын сәндік бұйым ғана емес, сонымен де адамдардың денсаулығына оң әсер ететін, бақ-дәулет шақыратын бұйым.

Жүзіктер жасалу тәсіліне қарай бұрама жүзік, сіркелі жүзік, құйма жүзік, күмбезді жүзік, қос жүзік деп аталады. Бұрама жүзік - алтыннан немесе күмістен есіп, өріп жасаған жүзік түрі. Сіркелі екі жүзік – бауырына (шығыршығына) нүкте сияқты мәнер салынып жасалынған жүзік. Мұндай жүзіктің үстіңгі алақанының беті мен шеңберінің айналасына мол етіп сіркелеу әдіспен әшекейленген. Сіркелі жүзіктің жанына шыныдан көз салынып шынының үстін ұшбұрышты тұмарша тәрізді етіп сіркелеп жасаған. Жүзік көлемді, ұшы сүйір жапырақ түрінде жасайтын болған. Соған байланысты сіркеленген жүзіктің кейбір түрін сіркелі құстұмсық деп те атаған екен. Құйма жүзік – алтын немесе күмісті балқытып, арнайы қалыпқа құйып жасаған. Арнайы қалыпқа көбінесе жүзіктің саусаққа сұғатын бауырдағы, кей кезде бауырдағымен қатар асыл тас салуға арналған ұясы (қасы), яғни асыл тастан басқа бөліктерін құйылған. Қалыптан шыққан соң жүзікке асыл тастың қандай да бір түрінен көз қондырылған [5, 480 б.].

Әр қашанда тазалықты сүйетін қазақ халқы ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина немесе жүзік болуы керек деп санаған. Тіліміздегі «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалыққа таразы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» дегендей нақыл сөздер сақинаның тек сәндік қана емес, гигиена-лық қызметте атқарғанын дәлелдейді. Бұдан қазақ халқының ертеден-ақ күміс пен алтынның таттануға ұшырамайтынын, судың, тамақтың тез бұзылмауына әсерін тигізетінін, адам ағзасына жағымды әсер ететінін аңғарғанын көруге болады. Нәрестені қырқынан шығарғанда да оны шомылдыратын суға алтын не күміс сақина, жүзік немесе білезік салу баланың денсаулығына, тазалыққа көңіл бөлуге байланысты шыққан [12, с.124].

Қорыта келгенде, Қазақ халқының дәстүрлі зергерлік бұйымдары қазақ қоғамында баға жетпес құндылықтардың бірі. Қазақ халқының көне заманнан сыр шертетін дәстүрлі қолөнерінде сәні мен салтанатына тәнті егерлік зергерлік өнер маңызды орын алады. Зергерлік бұйымдардың пішіні, кескіні, өрнектері, атқаратын қызметі, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері, киелілік, рәміздік мағаналарына ие. Әлемде теңдесі жоқ ұлттық мәдениет үлгісі сұлулық пен сәндік, шеберлік символы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маргулан А.Х. *Казахское прикладное искусство. Т.1.* – А., 1986.
2. Арғынбаев Х. *Қазақ халқының қолөнері.* – А., 1987.
3. С. Қасиманов. *Қазақ халқының қолөнері.* – А., 1995.
4. Тохтабаева Ш.Ж. *Қазақ зергерлік өнері.* – А., 2011.
5. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия.* – Алматы, 2011.
6. Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. *Қазақтың қолданбалы өнері.* – А., 2007. – 126.
7. Шойбеков Р.Н. *Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі.* – Алматы, 1991.
8. Тәжімұратов Ә. *Шебердің қолы ортақ.* – А., 1977.
9. Әбдігапбарова Ұ.М. *Қазақтың ұлттық ою-өрнектері.* – Алматы, 1999.
10. Тохтабаева Ш.Ж. *Семантика казахских украшений. //СЭ. 1991. №1.*
11. Тасмағамбетов И. *Орталық Азия зергерлерінің бұйымдары.* – А., 1997.
12. Сычева Н. *Ювелирное украшения народов Средней Азии и Казахстана.* – М., 1984.

УДК 615.035.4
МРНТИ 03.61.91

Б.Ж. Исхан¹

¹*ф.ғ.к., доцент. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Б.Р. Оспанова²*

²*ф.ғ.к., доцент. Абай атындағы ҚазҰПУ*

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗІНДІК ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада кеңестік тілдік саясат ұстанымы зерделенді. Бұл саясаттың патшалық Ресей саясатымен сабақ-тас екеніне назар аударылып, оның қазақ әліпбиі мен жазуының қалыптасуына тигізген саяси ықпалы сара-ланды. XX ғасырдың басында қазақ жазуы араб-парсы және орыс тілінің әсерінен құтылу мақсатында араб әліпбиін реформалап, ұлттық әліпбилер түрін дайындады. Солардың ең жүйелісі – А. Байтұрсынұлының нұсқасы. Ол қазақ қоғамында 1929 жылға дейін қолданылды. 1929 жылғы қазақ жазуы латын графикасына ауыстырылды. Бұл әліпби А.Байтұрсынұлының қазақтың 28 төл дыбысын таңбалайтын әліпбиін басшы-лыққа алған еді. 1938 жылы латынша қазақ графикасымен халықаралық сөздердің жазылуында бірізділіктің жоқтығы алға тартылып, қазақ тілі дыбыстық жүйесіне тән емес х, ф, в дыбыстырының әріптері енгізілді. Сәйкесінше жаңа емле ережесі қабылданды. 1940 жылы латынша графика кирилшеге ауыстырылып, орыс фонетикасындағы барлық әріп қабылданды. Осыған байланысты емле ережелері бірнеше рет толықты-рылды. Қазір қазақ жзуын кирилшеден латыншаға ауыстыру қайта қолға алынып жатыр. Осыған орай, 28 әріптен тұратын төл әліпби құрастыру керек немесе өзгетілдік дыбыстардың әріптерін де қамтитын әліпби дайындау керек деген мәселе пайда болды. Қазақстандық лингвистер осы мәселені емілеге (орфографияға) байланыстыра отырып шешуді қарастыруда.

Тірек сөздер: жазу, латынша, емле, өзгетілдік сөздерді жазу туралы

Аннотация

Б.Ж., Исхан¹, Б.Р.Оспанова²

^{1,2}*Казахский Государственный университет им. Абая,
e-mail:baian_80@mail.ru*

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Изучена советская языковая политика. Сделан акцент на ее преемственности с политикой царской России, дифференцировано ее политическое влияние на формирование казахского алфавита и письма. В начале XX века казахское письмо чтобы избавиться от влияния арабского, персидского и русского языков реформировало арабский алфавит, разработало варианты национального алфавита. Самый систематизированный из них – вариант А.Байтұрсынұлы. Он использовался в обществе до 1929 года. С 1929 года казахская письменность была переведена на латинскую графику. Новый алфавит был составлен на основе графики А.Байтұрсынұлы, включающей в себя 28 специфических звуков. В 1938 году, под предлогом несоответствия написания международных слов на казахской латинице, в звуковую систему казахского языка были включены чуждые ей буквенные обозначения звуков х, ф, в. Были приняты соответствующие новые орфографические правила. В 1940 году латиницу заменили кириллицей, были приняты все буквы русской фонетики. В связи с чем несколько раз вносились дополнения в орфографические правила. В настоящее время казахская письменность переходит с кириллицы на латиницу. В связи с чем возник спорный вопрос: создать исконный алфавит, состоящий из 28 букв или включить в алфавит иноязычные буквы звуков. Казахские лингвисты рассматривают данную проблему в тесной связи с орфографией.

Ключевые слова: графика, латиница, орфография, о правописании иностранной лексики.

Abstract

B.J. Iskhan¹, B.R.Ospanova²

^{1,2}*Kazakh State University. Abay", e-mail: baian_80@mail.ru*

NATIONAL FEATURES OF THE KAZAKH LANGUAGE

Es ist die sowjetische sprachliche Politik studiert. Es ist die Betonung auf ihrer Nachfolge mit der Politik zaristischen Rossi gemacht, es ist ihr politischer Einfluss auf die Bildung des kasachischen Alphabetes und des Briefes differenziert. Am Anfang des XX. Jahrhunderts reformierte der kasachische Brief, um dem Einfluss der arabischen, persischen und russischen Sprachen zu entgehen das arabische Alphabet, hat die Varianten des nationalen Alphabetes entwickelt. Am meisten

systematisiert von ihnen – die Variante A.Bajtursynulys. Er wurde in der Gesellschaft bis zum 1929 verwendet. Ab 1929 war die kasachische Schriftsprache auf die lateinische Graphik übersetzt. Das neue Alphabet war auf der Grundlage der Graphik A.Bajtursynulys, der die 28 spezifischen Laute einschließt gebildet. In 1938, unter dem Deckmantel der Nichtübereinstimmung der Schreibung der internationalen Wörter auf der kasachischen lateinischen Schrift, ins lautliche System des Kasachischen waren fremd ihr die Buchstabenkennzeichnungen der Laute x, ɸ aufgenommen, das Jh. Waren die entsprechenden neuen orthographischen Regeln übernommen. In 1940 haben die lateinische Schrift кириллицей ersetzt, es waren alle Buchstaben der russischen Phonetik übernommen. Infolgedessen wurden in die orthographischen Regeln mehrmals nachgetragen. Zur Zeit geht die kasachische Schriftsprache von der kyrillischen Schrift auf die lateinische Schrift über. Infolgedessen ist die Streitfrage entstanden: das althergebrachte Alphabet zu schaffen, das aus den 28 Buchstaben besteht oder, ins Alphabet die fremdsprachlichen Buchstaben der Laute aufzunehmen. Kasachstanski лингвисты рассматривают das vorliegende Problem in der engen Verbindung mit der Orthografie.

Key words: die Graphik, die lateinische Schrift, die Orthografie, über die Rechtschreibung der ausländischen Lexik

Кезінде қазақ тілінің білгірі Ахмет Байтұрсынұлы: «Латын әрпін алу деген тіршілік мұқтаж қылғаннан ділгерлік қысып туғызып отырған мәселе емес», – деп жазса, ол кезде шынында да латынға көшуге бөлендей мұқтаждық та, зәрулік те болмаған еді. Солай болса да, кеңестік тілдік саясаттың ықпалымен қазақ елі латын жазуына көшіп, кейін қазақ тілінің табиғи бітім-болмысына зор зардап келтіретін кирилл жазуына көшудің негізін қалады. Енді сол қателікті қазақ әліпбиін қайтадан латыншаға ауыстыру арқылы қалпына келтіруге мүмкіндік туып отыр. Әрине, латыншаға көшудің қаражаттық қиындығы, рухани зардабы туралы талай адамдардың айтып жатқаны белгілі.

Әліпби ауыстыру, шынында да, аса маңызды реформа. Оны жүзеге асырған кезде қазақ тілінің жаңа емле ережесін, соның негізінде емле (орфография), айтылым (орфоэфия) сөздіктерін, морфологиялық, синтаксис-тік ішкі заңдылықтарын қайтадан жаңғырту қажет. Жаңа әліпбимен компьютерде жұмыс істеу (компьютер пернетақтасына қазақ әріптерінің қолданыс жиілігіне қарай тиімді орналастыру және т.б. мәселелер) де өз алдына жеке қарастырылатын мәселеге жатады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесін айқындап алып, сосын оларды латынша әріптердің, яғни ағылшын тілінде қолданылатын әріптердің қайсысы қазақ дыбыстарына сәйкес келетінін нақтылап алу қажет. Бір қарағанда аса қиындық тудыра қоймайтындай көрінетін осы бір мәселе де бүгінде қиынның-қиынына айналып жүр. Өйткені ол нағыз филолог-фонетиктердің қарамағынан шығып кетіп, талай адамның «мен де білем» деген тақырыбына айналғаны қашан! Сол себептен де бізде ол (бәрі мойындаған латынша мінсіз әліпби құрастыру) әлі толық шешімін таба қойған жоқ. Осы мәселені ескере отырып, мына бір мәселеге ерекше назар аударуымыз қажет сияқты.

Мәселен осы уақытқа дейін де қазақтың төл әліпбиі қалыптасқан. Оны жасаған Ахмет Байтұрсынұлы еді. Сол әліпбидің негізінде жасалған қазақ тілінің 1928 жылғы латынша әліпбидің де әріп таңбалары латынға негізделгеніне қарамастан, ұлттық сипатта болды. Сондай-ақ латыншаланған әліпбиге жазуымыз көшкенге дейін Ахмет Байтұрсынұлы түгендеп, түзіп беріп кеткен қазақтың 28 төл дыбысын таңбалайтын араб әріптеріне негізделген әліпбиі кезінде кең қолданыста болды. Ескерте кетейік, кезінде сол әліпбидегі дыбыстардың саны мен сапасы туралы қазақ қоғамы тарапынан ешқандай дау-дамай туындамаған еді. Тіпті 1926-1927 жылдардағы қазақ жазуын латын әріптеріне көшіруге байланысты туындаған дау-дамай кезінде де ол туралы үлкен әңгіме бола қойған жоқ. Тек оны сол арабша қалпында қалдыру керек пе, әлде латынға көшірген тиімді ме деген мәселе ғана көтерілген еді.

Сонымен А.Байтұрсынұлының түстеп-түгендеуі бойынша, қазақ тілінде 28 (29) дыбыс бар. Оларды қазіргі кирилл әріптерімен көрсететін болсақ, мыналар: **а, ә, б, ғ, г, д, е, ж, з, й, қ, к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ш, ы, і, (х)**. Осы дыбыстардың ішіндегі тек «х» дыбысының ғана басы артық. Соны жақсы түсінген Е.Омарұлы 1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайында» «**h**», «**x**» дыбыс-тарын әліпбиге кіргізуге қарсы болып: ««Ахау», «халалай», «ah», «yuh» сықылды бір-екі сөздер болғаны үшін әліпбиге «x» мен «h» ні кіргізу дыбыс жүйесі жағынан керек болғанымен, жеңілдік жағынан үлкен шатақ болады. Қазақта «ә», «мә» деген одағайлар да бар, «iңhi» – дейтін де одағай бар, аттың жүрісін бәсең-дету үшін айтылатын ықылық бар десек, әріптің саны 24 емес 240 болып кетуі мүмкін» [1, 23-24], – деген еді.

А. Байтұрсынұлының өзі де алғашында бұл дыбыстардың қазақ тіліне жат екенін біліп, өзінің құрастырған әліпбиіне енгізбеген. Бұл мәселе жөнінде М.Жүсіпұлы өзінің «Ахмет Байтұрсынұлов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы» деген еңбегінде А. Байтұрсынұлының мынадай сөзін келтіріп, былай деп жазады: «Себебі «h» дыбысын одағай сөздерде ғана (ah, uhiлеу) кездеседі деп, «Бұл әріпті қазақ әліппесінен шығарғанда мұнымен жазылатын сөздер аз» деп шығарып едік. Аз болғанмен тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезілетін көрінеді». Алайда Ахаңның осы пікірін айта отырып, ол (автор):

«Х» дыбысы араб, парсы сөздер арқылы еніп, қазақтың өз сөздері болып кеткен (адал – халал, арам – харам), сондықтан оны сақтау керек» дейді [2.88,385].

Ал «х», «h» дыбыстары қазақтың латыншаланатын болашақ әліпбиінде болу керек деп жүргендер оның қатерлі бір тұсына мән бермейді-ау деген ойдамыз. Өйткені өзге тілдік сөздерді өзіміздікі деп малданғандай, сол сөздердің құрамындағы жат дыбыстарды да өзіміздікі деп иемдену немесе өзіміздің төл дыбыстарымызға айналған деген құр әншейін адасу. Фараби, Хорезми, Ахмед т.б. араб-парсы тілдерінен келген жалқы есімдер мен басқадай сөздерді атам қазақ еш уақытта солар құсап айтпаған. Егер біз «қазақ ол дыбыстарды (х, ф, в) айта алады немесе шетелдік сөздерді жазу үшін керек» дегенін желеу етіп, қазақ тілінің латыншаға негізделетін болашақ жаңа әліпбиіне енгізер болсақ, онда «ч, ц, я, ю, е, э, щ» әріптерін де енгізуге мәжбүр боламыз. Біздің қатерлі бағыт деп отырғанымыз – осы.

Мәселен, қазақ сөзінің құрамында айтылып-жазылатын «я» мен «ю-ды» (аян, ояу, баяу, бояу т.б., аю, жою, қою, ою т.б.) айтпағанда «ц» (т+с), «ч» (т+ш) дыбыс тіркесімдері де түбір сөздердің басы мен соңында айтылмағанмен, «айт+са», «жат+сын», «кет+ші» «серт+шіл» деген сияқты т.б. толып жатқан түбір сөз бен қосымша аралығында «ц», «ч» дыбыс тіркесіміне жуық түрде айтылады, тіліміздің артикуляция заңына сәй-кес айтылатын, құлаққа нақты естілетін осындай дыбыс тіркесімдері бар екен деп оларды да (ц, ч) қабылдау қажет пе? Алайда олар қазақ тілінде түбір сөздің құрамында, яғни қазақ тілінің түбір морфемасының басында да, ортасында да, соңында да айтылмайды, демек жазылмауы керек. Сол себептен болар, кезінде қазақ тілі табиғатының білгірі А.Байтұрсынұлы олардың қазақ сөзі құрамындағы орны (басында, ортасында, аяғында) мен қолданылу жиілігінің аса белсенді еместігін ескере отырып, өзі құрастырған әліпбиінде оларға арнап арнайы әріп белгілеуді қажет етпеген.

А.Байтұрсынұлы түзген әліпбиді басшылыққа алып, латыншаланған жаңа әліпби құрастырдық, ең дұрысы сол-ақ дейік. Бірақ әліпби құрастыру бір басқа, сол әліпбиді пайдаланып жазу бір басқа мәселе. Бір қарағанда қазақ дыбыстарын ғана таңбалайтын сол әліпбиді пайдаланып, қазақ тілі сөздерін жазуда еш қиындық туындамайтындай болып көрінетінеді. Алайда А.Байтұрсынұлы әліпбиінен мүлдем алшақтап, орыстық сипат алған, яғни біздің қазіргі қолданып жүрген кирилше «орыс-қазақ» әліпбиіміз қазақ сөздерінің айтылымы (орфоэфиясы) мен емлесі (орфографиясы) арасына біраз сына қағып кетті. Осыны жаңа әліпби қабылдаған кезде қатаң ескеруіміз керек. Сондықтан да қазақ тілі төл дыбыстары мен олардың өзара тіркесімі мәселесіне арнайы тоқталар болсақ, бұл орайда, ең әулі, қазақ тілі табиғатына қатысты басты-басты заңдылықтарды анықтап, екшеп алғанымыз жөн болар. Біздің зерттеп-зерделеуімізше, олар – мыналар:

1. Қазақ тілінің өз сөздерін дыбыстап айтуға арналған төл дыбыстары бар. Олардың дыбысталуы дыбыс шығару мүшелерінің сан мыңдаған жыл бойы қалыптасқан артикуляциялық (дыбыс шығаруға ауыз-көмей мүшелерінің қатысуы, дыбыстардың жасалу орны) және акустикалық (дыбыс шығару кезінде демнің өкпеден шығу жолы мен қарқыны) заңдылықтарына негізделген.

2. Қазақ тілі дауысты дыбыстары жуан-жінішке, еріндік-езулік болып жұптасып келеді. Сол себептен буын үндестігі – қазақ тілінің басты заңы болып есептеледі.

3. Қазақ тілі дауысты дыбыстарының ішінде «о» дыбысы түбір марфеманың тек алғашқы буында ғана қолданылады. Басқа дауысты дыбыстар барлық буында айтылады, демек жазылуға тиіс. Бұл заңдылық, әсіресе күні бүгінге шейін «емлелік жасанды ережеге» қор болып, жазылуы мен айтылымы арасында үлкен айрмашылық пайда болған «ә» дыбысы мен еріндік дауысты дыбыстарға (ұ, ү, ө) және осы дыбыстар екінші-үшінші буындарда қолданылатын сөздердің жазылуына тікелей қатысты.

4. Қазақ тілі бүкіл түркі тілі сияқты жалғамалы (агглюнативті) тілдер тобына жатады. Демек, түбір сөзден афикстік морфемалар арқылы туынды сөздің жасалуы және олардың түрлі грамматикалық мағыналарға ие болып түрленуі – оларға жалғанатын қосымшалардың жуан түбірге жуан, жінішке түбірге жінішке жалғанып, үйлесіп келуі арқылы жүзеге асады.

5. Қазақ тілінің тағы бір өзіндік бір заңдылығы – еріндік дауысты дыбыстардың да үндестігі. Бұл заңдылық қолдан жасалған айтылым сөздігінде ғана ескерілмей, емле сөздігімізде де көрініс табуы керек.

6. Қазақ тілінде еріндік дауыстылар (о, ө, ұ, ү) ғана өзінен кейін келетін қысаң «ы» мен «і» дауысты дыбыстарын еріндікке айналдырады деп жасанды ереже шығарғанша, олардың орнына жаңа емле ережемізде еріндік дауыстылар жазуымыз керек. Бұл заңдылық үнді дауыссыз дыбыс «у» дыбысына да тікелей қатысты. Қазақ тіліндегі «У» дауыссыз дыбысы өзінің алдында да, өзінен кейін де «ұ» мен «ү» еріндік дауыстыларының айтылуын талап етеді. Демек, жазған кезде, болашақ емле ережемізде осыны да мұқият ескеруіміз керек.

7. Қазақ тілінің түбір марфемасы құрамында екі дауысты дыбыс қатар тұра (дыбыстала) алмайтыны сияқты екі түбір морфема біріккен кезде екі дауысты дыбыс қатар тұра алмайды. Сондықтан оларды

біріктіріп жазатын болсақ, біреуін түсіріп (қаларалық), не болмаса оларды тіркес сөз ретінде (қала аралық) ғана жазу керек.

8. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, қазақ тілінің түбір сөздері мен туынды сөздері, сөз түрлендіруші жұрнақты сөздері буын үндестігі (сингармонизм) заңына бағынып айтылады және жазылады.

9. Қазақ тілінің үнді дауыссыз дыбыстарынан «м» мен «н» ғана сөз басында қолданыла алады. «ң» үнді дауыссыз дыбысы ғана емес, сондай-ақ «р», «й», «у», «л» үнді дауыссыз дыбыстарынан да сөз басталмайды, демек олар жалаң түрде, яғни «ы», «і», «ұ», «ү» даусты дыбыстарынсыз жазылмауы да керек.

10. Қазақ тілі сөздері қос дауыссыздан басталмайды.

11. Қазақ тілі сөздерінде үнді мен қатаң дауыссыз дыбыстардың (й+т, л+т, н+т, р+т) тіркесімі бар болғанмен, сөз соңында екі дауыссыз дыбыс айтылмайды.

12. Сөз ішінде (түбір морфемада) бірдей екі дауыссыз дыбысты қосарлап айту қазақ тілінің табиғатына тән емес.

13. Қазақ тілінде «з», «ж» дыбыстарынан басқа ұяң дауыссыздар сөз соңында қолданылмайды.

14. Қазақ тілінде сөз екпін (екпінді буын) деген нәрсе жоқ, ол қазақ тілі сөздерінің лексикалық мағынасын өзгерте алмайды. Сол себептен екпін барлық буынға бірдей түседі және екпінді, екпінсіз делініп дауысты дыбыстар ерекшеленбейді. Демек, орыс тіліндегі екпінсіз айтылатын дауысты дыбыстар орысша қалай айтылса, қазақша да солай айтылып-жазылуы керек. Мәселен, мамонт – мамынт, портал – партал, ректор – ірект(і)р, томография – тамағырап(ы)йа, трактор – тірект(і)р т.б.» делініп.

15. Орыс тіліндегі «и», «у», «ы» дыбыстары осы әріптермен таңбаланып жүрген қазақ тілі дыбыстарына мүлдем сәйкес келмейді.

Қазақ тілінің осы аталған ерекшеліктеріне енді ретіне қарай тоқталайық. Өйткені қазақ тілінің өзіндік осы ерекшеліктері мен табиғи заңдылықтары латынша әліпбиге көшкен кезде қатаң ескеруді қажет етеді.

Ұлттық тілді өзге тілдерден ерекшелетін басты белгілердің бірі әрі бірегейі – дыбыстық жүйесі. Ол ұзақ дамуды өткеріп, басқа тілдерден бөлектеніп, өзінше болып қалыптасады да, ондағы дыбыстардың өзіндік тіркесуінен ұлттық тілдің өзіне ғана тән сөздік құрамының барлық сөзі жасалады. Сондықтан да қандай тілдің болсын, әбден қалыптасып, шындалған дыбыстық жүйесіне жат дыбыстар өз бетімен жеке-дара ене алмайды. Ене қалса, сіңісіп кетуі – өте сирек құбылыс (мысалы, қазақ тіліне араб тілінен енген «ә» дыбысы). Олар тек бөтен сөздер арқылы ғана сол сөздердің иесі қалай айтып-жазса, сол қалпында екінші тілде де солай болуы талап етілген жағдайда ғана орныға алады. Ол үшін, ең әуелі, басқыншы тіл (ұлт) өз сөздерін бұлжытпай айтуды міндеттеп, солардың құрамындағы өз дыбыстарын екінші тілдің дыбыстық жүйесіне телиді. Қазақ тіліне бағытталған бұндай басқыншылық, қитұрқы саясат орыс тілі тарапынан болды және күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Ұлттық тілді тұтынушылар арасынан «неге бөтен сөздерді бұлжытпай айтуымыз керек?» деген күдік-құман, наразылық туындап кетпеуі үшін латын, грек, ағылшын, француз т.б. тілдерден орысшаланып алынған, яғни орыс тілінің дыбыстық (фонетика), құрылымдық (грамматика) заңдылығына негізделініп айтылып-жазылатын кірме сөздерін «біз оларды өзгертпей алғанбыз, өйткені олар «халықаралық терминдер» деп бізді алдаусыратып, тіпті арбап сендіріп келді.

Пайымдап қарасақ, «халықаралық термин» деген ұғым посткеңестік елдерден басқа бірде-бір елде (тілде) жоқ екеніне көз жеткіземіз. Орыстандыру саясатына уланған біздің солай деп ойлап жүрген сөздеріміздің баршасы – бізге кезінде араб-парсы тілінен қазақшаланып енген «*ғылым, ғалым, білім, ілім, ұстаз, мұғалім, шәкірт, кітап, дәптер, қалам, ғарыш, аспан*» т.б. сөздер секілді орыс тіліне де латын-грек тілінен орысша-ланып сіңген, қазір нағыз орыстікі болып кеткен сөздер екен.

Рас, орыс тілінің сөздік құрамындағы кейбір сөздер латын-гректік түбірге 100 пайыздай сәйкес келіп қалатын кездері болады, алайда бұл – орыс тілі еуропалық тілдердің барлық сөзін еш өзгеріссіз алған дегенді білдірмейді. Орыс тілі үнді-еуропа (флективті) тілдері тобына жататын болған соң, дыбыстық жүйесі мен тілдік құрылымы оларға қазақ тілінен гөрі бір табан жақын. Сондықтан да кейбір сөздердің грек-латынша дыбысталуы орыс тілінің табиғатына толық сәйкес келіп, еш өзгертілмей алынған.

Егер жат жұрттық сөздер белгілі бір заманның саяси ықпалымен жасалған ереже-қағидалар негізінде тілге зорлықпен енетін болса, тілдің табиғи жүйесіне сәйкес келмейтіндігінен, бәрібір, бөтендігі әрқашан сезіліп тұрады. Керісінше, халық араб-парсы сөздерін қабылдағандай, айтып-жазса (*ағылшын, орыс, неміс, кәріс, жапын, шешен, жөйіт т.б.*) онда олардың бөгделігін арнайы үніліп зерттеген маман адам (лингвист) болмаса, кез келген жан аңғара бермейді.

Ал қазіргі қазақ тілі сөздік құрамымындағы ХХ ғасырдың екінші ширегінен (1938 ж.) бастап орыс тілінен және осы тіл арқылы басқа да шетел тілдерінен «халықаралық термин сөздер» деген жалған желеумен орыс-шаланып, тіліміздің табиғи заңдылықтарына бағынбай, түр-тұлғасын еш өзгертпей сан мыңдаған сөз енді. Оларды нағыз қазаққа айту да, жазу да қиын. Сол «термин сөздер» үнемі түбір қалпында қолданылмайтыны да, оларға әртүрлі қосымшалар жалғауға тура келетіні де баршаға белгілі.

Әдетте қазақ тіліне жанашырлардың арасында жат тілдік дыбыстары бар сөздер ғана тілдің табиғи бітім-болмысын бүлдіреді деген түсінік бар. Шынында да, олардың ойраны қазақтілді кез кезген жанның көзіне бірден шалынады. Ал жаттілдік сөздер құрамындағы қазақ тіліне де тән дыбыстардың өзгеше, мәселен, орысша тіркесуінің тіл бұзарлық әлеуеті (потенциялы) жаттілдік дыбыстардан да ерекше күшті. Бірақ біз «орыс-қазақ» әліпбиімен сауат ашып, сосын орыс тілінің сөздері мен орыс тілі арқылы орысшаланып енген өзге тілдердің сөздері орысша қалай жазылса, қазақша да солай болуын талап ететін қазақ тілінің «жасанды» емле ережелерін жаттап өскендіктен, олардың бойындағы қазақ тілі табиғатына жат дыбыс тіркесімдерінің тіл бұзарлық ойранын сезе бермейміз. Айталық, «г» дыбысы мен «а» дыбысы қазақ тілінде де бар, бірақ олардың өзара тіркесі қазақ тіліне жат. Сол себептен «газ» сөзінің қазақтың өз сөзі емес екенін кез келген қазақтілді қазақ бірден аңғарады. Сондай-ақ жіңішкелік белгісіне немесе екі дауыссыз дыбысқа аяқталған орыс сөздеріне қосымша әртүрлі жалғанып жүр. Себебі қазақ тілінде түбір морфема мен негіздік морфеманың (туынды сөз) басында да, аяғында да екі дауыссыз, әсіресе екі қатаң дауыссыз қатар айтылмайды, сондай-ақ бір дыбыс түбір сөз құрамында қатарынан екі рет айтылмайды. Демек, «Сарыарқа», «қалааралық», «махаббат», «ләззат» т.б. сөздердің жазылуы кате. Өйткені жоғарыда ескерткеніміздей, қазақ тілінің түбір морфемасы құрамында екі дауысты дыбыс қатар тұра (дыбыстала) алмайтыны сияқты екі түбір морфема бірігіп, бір лексикалық мағына беретін тұтас сөз ретінде қолданылған кезде екі дауысты дыбыс қатар тұра алмайды. Сондықтан оларды біріктіріп жазатын болсақ, біреуін түсіріп (қаларалық), не болмаса оларды тіркес сөз ретінде (қала аралық) ғана жазу керек.

Егер өзге тілдік сөздер «ст», «зд», «дж», «кс», «зм», «рс» т.б. дыбыс тіркесімімен аяқталса, қазақ тілінде олардың арасына «ы», «і»қысаң дауысты дыбыстары қосылып айтылады. Мысалы: *миннистір, коледіж, кодекіс, экстремизім, курыс* т.б.

Міне, қазақ тілінің осы сияқты т.б. заңдылықтары, тіпті Халел (Қалел. авт.) Досмұхамедұлы «Сингармонизм түрік (түркі. авт.) тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті» [3, 82] деп ұлықтаған тіліміздің буын үндестік заңы ескерілмей дайындалған емле (орфография) ережелеріміз оның жазба тілін ғана емес, тірі (ауызша) тілінің өзін де табиғатынан алшақтатып барады. Сол себептен қазақтілділер қазақ тілінің жаттілдік сөздерді қалай жазу керек екені туралы қазіргі емле ережелерін жатқа білсе де, қазақ тіліне өзгетілдік дыбыс тіркесімдерімен енген сөздерді әркім өзінше дыбыстап, өздері дұрыс-ау деп ойлаған қосымшаларды жалғап жүр. Өйткені қазақ тілінің қазіргі емле ережелерінің көбісі орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден орысшаланып енген сөздерді сол қалпында алып, оларға қайтсек, қазақша қосымшалар жалғаймыз деп жасалған ережелерге толы. Оған қазіргі жазба тіліміздің материалдарынан көптеген мысал келтіруге болады.

Орыс тілі әліпбиі және оның тілімізге өзгеріссіз енген сөздерін жазу ережелерінің ықпалынан болар, қазақ тілінің төл сөздерін айтып-жазуда да кінәратты жақтар баршылық. Мәселен, қазақ тілі дауыссыз дыбыстары және олардың сөз құрамындағы өзге дыбыстармен тіркесімі біраз мәселені қайта қарауды қажет етеді. Қазақ тілінің кейбір дауыссыз дыбыстары сөздің барлық орнында (позициясында) келе беретін болса, енді біреулері сөз басында айтылмайды. Сондай-ақ «з», «ж» дыбыстарынан басқа ұяң дауыссыздар сөз соңында қолданылмайды. Оның өзінде «ж» дыбысымен бар-жоғы «тәж» және «баж (баж салығы)» деген екі сөз ғана аяқталады. Енді бұған өз ереже-қағидасымен қазақ тіліне еш өзгеріссіз енген сөздердің айтылым-жазылым мәселелерін қоссақ, онда оның (қазақ тілінің) өз табиғатынан біртіндеп алшақтап бара жатқанын анық аңғарамыз.

Қазақ тілі жазуында (графикасында) үнемділік заңын сақтаймыз деп тағы бір өрескел қателікке жол бердік. Нәтижесінде «м» мен «н» үнді дауыссыздары секілді «р», «й», «у», «л» үнді дауыссыздарын да сөз басында жазатын әрі айтатын болдық. «Ң» үнді дауыссыз дыбысынан сөз басталмайтыны секілді бұл дауыссыздардан да сөз басталмайды, сондай-ақ қос дауыссыздан басталатын және қос дауыссызға аяқталатын шет тілдік сөздердің жазылуы қазақ тілі заңдылығы бойынша өзгеше. Өйткені әр тілдің өзіне тән дыбыстары, олардың тіркесуі, сондай-ақ олардың сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында келуі тәрізді өзіндік заңдылықтары бар.

Қазақ тілінде сөз соңында «йт», «нт», «рт», «лт»(айт, жент, құрт, кілт, т.б) сияқты үнді мен қатаң дауыс-сыздар тіркесімі бар болса да, басқаша тіркесіммен айтылмайды, демек жазылуы да мүмкін емес. Ал сөз ішінде үнді дауыссыздар өздерінен кейін келетін дауыссыздардың барлығымен тіркесе береді, солай болға-нымен, біздің ойымызша, «қм», «рм», «сл», «мл», «см», «др», «хн», «қр» дыбыс

тіркесімдерімен жазылып жүрген кейбір «кірме» сөздердің (*рақмет, құрмет, мемлекет, ислам, медресе, сахна, мақұрұм, ресми, емле т.б.*) аражігіне, тіліміздің өзіндік табиғи бітім-болмысын сақтау мақсатында ешқандай жазу үнемділігін ескермей-ақ, «ы/і» қысаң дауысты дыбыстарын жазып-айтуымыз қажет сияқты. Мәселен, «ырақымет», «құрымет», «мемлекет», «ыйсылам», «медіресе», «сақына», «мақұрым», «іресім(і)й», «еміле» деп жазсақ, қазақ тілі айтылымына (орфоэфия) барынша жақындай түсетіні анық.

Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативті) тіл болғандықтан, оған өзге тілден (орыс тілінен) енген сөздердің соңындағы қосарлы дауыссыздарға баса назар аударған жөн. Бұл жерде екі дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздердің қазақ тілінде дыбысталуында жүзеге асатын эпитеза, эпентеза, диэреза заңдылықтарын ескеру қажет.

Протеза бойынша дыбыс сөздің алдынан қосылса [4, 260], эпитеза бойынша дыбыс сөздің соңынан қосылады. Сол себептен сөз соңы екі дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздердің соңына дауысты дыбыс қосып айтуды тіл білімінде эпитеза деп атайды [5, 404]. Мысалы, өзбек тілінде орыс тілінен енген *киоск, танк, пропуск, диск* деген сөздер *киоска, танка, пропуска, диска* түрінде айтылады және жазылады. Ал қазақ тілінде бұл сөздердің жазылуы орысша түрінде сақталғанмен, олар айтылуда *киоскі, таңкі, пропускі, дискі* түрінде айтылып, оларға қосымшалар дауыссыздан басталып жалғанады. Мысалы, *киоскіден, таңкіге, пропускіні, дискіні*. Бұл жерде өзбек тіліндегі «а» әрпі «ә» болып оқылатынын және қазақ тіліндегі сияқты «к», «г» дыбыстары оларда да жуан дауыстылармен тіркесе алмайтынын ескеру қажет. Демек, оларда «*киоск*» сияқты сөздердің айтылуы[кйөскә] болады.

Сөз аяғындағы қос дауыссыздардың жазылуына бірдей қарауға болмайтыны сияқты екі қатаң дауыссыздан басталатын жаттілдік сөздерді жазуда да ескеретін тағы бір үлкен мәселе бар. Мәселен, қатаңнан кейін үнді келетін *президент, прокурор, пленум* сияқты сөздерде «п»дыбысынан кейін «ы», «і» қыстырма дауысты дыбыстарын қоспай-ақ, үнемдеп жазуға болатын болса (өйткені орысша дыбыс тіркесімін сақтап жазсақ та, нағыз қазақ «ы/і» дауыстыларын қоспай, бәрібір айта алмайды), *стратегия, скат, стикер, цена* сияқты екі қатаңнан басталған сөздерде міндетті түрде протеза құбылысы (ы,і-мен жазу) ескерілуі қажет, себебі екі қатаң дауыссызды сөз басында айтуға қазақ тілінің дыбыс жасау (артикуляциялық) мүмкіндігі жоқ. Әлбетте, біртіндеп орысқа айналып бара жатқан «сәбіременій» қазақтың оған тілі келеді.

Латын әліпбиіне ауысу туралы қазіргі жазылып жатқан ғылыми мақалаларға, еңбектерге шолу жасау барысында байқағанымыз – көптеген тілші ғалымдар болашақ әліпбиге «в», «ф», «х» дыбыстарын да, тіпті қазақ тілінің үнді дауыссыз «у», «й» дыбыстарын орыс тіліндегідей дауысты дыбыс деп те енгізуді қалайды екен. Бұл, енді, орыс тілінің шылауына еріп жүре берейік, сөйтп, өз тіліміздің өзіндік ерекшелігін біртіндеп жоғалтып, баба тіліне біржолата алшақтайық дегендікпен бірдей екені сөзсіз.

Бздің ойымызша, қазақтың латын қарпіне негізделетін болашақ әліпбиіне осы дыбыстарды кіргізбей қойсақ та, қазақ жазуы үшін үлкен жеңіс болмақ. Алайда жоғарыда бір рет сөз қылғанымыздай, «в», «ф», «х» дыбыстарын қазақтың төл дыбыстарына алмастыру мәселесіне қазақ тіл білімінің кейбір мамандарының өзі қарсы шығып жүр. Олардың ойынша, орыс тілінен, орыс тілі арқылы орысшаланып еуропалық тілдерден, сондай-ақ араб-парсы тілдерінен кезінде жазба тіл (шағатай) арқылы енген сөздерде жазылатын «в», «ф», «х»дыбыстары «тілімізді байытқан, соның арқасында терминдеріміз бірізділікке түсіп, жаңа дыбыс тіркесімдер пайда болған» екен!

Осы дыбыстар қазақ сөзінің жеке сөз (лексикалық), яғни түбір морфема ретіндегі негізгі лексикалық мағынасына еш әсері жоқ басы артық дыбыстар екені айқын болса да («х», «ф» дыбыстарынан басталатын он шақты жасанды сөздер бар, егер олар қазақ тіліне тән болса, қазақ сөзінің барлық орнында қолданылуы керек), олардың сөздік құрамымызды шұбарлағаннан басқа, тіліміздің дамуына еш ықпалы жоқ екенін түсіндіре қоюдың өзі де өте қиын. Бұл мәселені біз талай мақаламызда біршама таратып айтқан болатынбыз. Дегенмен қазақ тілін топан судай қаптаған жат сөздердің тасқынынан қорғап қалып, кейінгі ұрпаққа таза қалпында жеткізу үшін әліпбиімізге зорлықпен енгізілген бөтен дыбыстардан құтылуымыз қажет-ақ. Алайда бұл жерде осындай жат дыбыстарды қазақша дыбыстағанда оларға қайсысына қазақ тілінің қай дыбысы сәйкес келеді және ағылшынша әліпбидегі (компьютер пернетақтасындағы) қай таңба лайық деген мәселені нақты анықтап алу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Алматы: «Атамұра», 2005.
- 2 Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы, Ғылым, 1998.
- 3 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
- 4 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993.
- 5 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ TEACHING HISTORY

UDK 378.4(574+078)

МРНТИ 03.01.45

D.B. Assymova¹

¹doctor PhD., senior lecturer

Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Damu_kaznpu@mail.ru

FEATURES OF THE USE OF INNOVATIVE METHODS IN THE CLASSROOM TEACHING OF HISTORY IN UNIVERSITIES

Abstract

The article deals with the practical application of innovative methods of learning the lessons of history and social studies for students of pedagogical high school in the conditions of realization of the State Program of Education Development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. Particular attention is paid to interactive teaching methods. The use of innovative technologies in history lessons allows students to develop the skills of interpersonal interaction, the ability to productive activity, the overall level of mental development. Students learn better causal and chronological connection. A variety of forms and methods of organization of the lesson increases the interest of students in the subject, forms of historical consciousness.

In today's education system increases the importance of information-communicative competence of pupils and teachers in schools and universities who carry out their professional activities in a broad introduction of means of information and communication technologies in the educational environment of the school or university. On how quality will be prepared pedagogical staff, how "free" they will apply the tools of information technology by which means the software, firmware and hardware information technologies by which means the software, firmware, and hardware and devices that operate on the basis of microprocessor, computer technology, as well as modern facilities and broadcast of information systems, information exchange, ensuring operation for the collection, the production, accumulation, storage, processing, transmission of information and the ability to information resources of local and global networks, in the educational process depends to a large extent, the future of the world society. The use in the educational process of information technology aimed at the intensification of the training process, the implementation of the ideas of developmental education, improvement of forms and methods of organization of educational process of training, the implementation of the ideas of developmental education, improvement of forms and methods of organization of educational process, ensuring the transition from mechanical assimilation of students factual knowledge to master their skills to independently acquire new knowledge.

Keywords: Innovative teaching methods, interactive methods of teaching, multimedia technology, intra-group cooperation, problem-based learning.

Аңдатпа

Д.Б. Асымова¹

¹PhD. докторы, аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан Damu_kaznpu@mail.ru

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ ТАРИХТЫ ОҚЫТУ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында педагогикалық университеттердегі студенттер үшін тарих және қоғамдық пәндерді оқыту барысында инновациялық әдістерді қолданудың тәжірибелік мәселелері қарастырылған. Педагогикалық университеттердегі оқытудың интербелсенді әдістерін пайдалануының ерекшелігіне назар аударылған. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі

құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда. Инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы тарих сабақтарын жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

Кілтті сөздер: Оқытудың инновациялық әдістері, оқытудың интерактивті әдістері, мультимедиялық технологиялар, топішіндегі қатынас, проблемалық оқыту.

Аннотация

Д.Б. Асымова¹

¹доктор PhD., старший преподаватель

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казакстан

Datu_kaznpu@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ НА УРОКЕ ИСТОРИИ В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗАХ

В статье рассматриваются вопросы особенностей практического использования инновационных методов обучения на уроках истории для студентов педагогических вузов в условиях реализации Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Особое внимание уделяется интерактивным методам обучения. В современной системе образования возрастает значимость информационно-коммуникативной компетентности учащихся и учителей школ и вузов, осуществляющих свою профессиональную деятельность в условиях широкого внедрения средств информационных и коммуникативных технологий в образовательное пространство школы или вуза. От того, насколько качественно будут подготовлены педагогические кадры, насколько «свободно» они будут применять средства информационных технологий под которыми подразумевается программные, программно-аппаратные и технические средства информационных технологий функционирующие на базе микропроцессорной, вычислительной техники, а также современных средств и систем транслирования информации, информационного обмена, обеспечивающие операции по сбору, продуцированию, накоплению, хранению, обработке, передаче информации и возможность к информационным ресурсам локальных и глобальных сетей, в учебным процессе зависит в большой степени, будущее всего мирового социума. Использование в учебно-воспитательном процессе средств информационной технологий направлено на интенсификацию процесса обучения, реализацию идей развивающего обучения, совершенствование форм и методов организации учебного процесса обучения, реализацию идей развивающего обучения, совершенствование форм и методов организации учебного процесса, обеспечивающих переход от механического усвоения учащимися фактологических знаний к овладению ими умениями самостоятельно приобретать новые знания.

Ключевые слова: инновационные методы обучения, интерактивные методы обучения, мультимедийные технологии, внутригрупповое взаимодействие, проблемное обучение.

Each teacher aims to provide positive motivation training and enhance cognitive activity of students. In order to achieve this goal, it is necessary to use effective methods and innovative technologies. The innovation process in education has a close connection with research activities. New Times raised new questions. Changing society, changing attitudes to the subject. The history in this regard is most subject to change. Increased volume of information being studied, expanded source base. In a society, in the press, on television, in books there were different views on the same issues and events. In this regard, the question arises: whether the student is able to remember and understand this information obbem? Today, many professors and teachers are looking for ways that would help improve the effectiveness of training. At all times, the teacher worried about the problem of how to make sure that everyone was interested in the activities that they were all involved in the educational process, and the main thing that there is not one indifferent.

The priority of historical education is the formation of students' key competences, general learning skills, universal methods of activity. In the course of developing the students' ability to self-organize and motivate cognitive activity, to use elements of the causal and structural-functional analysis to determine the essential characteristics of the object being studied, to choose their own criteria for comparison, a comparison. On the lessons apply various educational technologies, with which organize and spend training and research, including

developing the ability to hypothesize, to carry out their inspection, hold the elementary techniques of research, to create their own algorithms.

In modern Kazakhstan is becoming his, national model of education. In the "Address to the people of Kazakhstan the President," N. Nazarbayev said: "We are more than ever necessary to build the world a priceless capital of knowledge and education, to give it a modern form." To this aim the law of The Republic of Kazakhstan "On Education", "The priorities of the education system are: the development of creative, spiritual and physical abilities of the person, the formation of the solid foundations of morality, intelligence enrichment by creating conditions for the development of personality." In modern teaching distinguish passive, active and interactive strategy. The skillful combination of these strategies ensures the effectiveness of teaching and quality of education. [1 p.16-37].

Design technology, problem-based learning, debate technology enables students to independent projects, identify and convincingly prove their position, point of view, to reveal creative potential, enhance self-realization and self-determination. Actively implement online training as a special form of organization of informative, practical and creative activities. From the use of interactive methods such as "mat ideas", "decision tree", "Six Thinking Hats" and so on. This implies very specific and predictable target. One result of the use of interactive teaching methods are:

- Creating a comfortable learning environment.
- Create a sense of success of the student.
- Productivity of the learning process.
- That extremely important to address the strategic development of college.

Through online training can be found the following tasks: almost all the students are involved in the learning process, they are able to understand and reflect about what they know and think everyone makes their own special individual contribution, is the exchange of knowledge, ideas, ways of activity, and, it happens in an atmosphere of goodwill and mutual support, which allows not only to obtain new knowledge, but also develops the very cognitive activity, it translates into higher forms of cooperation and collaboration. Interactive activities in the classroom involves the organization and development dialog dialogue that leads to mutual understanding, interaction, to jointly address common but important task for each participant. Information and communication technologies make it possible to develop the skills of independent, research, creative work, promote self-expression and self-development of personality. My students showed quite good results in their use - make your presentation. The introduction of information and communication technologies in the educational process has strengthened the visibility and the emotional component of learning, allowed to conduct virtual tours of museums and so on. For myself, I note that the use of modern information technology to increase the activity of students in the classroom, allowed to effectively organize informative and research activities of children, increased visibility and emotional content of the lesson, and all this contributes to the development of creative qualities of students and their fulfillment. [2 p.25-30] Particular attention I paid to the preservation of health of students. The use of health-saving technologies can improve the work aimed at preserving and strengthening the health of children and inculcating healthy lifestyle, helps to preserve and promote the health of each student in the process of training and education; forms at about the responsibility for the presentation of the children's own health and the health of others; It provides students with the necessary information to form their own strategies and technologies to preserve and strengthen health.

With the transition to specialized education, taking into account the complexity of the material under study is necessary to apply the elements of the modular technology, which is based on the fact that every lesson should contribute both to assimilate new information and skills formation and processing of this information skills. Organizes lectures (lesson learning new material), seminars, research, laboratory work (lessons to improve knowledge and skills), Classifications (taking into account the lessons and assessment of knowledge and skills). Also consider the perspective of design and research activities of students on mastering the operational knowledge in the process of socialization. By implementing the project, the boys under my leadership synthesize knowledge in the course of their search, integrate information related disciplines, looking for more effective ways to solve the project tasks, communicate with each other. Joint activities really demonstrates the opportunities for cooperation, in which students set goals, determine the best means of achieving them, distribute the duties comprehensively demonstrate the competence of the individual (the ability to work in a team, to feel part of the team to take responsibility for the choice of solutions for themselves, to share the responsibility with others, to analyze the results of operations, etc.). For some time (from one lesson to 2-3 months), students solve the cognitive, research or other tasks. In organizing the project activities of students are widely used technology in the work groups. For the development of autonomy and creativity of children in the study of history, as well as the formation of skills of

Юань әулетінің негізін қалаушы Құбылай ханның жеке тұлғасы тарихта өте белгілі. Ол жайындағы аңыз-әңгімелер, Қытайда болсын, Еуропа мен Азияның басқа елдерінде болсын, жеткілікті. Құбылайдың билік басына келу жолы аса ауыр болды. Оның өмірі және таққа келуі, әлемдегі ең алып елді басқаруы Моңғол империясы тарихының ең бір аласапыран дәуірімен сәйкес келді. Құбылайдың өзі 1215 жылы, атасы – Шыңғыс хан Пекинді жаулап алған жылы дүниеге келді [2]. 1241 жылға дейін, яғни Моңғол империясының ұлы ханы Үгедей қайтыс болғанға дейін, ол сарайда ықпалды бола қойған жоқ, өйткені, оның әкесі Шыңғысханның ең кіші ұлы – Толы ұлы хан тағына үміткерлердің қатарында болмаған еді [3]. Үгедей қайтыс болғаннан кейін жағдай күрт өзгерді. Кескілескен күрестің барысында моңғол тағы бастапқыда Толының жесірі Сорғатай-бегіге, ал кейін оның үлкен ұлы Мөңкеге өтті. Толы ұрпақтарының таққа құқығының қалпына келтірілуі моңғол дәстүрі бойынша заңды болып есептелегін. Түркі-моңғол дәстүрлері бойынша қара шаңырақта отбасының кіші ұлы қалатыны ежелден белгілі. Алайда, жазылмаған заңға айналған бұл дәстүр бұзылып, оны қалпына келтіру үшін Сорғатай бегім ұзаққа созылған күрес жүргізуге мәжбүр болды. Бұл күресте оған Жошы ұлысының сол кездегі ханы – Бату үлкен қолдау көрсеткен болатын. Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін таққа отырған Үгедей ұрпақтарының билігі, оның ұлы – Күйік қайтыс болғаннан кейін Толы ұрпақтарына өтті. Толының төрт ұлы да тарихта үлкен із қалдырды. Мөңке біртұтас Моңғол империясының соңғы ханы болды, ол қайтыс болғаннан кейін, 1259 жылы империя ыдырап кетті. Билікке келген Құбылай империяның біртұтастығын сақтап қала алмады, ол моңғолдардың Қытайдағы мемлекеті – Юань империясының негізін қалады. Империяның құрамына Моңғолия, Маньчжурия, Шығыс Түркістан, Корея кірді. Империяны Құбылай 35 жыл биледі.

Толының үшінші ұлы – Хулагу, Бағдат халифатын талқандап, Таяу және Орта Шығыстағы моңғол мемлекетінің негізін қалады. Тарихта елхандар мемлекеті деген атқа ие болған бұл мемлекет Үндістан мен Орта Азиядан Кіші Азияға, Сирияға және Кавказ жоталарына дейін созылып жатты. Алайда Хулагу, моңғолдардың ұлы ханы ретіндегі Құбылайдың жоғарғы билігін мойындаған болатын. Ағайындылардың ішіндегі ең кішісі – Арықбұға өз ағасы – Құбылайдың билігін мойындаудан бас тартты. Шыңғыс хан ұрпақтары мен моңғол шонжарларының Құрылтайында Арықбұға ұлы хан жариялайды. Оның үстіне, моңғол дәстүрі бойынша Толы әулетінің кішісі, қара шаңырақ иесі – Арықбұғаның ұлы хан сайлануы заңды болатын. Алайда, 1264 жылы болған шайқаста Арықбұға әскері жеңіліс тауып, ол ұлы хан тағынан бас тартуға мәжбүр болды. Ағайынды екеуінің билік жолындағы күресінде Құбылайдың әскери күші мен мемлекеттік қайраткер ретіндегі дарыны басым болып шықты.

Құбылай билікке келген кезде, Қытай әлі де болса, толықтай моңғолдарға бағындырылмаған болма-тын. Оңтүстік Қытайды жаулап алу 1279 жылы аяқталды. Бірақ көптеген қытай отрядтары қарсыластарын тоқтатпады, оларды сун ақсүйегі Вэнь Тяньсян басқарды. Ол өзінің барлық мал-мүлкін әскер жасақтауға жұмсады. Бірақ моңғолдар бұл қарсылықты 1280 жылы толық басып тастады, осыдан кейін ғана Қытай толықтай моңғолдардың билігіне қаратылды. Моңғолдардың ұлы ханы Құбылай Қытайдағы моңғолдардың мемлекеті – Юань империясының (1280-1368) императорына айналды.

Юань әулеті Қытайда бір ғасырға жуық билік құрды. Бұл уақыт Қытай тарихындағы ең бір ауыр кезең болды. Бастапқы кезеңде моңғолдар, өздеріне ерікті түрде берілуден бас тартқан қытайлықтардың бәрін қырып тастағысы келген болатын. Ал Сундық Қытайда қырық жыл бойы қытайлықтардың барлығы дерлік моңғолдарға берілуден бас тартып, қарсылық көрсетіп келгенін ескерсек, бүкіл дерлік оңтүстік қытайлықтарға жойылып кету қаупі туды. Бұл ниетін орындау мүмкін болмағандықтан моңғол билеушілері ең кең тараған бес әулеттің көзін жоюды жоспарлады. Бұл жағдайдың өзінде халықтың жартысына жуығы қырылған болар еді. Өйткені бұл ең кең тараған әулеттер болғандықтан, халықтың көп бөлігін қамтыған еді. Алайда, моңғол билеушілерінің бұл қанқұйлы жоспарлары, ханның кеңесшісі Елюй Чуцайдың арқасында іске аспай қалды. Шығу тегі бойынша қидандық Елюй Чуцай, ханға, қытайлықтардың көзін жойғанның орнына, олардың еңбегін пайдаланып, қазынаны тұрақты салықтар арқылы толықтыру жайында кеңес берген болатын. Есесіне, моңғолдарға құлдыққа түскен қытайлықтардың саны шексіз көп болды. Қытай тарихында бұрын-соңды құлдардың саны мұнша көп болмаған шығар.

Құбылай хан билігі тұсындағы Қытай экономикасына келер болсақ, бастапқыда, қырықжылдық соғыс қимылдарынан кейін, әрине шаруашылық ойсырап қалған болатын, әсіресе, егіншілік пен сауда тұралап қалды. Экономиканың құлдырауына әкімшілік басқарудағы өзгерістер де ықпал етті. Бұрынғы конфуциандық шенеуніктерді моңғол хандары мен әскери қолбасшылары, сондай-ақ Қытайдың өзіндік ерекшеліктерін білмейтін, Азияның әр түрлі аймақтарынан шыққандар алмастырды. Моңғолдар қытай халқын діни, ұлттық ерекшелігіне қарай төрт категорияға бөлді: моңғолдар; сэму-жэнь, яғни «жатжерліктер»; солтүстік-қытайлық чжурчжэндер мен қидандар; оңтүстік қытайлықтар. Қытай халқының теңсіздігі заңмен бекітілді. Мемлекеттік қызметке бастапқы екі категория мен әртүрлі еуропалықтар тартылды. Хұбылайдың кезінде жоғары лауазымды қызметте венециандық көпес Марко Моло (1254-1323 жж.) 17 жыл болған. Қытайда 1294 ж. Рим папасының елшісі Джованни Монте Корвино, 1318-1325 жж. итальян саяхатшысы миссионер Одорико Порденоне (1286-1331) қызмет етті. Пекинде бес мыңға жуық христиандар өмір сүрді. Жергілікті халық, яғни қытайлықтар үшінші және төртінші сұрыптағы адамдар ретінде (моңғолдар мен жатжерліктерден кейінгі) қарастырылды.

Дегенмен, моңғолдар билікке жергілікті қытай феодалдарын тарту керектігін түсінді. Басқару ісіне, қосымша, солтүстікқытайлықтар – чжурчжэндер мен қидандар тартылды. Қидандардың ұрпағы Елюй Чуцай (1190-1244) Шыңғыс хан, Үгедей, Құбылай хандардың кеңесшісі қызметін атқарды [4].

Құбылай билігі тұсында ауыл шаруашылығы саласында біраз шаралар жүзеге асырылды. Астанада «Ауыл шарушылығының Бас Басқармасы», ал провинцияларда — басқарманың жергілікті органдары құрылды. 1271 ж. «Ауыл шаруашылық қауымдары туралы Ереже» қабылданды [5]. Ол Ереже бойынша әр 50 отбасынан тұратын қауымдар құрылды. Оларды ауыл шаруашылығы жұмыстарынан тәжірибесі мол ақсақалдар арасынан сайланатын староста басқарды. Олардың басты міндеті – салықтың уақтылы жиналуын қамтамасыз ету болды. Моңғол ақсүйектері мүмкіндігінше көп жерлерді шаруалармен бірге басып алуға, сөйтіп ол жерлерден неғұрлым көбірек табыс табуға тырысты. Қытай шаруаларына ауыр салықтар салынды. Шаруалар үшін әсіресе жылқы салығы ауыр болды. Жылқы ауыл шаруашылығы жұмыстарындағы басты күш болатын. Моңғолдар жергілікті халықтан жылқыны көп жинап алуға күш салды. Себебі жылқы әскер үшін, соғыс үшін қажет болды. Соның салдарынан, ауыл шаруашылығы ауыр күйзеліске ұшырады. Шаруа шаруашылығына ер адамдарды майдандағы қара жұмыстарға көптеп айдап әкетіп отыру да зор зиян келтіретін. Жалпы он адамнан бір адам алынуға тиіс болатын, бірақ іс жүзінде моңғолдар қанша адам алғысы келсе, сонша адам алып отырды. Шаруалардың тұрмыс жағдайы шектен тыс ауырлап кетті. Будда храмдары мен монастырларының жерлеріне бұрынғысынша салық салынбады. Шаруалар аз каналу үмітімен өз жерлерімен будда шіркеулерінің қарамағына өтіп кетуге тырысты. Сөйтіп, шіркеу феодалдары байи түсті. Ақыры 1327 ж. моңғол өкіметі монастырлардың шаруалар жерлерін сатып алуына тыйым салған жарлық шығарды [6].

Құбылайханның тұлғасын сипаттауда бізге б.з.д. II ғ. өмір сүрген қытай философы Лу Цзы атакты сөздері көмекке келеді: «империяны аттың үстінде отырып жаулап алуға болады, алайда, оны аттың үстінен басқаруға болмайды». Бұл сөздер, басқа билеушілерден де бұрын, әсіресе, Құбылай ханның қайшылықты тұлғасын дәлірек сипаттайды десек артық айтпаймыз. Құбылайхан, шынында да империяны «аттың үстінде отырып» жаулап алды. Алайда, елді басқаруға келгенде ол өз саясатын өзгертуге бейімділік танытты. Ол моңғолдарға мүлде жат болған қытай өркениетінің, әсіресе саяси жүйесінің ерекшеліктерін белгілі дәрежеде қабылдап, оның белгілерін, әрине шектеулі деңгейде, Юань империясының басқару жүйесіне енгізіп отырды. Әрине оның бұл ішкі саясаты қытай халқын дамыту мақсатына бағышталды дегенге сену қиын. Құбылайханның саясаты, ең алдымен, Юань империясындағы моңғол ақсүйектерінің мүддесінен туындаған болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Завадская Е.В. Юаньский мастер Ли Кань о тайне живописи бамбука. Китай: история, культура и историография. – М., 1977.
2. Думан Л.И. Некоторые проблемы социально-экономической политики монгольских ханов в XIII-XIV веках // Татаро-монголы в Азии и Европе. – М., 1970.
3. Кадырбаев А.Ш. «Мусульманские языки» и мусульмане в культуре и науке Китая XIII-XIV вв. По материалам китайских династийных историй // Восточный архив, № 8-9. – М., 2002.
4. Книга Марко Поло о разнообразии мира, записанная пизанцем Рустикано в 1298 г. от Р.Х. – М., 1990.
5. Крюков М.В., Малявин В.В., Софронов М.В. Этническая история китайцев на рубеже средневековья и нового времени. – М., 1987.
6. Мелихов Г.В. Установление власти монгольских феодалов в Северо-Восточном Китае // Татаро-монголы в Азии и Европе. – М., 1970.

ӘОЖ: 94 (574) (1918)
МРНТИ 03.01.09

Г.Б. Қозғамбаева¹

¹ т.ғ.к., доцент әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДА КҮРЕСКЕН - ОСПАН БАТЫР

Аңдатпа

Мақалада Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі жолында өмірін сарп еткен, азаттық қозғалыстың басшысы, халық батыры Оспан Исламұлының ерлігі қарастырылған. Оспанның батыр 1940 жылы Шыңжаң губернаторына қарсы қазақтардың наразылығына қатысты. Қытай отаршыларына қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтерілісті Оспан Исламұлы ұйымдастырып, артынан қазақтарды ерте білді. Шыңжаңда Шығыс Түркістан республикасы өз тәуелсіздігін жариялайды. Бұл жаңа үкіметті Оспан батыр алғашында жан-тәнімен қорғап, ол бүкіл Алтай аймағын Гоминдаң басқыншыларынан толық азат етеді. Осы еңбегі үшін Оспан батыр Кеңес Одағының көмегімен құрылған Шығыс Түркістан Халық Республикасының Халық қаһарманы орденімен марапатталған. Ол Қытай үкіметімен КСРО үстемдігіне және оның ықпалындағы Моңғолияға қарсы күрескен. Оспан батырдың халқы үшін ерлік еңбегі, көп жылдық күресі 1950 жылға дейін жалғасып келді.

Түйін сөздер: батыр, ұлт – азаттық көтеріліс, халық, тәуелсіздік

Аннотация

Г.Б. Козгамбаева¹

¹Қазақстанның ұлт-азаттық көтерілісін қолдаған ұлт-азаттық батыры Оспан Исламұлының ерлігі қарастырылған. Оспанның батыр 1940 жылы Шыңжаң губернаторына қарсы қазақтардың наразылығына қатысты. Қытай отаршыларына қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтерілісті Оспан Исламұлы ұйымдастырып, артынан қазақтарды ерте білді. Шыңжаңда Шығыс Түркістан республикасы өз тәуелсіздігін жариялайды. Бұл жаңа үкіметті Оспан батыр алғашында жан-тәнімен қорғап, ол бүкіл Алтай аймағын Гоминдаң басқыншыларынан толық азат етеді. Осы еңбегі үшін Оспан батыр Кеңес Одағының көмегімен құрылған Шығыс Түркістан Халық Республикасының Халық қаһарманы орденімен марапатталған. Ол Қытай үкіметімен КСРО үстемдігіне және оның ықпалындағы Моңғолияға қарсы күрескен. Оспан батырдың халқы үшін ерлік еңбегі, көп жылдық күресі 1950 жылға дейін жалғасып келді.

БОРЕЦ ЗА НЕЗАВИСИМОСТЬ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА - БАТЫР ОСПАН

В статье рассматриваются подвиги народного героя, руководителя освободительного движения Восточном Туркестане о батыре – Оспан Исламулы. Оспан батыр в 1940 году участвовал в восстании казахов против губернатора Синьцзяна. В июне 1943 года среди казахов Алтая вновь вспыхнуло восстание из-за решения властей насильственно переселить их на юг Синьцзяна, а китайских беженцев - на кочевья казахов. Мощное этническое восстание, начавшееся в трех округах, распространилось на весь северо-западный Китай, переросло в национально-освободительное движение народов Синьцзяна, что привело к созданию независимого государства - Восточно-Туркистанской Республики. В 1943 году военный руководитель Монголии Чойбалсан встретился с Оспан батыром, дав ему боеприпасы и другое оружие. Восставшие под руководством Оспан батыра освобождают от китайских войск полностью Алтайский край. В 1945 году было провозглашено о создание армии Восточно-Туркистанской Республики которую возглавил Оспан батыр. В 1949 году части Народно-освободительной армии Китая вошли в Урумчи, в Синьцзяне был установлен режим китайских коммунистов. Против установления режима коммунистической партии Китая выступили отряд казахов под руководством Оспан батыра.

Ключевые слова: борьба, освободительное движения, восстание, независимость

Abstract

G.B. Kozgambayeva¹

¹associate professor of al-Farabi Kazakh National University

AFIGHTER FOR INDEPENDENCE OF EAST TURKESTAN IS BATYR OSPAN ISLAMULY

In the article exploits of folk hero, leader of national al hero, movement of East Turkestan Batyr - Ospan Islamuly. Ospan Batyr in 1940 participated in the uprising against the governor of Xinjiang Kazakhs. Ospan batyr in 1940 participated in rebelling of kazakhs against governor Sin'czyana. In June, 1943 among kazakhs of Altai again a revolt from the decision of authorities blazed up violently to transmigrate them southward Sin'czyana, and the Chinese refugees - on camp of nomads of kazakhs. In 1943 military leader of Mongolia Choybalsan met with Ospan batyrom, giving him live ammunitions and other weapon. Insurgent under the direction of Ospan of batyra release from the Chinese troops fully the Altaian edge. In this connection Ospan batyr was the recipient of an award the order of the Folk hero of the East-Turkestan folk republic. Ospan batyr was the recipient of an award the order of the Folk hero of the East-Turkestan folk republic. In 1949 of part of the Narodno-osvoboditel'noy army of China entered in Urumchi, the mode of the Chinese communists was set in Sin'czyane.

Key words: a fight, liberation motions, revolt, is independent, states

Кеңестік дәуірде коммунистік тоталитарлық идеология үстемдік құрып тұрған кезде, алыс және таяу шет елдердегі қазақтардың тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеуге қолдау таппағанын былай қойғанда тіпті ол елдерде туған туысқандары бар екендігін мойындау үлкен қылмыс есептелді. Өйткені КСРО коммунистік партиясының орталықтағы және жергілікті жердегі қайраткерлерінің солақай саясатының салдарынан, кезінде көптеген қазақтар өз Отанын тастап, шетелге жер ауып кетуге мәжбүр болғанын ашып айту партиялық және таптық принципке қарама-қайшы келгені баршаға мәлім.

Міне, осындай жағдайлар мен тарихи оқиғаларды ескерсек, шет елдегі қандас бауырларымыздың тарихын шындық тұрғыдан зерттеуге шектеулер қойылғаны рас.

Қазақ елі тәуелсіздігін алғаннан кейін, өз тарихы мен мәдениетіне және тарихи тұлғаларына жаңаша тұрғыдан зерттеулер жасауда. Сондай тарихи тұлғалардың бірі Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі мен еркіндігі жолында күрескен қазақ батыры - Оспан Исламұлы.

Кезінде қытай отаршылары қазақтарды уысынан шығармау үшін әр түрлі амал-тәсілдерді қолданып келді. Сондықтан Қытайдағы қазақтар озбырлықтың небір ауыр жағдайларын бастарынан өткізді. Отаршылдықты түрлі жолдармен жүргізген қысым-қиянаттарына шыдамаған қазақ халқы азаттық, еркіндік үшін әрдайым қолға қару алып күреске шығып отырды. Олардың ішінен ел бостандығы, жер тұтастығы жолында күрескен: Демежан, Бөке, Зуха, Оспан, Елісхан, Әкбар, Сейіт, Бүркітбай, Сұлубай тағы басқа батырлар шығып, халықты артынан ерте білді.

Қазақ халқының еркіндігі үшін болған ұлт – азаттық көтеріліс пен оның басшыларының Отандық тарихта алатын орны ерекше. Мәселен, Ресей империясының отарлау саясатына қарсы болған ұлт – азаттық көтеріліс басшылары Сырым Датұлының, Кеңесары Қасымұлының және тағы басқа батырлардың рөлі ерекше. Сол сияқты Шығыс Түркістандағы қазақтардың тәуелсіздігі мен еркіндігі жолында күресіп өткен, қазақ халқының батыры Оспан Исламұлының өзіне тиесілі орны бар деп, бүгінде үлкен мақтанышпен айта аламыз. Жаксылық Сәмитұлы «Қытайдағы қазақтар» деген еңбегінде: «Түркиядағы және басқа да Европа елдерінде көбіне оны Оспан батыр деп атайды... Қытайдағы қазақтарды бастап, Қытай үкіметі мен КСРО үстемдігіне, олардың жандайшабы қызыл Моңғолияға қарсы күрескен қаһармандықтары мадақталады» деп көрсеткен [1, 240 б.].

Оспан батырдың аты бүкіл Шығыс Түркістан жұртшылығына әсіресе, ондағы қазақтарға отызыншы жылдардың аяғынан бері әйгілі болатын. Шыңжаң өлкесінің түкпір-түкпіріндегі ұлт-азатшылары немесе Алтай, Іле, Тарбағатайдың әр жерінде бытыраңқы жүрген қазақ жасақшылары бір-бірімен тығыз байланыста болды. Оспан батырдың жасағы күннен-күнге көбейе түсті. Гоминьдан үкіметі Оспан батырды қолдаушыларды қалай да болса қолға түсіріп, көздерін жоюға тырысты [2, 36 б.].

1942 жылы Шэн Шицай көтерілісшілерді толықтай жою мақсатында олардың соңынан аса күшті бақылаулар қойды. Ауыл-ауылдарға жансыздар жіберіп, көтерілісшілерге қатысты мәліметтер жинады. Ел арасында іріткі салып, оларды бір-біріне айдап салу әрекеттерін жүргізді. Алайда осындай үгіт-насихат, сатқындық әрекеттерге қарамастан көтерілісшілер халықтың қолдауына ие болып, Оспан Исламұлының жасағына келіп қосыла берді. Гоминьдан билеушілері Оспан Исламұлын қолға түсірудің жоспарын жасады. Батырдың 18 жасар қызы Кәбира мен 14 жастағы ұлы Баймолданы айуандықпен өлтіріп, 11 жастағы Кәри мен 9 жастағы қызы Сафияны терең құдыққа тірідей тастайды. Оспан батырдың

өзіне Әділхан би мен Салық тәйжі арқылы «қару-жарақты тапсырып, беріліңдер» деген мазмұндағы талап хат та жолдайды [3,16 б.]. Осындай жағдайға қарамастан Оспан батыр азаттық жолындағы күресті жалғастырды. Алтай қазақтарының ұлт - азаттық қозғалысының көсемі Оспан батыр Моңғолия Ішкі Істер министрінің орынбасары Б.Дүйнхэржавпен Хайрт асуында кездесіп, босқын қазақтардың моңғол жеріне қоныстануына рұқсат алды. 1943 жылы тамыз айының соңында МХРП ОК және Үкімет қаулысы қабылданып, онда батыс шекара маңындағы саяси әскери жағдайға қатысты мәселелер талқыланып, Оспан батыр Исламұлымен келісім жасалды. Моңғолияның мұрағаттарынан Оспан батырға қатысты материалдар негізіне сүйене отырып, жүргізген зерттеуінде Рахметұлы Сұраған: «Абырой – атағы арта түскен оған 1943 жылы «Халық батыры» деген атақ беріліп, Алтай өлкесіндегі қазақтар жиналып, Оспан батырды ақ киізге салып ұлықтады» [3, 17 б.]. Сонымен қатар, «Оспан батыр сіз, біздің үкіметтен гоминьданның басқыншы әскерімен күресуге қару-жарақпен көмектесуді өтіңген едіңіз. Мұны біз қабылдай отырып, зорлық - зомбылықтан құтылу үшін күресіп жүрген халықтың азаттығы күрескерлеріне 400 винтовка, 200 автомат, 6 ауыр пулемёт, 30 жеңіл пулемёт, 2000 граната, 5 дүрбі, 400.000 винтовка оғын беру шешімін қабылдадық» - деген Х. Чойбалсанның сөзі Оспанды тандандырып тастады. Ол Х Чойбалсанға ризашылығын білдіріп: «Гоминьдан басқыншыларымен күресуге бел байлаған күрескерлердің мақсатын қолдаған, мамандарды жолдауға ниет білдірген Моңғолия мемлекетіне Шыңжан өлкесіндегі жалпы қозғалысқа қатысушылар атынан алғыс айтамын» дейді [3,18 б.]. Маршал Чойбалсан Оспан батырдың күшін гоминьдандық қытайға қарсы бағыттағысы келді. Ал, гоминьдандық қытай әскери басшылары болса, Оспан батырды коммунистік қытайлар мен Мәскеу ықпалындағы Моңғолияға қарсы бірлесіп күресуге үгіттеді. Осындай екі жақты саясаттың арасында жүрсе де, Оспан батыр қазақ халқының ұлт - азаттығы үшін күресу керектігін түсіне білді. 1944 жылы 6 наурызда Алатөбе заставасында екі жақтың үшінші кездесуі болып өтті. Х. Чойбалсан, КСРО-ның Моңғолиядағы елшісі В.Д. Иванов және Оспан батыр Исламұлы үшеуі оңаша кездесті. Үш жақты келісім осылай қысқа мерзім ішінде ойға алған мақсаттарын орындап, табысты аяқталды. Осы кездесуден кейін, Кеңес Одағының Оспан батырға жолдаған қару жарақ саймандары жеткізіліп берді. Қару-сайман барлығы 100-ден астам түйеге жүк болды. Оспан батыр өз тарапынан МХР қарсы әрекет жасамайтынын мәлімдеп, бұл елге арқа сүйеп, құрал – сайман жағынан көмектесуін тілеп, ұлт – азаттық күресін жалғастыра беретінін айтқан. Берілген қару жайында Х.Мухамадиұлы: «Х.Чойбалсан құрал-сайман жағынан көмек беріп, И. Оспанның жанұясы мал – дәулетін Моңғолияда болуына келісіп, кепілдеме береді. Осы кезде бостандық, азаттық үшін күресіп жатқан Шығыс Түркістандағы қазақ бауырластарына көмектесуге Баян-Өлгий қазақтары шын ықыласпен кіріседі. Мындаған қазақтар кәрі - жасы бар партизан отрядтарына ілесуге тілек білдіреді. Ал, Б.Қаби, Ш.Ноғай, Д. Жеңісхан, О. Халхабай бастаған төрт мыңдық баян-өлгийлік қазақ жастары барып шайқасты...» деп өзінің еңбегінде көрсеткен [4,104 б.]. 1934-1949 жылдар арасындағы Моңғолияның батыс шекарасында Оспан батыр мен Қытай және моңғол шекаралары аралығында болған ірі қарулы қақтығыстар соңы ұлт–азатшылар үшін нәтижесіз аяқталды. Екі жақ та Кеңес Одағының тапсырмасымен Оспан батырды бірнеше рет тұтқындауға әрекет жасап, ақыры 1951 жылы ауылын қоршау арқылы оны қолға түсіріп, сот шешімімен өлім жазасына кесумен Шыңжан өлкесіндегі өрбіген ұлт –азатшыларының қозғалыс тарихына соңғы нүкте қойылды» деп, көрсеткен [5,134 б.]. Қызыл қытайлар Шыңжан өлкесіне жақындаған сайын Шығыс Түркістан республикасы дербес ел ретінде өмір сүре алатындығы белгілі болды. Ал Шығыс Түркістан республикасы қайраткерлері Қытайдың құрамына кіруді ұйғармады. Шығыс Түркістан республикасы басшыларының бұл әрекеті Сталинге де, Чойбалсанға да, қызыл қытайларға да жақпай қалды. Кеңестік большевиктер және Моңғолия үкіметі ендігі уақытта Оспанның көзін жою арқылы қызыл қытайларға батысынан қол ұшын беруді жөн көрді. Сөйтіп, Моңғолияның Ішкі Істер басқармасы бұрынғы ара – қатынасын пайдаланып, Оспан отрядына іштей кіріп, оның көзін жою үшін төтенше тапсырмамен Өбешұлы Сағадай бастаған топты жұмсады және Нэхийт бастаған шекара әскери тобын іле - шала аттандырды [6,194 б.]. Көтеріліс жылдарында Қытайда гоминьдан партиясының жағдайы күрт төмендесе керісінше, Қытай коммунистік партиясының ықпалы артты. 1945 жылдың аяғында Қытай коммунистік партиясының ықпалымен демократиялық тұрғыда жүргізген саясаты нәтиже бере бастады. Кеңестік үлгідегі азат етілген аудандар Қытайдың жалпы аумағының көп бөлігін құрады. Қытайдың оңтүстік батыс бөлігі, Шыңжан өлкесінде үстемдікке қарсы, гоминьдан үкіметіне наразы болғандар азаттыққа үн қосты. Бұл өлкеде жаңа демократиялық бағыттағы азат етілген аудандар КСРО үлгісімен жергілікті әкімшілік ұйымдарын толықтыра бастады. Іс жүзінде Оспан Алтай аймағының уәлиі болып тағайындалғанымен тәжірибе жүзінде КСРО-дан арнайы келтірілген адамдардың саяси биліктің тұтқасын ұстауы, Шығыс Түркістан республикасы тарихын

тығырыққа тіреуге әкеліп соқты. Әр жақтан қысымда қалған Оспан батыр 1946 жылдың жазында үкіметтің жоғарғы лауазымынан бас тартуы ұлт бостандығы күресінің ыдырауын көрсетеді.

Шыңжан Алтай өлкесінде Шығыс Түркістан мемлекетін құру жолында ерлікпен күресіп өз өмірін соған арнаған батыр Оспан Исламұлының ерлігі мен өмір тарихына байланысты мәліметтер Отандық тарихта да зерттеушілер тарапынан көптеп жазылып жүр.

Қортындылай келе, қазақ халқының еркіндігі үшін болған ұлт – азаттық көтеріліс пен оның басшыларының Отандық тарихта алатын орны ерекше. Сондай тұлғалардың бірегейі Оспан Исламұлы қазақ халқының батыры Шыңжан және Қобда жерінде өмір сүретін қандастарымыздың еркіндігі үшін, ұлт бостандығы жолындағы күресте жанын пайда еткен батырдың ерлігі Отандық тарихта терең зерттелуі керек. Өйткені Оспан Исламұлының ұлт намысын қорғаудағы ерлігі келер ұрпаққа үлгі өнеге.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. – 312 б.
2. Нөкішұлы Ф. Шығыс Түркістандағы дауыл. – Алматы, 1998. – 236 б.
3. Рахметұлы Сұраған Моңғолия мен Қытайды мекенденген қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінің тарихы (1912-1949 жж.). Тарих ғылым дарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. – 28 б.
4. Мұхамедұлы Х. Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. – Алматы – Улаанбаатар., Чайжол баспасы. – 1997. – 221б.
5. Рахметұлы С. Моңғолияның батыс шекарасы және Оспан батыр. Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 ж. арналған «Азаттықтың өшпес рухы» атты халықаралық ФТК-ның материалдар жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. – 2010. – 134-140 бб.
6. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. 1 ші кітап. – Алматы., 2001. – 318 б.

ӘОЖ: 329.14:070

МРНТИ 03.01.11

Сайлауқызы Алма¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, nur-Alma@mail.ru

Сақ Қайрат Өмірбайұлы²

²Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев ат. ЕУҰ профессоры, kaisak1964@yandex.kz

АЛАШ АРДАҚТЫСЫ, КӨСЕМСӨЗ ШЕБЕРІ МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ мемлекеттігі идеясының жарқын тұлғасы, саясаткер, қайраткер, журналист, Алаш көсемсөзінің белсенді өкілі Мұстафа Шоқай және оның демократиялық журналистикасы туралы сөз болады. Бодандық қамытына тұншыққан Қазақ елінің еркін, азат болашағы туралы кемелді идеяларын сол дәуірдің тынысы болған баспасөздің пәрменді күшімен бұқараға жариялап қана қоймай, демократиялық принциптерін негізді түрде ашық қорғай білген оның шығармашылығы тұшымды уәж, салиқалы ой, заманауи шындық, сенімді дәлел келтіруімен құнды. Өзінің өмірінің біраз бөлігін эмигранттықпен, Францияда өткізген Мұстафа Шоқайдың журналистикасы мен публицистік қызметі туралы деректер мен өзге де замандастарының пікірлері, Алаш қозғалысындағы үлесі, мүшелігі мен оған қарым-қатынасы туралы деректер Париждің Булак кітапханасындағы жеке мұрағатынан алынып, қолданылып отыр.

Кілтгі сөздер: Ұлттық публицистика, қазақ журналистикасы, Алаш идеясы, Мұстафа Шоқай, демократиялық принцип, ұлттық бірлік, ұлттық лидерлер.

Аннотация

А.Сайлауқызы¹

*¹ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (010000 Қазақстан, г.Астана, ул. Сатпаева),
факультет Журналистики и политологии докторант, nur-Alma@mail.ru*

СақҚайратӨмірбайұлы²

²научный руководитель: к.ф.н., профессор ЕНУ им. Гумилева, , kaisak1964@yandex.kz

ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ЖУРНАЛИСТИКА МУСТАФА ЧОКАЙ

В данной научной статье говорится о демократической публицистике Мустафы Чокай. Особенно ярко раскрывается проблемы демократических идей и его усилий касательно национального единства. Также приводятся мнения и оценки его соратников, единомышленников на счет его журналистской деятельности. Идея Алаш объединяло целое поколение умных, образованных, интеллигентных лидеров наций во имя светлого будущего казахского народа. Эмигрантская журналистика Мустафы Чокай во Франции, его произведения, статьи, письма, международные доклады на нескольких языках, периодические издание, выходившие под его руководством больше раскрывает суть основной идеи национальной независимости. С помощью материалов, собранных из личного архива Мустафы Чокай в Париже, анализируется связь и актуальность идей национального лидера с сегодняшним днем.

Ключевые слова: Национальная публицистика, журналистика, идея Алаш, Мустафа Чокай, демократические принципы, национальное единство, национальные лидеры.

Abstract

A.Sailaukyz¹

¹holds a master degree, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan),

Faculty of journalism and political science,

nur-alma@mail.ru

Kairat Sak²

²Science consultant: professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University,

kaisak1964@yandex.kz

DEMOCRATIC JOURNALISM OF MOUSTAFACHOKAY

In this scientific article is told about journalistic activity of Mustafa Chokay. Especially vividly revealed the problem of democratic ideas and force national unity. Proper professional opinions and solutions to these problems have been reflected in the media, which was an effective means of discussion and a mirror of its time. In addition, opinions and estimates of his colleagues into the account of his journalism are also given. Alash idea united an entire generation of smart, educated, intelligent leaders of nations in the name of the bright future of the Kazakh people. Emigrant journalism Mustafa Chokai in France, his works, articles, letters, international reports in multiple languages, periodicals that went under his leadership more reveals the essence of the main ideas of national independence. With the help of the material collected from the personal archive of Mustafa Chokai in Paris, analyzes the relationship and relevance of the ideas of the national leader and the present day.

Keywords: National publishing, journalism, idea of Alash, Mustafa Chokay, Democratic principles, National unity, National leaders.

Алаш деген – қазақ ұлтының екінші аты десек, Алаш публицистикасы дегенді қазақ кәсіби журналистикасының бастаулары деп түсінгеніміз жөн болар. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында орын алған, қазақ қоғамының ренессансы сияқты міндет атқарған қазақ зиялыларының идеялары өміршеңдік күшін жоймағанын олардың публицистикалық деректеріне қарап отырып бағамдай аламыз. Бірнеше ғасыр Патшалы Ресейдің отарлық саясатының озбырлығын көрген халқымыздан тек олардың қолына су құюды місе тұтатын тілмаштар мен патшаның «адал қызметкерлері» ғана емес, өз ұлтының трагедиясын жақсы ұғынып, заңды құқын талап етіп, оның жағдайын жеңілдетуге бар күш-жігерін аямаған білікті де білімді, өткір саясаткерлер мен орақ тілді журналистер де шықты. «Ұлы дала ұлағаттары» атты еңбегінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Өз еліңе пайдалы болу, өз Отаныңның тағдыры үшін жауапты болу – әрбір отандық саясаткердің, әрбір қазақстандықтың борышы мен ар-ожданы» деп айтқандай [1], сол борыш пен парызды өмірлік мұрат еткен жүздеген ұлтшыл азаматтардан тұратын кіл мықтыларды Қазақ игілігі – Алаш игілігі атты үлкен идея біріктірді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Мұхтар Әуезов, Халел Досмұхамедұлы, Райымжан Мәрсеков, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев, Смағұл Сәдуақасұлы, Мұхамеджан Сейдалиев сынды бір топ ұлт ардақтыларының көшбасында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Мұстафа Шоқай атты шын мәніндегі лидерлер тұрды. Туған ұлтының дербестігін басты мұрат тұтқан олар халқының бірлігін нығайту арқылы көздеген мақсатқа жетеміз деп сенді.

«Рухтың құлдығынан асқан құлдық жоқ» деп Сенека айтқандай, рухы еркін қазақ оқығандары бұл қиямет-қайымы мен қиыншылығы мол ауыр жолда қару етіп көсемсөзді – публицистиканы шама-шарқы жеткенше пайдалану керек деп шешті. Өйткені, кез келген зайырлы, демократиялық қоғамның басты белгілерінің бірі – сөз бостандығы десек, сол сипатының жүзеге асуы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, яғни баспасөз арқылы көрініс табатыны анық. Мәселен, 1917 жылы «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болды. Өз идеялары мен оларды халыққа жеткізудің асыл арнасы еткен

мерзімді баспасөз қатарына «Қазақ», «Серке», «Ақ жол», «Сарыарқа», «Айқап», «Абай», «Шолпан» «Сана», «Таң» сынды газет-журналдарды жатқызсақ, Алаш идеясын ұстанған ұлт қаймақтарының тоқсан пайыздан астамы қуғын-сүргін құрбаны болған соң, ұлттық бірлік пен азаттық идеясының ел сыртынан соғылған күміс қоңырауы деп Мұстафа Шоқайдың редакторлығымен шыққан «Жас Түркістан» журналы деп батыл айта аламыз.

Франциядағы тілдер және өркениеттер университетінің (INALCO) жанындағы BULAC кітапханасында Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі, білгір саясаткер, білікті басшы, өткір журналист, пайымды публицист Мұстафа Шоқайдың электронды түрде сақталған жеке архивін парақтай отырып, біраз дүниеге қанық болдық. Мәселен, журнал шығатын құрлықтан мыңдаған шақырым жырақта орналасқан Тяньцзиннен «Жас Түркістанның» редакциясына жіберілген хатта түркістандықтар мен татарлардан тұратын бір топ оқырманның аты-жөні тізімделіп, аталған журналға 3856 франкке жазылғанын дәлелдейтін құжат сақталыпты [2]. Сол сияқты АҚШ университетінің профессор-оқытушылары да журналды алып тұрғанын дәлелдейтін хаттар бар. Осының өзі ол журналдың әлем бойынша қаншалықты танымал, әрі сұранысқа ие болғандығының бір дәлелі деп білеміз.

Ұлт зиялылары Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтті. Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай сынды ұлт серкелері дәл осы мүмкіндікті халқының азаттыққа жетуіне, тең құқылы демократиялық жолмен даму жолына түсуіне зор мүмкіндік деп санады. Алайда ақпан төңкерісі де, оның артынша ұйымдастырылған Қазан төңкерісі де бұл үміттің күл-талқанын шығарды. «Түркістандағы Кеңестік ұлттық саясат» атты мақаласында: «Сталиннің сөзіне сенсек, ұлттық құқық деген сөз – еуропалық державаларға ғана лайық ұран. Оның сөзінше, тек ақымақтар ғана Ресейге бағынышты елдердің өзіндік ұлттық құқы барын айта алады және тек ақымақтар ғана Кеңестер одағынан шыққысы келуі мүмкін екен. Бірақ кеңестік «ақымақ» большевиктер Британиялық Үндістанға, Сирияға, Алжирге, Мароккоға сұрап жатқан ұлттық дербестік секілді, біз де өзіміздің қарапайымғана ұлттық құқымызды талап етіп жатқанымызды мүлдем ұққысы келмейді» деп ашына жазады [3]. Сталин бастаған саяси жүйенің демократиялық принциптерден жұрдай, арам ниетін публицистика көмегімен осылай ашы сынаған Мұстафа Шоқай өзінің замандасы, ағылшын философы Бетран Расселдің «Демократия кезінде ақымақтар дауыс бере алады, диктатура кезінде елді басқара алады» деген сөзімен үндес еді.

Мұстафа Шоқай әрбір мәселе туралы мақала жазуға өте үлкен дайындықпен, жан-жақты сараптай отырып келгенін аңғарамыз. Мәселен патшалы Ресейдің, ақпан төңкерісінен кейін келген Уақытша үкіметтің, ал алты ай өтер-өтпес олардың да билігін жаншып қирату арқылы келген большевиктердің тәсілдерінде аздаған айырмашылықтар бар болғанымен, көрші ұлттар мен олардың мемлекеттік құқына қатысты ұстанымдары бәз баяғы қалпында екеніне өзі сынды саяси жолға басын тіккен тағдырлас, көрші, бауыр ұлттардан құралған замандастарымен бірге айқын көз жеткізеді. 1916 жылы Ә.Бөкейханның ұсынысымен Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарды. Ал 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттар кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартып, қарашаның соңында өткен кеңестердің 3-съезі қабылдаған «Өлкедегі барлық билік еуропалық нәсіл өкілдерінен құралған Түркістан Халық комиссарлар кеңесіне көшеді» деген қаулысын Мұстафа Шоқай нағыз әділетсіздік, ұлттық теңсіздік, отарлық шешім деп бағалады. Бұл тек Шоқайдың пікірі емес еді. Мәселен, Париж қаласында өткен құрылтай жиында өз елінен большевиктерден бас сауғалап, Еуропа асқан Дума мүшелерінің алдында татар мұсылмандары атынан сөз алған Максудов өз мәлімдемесінде былай дейді: «Бұл империалистік саясат қалай көрініс тапты? Мұсылмандардың көптеген құқы шектеулі болды, татар ұлты ретінде бізді ешкім мойындамады, біз ұлттық құқы бар субъект емес, ассимиляциялық саясаттың объектісі ғана болдық. Біз өз ұлттық қалпымыз жойылмас үшін күресе береміз, өйткені, ешкім, ешбір индивидуум өз ұлтының жойылу саясатына бей-жай қарай алмайды. Табиғаттың заңы өзіңмен өзің бол және өз жаратылысыңды сақта дейді... Иә, біз әр түрлі партиялардың өкіліміз, бірақ біздің қасиетті мақсатымыз үндес. Демократиялық принциптерге арқа сүйеуге, жеке ұлтты құрметтеуге үндейтін сол қарапайым ғана заңды талапты жүзеге асырыңыздар. Мұны әлемнің демократиясы күтіп отыр», дейді [4].

Большевиктер заңсыз жолмен, қантөгіс, зорлық-зомбылық қолдану арқылы билікті күшпен тартып алып орнатқан жүйенің қасапшы механизмдері еш пәтуға тоқтамасын сезген Мұстафа Шоқай алдымен Грузияда бірнеше жыл тұрақтап, еліне оралуды жоспарласа, уақыт өте келе оның мүмкін емес екеніне көз жеткізеді. Алайда сол жақта өткен екі жылында да белсенді публицистік қызмет жасайды. Ол онда 1921 жылғы ақпанның соңына дейін болып, осетиндік белгілі қайраткер А.Цалыковтың редакторлығымен шығатын «Вольный горец» және Грузия меньшевиктерінің «Борьба» газеттерінде істеді. 1920 жылы Тбилисиде украиндықтармен бірлесе отырып, «На рубеже» журналын шығаруды жолға қойып, оның

редакторы қызметін атқарды. Сонымен бірге ол «Шафақ» («Таңсәрі») газетіне де бас редактор болады [5]. Грузияға да большевиктер қаупі айқын төнген соң, Түркияның Стамбул қаласында алты айдай болып, одан кейін Парижге келіп тұрақтайды. Мұстафа Шоқай бұл елде эмигранттық журналистиканың, саяси табандылық пен ұлтына қызмет етудің айқын үлгісін көрсетіп, осында тұрған жиырма жылға жуық уақыт ішінде Еуропаның көптеген елдерінде өткен халықаралық дәрежедегі бірнеше іргелі жиында өз елінің жағдайы туралы зерттеушілік-бақылаушылық баяндамаларын жасайды. А.Керенскийдің «Дни» және П.Миллюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет етті. 1927 жылдан Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Парижде шығып тұрған «Иени Түркістан» журналына атсалысып, «Туркестан милли бирлиги» («Түркістан ұлттық бірлігі») ұйымына жетекшілік етті. Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә.Топчибашев және Г.Исхаки секілді өкілдерімен жиі араласып, пікірлес болды. Оларды Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуде күш біріктіре әрекет етуге үндеп, бірлікке шақырды. «Осы жерде Мұстафа бей өмірінің жаңа беттері басталады. Түркістанның делегаты ретінде ол әр түрлі елдердің саяси өкілдерімен кездесіп, Парижде, Лондонда, Берлинде баяндамалар жасады. Қаншама маңызды жиындарда сөз алса да, Мұстафа бей үшін «Жас Түркістан» журналындағы редакторлық қызметі бір төбе болып тұратын. Ол журнал оның және журнал ұжымының қажырлы еңбегінің арқасында өте деректі еді», деп еске алады А.Шульгин [6].

Мұстафа Шоқай, сонымен қатар Мәскеу, Ташкент, Алматы, Орынборда басылатын большевиктік газет-журналдардан алынған нақтылы мысалдар мен деректерге негізделген Кеңестік Ресей мен Орталық Азия жайлы сұңғыла мақалаларын, теориялық зерттеулерін, тарихи және саяси шолуларын, Стамбул бен Парижде, Берлинде, Варшава мен Лондонда жариялап жатты. «Әйткенмен, оның жүрегі өзінің төл перзенттері Стамболда шығатын «Жаңа Түркістан», Берлинде шығатын «Жас Түркістан» журналдары деп соқса да, сөйте тұра Лондонда ағылшын, Парижде француз, Варшавада поляк тілінде шығуын тоқтатпаған Орыс императорлық қоғамының «Азиатское ревю» хабаршыларының жарияланымдарына да белсене жәрдем жасайды. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және басқа Батыс орталықтарындағы қызметінің сан қырлы да сапалы болғаны соншалық, оны есептеп жату мүмкін емес. Біздің өзіміз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында оның өзінің орасан зор елінің салмағына лайық орны алуы әбден лайық нәрсе еді», деп жазады Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі, Грузияның сыртқы істер министрі А.Шангелия [7].

Тарихи деректерді парақтай отырып, Әлихан Бөкейхан қазақтың солтүстік, шығыс, орталық, батыс бөліктеріндегі ел-жұртты ауызбірлікке шақырып, сындарлы сәтті тізе қосып алға жылжуға шақырса, Мұстафа Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі іргелес жатқан халықтың басын біріктіруге күш жұмсады. Дегенмен, қазақтың қос азаматын ұлттың азаттығы, ұлттың амандығы, ұлттың келешегі сынды ортақ мақсаттар біріктіретін. Сондықтан да, олар бір-біріне әуелден-ақ дем беріп, қолдау көрсетіп, тілектестік білдіріп отыруды басты міндет деп санағанын көреміз. «Біз Уақытша үкіметтің Торғай өңірі бойынша комиссары, қазақ даласының көреген басшысы атанған Әлихан Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынаста болып жұмыс жасадық. Ол мақсатына жете бастады: төңкерістен соң алғаш рет елдің ахуалы түзелді. Барша қазақ съездеріне бір ой айтылатын: елдің бәрі әділетті жер қатынастарын талап ететін және переселендік саясатты мүлдем тоқтатуды сұрайтын. Переселендік қорға өтіп кеткен, бірақ әлі егесі жоқ бұрынғы өз жерлерін қайтаруды, отырықшылыққа бірте-бірте көшуге көмектесуді, жылжымалы мектептерді ұйымдас-тыруды, әскери міндетті арнайы кавалерия бөлімдерінде өткізуді сұрайтын. 1917 жылдың жазында өткен кезекті жиында «Алаш» партиясының бағдарламасы бекітілді», деп еске алады М.Шоқай «Түркістанда» атты мақаласында [8].

1917 жылдың желтоқсанында Орынборда Жалпықазақ құрылтайы өтеді. Оның шешіміне сәйкес, Қазақ өлкесі өз автономиясын жариялайды. «Алаш Орда» ұлттық үкіметінің жетекшісі болып Әлихан Бөкейхан сайланады. Сол Орынбор құрылтайы «Алаш» партиясы мен Түркістан идеясы біртұтас ұлттық саяси жүйе ретінде ойлайтынын көрсетті. Соның бір дәлелі, сол кездегі Түркістан автономиясының үкімет мүшесі Мұстафа Шоқай бірауыздан Алаш автономиясының да үкімет мүшесі болып сайланады. Бұл қазақ зиялыларының ауызбірлігінің, идея бірлігінің айқын дәлелі болса керек. Съезд аяқталғаннан кейін Мұстафа Шоқай біртұтас автономия құру мәселесін қарау үшін Сырдария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы тиісті қайраткерлерге жеделхат жолдады. Онда: «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айрылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешікпей Алаш туының астына жиналар деген үміттеміз», делінген еді [9].

Мұстафа Шоқай ішкі алауыздық әбүйір әпермесін түйсініп қана қойған жоқ, ол бауырлас ұлттармен бірлік бекем болу керек екенін өте жақсы түсінді. Алаш партиясымен қатарлас Түркі және Кавказ

елдерінде, Шығыс Еуропа мен Украинада ұлттық азат етуші ұйымдар мен партиялар құрылғанда, олардың ұстанымдары мен жұмысбарысын кездесулер кезіндегі сұхбаттар мен баспасөз арқылы жіті бағалап отырады. Сонымен қатар, М.Шоқай Кеңес үкіметінің жалған даурықпадан тұрған өтірік саясатын әшкерелей отырып, барлық ұстанымын нақты деректермен былайша өрбітеді: «Түркістан – түркілер елі деген сөз...Тарихымыз ортақ, түбіміз бір...1919 жылдың шілдесінде Ташкентте конференция өтті. Оның шешімі бойынша, қазақ, қырғыз, түркімен, башқұрт, өзбек сынды түркітөктес халықтар бір Түркістан астына шоғырланғысы келетінін білдірді. Алайда кеңестік Ресей бұл шешімнен контрреволюциалық пантюркизмді «көріп», оларды бірнеше елге бөліп жіберді. Осылайша түркілердің бірігуіне жол берілмеді». Ал 1935 жылы жарық көрген «Түркістанда» атты мақаласында: «Бұл жерде сөз болып отырған Түркістан қазіргі РСФСР-дің құрамына кіретін үш кеңестік социалистік республиканы (Өзбекстан, Түркіменстан, және Тәжікстан) және үш кеңестік социалистік автономиялық республикаларды (Қазақстан, Қырғызстан, және Қарақалпақстан) алып жатыр. Бірақ оның алдында Түркістан тек төрт бөліктен тұратын: 1. Қырғыз өлкесі деп аталған аумақ немесе Дала Генерал-губернаторлығы (Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстары); 2. Түркістан өлкесі (Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқанд, және Закаспийский облыстары); 3.Бұқар хандығы; 4.Хиуа хандығы» деп нақтылай түседі [10].

«Мұстафа бейдің бұл мәселеге қатысты идеясы ап-анық болды: ол патшалы да, кеңестік те әкімшіліктің де саясатын өткір сынады. Ол үшін Түркістан – этникалық тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да біртұтас ұғым. Оның пікірінше жаңғырған Түркістан өзге елдермен бәсекелестікке шыдас беру үшін өзінің ұлттық бет-бейнесін батыс елдерін үлгі ала отырып сақтауға тиіс деп санады. Ол өз халқын шексіз сүйді, бірақ оның соңынан ермей, оған өзі жетекшілік етуі тиіс болды, рухы бойынша шын мәнінде өз ұлтының көсемі болды», дейді бұл турасында көзкөрген замандасы А.Шульгин жоғарыда айтылған өз естелігінде. Бұл тұста «батыс елдерін үлгі ету» деген ұғымды жаңғырған демократиялық принциптер деп тарқата аламыз.

Мұстафа Шоқайдың діні бір, ұлты, тілі, дүниетанымы туыс түркі тектес елдердің бірігуін көздейтін «Түркістан» идеясы батыс-еуропалық саяси ой әлемінде ХХ ғасырда пайда болып дамыған Лиссабоннан Владивастокка дейінгі ауқымды елестететін «Үлкен Еуропа» идеясына бара-бар ұғым деп айтуға негіз бар [11]. Ол идеяның айқын жақтаушысы Францияның мемлекеттік қайраткері Шарль де Голь өз еңбектерінде мұның шынайы екенін дәлелдеуге тырысқаны сияқты [12], М.Шоқай да өз идеясының айқындығын тарихи, заманауи дәлелдермен негіздей білді.Еуропаның алтын бесігінде жиырма жылын өткізген ұлт қайраткері Мұстафа Шоқай Францияға келген соң да бұрынғы ұстанымдарынан бас тартқан жоқ, қайта сол бағытының дұрыс екеніне одан сайын көз жеткізе түсті дей аламыз. Осыған қатысты өз ойын «Восток и запад», «Иллюстрированная Россия» журналдарында жарияланған мақалаларында жазып отырған. Журналистік қызметіне баға берген А.Шульгин былай дейді: «Мұстафа Шоқай кім болды? Бір жағынан алғанда, ол өзінің ерекше қабілетінің арқасында орыс мәдениетінің ең терең қайнарына бойлау арқылы батыстың өркениетін ұққан нағыз мұсылман, Түркістан даласының ұланы болатын. Ол тума талант журналист болатын. Ол эмиграцияда жүрген өмірінің ұзақ бөлігінде өз жауларымен қаламының ұшымен күресіп, қаламының ұшымен өз пікірлеріні қолдап, рухтандырып отырды. Оның әрбір мақаласы мінсіз болатын, өйткені әр мақаласын жазарда ол зор дайындық, үлкен ізденіс жасайтын. Ол Азиядағы барлық түйіткілді мәселелерден хабарар болып отыратын, тіпті алыс шығыс елдерінің өзіндегі жай-жапсарды уақтылы біліп отыратын. Еуропада оның Түркістан туралы білетіндерінің ең болмаса оннан бірін білетін бір де бір адам жоқ еді».

Алайда, демократиялық принцип кеңестік жүйеге жат ұғым еді. «Британика» әлемдік анықтамалық желісінде бұл саяси жүйе туралы былайша анықтама берілген: «Кез келген демократияның түрлері сыртқы күштерден тәуелсіз жекелеген қоғам түрлерінде табиғи жолмен пайда болады. Ол сол қоғамның ішкі мәселелерін өз лидерлерінің көмегімен шешуге мүмкіндік береді» [13]. Ал біздің жағдайда, бәрі керісінше болатын, сондықтан ұлт лидерлеріне өз қоғамының мәселесін шешуге мүлдем жол берілмеді. Мәселен, 1923 жылы шыққан «Восток и запад» журналының 15 мамырындағы санында: «Түркістан ұлттық тәуелсіздікке ұмтылады және Шығыстағы жеке дербес фактор болғысы келеді. Ғасырлық ұйқыдан ояңған ол енді ешкімге де құл секілді қызмет етпейді және бұдан былай базбіреулердің қорқынышты сахнасы болуды қаламайды» делінсе, 1929 жылы жарық көрген «Шығыс Еуропадағы соғыс қаупі» атты мақаласында Мұстафа Шоқайөзінің демократиялық принциптерін айқын көрсетіп: «Бұл диктатураны жою және еңбекші халықтың қалауын демократиялық жолмен анықтап, еркін билікті ұйымдастыру, міне, саяси мәселенің негізінде осы жатыр» дейді. Сонымен қатар, бірнеше жайтты саралай келе: «Көріп тұрғандарыңыздай, большевизмді жою тек орыстың, тек Кеңестер одағының ғана

мәселесі емес, ол тереңдеп бара жатқан халықаралық мәселе. Ең алдымен, бұл – халықаралық демократия мәселесі. Өйткені, онымен Шығыс Еуропаның ғана емес, ішкі Еуропаның күш-қуаты тығыз байланысты» дейді. Араға ондаған жылдар салып, жасанды жүйе қирап, қаншама халық дүбәра болып қалған кезде, көреген саясаткердің айтқаны тура келгеніне барша әлем куә болды.

Тұңғыш Президентіміз «Ұлы дала ұлағаттары» атты еңбегінде: «Солақай саясаттың тұсында мансап мінберіне кездейсоқ көтерілген кесірлер мен зордан зобалаң көрген халқымызды кемсіткендер бізді күні кеше ғана пайда болған бұратана халық, бұралқы ел санады. Біз жоқтан бар болған халық емеспіз. Қазақ хандығы – бұдан бес жарым ғасыр бұрын шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сак, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері. Бұлар – біздің ұлы тарихымыздың көне сілемдері. Ежелгі іздің сұрлеулері бізді жаңа заманның мінберінен сөз айтуға жеткізді» деп тоқтам жасайды [14].

«Ұлттық идея әр адамның кіммін, қайдан шықтым, ерекшелігім неде, адамзат тарихында алар орным қайсы деген сұрақтар төңірегінде ой қозғап, өзін-өзі тану процесі қарқынды жүргенде ғана орын алатын құбылыс», дейді, бұл хақында академик-ғалым Досмұхамед Кішібеков [15]. Яғни, осыдан бір ғасыр бұрын, ел тағдыры, жер тағдыры, ұлт тағдыры сынға түскен қиын шақта өз ұлтының тарихи құқы мен қажеттіліктерін бағамдай білген саналы, жігерлі буынның тарих сахнасына шығуы заңды құбылыс еді.

Ал Мұстафа Шоқай да өз замандастарына, әлем жұртшылығына осындай тарихы бар елдің әділетсіз отаршылдықтың құрбаны болуға көне алмайтынын жеткізгісі келген еді. Алаш тарландары аңсаған ұлттық бірлік, еркін баспасөз, демократиялық даму жолы атты ұстанымдарын кезеңімен орындау – біздің буын алдындағы зор жауапкершілік деп ұғынғанымыз абзал.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. //«Ұлы дала ұлағаттары»// «Егемен Қазақстан»// 21.09.2016. <https://egemen.kz/2016/09/21/62658>
2. The Archive of Mustafa ChokayBey: An inventory Edward J. Lazzerini, Carton VI (Paris, BULAC).
3. Шоқай М. // «Түркістандағы Кеңестік ұлттық саясат»//The Archive of Mustafa ChokayBey: An inventory Edward J. Lazzerini, Carton I, (Paris, BULAC).
4. Бюллетень совещания членов учредительного собрания, 8-21.01.1921. Париж.
5. http://www.inform.kz/kz/bugin-alash-kozgalysynyn-kayratkeri-korkemsozshi-mustafa-shokaydyn-tuganyna-125-zhyl_a2730767
6. Александр Яковлевич Шульгин, «Памяти Мустафы бей Чокай оглы» 8 февраля, 1942, Париж.
7. МұстафаШоқай, «Түркістанныңқилытағдыры».– Алматы: «Жалын», 1992. – 30-б.
8. Шоқай М.//«ВТуркестане» мақаласы, 1935.//The Archive of Mustafa ChokayBey: An inventory Edward J. Lazzerini, Carton I (Paris, BULAC),
9. http://www.inform.kz/kz/bugin-alash-kozgalysynyn-kayratkeri-korkemsozshi-mustafa-shokaydyn-tuganyna-125-zhyl_a2730767
10. Шоқай М.//«МояпыпыткаобъединениясилУкраиныТуркестанахиКавказапротивРоссийскогоимпериализмав 1919 году». 2-бөм //The Archive of Mustafa ChokayBey : An inventory Edward J. Lazzerini, Carton I, (Paris, BULAC). c1_d8_b3.pdf.
11. Носович А. Как родилась и умерла идея «Большой Европы» от Лиссабона до Владивостока // 23.10.2015 /www.reporter-nikopol.com
12. De Gaulle: la parole et l'actionsem-linkFrançois Richaudeau Communication et langages, Year 1971.
13. <http://academic.eb.com/levels/collegiate/article/29895> Dahl R. A. Democracy. ЭнциклопедияБританника Chicago: Encyclopedia Britannica, 2007.
14. Назарбаев Н.Ә. // «Ұлы дала ұлағаттары», 2-бөлім.// «Егемен Қазақстан»// 02.11.2016. <https://egemen.kz/2016/11/02/70794>
Порядок выплаты и распределения хуна – компенсации за физические повреждения или убийство – четко отражал родовую структуру кочевого общества, поскольку материальная компенсация в данном случае являлась заменой принципа «кровь за кровь», реализация которого могла повлечь за собой вражду между вовлеченными в событие родами. Гродеков прекрасно показал, что степень родства между виновным и потерпевшим определяет тот иерархический уровень родового объединения, который, с одной стороны, платит, а с другой стороны, получает хун. На пониженный статус женщины в обществе указывает правило, по которому за ее убийство полагался хун, составляющий половину от хуна за мужчину. При этом женщина, вернее девица-невеста, представляла собой материальную ценность, соизмеримую, видимо, с установленным за нее калымом; показательно, что вместо хуна за убитого пострадавшему роду могли отдать родственницу виновного.

Изучение адата – неписаного закона, основанного на обычаях народов помогло Н.И. Гродекову обнаружить массу недостатков и злоупотреблений народных судей. Книга стала большим подспорьем в работе каждого добросовестного судьи. Труд Н.И. Гродекова получил распространение не только в России, но и за границей. Исследователь Приамурского края М.И. Венюков по поручению Н.И. Гродекова передал книги в Парижское и Лондонское географическое общество, а также в Парижское этнографическое общество. По обширности тематики, объему информации и новым методологическим подходам, труд Н.И. Гродекова следует отнести к выдающимся научным трудам.

ӘӘЖ 56-471
МРНТИ 03.01.17

А.Е. Ауталипова¹
¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистранты

ЛЕПСІ УЕЗІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫНАН

Аңдатпа

Мақалада уез тұрғындарының күнделікті өмірі және экономикалық - әлеуметтік жағдайы талданады. Сонымен қатар Лепсі уезіне көпестік куәлік саудамен айналысуға байланысты мәселелер және Жетісу облысындағы Лепсі уезінің жер өлшемі жөніндегі пікірлер баяндалады. Жетісу облысы аймағына мемлекеттік Жер мүлкінің Департаментінің нұсқауымен О.А. Шкапский жіберіледі. Шкапский мырза отарлау мәселесі бойынша екі ауданға басшылық жүргізеді, ол Солтүстік-Шығыс уездері және Лепсі мен Қапалға. Лепсі уезіндегі көшіп келгендердің толқынын жергілікті тұрғындар мен әкімшілік “ерікті қоныстанушылар” деп атаған. Сонымен қатар Лепсі уезіне қоныстанушыларды орналастыру мәселесі, аймақтағы отарлау саясатының тарихы талданады. Мақалада тарихи құжаттар зерделеніп Лепсі уезінің жағрафиялық аймағын, ауылдарды, болыстықтарды олардың территориясы және жүргізілген санақ бойынша халықтың саны анықталғандығы айтылады. Лепсі уезінің күнделікті өмірі жайында әлеуметтік-саяси жағдайлар қарастырылған.

Тірек сөздер: Лепсі, уез, күнделікті өмір, әлеуметтік – саяси, тұрғындар

Аннотация

А.Е. Ауталипова¹
¹магистрантка КазНПУ им. Абая

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ НАСЕЛЕНИЕ ЛЕПСИНСКОГО УЕЗДА

В статье рассматриваются повседневная жизнь населения Лепсинского уезда. Автор В 1880 году Лепсинск получил статус уездного города с населением около 20-ти тысяч. По переписи 1897 года в Лепсинском уезде насчитывалось 17 чисто крестьянских селений. Тогда же началось переселение татар. Новая волна переселенцев началась с 1906 года во время Столыпинской аграрной реформы. За 4 года по Джетысуйской губернии в пользу переселенцев из Воронежа и Полтавы и других районов России было изъято 4 миллиона десятин земли.

Городом Лепсинск и Лепсинским уездом руководил Федоров (1904-1906гг.), а конторой переселенцев - полковник Андреевский. Переселенцам передавались земли казахов. Причем отбирали самые лучшие уголья и пастбища, выгесняя казахов в Прибалхашские степи.

Ключевые слова: Лепсинск, уезд, переселенцы, губерния, Джетысуйский губерния

Abstract

А.Е. Autalipova¹
¹Undergraduate of Kazakh national pedagogical university named after Abai

THE DAILY LIFE OF THE POPULATION OF THE LEPSINSK DISTRICT

The article deals with the daily life of the population of the Lepsinsk district. The author In 1880 of the Lepsinsk received the status of a district city with a population of about 20 thousand. According to the census of 1897 in Latinsk County, there were 17 pure peasant villages. Then began the resettlement of the Tatars. A new wave of immigrants began in 1906 during the Stolypin agrarian reform. For 4 years Zhetysuiskiy province in favor of migrants from Voronezh and Poltava and other regions of Russia were seized 4 million acres of land.

The town of Lepsinsk and Lepsinsky County was led by Fedorov (1904-1906гг.), and office immigrants - Colonel Andrew. The settlers were transferred to the Kazakh lands. And took the best farmland and pasture, displacing the Kazakhs in the Balkhash steppes.

Keywords: Lepsinsk district, persons, province, jetyuski province

Қазақ ауылын басқаратын әкімшілік жүйе патша үкіметінің отарлау-әкімшілік аппаратымен бірлесіп кеткен бай-шонжарлар өкілдерінің қолдарында болды. Лепсі өлкесі өндірісі нашарлай түсті, оның өркендеуіне патша үкіметі мен орыс буржуазиясының отарлық саясаты және қазақ ауылындағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың үстем болуы күшті кедергі жасады. Қазақстанның қисапсыз табиғи байлықтары өте баяу игерілді. 1899 жылы Жетісу облысындағы Лепсі уезіне көпестік куәлік және саудамен айналысуға рұқсат куәлігі сатылып, оның ішінде бір жылға 4575, жарты жылға - 586 куәлік берілген. Олардың ішінде 1-гильдиялық көпестерден 2 адам, 2-гильдиялық көпестерден 82 адам болған.

Қалғандары саудамен айналысуға 1-5 разрядты куәлігін алған. Бұлардың ішінде Лепсі уезінен-Ш. Шамсутдинов, К.Юсуфбаев, А.Абдулалиев, С.Алимбеков, Х.Асаходжин, З.Абдулваганов, А.Валиуллин, И.Исканов, В.Равиков, С.Сулейменов, А.Тамуров және тағы басқалары болған [1]. Осы кезеңде Лепсі уезінде де отарлау саясаты тереңдей еніп, патша үкіметі мүддесіне қызмет етуге бағытталды. Ал сауда саласында да бірқатар өзгерістер орын алды.

XX ғасырдың басында Жетісудегі жәрмеңкелер маңызды сауда орталықтарына айналды. Олар Қарқаралы 1893 ж, Нарын-Сергиополь 1885 ж, Алматы (Қапалда) 1894 ж, Атбашинская (Пржевальск) 1890 ж; Бектұрған (Лепсі) 1890 ж, Торжок (Қапал) 1890 жылдары ашылған.

Отарлау саясаты тұсындағы қазақ халқының басты мәселесінің бірі – қоныстандыру саясаты еді. Қоныстандыру саясаты жүргізілген тұста Лепсі уезі де осы үрдісті жүзеге асырудың бір бөлшегі болды.

1901 жылы Жетісу облысындағы Лепсі уезінің жер өлшем көлемі 82 804 кв. шақырым еді. Әрине, бұл жер көлеміне қазақтардан казактарға алынған жерлер де кіреді. 1900 жылмен салыстырғанда 1901 жылы облыстың әкімшілік құрылымына айтарлықтай өзгерістер енгізілген жоқ. Бұл жылы өткен жылға карағанда облыстағы қазақтар саны 1,5%-ке, орыстар 2,7%-ке өскен. Ал осы жылы Лепсі уезіндегі сауданың басты өнімдері мал және мал өнімдері, одан кейін спирт, нан, бал, жеміс-жидек болды [2].

1904 жылы Жетісу облысы жеріне Мемлекеттік Жер мүлкінің Департаментінің нұсқауымен жолсапарға О.А. Шкапский мырза жіберіледі. Ондағы мақсат, орналаспаған шаруа-қоныстанушыларының жағдайымен және үкімет мекемелеріндегі жалпы ерікті қоныстану мен отарлау жерлерінің барысымен танысу еді [3]. Шкапский мырза отарлау мәселесіндегі екі ауданды қалайды: Солтүстік-Шығыс уездері Лепсі және Қапалды. 1902 жылдары бұл жерлерге көп қоныстанушылар келген. Оңтүстік-батыстағы Пішпек уезіндегі көп-шілік қоныстанушылардың толқынын жергілікті әкімшілік пен тұрғындар “ерікті қоныстанушылар” деп атаған. Осы ерікті қоныстанушылар жағдайымен таныса отырып, Шкапский мырза Жетісудағы қазақтардың жер мәселелеріндегі Жетісу облысының жер саясатында жүргізілген жұмыстарына дәлелдер мен мінездеме беру керек болды. “Менің барлық жинаған дәлелім мені мынандай қорытындыға әкелді. Бұл жерлерде жүргізілген жұмыстар қоныстандыру мәселесін шешу емес, жалпы ауыл шаруашылық мәселесін дамыту үшін жүргізілген екен. Қоныстандыру барысы тек жалпы ауыл шаруашылық мәселесінің бір бөлігі ғана. Өйткені бос жерлердегі жерді игеруге қоныстанушылар еркін орналастырылды. Тек келешекте ауыл шаруашылығын дамытумен бірге осы жерлерге жаңа қоныстанушылар әкеліп, оларға жер беріп орналастыру еді” – деп жазды Шкапский мырза өз есебінде [4].

Семейге экономикалық жағынан тартылған Жетісу облысының Лепсі уезі 1908 жылдары қоныстанушылармен тығыз орналасқан маңызды отарлау саясаты нәтижесіндегі қоныстандыру саясаты еді. [5].

Қоныстанушылар басқармасы Жетісудегі жер мәселесін дамытуға араласпағанымен жергілікті қазақтар мен казактар әлі де толық жермен қамтамасыз етілмеген еді. Өлкенің экономикалық өміріне жаңа өзгеріс енгізілсе, бұл жағдай келешекте өзінің дамуына үлкен серпіліс берер еді.

1905 жылы Жетісу облысында қоныстанушыларға жер учаскелерін дайындау басталады. Қоныстану өзінің жаңа кейпін алады. Бұл облыс ресми түрде 1910 жылы қоныстануға ашық деп жарияланады.

1906 жылы 6 наурыздағы бұйрық бойынша уездік қала орталықтарындағы бөлімшелік ауруханалар халықты да емдейтін болды. Бұрын уездік қала халқы жергілікті әскери лазареттерде ғана емделе алған.

Қоныстандыру барысы Лепсі уезіне де әсерін тигізді, себебі 1907 жылдың соңында Жетісу қоныстанушылар тізіміне 8403 жанұя тіркелген.

Бірақ, бұған дейін жалпы Лепсі уезі жерінде қоныстанушылардың бірнеше мекендері ашылған еді.

1847 жылы Сергиополь станицасы қоныстандырылды (Аякөз).

1855 жылы Үржар және Лепсі ашылып қоныстандырылды.

1870 жылы Герасимовское, Осиповское, Колпаковское, Константиновское ауылдары құрылды.

1871 жылы Лепсі станицасынан Басканск бөлініп құрылады.

1872 жылы Романовск және Захаровск ауылдары құрылды.

1873 жылы Лепсі станицасынан Тополевск бөлініп құрылады.

1874 жылы Стефановск тұрғылығы құрылады.

1878 жылы Ивановск ауылы құрылады.

1880 жылы Лепсі уезі қала орталығы болып құрылады.

1894 жылы Лепсі станицасынан бөлініп Каргалинск тұрғылығы құрылады.

1909 жылы Успенск, Николаевск, Ново-Надеждинск, Глиновск, Андреевск, Ново-Андреевск, Алексеевск, Покровск, Афанасьевск ауылдары құрылып, қоныстандырылады.

1910 жылы Веселое, Черкасск, Петропавловск, Лепсинско-Саратовск селениялары қоныстандырылады.

1909 жылы 1 қаңтарда Жетісу Облыстық Статистика Комитетінің ұсынған мәліметтерінде Лепсі уезіндегі адам санағы 155848 деп көрсетілген. Бұл дұрыс емес, өйткені Комитетте Лепсі уезіндегі қазақтардың саны 118974 деп көрсетілген. Ал 1907 – 1909 жылдардағы халық санағын жүргізуде 122216 адам деп көрсетіледі. Комитеттің санағына 1909 және 1910 жылдары ашылған ауылдардағы халықтардың санағы енгізілмеген. Лепсі уезінің солтүстік-шығыс болыстықтары Аякөз, Арғанаты, Ақшаулы, Тауқұм-Балқаш, Үржар, Еміл, барлық жерлерінде екі әскери сап зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бірінші сап А.Л. Бурыгин жетекшілігінде болса, екінші сапқа А.К. Пупырников жетекші болды. Алғашқыда оңтүстік аудандарда зерттеу жұмысын жүргізген сап Жетісу облысының статистика бөлімінің бастығы болған П.П. Румянцевпен хабарласа жұмыс жасаса, солтүстік аудандарды зерттеген сап басынан өз жетекшілерімен бөлек зерттеу жұмыстарын жүргізді. Лепсі уезінде статистикалық зерттеу жүргізген 4 саптың әскерлері өз жұмыстарын 1909 жылы аяқтады. Бұл уездің аудандарын зерттеуде әскер саптары құрамында топырақ зерттеуші (почвовед) Прасалов пен ботаник Рожевицалардың болуы, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында көптеген жеңіл және тиімді жол нұсқады [6]. Олар Лепсі уезін жағрафиялық ретімен уездерді, ауылдарды, болыстықтарды тарихи жағынан толық зерттеп, олардың территориясы мен халықтың санағын анықтады.

Щербиннің зерттеулеріне қарасақ, егер біреу-міреу Баян-Ауыл болыстығынан Ертіс өңіріне келіп жатса, тек ұрланған малын іздеп келеді, ал экономика мен жер мәселесінің ешнәрсемен ұштастырылмағанын көруге болады.

Жетісу облысы мен көрші Қытай империясы облыстарынан келіп жатқан барлық шикізат өнімдері Семей облысына топтастырылды. Бұл өнімдерді Семей облысы Ертіс өзені арқылы Европалық Ресейге жіберіп, одан зауыт-фабрикалық өнім заттарын алды. Семей облысының шығысындағы шекаралық шек мәселесін шешуде Жетісу облысының Лепсі уезін Семей облысына қосу қажеттігі туындады. Әлі де Лепсі уезінде халық аз қоныстандырылған және сауда айналымының Батыспен байланысы жоқ еді. Енді уезді отарлау басталғаннан бері, Ертіс өзені арқылы нан өнімі өтіп, Қарқаралы уезі белгілене бастағанда Лепсі уезін Семей облысына қосу керек болды. Өйткені Семей қаласы бір жерден екінші жерге жеткізуші сауда орталығы болды. Семей облысы өзінің барлық көшпелілеріне нан жеткізіп, Лепсі уезінің де жер өнімдеріне сұранысы бар маңызды базар орталығы еді. Лепсі қаласынан Верный қаласының пошталық жол қатынасы 500 шақырым қашықтықта, ал Семей облысына дейін 680 шақырым. Осы кездегі Лепсі уезінің штаттан тыс қаласы болған Сергиополь Семей облысынан 272 шақырым алшақтықта, ал Верный қаласынан 723 шақырым қашықтықта жатыр. Лепсі уезі толықтай немесе солтүстік бөлігі Семей облысына қосылғаннан кейін жаңа уездік қала Сергиополь құрылмақ. Сергиопольдан Семей облысының оңтүстік шекаралары 30 шақырым. Сондықтан Сергиополь қаласын қоныстандыру аудандарының орталығы етіп құру, Семей облысының оңтүстік ауылдары мен Лепсі уезінің оңтүстігін Семей арқылы қоныстандыру уездерге екі жақты тиімді болар еді.

1911 жылы 13 қыркүйекте ерекше жиналыс журналында қаралған Семей облысының шекаралық шектерін өзгерту облыс агрономының баяндамасында “дұрыс” – деп көрсетілген. Жетісу облысының Лепсі уезі экономикалық тұрғыдан Семей облысына тартылды. Сондықтан Сергиополь қаласымен бірге Лепсі уезінің жартысын Жетісу облысы құрамынан бөліп жаңа Сергиополь уезін ашып, оған Семей уезінің оңтүстік болыстықтарын, Қарқаралының оңтүстік-шығыс болыстықтарын және Зайсан уезінің оңтүстік-батыс болыстықтарын Сергиополь қаласына қарату керек болды. Бұл жерлер алдыңғы уақыттарда Семей облысы жерін құрап, кейін Дала Генерал-Губернаторлығының құрамында болған. Мұндағы заң жүйесінің Дала өлкесіндегі заңдар жүйесінен еш айырмашылығы жоқ еді. Осы кезде Сергиополь уезінің құрылуына Лепсі уезінде тұрақтандырылған Жетісу әскерінің 8000 казак әскерінің ерекше басқармасы Сергиополь уезі құрамына қаратылды. 1910 жылғы Уақытша комиссияның Лепсі уезі бойынша жерлерді жобалап белгілеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде: Сергиопольдың Ақшаулы болыстығында қазақтардың жерді пайдалануларындағы артық жерлерді тексеріп, нақтылау және территориядағы ауыл шаруашылығын топографиялық суретке түсіру жұмыстары жүргізілді. Одан кейін Барлық, Еміл, Мұрзатай-Қарасу, Үржар жалпы түсірілген. Мақаншы-Садыр, Алакөл, Батыс-Чинжилинск, Чинжилинск жерлеріндегі артық жерлер 24 бөлімшені құраған. Осы жылы қоныстанушылар тізіміне 1907 жанұя тіркелген. Осы кездегі статистикалық жұмыстардың көпшілігі 1909 жылдағындай қазақ жерлеріндегі артық мемлекеттік жерлерді анықтау қоныстанушыларға алып беру мақсатында жүргізілді. Қазақ шаруашылығы мен отырықшы халық шаруашылығы жеке қаралды. 1909 жылы Лепсі уезінің әр қазақ шаруашылығында шамамен 3871 десятина жер болған. Осы өлшемнен қазақтардан қалған жер

1974600 десятина, ал артық жерлер 4949 500 десятинаны құраған. Осымен қатар Лепсі уезіндегі шөп шабатын және пошталық станицалар тексеріледі. Осыдан Аякөз болыстығының Қарамыс, Үйгентас жерлері біріктіріліп, 1062 десятинадан 42 шақырым 277 сажын өлшеніп 16 межелік белгілер орнатылады.

1910 жылдары Сергиополь бөлімшесі пристав бөлімшесінің құрамында болған. Оның құрамында: а) казак станицасы Сергиополь; б) шаруалар болыстықтары мен ауылдар. Ново Андреевская болыстығында:

- Ново-Андреевское ауылы;
- Алексеевское ауылы;
- Покровское;
- Афанасьевское.

в) казак болыстықтары:

- Ақшауылда 10 ауыл 2277 үй басы болды.
- Арғанатыда 7 – 1780 –
- Аякөз 8 – 2263 –
- Қаракөл 7 – 1389 –
- Тауқұм – Балқаш 7 – 1778 –

Лепсі уезінде жалпы халық кәсібі осы кездері ауыл шаруашылығымен айналысу еді. Осы кезде Сергиопольде егіншілік бірінші орында болды. Ал казак болыстықтарында мал шаруашылығы егіншілікпен қатар болды. Кедейленген жатақтар бір ғана егіншілікпен айналысты. Тек мал шаруашылығымен айналысқан казак феодалдары егіншілікке жарамсыз жерлерде кездесті. Ауыл шаруашылығындағы қосымша бақшалық, саяжайлық, ара ұстау түрлерімен тек отырықшылар айналысқан. Өнеркәсіппен айналысу сирек кездесті және онымен халық өз қажеттіктері үшін ғана айналысқан. 1911 жылы 1 қаңтарда Лепсі уезіндегі Аякөз, Ақшаулы, Арғанаты, Қаракөл, Мақаншы-Садыр, Тауқұм-Балқаш, Үржар, Қысқаш-Садыр және басқа да болыстықтармен қосқанда өз алдына жекеменшік шаруашылықпен айналысқандар мен казак болыстықтарына тіркелген қоғам мүшелерін қосып есептегенде: тіркелгендер 32832, отырықшы әртүрлі шендегілер 112, тіркелген жанұялар 45926, ондағы еркек 697 52, әйел 50748 болған. Осы жылы Сергиополь станицасында әртүрлі халық саны бойынша орыстар 1010, қазақтар 450, татарлар 246, сарттар 7 болған. «1916 жылы тамыздың басында майдандағы қара жұмысқа адам алу туралы жарлыққа қарсы қазақтар көтеріліске шықты, ол Пржевальский, Пішпек, Жаркент, Верный уездерін қамтыды. Оларға қарсы Ташкент, Ферғана және Семей қалаларынан жазалау отрядтары жіберілді. Жазалау отрядының екі айдан астам уақытқа созылған қуғынынан соң 200 000 казак (облыстағы қазақтардың 20 %) қазан айында қарлы шынды асып қытай жеріне ауды. 1916-1917 жылдың қысында босқындар ашаршылыққа ұшырады. Әйелдері мен балаларын сатты. 1917 жылы ақпан мен наурыз айларында босқындардың арасында сүзек індеті тарайды. Көкек айында жаңа өкіметтің кешірімін естіп отанына жаяу-жалпылап, аш, жалаңаш жетті. Крестьяндардың оларға өшіге қарап, астығын сатпай қоюдың кесірінен... індет үдей түсті... Аштық Түркістан, Каспий, Сырдария, Жетісу, Лепсі, Қапал уезіне қамтыды... 1918 жылы аштықпен қоса іш сүзегі Семей, Ақмола, Торғай облыстарын жайлады... Одан Әндіжан... Ташкентке тарап, Сібірге ойысты. Сібір уақытша үкіметі Жетісуға баруға тиым салды... Верныйдан жолдаған оннан астам жедел хатқа қарамастан Петроград тек 1917 жылдың қазанында, большевиктердің төңкерісі қарсаңында, Жетісуда мәлім мөлшерде ғана ақша қалғанда қаражат босатты. Персидан келген 2-казак полкінің көмегімен большевиктер облыстағы үкіметті тартып алғанша (1918 жылы ақпанда) Қазақтарға бөлінген 5 000 000 сомның тек 1 000 000 сомын ғана жұмсап үлгерді. Большевиктерге қарсы күрескен белсенді қызметкерлердің біразы қашып кетті, олардың кейбіреуі қолға түсіп, атылып кетті «Мысалы, үкімет комиссары Шкапскийт.б.)... Қапал және Лепсі уездеріндегі «контрреволюциялық» әрекеттерді басу үшін 1918 жылы мамырайында облысқа аты шулы Мамонтов (Мақаншы ауылындағы ұрыс кезінде Верный, Қапал, Жаркент, Лепсі уездерін қырғынға ұшыратып, тонады... 1918 жылы маусым айында Сібірдегі төңкерістің хабары жеткенде (Семей қаласынан жіберілген «Алашорданың» арнайы адамы арқылы) Қапал мен Лепсі уездерінің қазақтары бас көтерді, казак қайраткерлері бірнеше жасақ құрып, Семейден келген жасақтарға қосылды... Бұл оқиға қызылдардың ызасын оятып, қарусыз қазақтарды жаппай қырып, шаруашылығын ойрандады. Тек қана Лепсі уезінің Садыр болысының бес ауылынан ғана 5000 ересекадам өлтірілді, ал уез бойынша қазатапқандардың саны 8000-нан асты.

Ауылындағы 6 жастан жоғары еректердің бәрі де өлтірілді, қыстақтары мен киіз үйлері өртелді, 15 әйел мен 17 бала тұл боп қалды... Жоғарыдағыны мәлімдей келе Сіздің құзырыңыздан: 1. Ашаршылық пен қайыршылыққа ұшыраған қазақтарға 510 000 пұт астық... 2. Большевиктерден азат етілген казак шаруашылығына 5100 соқа, 51 000 орақ, 25 5000 шалғы, 10 000 балта, 1000 ара босаттырсаңыз екен ... 3.

1918 – 1919 жылға тиесілі барлық алым-салық, ақшалай салғырт алынып тасталса екен... 4. Қазақтардан ат жинау тоқтатылсын... 5. Жаз шыға қайыршыланған қазақтар өзінің шаруашылығын қалпына келтіру үшін қыстақ пен киіз үй салу үшін орманнан ағаш кесуге рұқсат берілсін... 6. Большевиктерден босатылған қазақтардың түгін басына 150 сомнан қайтымсыз көмек берілсін, большевиктерден босатылған қазақтарға жиыны 7 650 000 сом, ал большевиктердің қол астында қалған қазақтарға 18 450 000 сом, барлығы 261 000 000 сом қаржы босатылуы қажет. 7. Дәрі-дәрмектің, дәрігерлердің жетімсіздігіне байланысты қауіпті індет ауруы таралып кетпес үшін дәрігерлер мен фельдшерлер жіберілсін... 8. М.Төлебаев сияқты қазақ қайраткерлері тұтқыннан босатылсын...», – деген бұлжытпайтын шындыққа жүгінсе жетіп жатыр еді». Мұхамеджан Тынышбаевтің «патшаға қарсы шыққан қалың қазақ бұқарасына жасаған жендеттігі» осындай болатын. Азаматтық ұятын сақтап қалған Санжар Асфандияров қана бұл кезде «кесімді жазасын өтеу үшін» жер аударылып кеткен «жендетке» араша түсті. [6].

С.Асфандияров: Қазақтарды қырып салуға Тынышбаев ешқашанда бармас еді. Брайнин: Ол демонстрацияға шығушыларға қарсы сөйледі. С. Тынышбаев Қытайдағы қазақ босқындарына келмей тұра тұруды өтініп, Қытайға өзінің агенттерін жіберді (Жетісуда жаппай қырғын мен ашаршылық жүріп жатқан – Т.Ж.).

Брайнин мен Шафино халық қамқоршысынан – «халық қасапшысы мен қарақшы» жасап шығарғысы келді. Тынышбаев пен Шкапскийдің Уақытша үкіметтің алдында жанталасып жүріп мәселе қоюының нәтижесінде: 1. Он алтыншы жылғы ұлт –азаттық көтеріліске байланысты жаппай қырып-жоюдың зардаптарын анықтап, жазықсыз жандарды қырып салған жазалау отрядының командирлерін жауапқа тарту үшін тергеу комиссиясын құрғызды. Бұл, сол тұстағы ең үлкен ерлік іс еді. Тергеуден сескенген қоныстанушылар мен әскери жасақтар «әскери серуеннен» бой тартып, қазақ-қырғыздың өз отанына қайтып келуіне дес берді. 2. Отанына қайтып оралған қырғыздарды қоныстанушылар ата мекеніне қайтадан жолатпады. Қыстауларына қондырмады. Олардың мал-мүліктерін тартып алды. Астықтық бағасын үш жүз есеге көтере сатты. Соның нәтижесінде қазақ-қырғыз жаппай аштыққа ұшырады. М.Тынышбаевтің Жоңғар қыраттарындағы босқын елдің әзірше елге қайтпай, толастай тұруын өтінуінің осындай мәні бар еді. Сондай-ақ, аштар мен баспанасыз қалғандарға және егіндік тұқым алу үшін Уақытша үкіметтен 11 миллион сомнан астам қаржы бөлгізді.

Лепсі уезінің қазақтары үкіметтің саясатына қарсы ашық протест білдірген және өз талаптарын қойған 1000 адамның қолы бар петиция жіберді. Қазақ өкілдерін кіргізу мәселесі барлық тұрғындарды толғандырғандықтан кепілдік берген делегациялар бірінен соң бірі келіп жатты. Олардың арасында Орал және Торғай облыстарының қазақтарын атап өтпеуге болмайды. Тұтастай айтқанда алғашқы кезеңдегі, яғни 6-тамызға дейінгі қазақтар талабы мынадай: «Толық өзін-өзі басқару, ерекше заңдар мен әкімшілік бұйрықтарының күшін тоқтату, генерал-губернаторлықты, шаруа басшылары мен урядниктерді жою, әскери басқаруды азаматтықпен алмастыру, қазақтар жөніндегі заңдарды олардың өкілдерін қатыстыра отырып қайта қарау, сол мақсаттар үшін орыс сотын қайта құру және халық сотын саналы түрде юстиция министріне бағындыру, жеке басқа, тұрғын үйге, ар-ұятқа, сөзге (ауызша, жазбаша және тасқа басылған) тиіспеу, одақ және жиындарға қатысу негізіндегі азаматтық бостандық, газет, брошюра, кітап және т.б. болу үшін типография ашудың барлығына бірдей тәртібі, жалпыға бірдей, тең және құпия түрде, жынысына, ұлтына, діни сеніміне қатыссыз дауыс беруге негізделген сайлау өткізу және сайлау алдында үгіт жүргізуге рұқсат беру, қазақтарға тиісті жерлерді және солардың пайдалануындағы, қоғамдық меншігіндегі жерлерді мойындау».

Осы мәселе туралы Ә.Бөкейханов: Жетісу облысы, Лепсі уезі, Герасимовка селосында 38 шаруашылықтың 27 ауласы (71,1%) жер шаруашылығымен, ал қалған 11 шаруа отбасы жалданып жұмыс істеген. Бұл селоның 7 шаруашылығында (18,8%) мал мүлдем болмаған, 4 аулада (10,4%) бір бас мал, 17 аулада (44,8%) 2 бас мал, 6 аулада (15,8%) 3 бас мал, 1 аулада (2,6%) 4 бас мал, 2 аулада (5,2%) 6 бас мал және 1 аулада (2,6%) 7 бас мал болған. /8/ Қоныс аударушылардың көбі (92%) батрактар болған. Жері аз және жерсіздердің Қазақстанға қоныс аударуының жылдан-жылға өсіп, олар өзімен бірге «дағдарысты» экономикалық көзқарасты алып келді. Уақыт өте мигранттардың жергілікті ауыл шаруашылық құралдарына бейімделіп, мінез-құлқы да өзгерді. Қоныс аудару шаруашылығының сапалы өндіріс организміне айналуы үшін уақыт керек болды. 1803-1917 жылдары Қазан қаласы Қазандық білім округінің орталығы болып, оған орта және төменгі Поволжье губерниялары кірді. Қазан білім округінің инспекторлары сонымен қатар осы округке қарасты қазақ білім ошақтарын да назарында ұстады. Қазан университеті мен Қазан ветеринариялық институтында XIX ғасырмен XX ғасырдың басында көптеген қазақ студенттері білім алды. Олардың біразы кейін көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қараткерлері болды. Солардың

қатарында – Базарбай Мәметов, Ували Таначев, Махмуд Чултуров, Мұхамеджан Қарабаев, Шафкат Бекмұхамедов, Әбубәкір Алдияров, Мұхаммед-Қазы Чутаев және көптегендер. Қазанда білім алған қазақ түлектері қазақ зиялыларының бір бөлігін, Қазақстанның ғылыми, мәдени және саяси-қоғамдық өмірінде айырықша із қалдырды [7].

Алаштың өкілі – Махетов-Мәметов Базарбай 1917 жылы Қазан университетінің заң факультетін тәмам-дайды. Осының алдында 1911 жылы Верный ерлер гимназиясын аяқтаған болатын-ды. «1988 жылы тамыз айында Жетісу губерниясы, Лепсі уезі, қазіргі Көктерек болысы (бұрынғы Балқаш-Лепсі болысы) Шілікті жайлауында руы Садыр, Асипов Мәметтің кедей отбасында дүниеге келдім. 1898 жылы жасым онға толғанда мені ата-анам Верный ерлер гимназиясының пансионна қазына қаржысы арқылы білім алуға тапсырды. 1900 жылы пансионның дайындық курсынан соң емтиханнан өтіп, гимназияның төменгі эзірлік класына қабылдандым. 1911 жылы аяқтап шықтым. Білімімді жалғамақ болып, Семиреченск әскери губернаторынан стипендия тағайындауын өтіндім, бірақ қолдау таппай сол жылғы маусым айында Ташкент қаласына кеттім. Бұнда келген соң да Түркістан генерал-губернаторына өтінішпен кірдім. Тағы да жолым болмады. 1920 жылы Лепсі уезінде Кеңес өкіметі орнауына орай, Романовск (Қазіргі Көктерек) болысының Халық Соты болып тағайындалдым. Сол жылдың қазан айында аудандық соттың қаулысы бойынша Лепсі қаласының 1-учаскесіне халық тергеушісі болып ауыстым. Осы айдың аяғында Лепсі уездік ревкомының қаулысы бойынша Лепсі уездік чекасына аға тергеушілікке жіберілдім. 1921 жылдың сәуір айында чека тергеушісі болып істеп жүрген кезімде тергеуімде қамауда жатқандардың жалған арызы мен Лепсі уездік Чека төрағасының кек алу әрекетінен тұтқынға алындым. Губерниялық чека, губерниялық атқару комитеті және Губерниялық комитеттің экспедициялық үштігі мені 12 тәуліктен соң босатты. Осы жылдың мамыр айында Семиреченск өлкесінің уездік съезіне, одан Семиреченск өлкесінің облыстық съезіне делегат боп сайланып Алматыға аттандым. Онда 1922 жылдың шілдесіне дейін болдым. Бастапқы кезде Семиреченск облыстық комитетінде, кейін облыстық Совнарсудта төраға орынбасары, одан Совнарсудтың Қырғыз бөлімін басқардым. 1922 жылдың шілдесінде облнарсудтың нұсқауымен Лепсі және Талдықорған уездеріне инструктор ретінде іссапарға шықтым, сонымен қатар маған осы уездердегі тергеу-сот қарарлары мен қордаланған істерді шешуге кеңес беретін қосымша сот міндетін де жүктеді. Қыркүйек айында Совнарсуд пен Облпрокурордан менің Лепсі уезінің прокуроры көмекшісі болып тағайындалғаным жөнінде қатынас қағазы келді. Содан 1925 жылдың ақпанына дейін сол қызметте болдым. Осы жылдың сәуір айында облпрокурор Губерниялық соттың кассация бөліміне прокурор көмекшісі қызметіне Алматыға шақыртты. Қаражаттың тапшылығынан және денсаулығымның болмауына байланысты мен Алматыға жете алмадым. 1925 жылдың 6-қарашасында қызметтен босатылдым» - деді.

Қандай да себептерді арқау еткенімен бұл қадамы Кеңес өкіметіне қызмет етуден бас тартқан боп саналғаны айдан анық. Көзі ашық, кәсіби білікті адам тектен-текке бұндай тәуекелге бармасы да аян. Сөйтіп Мәметов Базарбай қазіргі Алматы облысы, Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылының төңірегіндегі Бастаушы деген жерде сегіз бөлмелі ағаш үй тұрғызып, шаруашылықпен айналысады. Аталмыш үй - «Базарбайдың көк үйі» атанып, күні-бүгінге дейін көне-көз қариялардың жадында сақталған. Халық жауы деп сотталып, дүние-мүлкі талан-таражға түскеннен соң Базарбайдың үйін бұзып апарып, іргелес Бақалы ауылына емхана ғимараты егіп орнатқан көрінеді. Ал Кеңес өкіметі тас-талқаны шыққаннан кейін, ол ғимаратты қалталы біреу сатып алып, керегіне жаратпақ боп Алматыға аттандырыпты [7].

...Сонымен 1928 жылы Өлкелік Комиссияның Бөрібай ауданы бойынша бекіткен шаруашылықтарды тәркілеу тізімі шығып, арасында бес болыс Садырға билік жүргізген Базарбайдың Тәсібегі бар, барлығы 11 адам қуғын-сүргінге ұшырайды.

Өлкелік Комиссиясының мінездемесі мен Алматы өлкелік ОГПУ-ының әлеуметтік-қауіпті элементтерді тіркеу меморандумына зейін қоялық:

«Мәметов Базарбайдың шыққан тегі - Жетісу губерниясы, Лепсі уезі, Көктерек болысы, Балқаш-Лепсі ауылында (Бөрібай ауданы) үстемдігі жүрген ірі қазақ байы. Отбасы - бес адамнан тұрады. Екеуі еңбекке жарамды. Дерек бойынша 400 бас қой, 72 ірі қарасы бар (жалпылай ірі қара түрінде алғанда 152 бас). Тізімге 7 қой және 26 бас ірі қара ғана тіркелген, қалған малын Мұхаметов Мұхамеджан жасырып отыр. Сонымен қатар екі үй, екі бричка мен дрожжі, соқа және тағы басқа шаруашылық саймандары меншігінде. Екі кедей шаруа отбасын ағайын деп бүркемелеп, еңбегін тамақтан асырмай қанаушылықпен ұстаған. 1917 жылы «Алаш» партиясы құрылған Орынбордағы Жалпықазақ съезіне делегат, одан Шора-Ислам съезінің делегаты, «Алаш-Орда» жасырын ұйымының мүшесі, «Алаш-Орда құрылтайшылар жиынының мүшесі, «Алаш-Орда» Кеңесінің мүшесі және іс басқарушысы болды. «Алаш-Орданың» екі отрядын жасақтап, ату-шабумен айналысып, біраз уақыт гарнизон бастығы болған. Кеңес өкіметі кезінде

бірталай лауазымды қызметтер атқарды, соның ішінде: губерния прокуроры, осы тұста қазына мүлкін талан-таражға салып, көптеген басқа да қылмыстар жасады. Қастандық пиғылмен жалған деректер таратып, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізіп, ұлт-аралық наразылықты тудырған.» Кеңес өкіметі Мәметов Базарбайдың университет бітіргеннен кейінгі өмірбаянындағы атаусыз қалған тұстарын бетіне басып, оны нағыз қаншеңгелді қаскөй қатарына жатқызып, сірә, кезінде қызметтен бас тартқанын кешірмеген тәрізді. Осы орайда оның Өлкелік атқару комитетіне жолдаған жеделхатына зер салайық: «Не қызметімен, не рулық дәрежесімен ерекшеленбеген, тасыған байлығы жоқ кедей отбасының баласымын. Ақ патша тұсында кездейсоқ сәті түсіп оқуға ілігіп, оны ақпан революциясынан соң аяқтадым. Кеңес өкіметі кезінде алты жыл сот-тергеу органдарында істеп, денсаулығымға байланысты жұмыстан босадым. Совнаркомның 30-тамыздағы ұйғарымына сәйкес шаруашылықпен айналысамын, қарамағымда ірі қараға аударғанда 30 бас мал бар, ал мені соған қарамастан Совнарком КазЦик-нің 27-тамыздағы қаулысына таңып: ірі байлардың тізіміне кіргізіп, билер мен сұлтандардың ұрпағы санап, дүниемді тәркілеуге жатқызған. Ешқандай қаулысыз, қылмысты іс қозғалмастан, аудандық милиция бастығының нұсқауы бойынша: 19-қыркүйекте Көктеректе ұсталдым. Ірі байларға қатысты Совнарком КазЦик-і қаулысының маңызын ауылдардағы кедей, орта қолды шаруалар мен «Қосшы Одағы» мүшелері арасында талқылау мақсатында конференция өткізілген. Кейбір жергілікті уәкілдер мен жанама комиссия мүшелері өздеріне берілген өкімет өкілеттігін асыра сілтеп, конференцияға қайшы пікір білдірмек болғандарға тиым салды. Мені әкімшілік қыспаққа алып, тізімдегілерді тұтастай тәркілеуге дауыс беруімді талап етті. Әр тұлғаға жеке дауыс беру туралы жиын ұсынысы қанағаттандырылмады. Тәркіленуге жататын ірі байлардың тізіміне менің енгізілуім қателік деп санаймын. Ақтар мен патшалық режимге қызмет еткен жоқ. Тіпті, шыққан тегім мен тұрмыстық ахуалым да күмән тудырмайды. Сондықтан Совнарком КазЦик-нің қаулысындағы бір де бір пунктке менің жағдайым жанаспайды. Керісінше, комиссияның кейбір өкілетті мүшелерінің іс-әрекеттері заңсыз, Кеңес өкіметінің негізгі құқықтық қағидалары бұрмаланған. Осыған орай мені қамаудан босатып, ірі байлардың тізімінен шығарып, мал-мүлкімді тізімдеуді тежеуін сұраймын. Қисыны келсе, маған қатысты мәліметтер Каз.Совнаркомда қаралса. Мәметов. Енді, тәркілеу мәселесі бойынша Каз ЦИК-тің 1928 жылғы 30 қыркүйектегі парткомиссия отырысының хаттамасын алып қарасақ онда: «Мәметов Базарбайдың Каз ЦИК-тің тәркілеу жөніндегі Декретінің дұрыс қолданылмағаны туралы және істің басы ашылғанша дүние-мүлкін тәркілеуді тоқтата тұруды сұраған жеделхаты тыңдалды» делінген де, «Қанағатсыз қалсын» деп қаулы шығарылыпты. Сонымен Мәметов Базарбайға: «Сіздің ұсынысыңызды комиссия мақұлдамады, тәркіленіп және жер аударылуға жатасыз.» деген шешім шығарылады, Атақты 58-ші баптың небір тармақтары бойынша айыпталып, қыруар малы бар қанаушы тап өкілі деп танылып және «Алаш-Ордаға» сіңірген еңбектері бетіне басылып, ОГПУ қарамағындағы Алматы түзету үйіне қамалады. Дүние-мүлкі тәркіленіп, сотталып, бала-шағасымен жер аударылады. (Биыл ол кісі қайтыс болды, тоқсанға қараған шағында).

Сонымен қорыта келгенде мақалада Лепсі уезінің күнделікті тарихын зерттеу барысында ұлт зиялыларының уезд өміріне қатысты ойлары, басшылық қызметтегі азаматтардың пікірлері, патша үкіметінің аймаққа көшіп келгендердің толқыныны орналастырылуы туралы, деректер негізге алынды.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Румянцев П. П. Уезды Жетысу. – А.: Жалын баспасы, 2000. – С. 40.
2. Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства. Вестник РГО, 1855. – 38 с.
3. Завалишин И. Сибирско-Киргизская степь. – М., 1866. – 145 с.
4. Путинцев М. Из путевых заметок. Из Семипалатинска до Сергиополя. – Павлоград. 1865 г. – 386 с.; Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – А.: Жалын, 1979. – 268 п.; Фини О., Брем А. Путешествие в Западную Сибирь. – М., 1882. – 572 с.
5. Катанаев Г. Е. Краткий исторический обзор службы Сибирского казачьяго войска. – СПб., 1908 г. – 67 с.; Усов О. Статистическое описание Сибирского Казачьяго войска. – СПб., 1879 г. – 283 с.; Леденев Н. История Семиреченского казачьяго войска. – Верный, 1908. – 834 с.
6. Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. – М., 1957. – 339 с.; Он же: Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – А.: Санат, 1994. – 413 п.;
7. Зиманов С.З. Общественный строй казахов ХІХ в. первой половине ХХ века. – А.: АН КазССР, 1958 г. – 286 с.

УДК 94 (574-25).084.91
МРНТИ 03.01.17

Е.Асылбеков¹

¹ҚазҰПУ-дың Тарих және құқық институтының
«6М011400-Тарих» мамандығының 2 курс магистранты

1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ БАСТАЛУЫ МЕН БАРЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің басталуы мен барысы арнайы зерттеу еңбектердегі деректер мен пайымдаулар негізінде жан-жақты талдау жасалады. Алаңдағы бейбіт халықты дүренің астына алуы жастардың айбат шегуін туғызып көше тастары мен Алаңға жапсырылған мрамор плиталарын, қолға ілінген таяқтарды қару етіп қарсы жұмсауға итермеледі. Соны күтіп тұрғандай енді жастарға «бас бұзарлар» мен «бұзақылар» деген айып тағылып оны шектен тыс көрсету үшін демонстранттардың арасында арандатушыларды жіберіп, бейбітшілік сипаттағы жастардың шеруіне бірден «бұзақылық» сипат берді. «Балалар бақшасын қиратты», «балалар әлемін талқандады», «орыстарды ұрды» деген өсектер жастарға сондай арандатушылық әдістермен танылды. Бұл - бетке күйе жағумен бірдей еді.

Түйін сөздер: оқиға, көтеріліс, желтоқсан, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, демонстрация, митинг, диалог.

Аннотация

Е.Асылбеков¹

¹магистрант 2 курса по специальности 6М011400, КазНПУ им. Абая asylbekov22@mail.ru

ДЕКАБРЬСКИЕ СОБЫТИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ

В статье в декабре 1986 года начала данных исследований и анализа восстания и прогресс еңбектердегі основан на комплексном суждении. Удар гражданских лиц из зоны под приятные молодые люди, что курение действительно вызывает, прикрепленных к каменным улицам и площадям мраморные плиты толкаемым тратить много палки в качестве оружия против отправленного начала. Молодые люди ждали этого и теперь "buzarlar" и "головорезы" обвиняются в чрезмерной протеста, посылая провокаторов среди молодежи мира к путешествию «хулиганство» имущества. "Детские сады уничтожили", "разбили мир детей", "бить русских," слухи молодежь была признана в качестве методов провокации. Эта страница будет таким же, как сжигание сажи [2,47].

Abstract

Е.Асылбеков¹

¹along the course -magistrant 2 specialnosti 6M011400 KazNPW channels
Abaya.asylbekov22@mail.ru Science *rwkovoditel: k.i.n docent*

DECEMBER EVENTS IN KAZAKHSTAN: CAUSES AND CONSEQUENCES

The article of the December 1986 start of the uprising and progress еңбектердегі research data and analysis is based on a comprehensive judgment. Beat civilians from the area under the nice young people that smoking does cause affixed to the stone streets and squares of marble slabs pushed to spend a lot of stick as a weapon against the posted start. Young people were waiting for it and now the "buzarlar" and "thugs" accused of excessive protest by sending provocateurs among the world's youth to tour the "hooliganism" of the property. "Kindergartens destroyed", "smashed the world of children", "beat the Russians," rumors youth was recognized as a provocation methods. This page would be the same as the burning of the soot [2.47].

Published on the occasion of the uprising as well as significant dates editions of the differentiated conclusions.

Үш күнге созылған желтоқсан көтерілісі бірнеше кезеңді басынан өткізді. Желтоқсанның 16-нан 17-не караған түн толқу, тербеліс, сенім мен үміт кезеңіне жатады. 16 желтоқсандағы түнгі кезең 1979 ж маусымда Целиноградта неміс автономиясына қарсы өткен акция сияқты студенттер мен жұмысшы жастардың жатақханаларында басталды. Олар түнімен транспоранттар жазып желтоқсанның 17 күні ертемен республикаға басшы етіп өз өкілін жіберген, сөйтіп азаматтардың ашу ызасын тудырған орталықтың өктемдігіне наразылық белгісі ретінде бейбіт демонстрацияға шықты. Бұл көтерілістің екінші кезеңінің басталуы еді.

Желтоқсанның 17-сі сағат 7-8 ден 17 сағатқа дейінгі кезең. Бұл 200-300 адамдық шағын митингілерден мыңдаған адам қатынасқан митингілер, наразылық демонстрациясымен шерулер, биліктегі әміршіл

күштердің ықпалы мен саяси ұйымдардың жетекшілері және жоғары оқу орындарының басшылары бір жағында, демонстранттар екінші жағында болған диалог кезеңі. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мүшелері де диалогтан тысқары қалмады. Бір сөзбен айтқанда, бұл әміршіл әкімшіл жүйемен буыны қатпа-ған демократияның бетпе-бет бейбіт жүздесу, сөз арқылы күш сынасу кезеңі. Сағат 15 пен 17-нің аралы-ғында мінбеге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелері С.М.Мұқашев, З.К.Камалиденов, Н.Ә.Назарбаев, М.С.Меңдібаевтар шығып сөйлегенмен, көпшілік олардың тарау керек екенін айтқан сөздерін айқай -шумен қарсы алды. Жұрт Г.В.Колбиннің сайлануына көңіл толмаушылық білдірді. Олар ауыр әлеуметтік – тұрмыс жағдайы, тұрғын үй тапшылығы, ана тілінің қолдану аясының шектелгендігін әр жерден өткір айтып жатты. Қазақстанда ылайықты, адал, ақылды, халыққа кіндігімен байланған, оның тұрмысын, мәдениетін, аңсарын мен мүддесін білетін адамның табылмағанына қамықты. Әсіресе, Д.А.Қонаевтың алдарына шығуын талап етті. Шындығында Д.А.Қонаев осы күні сағат 11-ден 13-ке дейін Орталық Комитеттің арнайы шақыруымен келіп, бірінші хатшының қабылдау бөлмесінде оның шақыруын күтіп тапсырма алуды тосып отырған. Бірақ Г.В.Колбин Москваның ақылы бойынша мәселені өздері-ақ шешетіндерін айтып Д.А.Қонаевты қайтарып жіберген.

«Советтік Қазақстан жасасын!», «Ешқандай ұлтқа артықшылық берілмесін», «Ұлт саясатының Лениндік принциптерін сақтауды талап етеміз» тағы сол сияқты ұрандар алып шыққан жастар қазақтан басқа ұлт өкілдеріне де, мемлекетке де қарсы пиғылда болмай, диалогқа келген билік басындағылардан Қазақстан Компартиясының V-ші пленумының шешімін қайта қарауды үздіксіз талап етті. Бірақ диалогтардың нәтижесі сәтсіз болды. Себебі билеуші жақ алаңдағылардан өздерін жоғары санап оларды салған жерден экстремистер деп қаралады. Билеуші жақ жастардың саяси талап-тілегін түсінбей, олардың ісінің партиялық және конституциялық нормаларымен үйлеспейтіндігін айтып, алаңды тастап шығуды талап етті. Сөйтіп, осылайша екі жақтың бір-бірін түсінбеуі оқиғаның одан әрі шиеленісуіне әкелді [1,14-б.].

Демонстранттардың саяси шешімді түсіндіруді талап ету және халықтың атынан сайлау құқығын диалог арқылы шешудің сәті болмағасын көше бойлаған демонстранттардың қатары өсе берді. Тіпті көше бойына шыққан адамдардың саналы бөлігі өздерін демонстранттар қатарына санап, іштей жылылық танытты, еркіндік аңсаған жастарға сүйсіне қарады. Енді екі жақ мәселені ушықтырған кезеңге кірісті: билеуші жақ демонстрацияны басу амалына көшсе, демократияшыл жақ күшін толықтырып, өздерінің негізгі талаптарынан таймай, алаңға топ-тобымен жинала берді. Бірінші жақ оқыс жағдайда халықпен жұмыс істеудің нақты әдістерін білмегендіктен, ескі үйреншікті әдісті пайдаланып, күшпен басып тастаудың амалын ойласа, екінші жақ үміттен басқаны да ойлаған жоқ. Азаматтық санасы үлкендерден көш ілгері озған жастар республика басшылығына оның экономикасы, мәдениеті, тарихынан хабарсыз адамды отырғызуға болмайтындығын дәлелдеуге тырысты. Нәтиже бірінші жақтың пайдасына шешілуі заңды құбылыс еді. Ол қолындағы бүкіл мемлекеттік, партиялық, армиялық күшке сенді. Олар тіпті жастардың алаңға жиналу мақсатын білмей жатып милиция, әскер күштерінің шоғырын алаңға асығыс шақырып, тізіп үлгерген болатын. Мұндай көрініс жастардың ашу ызасын көтерді.

Желтоқсанның 17-сі сағат 18-ден кейін екі жақ өзара қол жұмсау кезеңін бастап кетті. Қас пен көздің арасында алаңда тізбектелген үш үлкен қатарлар пайда болды: демонстранттар, жасақшылар мен милиция және әскерлер қатары. Бұл қатарлар милицияның демонстранттарды қуып таратпақ болған әрекеттерден нәтиже шықпағаннан кейін пайда болды.

Басында тастүйін ұйымшылдық көрсеткен шерушілер алаңдағы ұрып-соғуды күтпегендіктен шашыранды қимыл жасап, абдырап қалды. Ал оның басшылары мұндай қобыраған қимыл әрекеттерге бірден ықпал жасай алмады. Жариялылыққа әбден алданған жастардың зәбірлеуге қарсы іс-қимыл бағдарламасы жоқ болатын. Керісінше, әкімшіл жүйенің қарулы жазалаушы отряды күш жұмсап, наразы топты еріксіз қорғаныс жасауға мәжбүр етті. Саперлік күректер мен темір таяқпен арнайы жабдықталған әскерлер мен жасақшылар, қолдарында шиттер мен сойыл ұстаған милиция қызметкерлері Алаңдағы бейбіт халықты дүренің астына алуы жастардың айбат шегуін туғызып көше тастары мен Алаңға жапсырылған мрамор плиталарын, қолға ілінген таяқтарды қару етіп қарсы жұмсауға итермеледі. Соны күтіп тұрғандай енді жастарға «бас бұзарлар» мен «бұзақылар» деген айып тағылып оны шектен тыс көрсету үшін демонстранттардың арасында арандатушыларды жіберіп, бейбітшілік сипаттағы жастардың шеруіне бірден «бұзақылық» сипат берді. «Балалар бақшасын қиратты», «балалар әлемін талқандады», «орыстарды ұрды» деген өсектер жастарға сондай арандатушылық әдістермен таңылды. Бұл - бетке күйе жағумен бірдей еді [2,47-б.].

Осы арада жазалаушылардың үшінші қанаты болған «жасақшылар» (оның негізгі дені орыс жұмысшылары болатын) аңға шығатын айыр темірлер іспеттес істіктер мен кабельдердің кесінділерімен

қаруландырылды. Ал осыған демеу берген Г.В. Колбиннің басқа әрекеттері де бастан асады. Өз кабинетін тарыс жауып алған ол мәселені қалай шешуді жергілікті басшылармен емес, Кремльден келгендер арқылы және М.С. Горбачевпен ғана шешті. «Москва өкілдерінің алаңда болып жатқан жағдайға барлау жасаудан бізді толық шеттетуіне түрткі болған негізгі себеп мынада деп ойлаймыз, - деп еске түсіреді Н.Ә. Назарбаев – олар бізден көпшіліктің көңіл күйін пайдаланып, өз мүддесіне бұруға тырысады деп күмәнданады. Шеруге қатысушылардың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметіне неғұрлым лайық кандидатуралар деп Е.Н. Әуелбеков, В.П. Демиденконы, О.С. Мирошхинді, Н.Е. Морозовты, С.М. Мұқашевті, Н.Ә. Назарбаевты және тағы басқаларды ұсынғаны оларды қатты алаңдатты. Айта кететін жайт, ұсынған фамилиялардың тізбегі – республика басшылығына ұлты орыс адамның келуіне жастардың мүлдем қарсы болмағандығын дәлелдейді. Солай бола тұрса да, аты шулы «қазақ ұлтшылдығы» атты саяси ойын басталып кетті. Менің өзімнен де ол кезде Москвалық басшылар кісілік көрсетіп, бұйыра сөйлесіп жүрді». Түптеп келгенде шеруді басу жөнінде ой-тұжырымдардың бәрі де Орталық өкілдерінің тікелей басшылығымен болды [3,52 б.].

Нәтижесінде, олар бүкіл дүние жүзіне мәлім бола бастаған көтерілісті тезірек тұншықтыру үшін жазалау армиясын Қазақстаннан басқа аймақтардан алдырған «Картельдік» жасақтармен толықтырды. Желтоқсанның 17-сі күні үздіксіз келіп жатқан мұндай арнайы жасақтар жастардың ұлттық қозғалысының әрқайсысы 20 мыңнан тұратын 3 шеңбер бойынша қоршап, оны басып-жаншуға алғышарт жасады. Г.Колбин бұған қосымша 17-ші желтоқсанның түніндегі нәтижесіз штурмдардан кейін партия ұйымдарына түнімен партия жиналысын шақырып, жиналыс өткізуге әмір беріп, қаладағы партия ұйымдарынан өзіне қолдау іздеді. Жоғарыдан қатқыл тапсырма алып партия ұйымдарының алдына оқиғаға қысқаша сипаттама берген төтенше инспекторлардың түнгі мұңына қарт коммунистердің басым көпшілігі бірден үн қосты. Олар жастар қозғалысын бетке басылған таңбадай таңып, өзінен кейін ұрпақтардың бәрін жастарды ауыздықтауға шақырды. Сөйтіп, мекемелер мен жоғары оқу орындарында арнайы штаттар ашып, олардың көмегімен әркім өз адамдарынан жасақ құрып, қаруландырып демонстранттар көшеге шыққан жағдайда олардың алдына тосқауыл қою міндеттері қойылды. Сондай-ақ барлық жастар жатақханаларында тұратындарды есепке алып, онда бар адамдарды сыртқа шығармау сияқты міндеткерліктерді мойындарына жүктеген мекеме адамдарымен жоғары оқу орындарының оқытушылары партия жиналысынан кейін бірден, көпшілігі жаяу жатақханаларға беттеді. Олардың біразы жолда келе жатып жүздері солыңқы, әбден шаршаған, бірақ кектің ызғарын жанарларынан сөндірмей, пана іздеген жастардың шағын топтарын жеңіл милиция машиналарымен қуып жүргендерді көріп, таңданды. Таңданудың жөні бар еді. Жүзлері солған болса да жанары кекті осы жастар түнімен қанды қырғынды көздерімен көріп, бас сауғалап, қапы да демонстранттардың негізгі бөлігінен ажырап қалған топтар болатын.

Осы кезде жазалаушы жақ демонстранттардың бетін қайтару үшін, барлық айла мен амалдың ішінде, қақаған таңғы аязда өрт сөндіргіш машиналар мен суық су шашу сияқты қатыгездікке барған болатын. Ол күні алаңға ешкім жіберілмейтін болып жарияланса да, көшеге 30 мыңдай адам шықты. Олар 17-ші желтоқсанның түнінде болған оқиға наразылық білдіріп, өлгендердің мәйгін сұрап, оны халықтың қолдауын күтті. Күші тең болмағандықтан амалсыз кейін шегініп отырған демонстранттардың бытыраған бір бөлігін жазалаушылар ту сыртынан ұрып жығып өлтіріп, өздері ғана білетін бейіттерге жасырып көмді. Кейбірін есінен таңдырып құлатып, ауруханаларға апарса, қапыда ұсталғандарды түрмелерге толтырды. Көшедегі күмәнді адамдарды қыз демей, ұл демей қаланың сыртына машинамен тасып апарып зәбірлеп, қанғытып кетті. Жас деманстранттардың негізгі бөлігі таң ата ес жиып, сап түзеп бүкіл амалдары таусылғасын халықтан жәрдем сұрауға соңғы үмітпен көше аралау шеруін бастады. Бірақ түнімен күрескерлерді «Бұзақы-басбұзарлар» ретінде теріс айтылған хабарға қанық халық, деманстранттардың негізгі сырын түсінбеді. Түсінгендері іштен тынып, сырттан бақылаушының ғана рөлін атқарды. Жазалаушыларға да керегі осы еді. Деманстранттарға қосылуға ниет жасаған топқа мүмкіндік бермей, қала сыртына үздіксіз тасыса, демонстранттардың негізгі бөлігін тасадан үзіп жарып ұстап, қолға түспей кеткендерден басқаларын қамау орындарына апарып қамады. 18-ші желтоқсанда кешкісін жастар демонстрантциясы аяусыз басылып, жазалау мен қудалау кезеңі басталды [4,31 б.].

Әбден орталықтың шешімін бұлжытпай орындауға дағдыланған көпшілік бұл оқиғаға баға беріп, соған байланысты науқанға кірісуді Кремльден күтті. Көп кешікпей, Марксизм-ленинизм ілімін ілгері жылжытушылар және Кеңес Одағы Коммунистік партиясының көсемдері болып есептелетін СОКП Орталық Комитеттің Саяси Бюросының мүшелері көтерілісті қоғамға мүлде жат әрекет ретінде көрсетіп, оның саяси мәніне ұлтшылдық айдар тақты.

СОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының 1986 жылдың 18-ші желтоқсанында өткізілген 45-ші жабық мәжілісі хаттамасының Г.В.Колбинге құпия жөнелтілген «Алматыдағы жағдайға байланысты шаралар туралы» деп аталатын құжат бұған дәлел бола алады. Бұл құжат 6 тармақтан тұрсада оның екеуінің бұйрықтық сипаты болды. Оны төмендегідей сөз жолдарынан көреміз: 2. Жағдай нашарлайтын болса, әскери бөлімшелерді пайдалана отырып Алматы да коменданттық сағат өткізу қажет деп санаймыз. СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюрода айтылған пікірлерді ескере отырып, Кеңес Одағының Қорғаныс министрлігіне қысқа мерзім ішінде іске асыру тапсырылсын... 4. Көтеріліс жөнінде қала халқына жүйелі ақпар беруді қамтамасыз етіп, жеке адамдардың ұлтшылдығы жөнінде түсіндіру қажет.

Міне осындай қорытындыға келген олар бір мезгілде бүтіндей бір халықтың интернационалистік мүддесіне шек келтіріп, дүние жүзі халықтарының алдында өздерін-өздері масқаралайтынын білмеді. Бұл әрекеттің Кеңес Одағының ыдырауына түрткі болғандығын ол «көсемдер» кешірек түсінді.

Мақалада 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің басталуы мен барысы арнайы зерттеу еңбектердегі деректер мен пайымдаулар негізінде жан-жақты талдау жасалады. Сондай-ақ көтерілістің айтулы даталарына орай жарық көрген басылымдардағы тың түйіндеулер сараланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған соң халықаралық қатынастарда қазіргі жүйенің тұрақты және тең құқылы мүшесіне айналды. Қазақ-британ сыртқы қатынастарында жан-жақты саясатында тепе-теңдікті сақтай отырып, XXI ғасырдың қауіп-қатерлеріне қарсы тұруға және ұзақмерзімге бағытталған ұлттық игіліктерін жүзеге асыруға әлеуеті зор. Елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрақты дамуына тигізетін әсері мол.

Қазіргі кезде сауда-экономика саласындағы қазақ-британ ынтымақтастығының негізгі бағыттары болып табылатын: энергетика, пайдалы қазбаларды барлау және алу, құрылыс, денсаулық саласы, көлік және байланыс т.б. елеулі рөл атқарады. Сонымен қатар қаржы және банк секторларында да белсенділік артуда. Екіжақты және көпжақты келісімдер нәтижесінде ондаған құжаттарға қол қойылып, бұл - Қазақстан мен Ұлыбритания ынтымақтастығының жоғары деңгейде дамуына ықпал етуде.

Тірек сөздер: Қазақстан Республикасы, Ұлыбритания, Ұлыбритания саясаты, стратегия, ынтымақтастық, басымдықтар, безопасность, шетел инвестициялары, экономикалық өсу.

Abstract
Zh.Bekisheva¹

¹master of 2 course of the department "World History" KazNU named after al-Farabi

ECONOMIC RELATIONS OF KAZAKHSTAN AND GREAT BRITAIN

With the attainment of independence, Kazakhstan has become a full member of the modern system of international relations. The Kazakh-British multilateral and balanced foreign policy is able to withstand the challenges of the 21st century and is aimed at securing long-term national interests, it is capable of influencing social and economic development and the structure of stable growth. Currently, important areas of Kazakh-British cooperation in the trade and economic sphere are: energy, exploration and mining, construction, public health, transport and communications.

It should also be noted that cooperation in the financial and banking spheres has been greatly enhanced. Economic cooperation between Kazakhstan and the UK rises to a higher level. Through several bilateral and multilateral agreements, several dozens of various documents and agreements were signed, which affected.

Key words: Republic of Kazakhstan, Great Britain, UK policy, strategy, cooperation, priorities, security, foreign investment and economic growth.

За годы независимости Казахстан стал полноправным членом современной системы международных отношений. Приоритеты во внешней политике «остаются неизменными — активная, разносторонняя и сбалансированная внешняя политика, способная противостоять вызовам XXI века и нацеленная на обеспечение долгосрочных национальных интересов. Отстаивая на международной арене национальные и региональные интересы во внешней политике, Республика Казахстан сделала выбор в пользу многовекторного курса, стержнем которого стала стратегия многостороннего партнерства, Великобритания занимает пятое место по объемам инвестиций в экономику Казахстана, и на ее долю приходится 14% прямых иностранных инвестиций. [1] По объемам торговли Великобритания является третьим европейским торговым партнером Казахстана.

Главными направлениями казахстанско-британского торгово-экономического сотрудничества являются: энергетика, разведка и добыча полезных ископаемых, строительство, социальная инфраструктура, здравоохранение, транспорт и связь, консалтинговые услуги, значительно активизировалось сотрудничество в финансовой и банковской сферах.

Основной сферой деятельности британских компаний в Казахстане является нефтегазовая отрасль. Здесь присутствуют Бритиш Газ, Бритиш Петролеум и Шелл, а также множество менее крупных сервисных компаний и поставщиков. В марте 1995 года между Республикой Казахстан и альянсом компаний «Аджип» /«Бритиш Газ» было подписано Соглашение о принципах раздела добычи (СПРД) [2]. Основные критерии казахстанского экспорта представлены минеральными продуктами, феррохромом, сталью, медью, шерстью, кожевенным сырьем, удобрениями, драгоценными и полудрагоценными металлами. В структуре импорта преобладают оборудования и технические аппаратуры, транспортные средства, оптические приборы, химические, алкогольные и табачные продукции, текстиль, продукция пищевой промышленности и др.

Для развития экономических отношений в 1993 году был создан Казахстанско-Британский Торгово-промышленный Совет. Тематика заседаний Совета включает вопросы развития казахстанского топливно-энергетического комплекса, транспортной отрасли, сельского хозяйства, инвестиционного, инновационного сотрудничества, малого бизнеса и сферы образования. В 2007г. В столице Великобритании в г. Лондон, 27-29 июня прошла конференция «Kazakhstan Growth Forum» («Казахстан: новые горизонты роста»), где участвовали более 600 представителей частных и государственных структур, международных организаций и СМИ [3]. Конференция была посвящена ознакомлению с социально-политической ситуацией в стране, инвестиционным климатом, законодательной и налоговой базой, последними тенденциями развития всех основных секторов экономики, таких как нефть и газ, финансовый сектор, строительство и недвижимость, металлургия, электроэнергетика, транспорт и инфраструктура, инновационные технологии и коммуникации, агропромышленный комплекс, розничная торговля и др.

Также 24-25 января 2008 г. состоялся визит исполнительного Вице-президента компании «BG Group» Ч.Бланда и Генерального менеджера по связям с правительствами и общественностью компании «BG Group» Дж. Бака с руководством Сената Парламента РК, министерств иностранных дел, финансов, охраны окружающей среды, энергетике и минеральных ресурсов, и других ведомств РК. В рамках стратегии по укреплению экономических связей, Британский Департамент по торговле и инвестициям (UK Trade and Investment) открыл Офис по торговле и инвестициям в Западном Казахстане. UK Trade and

Investment также создал Группу, объединенную общим интересом к Казахстану (KOGIG UK), которая будет широко и активно поддерживать британские торгово-инвестиционные интересы в нефтегазовом секторе Казахстана. В начале 2005 г. Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев объявил о присоединении РК к инициативе прозрачности в добывающих отраслях (EITI), что позитивным образом отразилось на характере двусторонних отношений. Логическим продолжением активного политического диалога двух стран стало подписание межправительственного Меморандума об энергетическом сотрудничестве. Соответственно, в рамках визита Н.А. Назарбаева в г.Лондон в ноябре 2006 г. состоялась презентация в Лондонском Сити казахстанских институтов развития «Самрук- Казына» и Агентства по регулированию деятельности регионального финансового центра Алматы (РФЦА), а также подписание Соглашения о сотрудничестве между «London Stock Exchange Plc» и РФЦА [4]. В последствии все больше внимания стало уделяться развитию потенциала местных компаний и подготовке казахстанских специалистов.

Важным аспектом энергетической политики Великобритании является предотвращение негативных последствий изменения климата. Это серьезная экологическая проблема, которую предстоит решить человеку. Диверсификация экономики и развитие нефтегазовых отраслей становятся самыми актуальными вопросами на повестке дня. В последние несколько лет правительства Казахстана пытаются обеспечить, чтобы прямые иностранные инвестиции и экономический рост были сопряжены с развитием страны. Правительство теперь подходит к этой проблеме стратегически, признавая, что использование доходов от нефтяной отрасли для развития устойчивой экономики становится главным долгосрочным приоритетом для Казахстана. Всего в Казахстане зарегистрировано 365 совместных казахстанско-британских компаний, из них 302 предприятия являются действующими. Целью Великобритании в данной проблеме стало сокращение к 2050 году выбросов CO₂ на 60%. Для этого продолжают развиваться возобновляемые источники, и повышается эффективность использования энергии. Например, Великобритания намерена обеспечить, чтобы к 2020 году 20% потребляемой Британией энергии поступало из возобновляемых источников. Казахстан также может играть важную роль в достижении этих целей. В настоящее время республика не производит большое количество выбросов парниковых газов в сравнении с мировыми показателями. Все при этом Казахстан находится в уникальном положении страны, где в условиях быстрого развития экономики и роста доходов возникает необходимость замены многих установок по производству энергии, и где также имеет большие возможности для развития возобновляемых ее источников [5].

В столице независимого Казахстана в г.Астане 17 сентября 2011 г. прошло 15-е заседание Казахстанско-британского торгово-промышленного совета (КБТПС). В открытии насыщенных и плодотворных дискуссий приняли участие: сопредседатель с казахстанской стороны - вице-премьер, министр индустрии и новых технологий РК Асет Исекешев, сопредседатель с британской стороны - заместитель председателя Консультативного совета Price Waterhouse Coopers сэра Джон Статтард и посол Великобритании в Казахстане Дэвид Моран. Межправительственный орган КБТПС создан в 1993 году для развития торгово-экономического сотрудничества двух стран. За прошедший период оно стало довольно плодотворным и, что немаловажно, основанным на дружеских отношениях. Таким образом, в нынешнее время Великобритания для Казахстана является одним из стратегических партнеров. К тому же, в Великобритании получают знания казахстанские студенты и та сторона намерена продолжать сотрудничество с АО «Назарбаев Университет», и привлечь к этому Кембриджский университет. Британский бизнес инвестировал в экономику республики более чем 15 миллиардов долларов с момента обретения независимости и намерен продолжить сотрудничество в разных отраслях экономики [6].

На Лондонской фондовой бирже 10 ноября 2011 года день начался со старта торгам Лондонской фондовой биржи и ФНБ, где непременно приняли участие Хавьер Роле и Т. Кулибаев с казахстанской стороны. Он открыл мероприятие с приветствием делегации Казахстана и Фонда национального благосостояния «Самрук-Казына», одной из крупнейших мировых торговых площадок. Посол Великобритании в Казахстане Дэвид Моран констатировал плодотворное и долгосрочное сотрудничество с Казахстаном: Англия занимает пятое место по объемам инвестиций в нашу страну. Он выразил уверенность в успешном наращивании этого взаимодействия, в том числе в рамках реализации программы «Народное IPO» между биржами двух стран [7]. В свою очередь Казахстан и Великобритания обратили внимание на то, что это мероприятие, которое основано на концептуальном подходе business to business.

Таким образом, мы подходим к совершенно новой стадии развития экономических отношений двух стран. Такие встречи будут проходить каждый год: один - в Астане, следующий - в Лондоне. В результате

были подписаны два конкретных соглашения между одной из казахстанских национальных компаний и научной лабораторией Кэмбриджа. Они были направлены на исследования важных направлений и выпуск продукции, до этого не производимых в Казахстане, но отвечающих мировым стандартам. Соответственно, в 2012 году Великобритания включила Казахстан в 14 приоритетных государств для развития торговых связей, а Казахстан в 2014 г. включил Великобританию в список шести приоритетных государств по привлечению инвестиций и открыл безвизовый въезд для ее граждан. Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев обратил внимание, что протяженность границ и огромная площадь позволяют Казахстану выполнять стратегическую транспортно-логистическую функцию на просторах Евразии [8]. Если учесть, что в республике проживают представители более 100 этносов, и все эти годы соблюдались их равные права и возможности, благодаря чему обеспечена стабильность.

Также Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что, «...в ходе прошедших переговоров члены казахстанского Правительства достигли значимых договоренностей с британской стороной. Глава государства отметил: «...визит Д. Кэмерона в Казахстан, состоявшийся в 2013 году, придал хороший импульс двусторонним отношениям» [9].

Выступая на открытии заседания Президент РК рассказал его участникам об истории становления независимого Казахстана и проводимой в настоящее время экономической политике страны. Нурсултан Назарбаев высоко оценил подписанное соглашение об участии Великобритании в выставке «ЭКСПО-2017», сообщил о планах по созданию международного финансового центра «Астана», отметив важность участия британских компаний в этом проекте.

Как уже сообщалось, работу финансового центра планируется выстраивать на принципах английского права.

Следует также отметить что столица Великобритании заняла первое место среди 84 городов мира, претендующих на это звание.

Результативность встречи позволяет с полной уверенностью говорить о том, что призыв казахстанского Лидера в среде британских деловых кругов нашел серьезный отклик. Только в рамках прошедшей МПК было подписано несколько десятков различного рода документов, в том числе серьезный пакет коммерческих соглашений. Таким образом, важно отметить, что в настоящее время, несмотря на мировой экономический кризис экономическое сотрудничество между Казахстаном и Великобританией поднимается на более высокий уровень.

Список использованной литературы:

1. Декларация двадцатилетия государственной независимости Республики Казахстан // *Казахстанская правда*. - 2010. 12 декабря.
2. *Континет*. - 2001. №3. - С. 30.
3. Матвеев В.М. *Британская дипломатическая служба*. – М.: МО, 1990. – С. 25.
4. ПлатД.С. *The Cinderella Service*. – London, – С. 268.
5. Назарбаев. «*Казахстанский путь*». – Астана, 2006. – С. 274.
6. *Казахстанская правда*. – 2006. – 21 ноября.
7. *Дипломатический курьер*. - 2008. №1. - С. 133.
8. *Казахстанская правда*. –2011. – 17 сентября.
9. *Казахстанская правда*. – 2011. – 11 ноября.

УДК 94(574)(09)
МРНТИ 03.01.11

Н.Базылхан¹

¹Ғылыми жетекші :– ф.ғ.к . Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы,
napilbaz@gmail.com

А.Боранбекқызы²

²Абай атындағы ҚазҰПУ 6М011400-тарих
мамандығының 2 курс магистранты 93.ainur@mail.ru
(Алматы қаласы, Абай атындағы ҚазҰПУ)

КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ШҚІРЛЕР

Аңдатпа

Мақалада ресейлік ғалымдардың Еуразияның далалы аймағында мекен еткен көшпелілер жайында жазылған еңбектері, мемлекеттік құрылысы туралы талдаулары сараланып, көшпелілердің мемлекеттілік мәселесі қозғалады. Шетелдік тарих саласындағы көшпелілер мемлекеттігіне байланысты негізгі ұстанымдар көрсетілген. Ғылымда қалыптасқан көшпелілер жайындағы еуроцентристік түсініктерге тоқтала келе, қазіргі заманда көшпелілерге байланысты жүргізілген кейбір зерттеулердің нәтижесі баяндалады. Орталық Азияда әр түрлі уақыт аралығында мекендеген көшпелілер қоғамының құрылымдық жүйесінің кейбір қырлары қарастырылған.

Түйін сөздер: Хунну империясы, шаньюй, қаған, шад, йабғу (жабғу), ұлыс, Моңғол ұлысы, мемлекеттілік, номадология.

Аннотация

Н.Базылхан¹

¹научный руководитель:к.ф.н., ст.преподаватель кафедры истории Казахстана им.ак. Т.С.Садыкова
КазНПУ имени Абая,napilbaz@gmail.com

А.Боранбекқызы²

²магистрантка 2 курса по специальности 6М011400 история, 93.ainur@mail.ru
(г. Алматы, КазНПУ им.Абая)

НЕКОТОРЫЕ АНАЛИЗЫ О ГОСУДАРСТВЕННЫХ СТРУКТУРАХ КОЧЕВНИКОВ

В данной статье рассматриваются труды отечественных и зарубежных ученых о проблеме государственности и государственной структуре кочевников Евразийских степей. Представляются наиболее главные позиции о государственности кочевников в отечественной и зарубежной историй. Поясняя о евроцентристских взглядах укоренившийся в науке о кочевниках, также излагаются результаты некоторых исследований о кочевниках в настоящее время. Рассматривается структура общества кочевников Центральной Азии в разные времена.

Ключевые слова: Империя Хунну, шаньюй, каган, шад, ябгу, улус, государственность, номадология.

Abstract

N.Bazylhan¹

¹Scientific supervisor:– candidate of Philological Science, Senior Teacher of the history of Kazakhstan the
Kazakhstan s university named by Abay

napilbaz@gmail.com

A. Boranbekkyzy²

²2th course master specialty of 6m011400 history, 93.ainur@mail.ru
(city Almaty, KazNPU named Abay)

SOME ANALYZES ABOUT THE GOVERNMENT STRUCTURES OF NOMADS

This article the works of scientists-historians of the Eurasian nomads and the problem of statehood and some analyzes about the government structures of nomads. Presented the main items of the nomadic state in the domestic and foreign's history. Explaining about Eurasians views rooted in the science of nomads also presents the results of new research on nomads in our time. Discusses the structure of society of nomads of Central Asia at different cutting times.

Key words: empire Xiongnu, shanyu, xagan, shad, yabgu, ulus, Mongol ulus, statehood, nomadology.

Ұлы даланың ежелгі тарихы, бұл алдымен б.з.д II-III ғасырларда Еуразияның далалы аймағын меңгерген көшпелілердің тарихы. Ұлы даланы мекен еткен этникалық топтар да сан мыңдаған жылдар аралығында әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Табиғи-географиялық жағдайына байланысты көшпелі мал шаруашылығымен айналысу, дәстүрдің атадан балаға мұра ретінде қалып отыруы, елін, жерін жаудан қорғау, халқы үшін соғысқан батырлардың есімдерін әрқашан ұлықтап отыру, міне бұл дала көшпелілерінің жазылмаған заңы болатын.

Көшпелілердің мемлекеттік құрылымдары жөнінде отандық және шет елдік бірқатар ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, еңбектер жазды. Ғалымдардың еңбегінен көшпелілердің тарихы, өмір-салтынан бөлек, олардың мемлекеттік құрылымдары жайында да жазылған мәліметтермен таныса аламыз. Дегенмен, еуроцентристік көзқарастар белең алған өткен ғасырдың көптеген әдебиеттерінде көшпелілер өзіндік мемлекеттік құрылымдары болмаған, мәдениеті төмен, жай ғана көсем басқаруындағы варварлық тайпалар ретінде сыйпатталды. Осы тұрғыда «егер көшпелілерде мемлекет және мемлекеттік құрылым деген мүлдем болмаса, ұлан-байтақ аумақты алып жатқан алып империялар мен мемлекеттер қалай құрылды, қалай пайда болды?» деген сұрақтар туындайды. Себебі, белгілі - бір жүйесіз, заң қағидаларынсыз мемлекет немесе империя құру деген мүмкін емес жағдай екендігі белгілі. Ал, көшпелілік бұл адамзат тарихында өзіндік бітім болмысымен айрықша ерекшеленетін, табиғатпен біте қайнасып қалыптасқан ерекше өркениет деп танымыз. Оның болмысын алуан түрлі концепциялармен түсіндіре беруге болмайтындығын айтқымыз келеді.

Жалпы, «Еуразия» термині өткен ғасырдың 20-жылдары тарихи – мәдени сонымен қатар, саяси жағынан да мазмұнға ие бола түсті. Осы кезеңде Еуразия даласында мекен еткен көшпелілерді, олар құрған мемлекеттік құрылымдарды зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады.

Көшпелілер мемлекеттілігі, соның ішінде көшпелілердің мемлекеттік құрылымдары жайында еңбек жазған шет елдік ғалымдардың бірі, академик Б.Я.Владимирцов. Осы орайда ғалымның 1934 жылы «Общественный строй Монголов. Монгольский кочевой феодализм» атты еңбегі жарық көрді. Б.Я. Владимирцов өз еңбегінде ежелгі көшпелі моңғол тайпаларының қоғамдық құрылысын зерттей отырып, «Основным элементом древнего монгольского общества был род – своеобразный союз кровных родственников» деп жазды [1.46]. Ежелгі моңғол қоғамындағы бұл жағдай сол кезеңдегі басқа да көшпелі тайпаларда бар болатын, тіпті бұл бүгінгі таңдағы да қазақ қоғамына тән дүние. Шыңғыс хан құрған Моңғол империясының қоғамдық құрылысын Б.Я.Владимирцов еңбегіне сүйене отырып, алдымен мемлекеттің әкімшілік бөлінісіне тоқталсақ [1. 49] :

I.

- 1.Оbox – роды – ру
- 2.Irgenu – племя-тайпа
- 3.Ulus – государства – мемлекет

II.

- 1.Nuntux- белгілі-бір аумақ
- 2.Mongol ulus – Көшпелі держава
- 3.Ulus – арайы бөлінген аймақ
- 4.Ayil – көлеміне байланысты бөлінетін ұлыстық топ
- 5.Irgen – тайпа
- 6.Obox- ру [1.65].

Яғни, мен бұл мақалада моңғол көшпелілерінің тек ертедегі феодалдық кезеңге дейінгі қоғамдық құрылысының алғы шарттарын бердім. Моңғол қоғамындағы ру - қандас туыстардың одағы. Ол бүгінгі таңда қазақ қоғамына да тән дүние. Рулық одақ тек кей жағдайларда ғана бір-бірінен оқшау өмір сүреді, ал көп жағдайда олар бірге күн кеше отырып, тайпалық одаққа айналады. Міне, осыдан барып «мемлекет» шығады. Бұл XII ғасырдағы Шыңғысхан қоғамына да тән дүние. Моңғол қоғамында адамдар әртүрлі таптарға бөлінді. Және әр лауазым иесінің өзіндік орны болды. Осы жерде мына мысалға сүйенсек: «Чингис (Шыңғыс қаған Б.А) сказал старику Усунью: Ныне Беки есть чин важный, Усунь ты старший потомок Баалиня, тебе следует быть Беки, будучи Беки, езди на белой лошади, одевайсы в белое платье и в обществе садись на высшее место» [1.80]. Осыдан қарап көшпелілер қоғамында лауазым иелеріне жоғары дәрежеде көңіл бөлінгендігі көрініп тұр.

Осы орайда отандық тарихнаманың кеңестік кезеңінде алғашқылардың бірі болып жазылған «История Казахской ССР» еңбегіне назар аударсақ. Бұл еңбекте қазақ жерінде алғашқылардың бірі болып

мекендеген сақтар алғашқы қауымдық қоғам қалпында өмір сүрген тайпалар одағы деп баяндалады. Сонымен қатар қандылар мен үйсіндер «көсемдік» басқарудағы алғашқы қауымдық-қоғам құрылысында өмір сүрген тайпалық одақтар» ретінде сыйпатталды. «Усуны имели верховного вождя, которому подчинились все племена, входившие в усуньский союз» дегені соның айғағы [2.49]. Ал, хуннуларға феодалдыққа дейінгі «варварлық мемлекет» ретінде баға берді. Сонымен қатар бұл мемлекеттік құрылымға да «көсемдік», яғни билік басында «шаньюй» мәртебесін алған «көсем» тұрды деп баға берілген. Бұл кітап авторларының пікірінше, көшпелілердің билік жүйесі тайпалық жүйенің негізінде құрылған дегенге саяды. Сонымен қатар, көшпелілердің мемлекеттік құрылымы жайында тек тарихшылар ғана емес, шығыстанушы мамандар да зерттеулер жүргізе отырып, еңбектер жазды. Ғалымдар еңбек жазу барысында түріктер қалдырған тасқа қашалып жазылған ескерткіштердегі жазуды молынан қолданған болатын. Себебі, сахара төсінде мекен еткен көшпелілерден қалған мәдени құндылықтардың бірі және бірегейі осы тасқа жазылған көне түрік жазулары. Көшпелі тұрмыс салт кешкен көшпелілердің бір жерде ұзақ тұрақтамайтындығынан, археологиялық ескерткіштер көп сақталынбаған. Көне түрік жазуларын оқу арқылы, көшпелілердің мемлекеттің жүйесін де білуге жол ашылды. Осы салада еңбек жазған ғалымның бірі А.Н. Бернштам. Ол өзінің «Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок VI-VIII веков» [3] атты еңбегінде көшпелі қоғамның мемлекеттілік мәселесін жазды. А.Бернштамның көшпелілердің мемлекеттік мәселесіне байланысты тоқталған пікірлеріне төменде тоқталатын боламыз.

Ежелден бері Қытай мен Орталық Азия арасындағы сауда-қатынастарының толасыз жүргізілуі екіжақты қарым-қатынастың мәнін одан ары қарай арттыра түсті. Орта Азия даласына қатысты тарихи деректерді Қытайда жазылған еңбектерден көптеп кездестіруіміздің себебі осында. Себебі көшпелілер әрдайым отырықшы өркениетпен байланыста болған. Ұдайы олармен сауда және дипломатиялық қарым-қатынастар жүргізіп отырғаны белгілі.

А.Н. Бернштам өз еңбегінде белгілі зерттеуші Ф.Хирттің пікіріне тоқтала кетеді. Ф.Хирттің пікірінше түріктер мемлекеттік басқару аппаратындағы терминдерді Қытайдан алған. Көптеген уақыт Қытай еліне бодан болғандықтан түріктер Қытайдың жиырма сегіз сыныпты бюрократиялы жүйесін қабылдаған. Бұлай болжам жасауына себеп Қытайдың «sha» сөзінің мағынасы фонетикалық жағынан түріктің «shad» деген сөзіне ұқсас болуынан. Егер түрік қоғамындағы басқару жүйелерін «апа тарканнан» бастап «шад пен ябғуға» дейін саралар болсақ «шад пен ябғу» «қағаннан» кейінгі екінші орында. Буржуазиялық тарихшылардың зерттеулері бойынша орхон-енисей түріктерінің географиялық аумағы шығысында Қытайдың солтүстік аймақтарынан батыста Византия шекарасына дейін созылып жатқан. Түрік мемлекетінің шекарасы бейнеленген карталар ежелгі Қытай және Византия елдерінде жасалынды. Дегенмен, бұл түрік мемлекетін бейнелеген карталарды шынайы дереккөз ретінде қолдана алмаймыз, себебі Византияда көшпелі тайпалардың барлығын жалпылама атау қалыптасқан болатын. Византиялық зерттеулерде Қытайдан Венгрияға дейінгі аумақта өмір сүрген бұл халықтар «скифтер» деп аталынса, кейінірек «түріктер» деген атауға ие болған. Түрік мемлекетінің нақты шекарасын анықтау үшін олардың тасқа қашалып жазылған көне ескерткіштері таралған аймақтарды есептеу қажет. Егер есептер болсақ, түріктер шекарасы солтүстік Моңғолиядан басталып Орхон, Селенгу, Байқал, Енисейдің жоғары жағалауларынан басталып, батыста Тараз бен Исфиджаб қалаларына дейінгі аралықта созылып жатты. Бұл аталған Түрік мемлекетінде әртүрлі түрік тайпаларының өмір сүргендігін ескере отырып, төрт негізгі ауданға бөлеміз:

1. Моңғолиядағы Орхон, Керлен, Толы, Онгин, Селенга өзендерінің жазығы, Байқал көлінде оғыз, ұйғыр, тардуш, төлес секілді түрік қоғамының басқарушы тайпалары өмір сүрді.

2. Алтайда- қарлұқтар.

3. Оңтүстік Сібір және Саян жоталарында- қырғыздар .

4. Жалпылама айтқанда Жетісуда түргештер [3.40-45] .

Жоғарыда аталған төрт аймақ Түрік мемлекетінің құрамына кірді. Түріктердің ежелгі жазбаларында алғаш рет тайпалық одақ болып үйсіндер мекендегендігі айтылады. Осылайша VI ғасырда, яғни 552 жылы жужандарды жеңген түріктер өз мемлекетін құрды. Түрік қоғамында басқарушыны «qagan, qan» деп атаған, аудармасы «хан» сөзі. Яғни, мемлекет басқарушысы [3, 59-114].

Көшпелілер турасында еңбек жазған отандық тарихшылардың бірі Н.Масанов. Ол өзінің еңбегінде Еуразия аумағында өмір сүрген көшпелілердің материалдық және моральдық құндылықтарына тоқталған. Н.Е. Масанов еңбегінің негізгі зерттеу объектісі ХҮІІІ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласындағы көшпелі өмір салты. «Коренное население Казахстана составляют казахи, один из крупнейших кочевых тюркоязычных народов Евразий» [4.52] деп, қазақтардың көшпелі тұрмыс салтындағы өміріне кеңінен тоқталған. Н.Масановтың пікірінше ерте дәуірлердегі мемлекеттілік құрылымдар өзі орналасқан аумақтың географиялық жағдайына тәуелді болды, сонымен қатар түркі тілдес ашина, теле,

тоғыз-оғыз тайпалары негізінде «қағанат», «хандық» секілді мемлекеттік құрылымдар пайда болды [4,133-134]. Әдетте кез-келген мемлекеттің шекарасы болады, дегенмен ұлы даланы мекен еткен көшпелілер арасында нақты бір жердің иесі болу көзделген жоқ, өйткені көшпенді жұрт Ұлы даланы тұтастай өздерінің иелігінде ұстады.

Еуразия көшпелілері, соның ішінде хуннулар мемлекеттік құрылымы жағынан өз заманындағы ең үлкен держава бола білді. Хуннуларды ұлы даладағы мемлекеттілік дәстүрдің негізін салушы деп те айтуға болады. Көшпелілер тарихын зерттеген ғалымдардың ішінде Н.Н.Крадиннің «Империя Хунну»-деп аталатын еңбегін мемлекеттілік мәселесін айқындауда басты ғылыми көзқарастардың бірі ретінде қолдана аламыз. Н.Н.Крадиннің бұл еңбегінен хуннулардың құрылу және құлдырау, сонымен қатар қоғамдық құрылысына байланысты бірқатар сұрақтарға жауап таба аламыз.

«Хунну-кочевой скотоводческий народ, обитавший в степях Центральной Азии в I тыс. до н.э. - I тыс. н.э.» - деп, хуннуларды Орталық Азия, Оңтүстік Сібір және Қиыр Шығысты мекендеген әртүрлі этностардан құралған бірінші көшпелі империя екендігіне ғылыми тұрғыда анықтама берді [5,50-55]. Ғалымның пікірінше «Хуннуларда мемлекеттілік болды ма?» деген сұрақ күні бүгінге дейін нақты өз шешімін тапқан жоқ. Сонымен қатар Хуннулар империясында шекара тұрақты болған жоқ, себебі империя көшіп-қонып жүргендіктен шекараны нақты белгілеу мүмкін емес болатын. Хуннулардың басқару жүйесіне жайында Н.Н. Крадин: «Во главе хунского общества находилась шаньюй» [5,121-138] - деп, «шаньюй» термині ежелгі моңғол тілінен немесе қытай тілінен енуі мүмкін дегенді жазды. Шаньюй империяның басшысы сонымен қатар әскери қолбасшысы да болды. Қытай деректерінде ақсүйектер әулеті патшаның билігін әрқашан қолдап отыратын жақын адамдары болатын [5,139-140].

Көшпелілердің мемлекеттік құрылымдары барлық көшпелі тайпаларда біркелкі болған жоқ. Көшпелілердің алғашқы мемлекеттік құрылымдары туралы хунну дәуірінде қалыптасқан әртүрлі терминдер кейінгі көшпелі мемлекеттерде сақталандығымен, оларда өз кезегінде әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Көшпелілердің мемлекеттілік мәселесі турасындағы кітаптың бірі белгілі ғалымдар С.Г. Кляшторный мен Т.И.Султановтың бірлесе отырып жазған «Государства и народы Евразийских степей» [6] атты еңбегі. Бұл еңбекте Еуразия аумағында хунну кезеңінен бастап Қазақ хандығына дейінгі аралықта билік құрған мемлекеттердің тарихы және мемлекеттік құрылымы жан-жақты талданып жазылған.

Хунну мемлекетінің жоғарғы тап өкілдерін ірі басты төрт ақсүйек ру құрады, және бұл ру өкілдері өзара некелік қарым-қатынаста болды. Және ұл балалар тек ақсүйек отбасылардың ғана қызымен некеге тұра алды. Ел басқарушысы шаньюй осы төрт рудың ең жоғарғысынан сайланды. Хуннулар қоғамында сатылы басқару үлкен маңызға ие болды, ең төменгі топқа жаулап алынған тайпалар жатқызылғанмен, кейіннен олар хуннулар қоғамына бейімделіп отырды. Сонымен қатар қатардағы хуннулар арнайы бекітілген заңдарды бұзған жағдайда жазаға тартылып, құлдыққа түсіп отырды. Құлдар көбіне отырықшы шаруашылықта қолданылған. Олар арнайы қоршалған қамалдарда тұрып, егін еккен, суармалы егістік үшін арнайы су жолдарын қазған, кен өндіретін жұмыстарда сонымен қатар қолөнермен де айналысты [6, 41-49]. Ал, жалпы құлдардың нақты қандай жағдайларда күн кешкендігі туралы ақпарат беретін деректер жоқтың қасы. Хуннулар қоғамында басқарудың сатылы түрі қатаң түрде сақталып, қадағаланған. Мемлекеттің ең жоғарысында «шаньюй» тұрды, оны «Көктің ұлы» деп атаған. Елдегі билік шаньюйдің құқық және міндет нормалармен жолға қойыла отырып, ол мынадай қызметтерге ие бала алды:

а) хуннуларға тиесілі барлық жерлер және сол жерді мекендейтін халықтың бәрін, және де бұл аймаққа қатысты барлық күзет жүйесін басқару;

б) соғысты бастау немесе келісімге келу, әскерді жеке өзі басқару;

в) мемлекеттің барлық ішкі және сыртқы қарым-қатынастарын өз қолына шоғырландыруға;

г) жоғарғы сот билігін атқару [6,55-60];

Мемлекетте шаньюйден кейінгі басқарушылар оң және сол деп бөлінді, және бұл лауазымдағы адамдар патшаның жақын туыстары немесе отбасы мүшелері арасынан сайланып отырды. Халық арасында «ақылды князьдер» деп танылған олар елдің батыс және шығыс аймақтарын бір уақытта басқарып, әскерін де басқаруға мүдделі болды. Олардан кейінгі орында шаньюйдің туыстары тұрды, олар өздеріне берілген арнайы аумақтарға басшы бола отырып, «он мыңдаған салт аттыны басқарушы» деп аталынды. Жалпы патшадан кейінгі билік иелері әсердің батыс және шығыс қанаттарына жауапты деп тағайындалып, қатаң түрде 24 лауазым иесі бекітілген. Ал, олардың нақты қандай лауазымға тағайындалатындығы шаньюмен арадағы туыстық қатынасқа қарап бекітіліп отырған. Арнайы белгіленген аймаққа басшыны патша өзі тағайындап отырған. Және әр басшыға халық бөлініп берілді, олар өз аумағында

жүздікті, мыңдықты өздері тағайындай алды. Шаньюй әр аумақтың жерінің көлеміне емес, халық және әскер санына аса көп мән берді. Шаньюйді тағайындауға оң және сол аймақ басшылары ресми түрде ғана қатыса алды, себебі шаньюй қатаң түрде сақталынған мұрагерлік жолмен сайланатын. Жоғарыда айтылғандай, хуннуларда қоғамда тәртіп қадағаланып, қатаң түрде жүргізілгендіктен мемлекет үш ғасырдан аса өмір сүрген [6,65-71].

Б.з ҮІ ғасырында Қазақстан жерінде алып держава, билеушілері «ашин» деп аталатын түрік тайпаларынан шыққан Түрік қағандығы құрылды. Мемлекеттіліктің негізгі белгілерінің бірі басқару аппараттарының болуы екендігін ескерсек, осы тұста еуразия сахарасында билігін жүргізген Түрік қағандығының басқарушысы жайында: «Батыс түріктері мемлекетінің бірінші басшысы – қаған, жоғарғы билеуші, билеп-төстеуші, әскербасы болды» делінсе, енді қағаннан кейінгілер жайында «Қағанаттағы жоғары лауазымдар – ябғу, шад, және елтебер» делінеді. Бұдан аңғаратынымыз Түрік қағандығының арнайы басқару жүйесінің болғандығы. Басқару жүйесі тек Түрік қағандығында ғана емес, ғұн, үйсін мемлекеттерінде де болды, мысалы ғұндарда елді «шаньюй» басқарса, үйсіндерде ел басқарған басшыны «күнби» деп атады [7,249-277].

Көшпелілер жайлы еңбектермен таныса келе тарихта көшпелілер құрған мемлекеттер өркениеттілік деңгейіне жеткендігін аңғарамыз. Тарих сахнасына қатармен келіп отырған мемлекеттер мен империялардың өз заңдарының, басқару жүйесінің болуы осының айғағы болса керек. Кез-келген көшпелілер құрған мемлекетті алар болсақ, ол мемлекеттің өзіне тән билік жүйесі, әкімшілік құрылымы болды. Мысалы ежелгі хунну империясында патшаны «шаньюй» деп хан лауазымына пара-пар атады. Ежелгі үйсіндерде ең жоғарғы билеуші «күнбиден» бастап, барлық лауазым иелерінің мемлекетте өзіндік орны болды. Көшпелілердің Орталық Азияда құрған Түрік империясында әскери-әкімшілік жүйе болды. Империяны «қаған» биледі. Бұл дәстүр Моңғол дәуірінде өз сабақтастығын тапты. Моңғол империясының негізін қалаған Шыңғыс қаған мемлекетті басқару ісін бір орталыққа бағындыруға күш салды, түрік-моңғол тайпаларын «мыңдық» деп аталатын әскери-әкімшілік бөліктерге бөлді. Сонымен қоса Ұлы хан 1206 жылы жазбаша іс жүргізуді ұйымдастыра отырып, әдеттегі құқық ережелерін бекітті. Демек көшпелілердің жерінің аумағы жағынан да, саяси және әлеуметтік құрылымы жағынан да мемлекеттік талаптарға сай өмір сүргендігі. Еуразия көшпелілері өзара оқшау жатқан Батыс пен Шығыс өркениеттерінің арасындағы байланыстырушы қызметін атқара білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Владимирцов Б.Я. *Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм.* – Ленинград, 1934. – С.223
2. *История Казахской ССР.* – Алма-ата: Казогиз, 1943. – 660
3. Бернштам А. *Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок VI-VIII веков.* – Ленинград: Издательство Академии Наук СССР, 1946. – 212.
4. Масанов Н.Э. *Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества.* – Алматы: «Социвест-Горизонт», 1995. – 320.
5. Крадин Н.Н. *Империя Хунну.* – Москва, 2001. – 312.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. *Государства и народы Евразийских степей: древность и средневековье.* – Санкт-Петербург: Петербургское востоковедение, 2004. – 368.
7. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том.* – Алматы: Атамұра баспасы, 2010. – 544.

УДК: 94(574) “20/21”: 004
МРНТИ 03.01.11

Е.Б. Бериков¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бМ011400 мамандығының 2-курс магистранты,
Алматы қаласы, erikberikov1993@mail.ru

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОММУНИКАТИВТІК КЕҢІСТІКТЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ТАНЫТУ ӘДІСТЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мақала барысында Қазақстан тарихының дүниежүзілік коммуникативтік кеңістіктегі қалыптасуы мен танылуы және оның әдістері қарастырылып, мәселеге қоғамда орын алып отырған мысалдар мен зерттеулер негізінде қорытынды жасалады.

Мәселені талдау барысында автор бірқатар ғалымдардың теориялық білімдерді пайдаланып жасаған тұжырымдарымен қатар, өз болжамдарын, ғылыми негізделген тұжырымдарын келтіреді, мақала соңында ғылыми байламдар жасайды.

Қазақстан тарихының дүниежүзілік коммуникативтік кеңістікте танылуына кері ықпал етуші факторлар қатарына автор ел ішіндегі саяси диалогтың дұрыс құрылмауын жатқызса, керісінше, аталған мәселенің дұрыс шешімін табуы үшін мемлекет пен ел бейнесінің дұрыс жасалуы басты факторлардың бірі деп атап өтеді.

Кілт сөздер: коммуникативті, мемлекет, ел, Қазақстан, кеңістік, дүниежүзі.

Аннотация

Е.Б. Бериков¹

¹магистрант 2-курса КазНУ имени аль-Фараби профессии бМ011400 город,
Алматы erikberikov1993@mail.ru

МЕТОДЫ ПРЕЗЕНТАЦИИ КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИИ В ВСЕМИРНОЕ КОММУНИКАТИВНОЕ ПРОСТРАНСТВО: ПРОБЛЕМЫ И КЛАССИФИКАЦИИ

В этой статье рассматривается становление и признание Казахстанской истории в всемирном коммуникативном пространстве а также их методы. Дается заключение на основании примеров и исследований в обществе.

В анализе проблемы автор используя теоретические знания нескольких ученых делает заключение а также дает свои научно обоснованные предположения. В конце статьи приводит свои научные выводы.

Автор отметил неприятными и обратным фактором неправильно построенный внутренний политический диалог в стране которое мешает в презентации Казахстанской истории в всемирной коммуникативном пространстве. А напротив, одним из главных решений данной проблемы указывается правильная презентация имиджа страны и государства.

Ключевые слова: коммуникативный, государство, страна, Казахстан, пространство, мир.

Abstract

Y.B. Berikov¹

¹2 year master's student, KazakhNU profession бМ011400
Almaty city erikberikov1993@mail.ru

METHODS OF PRESENTATION OF THE KAZAKHSTAN HISTORY INTO THE WORLD COMMUNICATIVE SPACE: PROBLEMS AND CLASSIFICATIONS

This article considers the formation and recognition of Kazakhstan's history in the global communicative space and their methods. A conclusion is given on the basis of examples and research in society.

In analyzing the problem, the author using the theoretical knowledge of several scientists makes a conclusion and also gives his scientifically grounded assumptions. At the end of the article he brings his scientific conclusions.

The author noted the unpleasant and opposite factor of the injustice of the internal political dialogue in the country that hinders the presentation of Kazakhstan's history in the world's communicative space. On the contrary, one of the main solutions to this problem is the correct presentation of the image of the country and the state.

Key words: communicative, state, country, Kazakhstan, space, world.

Қазіргі таңда біздің еліміз ақпараттық механизмдерді қалыптастыру, елдің халықаралық имиджін қалыптастыру мәселелері бойынша алдыңғы қатардағы жоспарларды орындау үшін бірнеше күрделі қадамдарды жүктеп отыр. Алайда ақпараттық соғыс (күрес) сатысын бастан кешіріп отырған әлемдік

әлеумет ұлттық менталитет, қоғамдық идеал мәселелеріне назар аударып отырғанға мүлдем ұқсамайды. Саяси білімдерді күрделі рөлге ие қылып отырған қоғам үшін дамушы елдердің өткен тарихына деген қызығушылық тек саяси мақсаттар мен себептерден туындауы мүмкін.

Жалпымедианың қарқынды, өзекті болып отырған кезеңінде кез-келген мемлекеттің немесе мемлекеттік инструменттің құралына ақпараттық саясатты жатқыза аламыз, бұл ең алдымен, ақпараттық-коммуникативтік механизмдер мен кеңістіктер бірегейлігінің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл тек жалпықоғамдық өзекті мәселе ғана емес, дүниежүзілік деңгейдегі зерттеу нысанына айналып отырған саяси жағдай.

Мәселе аясында зерттеу жүргізген бірқатар ғалымдарды атай аламыз. М.Кастельс, С.Москович, Э.Тоффлер, Г.Тард, Ю.Хабермас, Н.Луман тәрізді зерттеушілер қатары [1-6] коммуникативтік үдерістердің дамуы мен оның ерекшеліктеріне назар аударған болса, Дж.С.Найдың еңбектері [7] қазіргі замандағы биліктің ерекшеліктеріне тоқталады. И.Рожков, Е.Кисмерешкина [8] тәрізді авторлардың еңбектері мемлекет бейнесі, ел бейнесі (имиджі) мәселелеріне барынша ұқыпты, терең назар салады. Мақаламыздың негізгі теориялық мәселелерінде біз сондай-ақ «Информационно-коммуникативный потенциал имиджа Российского государства» атты тақырыпта көлемді диссертациялық жұмыс жазған зерттеуші З.Цыренжаповтың [9] да көзқарастарын атап кете аламыз.

Еліміз өз тәуелсіздігіне қолы жеткен кезден бастап, тарихи бетбұрыстар мен жаңартуларды демократиялық тұрғыда нығайтып, әрі саяси салада әртүрлі реформаларды жүзеге асырып келе жатқан посткеңестік мемлекеттердің бірі саналады. Кез-келген ғылымды дүниежүзілік танымалдыққа әкелу үшін, алдымен, сол елдің ішіндегі заманауи саяси әл-ауқатты, әлеуметтік мәселелерді толықтырып, өңдеп, реттеу маңызды деп санаймыз. Олай дейтін себебіміз, кез-келген экономикасы озық, әлеуметтік жай-күйі «дамушы» я «дамыған» статусына ие болған және әлемдік саясатта беделді «ойыншы» атанып отырған мемлекеттің ғана тарихы басқа мемлекеттердің қызығушылығына ие бола алады [10]. Мәселен, Қазақстандағы билік пен қоғам арасындағы өзара түсіністік мәселесінің, саяси тілдесу, коммуникация мәселелеріндегі артта қалушылықтардың үдерісін байқау қиын емес. Ежелгі Рим, Греция тарихы тәрізді көне әрі өркениетінің тамыры терең қанат жайған елдер қатарын толықтыратын, я болмаса ХҮІІІ ғасырдың өзінде өнеркәсіптік төңкеріс жасап, бүкіл әлем тарихын бас игізген ағылшындықтар тәрізді батыс елдерінің сабындағы мемлекеттер болмаса, әлемдік коммуникативті кеңістіктің дамушы елдердің өткен тарихына жайдан-жай қызыға қоймасы, әрі ол білімдердің оңайлықпен таныла кетпесі шындық.

Мәселемізге тереңірек енер болсақ, мынаны байқаймыз. Қазіргі таңда дамыған елдердің бірқатарында саяси субъектілердің бір-бірімен және қоғаммен ақпарат алмасуының, атап айтар болсақ, өзара байланысты реттеу қызметін көрсететін мемлекеттік саясаттың бір жүйеге келтірілген нақты ақпараттық жүйесі құрылып, арнайы іс бағдарламалары қабылданған [11]. Бүгінгі таңда мемлекетімізде билік пен қоғамның өзара қатынасы мәселесі әлсіз дамып отыр. Оған бір жалпы мысал, үкіметтің көп жағдайда қоғам тарапынан болатын талаптарды ескере бермей, яғни қоғаммен диалог құра алмауынан туындап отыр. Еліміздегі қоғам мен билік арасындағы өзара байланыс тек сайлау науқандары кезінде анық байқалып, саяси қатынастардың қалған жағдайларында айқын түрде назардан тыс қалатыны белгілі. Аталған мәселеге орай, еліміздегі билік пен қоғамның өзара түсіністік қарым-қатынасын орнатудағы саяси коммуникация мәселесін талдау, аталған мәселедегі проблемаларды айқындау және оны жүзеге асыру міндеті туындайды. Реттеу күшін таппай отырған бұндай қарапайым мәселелер тарихи білімдердің де дамуына кедергі жасары сөзсіз. Бұл өз кезегінде Қазақстан тарихын дүниежүзілік коммуникативтік кеңістікте таныту барысындағы тежеушіліктің бір ғана мысалы.

Өткен ғасырдың 90 жылдары елімізде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалар саяси жүйеге елеулі түрде ықпал ете отырып, қоғамға көптеген өзгерістер мен қиындықтардың тууына жол ашты. Дамушы қоғамның нарықтық қатынастарға бейімделу үдерісі күрделеніп, ол мемлекет, үкімет тарапынан болатын қолдауды ауадай қажетсінді [12]. Аталмыш кезеңде Қазақстан өз алдына егемендік пен тұтастықты ұстана отырып, халықтың әл-ауқатын, экономикалық, саяси жағдайын ескере келе, жаңа саяси жүйені қалыптастыруға бет бұра бастаған болатын. Алайда, кеңестік кезеңдегі қатаң идеологияға бағынышты болып келген қоғам, биліктің нақты бір шешім қабылдайтынына күдікпен қарауын доғармады. Бұл еліміздегі реформалардың одан әрі жүргізілуіне кері әсерін тигізіп, ал соңғысы тарихи білімдердің дамуына тежеу болды.

Еліміздегі саяси жүйені дамыту мен оны нығайту мақсатында аса маңызды шаралардың қабылдануы осының тікелей айғағы. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, саяси жүйедегі жаңа сайлау жүйесін қалыптастыру – қоғам мен билік арасындағы қордаланған мәселелерді тиімді шешуге болатындығына бағыт беретін күштердің бірі. Аталған мәселенің саяси мәні саяси мәселелердің өзіндік ерекшелікте болуынан,

билік пен қоғамның өзара бейімделуіне қажеттіліктің туындауынан, азаматтық қоғамды қалыптастырудағы алғышарттардың негізделуінен, жеке және дербес тұлғалардың қоғамдағы саяси рөлінің артуынан, ортақ мүдде үшін әлеуметтік-саяси институттар қызметінің бірлесіп әрекет етуінен айқындалады. Аталған мәселелер елдің әлпетін, бейнесін қалыптастыруға, сәйкесінше елдің тарихи білімдерінің, соның ішінде тарихының дүниежүзілік коммуникативтік кеңістікте еркін, жарнамасыз, мәжбүрлеусіз танылуына ықпал етуші факторлардың қатарын толықтырады.

Бұл мәселенің бір ғана шеті.

Екіншіден, еліміздің тағы да ішкі коммуникативтік кеңістігінің қалыптасуы мәселенің оңды бағытта орбуіне жағдай жасауы мүмкін. Мұны іске асырудың кедергілеріне біз билік пен қоғамды өзара байланыстыратын оның байланыс құралдары Қазақстанда әлі жеткілікті қалыптаспауына орай, кері байланыс мәселесі айтарлықтай деңгейде дамымай отырғандығын жатқыза аламыз. Нәтижесінде, қоғам тарапынан қойылған талаптар жеткіліксіз орындалуда деген пікір қалыптасады [13]. Демек, Қазақстан Республикасындағы ішкі саяси коммуникативтік кеңістіктің қалыптасуындағы ерекшеліктер мен проблемалардың ғылыми тұрғыдан жете зерттеуді қажет етіп отырғандығын ескеруіміз керек. Елдің қазіргі саяси бейнесі – сол елдің жеке куәлігі сияқты маңыздылыққа ие.

Байқап отырсақ, әлемдік саяси аренада Қазақстанның алар орны ерекше. Еліміз Орта Азия елдері арасындағы экономикасы мен әлеуметтік жағдайы алдыңғы қатардағы озық мемлекеттердің бірі болып отыруымен танымал. Бірақ аталған фактордың өзі сол елдің өткен тарихына, әсіресе көне, я ортағасырлар тарихына деген қызығушылықтың тууына кепілдік бере алмайды. Кез-келген ғылымның коммуникативтік кеңістікте назарға ие болуы үшін сол елдің өзіндік бейнесі, имиджі болуы алдыңғы талаптардың бірі деп есептейміз.

Демек, мемлекет тарихының дүниежүзілік коммуникативтік кеңістікте танылып, оның өзге елдердің ғылыми зерттеу объектісіне, я болмаса оқу құралдарының басты тақырыптарының біріне айналуы елдің экономикалық, саяси, әлеуметтік әлеуетімен қатар, оның жағымды да тиімді имиджін қалыптастыруымен де айқындалады. Қазіргі таңда «өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табыс-ты мемлекетке» [14] айналын отырған мемлекетіміздің тарихын барынша мол назарға ие қылу үшін ішкі қолдауға ие болатын, әлемге өзі туралы паш ететін жағымды имидж қалыптастыру қажет. Бұл тікелей алғанда, «мемлекет пен ел бейнесін» қалыптастыру деген мәселенің шетін шығарып отыр.

Елдің саяси имиджінің, бейнесінің қалыптасуы, тек біз айтып отырған мемлекеттің тарихын насихаттауда ғана емес, сол елдің сыртқы саясатын ұтымды жүргізуге, мемлекеттің ішкі саясатын жүргізудің ерекшеліктеріне, экономикасының тиімділігіне, қоғам менталитетінің ерекшеліктеріне және сол тәрізді тағы да басқа аспектілерден тұрады.

Ел бейнесін былайша классификациялауға (топтастыруға) болады: біріншіден, шынайы-объективті бейне – мемлекет жайлы ішкі немесе шетел қоғамдастығының пікір-пайымдары; екінші, субъективті бейне – мемлекет көшбасшысының, қоғамдық биліктің «мемлекет бейнесін» өз еліндегі және шетелдердегі азаматтар қалай қабылдайтыны, мемлекеттің шетелде қалай көрінетіні туралы түсінік-пікірлері; үшінші, жалқы, ойдан жасалған бейне – мемлекет жетекшісінің тобы немесе арнайы мамандар құруға тырысатын мемлекет бейнесі [14].

Соңғысының маңызын бағалау барысында оның мемлекет тағдырындағы әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық құндылықтарға, басқа мемлекеттермен қарым-қатынасындағы сапалық өзгерістерге ықпалын ескеру қажет.

Мемлекеттің саяси бейнесі сандық қана емес, жаһандық сын-қатерлерге, әлемдегі және мемлекет ішіндегі өзгерістерге байланысты өзгеріп, дамып, икемделіп тұруы қажет. Сондай-ақ мемлекет пен ел бейнесінің тұрақты сипаттамалары, өз алдына ерекшеліктері болуы шарт.

Айта кетерлік жайт, мемлекет бейнесінің соңғы нұсқасы мемлекеттің ішкі құрылымына сәйкес болуы қажет.

Дүниежүзілік кеңістіктегі мемлекеттік тарихын танытудың тағы бір басты шарты, біздің ойымызша – ел бейнесінің жағымды болып қалыптасуы. Біздің тағырыбымызға ұқсас мәселені талдаушы автор, аталған пайымның төмендегідей нұсқаларын тізіп көрсетеді:

- мемлекет имиджі синтетикалық болуы тиіс, яғни символдар арқылы (геральдикалық белгілер) белгілі бір әсер беруі қажет;

- шынайы болуы қажет, мемлекет имиджі мемлекеттегі жағдаймен барынша бірегей болуы шарт;

- нақты болуы қажет, яғни санаға тез сіңіп, бір немесе бірнеше айрықша белгілері имиджі танытып тұруы керек;

- белгілі бір деңгейде анықталмаған болуы қажет, яғни қарастырылып отырған мемлекетке тән бірнеше нышандары болғаны абзал [14].

Сөзіне негіз етіп, зерттеуші Д.П. Гавра, И.Д. Демидова, Е.С. Савицкая бастаған ғалымдардың мемлекет имиджінің үлгілерін қалыптастырудың мына әдістеріне назар аударады: геосаяси әдісі, маркетингтік әдіс, брендингтік әдіс, имидждік әдіс. Автордың мәселені талдауы былайша жүзеге асырылған: «...геополитикалық әдіс өкілдерінің бірі Д.Н. Замятин. Ол мемлекеттің геополитикалық бейнесі деп оны саяси тұрғыдан сипаттайтын мемлекеттің барынша жарқын, есте қаларлық символдарының, белгілерінің, бейнелерінің жиынтығы деп тұжырымдайды. Яғни, белгілі бір мемлекеттің саяси бағыт-бағдары оның географиялық орналасуына тікелей байланысты. Д.Н. Замятин өзінің «Геополитика образов и структурирование метапрос-транства» деген мақаласында саяси-географиялық бейне түсінігін де бөліп қарастырады [14]. Саяси-географиялық бейне оның тұжырымдауы бойынша саяси аспектідегі белгілі бір мемлекеттің, саяси және әскери одақтардың белгілері мен символдарының жиынтығы. Маркетингтік әдіс мемлекет имиджін қалыптастыру аймақтар маркетингінің стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырып, қалыптастырады. Аймақтар маркетингін зерттеп жүрген ғалымдардың бірі А.П. Панкурхин оны «аймақтың мүдделі ішкі және сыртқы субъектілерінің маркетингі» деген анықтама берген» [14].

Ал түркі тайпаларының көшу үдерістерінің тағы бір себебі ретінде діни факторды да алуға болады. Яғни Қарахандықтардың пұтқа табынушы түркі тайпалармен айқын күресін түркітанушылар С.Кляшторный и Т.Сұлтанов бұл жағдайларды келесідей сипаттады: Қарахандықтардың ең үлкен жауы болып басмылдардан, шомыл, ябаку және ябаку тайпаларының көршісі кай тайпаларынан құралған одағы болды. Жаңа мұсылмандық мемлекет өзінің билігін, идеологиясын жүргізу үшін бұл тайпаларды Жетісу мен Солтүстік Түркістан аймағындағы бай қалалары мен қоныстарынан алыстатып, олардың үйреншікті қонысын өз билігіне алды. Алайда бұл соғыстардың нәтижесінде, пұтқа табынушы түркі тайпаларының батысқа қарай көшуіне мәжбүр болды. Бұл миграция бағытындағы жолда қыпшақтар болды. Нәтижесінде келесіде осы қыпшақ тайпалары түркі тайпаларының тарихында ерекше орын алды [9].

Қазіргі таңда ғылыми зерттеу бағытында пәнаралық бағыт ерекше болғанына байланысты заманауи әдістер түркі әлемі тарихын зерттеуде кеңінен қолданып жатыр. Түркі тайпаларының миграциялық үдерістері тікелей ежелгі түркілік өркениетті қалыптастырудағы маңызды бағыт болып табылады. Түркі тайпалары көптеген ғасырлар бойы өздерінің маңызды этникалық бірегейлігін, тілін, номадтық көзқарасын, салт-дәстүрлерін сақтай отырып, сонымен қатар Қағанаттың түрлі этникалық топтарын біртұтасқа топтастыруды жүзеге асыра алған.

Яғни имперлік ойлайтын халықтар ішінен түркі халқын да атап өтуге болады. Бұл ежелгі түркілік өркениеттің ерекшелігі деп, басқа мәдениеттер мен өркениеттердің жетістіктерін сараптап, андай алатынын алға тартады. Ал әлемдік-жүйелік әдіс бойынша қарастырылса, батыс ғалымдары Латтимор, Флетчер, Голден пікірінше көшпенділерді мемлекеттіліктің берік формаларын қалыптастыруға қажеттілігі болмағанын, яғни тек саяси үдерістерінің аясындағы циклдық сипат алғаны және тек егіншілік мемлекеттерімен симбиоз аясында ғана тұрақты дамуына алып келгенін көрсетеді [10]. Жалпы, қазіргі таңда жаңа әдістер қалыптасуы-на байланысты көзқарастар бойынша түрлі бағыт қалыптасып жатыр.

Қорытындылай келгенде, IX-XII ғғ. кезеңінде Орталық Азия көшпенділерінің ұлы және өзіндік өркениеті қалыптасқаны және оның негізін салушылары ретінде ежелгі түркі тайпалардың және тайпалық одақтардың болғаны анық. Осы тайпалардың миграциялық қозғалыстарының себептері ретінде климаттық, географиялық, экономикалық, саяси, діни факторлары саналады. Яғни түркі тайпаларының күнделікті тұрмыс тіршілігінде көшіп, қоныс аударуы, сонымен қатар саяси жағдайларға байланысты миграция ұшырауы нәтижесінде маңызды тарихи оқиғалар, сипаттар орын алды. Оның ең бастысы деп түркі тайпаларының өзара ассимиляцияға ұшырауы, бірігуі нәтижесінде қазіргі қазақ халқын құрайтын протоқазақтық тайпалық құрылымдардың қалыптасуына алып келді.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Акинжанов М.А., Жанганатова К.Н. Глоссарий по дисциплине «История Казахстана». □ Алматы, 2016. □ С. 67.
2. Омаров Е.С. Роль природной среды в развитии цивилизации и теория номадологии. Тр.Конф. «Молодежь за безопасную окружающую среду для устойчивого развития». □ Дубна: Междунар. Ун-т природы, об-ва и человека «Дубна», 2007. □ С. 36-51.
3. Крадин Н.Н. Кочевые общества. – Владивосток: Дальнаука, 1992. □ 240 с.
4. Хазанов А.М. Кочевники и мировой исторический процесс Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации: Сб мат-лов Междунар. Науч. конф. Алматы, 21-23 ноября 2007 г. / Под ред. Л.Е. Масановой, Б.Т. Жанаева. □ Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 268 с.+ 8с. вкл. □ С.25
5. А.Дж. Тойнби. Постигжение истории: Сборник. – М.: Ральф, 2001. – С.181.
6. Крадин Н.Н. Кочевники и динамика земледельческих цивилизации Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации: Сб мат-лов Междунар. Науч. конф. Алматы, 21-23 ноября 2007 г. / Под ред. Л.Е. Масановой, Б.Т. Жанаева. □ Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 268 с.+ 8с. вкл. □ С.25.
7. Fang Jin-gi, Liu Guo. Relationship between Climatic Change and the Nomadic Southward Migrations in Eastern Asia during historical times // An interdisciplinary, Internatioal Journal Devoted To the Description, Causes and Implications of Climatic Change. 1992. Vol. 22. № 2.

8. Байпақов К. Нұржанов А. Ұлы Жібек Жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.
9. Кляиторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 374 с.
10. Ethnicity and State Formation in Pre-Chinggisid Turkic Eurasia. Bloomington, IN: Indiana University, Department of Central Eurasian Studies, 2001.

ӘОЖ 94-614.213(574.54)
МРНТИ 03.01.09

Ж.Исламбекқызы¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, «6М011400-тарих» мамандығының 2 курс магистранты,
zh1305@mail.ru

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ЕМДЕУ-САҚТАНДЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (1965-1991 ЖЫЛДАР)

Аңдатпа

Мақалада Қызылорда облысы Жалағаш ауданының 1965-1991 жылдар аралығындағы емдеу мекемелерінің халыққа қызмет көрсету сапасы және тұрғындардың денсаулық жағдайы баяндалған. Ауданның денсаулық сақтау саласының күнделікті өмірін көрсету үшін Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағат қорлары мен жергілікті мерзімді басылымдар материалдары қолданылды.

Жалағаш ауданының тұрғындары 1960-жылдарда медициналық көмекті аудандық емхана, аурухана және ауылдық амбулаториялар арқылы алды. Медициналық қызмет қол жетімді болды. Емханалар қажетті кабинеттермен жабдықталды. Медицина қызметкерлері жыл сайын шопандар мен олардың отбасы мүшелеріне сапалы әрі нақты медициналық-санитарлық қызмет көрсетіп отырды. Шалғай ауылдарға арнайы мамандар барып қызмет көрсетті. Денсаулық сақтау саласының кемшіліктері де айтылған: кадр жетіспеушілігі, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, бала өлімі, әйелдердің үйде босануы т.б.

Кілт сөздер: Жалағаш ауданы, денсаулық сақтау саласы, күнделікті өмір, медицина, амбулатория, ауыл тұрғындары, емдеу-сақтандыру мекемелері

Аннотация

Ж.Исламбекқызы¹

¹магистрантка 2 курса по специальности «6М011400-история» КазНПУ имени Абая,
zh1305@mail.ru

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЛЕЧЕБНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ УЧРЕЖДЕНИЙ В ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ ДЖАЛАГАШСКОГО РАЙОНА (1965-1991 гг.)

В статье рассматривается состояние здравоохранения и здоровья населения и качество медицинского обслуживания Джалагашского района в 1965-1991 гг. Для раскрытия повседневной жизни района в сфере здравоохранения были использованы фонды Государственного архива Кызылординской области и материалы местных периодических изданий.

Амбулаторно-поликлиническая помощь населению Джалагашского района осуществляется районной амбулаторией, сельскими больницами и фельдшерско-акушерскими пунктами. Медицинская помощь в районе была бесплатна и доступна для всех. Лечебно-профилактические учреждения оснащены необходимым медицинским оборудованием. Ежегодно население животноводческих хозяйств проходят комплексный медицинский осмотр, в частности чабаны и члены их семей. В целях своевременного оздоровления и улучшения оказания медицинской помощи животноводам открыты медицинские профилактории. В статье написано о недостатках в сфере здравоохранения в 1965-1991-е годы: недостаток медицинских кадров, слабая материально-техническая база, детская смертность и т.д.

Ключевые слова: Джалагашский район, здравоохранение, повседневность, амбулатория, сельское население, лечебно-профилактические учреждения

Abstract

Zh.Islambekkyzy¹

¹Abai Kazakh national pedagogical university, 2th course master specialty of History,
zh1305@mail.ru

HEALTH CARE INSTITUTIONS' ACTIVITY IN THE LIFE OF THE POPULATION OF DZHALAGASH DISTRICT (1965-1991)

The article examines the state of public health and health of population as well as the quality of medical care of Dzhalagash district in 1965-1991. The funds of State Archive of Kyzylorda region and local periodicals materials were used for the disclosure the everyday healthcare issues of the area.

Outpatient care to the population of the district is carried in Dzhalagash district clinics, rural hospitals and FAPs. Medical care service in the area was free and available for everyone. Medical institutions are equipped with the necessary medical equipments. Annually the populations of livestock farms are taken complex medical examination, particularly herders and their families. In order to timely rehabilitation and improvement of health care service the breeders discovered medical dispensaries. The article is written about the shortcomings in the health care service sector in 1965-1991, the lack of medical personnel, poor material and technical base, infant mortality, etc.

Keywords: Dzhalagash district, healthcare, daily life, clinic, hospitals, medical institutions, the health system

Тарих ғылымының жаңа бағыттарының бірі-күнделіктілік тарихы. Күнделіктілік тарихы аудан не ауыл тұрғындарының өмірі мен тарихын жаңа әдістерді қолданысқа алып зерттеуге мүмкіндік беретін бағыт деп білеміз. Ауыл тұрғынының күнделікті өміріндегі маңызды мәселенің бірі—оның денсаулығы және емдеу-сауықтыру жағдайы мен деңгейі. Біз осы мәселе төңірегіндегі ізденуімізді облыстық және аудандық мұрағат қорларындағы құжаттар, мерзімдік басылымдардағы әр түрлі мазмұндағы мәліметтер мен жарияланымдар негізінде жүргіздік.

Мемлекетіміздегі өндіріс орындарының және ауыл шаруашылығының қарқынды өсуіне байланысты денсаулық сақтау саласының 1959-1965 жылдардағы негізгі мақсаты: инфекциялық және паразитарлық ауруларды, өлім тудыратын ауру түрін, кәсіпке байланысты туындайтын жарақаттанушылықты, туберкулез ауруын, балалар өлімін азайту; жасөспірімдердің денсаулықтарын жақсарту, елді-мекендердегі санитарлық жағдайды және тұрғындардың мәдени тазалығын сақтау болғанын кеңестік қаулы-қарарлардан байқаймыз. Ауыл халқының санитарлық-ағартушылық жағдайының төмен екендігін ескерген Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ауыл және қала халықтарына жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді жетілдіру, ауруханалар мен емханалар салу, халық тұрмысының әлеуметтік-гигиеналық талаптарға сай болуына көмек көрсету туралы шешім шығарды [1]. Жалағаш ауданы да 1965 жылы мал шаруашылығын көтеру және мал шаруашылығымен айналысатын адамдардың, шопандардың денсаулығын жақсарту, оларға дер кезінде медициналық көмек көрсетуді мақсат етті [2]. Осы орайда Жалағаш ауданының тұрғындарына медициналық көмек көрсетуде аудан бойынша 295 орындық аурухана, 26 медициналық пункт, 7 перзентхана және аудандық тазалық сақтау станциясы, дезинфекциялық бюро бөлімшесі жұмыс атқарды [3].

Ауданда мал шаруашылығымен айналысатын 3 кеңшар болды: Олар Аққыр, Жаңадария және Жалағаш. Оларда 992 малшы жұмыс істеді. Үш ауылда 4000-нан астам тұрғын болды. Малшыларға медициналық қызмет көрсету 3 ауылдық аймақтық ауруханалар мен 11 фельдшерлік-акушерлік пункттер арқылы жүзеге асты. Қызмет көрсету радиусы жаз мезгілінде 150-300 км, қыста 100-150 км құрады. Аққыр және Жаңадария ауылдарында 40 адамға арналған 2 ауылдық аймақтық аурухана болды. Бұл емдеу мекемелерінде 6 дәрігер және 62 орта медицина қызметкерлері жұмыс атқарды. Ауылдағы аймақтық ауруханалар қажетті медициналық құралдар және аппараттар, құрал-жабдықтар, жұмсақ және қатты инвентарлармен, шаруашылық заттарымен жабдықталды. Оларда рентгенологиялық, 3 стоматологиялық, 3 физиотерапиялық, 3 клиникалық-диагностикалық зертханалар қызмет етті [4]. Ауылдық ауруханалар ыңғайлы ғимараттарда орналасты, жыл сайын шаруашылық қаражатынан жөндеу жұмыстары жүргізіліп тұрды. Барлық ауруханаларда бір-бірден санитарлық автокөліктер болды. 11 қозғалмалы фельдшерлік пункттер болды, олар медициналық көмекті кеңшардың автотранспорты арқылы жүзеге асырды. Барлық ауылдық аймақтық ауруханаларда телефон байланысы, электр жарығы, ал шалғайдағы малшылардың ауылында 2 радиобайланыс нүктесі және санитарлық авиациялық ұшақтарына арналған 4 қону алаңы болды [4].

Шалғайдағы мал жайылымындағы еңбек адамдарына медициналық қызмет көрсету аса қажет болды. Алыстағы мал отарларында өз ісіне берілген маман дәрігерлердің үлкен тобы осы міндетті атқарды. Осы ретте малшыларға дәрігерлік қызмет көрсетуде көп жылдық тәжірибесі бар фельдшерлер: Жолаушы Ізбасов, Кеңес Күзембаев, Қалтай Мақашев, Тәждин Қодаров сынды азаматтар жөнінде баспасөз

беттерінде деректер кездеседі. Олар әрдайым малшылармен қоян-қолтық араласып, шипалы емімен оларға қол ұшын беріп тұрады. Мал қыстату науқаны басталғаннан дәрігерлер алыстағы мал жайылымдарын жиі-жиі аралап, ауырып сырқағандарға дер кезінде дәрігерлік көмек көрсеткен [5].

Жоғарыда аталған емдеу мекемелерінің медицина қызметкерлері жеке және коммуналдық пәтерлермен қамтамасыз етілді. Мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындар жыл сайын кешенді медициналық тексерістен өтіп тұрды, яғни шопандар мен олардың отбасы мүшелеріне арнайы мамандардың: терапевт, хирург, акушер-гинеколог, окулисттің қатысуымен арнайы зертханалық құралдардың көмегімен уақытылы емдеу-сауықтыру шаралары жүргізіліп отырды. Осы мәселе бойынша аудандық аурухананың әкімшілігі кешенді жоспар құрастырды. Арнайы мамандардың шалғай ауылдарға бару графигі құрылып, әрбір мал шаруашылығы аймағына жауапты дәрігерлер бекітілді. Медицина қызметкерлерінің жұмысы шопандар мен олардың отбасы мүшелеріне сапалы әрі нақты медициналық-санитарлық қызмет көрсетуге бағытталды.

1965-ші жылдары бөртпе, сүзек ауруларының ошағы шығып, ауданда эпидемия қаупі туындаған. Ауру ошағын залалсыздандыруға облыстық, аудандық індетке қарсы күрес станциялары басқарған көптеген мекемелер мен мамандар жұмылдырылды. Қарақұм мал жайылымындағы малшыларға медициналық жәрдем көрсету үшін «Арыстан» учаскесінен аурухана ашылып, медицина қызметкерлерімен жасақталды [6].

Қызылорда облысы Жалағаш ауданындағы 1967-1968 жылдардағы жұқпалы аурумен ауырғандардың көрсеткіші [7]

Ауру түрлері	1968 жыл	1967 жыл	+/-
Іш сүзегі	2	-	+2
Паратиф АБС	-	-	-
Дизентерия барлық формасы	16	4	+12
оның ішінде бациллярлы дизентерия	16	4	+12
Скарлатина	1	-	+1
Дифтерия	1	-	+1
Көкжөтел	1	5	-4
Қызылша	180	59	+121
Вирусты гепатит	56	53	+3
Бөртпе	-	-	-
Жоғарғы тыныс алу жолдарының өткір жұқпалары	165	26	+139
Тұмау	157	179	-22
Гастрит	24	62	-38
Улы диспепсия	1	-	1
Ішек инфекциясы	-	-	-
Бактерия тасымалдаушы дифтерия	1	-	+1
Бруцеллез	30	2	+28
оның ішінде алғашқы диагноз қойылғандар	5	-	+5
Сіреспе	-	-	-

Жалағаш ауданы бойынша 1977 жылдары 9 аурухана, 32 фельдшерлік, акушерлік пункт, 4 дәріхана, аудандық санитарлық-эпидемиология станциясы жұмыс істеді. Атап айтқанда:

1. Аудандық аурухана-125 орындық
2. Аудандық өкпе аурулары ауруханасы-75 орындық
3. Аудандық тері-жұқпалы аурулар диспансері-35 орындық
4. Калинин бөлімшелік аурухана-25 орындық
5. Мәдениет бөлімшелік аурухана-25 орындық
6. Аққұм бөлімшелік аурухана-25 орындық
7. Аққыр бөлімшелік аурухана-25 орындық
8. Жалағаш бөлімшелік аурухана-25 орындық
9. Жаңадария бөлімшелік аурухана-15 орындық

Бұл дәрігерлік мекемелерде 35 жоғарғы дәрежелі, 273 орта дәрежелі дәрігерлер жұмыс атқарды. 1977 жылдың көлемінде ауданға 22 орта дәрежелі дәрігер келіп, 14 орта дәрежелі дәрігер ауданнан отбасы жағдайына байланысты басқа жерге көшіп кеткен. Ал ауданға жаңадан келген немесе кеткен жоғары дәрежелі дәрігерлер болмады. Аудан медицина қызметкерлері арасында кадрлармен жұмысты көркейту

мақсатында белгілі ұсыныс бойынша мамандардың білімін көтеру курстары, ай сайын медбике күні, фельдшер күнікүні өтіп тұрды. 1977 жылы 3 жоғары дәрежелі дәрігер, 5 орта дәрежелі дәрігер білімін көтеру орындарында болып қайтқан. Медицина қызметкерлерінің саяси білімін мақсатында аудан орталығында 25 жоғарғы дәрежелі дәрігерлер түгелдей партия оқуына, 72 дәрігер комсомол оқуына тартылған. 57 дәрігер коммуналдық үйде (16 жоғарғы дәрежелі дәрігер), 251 жекеменшік үйлерде (19 жоғарғы дәрежелі дәрігер) тұрды. Бірақ аудан көлемінде дәрігер мамандар жеткіліксіз болған. Мысалы: невропатолог, окулист, кож-венеролог, аймақтық дәрігерлер жетіспеді.

Барлық медицина мекемелерінде социалистік жарыс өтіп тұрды. Қорытындысы жылына бір рет медицина күнінде жарияланды. Жарыс шарты бойынша аудандағы ең жақсы бөлімшелік аурухана, фельдшерлік-акушерлік пункт бөлімшесі, ең жақсы дәрігер, фельдшер, медбикелер анықталады. 1977 жылы ең жақсы бөлімшелік аурухана болып Жалағаш кеңшары аталып, ауыспалы қызыл туды жеңіп алды. Ең жақсы бөлімше болып терапия бөлімшесі, ең жақсы медициналық пункт Таң кеңшарындағы пункт, ең жақты дәрігер Головатая Т.И, фельдшер Избасов; медбике Егорова М.И аталып вымпельдермен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды [8].

XI-бесжылдық кезінде Жалағаш ауданы бойынша халыққа медициналық қызмет көрсетуді жақсарту үшін жұмыстар жүргізілді. Емдеу-профилактикалық мекемелердің материалдық-техникалық базасы, емдеу-диагностикалық жұмыстардың сапасы дұрысталды. Аудан халқына 170 орындық орталық аудандық аурухана, 75 орындық аудандық өкпе аурулар ауруханасы, 200 адамдық 6 ауылдық бөлімшелік аурухана-лары, 35 орындық тері-жіңішке аурулар ауруханасы, 2 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 32 фельдшерлік-акушерлік пункт, аудандық санитарлық-эпидемиология станциясы, 6 дәріхана, 27 дәріханалық пункт медициналық қызмет көрсеткен. XI-бесжылдықтың 4 жыл 9 айында Калинин атындағы кеңшарда бөлімшелік аурухана, Аққошқар, Ақарық, Таң елді мекендерінде 3 фельдшерлік-акушерлік пункттер үшін типтік ғимараттар салынды. Өкпе аурулар ауруханасына және аудандық орталық аурухананың II-терапиялық бөліміне қосымша ғимарат бөлінді. Жаңадан ғимараттар салынып, оларға аудандық емхана, Аққыр, Жаңа-дария кеңшарларының бөлімшелік ауруханаларының амбулаториясы, Ақсу кеңшарының фельдшерлік-акушерлік пункті көшірілді. Ауданда емдеу-профилактикалық мекемелерін кадрмен қамтамасыз ету жұмысы алға қойылды. 1981-1985 жылдары ауданға 18 дәрігер және 59 орта медицина қызметкерлері бағытталды. 1985 жылы ауданда 67 дәрігер және 373 орта медицина қызметкерлері еңбек етті. Олардың білімі мен білікті-лігін көтеру жұмысы үнемі жүргізіліп тұрды. Бесжылдықта 40 дәрігер және 102 орта медицина қызметкерлері өз білімдерін жетілдіріп келген. Ауданда балаларға емдеу-профилактикалық көмек көрсету және балалар өлімін азайту жұмыстары алға қойылды. Жалағаш ауданында 14 жасқа дейінгі барлығы 15264, оның ішінде ауылдық жерде 9752 және 5512 бала аудан орталығында тұрады. Ауданда 8 балалар дәрігері жұмыс істеді. Балалар стационарында кеңес беру аптаның барлық күндерінде жүзеге асты. Балаларға үйде қызмет көрсету үшін санитарлық автокөлік бөлінді. Балалар денсаулығын қорғау жағдайы аудандық аурухананың кеңесінде және облыстық денсаулық сақтау бөлімінің коллегиясында үнемі қозғалып отырды. Медициналық қызмет көрсетудегі жетіспеушіліктер үшін емдеу бөлімдерінің басшылары, медицина қызметкерлері қатаң жазаланып отырды. Бала өлімі маңызды мәселе еді. Басты себебі тыныс алу жолдарының аурулары. Бала өлімінің 1982 жыл, 1983 жыл және 1985 жылдың 9 айындағы көрсеткіші төмендегі кестеде [9]

1982 жыл			1983 жыл			1985 жыл 9 ай		
барлығы	қала	ауыл	барлығы	қала	ауыл	барлығы	қала	ауыл
33,3	19,3	55,9	37,8	13,1	62,5	36,7	17,2	69,7

Жалағаш аудандық мұрағат қорында сақталған құжаттарда 1986 жылы «Республикада балалар мен әйелдерге медициналық қызмет көрсетуді жақсарту туралы қаулының жүзеге асырылуы жайлы мәліметтерде балалар мен аналар өлімі қысқарғаны атап көрсетілген. Алайда ауданда әсіресе, ауылдық жерлерде аяғы ауыр әйелдердің есебі дұрыс алынбай, үйде босану фактілері орын алған [10].

Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағат қорындағы құжаттарды салыстырылып, 1968 жыл [11] мен 1980 жылдағы дәрігерге қаралу көрсеткіші кесте арқылы беріліп отыр.

Дәрігер-мамандар	1968 жыл (9 ай) адам саны	1980 жыл (1 жыл) адам саны
Терапевт	4392	16136
Хирург	3043	6905
Балалар дәрігері	2068	18870

Акушер-гинеколог	1206	7021
Отоларинголог	1518	2208
Стоматолог	1944	6362

Кестеден дәрігер көмегіне жүгіну көрсеткішінің өскенін байқауға болады. Балалар дәрігеріне қаралу жоғары болып тұр. Балаларға көмек балалар кеңес беру кабинеті, аудандық аурухананың 30 орындық бөлімшесі, ауылдық аймақтық ауруханалар мен фельдшерлік-акушерлік пункттер арқылы жүзеге асқан. 1980 жылы профилактикалық жұмыстар негізінде 1268 адам тексеруден өткен. Емдеу мекемелерінің мақсаты аурудың алдын алу және онымен дер кезінде күресу болды. Халықты кезеңдік және мақсатты тексеру көктем және күз мезгілдерінде дәрігерлердің арнайы бригадасы арқылы іске асырылды [12]

Қорытындылай келе, Жалағаш ауданының тұрғындарына амбулаторлы-поликлиникалық көмек аудандық емхана, әйелдер мен балаларға кеңес беру кабинеттері және ауылдық аймақтық ауруханалармен амбулаториялар арқылы жүзеге асты. Барлық фельдшерлік-акушерлік пункттерде амбулаторлық қабылдаулар жүріп тұрды. Емхана жүйелері бес күндік кесте бойынша екі ауысымда жұмыс істеді. Тұрғындарға медициналық қызмет үйге дәрігер шақырту арқылы да көрсетілді. Қарастырылып отырған кезеңде медициналық қызмет көрсету қол жетімді болғанымен, бірқатар кемшіліктерді де байқауға болады. Атап айтар болсақ, ауылдық аймақтық ауруханалардың материалдық-техникалық базасының мардымсыздығы, аяғы ауыр әйелдердің есебі жүргізілмей үйде босану фактілері, дәрігер мамандар жетіспеушілігі, балалар өлімі. Осындай кемшіліктердің орнын толтыруда біршама жұмыстар жасалып, емдеу-профилактикалық мекемелерінің материалдық-техникалық базасы, қызмет көрсету сапасы жақсартылды.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлиев М.Ә., Нұрмұханбетқызы Р.Н., Қазақстан Республикасының 1920-2005 жж. аралығындағы медицинасы және денсаулық сақтау саласы. – Алматы, 2006
2. Шежірелі Жалағаш. (Ауданның 70 жылдығына). Өлкетанымдық басылым. – Алматы, 2009. – 320 бет.
3. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты (ҚОММ) 671-қ., 1-т., 2-іс, 12-п
4. ҚОММ. 235-қ., 1-т., 1407-іс, 16-17-п
5. // Жаңадария, 1966 жыл, 7 қаңтар №13 1-б
6. Шежірелі Жалағаш. (Ауданның 70 жылдығына). Өлкетанымдық басылым. – Алматы, 2009. – 320 бет.
7. ҚОММ. 283-қ., 1-т., 1031-іс, 4-8-п
8. ҚОММ. 671-қ., 1-т., 30-іс, 4-5-п
9. ҚОММ. 235-қ., 1-т., 1407-іс, 23-25-п
10. Жалағаш аудандық мұрағаты 20-қ., 1-т., 19-іс, 5-б, 16-п
11. ҚОММ. 671-қ., 1-т., 2-іс, 12-18-п
12. ҚОММ. 235-қ., 1-т., 1104-іс, 12-14-п

УДК: 94(5):94(574.51)

МРНТИ 03.01.09

Ә.О. Зәкірова¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 6М011400 мамндығының 2-курс магистранты,
Алматы қаласы, Zakirova.assiya@gmail.com

**МОНҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ОТАНЫНА ОРАЛУЫ МЕН БЕЙІМДЕЛУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ (АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ
НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа

Мақалада Монғолия қазақтарының тарихи Отанына оралуы мен бейімделу мәселелері Алматы облысы Кербұлақ ауданының материалдары негізінде қарастырылған. Егеменді Қазақстан өзінің тәуелсіздігін нығайта түсуімен қатар алыс және жақын елдердегі қазақ диаспорасына ерекше көңіл бөлінуде. Кезінде әр түрлі себептермен көшіп кеткен қандастарымыз тәуелсіз мемлекетімізге орала бастады және осы орайда репатрианттардың тарихи Отанына оралуын 3-кезеңге бөліп қарастырылған. Ең алдымен тарихи Отанына қоныс тепкен Монғолиядағы қазақтар болды. Олардың негізгі бөлігі Алматы облысының аумақтарына, қалаға іргелес елді-мекендерге қоныс тепті, соның ішінде Алматы облысына қарасты Кербұлақ ауданына қоныстанған репатрианттардың бейімделу мәселелері зерттеу жұмысы барысында анықталып, мемлекет тәрпынан көрсетілген көмектерге шолу жасалған.

Кілт сөздер: репатриант, тарихи Отан, Монғолиядағы қазақтар, бейімделу мәселелері.

Аннотация

А.О. Закирова¹

¹магистрант 2-курса по специальности 6М011400 - педагогическая история факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы
E-mail: Zakirova.assiya@gmail.com

ВОПРОСЫ РЕПАТРИАЦИИ КАЗАХОВ ИЗ МОНГОЛИИ И АДАПТАЦИИ НА ИСТОРИЧЕСКОЙ РОДИНЕ (ПО МАТЕРИАЛАМ КЕРБУЛАКСКОГО РАЙОНА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ)

В статье рассматривается репатриация казахов Монголии на историческую родину и проблемы адаптации на основе материалов Алматинской области Кербулакского района. Укрепив свою независимость суверенный Казахстан стал уделять огромное внимание на казахскую диаспору проживающих в странах ближнего и дальнего зарубежья. В ходе исследования были определены три периода репатриации казахов Монголии которые оказались за пределами своего государства по различным историческими причинами. Самыми первыми начали возвращаться в свою историческую родину казахи Монголии, основная часть которых поселились на территории Алматинской области. В ходе исследования выявились такие проблемы адаптации репатриантов как приобретения гражданства, жилья, работы, земельных участков, а так же рассматривается государственная помощь для разрешения этих проблем.

Ключевые слова: репатриант, историческая Родина, казахи в Монголии, проблемы адаптации.

Abstract

A.O. Zakirova¹

¹al-Farabi Kazakh National University. Master Degree's undergraduate. Republic Kazakhstan. Almaty
E-mail: Zakirova.assiya@gmail.com

QUESTIONS OF REPATRIATION OF KAZAKHS FROM MONGOLIA AND ADAPTATION ON THE HISTORICAL HOMELAND (ON THE MATERIALS ON KERBULAKSKYI RAION OF ALMATY OBLAST)

The article deals with the repatriation of Mongolian Kazakhs to their historical homeland, and adaptation problems on the basis of the Almaty region Kerbulak district materials. On a row with strengthening of the independence, sovereign Kazakhstan pays special attention to the Kazakh diaspora in the countries of the FSU and beyond. With finding of independence of the state the Kazakhs who have left in due time for various reasons come back to the historical homeland. The study identified that the Process of return of repatriates of Mongolia to the historical homeland shares and considered in three periods. The earliest repatriates settled in the territory of Almaty region. In the course of the study to identify such problems of adaptation of repatriates like the acquisition of citizenship, housing, employment, land, as well as considered governmental help to solve these problems.

Key words: Repatriate, the historical homeland, the Kazakhs of Mongolia, adaptation problems.

Егеменді Қазақстан өзінің тәуелсіздігін нығайта түсуімен қатар алыс және жақын елдердегі қазақ диаспорасына ерекше көңіл бөлінуде. Кезінде әр түрлі себептермен көшіп кеткен қандастарымыз тәуелсіз мемлекетімізге орала бастады. Сондықтан оларға «оралман» атауыда берілді. Басқаша айтқанда, халықара-лық деңгейде «репатриант» деп аталатын бұл құбылыс өзінің өзектілігімен күннен күнге маңыздылығын арттыра түсуде.

Алыс және жақын шет елдерде өмір сүрген қандастарымыздың бүгінгі таңда төл ортаға, яғни атамекеніне келіп, қоғамдық әлеуметтік өміріне бейімделуі, сіңсуі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Адаптация - бейімделу (латын. adapto) - жеке адамның әлеуметтік ортаға бейімделуі үшін белсенді іс-әрекеті, яғни, әлеуметтік ортаның шындығы мен бетпе-бет келуі қандастарымыздың алыс және жақын шетелдерде өмір сүріп, бүгінгі таңда төл ортаға, яғни атамекеніне келіп, қоғамдық-әлеуметтік өміріне бейімделуі, сіңісуі. Саяси, әлеуметтік-мәдени құрлымы әртүрлі бөгде этникалық ортада ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы өмір сүрген отандастарымыздың дәстүрлі мәдениетінде тіпті тілінде, мінез-құлқында сол ортадан қалыптастырған өзгерістері болуы әбден мүмкін. Сондықтанда ата – жұртына оралған қандастарымыздың тарихи отандағы тұрмыспен мәдени өмірге тез бейімделіп кетуі біршама уақытты, төзімділікті қажет етумен бірге мемлекет тарапынан да көптеген әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруды талап етеді.

Жалпы, Монғолиядан тарихи Отанына қоныс тепкен репатрианттардың көші-қон процессін үш кезеңге бөліп қарастырамыз:

1-кезең 1991-1996 жж. 1991 жылдың басында әуелі “Қайт, қазақ Отаныңа!” деп Қазақстанның зиялы қауымы бас көтерсе, ел Президенті Н.Назарбаев “Алыстағы ағайындарға ақ тілек” атты әйгілі хатын жариялады. Хатта: “Атамекенге келемін деушілерге жол ашық, ата-баба аруағы алдарыңнан

жарылқасын”, – деген ақ тілек айтылған. Осы хат онсыз да елпілдеп, елегізіп отырған шетелдегі қазақ қауымын рухтандырды. 1992 жылдың 28-қыркүйегінде президентіміздің бастамасымен Алматыда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды.

2-кезең. 1997-2002 жж. Президенті Жарлығымен 1996 жылы қабылданған «Шет елдегі ағайындарға қолдау көрсету туралы мемлекеттік бағдарлама» және 1997 жылы қабылданған «2000 жылға дейінгі көші-қон саясатының негізгі бағыттары» туралы қуатты құжаттар жасалды.

1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» заңда алғаш рет шеттен келген отандастарымызға оралман анықтамасы қолданылды.

3-кезең. 2002-2009 жж. қазіргі күнге дейін өз жалғасын табуда. 2001 жылғы 29 қазанда Қазақстан Үкіметі «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын» бекітті. Оның мақсаты — еліміздің бірқалыпты әлеуметтік-экономикалық, демографиялық дамуын қамтама-сыз етумен қатар, мигранттардың құқықтарының орындалуына жағдай жасау, сондай-ақ еліміздің қауіпсіздігін арттыру болып табылады. 2002 жылғы 23 қазанда Түркістан қаласында Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайы өткізілді. Бұл жиында оралмандар үшін өзекті көшіп келу, білім алу, еңбек ету мәселелері жан-жақты қаралды [1].

Ең алдымен тарихи Отанына қоныс тепкен Монолиядағы қазақтар болды. Олардың негізгі бөлігі Алматы облысының аумақтарына, қалаға әргелес елді-мекендерге қоныс тепті. Алғашқы кезде көмек көрсетілгенімен кейінгі кезеңдегі елдегі әлеуметтік - экономикалық қиындықтарға байланысты отандастарымыздың бір тобы жергілікті ортаға бейімделе алмады.

Монғолиядан бастау алған алғашқы ұлы көш 1991 жылдың наурызында ел аумағына «еңбек шарты» бойынша ұйымдастырылды. Ол кезеңде тәуелсіздік жарияланып та үлгірмеген, көшті ұйымдастырып, реттеудің құқықтық тетіктері жасалмаған болатын. Бастапқыда кеңестік жүйенің тетіктері мен инфрақұрылымдары (колхоз, совхоздар, мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық субъектілері) ыдырамаған кезеңнің өзінде 13188 жанұя (61609 адам) қоныс аударуы шеттегі ағайынның атамекенге деген ыстық ықыласы мен ынтасының куәсі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сырттағы қандастарымыз тарихи отанға жаппай көше бастады. Кеңес үкіметі кезеңінде тағдырдың тәлкегімен туғандарынан ажырап, ата-жұртынан жыраққа кеткен қазақтардың алғашқы тобы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ақ ата жұртқа деген сағынышпен елге орала бастады. Бұл кезеңде Қазақстанның да сырттағы қандастарымыздың да жағдайы біршама тәуір еді. Ең алдымен тарихи Отанына қоныс тепкен Монғолиядағы қазақтар болды. Олардың негізгі бөлігі Алматы облысының аумақтарына, қалаға іргелес елді-мекендерге қоныс тепті. Алғашқы кезде көмек көрсетілгенімен кейінгі кезеңдегі елдегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға байланысты отандастарымыздың бір тобы жергілікті ортаға бейімделе алмады.

Монғолиядан келген оралмандар Көксу ауылдық округіне қарасты Қосағаш ауылында, ал Қытай Халық Республикасынан келген азаматтар Жайнақ, Қаспан, Қарашоқы, Талдыбұлақ ауылдық округтерге қарасты елді мекендерде шоғырланған.

Көштің алғашқылары болып 1991 жылдан бастап келе бастаған отандастарымыз, Монғолиядан келген қандастарымыз түгелімен азаматтыққа қол жеткізген. Негізгі зерттеу жүргізіліп отырған Кербұлақ ауданы бойынша Кербұлақ ауданы бойынша Монғолиядан келген отандастарымыздың азаматтығы жайлы мәліметтер төменде кестеде келтірілген .

Кесте №1. Монғолиядан келген оралмандардың азаматтықтары жайлы мәлімет [2].

№	Округ аты	Отбасы саны	Адам саны	Моңғолия				
				Отбасы саны	Адам саны	Азаматтық алғандар саны	Азаматтық алу үшін құжаттарын өткізгендер	Құжаттарын өткізгендер саны
1	Сарыөзек	55	216	47	202	201	1	-
2	Жоламан	12	64	-	-	-	-	-
3	Қарашоқы	29	145	15	76	75	1	-
4	Шанханай	6	25	5	20	20	-	-
5	Қаспан	18	73	2	2	1	1	-
6	Алтынемел	8	29	4	13	12	1	-
7	Жайнақ	26	147	22	128	128	-	-
8	Қоғалы	8	35	8	35	33	2	-
9	Талдыбұлақ	34	216	32	203	202	1	-
10	Шұбар	4	14	3	10	10	-	-
11	Көксу	48	239	43	217	208	4	5
	Барлығы	248	1203	181	906	890	11	5

Жалпы, Алматы облысы Кербұлақ ауданы бойынша 11 ауылдық округ бар. Соның ішінде Сарозек кенті бойынша азаматтығы бар отандастарымыз 201, Қарашоқы 76, Шанхай 20, Қаспан 1, Алтынемел 12, Жайнақ 128, Қоғалы 33, Талдыбұлақ 202, Шұбар 10, Көксу 208 барлығы Кербұлақ ауданы бойынша 890 азаматтығын алған Монғолиядан келген отандастарымыз тұруда. Ал, азаматтық алу үшін құжаттарды өткізгендер Сарыөзек кенті бойынша 1, Қарашоқы 1, Қаспан 1, Алтынемел 1, Қоғалы 2, Талдыбұлақ 1, Көксу бойынша 4 азаматтар Алайда өзімізге белгілі шет елден келген отандастарымыз келген жерінде тұрақтап қалмаған, Қазақстан Республикасы өз ішінде көшіп өздеріне қолайлы ортаны іздеуде.

Отандастарды төл ортаға бейімдеудегі ең басты мәселе оларды баспанамен қамтамасыз ету болып табылады. Баспанамен қамтамасыз етілсе, әрі қарай әркім өз тіршілігін алып кете алады. Осы салада әрине мемлекеттің күзіреттігі жоғары. Шет елден келген отандастарымызды баспанамен қамту мемлекетіміздің көші-қон демографиясының заңына сәйкес жүзеге асады. Осы орайда айта кететін мәселе, шет елден келген отандастарымыздың барлығы баспанамен қамтылмаған. 100 пайыз баспанамен қамтылған отандастар Монғолиядан келгендер екені зерттеу жұмысы барысында дәлелденді. Мысалы, төменде келтірілген кестеде Алматы облысы Кербұлақ ауданының барлығы 11 ауылдық округ бойынша отандастарымыздың баспанамен қамтылуы жайлы мәлімет келтірілген.

Кесте № 2. Кербұлақ ауданы бойынша 1991-1993 жылдары Моңғолиядан келген оралмандардың тұрғын үймен қамтамасыз етілгендігі туралы мәліметтер (31.10.2005 жыл) [3].

№	Округ аты	Барлығы		Баспанасы барлары, оның ішінде		Баспанасы жоқ оралман отбасылары
		Отбасы саны	Адам саны	өз қаражатына сатып алғаны	Республикалық немесе облыстық бюджет есебінен	
1	Сарыөзек	46	201	20	22	4
2	Қарашоқы	15	76	6	8	1
3	Шанханай	5	20	3	2	-
4	Қаспан	2	2	2	-	-
5	Алтынемел	3	12	2	-	1
6	Жайнақ	22	128	11	10	1

7	Қоғалы	8	35	5	3	-
8	Талдыбұлақ	32	203	20	9	3
9	Шұбар	3	10	1	2	-
10	Көксу	43	217	33	9	1
11	Басши	1	1	-	-	1
		180	905	103	65	12

Кестеде келтірілген мәліметтерден біз негізгі зерттеу жүргізіп отырған Жайнақ батыр ауылдық округі бойынша 10 отбасының мемлекеттік бюджет есебінен баспанамен қамтамасыз етілгендігін байқаймыз. Соның ішінде тек 1 отбасының ғана өз қаражатына баспана алғандығын байқауға болады. Қазіргі кезде аталған округтің Жаңалық және Қарымсақ ауылында ғана Монғолиядан кеген отандастарымыз тұрады. Жаңалық ауылында 4 отбасы, Қарымсақ ауылында туыстас екі отбасы тұрады. 1991-1993 жылдар аралығында аталған округке 22 отбасы көшіп келген болса, бүгінгі күні 6 отбасы тұрақтап аталған округте тұруда. 16 отбасы Қазақстанның басқа аудандаймен облыстарына тіпті кейбірі Қазақстан Республикасының бастан кешірген қиын экономикалық кезеңінде Монғолияға қайта қайтқан. Округте тұратын 6 отбасына барып сұхбат алыстық. Солардың бірі, Жаңалық ауылының тұрғыны, Қамқаш Татьяна 1962 жылы Баян-Өлгей ауданында дүниеге келген. Татьяна апайдың айтуы бойынша Қазақстанға 5 жылдық еңбек келісім шарты бойынша 1991 жылдың алтыншы айында Сарыөзек станциясына, Жаңалық ауылына келген көш бастаушылардың алғашқылары болғандығын айтты. Еңбек келісім шартымен келгендіктен келген күннің ертесінде-ақ совхозға сауыншы болып жұмысқа тұрғандығын айтты. Мемлекет үймен қамтамасыз етіп, Ісиыр бергендігін айтты. Татьяна апайымыз жұбайы Тұрдыбай Қойшыбайұлы және үш балаларымен жас отбасы бола тұра 29 жасында көшіп келген. 1991 жылы Монғолиядан отандастарымыз 5 жылдық еңбек келісім шарты бойынша жастар ауыл шаруашылығында совхозға жұмыс істеуге шақырылған болатын, солардың алғашқысы болып келгендердің арасында Қамқаш Татьянаның отбасы бар. Жаңалық ауылында тұрақтап қалған. Аталған отбасы еш қиындықсыз тарихи Отанына тез бейімделіп кетуіне алдымен баспанамен қамтамасыз еткендігі, совхозда жұбайы екеуіне де жұмыстың болғандығы көмек болды дейді.

Төл ортаға сіңісіп кетудегі тағы бір кедергі көптеген қоныс аударушылар өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алмайды. Себебі, оларды қоныстандыруда кәсібі бойынша жұмыс табылатын жерге емес, тұрғын үй немесе жер участогын бере алатын шаруашылықтарға бөлген. Дегенмен қазіргі кезде олардың көпшілігі өздерінің жеке кәсіпшілігін ашып алып күн көруде. Кебұлақ ауданы бойынша мамандығы бойынша жұмыс істейтін қандастарымыздың тізімі төменде кестеде келтірілген.

Кесте № 3. Кербұлақ ауданына қоныстанған зиялы қауым оралман өкілдерінің тізімі [4].

№	Аты-жөні	Қай жылы қай мемлекеттен келген	Қызмет орны, кәсібі	ҚР азамат- н алған уақыты	Мекен жайы, байланыс телефоны
1	Хасен Асқар	Моңғолия	Аудандық аурухананың дәрігері, реаниматолог	1999	Сарыөзек кенті, 31-8-34
2	Махай Роза	Моңғолия	Аудандық аурухананың медбикесі	1999	Сарыөзек кенті, 31-8-34 (ж)
3	Абзал Салима	Моңғолия	Талдыбұлақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі	1998	Талдыбұлақ ауылы, 9-12-30
4	Байғали Өзгеріс	Моңғолия	Қонаев атындағы орта мектептің мұғалімі	1999	Сарыөзек кенті, 31-3-55

Зерттеу жүргізіліп отырған Кербұлақ ауданы, бойынша алыс-жақын шет мемлекеттерінен қоныс аударған оралмандың жалпы саны 248 отбасы 1203 адам. Олардың 71 отбасына өзіндік қосалқы шаруашылық және бағбандық жүргізу үшін барлығы 879 га. жер телімдері бөлінген. Жалпы Кербұлақ ауданы бойынша 11 ауылдық округтің тек 6 округ бойынша алыс-жақынды шет елден келген отандастарымызға берілген жер көлемі келтірілген. Аудан бойынша тек 6 округте тұрақтаған отандастарымыз ғана жермен қамтылған [5]. Басқа округтерде жер мүлде берілмеген. Күн санап шет елден келген отандастарымыздың саны артуда, алайда мемлекет шет елден келген отандастарымыздың барлығын жер тілімдерімен қамтамасыз ете алмайтынын зерттеу жүргізу барысында аңғардым. Аталған жермен

қамтылған репатрианттардың көпшілігі 1991 жылдан бастап келген Монғолиядан қоныс тепкен отандастарымыз, сондай-ақ Қытай Халық Республикасынан ертерек келген отандастарымыз жермен қамтылған. Кейінірек, дәлірек айтқанда 2004 жылдан бері қарай келген отандастарымыз мүлде жер шаруашылығын жүргізуге жер алмаған.

Қазіргі таңда Кербұлақ ауданында 240 шет елден келшен оралмандар отбасы тұрады, жалпы саны 1189 адам. Соның ішінде Монғолиядан келген 179 отбасы, 905 адам тұруда. Алматы облысының көші-қон комитетінде 12 отбасы тұрғын үй алуда кезекте тұр, олар 1991-1993 жылғы Монғолиядан келісім-шарт бойынша келген отбасылары. Мемлекеттік бюджеттің жетіспеуі салдарынан тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген. Бастапқы кезекте көшті бастап келген отандастарымызға 67 тұрғын үй берілді, ал қалған отбасылар тұрғын үйді өз қаражаттарына сатып алған. Бүгінгі күні жеке шаруа қожалықтарымен айналысатын отандастарымыздың 71 отбасына 879 га жер берілген. Незігінен репатрианттар жер шаруашылығымен қатар мал шаруашылығымен және де қосалқы кәсіппен сауда, жиһаз жасаумен айналысады. Бүгінгі таңда 982 адам ҚР азаматтығын алған, 119- азаматтық алуға өтініш білдірген [6].

Зерттеу барысында қандастарымыз тарихи отанға оралғанда әлеуметтік ортаға бейімделуде негізгі аталған азаматтық алу, тұрғын үй мәселесі, шаруашылығын жалғастыруға қажетті жер мәселесі, мамандығы бойынша жұмысқа орналасу сияқта проблемалардың келе салғандағы туындайтын негізгі мәселелер екені айқындалды. Алайда отандастарымыздың аталған мәселелерді шешуде мемлекет тарапынан қолдау барынша көрсетілгенді де белгілі. Тарихи Отаанын қайтып, мемлекеттен қолдау алған отандастарымыздың бейімделуінде тек материалдық көмек ғана емес сонымен қатар психологиялық тұрғыда туындайтын мәселелердің бар екендігін айта кеткен жөн болар. Аталған проблемаларды шешу үшін алдымен проблемаларды зерттеп, шешу жолдарын айқындау қажет. Әлеуметтік ортада өз орнын тауып, жатырқамай, жасқанбай өмір сүруіне көмектескеніміз жөн болар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.kazakh.ru/news/articles/?a=8> Г.М. Мендикулова "Казахская диаспора и ирредента: история и современность." *tfa.kz* 28.09.03.
2. Алматы облысы Кербұлақ ауданыны Сарыөзек кентінің ішкі саясат бөлімінің мұрағатынан. Оралмандардың азаматтығы. Дайындаған: Л.Сағынғалиқызы. №127.25.01.2006
3. Алматы облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентінің ішкі саясат бөлімінің мұрағатынан. Дайындаған: Л.Сағынғалиқызы. Тұрғын үй. №120.31.01.2005
4. Алматы облысы Кербұлақ ауданыны Сарыөзек кентінің ішкі саясат бөлімінің мұрағатынан. Дайындаған: Л.Сағынғалиқызы. Зиялы қауым. №02/119.06.02.2006 ж.
5. Алматы облысы Кербұлақ ауданыны Сарыөзек кентінің ішкі саясат бөлімінің мұрағатынан. Жер тілімдері. Орындаған: Л.Сағынғалиқызы. №02/121.06.02.2006 ж.
6. Алматы облысы Кербұлақ ауданыны Сарыөзек кентінің ішкі саясат бөлімінің мұрағатынан. Дайындаған: Л.Сағынғалиқызы. Хат: облыс прокуроры С.Р.Тұрсыновқа.

УДК: 94(574)“1650”:327
МРНТИ 03.01.09

Қ.С. Қазыбекова¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 6М011400 мамндығының 2-курс магистранты,
Алматы қаласы, seidalynin_kalamkasi@mail.ru

ЖӘНГІР ЖӘНЕ ТӘУКЕ ХАНДАР ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ- ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Салқам Жәңгір мен Тәуке билік еткен қазақ хандығы тұсындағы қазақ-жоңғар қатынастарына деректер арқылы талдау жасалған. XVII ғасырдың екінші жартысындағы әкелі балалы қазақ хандарының көрші елдермен жасаған дипломатиялық байланыстары мен келіссөздері қарастырылады. Халық арасында Салқам Жәңгір атанып кеткен қазақ ханының қазақ жоңғар қатынастарын реттеуге бағытталған ішкі, сыртқы саясаты зерттеушілер еңбектері арқылы талданған. Сонымен қатар әкесінен кейін тақ мұрагері болған әз Тәуке ханның ұстанған ішкі, сыртқы саясаты мен көрші елдермен жүргізген келіссөздері соның ішінде Бұхар хандығы мен Ресей мемлекетімен жасаған саяси, әскери байланыстарына шолу жасалған.

Кілт сөздер: шонжар, князьдар, шорос, хошоуыт, дүрбет, хойттар, контайшы, шах, сұлтан, қазақ-жоңғар қатынасы

Аннотация

К.С. Казыбекова¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби
факультет истории, археологии и этнологии, магистрант 2 курс,
seidalynin_kalamkasi@mail.ru

КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ ЖАНГИР И ТАУКЕ ХАНА

В статье анализируются источники по казахско-джунгарским отношениям в период правления казахского ханства Салкам Жангиром и Тауке ханом. Также рассматриваются дипломатические отношения и переговоры с соседними странами казахских ханов второй половине XVII века. В данной статье исследуется внутренняя и внешняя политика прозванного среди народа хана Казахского ханства Салкам Жангира, направленная на урегулирование казахско-джунгарских отношений. Также сделан обзор по внутренней и внешней политики Тауке хана, который был наследником своего отца, в особенности с Бухарским ханством и Российским государством.

Ключевые слова: влиятельные люди, князья, шорос, хошоуыт, дурбет, хойты, хунтайши, шах, султан, казахско-джунгарские отношения.

Abstract

K.S. Kazybekova¹

¹al-Farabi KazNU, Faculty of history, archaeology and ethnology, master student of second year,
seidalynin_kalamkasi@mail.ru

KAZAKH-JUNGAR RELATIONSHIP BETWEEN THE BOARD ZHANGIR AND TAUKE KHAN

The article analyzes the sources on the Kazakh-Jungar relations during the reign of Salkam Zhangir and Tauke Khan. It is also considered diplomatic relations and negotiations with neighboring countries of Kazakh khans in the second half of the seventeenth century. This article explores the internal and foreign policy aimed at settlement of the Kazakh-Jungar respect of khannamed Salkam Zhangir among the people of Kazakh Khanat. The article reviews internal and foreign policy of Tauke Khan, who was the heir of his father, especially policy with Bukhara Khanate and the Russian state.

Key words: influential people, princes, shoros, hoshouyt, durbet, Hoyt, huntayshi, Shah, Sultan, Kazakh-Jungar relations.

Қазақ хандығы құрылып, өзінің мемлекет ретінде заңды құқығын дәлелдеп, көршілес мемлекеттермен қарым-қатынастар орнатып, дамуында талай аласапыран заманнан өтті. Керей мен Жәнібек хандар негізін қалап, төңірегіне түбі бір туысқан тайпаларды жинақтап, территориялық тұтастық пен мемлекеттілікті қалыптастыруды кейінгі ұрпақ жалғастырды. Бұл жолда ел билеушілері Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке хандар есімдері тарихымызда алтын әріптермен жазылды. XV-XVIII ғасырлар арасында Қазақ мемлекетінің іргесін бекітіп, оны сақтау, кейінге аманаттау олардың басты міндеті болды. Оның жолында көршілес халықтармен – орыс-казактары, жоңғарлар, XVI ғасырдың екінші ширегінен бастап Еділ қалмақ-тары, Орта Азиялық хандықтармен қанды күрестер өршіді.

Шорос, хошоуыт, дурбет, хойттардың бірігуі негізінде 1635 жылы құрылған Жоңғар хандығының қазақ даласына шабуылдары күшіе түсті. Жоңғар мемлекетінің бірігуі, сыртқы саяси қызметінің артуы қазақ даласында Есімнің ұлы Жәңгірдің билік еткен кезіне келді.

Жәңгір тарихи әдебиеттерде Салкам Жәңгір, орыс деректерінде Янгир, мұсылман деректерінде Жаһангер деген атпен белгілі. Ел арасында Жәңгір хан бойы аласа, бірақ денелі кісі екен. Сол себепті де халық оны "Салқам Жәңгір" атап кеткендеседі. Енді бірде Орбұлақ шайқасынан кейін Жәңгірге «Салқам» (айбатты) деген ат берілді дейді.

Салқам Жәңгірдің өмір сүрген жылдары туралы мәлімет екі түрлі кездеседі. Бірде туған жылы белгісіз, қайтыс болған жылы 1652 деп берілсе, бір деректер Жәңгір 1608 жылы туып, 1680 жылы қайтыс болған деп көрсетеді.

Жәңгірдің хан сайлануы туралы Мәшхүр Жүсіп Көпеев: «Есім ханнан кейін, оның баласы Салқам Жәңгірді хан көтерген», - деп жазады, - Бұл кезде қалмақтың қонтайшысы күшейді. Қазаққа дамыл бермей, тыныштық көрсетпеді. Қысқа күнде қырық шапқан. Соғыс болса қалмақтың иығы аса берген. Жоңғар жеңген жерде, қазақты тырп ете алмастай қылып, ойсыратып, шауып кете берген. Қазақ сондай қатты қырғынға ұшырағаннан кейін іле –шала жиылып, қалмақпен соғыса берген деседі. Осы тарихи кезең туралы тағы бір де Мәшхүр Жүсіп Көпейұлы : «Есім ханнан кейін қазақ жүдеубас болады. Ташкеннен айырылып қалады. Тақ Түркістанда қалады», - деп жазған [1,120 с.].

Бұл мәліметтер Есім ханнан кейін ұлы Жәңгірдің хан болғандығын, оның билігі тұсында қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленіскен тұсы екенін анық аңғартады. Сол кезеңдегі тарихи мәліметтерге сүйенсек, Жәңгір хан тұсында қазақтар мен жоңғарлар арасында үш ірі шайқас болған.

«XVII ғ. 30-жылдарында ойрат одағына енетін тайпалар арасында күрестер күшейіп, талас-тартыстар белең алды. Дүрбеттер көсемі Далай тайшы, шорос көсемі Харақұла тайшы, торғауыттар көсемі Хоурлік, хошоуыт көсемі Хүндүлен тайшы және тағы басқа тайпалар көсемдері жеке-дара билікке ұмтылды. Бұл күрестің нәтижесінде торғауыттар – батысқа, хошоуттар – Тибетке қарай қоныс аударады да, ойраттар жерінде шорос тайпасының ролі артып, жалпы билік осы тайпаның көсемі Харақұлаға көшеді. 1634 жылы Харақұла қайтыс болып, ойрат тайшыларының кеңесінде (чулганында) оның ұлы Хото Хоцин Батыр хошоуыттар көсемі Байбағас тайшымен бірдей дәрежеге ие болып, Далайлама оған қонтайшы дәрежесін береді. Сөйтіп, Батыр хонтайшы ойрат одағының жеке-дара билеушісіне айналады» деген мәлімет келтірілген И.Я.Златкиннің «Жоңғар хандығының тарихы» атты еңбегінде [4, 74-98 с.].

Ал, Моисеевтің еңбегінде «Сол кездегі орыс деректерінде бұл туралы: 1635 жылы Тобольскіге келген татар князі Абак: «қара қалмақ тайшылары: Талай тайшы, қонтайшы Кужи тайшы, Тоургача тайшы барлық қара қалмақтарымен Қазақ ордасына шабуыл жасап, үлкен шайқас болды. Қара қалмақтар Қазақ ордасының халқын қырып, Есімнің ұлы сұлтан Жәңгірді тұтқынға алды, Есім Қазақ Ордасының ханы еді», - дейді [3, 43 с.].

Жәңгір ханның бұл тұтқыннан кездейсоқ босауы туралы нақты деректер бізге жетпеген. Десе де, сол кезеңдегі жоңғар мемлекетінің ішкі қоғамдық қатынастарын зерттеу осы сұраққа жауап беруі мүмкін.

Батыр хонтайшының жоңғар тағындағы билігі хандықтың сыртқы саяси жағдайын біршама тұрақтандырғанмен, ішкі қоғамдық қатынастарында тұрақтылық болмады. Батыр хонтайшыға ішкі саяси тұрақтылық орнатуға кейбір жергілікті тайпа көсемдерінің орталық хандық билікке бағынбауға, өздерінің жеке-дара биліктерін сақтап қалуға немесе қалпына келтіруге тырысуы кедергі келдірді [4, 108-110 сс.].

Дәл осы ішкі қайшылықтар Жәңгірдің жоңғар тұтқынынан кездейсоқ жағдайдағы босап шығуына әсер етуі де мүмкін.

1643 жылы екінші ірі шайқас болды. Орбұлақ шайқасы деген атпен енді тарихқа. Жәңгір хан шайқастағы қазақ қолын өзі басқарған. Батыр қонтайшы 50 мыңдық әскермен, 1643 жылы қазақтардың жайылымдарына басып кіреді. Әуелі ойдағыдай басталған жорық соңы, қонтайшының жеңілісі мен қалмақтардың үлкен шығынмен және артқа шегінуімен аяқталды. Қырғыздар мен Бұхар хандығы әмірінің алшын Жалантөс би басқарған әскері осы жорықта қазақтар жағында күресті [2,309 с.].

Златкиннің еңбегінде, қазақтарға қарсы жорықтың 1643 жылдың қысында басталып 1644 жылдың жазының ортасына дейін созылғандығы айтылады. Сондай-ақ Батыр қонтайшы басқарған одаққа ойраттардың белді шонжарлары (князьдары), Еділ бойындағы Қалмақ хандығының билеушісі Хоурлік қатысқан делінген [4, 130-131 сс.].

Орбұлақ шайқасында ойсыра жеңілген Батыр қонтайшы жорықтан бас тартқан жоңғар шонжарларына ішінара қарсы күрес жүргізіп, жоңғар хандығының қоғамында өзара бытыраңқылық пайда болады.

Бізге жеткен деректер Батыр қонтайшының 1645 жылдың көктеміне белгілеген Жәңгірге қарсы жаңа шабуылының нақты жүзеге асқан аспағандығы туралы нақты жауап бермейді. Осы уақытта Жәңгір ханның Жоңғар мемлекетіндегі одақтасы Хүндеден тайшыға қарсы белсенді қимылдарға дайындық басталғанын ескеретін болсақ, бұл жорықтың жүзеге аспағандығы туралы ой қорытуға болады.

Деректер 1644 жылы Жоңғар хандығында аштықтың болғандығын дәлелдейді [4, 132-134 сс.].

XVII ғ. ойрат ғалымы Зая-Пандитыдың биографиялық дерегі бойынша қалмақтардың шабуылы тек 1652 жылы жүзеге асқан. «Биографияда осы жылы (1652 ж.) – Цэцэн хан буруттарды бағындырды. Осы жорықта 17 жасар Галдан Жәңгір ханды өлтірді» деген мәлімет келтіріледі [2, 309-310 сс.].

Жәңгір хан билігі тұсындағы қазақ – жоңғар қатынастарына баға беру Жәңгір ханның жоңғар қоғамындағы ішкі саяси жағдайды тиімді пайдалана білгендігін, көрші елдермен дипломатиялық қатынастар орнатқандығын, аз санды әскерімен күші он есе жауға тойтарыс бере білген мықты қолбасшы бола білгенінде аңғартады. Осындай ерен ерліктеріменде ол тарихи тұлға.

1681-1684 жылдары күшейген Галдан басты назарын Қазақ хандығына аударып, жиені Цеван-Рабданды аттандырды. Дәл осы шиеленісті кезеңде қазақ елінің ертеңгі тағдыры Жәңгір хан ұлы Тәукеге жүктелді. Ата шежіре бойынша оның анасы қалмақтың хошоуыт билеушісі Күндеден тайшының қызы екен. Күндеден тайшының Жәңгір ханды жақтаған жоңғар хандығындағы одақтасы екенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Шәкерім қажы «Тәуке Салқам Жәңгірдің қалмақ әйелінен туған баласы еді», - деп мәлімдеді [5, с.96]. М.Тынышпаев «қалмақтар Жәңгір ханмен келісімге келу мақсатында қонтайшының қызын берді, одан Тәуке дүниеге келді. Тәуке хан нағашы жұрты – қалмақтарға әкесі мен атасының

саясатын ұстанып, қазақтарға шабуыл жасамас үшін оларға үнемі шабуыл жасап отырды», деп қорытынды ой шығарған еді [6, с.161]. 1649-1650 жылдары Тәуке сұлтан есімі алғаш рет Шығыс Түркістанға барғаны туралы Фазыл Чоростың еңбегінде аталады. Еңбекте: «Сол кезде Жәңгір ханнан Жүніс қожа атты елші келді, ол шейх Хаван Тахур әулетінен тараған. Мына жақтан Софы қожаны, Сеид Мұхаммед қожаның баласын жібереді. Ал Жәңгір хан Софы қожамен өзінің баласы Тәуке сұлтанды жібереді» деп айтылады. Есім хан өз заманында Шығыс Түркістанды билеген Әбді Рахым ханның қызын алған. Сондықтан Жәңгір хан балаларын нағашы жұртына жиі жіберіп отырған [7, 10 б.]. Бүгінге дейін Тәукенің таққа отырған жылы жазба деректер негізінде 1678-1680 жылдар қабылданды. Қазақтарды бағындыруға ұмтылған, алдымен, Цеван-Рабдан оңтүстік Қазақстан-ды тонап, Тәуке ханның ұлын қолға түсіреді. 1684 жылы ойраттар Сайрамды, кейін Тараз қаласын басып алды. Осы тұста мұсылман деректері ойраттар билігі «шығыста Комул мен Баркулге, батыста Ташкент пен Сайрамға, Оңтүстікте Карангу-Тағаға дейін тарағандығын» мәлімдейді [8].

Галдан 1686 жылы қазақтарға қарсы әскерін жіберіп, Жетісуды басып алады. Бұл туралы В.В.Бартольд «содан бері ойраттардың Жетісудағы билігіне ешкім таласпады», - деп жазған еді [9, с.84-85]. Жоңғарлар шайқаста жеңіске жеткенімен қазақтар атамекені үшін күресті тоқтатпады. Осы тұста жоғарыдағы В.В.Бартольд пікірімен келісу қиын. Тәуке хан Орта Азия хандықтары мен Ресейге мәселені шешу мақсатында елшілік жіберді. 1687-1688 жылдары ол Бұхара ханы Сыбанқұлмен келіссөз жүргізіп, саудасаттық, Ташкент қаласы мәселелерін талқыға салса, 1686-1693 жылдары Сібірге бес елшілік аттандырды. Осы келісімдерден кейін Тәуке әскерін жинап, Бұхарадағы Сыбанқұлға хабар салып, оның 10 мың әскерін алып жоңғарға аттанған. 1688 жылы 30 наурызда Томск воеводасы С.Вяземский Москваға қазақтардың Бұхарамен бірлесіп, 1687 жылдың екінші жартысында - 1688 жылдың басында Галдан әскерін және оны қолдаған қырғыздарды жеңгендігін, жоңғарлар батыс жайылымдарынан айрылғандығын хабарлады [10, с.571]. Тәуке ханның Ресеймен қарым-қатынасқа айрықша назар аударуы өзара байланысты нығайтуға септігін тигізді. 1687 жылы бостандыққа шығарылған орыс тұтқындарымен бірге Тобыл қаласына Тәшім батыр бастаған қазақ елшілігі жіберілді [10, с.388-389]. Қазақ елшілері көрші елді тиімді сауда-саттыққа шақырып, орыс-жоңғар байланыстарын анықтады. Қазақ-орыс келіссөздерін 1689 жылдың аяғы мен 1690 жылдың басында Тобыл әкімшілігінде Тұманшы батыр бастаған елшілер жалғастырды. Мұның өзі 1687 жылғы келісімнің жалғасы болғандығын айғақтайды. Осы аралықта Сібір әкімшілігіне қазақтардың Галданмен соғысып, жеңіске жеткені туралы хабарлар жетті. Тіпті қазақтар жағында Галданның туған немере інісі Чокур де болған. Чокурдың қазақ даласында тұрып, қазақтарды қолдау себебін Конженачко «Қонтайшы өз бауыры, Чокурдың әкесін өлтірді. Чокур қазақтарға кетті», - деп түсіндіреді. Қазақтар 1689 жылдың басында да қонтайшының иелігін тағы бір шауып алды. Тұтқыннан 200 қазақ босатылды. Тәуке ханның монғол ханымен бірлесуі жоңғарлардың жеңілісіне әкелді [10, с.392,394-395]. Кеңестік зерттеушілер қазақтар жеңісін Тәшім басқарған келіссөздер нәтижесі және 1689, 1690 жылдары Жамыш көлі маңында жоңғарлар шабуылы кезінде орыстар көмектесті деген қорытынды шығарған-ды [11, С.30].

Тәуке хан Ресеймен достық қарым-қатынастың маңыздылығын жете түсінгендіктен 1693 жылы күзде І Петр патшаға Тайқоңыр бастаған елшілікті жібереді. Хан хаты арқылы біз орыс шекарасына еш рұқсатсыз шабуыл жасаған Қазы сұлтан екендігін, оның тәртіпке шақырылатындығын және Сары бидің өмірден озғандығын анықтаймыз. Тәуке хан Келді биді босату үшін өзіне келген орыстарды босатып, олардың ішінен Тобыл боярының баласы А.Неприпасовты ұстап қалды. Тобылға келген татар Тауш мерген «Тобылдан Түркістанға келген орыс саудагерлерін Қайып сұлтан, кейін Тәуке хан балалары Тұрсын мен Болат күтіп алды. Тәуке хан Келді босатылмайынша А.Неприпасов осында қалатындығын мәлімдеді», - деп жеткізеді. Бұл хабарды Тайқоңыр да ерекше атап өткен болатын [10, с.404]. Тобылға жеткен хабарлардан орыс елді мекендеріне қазақтар мен қарақалпақтардың шабуыл жасағандығы дәлелденеді. 1694 жылы 4 сәуірде орыс әкімшілігі Тәуке ханға Ф.Скибин мен М.Трошинді Тайқоңыр батырға қосып аттандырады. Осы жолы олар Тобылда 1690-1691 жылдан тұтқында жатқан Келді биді де босатады. Орыс елшілері Түркістанға 22 шілдеде жеткен. Кездесудің алғашқы күні-ақ Тәуке хан Ф.Скибин мен М.Трошинге: «Түрік сұлтанының немесе Иран шахының Тәуке ханнан несі артық? Олар да оның өзіндей!», деп ескертіп, ешкімге бас имейтіндігін дәлелдейді. Елшілердің анықтауынша, Тәуке хан 19 қыркүйекте 20 мың әскерімен жоңғарлар иелігіндегі қытай-қыпшақтарға шабуыл жасап, 2 қаласын басып алған [10, с.407-417].

1697 жылы 13 наурызда Галдан қайтыс болды. Әлсіреген жоңғарлар Цеван Рабданның төңірегіне топтаса бастады. Жаңа билеуші Еділ қалмақтарымен туыстық қатынасты жаңаша жолға қойды. Мұндай өзгеріске Тәуке хан бей-жай қарай алмады. 1698 жылы жаңа қазақ-жоңғар, қазақ-қалмақ соғысы бастал-

ды. Цеван Рабдан Қытай императорына «қазақтармен амалсыздан соғысудамын» деп жазуға мәжбүр болды. Ол Тәукенің тұтқындағы ұлын босатып, жанына 500 қалмақ ертіп Түркістанға аттандырды. Қытайға жазған хатында ол «Тәуке мен жіберген тайшы Урхедей Батурды өлтірді, адамдарды тұтқындады. Аюкеден шыққан керуенді тонады, маған қалыңдыққа жіберілген Аюке қызын әкеле жатқан адамдарға шабуыл жасады», - деп өкпе-назын жеткізді [6]. Араға уақыт сала Қытаймен түсініскен Цеван Рабдан Қазақстан бағытына 40 мыңдық әскерін жіберді. Оның соңы Ұлы жүз қазақтары ұлыстарының талқандалуымен, 10 мың адамның тұтқынға алынуымен аяқталды [3]. Тарихшы И.Я.Златкин «1698 жылғы соғыс ойрат-қазақтардың жаңа қақтығыстарына бастау болды», - деп анықтады [4, с.62].

Қорыта келгенде XVII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-жоңғар қатынастары Жәңгір хан мен оның тақ мұрагері Тәуке заманына тура келді. XVII ғасырдың аяғындағы Тәуке ханның ойраттарға қарсы соғыстары да үлкен жеңіске қол жеткізе алмады. Бұл алдағы уақытта да қазақтардың ел мен жер бірлігін сақтап қалуы үшін барынша күш жинап, бірігуін қажет етті. Осы тұста көршілес халықтармен – орыс-қазақтары, жоңғарлар, XVI ғасырдың екінші ширегінен бастап Еділ қалмақтары, Орта Азиялық хандықтармен қанды күрестер өрши түскен кезең еді. Қазақ мемлекетінің іргесін бекітіп, оны сақтау, кейінге аманаттау олардың басты міндеті болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Артықбаев Ж.О. *Материалы к истории правящего дома казахов.* – Алматы: Ғылым, 2001. – 204с.
- 2 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. *Казахстан летопись трех тысячелетий.* – Алма-Ата: Рауан, 1992.
- 3 Моисеев В.А. *Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв.* – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 240 с.
- 4 Златкин И.Я. *История Джунгарского ханства 1635-1758.* – Москва: Наука, 1983. – 330 с.
- 5 Қазақстан тарихы (Қазіргі заманнан бүгінге дейін). *Бес томдық. II том.* – Алматы: Атамұра, 1998. – 640 б.
- 6 Тынышпаев М. *История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б.* – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 224 с.
- 7 Телеуова Э. *Тәуке сұлтан хандықтың ісіне жас күннен араласа бастаған // Аңыз адам.* – 2012. – №24(60) желтоқсан. – 10-11 б.
- 8 Чимитдоржиев Ш.Б. *Взаимоотношения Монголии им Средней Азии XVII-XVIII вв.* – М., 1979. – С.23; Басхаев А.Н. *Ойраты. Воины Великой степи.* – С.110
- 9 Бартольд В. *Очерки истории Семиречья.* – Фрунзе, 1943.
- 10 *История Казахстана в русских источниках. Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв.). Том I.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 704 с.
11. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. *Казахстан в составе России в XVII – начале XX века.* – Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. – 241 с.

UDC 94 (=5121):502
МРНТИ 03.01.06

G.I.Mensitova¹

¹master of history, archaeology and ethnology., Kazakh national University after al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: gulnara02011966@mail.ru, mensitova_94@mail.ru

THE MAID-VIRAGO AS A RICH MODEL OF SOCIOCULTURAL RANGE TYPOLOGY OF TURKIC MEDIEVAL SOCIETY

Abstract

The article represents experience of reconstructing the image of maid-virago in medieval history of Turkic history and culture based on the sources, relating to both traditional history and a system of oral and folk arts significant site. *The image of a maid-virago as a lover of liberty, possessing incredible strength, strong character, ascending to ancient sources of matriarchy era is common for these epic legends.* The image of a maid-virago well prevailed in medieval literature traditions, but Turkic peculiarity of this type was the influence of generic relations that determined its specificity. Alongside with that, realistic features, reflecting real position of Turkic woman can be seen in legends heroines. The summary of this problematic investigation is provided in this article. The Author analyses images of mothers, sisters, beloved women of heroes based on a wide range of Turkic folk material. Special attention is paid to the image of a maid-virago in folk legends and eposes. This problematic is poorly investigated nowadays and requires for further researches.

Key words: maid-virago, Turki, nomads, Central Asia, antiques, sociocultural type.

Аннотация

Г.Б. Хабижанова¹

¹д.и.н., профессор

Г.И. Менситова²

¹магистр истории, археологии и этнологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: gulnara02011966@mail.ru, mensitova_94@mail.ru

ДЕВА – ВОИТЕЛЬНИЦА КАК ЯРКИЙ ОБРАЗЕЦ ТИПОЛОГИИ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО РЯДА ТЮРКСКОГО СРЕДНЕВЕКОВОГО ОБЩЕСТВА

В данной статье раскрывается образ девы-воительницы на основе источников, относящихся как к традиционному историческому, так и к комплексу памятников устного народного творчества, в средневековой истории и культуре тюркских народов. В данных эпических сказаниях общим является изображение образа женщины-воина как свобододолюбивой, обладающей неимоверной силой, сильным непоколебимым характером, которые восходят к древним истокам в эпоху матриархата. В средневековой литературной традиции образ девы-воительницы получило широкое распространение, но отличительной чертой данного типа у тюркских народов является влияние родового отношений, что в дальнейшем определило её специфику. Наряду с этим, в героинях эпосов прослеживаются реалистические черты, отражающие действительное положение женщины тюркских народов средневековья. Приведен обзор исследований этой проблематики. Автор анализирует на обширном фольклорном материале тюркских народов, образы матерей, сестер, возлюбленных богатырей. Уделяет особое внимание преемственности образа девы-воительницы в народных преданиях и эпосах. Данная проблематика мало изучена на сегодняшний день, и требует дальнейших исследований.

Ключевые слова: дева-воительница, тюрки, кочевники, Центральная Азия, эпические памятники, социокультурный тип.

Аңдатпа

Г.Б. Хабижанова¹

¹т.ғ.д., профессор

Г.И. Менситова²

¹тарих, археология және этнология факультетінің 1 курс магистранты, ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университет, Алматы, Қазақстан
E-mail: gulnara02011966@mail.ru, mensitova_94@mail.ru

ЖАУЫНГЕР-ҚЫЗ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ БІРҚАТАР ТҮРКІ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУЕТТІК МӘДЕНИ ТИПОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ

Мақалада дәстүрлі тарихи, халық ауыз туындыларының ескерткіштерінің кешеніне, орта ғасыр тарихындағы және түркі халықтарының мәдениетіндегі жауынгер-қыз бейнесіне қатысты дереккөздер бойынша қайта құру тәжірибесі берілген. Аталған эпостық аңыздарда жауынгер-әйелдің бейнесінің матриархат дәуірінің көне дереккөздерінен шығатын азаттықты сүйгіш, асқан күшке ие, жігерлі қайсар мінезі ортақ сипаттама болып табылады. Орта ғасырдағы әдебиет дәстүрінде жауынгер-қыздардың бейнесі кеңінен таралған, алайда түркі елдерінде аталған типтің ерекше сипаты рулық қатынастардың әсері болып табылады, бұл оның ары қарайғы ерекшелігін анықтады. Осымен қатар, эпостардың кейіпкерлерінде орта ғасырдағы түркі халықтарының әйелдерінің нақты жағдайын көрсететін шындыққа негізделген сипаттар байқалады. Бұл мәселені зерттеулерге шолу жасалған. Автор түркі халықтарының ауқымды фольклорлық материалында батырлардың аналарының, апа-қарындастарының, сүйіктілерінің бейнелері талданады. Халық аңыздары мен эпостардағы жауынгер-қыздардың бейнелерінің сабақтастығына ерекше көңіл бөледі. Аталған мәселе бүгінгі таңда аз зерттелген, және ары қарай зерттеуді қажет етеді.

Түйінді сөздер: жауынгер-қыз, түркілер, көшпенділер, Орталық Азия, эпостық ескерткіштер, әлеуметтік мәдени тип.

Introduction. Perception of a woman within the framework culture of nomadic medieval ages was specified by the peculiarities of the World picture. A sociocultural model, where images of mother, sister and wife, belonging to a symbolic space of the ideal, are interrelated and balanced within the image of a maid-virago, represents inclusion of a woman into social order of Turkic medieval society. The principal thing is that the combination of these images allowed for including a woman into sociocultural relations.

Alongside with that, it is critical for creating a full image of a woman in Turkic world history to investigate the image of a maid-virago, explained in the best folk literature works.

Problems of heroic epos of Turkic people are considered in works by V.Zhirmunskiy. Images of mothers, sister, and beloved women of heroes were investigated based on a wide range of folk material. “Epos of Central Asian people, occurred under the conditions of nomadic life- the Scientist said,- often represents a hero’s wife as the equal to him, clever and fearless adviser and helpmate. Such features are specific, for example, for Kanykei in “Manas”, Kortka- a wife of kypchak hero Koblandy, Burla-khatun- a wife of oguz hero Salor-Kazanand many others heroes-wives of Central Asian epos”[1, p.250].

A maid-virago in heroic fairy tale is represented a “famous woman-hero”, sounded by her strength. In hero fairy-tale, a maid-virago fights against many fiancés while waiting for “intended man”. Fights of a maid-virago with heroes are represented with the help of mythic features. “In mythological pictures of fights, maid-virago fights against heroes. Maid-virago and hero defeat each other by turns. For example, hero-main Kan-Kys (“Tsar-maid”) in one of Turkic-mongolian fairy tales has been fighting against the hero for seven years and wins the finale, that she fights for seven years with his sworn brother and wins, and then she fights again with the finale and the hero defeats her and she becomes his wife” [1, p. 257].

The due with a maid-virago, a daughter of Alyp Karakus giant fairytale bird is mentioned in Kazakh heroic fairy-tale “Talaspai-Mergen” among many others moments of epic biography of this hero. “When meeting, the maid lets fly to the hero from bow and then proposes him to fight. I will marry you if you win. The fight lasts for three days, Talaspai wins and a maid becomes his wife and then here leases prisoners from her house”. [2, p. 63]

More archaic plot of marriage contests between and fiancé and fiancée, batyr maid, is used much rare in batyr fairy-tales of Turkic people from typological point of view despite on the fact that the character of a maid-virago has a wide-spread occurrence not only in fairy-tales but in heroic epos (Oguz stories of Korkut cycle, “Alpamysh”, “Manas”, some folk tales of Kazakh-Nogai cycle, such as “Koblandy batyr” etc.) Fragments of ancient plot have a character of folklore anachronisms of fairy-tale character; one or two from three batyr contests are usually kept; defeated beauty always becomes a winner’s wife. [1, p. 365].

We should pay attention to the legend about Alpamysh. The character of his beloved woman Barchin corresponds with Alpamysh batyr character. In Kungrat version, Barchin is not a fairy maid-virago, fighting against her fiancés, as in “Bamsi-beirek” or Bashkir fairy tale, but she still has some features of physical power and bravery, ascending to old legend. Not without reason Fazyl calls her heroine a “batyr maid” (“alyp kyz”); he undoubtedly follows an ancient tradition in episodic description of steppe beauty image: “when she became full age, each her shoulder was fifteen arshins wide. Barchin tells Kalmyk batyrs, treating to force her, that she is stronger than they are. When rapist Kukamon catches her with hair, she has a strangle on him, lifts, throws to the air and having stroked down to the ground, steps to his chest with her knee so his mouth and nose are bleeding heavily. The kalmyk, who looked to her yurta tells batyrs that Uzbek’s daughter killed Kukamon” [3, p. 56].

Barchin is represented as a heroic girl, full of recognition of personal dignity, ready to fight for her love and happiness. [1, p. 238].

Moral firmness and brevity of a wife are represented mainly during difficult busy days in the absence of a husband, when she finds out about captivity or apparent death, under the reign of an enemy-winner or insidious relatives, threatening her with violence and dishonor in eposes of Central Asian people. Central Asian heroically epos, in accordance with real conditions of nomads’ off-duty life, in many cases put batyr’s wife towards such trials, which are met by Barchin as well as other abovementioned epos heroines [4, p. 47].

There is one more female character alongside with Barchin –Alpamysh’s sister Kaldyrgach, who possesses only bravery feature and firmness to compassion, combined with heart-piercing love to the brother born the same year. It is Kaldyrgach who made Alpamys to help his bride elect in spite of his father’s prohibition, threatening to laugh him down if he leaves his fiancée in deep waters. She and old man Kultai help him to select and kit the horse and see off to far and dangerous way. She supports Barchin and her rebellion to Ultan’s harassments, believes in Alpamysh coming back and is the closest participant of his celebration [4, p. 245].

Friendship between brother and sister is one of the most widespread topics of Turkic medieval eposes: brother and sister grow up together in single camp, sister is brother’s companion and helpmate, she gives him advices, shields from danger, delivers from captivity and revives her brother killed by subtle enemies [1, p. 136].

Kyrgyz epic “Manas” takes a special place in the richest treasury of Turkic epic art. By its grandiose scale, this epos exceeds all known monuments of world epic art. The character of maid-virago Saikal is very interesting in this epos, correlating with similar characters of Turkic-Mongol people, such as “Alpamysh”, “Talaspai-Mergen”-Kazakh epos, “Nuurgun Bootur the Violent”-Yakut olonkho, “Altyn-Parkyn”- khakkas epos. The most ancient versions of these eposes are ascending to common folklore traditions, because in all these poems the hero gets a fiancée when fighting against maid-virago [5, p. 15].

The image of woman in Kyrgyz epos celebrates not beauty but moral criteria, appeared during the life of nomadic-breeders. Female beauty is identified with courage, dexterity, mastery and only then with visual appeal. A woman in the epos is not only mother and mistress. She is a brave virago. Kanykei, Manas wife, wears chain mail during difficult time, gathers tight plaits to the helmet and ride a tulpar towards her enemy. Kanykei is a handywoman at peaceful time. In one of the chapters it is said that Manas wife did not sleep at night and made trousers for single combat made of special leather of wild goats: "skin of wild goats was fumed in coppertanks, hardened with apple bark, rumped, spanned and felted by ninety mistresses for nine days without a let-up and did not grudge their teeth when aligning nodes"[5, p. 17].

Considering the image of a maid-virago, we shall pay attention to "Koblandy-batyr" epic novel, which contains a high ideal directivity and perfection of artistic form. The main companion of Koblandy is Kortka- his wife and adviser. All researchers are consistent in evaluating Kortka as wise, humane, faithful, loving, beautiful and honest friend of Koblandy.

M.Auezov wrote about Kortka: «...Kortka, Koblandy`s wife, symbolizes deepness, wisdom, friend`s love, care, ability to foresee and eliminate difficulties and disasters, waiting for her husband...» [6, p. 172].

In this epos we can trace an image of Kortka as follows. First, we shall point out its beauty, tenderness, kindness; secondly- her wisdom and mind; thirdly – Kortka is represented as fearless, decided and persistent in achieving the set aim. Kortka appears as maid-batyr, companion-in-arms and wife of Koblandy, helping him to get out from the dungeon. When she lived in her parents` house, she said that she would become a wife of a batyr, who would protect the state and nation from enemies. She acts the same during pre-wedding trials: having defined Koblandy as such batyr, she is quick to involve him into trials and she is ready to select him if he wins. So, Kortka is a woman, corresponding to her destination to be wife and faithful friend of Koblandy-batyr[7, p. 122].

Another wife of Koblandy- Karlyga is one more bright female image. In this epos, she appears in the profile of batyr, fighting alongside with other batyrs, sometimes as a tender and loving wife, sometimes as a tragic image, full of anxiety and revenge. But in any case, she is clever, proud and goal oriented woman, able to protect both herself and her love. She helps Koblandy to run from imprisonment, and then he is in danger, she sacrifices her father and brother. "When the batyr leaves her, she throws to him and then to his son with a guard pin" [7, p. 45].

The main advantages of Karlyga character are her merit as a batyr. On the other side, deep humanity and readiness to help her friend in time of need bring her and Koblandy together. It is approved by description of batyr coming back from Koblykty and kypchaks release from Alshagyr`s pressure.

Talking about militancy Turkic women epic "The Book of Dede Korkut" tells the story of the feats of arms Burla Khatun - wife of Kazan Khan: "Forty slender maidens horses landed, black stallion lead told, she sat astride, with a sword girded, and [in search of his son] went ... Ms. Burla Tall black banner of the infidels sword sliced, trampled into the ground " [8, p. 108].

Representation of a maid-virago as a lover of liberty, possessing incredible power, strong character, ascending to ancient sources of matriarchy, is common for these epic novels.

Conclusion. The highest image of a woman as beloved one is commonly used in particular in Kazakh culture. In Kazakh eposes beloved woman, wife symbolizes the sense and aim of human life. Notes on special freedom of Kazakh women, their independence and openness to anything new are common for itineraries of all travelers of that time. This freedom is especially seen when comparing with neighboring eastern settled farmers cultures. "Yer minezdi" ("possessing virile character") is an expression, where traditional culture positively evaluates characterful woman, who expresses her opinion with respect to important issues openly and in the public, defending its opinion, acting in accordance with her position, unfeigned and not paltry woman, ready to go to the end.

References

1. Zhirmunskiy V. *Turkic heroic epos. Selectes.* – St.P.:Science,1974. – 727 p.
2. Lipets R. "Conquered woman" in *Turkic-Mongolian Epos (in particular of Siberian people)* // *Folklore and historical ethnography.* – M.: Science, 1983. – p. 42 – 74.
3. Zhirmunskiy V. *A story about Alpamys and heroic hairy-tale.* – M.:East Lit., 1960. – 336 p.
4. Gerassimova L. *Image of woman in Uzbek epos "Alpamys" and Yakut olonkho "eles bootur"* / *Philological sciences. Theoretical and practical issues (included into the list of the State Commission for Academic Degrees and Titles).* – Tambov: Gramota, 2015. № 12. Ч. 3.– P. 46 – 49.
5. *Manas: Kirghiz heroical epos. By variants of Sagymbai Orozbek uulu and Sayakbai Karalayev /ed. by Z.Bektenov, K.Nanayev/* – Bishkek, 1999. – 432 p.
6. Auezov M., L.Sobolev *Kazakh heroic epos //A decade of friendship. Sketches and articles about Kazakhstan.* - Alma-ata,1971. – P.168 – 195.

7. Koblandy batyr: Kazakh heroic epos. – M.: Science, 1975. – 444 p.

8. A book of my grandfather Korkut.Oguz heroic epos. Translated and commented by V.Bartold. – M. – L.: Academy of Sciences of the USSR, 1962. – 305 p.

ӘӘЖ 11-236

МРНТИ 03.01.06

А.Б. Сулейменов¹

¹тарих, археология және этнология факультетінің 1 курс магистранты,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: abzal-1990@mail.ru

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ПОЛКОВНИК Н.М. ИЗРАЗЦОВ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада ХІХ ғасырдағы Жетісу қазақтарының сирек қорларда кездесетін отбасылық әдет-ғұрыптары жайлы жазылған. Мақаланың негізгі дерек көзі болып Ресей шенеунігі Н.М. Изразцовтың «Этнографическое обозрение» журналының 1897 жылғы №3 және №4 сандарында «Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области» деген атпен шыққан дерегі болып табылады. Одан басқа, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатының «Дала генерал-губернаторлығының канцеляриясы» арналған деректер де қарастырылады. Бұл деректер мен қорларда ХІХ ғасырдағы Жетісу қазақтарының отбасылық әдеттік заңдары, некегелік, тұрмыстық, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастар айтылады. Жалпы айтқанда, қазақ мәдениеті мен тұрмыс тіршілігі жайлы зерттеулерді Ресейден шыққан ғалымдар емес, әскери азаматтары мен шенеуніктері жазған болатын. Сол себепті, Н.М. Изразцов қалдырған аталмыш өңірдің қазақтары жайлы этнографиялық деректерді терең зерттеуді талап етеді.

Кілт сөздер: адат, көшпелі өркениет, әдет-ғұрып, жесір, бәйбіше, тоқал, қалың мал, жасау.

Аңдатпа

А.Б. Сулейменов¹

¹магистрант 1 курс факультет истории, археологии и этнологии.

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
abzal-1990@mail.ru

СЕМЕЙНЫЕ ОБЫЧАИ И ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ СЕМИРЕЧЬЯ XIX ВЕКА ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛКОВНИКА Н.М. ИЗРАЗЦОВА

В данной статье рассказываются семейные обычаи и традиции казахов в XIX веке. Основные источники данной работы является статья Российского чиновника Н.М. Изразцова опубликованная в 1897 году в журнале «Этнографическое обозрение» под названием «Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области». Кроме этого были исследованы архивные документы данного автора в ЦГА РК в фонде «Канцелярии Степного генерал-губернатора». В этих материалах описываются семейные, имущественные, брачные отношения казахов Семиречья в XIX веке. В основном такие этнографические материалы нам оставили Российские чиновники и военные офицеры. Поэтому материалы полковника Н.М. Изразцова требуют тщательного изучения.

Ключевые слова: адат, кочевая цивилизация, обычаи, приданое

Abstract

A.B. Suleymenov¹

¹masters of history, archeology and ethnology, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
abzal-1990@mail.ru

FAMILY TRADITIONS AND CUSTOMS KAZAKHS REGION ZHETYSU XIX CENTURY IN THE MATERIALS COLONEL N.M. IZRAZTSOV

This article XIX century Jetyusu Kazakhs are rarely written about family traditions in the funds. Russia is the official main sources of the article N.M. Izraztsov "Etnograficheskoe obozrenie" magazine, numbers 3 and 4, 1897, "Obichnoe pravo ("adat ") kirgizov Semirechenskoy oblasti" is a fact of the origin of the name. In addition, the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan " Office of the Governor-General of the steppe " data are considered. These data and Kazakhs funds XIX century Jetyusu family customary laws, marriage, household, said the relationship between husband and wife. In general, the life of the life and culture of the Kazakh research scientists from Russia, wrote to military officials and citizens. Therefore, N.M. Izraztsov on the left living in this region and ethnographic data requires an in-depth study.

Keywords: adat, nomadic civilization, a custom, a widow lady, bride

Кіріспе.

Николай Михайлович Изразцов 1850 жылы 26 қаңтарда Тверь губерниясының әскери отбасысында дүиеге келген [1, 399-406 пп.]. 1870 жылы 3-ші Александровск әскери училищесін бітіріп, прапорщик қызметінде Түркістан артиллериялық бригадасына ауысады. 1872 жылдан 1883 жылға дейін Н.М. Изразцов Жетісу облысының Құлжа ауданы мен Тоқмақ және Қапал уездерінде әр түрлі әскери-шенеунік қызметін атқарады. 1883 жылы Верный уезінің басшысы болып тағайындалады. Н.М. Изразцовтың сәтті мансабы 1888 жылы кенет үзіліп қалады. Себебі, оның Жетісу облысының әскери губернаторы Ивановпен қарым-қатынасы нашарлай түседі. Николай Михайловичтің үстіне арыз, шағымдар түсіп, мемлекеттік қазынадағы қаражатты өз атына аударып алды деген айыптар түседі. Жалпы, Н.М. Изразцовтың ісі 1890 жылы дәлелсіз аяқталып, ол полковник шенімен Ярославль қаласына кетіп қалады.

Николай Изразцовтың жазабаларының пайда болуына әсер еткен Түркістан әкімшілігінің Жетісу облысын мекендеген көшпелі халықтар жайлы, әсіресе қазақтар мен қыздар туралы ақпараттарды жинастыруға бағытталған тапсырма болып табылады. Алайда, Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманның 1882 жылы кенеттен қайтыс болуына байланысты Николай Михайловичтің жинаған деректері көпшілік қауып арасында жарыққа шықпай қалады.

Н.М. Изразцов 1879-1881 жж. Жетісу қазақтары жайлы жазылған этнографиялық еңбектері екі нұсқада ұсынылып, біріншісі, көшпелілердің қарапайым құқықтарын зерттейтін Комиссия төрағасы Бродовскийге ұсынылады. Жазбаның екінші нұсқасы, қысқаша түрінде, 1886 жылы «Орыс географиялық қоғамының» Батыс-Сібір бөлімінде жариялау үшін жіберіледі. Алайда, оның деректері тек 10 жылдан кейін 1897 жылы ғана «Этнографическое обозрение» журналының №3, №4 сандарында жарық көреді. Қазіргі таңда Н.М. Изразцовтың жазбалары Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының «Дала генерал-губернаторлығының канцеляриясына» арналған қорда сақтаулы тұр. Одан басқа 2005 жылы 10 томдық «Древний мир права казахов» [2, 389-405 бб.] және 2011 жылы «История Казахстана в документах и материалах» [3, С. 161-266] деген кітаптарда қайта өңделіп басылып шыққан.

Негізгі бөлім.

Дала өркениетінің тарихында ғасырларға ұласқан оқиғалар мен өзгерістер болып отырған. Осындай жағдайда көне дәуірдің мұрасы ретінде қазақтар өзінің негізгі құндылықтарын сақтап қалды. Қазақ халқының тарихи құндылығының бірі – әдеттік-құқықтық (адат) жүйе. Адат жүйесінің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін ХІХ ғасырға дейін сақтап келді. Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің өміршендігінің екі себебі болды. Алғашқысы – көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық негізі, екіншісі дүниетанымдық құндылығын жоғалтпаған қоғамның сұранысы болды. Қазақтың әдеттік-құқықтық ескерткіші – көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихымен және өміршендігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен ерекшеленді [4]. Қазақ халқы Ресей бодандағын қабылдағаннан кейін біздің жерімізге мәдениетімізбен танысуға көптеп орыс және шетелдік зерттеушілер келді. Алайда, олар біздің тұрмысымызды жәй ғана зерттеп қоймай, патша үкіметінің түпкі ойы біздің дәстүрімізді жою арқылы ұлттық сана-сезімімізден айыру болды.

Н.М. Изразцов ХІХ ғасырдағы Жетісу қазақтары жайлы этнографиялық дерек қалдырғанымен, қазақ жұртына сыйластық сезіммен қарады деп айту қисынға келмейді. Не дегенмен ол отарлаушы үкіметтің бір мүшесі болып келді. Оның жазбасындағы ең басты аудартатын мәселе тақырыптың атауы «Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области» деп алғандығында. Бұл дегеніміз сонау мың жылдам астам тарихы бар көшпелі қазақтардың құқықтық нормаларына жәй заң деп қарастырудың өзі ешбір қисынға келмейді. Николай Михайлович тіпті «адат» сөзіне түсіндірме бермей кеткен.

Негізінен адат (әдеттік құқық) дегеніміз әке мұрасын мұрагерге қалдыру немесе бөлісуді белгілі тәртіпке келтіретін қажетті мұрагерлік заңдардың бірі. Мүлікті мұра ретінде алу және оны бөлісу сол дәуірдің әлеуметтік-экономикалық, жеке меншіктік, феодалдық қарым-қатынастардың күшеюіне байланысты көшпелі қазақтар мен Орталық Азияның өзге де халықтарында түрлі бағытта жүзеге асырылған. Бұл салада адат немесе әдеттік құқық ерекше рөл атқарған. Себебі, әке дүниеден озғаннан кейін оның мүлкі мұрагерлеріне заңды түрде өтуін реттейтін азаматтық нормалары сақталуы тиіс болған. Адат патриархалды-отбасылық қарым-қатынас жағдайында мүлікті мұраға алуда және оны бөлуде еркектерге қарағанда әйелдердің мұрагерлік құқының төмендігін көрсеткен [5].

Отбасы мүшелері арасындағы міндеттер мен құқықтар.

Ресей шенеунігі Н.М. Изразцовтың тікелей жазбаларына көшсек, ең қазақтардағы отбасы мүшелерінің міндеттерін қарастырамыз. Мәселен, ер жанұяда басшы, ол өз әйеліне және балаларына басшы болып қала береді. Әйел ұсталық жұмыстан бөлек, тамақ жасау, киім тігу және үйді құрастыру барлығы оның қолымен жасалады. Н.Изразцов қазақ ерлерінің іс әрекеті жайлы онша жақсы нәрсе жазбайды. Оның көзінше қазақ жігіті тек мал бағуды ғана білетін, әйелін ұрып-соғудан басқа ешнәрсе істемейтін кейіпте көрінеді [6].

Николай Михайлович өз деректерінде қалың мал мәселесін қозғап кетеді. Бұл мәселеде ол қазақ әйелі қалың малға болашақ жарына сатылып кетеді деп айтып кетеді. Күйеу сатып алған әйеліне зат ретінде қарап, онымен не істеседе өз еркінде.

Орыс зерттеушісі әйелдің отбасыдағы орны жайлы да ақпарат келтірген. Той томалақ, жиындарда, үйге қонақ келгенде әйел оларға тек қызмет қана атқарып қояды. Егер де сыйлы қонақ оның аузына ет немесе сүйек асатпаған жағдай болмаса, зайып ешқашан қонақтармен бірге тамақ жей алмайды. Бұл жерде байлардың әйелдерін айтпағанда. Сонымен, әйел бір дастарқанда, бір дастарқанна ас жеуге құқығы жоқ, ерге қарағанда төменгі дәрежедегі тірі жан ретінде есептеледі [6, 44-45 pp.].

Тек әйелдің өмірі ғана дәстүрмен сақталады. Ер әйелін өлтірген жағдайда, ол үшін дүние-мүлікпен әкесіне құн төлеу арқылы ғана жауап береді [7, 68-72 pp.].

Әйел тіпті өз өміріне де жауап бере алмайды. Ол өз жарынан кейін інілеріне немесе туыскандарына өтіп кете береді. Егер, жесірдің ұлдары болса, әйелдің қайта күйеуге шығу мәселесі өзіне байланысты болады. Күйеуі қайтыс болған әйел кәрі немесе ауру болса ғана екінші рет тұрмыс құра алмады. Егерде ол жас, дені сау, қыз балалары болса немесе мүлде баласы жоқ жағдайда жесір қайтадан күйеуге шығады [7, 68-72 pp.].

Мұндай қазақ әйеліне деген жанашырлықты тек Н.М. Изразцов қана жазды деп айтуға болмайды. Мысал ретінде, 1893 жылы Торғай облысы әскери губернаторының Ішке істер министрілігіне жазған хатында осы мәселе жайлы айтылады. Қазақ дәстүрі бойынша әйел сатып алынатын тауарға айналған. Күйеуінің ауру болуы, не ұсқынсыздығы, не өлімі әйелді босатпайды. Жарының физикалық жетіспеушілігіне қарамастан, оған сатылған қыз неке құрудан ешқашан бас тарта алмайды деп айтылады. Қазақ даласындағы әйелге деген осындай қарым-қатынас үшін, Торғай облысының әскери губернаторы қазақ әйелдеріне ермен бір тең құқық беруді сұраған [8, 2 p.]. XIX ғасырдың соңында Түркістан өлкесін зерттеген неміс этнографы Ф. фон Шварц та қазақ қоғамындағы әйелдің дәрежесі төмен екендігін өз еңбегінде атап өтеді [9, 181-183 бб.].

Қазақ ерінің әйелдерінің ішінде «бәйбіше» үлкен құрметке ие болғанымен, өзге әйелдердің арасында көшбасшы деген сөз емес. Көшпелілердің тұрмысында көшбасшылық іскерлік пен еңбекқорлық арасында ғана көрінеді. Осындай қасиетке ие болған «тоқал» (үшінші) барлық істі өзі басқаратындығы анық. Не дегенмен, барлық әйелдердің ойлатыны шаңырақтық беркесі, сондықтан «бәйбішеге» «ортаншы» мен «тоқал» сыйластықпен қарайды. Мұндай жағдай тек егер үш әйел бір үйде ғана өмір сүргенде болатын жағдай. Ал негізінен әр әйел бөлек киіз үйлерде және бір-бірінен алыс тұрады.

Мүліктік қарым-қатынас.

Н.М. Изразцов қазақ жанұясындағы мүліктік қарым-қатынас жайлы мынадай деректер келтірген. Дәстүр бойынша: «әйел тек өзіне ғана ие және өз басына ғана жауап бере алады». Бұл дегеніміз әйелдің ешқандайда мүлікке құқығы жоқ екендігін білдіреді. Қыз әкесінің байлығы мен тапқан табысына қарағанымен, оның барлығы оған тиесілі емес. Бүкіл байлық, мұра оның ағасы мен інісіне ғана беріледі. Мұрагер болмаған жағдайда оның барлығы ағайын туыскандарына өтіп кетеді. «Қыз тұрмыс құрғанда не алады?» деген сұраққа, ол ешнәрседе алмайды деп жазады. Менің ойымша Н.М. Изразцов мырза ер мен әйелдің арасындағы мүліктік қарым-қатынасты тым әсірелеп жіберген сияқты. Өйткені, қыз тұрмыс құрғанда оған ата-анасынан мідетті түрде өзіне тиесілі жасау берілу тиісті [7, 68-72 pp.].

Осы бөлімге арналған тақырыптың соңында ол жасау жайлы айтып кетеді. Николай Михайловичтің мұндай жазбаларынан кейін, біз оның қазақ дәстүріндегі ер мен әйел арасындағы қарым-қатынасты дұрыс түсінбегенін көреміз. Оның айтуынша жесір де ешқандайда мүлікке ие емес. Қыздарға берілген қалың малдан жасау жасалады. Жесір әйел балаларының кәмелет жасқа толмайынша мүлікке өзі қарайтындығы жайлы айтып кеткен.

Некелік қарым қатынастың шектелуі.

Орыс зерттеушісі Жетісу қазақтары арасында некелік қарым қатынастардағы тыйым салынатын жағдайларды сипаттап кеткен. Мәселен, жақын туысқандарымен неке құру дәстүр бойынша тыйым салынған, сондықтан да қазақтар мұндай некеден қашқақтайды. Н.М. Изразцов мырза дәстүр бойынша мұндай некеге тыйым салу болғанымен, оған қолданатын жазаның түрі жоқ екендігін айтады. Сонымен қатар, сегізінші, тоғызыншы аталыққа дейін кездесетін некелердің өзі сирек кездеседі. Қазақтар арасында өз болысынан қыз алу тіпті кездеспейді. Мұндай некеден жергілікті халықтың қашқақтайтын себебі, ұрпақсыз қалушылық болып табылады. Көптеген қазақтар екенші әйел алудың себебін алғашқы әйелдің бала тумайтынымен түсіндіреді. Николай Михайлович, қазақтар арасында күйеуінен ажырасқан, бала көтеріп үлгермеген, алайда, қалың малы аз әйелдерді жақсы алатындығын айтады. Мысалы, Сегізсар болысының орта жастағы, сұлулығымен ерекшеленбейтін, күйеуінің қатігездігінен ажырасып кеткен Бейіс деген әйелге төрт жігіт тұрмыс құру үшін ұсыныс жасаған [7, 68-72].

Қазақ қоғамында екінші әйел алу сүйек жаңғырту деп аталады. Бірақ, Ресей шенеунігі бұл жағдайды түсінбеген. Мәселен, ұзатылған қыз, демек күйеудің әйелі ұзақ жасамаса, оның артында баласы қалмаса, сол жылдан бастап сүйек жаңғырту дәстүрі деп басқа жерден екінші әйел алған.

Некелесудің жас ерекшеліктері.

Н.М. Изразцов жазбаларында қазақтардың некелесу барысындағы жас ерекшелігін атап кеткен.

Оның айтуынша, 15 жастан төмен еркек мен қыз некелеспейді, бұл дәстүр сұлтаннан бастап қарашаға дейін бірдей жүреді. Некелесу түсінігінде молданың неке қию дәстүрін орындауды айтады. Содан кейін жас келіншек күйеуінің үйіне кіреді. Алғашқы құда түсу күнінен бастап, қыз болашақ күйеуінің үйінде тұра береді. Мұндай жәйт тек жігіт пен қыздың жасы 13 кем болмаған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Кей жағдайларда қыздың қайын жұрт жағына кетуі 12 жастан да болады, ал неке 13 жаста қиылады. Әрине мұндай оқиғалар сирек кездеседі.

Бұл мәселеде, қазақтар қыздың ерте тұрмысқа шығуын «тұзды көп сақтама су бұзар, қызды көп сақтама сөз бұзар» деп түсіндірген. Қазақтар арасында некелесу жасындағы айырмашылық әлеуметтік жағдаймен байланысты болды. Байлар ұлдарын 12-15, кедейлер кешірек, тіпті 30 жасында үйлендірген. Бірақ мұндай жағдай, яғни 12-13-те үйлендіру белгілі бір жағдайға байланысты туындаған (жаугершілік, ата-ананың көзіміздің тірісінде міндетімізден құтылайық деуі т.б.), қызды енесі қасына алып, өзіне баулып тәрбиелеген, тек есейді дегенде ғана ұлымен қосқан. Ертеде қазақ отбасының бәрінде дерлік қызбаланы бесікте жатқан кезінде-ақ айттырылып қойылған. Ерте некелесу жаппай емес, сирек болған жәйт, көбіне қыздар 15 жастан кейін тұрмыс құрған [10].

Қорытынды.

Қортындылай келе, полковник Н.М. Изразцов мырза XIX ғасырдағы Жетісу қазақтарының тұрмысы мен отбасылық салт-дәстүрлері мен рулық қарым-қатынастары жайлы көптеген құнды деректер қалдырып кеткен. Алайда, жоғарыда атап кеткендей, орыс зерттеушісі қазақ салт-дәстүрі жайлы көп ақпарат қалдырғанымен олардың барлығына дерлік түсініспеушілік көзқарас білдірген. Оның деректерінде біздің аңғаратынымыз сол кезеңнің қазақтарының тұрмысы жайлы тек сырттан бақылап жазғандығын көре аламыз. Себебі ол Жетісудің жергілікті халқының салт-дәстүрлеріне терең үңіліп қарамаған. Қазақ халқының дәстүрі сонау мыңдаған жалдам астам уақытта қалыптасқан көшпелі мәдениет пен ислам өркениетінің таралуында жатыр. Айта кететін жәйт, қазақ жанұясында әйелдің орны әрдайым ерекше болған. Қазақ әйелінің шаңырақтағы түрлі жұмыстарды атқаруы көшпелілікпен байланысты болса, ал оның кйіз үйдегі бөлек орны ислам дінімен тікелей байланысты. Орыс зерттеушісі этнографиялық деректерді жазу барысында империалистік санада болғандығын байқаймыз. Тағы бір айта кететін мәселе, Н.М. Изразцов нақты бір қазақ ауылында белгілі бір уақыт өмір сүріп зерттемеген.

Не дегенімен, Николай Михайловичті XIX ғасырдағы орыс зерттеушілері арасында аталмыш өңірдің жергілікті халқына қатысты этнографиялық деректерді қалдырған жалғыз зерттеуші деп атасақ та болады. Алайда, мақалада Н.М. Изразцовтың тек әйел, неке қию мәселелері ғана талқыланып, неке қию шарттары, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, билер соты жайлы мәселелер қарастырылмады. Николай Михайловичтің деректері бойынша қазақ қоғамындағы әйел, неке қию мәселелері әлі деп болса толық зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. ҚРОММ, 64-қор, 1 тізімдеме, 1754 іс, 399-406 нн.

2. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер = Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С. З. Зиманов. – Алматы, 2005. 6 том. – 389-405 бб.
3. История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 1. – Алматы: «Издательство LEM», 2011. – С. 161-266
4. <http://e-history.kz/kz/contents/view/837>
5. http://www.rusnauka.com/13_EISN_2012/Istoria/2_108213.doc.htm
6. ҚРОММ. 64-қор, 1 тізімдеме, 4236 іс, 44-45 нн.
7. Изразцов Н. Обычное право (адат) киргизов Семиреченской области // Этнографическое обозрение. 1897. № 3. – С. 68–72
8. ҚРОММ 64-қор 1 тізімдеме 1923 іс, 2 н.
9. фон Шварц Ф. Туркестан – ветка индогерманских племен // Немецкие исследователи в Казахстане. Часть 1. Пер. с нем. Л.А. Захаровой / Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы: «Санат», 2006. – 181-183 бб.
10. http://www.rusnauka.com/4_SND_2012/Istoria/2_100255.doc.htm

ӘӨЖ 258 -2

МРНТИ 03.01.21

А.Т. Саврамбаев¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 1 курс магистрант, Алматы, Қазақстан,
savrambaev84@mail.ru

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ (тәуелсіздік жылдары)

Аңдатпа

Мақалада Алматы қаласының тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік және демографиялық ахуалы, ұлттық құрамындағы өзгерістер, осы жылдардағы қала халқының көші-қон мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар, Алматы қаласының этнодемографиялық үдерісі мәселесіне қатысты 1991-2009 жж. қаланың дамуы, қаладағы қазақтар мен басқа да этнос өкілдерінің динамикасы, көші-қонының сипаттамасына статистикалық мәліметтер арқылы талдау жасалынған. Алматы қаласының этнодемографиялық үдерісінің тәуелсіздік кезеңіндегі жай-күйін қарастыру барысында оның экономикалық және адами ресурстарының, олардың қазіргі кездегі сипатын айқындауға жол ашады. Мақала осы мәселені зерттеген ғалымдардың пікірлерін саралау және жинақтау арқылы жазылды.

Кілт сөздер: Алматы, этнос, қала, демография, этнодемография, урбанизация, статистика.

Аннотация

А.Т. Саврамбаев¹

¹магистрант 1 курса факультет истории, археологии и этнологии, КазНУ имени ал – Фараби,
Алматы, Казахстан, savrambaev84@mail.ru

ЭТНО – ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ СИТУАЦИИ В АЛМАТЫ

В статье рассматривается социально-демографическая ситуация, изменение этнического состава города Алматы в годы независимости и проблемы миграции в ближайшие годы. Кроме того, развитие города Алматы в связи с проблемами демографических процессов 1991–2009 гг. Анализ миграций были сделаны через статистику и динамику роста казахов и представителей других этнических групп. Статья будет определять экономические и людские ресурсы и его текущую ситуацию в ходе рассмотрения состояния этнодемографических процессов в Алматы в период независимости. Статья была написана в результате анализа и синтеза ученых, которые изучали эту проблему.

Ключевые слова: Алматы, этнос, город, демография, этнодемография, урбанизация, статистика.

Abstract

A.T. Savrambayev¹

¹masters of history, archeology and ethnology, al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, savrambaev84@mail.ru

ALMATY ETHNO-DEMOGRAPHIC SITUATION (INDEPENDENCE)

The article examines the socio-demographic situation, the change in the ethnic composition of the city of Almaty in the years of independence and the problem of migrations in the coming years. Also, the development of the city of Almaty in connection with the problems of demographic processes 1991–2009yy., analyses of migrations have been made through the

statistics and dynamics of growth of the Kazakhs and other ethnic groups. Article will determine the economic and human resources and its current situation during the consideration of the state of ethno-demographic processes in Almaty in the period of independence. The article was written as a result of the analysis and synthesis of the scientists who have studied this problem.

Keywords: Almaty, ethnic groups, city, demography, urbanization, ethno – demographic, statistics.

Қандай да болмасын тәуелсіз елдің өркендеуі урбанизацияның қарқынына, яғни, қалалардың көбейіп, олардың тұрғындарының санының өсуімен айқындалады. Бұл үдеріс заманның талабына сайхалықтың әлеуметтік жағдайларын жақсартып, өмір – сүруін жеңілдетеді. Қазір елімізде урбанизация процесі яғни ауыл халқының, әсіресе қазақтардың, соның ішінде жастарымыздың қалаға қарай қоныс аудару толқыны толассыз жүріп жатыр. Әрине, бұл – бұрын да болған, болашақта да жалғаса берер үздіксіз процесс екені белгілі.

Қала ұлғайған сайын күрмеуі қиын мәселелердің қатары көбейетіндігі түсінікті. Сондықтан да ірі қалалар қашан да үкімет назарында болып, жиі тілге тиек етіледі. Осы орайда Б.С. Хоревтің «Проблемы городов» деп аталатын зерттеу еңбегі ірі қалалардың алдында тұратын түйіткілдерді нақ басып көрсетуімен ерекшеленеді [1]. Урбандалу үдерісі – күрделі және көпөлшемді, яғни қала дамуы, қала құрылысы практикасында міндетті түрде ескеретін бірнеше факторлар қатарымен (әлеуметтік – экономикалық, демографиялық және т.б.) анықталады.

Туу коэффициенті – бір жылда тірі туған балалардың жалпы санының халық санына қатынасының промилде көрсетілген демографиялық көрсеткіші [2]. Туу көрсеткіші, әлеуметтік – саяси және экономикалық өзгерістерге қатысты жоғары тәуелділікте анықталады.

Туу мен өлім – жітімнің есептік көрсеткіштерінің маңыздылығы демографиялық құбылыстарды талдау және елдегі және оның өңірлеріндегі қалыптасқан демографиялық ахуалды бағалау кезіндегі олардың рөліне негізделген. Халықтың табиғи қозғалысының есептік көрсеткіштері елдің әлеуметтік – демографиялық дамуын талдау кезінде кеңінен қолданылады.

Халықтың денсаулық жағдайы мен өзгерістерін бағалаудың басты көрсеткіші – өлім – жітім көрсеткішімен анықталады. Алайда өлім – жітім бұл дамудың шартты көрінісінің бірі болса да, адам қоғамында бұл көптеген факторлармен тығыз байланысты. Олар өз кезегінде екі үлкен топта қарастырылады: эндогендік (адам ағзасының іштен дамуымен туылуы) және экзогендік (сыртқы қоршаған ортаның әсерімен анықталады). Қазақстандағы өлім – жітімнің жоғары көрсеткіші мемлекеттегі ең қиын экономикалық дағдарыстардан кейінгі еңбекке жарамды жастағы басым халық үлесінің қарқынды көші – қон үдерістерімен түсіндіріледі.

Алматы қаласының этнодемографиялық даму сипаты халықтың табиғи және миграциялық қозғалысымен анықталады. Олардың ауқымы мен бағыты төмендегідей әлеуметтік – экономикалық өзгерістер нәтижелеріне байланысты:

- қаланың экономикалық әлеуетінің дамуы;
- тұрғын үй нарығының дамуы;
- жұмыспен қамтылу мен еңбекақы деңгейі;
- мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясат және басқалары [3].

1990 жылдардың аяғында Алматы қаласында туу үдерісінің төмендеуі кейбір жанұяларда (әсіресе жастардың) бала санын белгілі бір шекте тууды жоспарлап, балалы болуды жастар кейінге қалдырып отырды. Осының салдарынан қалалық және ауылдық елді – мекендердегі бала туу жағдайларында айырмашылық айтарлықтай болды. Міне, сондықтан 1990 жылдың аяғында ауылдық елді – мекендерде негізінен туылу үшінші немесе төртінші балалардың санынан туу бойынша жоғары көрсеткішті көрсетті. Алматы қаласы тұрғындарының туу және өлу көрсеткіші 1 – кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Алматы қаласының демографиялық дамуы [4]

Жылдар	1991	1999	2005	2007
Тұрғындардың 1000 адамға шаққандағы туу көрсеткіші	16,5	11,6	19,92	25,2
Тұрғындардың 1000 адамға шаққандағы өлу көрсеткіші	11,8	10,72	14,26	11,3

1–кестеде 2007 ж. туу мен өлу туралы келтірілген мәліметтерді 1991 ж. салыстырып көрейік, 1991 ж. әрбір 1000 адамға шаққанда туу – 16,5, ал өлім – жітімі 11,8 болса, енді 2007 ж. бұл көрсеткіштер туу –

25,2 болса, яғни 65 пайызға өскен, ал өлім – жітімі 4 пайызға азайды. 1999 – 2007 жж. қала бойынша табиғи өсімнің үлес салмағы үнемі өсуде екені байқалады. Бұл табиғи өсім қаланың саяси экономикалық жағдайының тұрақталып, әлеуметтік жағдайының жақсаруына байланысты. Ал 1991-1999 жж. аралығындағы туу көрсеткішінің кемуі – бұл әлеуметтік-экономикалық дамудың әсері болып табылатын заңды процесс, яғни, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы елдегі жалпы экономикалық дағдарыс халық тұрмысының күрт нашарлауына әсерін тигізіп, жалпы туу көрсеткішін азайтып жіберді.

Алматы қаласы халқының тәуелсіздік жағдайындағы әлеуметтік – демографиялық дамуы мен көші – қон ерекшеліктерін зерттей келе, қала халқы санының күрт кемуінің бірнеше себептері анықталған:

1. Алматы қаласынан сыртқа бағытталған шығыс славян өкілдері мен неміс, татар және басқалардың өз тарихи отандарына қайтқан ірі-ірі толқынды көші-қон (теріс айырылымы – сальдо) нәтижелеріне байналысты өзгеріп отырды.

2. Өлім-жітім көбейіп, туу азайғаны әсерінен табиғи өсімнің төмендеп кетуі болды.

3. Халықтың ұлттық құрамында күрделі өзгерістер болды, әсіресе қазақтардың саны көбейе түсуде, табиғи өсім мен Отанына қайтқан қандастарымыз арқасында 1989 жылғы санақ бойынша қазақтардың саны 255133 адам болса, 2009 жылғы санақ бойынша 724202 адамға көбейгенін көруге болды. Бұл өзгерістер Алматы қаласы халқының ұлттық құрамын түбірлі түрде басқаша қалыптастырып үлгерді.

Қала халқының өсуіне, оның экономикасы мен мәдениетінің даму әсер еткені сөзсіз. Алматы қаласының аудандарындағы халықтың пайыздық көрсеткішін 2 – кестеден көруге болады.

2 – кесте. Алматы қаласының аудандарындағы халықтың үлесі [5].

		Барлық халық	
		Адам	%
Р/с	Қала аудандары бойынша	1365632	100
1	Алмалы	188667	13,8
2	Алатау	151747	11,1
3	Әуезов	290424	21,3
4	Бостандық	267142	19,6
5	Жетісу	130893	9,6
6	Медеу	159631	11,7
7	Түрксіб	177128	13,0

2 – кестеде көріп отырғанымыздай, 2009 жылғы санақ бойынша алынған мәліметтер негізінде Алматы қаласының аудандары бойынша қала халқының үлес салмағы көрсетілген. Халық ең көп орналасқан Әуезов ауданы, мұнда барлық қала халқының 21,3% – орналасқан, яғни 290424 адам, одан кейін Бостандық ауданы – 19,6% – 267142 адам. Ал Алмалы ауданында халық санының үлесі 13,8% - ды құрайды, яғни 188667 адам, Түрксіб ауданында 13,0% – 177128 адам, Медеу ауданы халық санының үлес салмағы – 11,7%, яғни бұл дегеніміз 159631 адам, Алатау ауданында 11,1% – 151747 адам және де ең үлес салмағы аз Жетісу ауданы, мұнда халық саны қала халқының 9,6% – ын, яғни 130893 адамды құрайды.

Алматы қаласының тұрғындарының этникалық құрамы да күрделі. Бұл үрдіс ХІХ ғ. соңы ХХ ғ. бас кезінен өлкеге орыс шаруаларының, казактардың, ұйғырлар мен дүңгендердің қоныс аударуынан басталып, кеңестік тотолитарлық жүйенің шаруашылықтың түрлі салаларында жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформаларға байланысты өзгеріп отырған. Алматы қаласының 1989-2009 жылдар аралығындағы халқының этникалық құрамы 3-кестеде көрсетілген.

3–Кесте. 1989-2009 жж. аралығындағы Алматы қаласы халқының этникалық құрамы (сандық және пайыз есебімен) [6].

	1989	%	1999	%	2009	%
Барлығы	1071927	100	1129356	100	1366418	100
Қазақ	255133	23,8	434397	38,5	724202	53,0
Орыс	615365	57,4	510366	45,2	452947	33,2
Украин	42243	4,0	22835	2,0	11903	0,9
Өзбек	4684	0,4	4304	0,4	6849	0,5
Татар	25329	2,4	24770	2,2	20865	1,5

Неміс	20806	2,0	9390	0,8	5743	0,4
Ұйғыр	43351	4,0	60427	5,4	71245	5,2
Басқа ұлттар	65016	6,0	62867	5,5	72664	5,3

3–кестеде көрсетілген мәліметтерден, 1989 ж. Алматы тұрғындарының жартысынан көбін орыстар құраған. Алайда тәуелсіздік кезеңінде өзге ұлт өкілдерінің өздерінің этникалық отандарына көшу үдерісі орнаған тұста олардың саны 2006 жылы 36454 адамға азайған. Есесіне 1989 жылы 255133 адамды құраған қазақтар 2009 жылы 724202 адамға көбейген. Мұндай жағдай байырғы ұлт өкілдерінің ауылдардан қалаларға, соның ішінде Алматы қаласына көшіп келулерінің, яғни ішкі миграцияның күшеюі салдарынан туындаған. Мұның себебі урбанизацияланудың күшеюі, екінші жағынан қалаға күн көріс қамының мәжбүрлігі өскен, үшінші жағынан табиғи өсімнің есебінен Алматы қаласындағы қазақтардың саны айтарлықтай көбейген.

Жоғарыда аталған екі халықтың өкілдерінен кейін үшінші орында украин, төртінші орында өзбектердің, бесінші орында татарлардың тұрғандығы анық көрінеді. Аталшым ұлт өкілдерінен өзге де халықтардың өкілдері Алматы қаласының этникалық құрамында елеулі көрсеткішті құрайтындығын атап өткен жөн. Алматы және қала маңы өзінің полиэтникалық сипатын әлі де сақтап келеді. Алматы қаласы халқының өсу деңгейін 4–кестеде көрсетілген 1989-2009 жж. жүргізілген халық санағы арқылы білуге болады.

4 – Кесте. Алматы қаласы халқының өсу деңгейі [7].

	Халық санағының өткізілген жылдары		
	1989	1999	2009
Қала бойынша барлығы	1073130	1130621	1365632

4–кестеде көрсетілгендей, Алматы қаласы халқының саны жыл санап артып отырғанын байқауға болады, яғни, 1989 жылғы санақ бойынша қала халқы 1073130 адам болса, 1999 жылы 1130621 – ға дейін көбейген, ал 2009 жылғы санақ бойынша қала халқының саны 1365632 адамды құрап отыр. Бұл дегеніміз 1989 жылы халық саны 6%, ал 2009 жылы 21% артқан. Қала халқының өсуіне, оның экономикасы мен мәдениетінің дамуы әсер еткені сөзсіз. Елдің экономикалық-әлеуметтік деңгейі оның демографиялық ахуалына да өз әсерін тигізеді. Халықтың өсіп-өнуі мен оның ұлттық құрамының өзгерістеріне халықтың көші-қоны да елеулі әсер етеді.

Республикадағы ішкі миграция облысаралық, облысшілік сипатқа ие болады. 1989-1999 жж. Республикалық халық санақтары аралығында Алматы облысына 1063 адам, 2000-2007 жж. аралығында 242443 адам көшіп келіп, оның демографиялық ахуалын жақсартуға септескен. Осы көрсетілген уақыт аралығында Алматы қаласына көшіп келген 395841 мигрант болса, кеткені 289109 адам болды. Алматы қаласына көшіп келген мигранттардың барлық саны 506324 адам. Айта кетерлік бір жайт, 1989-1999 жж. Аралығында Алматы облысына ТМД және Балтық теңізі өңірінен қазақтар, орыстар, күрдтер, түріктер, корейлер, әзірбайжандар, украиндар, немістер, татарлар, ұйғырлар, өзбектер, карақалпақтар, тәжіктер көшіп келген. Ауғанстан, Германия, Қытай, Иран, Корея, Монғолия, Пәкістан, Польша, Түркия, Чехия тәрізді алыс шет елдерден қазақтар, орыстар, түріктер, ұйғырлар, немістер қоныс аударған. Керісінше көрсетілген кезеңде Алматы қаласынан 35890 адам ТМД елдеріне көшіп кеткен. Алыс шет елдерге көшіп кеткендер ресми деректерде 65650 адам болып тіркелген. Алыс және жақын шет елдерге қоныс аударған этностар өкілдерінің қатарында орыстар, немістер, украиндар, корейлер, әзірбайжандар, татарлар болған [8].

Алматы қаласы халқының этнодемографиялық өзгерісі көші – қонның жиілеуі, халықтың әлауқатының жақсаруына байланысты жүретіндігі белгілі. Кез келген мемлекетте көшіп келушілердің көшіп кетушілердің санынан басым болғандығы ол мемлекеттің көшіп-қонға жағымдылығының дәлелі, бұл миграциялық үрдіс әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейіне негізделетіні анық. Кеңес Одағының ыдырап, республиканың тәуелсіздік алуы бір жағынан алыс және жақын шет елдерге аттанған диаспора өкілдерін көбейтсе, екінші жағынан әлемнің 40-тан астам елдеріне тараған қазақ халқының өкілдеріне атамекенге қайтуға жол ашты. 1990 ж. орта кезіне дейінгі терең экономикалық дағдарыста мигранттардың көбеюіне ықпал етті [9].

Ауыл тұрғындарының қалаға жаппай көшіп-қонуы 1991-1992 жж. басталды. Сол кезден бастап көшіп келушілер қала маңында бос жатқан жерлерге өз беттерінше баспана сала бастады. Көшіп келгендердің басым көпшілігі Арал, Семей және тағы басқа экологиялық жағдайы ауыр өңірлерден еді. Респуб-

ликадағы саяси және экономикалық тұрақтылық сыртқы миграцияны бәсеңдетіп, көшіп кетушілерден гөрі көшіп келушілерді көбейтті. Ал күшейіп келе жатқан урбандалу процесі ішкі миграцияда тұрғындардың қалалар мен Алматы маңына шоғырлануына әсер етті.

Қорыта келе, этнодемографиялық үдерістер тәуелсіздік жылдарында көші-қонушылардың материалдық және рухани талап – тілектерінің өсуіне байланысты жиіледі.

Алматы қаласының өсу деңгейі Қазақстан қалаларының табиғи өсімімен салыстырғанда алдыңғы қатарда тұр. Алматы қаласы өзінің географиялық орналасуы, табиғи қолайлығы, сонымен қоса экономикалық ерекшеліктері жағынан халық санының біршама тез арада өсуіне өз ықпалын тигізеді. Қала халқы көп жағдайда басқа қалалардан яғни, ішкі көші-қон нәтижесінде қоныс аудару салдарынан да өсімі көбейді. 1997 жылға дейін Алматы қаласының басқа ұлт өкілдері бойынша да этностық өсімі статистикалық мәліметтерді толықтырып отырды. 2000 жылдардың басында Алматы қаласының саяси экономикалық жағдайы тұрақталып, әлеуметтік жағдайы жақсарып, соның есебінен Алматы қаласының ішкі өсіп өнуі біршама жетістіктерге жетіп, ұлттық құрамы жағынан өзгерді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Хорев Б.С. *Проблемы городов.* – М.: Мысль, 1975. – 98 с.
2. Биекенов К., Садырова М. *Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Сөздік – Словарь, 2007. – 344 б.
3. Асылбеков М.Х. *Қазақ халқының этнодемографиялық дамуы: тарихи дәуірлер мен кезеңдері // Қазақ тарихы.* – 2011. – № 2. – 2-6 б.
4. *Алматы қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуы.* – Алматы, 2007. – 4 б.
5. *Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. Алматы қаласы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары. I том.* – Астана, 2011. – 65 б.
6. Сүлейменова Қ.Қ. *Алматы агломерациясы: этнодемографиялық және миграциялық даму ерекшеліктері мен динамикасы (1991 – 2007 жж.).* – Алматы, 2009. – 136 б.
7. *Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. Алматы қаласы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары. I том.* – Астана, 2011. – 65 б.
8. Асылбеков М.Х., Козина В.В. *Демографические процессы современного Казахстана.* – Алматы: Атамұра, 1997. – С. 140.
9. Козина В.В. *Демографическая история Казахстана (конец XIX – нач. XXI вв.).* – Караганда: КарГУ, 2007. – 145 с.

УДК 94(574)«19/20»:929

МРНТИ 03.01.21

А.Серікқызы¹

¹әл-Фараби ат. ҚазҰУ,

тарих, археология және этнология факультетінің 2 курс магистранты,

aidana_saiat@inbox.ru

С.К. Удербаяева²

²ғылыми жетекші: әл-Фараби ат. ҚазҰУ,

тарих, археология және этнология факультетінің оқытушысы, т.ғ.к., доцент

ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫНА МҮШЕ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ мен КӨЗҚАРАСТАРЫ

Аңдатпа

Орыс географиялық қоғамының құрылуы және Қазақстан жерін зерттеуі халық арасында ғылымға деген ынтасын арттырды. Мақалада осы қоғамға мүше болған қазақ даласындағы білімді азаматтардың еңбектері мен ғылыми-әлеуметтік ойлары туралы мәселе қозғалады. Және де қазақ халқы тұрмыс-тіршілігінің, тарихының, географиясының, этнографиясы және т.б салалардың зерттелуіне қосқан үлестері қарастырылған.

Орыс географиялық қоғамының құрылу мақсаты-өз бодандығына өткен халықтың тарихы мен географиялық табиғи байлықтарын зерттеу еді. Бастапқыда Ресей империясының отаршылдық мақсатта отар елдің табиғатын, пайдалы қазбаларын, халқының әдет-ғұрпын зерттеуді көздегенімен, бірақта зерттеу нәтижелерінде тарих пен география мәселелерінде тың мәліметтер жиналды және қазақ зиялыларының интеллектуалды әлеуетін жүзеге асыруға сол сияқты демократиялық көзқарастарының қалыптасуына осы Орыс Географиялық қоғамы әсер еткен

болатын. Мақсат орындалғанда қазақ жерінің жан-жақты зерттелуі - еліміз үшін үлкен жетістік болғанымен, оны орысүкіметінің өз мақсатында пайдалануы қазақ халқы үшін орны толмас қасіреттерге алып келді.

Түйін сөздер: қоғам, интелегенция, зерттеуші, салт-дәстүр, аудармашы, ғалым, этнография.

Аннотация

А.Серикқызы¹

*¹КазНУ им.ал-Фараби, магистрантка 2курса факультета истории, археологии и этнологии,
aidana_saiat@inbox.ru*

С.К. Удербаева²

*²научный руководитель: КазНУ им.ал-Фараби, преподаватель факультета истории,
археологии и этнологии, к.и.н.доцент, saule-uderbaeva@mail.ru*

НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ВЗГЛЯДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ И ЧЛЕНОВ РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА

Изучение казахстанской земли и создание отделов Русским Географическим обществом повысили интерес народа к науке и просвещению. В данной статье затрагивается вопрос о заслугах образованных граждан казахской степи, которые были членами общества и их научно-социальных идеях. Также рассматривается значительный вклад казахской интеллигенции в исследование бытия и истории, географии и этнографии казахского народа и других сфер.

Ключевые слова: общества, интелегенция, исследователь, традиции, переводчик, ученый, этнография.

Abstract

A.Serikqyzy¹

*¹al-Farabi Kazakh National university, master of 2-course faculty of history, Archeology and ethnology,
aidana_saiat@inbox.ru*

S.K. Uderbaeva²

*² scientific supervisor: al-Farabi Kazakh National university
lecturer of the Faculty of History, Archeology and Ethnology, saule-uderbaeva@mail.ru*

SCIENTIFIC ACTIVITIES AND VIEWS OF THE KAZAKH INTELLECTUALS AS A MEMBER OF THE RUSSIAN GEOGRAPHICAL SOCIETY

The study of Kazakh lands and the creation of sub-departments by the Russian Geographical Society increased people's interest in science and education. This article centers around the merits of the educated citizens of Kazakh steppe, who were the members of the society, and their scientific and social ideas. Also the article describes a significant contribution of the Kazakh intellectuals to the study of beingness and history, geography and ethnography of the Kazakh people and other spheres. The purpose of the formation of the Russian Geographical Society citizenship in the study of the natural wealth of history and geography of the population. Russia initially colonial purposes, the nature of the country's colonial empire, minerals, study the customs of the people Characteristically, but the results of the study of history and geography of the information gathered in the Kazakh intellectuals and intellectual issues as well as the formation of a democratic approach to the implementation of the potential influence of the Russian Geographic Society. Completed the land of Kazakh overall it was a great achievement for the country zerttelwi- used to orisükimetiniñ led to a great loss for the people of Kazakh shakes.

Key words: society, intellectuals, researcher, tradition, translator, scholar, ethnography.

Қазіргі таңда әлемдік экономика мен ақпараттық қоғамның қарқынды дамып тұрған кезінде Қазақстан халқы үшін өзінің бірегейлігін сақтап қалу және тарихымыздағы «ақтандақтарды» жоюға тырысу әрине біздің отандық тарихымызды жан-жақты зерттеуіндегі басты шарт болып отыр. Соның ішінде өзекті мәселелердің бірі қазақ-орыс қарым-қатынасы. Әрине Ресей біздің көршіміз болғандықтан бұл заңдылық. Бірақта тарихымызда қазақ жүздері хандарының Ресей бодандығын қабылдаған күннен бастап бұл қарым-қатынас оданда тереңдей түсті. Нәтижесінде қазақ жерінде қазақ әскерлері құрылуы және дипломатиялық қозғалыстардың аяғы патша үкіметінің халық өміріне тікелей араласуына әкеп соқты. Қазақстанның Ресейге қосылуы бастапқыда ерікті түрде жүргізілгенмен, жалғасы қазақ жерін күштеп жаулап алуы, казактармен крестьяндардың каланизациясымен жалғасты. Қазақ халқы тарихындағы ең басты қаралы кезең осы Ресей империясының қол астында болуы және оның зардаптарын тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл асқанына қарамастан жоя алмай келе жатырғанымызда.

Орыс географиялық қоғамының құрылу мақсаты - өз бодандығына өткен халықтың тарихы мен географиялық табиғи байлықтарын зерттеу еді. Бастапқыда Ресей империясының отаршылдық мақсатта отар елдің табиғатын, пайдалы қазбаларын, халқының әдет-ғұрпын зерттеуді көздегенімен, бірақта

зерттеу нәтижелерінде тарих пен география мәселелерінде тың мәліметтер жиналды және қазақ зиялыларының интеллектуалды әлеуетін жүзеге асыруға сол сияқты демократиялық көзқарастарының қалыптасуына осы Орыс Географиялық қоғамы әсер еткен болатын. Мақсат орындалғанда қазақ жерінің жан-жақты зерттелуі - еліміз үшін үлкен жетістік болғанымен, оны орысүкіметінің өз мақсатында пайдалануы қазақ халқы үшін орны толмас қасіреттерге алып келді. Ресей үкіметінің хандық билікті жоюы және Қазақстанды жалпыорыстық қоғамдық құрылысқа мейлінше кіріктіруі өлке тарихы мен оның қоғамдық экономикалық ерекшелік-терін зерттеудегі орыс ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектеріне зор ықпал жасады. Көптеген экспедициялардың зерттеу нәтижесінде Алтай және Каспий теңізінің физикалық-географиялық құрамының анықталды, флора мен фауна әлеміне байланысты кең білім алынды, аймақтың картографиялық мәліметтері және қазақ халқының күнделікті өмірі жайлы көптеген мәліметтерге қол жеткізді [1, 29-30 бб.].

Тамыры тереңге жайылған қазақ халқына және оның өмірі мен тұрмысына деген қызығушылық Орыс географиялық қоғамына мүше болған зерттеушілердің қызметіндегі басты аспектісі болды. Экспедициялар мен жекелеген зерттеулер ғалымдар қазақтардың табиғаттан алған білімдеріне жүгінген болатын. Олардың көбі жолсерік, аудармашылар болды және зерттеулердің оң нәтижемен аяқталуына ықпал жасады. Жолсерік пен аудармашылар білімі терең және тәжірбесі мол адамдар бола алды. ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында аудармашы ретінде арнайы сынақтардан өткен адамдарды ғана алды. П.П. Семенов-Тянь-Шаньскийдің хаттарының бірінде жолсерігі Ш.Уалиханов пен аудармашысы Бардашевтің еңбектерінің арқасында көп мәлімет жинағаны жайлы айтылады. Сонымен бірге жолсеріктер мен аудармашылардың қызметіне П.Пашино, П.Лерх, А.Кун, Н.Маев, И.Мушкетов сияқты ғалымдардың жүгінгендігі туралы айтылады. И.Мушкетовпен бірге Семейде 1876 жылы Мекебай Қашқынбаев пен Жетібай Исқелдинов аудармашы болып қызмет жасаған. Сонымен қатар Қазақстан жерін зерттеуге Г.Н. Потанинде көп көңіл бөлген. 1860 жылы Зайсан көлін жан-жақты қарастырғанда Көкпекті руынан шыққан Данияр Мендібаев жолсерік болды. Ол көлдің физико-географиялық жағдайын жақсы білді және онда мекендейтін балықтардың түрлерін ажырата білген [2, 452-453 бб.]. Баянауыл жеріндегі аңыздарды, этнографиялық зерттеулерді, эпикалық шығармаларды «Олжабай» атты жинаққа енгізді [3, 25 б.]. Д.Мендібаев 1970 жылдары Е.П.Михаэлистің Семей облысындағы Қара Ертістің жайкүйі туралы айтып берді. Нәтижесінде Зайсан көліндегі емдік күші бар екені дәлелденді.

Жер аударылып келген Л.К. Чермак 1890 жылдардың соңында оңтүстік Каргалинка жеріндегі ескі құрылыс қалдықтары экспедиция жасады. Оның жолсерігіе қазақ Төленгіт Мұхамеджан осы қалдықтармен байланысты аңызды баяндап берді. Кейінірек Л.К.Чермак Кызыл-Кен жайлы қазақ аңызы жазылған еңбекті жариялады. Н.Коншин деген атақты зерттеушінің бір еңбектерінде Шағыбай Тасымбаевтың есімі айтылады [4, 36 б.]. Ол екеуі Баянаул маңындағы өзендерге саяхат жасалғаны баяндалады. Жоңғар шапқыншылығы заманыныңдағы Жасыбай атты аты аңызға айналғанбатыр есімімен аталған өзеннің тарихын қолжазбаға түсіреді. Жасыбай батыр жоңғарлардың қолынан қаза табады, соның құрметіне осы өзенге аты беріледі. Сонымен бірге Қозы Көрпеш-Баян Сұлу туралы аңыздың бір нұсқасын естіген болатын [5, 10 б.].

Аудармашыларөздерінің білетін мәліметтерімен ғана бөлісіп қоймады сонымен бірге өздерінің де білімдерін жетілдіріп отырды. Олар өздерінің халқының рухани- материалдық мәдениетін тасымалдаушылар болды. Олар дала дәстүрлерін жатқа білді, билердің маңызды шешімдерін құқық заңдарын, салт-дәстүрлері мен жөн-жоралғыларын, мал шаруашылығын, көшу мен қоныс аудару жолдарын, құдықтардың орналасуын, әке мен бала арасындағы мол мұра жайлы мол мәліметтерді білді. Аудармашылар ғалымдарды топонимикамен, жануарлар мен өсімдіктердің атауымен таныстырды, олар кейіннен картографиялық және басқа басылымдардан басылып шықты. Өз кезегінде орыс интелегенциясының көрнекті өкілдерімен танысуда оларға зор мүмкіншілік пен өз білімдерін жетілдіруіне мүмкіндік ашты [6, 19-б.].

XIX ғ. ортасы мен XX ғ. Басында Орыс географиялық қоғамына қазақ халқының білімді азаматтары мүшелікке қабылдана бастады. Солардың алғашқысы бәріміз білетіндей халықтың ұлы тұлғасы Ш.Уалиханов еді. Орыс географиялық қоғамы жайында айтылғанда бұл есімді айтпай кету мүмкін емес. Өзінің көптеген еңбектері үшін мадақтау мен марапаттауларға ие болды. Ол қысқа ғұмырында халқы үшін көп еңбек атқарып кетті және өмірі осы қоғаммен тығыз байланыста болды. Ең алғашқы патша үкіметінің әкімшілік реформаларына қарсы шықты. Қазақ халқының ұлттық қоғамындағы қарым-қатынастарды білместен енгізу әлеуметтік қарама қайшылық пен көптеген жаңа мәселелердің тууына әкеліп соғатынына үкіметтің назарын аударуға тырысты. Бұл жайында архив құжаттарында мәліметтер көп [7, 77-104 бб.]. Онда: «Бұл жүйені өзіне беймілім болған, тұрмысына, салт-дәстүріне жат халық үшін енгізу еш нәтиже бермейді. Ол заң қаншалықты мінсіз болсада, өзі туып-өскен, тәрбиеленген заңынан

артық болмайды. Бұл әкімшілік реформа қазақ халқының құқық институты мен ұлттық мәдениетін жояды» деді. Оның ашық ойларына қоғам мүшелері қолдау көрсетті және Шоқанды жоғары бағалады. Потанин: «Ш.Уалиханов - орыс энтелектуалдаымен қатар тұрған алғашқы қазақ ғалымы» деген баға берді [8, 1 б.]. Осы жерде Шоқанның әкесі Шыңғыс Уалиханов пен нағашы ағасы Мұса Шорманов туралы айтпай кетпегені болмайды. 1896 ж. Г.Н. Потанин: «Сұлтан Шыңғыс, оның баласы Шоқан және Мұса Шорманов қазақтардың дала дәстүрі мен этнографиясы жайлы шынайы мәлімет бере алатын азаматтар еді» деді. Шыңғыс өзі жинаған мәліметтерін мақала ретінде жарияламаған болатын, оны баласы Шоқан мен Потанин жүзеге асырды. А.К. Гейнс өз еңбектерінің бірінде Шыңғыспен болған қазақ қолөнері жайлы әңгімесін жариялады [9, 320-321 бб.]. Мұса Шорманов әкесінен ерте айырылғандықтан ешқандай білім ала алмады, бірақта ол өз білімін өзі көтерген, соның нәтижесінде қазақтардың дала өмірі жайлы көп мәліметтерді жинақтады. Ол гинерал-губернаторғаөзінің қызметін пайдаланып халқының өмірін жақсарту үшін қолынан келгеннің барлығын жасады. Болашақта мемлекеттік қызметке отыру үшін мүмкіндік беретін орыс кадет корпусында қазақ балаларының білім алуына мүмкіншілік жасап қана қоймай, қазақ даласына орыс крестяндарының қоныс аударуына өзінің қарсылығын білдірді. Дала комиссиясы (1865-1866) қызметінде отырған кезде Гейнске жазған хаттарында ол патша үкіметінің заңдарына өзінің қарсы пікірін жеткізді [9, 323-338 бб.]. 1884 жылы Омбы қаласына «сүйікті халқының қамы жайлы жобамен» келгенде, жобасын жариялап үлгерместен көзжұмды.

Тағыда есімі Орыс географиялық қоғамымен тығыз байланысты қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарин. Ы.Алтынсарин ұзақ уақыт В.В. Григорьев пен Н.И. Ильминский сияқты атақты орыс шығыстанушыларымен тығыз байланыста қызмет етеді. Ол қазақ салт-дәстүрлеріне байланысты жүйелі түрде жиналған ғылыми материалдарын Орынбор бөлімінде 1870 жылы очерк ретінде жазылып шығарды. Автор өз көзімен көргендерін және оның шынайы өмірден алынған материалдар арқылы жазылуы бұл очерктердің құндылығы арттырды. Алтынсаринның алғашқы очеркі жайлы Орынбор бөлімінің отырысының хаттамасында былай делінген: «Қырғыз көшпенділерінің некелесу дәстүрінің шарттарының шынайы өмірге сәйкес келуі, әдеби тілдерінің көркемділігі жиналыс мүшелерінің ойынша-қырғыз халқының осы күнге дейін аз зерттелген этнографиясы мен күнделікті өмірі жайлы құнды мәлімет беретін еңбек ретінде бағалансын». Осы очерктері шыққан соң Ресей ғылыми ортада Ыбырай Алтынсарин есімі танымал бола бастады. Кейін арнайы қызметке тағайындалуына байланысты өзінің зерттеулерінен алшақтап қалған болатын. Бірақта өз туған өлкесі мен халқының тарихына деген қызығушылығы оның өмірінің соңына дейін бірінші орында тұрды [10, 49 б.].

Орынбор өлкесінен шыққан қазақ этнографы Салық Бабажанов 1850 жылдан бастап Орыс географиялық қоғамымен тығыз қарым-қатынаста болды. Ол этнография бөліміне қазақтардың тұрмысы, мәдениеті жайында мақалалар топтамасы мен түрлі этнографиялық бұйымдарды жинақтап тапсырғаны үшін ресми марапаттауға ие болған бірінші қазақ. С. Бабажанов алғашқы ғылыми еңбектері атақты орыс этнографы П.И. Небольсинге хат ретінде жазылды, ол автор рұқсатымен астаналық газеттерге мақала ретінде жариялады. Бұл жұмыстарда қазақ өміріне байланысты санқырлы мәселелер қамтылды: қазақ тарихы мен жағдайы, қымыздың маңызы мен оның емдік қасиеттері жайлы.

Қоғамға мүше болған қазақ зиялыларының ішінде сұлтандарда болды. Соның бірі М.Г.Тяукин қоғам үшін қазақ этнографиялық кітапшаларын жинастырды, қазақтардың саудамен қарым қатынасын, қолөнерін, тұрғынүй орналасуы мен оның жабдықталуын қамтитын мәліметтер жинағын беріп отырды. Орынбор кадет корпусында білім алған сұлтан Сейдалин қазақтардың салт-дәстүрлік заңдарына, қазақ фольклорына байланысты зор еңбек атқарды. Қазақ поэзиясына байланысты жинақталған және орыс тіліне аударылған мәліметтер 1874-75 жылдары жарық көрді. 1876 ж. Торғай облысындағы бірнеше ауылдарды аралап ат өнеріне байланысты очерк жазған - С.А. Жанторин сұлтан болатын.

Қазақ зиялыларынан Әлихан Бөкейханов Омбыдағы Батыс Сібір Географиялық бөліміне мүше бола отырып, Семей бөлімшесі жұмысына белсене араласқан. Әлихан Бөкейханов қазақ мемлекетінің пайда болу тарихына, Кіші, Орта және Ұлы жүз хандықтарының Ресейдің қоластына енуіне, Үлкен Орда сұлтаны Сүйік Абылайхановқа қатысты құжаттарды зерттеу нәтижесінде ғылыми еңбектерін жариялады. Ә. Бөкейханов 1903 жылы Санкт-Петербургте Семенов Тянь-Шанскийдің редакциясымен басылып шыққан Императорлық Орыс Географиялық Қоғамының «Россия. Полное Географическое описание нашего отечества» аттыкөптомдықкітабының 17-томына енген «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» еңбегінде қазақ өлкесі тасдәуірінен бастап көрініс табады. Алаш қайраткері Ә.Бөкейханов тұңғыш Абайтанушы ғалым болып саналады. Абай өлеңдері мен нақыл сөздерін Кәкітай Ысқақұлы тұңғыш жинақтап, 1909 жылы Санкт-Петербургтегі Илияс Бораганскийдің баспасынан шығаруына Ә.Бөкейханов үлкен көмек көрсетеді [11, 8 б.].

XX ғасырда қазақ интелегенциясы қоғам өміріне белсене атсалыса бастады. Семей бөлімшесіне ардайым қолдау көрсеткен Ш. Құдайбердіұлы, Ж.Ақбаев, С.Н. Нұрмұханов есімдері айтылады [12, 5-6.]. Қазақ халқының жарқын болашағы үшін күрескен зиялылардың бірі - Семей бөлімшесінің мүшесі,

Райымжан Мәрсеков 1899 жылы жалпы студенттер толқуына қатысып, патша билігіне қарсылығымен көзге түседі. Р. Мәрсековтың алғашқы мақалалары студент кезінде 1899-1900 жылдары «Дала уалаяты» газетіне жарияланып отырған. Оның 1901 жылы «Санктъ-Петербургское ведомство» газетінің 68-ші санында жарияланған «Киргизы и переселенцы» атты мақаласы аса құнды еңбек ретінде кітапхана каталогына енгізілген. Сонымен қатар каталогқа «Киргизский народный судъ», «Женщина» сияқты бірнеше мақалалары енген.

Семей Орыс Географиялық Қоғамының қазақ мүшелері қатарында Алашорда үкіметі басшыларының бірі, қазақтың тұңғыш профессор-математигі, ірі қоғам қайраткері Әлімхан Ермековтің есімі де бар. Ә.Ермеков өмірінің Семей жерімен байланысы оның бала кезінен басталған. Томск технология институтының түлегі Ә.Ермеков 1920 жылы мамыр айында Мәскеуде В.И. Ленин төрағалық еткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде Қазақ Автономиялық Республикасын құру және оның шекарасын айқындау жөнінде баяндама жасаған. Ә.Ермеков «Ұлы математика курсы», «Қазақ тілінің математика терминдері» атты еңбектерін қалдырған [12,8 б.].

Қорытындылай айтатын болсақ, Орыс географиялық қоғамы ғылыми ұйымдастырылған жұмысы қазақ зиялылары үшін өз мүмкіншіліктері мен білімдерін көрсетуге мүмкіндік берді. Жиналған мәліметтердің қолжетімді болғандығынан өлке тарихын зерттеуге үлес қоса алды. Қоғам жұмысында демократиялық алға жылжулары өлке халқының дамуы мен оның салт дәстүрінің өркендеуіне жол ашты. Қазақ жеріндегі құрылған бірден бір ғылымы ұйым болғандықтан өлкедегі ғылыми зеттеулердің қарқынды дамуына үлес қосты. Қоғамның санқырлы ғылыми қызметі ХІХ-ХХ ғасырда жалпы демократиялық және прогресшіл сипатқа ие болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Ильясова А.С. Деятельность Западно-Сибирского РГО по изучению Северо-Восточного Казахстана во второй половине XIX-начале XX века: дисс. ... канд.ист.наук. –Павлодар, 2006. – 157 с.*
- 2 *Потанин Г.Н. Зимняя поездка на оз. Зайсан. //Записки РГО.–Т.1.– СПб.,1867. – 654 с.*
- 3 *Потанин Г.Н. Олжабай. ТГУ; –№ 21, д. –№ 2327.*
- 4 *Коншин Н.Я. От Павлодара до Каркаралинска //Памятная книжка Семипалатинской области на 1900 год. – Семипалатинск,1900. – С.36.*
- 5 *Коншин Н.Я., Дм. Прийма. Скалы и легенды Баянаула. – Алма-Ата,1974.–115 с.*
- 6 *Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. –Алма-Ата,1972.–245 с.*
- 7 *Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Собрание сочинений в 5-ти томах. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. – Т.4.–1985.– 415 с.*
- 8 *Потанин Г.Н. ЧоканЧингисович Валиханов // Сибирская жизнь. –1903.– №133.*
- 9 *Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. – СПб.– Т.1.–1897.– 328 с.*
- 10 *Золотов П. О сибирских переводчиках и толмачах во вторую половину XVIII века. // Акмолинские областные ведомости.–1873.–№9.*
- 11 *Белгібаев М. Орыс географиялық бөлімінің ХХ ғасырда атқарған жұмысы //География және табиғат. – 2004.–№ 4. – 10 б.*
- 12 *Белгібаев М. Орыс географиялық бөлімінің Семей бөлімшесі //География және табиғат.–2004. – № 3. – 11 б.*

УДК 94 (560) «19/20»
МРНТИ 03.01.29

И.М. Садвакасов¹

¹*магистрант 2- курса по специальности 6М011400-педагогическая история факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы*
E-mail: sadvak89@mail.ru

НЕОПАНТЮРКИЗМ И НЕООСМАНИЗМ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ ТУРЦИИ

Аннотация

Статья посвящена внешней политике Турции на современном этапе. В последнее время в отношении турецкой внешнеполитической деятельности все чаще используется термин «неоосманизм». Концепция неоосманизма, идеологом которой является премьер-министр А. Давутоглу, подразумевает под собой связь внешней политики современной Турции с историческим наследием османов и её направленность на возврат «оттоманского прошлого» с учетом современных реалий. Автор рассматривает этот феномен в контексте региональной политики Турции в обозначенный период. Основными направлениями стратегии неоосманизма являются Ближний Восток, Северная Африка, Центральная Азия, Кавказ, Крым и Балканы. Особое внимание автор уделяет проявлениям неоосманизма в

постсоветском регионе и на Ближнем Востоке, а также «мягкой силе» в турецкой стратегии неоосманства. Автор рассматривает возможные направления неоосманской политики Турции в исследуемых регионах в ближайшем будущем.

Ключевые слова: тюркизм, пантюркизм, османизм, неоосманизм, турецкоевразийство.

Аңдатпа

И.М. Садвакасов¹

¹ *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих, археология және этнология факультетінің 2 курс магистранты,*

Қазақстан Республикасы, Алматы қ. E-mail: sadvak89@mail.ru

ТҮРКИЯ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ НЕОПАНТЮРКИЗМ МЕН НЕООСМАНИЗМ

Бұл мақала, Түркия мемлекетінің қазіргі кездегі сыртқы саясатына арналған. Соңғы кезде Түркияның сыртқы саясатында "неоосманизм" термині қолданылып жүр. "Неоосманизм" тұжырымның идеологы, премьер-министр А. Давутоғлуның айтуынша қазіргі Түркияның сыртқы саясаттағы бағытын, өткен Османдық кезеңмен салыстыра отырып, қазіргі кезеңдегі сыртқы саясатты бағдарлайды. Автор Түркияны аймақтық контекст ретінде сипаттайды. Неоосманизм саясатының негізгі бағыттары ретінде, Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, Орталық Азия, Кавказ, Қырым және Балқан жерлерін алып отыр. Автор басты назарды посткеңестік аймақтар, таяу шығыс мәселесі және жаңа османдық кезеңнің басты бағыттарына бөледі. Автор неоосманизм бағыттарды Түркия саясатын зерттеу аймағы ретінде болашақта қарастырады.

Түйінді сөздер: тюркизм, пантюркизм, османизм, неоосманизм, түрік еуразиялық.

Abstract

I.M. Sadvakassov¹

¹ *al-Farabi Kazakh National University, master degree's undergraduate. Republic Kazakhstan. Almaty*

E-mail: sadvak89@mail.ru

NEOPANTURKISM AND NEOOTTOMANISM IN THE FOREIGN POLICY OF TURKEY

The article is devoted to the ideology of Turkey's foreign policy. The term "neo-Ottomanism" is increasingly used in recent years in relation to the Turkish foreign policy. The concept of neo-Ottomanism, which ideology is the Prime Minister Davutoglu, implies a relationship of foreign policy of modern Turkey with the historical heritage of the Ottomans and its focus on return "last Ottoman", taking into account today's realities. The author examines this phenomenon in the context of the regional policy of Turkey in this period. The main directions of the strategy of neo are the Middle East, North Africa, Central Asia, the Caucasus, the Crimea, and the Balkans. Particular attention is paid to manifestations of neo-Ottomanism in the post-Soviet region and the Middle East, as well as "soft power" strategy in the Turkish neo-Ottomanism. The author considers the possible directions of neo-Ottoman Turkey's policy in the studied regions in the near future.

Key words: turkism, panturkism, ottomanism, neottomanism, Turkish Eurasianism.

Распад Советского Союза серьезно повлиял на всю архитектуру международных отношений. Появилось немало стран, которые стали претендовать на статус великой державы или, по крайней мере, главенствующее место в том или ином регионе мира. Среди них - Турецкая Республика, которая также решила воспользоваться сложившейся ситуацией, чтобы повысить свой вес на международной арене. Реализация этого амбициозного намерения предполагала выработку соответствующей внешнеполитической стратегии. Ее основу составили три направления: турецкоевразийство, неопантюркизм и неоосманизм. Существенным было и то, что среди ключевых элементов, определяющих внешнюю политику Турции, появилась её откровенная претензия на роль своего рода «энергетического коммутатора» Евразии. Эта претензия не только неоднократно открыто декларировалась турецкими лидерами, но и постепенно становилась фактором международной политики. В силу географического положения Турция может и хочет стать главной магистралью, по которой проходили бы энергетические потоки с Востока на Запад. Однако, не имея собственных экспортных энергоресурсов, Турция может выступать только в роли транзитера, завися от Ирана или других стран, располагающих ресурсами углеводородов.

При этом евразийская Турция, будучи ассоциированным членом Европейского Союза, членом НАТО и многих других влиятельных международных организаций, являясь стратегическим партнером США, стремится проводить все более самостоятельную политику. К началу 2007 г. стало ясно, что Анкаре вряд ли удастся стать полноправным членом ЕС в ближайшей перспективе. Вместе с этим пришло осознание того, что Турции уготована роль периферийного государства, востребованного лишь для обслуживания военно-стратегических, экономических и политических интересов Запада. Это серьезно дискредитировало идею европейского выбора Турции, снизило привлекательность некогда весьма популярной евразийской доктрины. Она постепенно стала терять своих сторонников. На этом фоне возродился

интерес к традиционным основам турецкой внешней политики, таким как пантюркизм и османизм, подкорректированных с учетом современных реалий и выступающих теперь в виде неопантюркизма и неоосманизма.

Неопантюркизм сформировался на основе синтеза идей пантюркизма, пантуранизма и тюркизма. До сих пор не предложено четкого определения пантюркизма. На наш взгляд, его можно считать одним из ответвлений пантуранизма, основывающегося на акцентировании общего этнического происхождения всех тюркских народов на территории великого Турана. В самом общем смысле пантюркизм - это идеологическое, политическое и до некоторой степени культурное движение, нацеленное на достижение большей степени единства между всеми тюркскими народами вплоть до создания конфедерации тюркских государств или даже тюркской федерации. Это определение порой дополняется более конкретными вещами, такими как освобождение всех тюркских народов от колониального гнета или переход на общий алфавит или язык, единую культуру и т. д.

Идея пантюркского движения зародилась более столетия назад, и, что примечательно, отнюдь не в самой Турции. Одним из первых сторонников подобной идеи был Арминиус Вамбери, который к тому же придерживался гипотезы о тюркском происхождении венгерского языка. Пантюркизм, в его трактовке, стал ответом на панславизм и в этом смысле имел острую антироссийскую направленность [1].

Приблизительно в то же время в Казани в 1843 г. было создано движение «Джадид», целью которого была светская модернизация, реформы образования и т. д. [2] Движение «Джадид» возникло на основе идеи о национальной, а не религиозной идентичности тюрков. Идеологом национальной тюркской идентичности стал крымский татарин Исмаил Гаспринский. Он даже пытался создать специальный общетюркский язык. Инициатива не получила распространения. Язык не был воспринят ни в Средней Азии, ни в самой Татарии, поскольку был слишком похож на анатолийский вариант тюркского языка [3]. Зато более серьезный толчок развитию пантюркизма дало издание И. Гаспринским газеты «Терджуман» в 1883 г. [4] Благодаря «Терджуману» идея тюркского единства начала распространяться среди тюркских меньшинств России. Лозунг Гаспринского: «Единство мысли, единство языка, единство действия» вдохновлял не одно поколение интеллигенции крымских и волжских татар, а также азербайджанских интеллигентов. Так или иначе, в начале XX века в Баку и в Казани у Гаспринского появились последователи: Али Гусейн-заде, Ахмет Ага-оглу и другие. Стремление к национальной общности начинает теснить идею мусульманского единения в интеллектуальных кругах российских мусульман. При этом соотношение регионального и общетюркского понималось таким образом: национальная независимость по территориальному принципу, культурный пантюркизм и политический союз. Идея пантюркизма как реальная альтернатива вестернизации и панисламизму активно продвигалась в газете «Тюрк», учрежденной в Каире в 1902 г. [5]

Первая теоретическая работа по пантюркизму была написана казанским татаринцем Юсуфом Акчуриным (Юсуфом Акчурой). В 1904 г. он опубликовал статью «Три вида политики», в которой сформулировал основные принципы пантюркизма. Четыре года спустя, в 1908 г., азербайджанец Али Гусейн-заде написал статью «Тюркизация, исламизация, модернизация», которая развивала пантюркские идеи.

Пантюркизм как течение общественной мысли и как социально-политическое явление вскоре был занесен в Турцию, где обрел благодатную основу для своего интенсивного развития и приобрел новый характер. При этом его доктринально-идеологическое содержание не оставалось раз и навсегда застывшей величиной, оно изменялось в зависимости от многих факторов на протяжении исторического развития. В итоге, из защитной идеологии тюркских этнических меньшинств, стремившихся объединиться для самосохранения их языковой и культурной идентичности, пантюркизм неуклонно трансформировался в идейное оружие национального большинства и его правящей элиты, стремившейся к превращению Османской империи в унитарное моноэтническое тюркское государство.

Как внешнеполитическая доктрина пантюркизм оформился в программе младотурецкой партии «Единение и прогресс», пришедшей к власти в Турции в 1908 г. Ее идеологом стал турецкий социолог, культуролог, лингвист, правовед, литератор Зия Гёк Альп (Мухаммед Зия) (1876-1924 гг.). Его идеи во многом влияли как в период правления младотурков накануне и во время Первой мировой войны, так и во время кемалистских реформ 1920-30-х гг. В работах Гёк Альпа, и особенно в книге «Основы Тюркизма», были сформулированы основные принципы идеологии и политики начального этапа развития Турецкой Республики - национализм, вестернизация, этатизм. Особенно значительна его роль в разработке турецкой версии секуляризма, которая получила свою реализацию в ходе кемалистских реформ. Для Турции пантюркизм оказался удобным инструментом для продвижения влияния Анкары на

Восток. Однако Мустафа Кемаль не мог позволить себе педалировать политический пантюркизм, так как с 1918 г. находился в стратегическом партнерстве с Советской Россией. В дальнейшем руководство Турецкой Республики предпочитало строить свою внешнюю политику на трех основных принципах: национальных интересах, подчеркнутым прагматизме и крайней осторожности в принятии стратегических решений. Пантюркизм получил определенную поддержку в турецком обществе и стал активно использоваться во внутренней политике Турции. Как внутривластная доктрина, пантюркизм представлял собой систему идеологических концепций и взглядов, нацеленных на укрепление цивилизационной сущности тюркской идентичности. Иными словами, пантюркизм позиционировал себя основой, как для объединения различных тюркских групп, так и для облегчения ассимиляции или встраивания нетюркских народов.

Современными приверженцами пантюркистской идеологии являются ультраправая консервативная политическая партия «Партия Националистическое движение» (ПНД) и военное крыло ПНД - националистическо-радикальная группировка «Серые волки». Несмотря на то, что последователи пантюркизма могут иметь легальное представительство в парламенте, данная идеология никогда не определяла внешней политики Турции. Тем не менее, пантюркизм не переставал распространяться за пределами государственных границ Турецкой Республики. После распада СССР происходит активизация на официальном уровне проявлений тюркской этнической солидарности. Начало этому процессу положили визиты министра иностранных дел, а затем и премьер-министра Турции по всем тюркоязычным республикам, возникшим на постсоветском пространстве. На межгосударственном уровне стали проводиться саммиты тюркских государств. Первый из них состоялся в 1992 г. по инициативе президента Турецкой Республики ТургутаОзала [6]. Затем, в 1993 г., создается организация по совместному развитию тюркской культуры и искусства. Таким образом, пантюркизм в 1990-е гг. приобретает новое качество, что позволяет говорить о его трансформации в неопантюркизм.

Конечно, ренессанс идей пантюркизма отнюдь не означал, что эта идейно-политическая доктрина стала бесспорно доминирующей. Серьезную конкуренцию неопантюркизму составляет набирающий популярность неосманизм (или обновленный османизм). Вот почему представляется целесообразным рассмотреть неопантюркизм в сравнении с неосманизмом и проанализировать степень влияния обеих доктрин на внешнеполитический курс Турецкой Республики.

Обе идеологические платформы формировались под влиянием ностальгии о великом имперском прошлом (Великий Туран, Тюркский каганат, Оттоманская Империя и т. п.). Однако в отличие от неопантюркизма, в основе которого лежат такие постулаты, как объединение народов по их этнической принадлежности к тюркам, приверженность исламу, общность языка, исторической культуры и восточного менталитета, неосманизм предполагает существенную ревизию вышеозначенных положений, а также некоторые нововведения в области внешней политики [7].

Можно выявить четыре основных критерия для сравнительного анализа неопантюркизма и неосманизма, которые представляют собой схожие в некотором отношении системы взглядов на роль Турции в мировой политике:

- генетический (показывающий весь ход образования и развития предмета и разъясняющий его происхождение);
- географический (или геостратегический);
- внешнеполитический;
- идеологический.

Как было показано, генезис пантюркизма, а впоследствии и неопантюркизма, независимо от того, что последний был слегка переработан и обрел почву непосредственно в Турции, носил пришлый характер. Казалось бы, неосманизм - явление исконно турецкое, порожденное исторической ответственностью за те негативные процессы, которые происходят в странах «османского наследия». «Есть наследие, которое оставила Османская империя. Нас называют “неосманами”. Да, мы и есть “неосманы”. Мы вынуждены заниматься соседними странами, и пойдем даже в Африку...» - заявил бывший министр иностранных дел Турции АхметДавутоглу в конце 2009 г. [8]. Однако сам Давутоглу не скрывает, что доктринальная основа и термин «неосманизм» в целом возникли в США и что в основе его видения будущего Турции отчасти лежат некоторые положения труда Джорджа Фридмана [9].

География пантюркистских устремлений не менее обширна, но имеет скорее азиатскую или даже дальневосточную направленность. В настоящее время тюркские народы расселены на обширных территориях Средиземноморья, Северного Кипра, Закавказья, Средней и Центральной Азии (за исклю-

чением Таджикистана), далее вплоть до Дальнего Востока России и Синьцзян-Уйгурского автономного района Китая [10].

По понятным причинам реализовать свои геополитические амбиции относительно Европы, России или Китая вряд ли удастся, а вот распространить свое влияние на страны Африки, Ближнего и Среднего Востока вполне осуществимо, особенно если учесть события первой декады XXI века, которые негативно отразились на стабильности этих стран и региона в целом [11]. Учитывая указанные слабые стороны, обе неоконцепции представляются в скорректированном виде. Неосманизм предполагает наличие трех интеграционных коридоров: Турция - Сирия - Ливан - Египет, в дальнейшем охватив Израиль и палестинские территории (первый коридор); Ирак и страны Персидского залива (второй коридор); Иран и Пакистан (третий коридор) [12]. Важно отметить наличие пересечения интересов неопантюркизма и неосманизма в рамках третьего коридора. С одной стороны, Турция будет стремиться втянуть в сферу своего влияния Иран и Пакистан, а также Афганистан, с другой стороны, постсоветский тюркский мир - Центральную Азию и Азербайджан.

Неопантюркизм во внешнеполитическом варианте преследует несколько иные цели. Например, сделать из Турции объединителя этнически родственных государств и народов, а также обзавестись статусом региональной державы в новом геополитическом пространстве. Причем, ориентируясь на Кавказ и Центральную Азию, Турция должна играть руководящую экономическую и политическую роль внутри группы тюркских государств. Многосторонняя интеграция с тюркскими странами Кавказско-Каспийского региона дает Турции возможность приобретения не только новых источников сырья, но и рынков сбыта своей промышленной продукции, дешевую рабочую силу и объединение демографического потенциала через развитие общетюркской литературы, истории, идеологии и политики [13]. Вначале тюркоязычные государства Кавказа и Центральной Азии с симпатией и воодушевлением восприняли турецкие инициативы, рассматривая Турцию в качестве надежного проводника для выстраивания партнерских отношений с Западом. Однако позже наступило взаимное разочарование. С одной стороны отсутствие единой идентичности среди тюркоязычных народов постсоветского пространства не позволило выработать единую позицию по проблемам региона. С другой, новообразованные государства были заинтересованы в самостоятельности собственной политики и не желали снова оказаться в тени.

Будучи непригодным для внешнеполитической экспансии, неопантюркизм все же оказался хорошей идеологической основой для установления контактов и развития отношений в области культуры. В культурно-языковом аспекте идеология пантюркизма предполагает необходимость формирования моноэтнического тюркского пространства (возможно, пантюркской организации), укрепление единой культуры и языка, распространение геополитического и геокультурного влияния на тюркоязычные регионы и продвижение интеграционных процессов в тюркском мире. Призывы к единству сочетаются на современном этапе с воинственными устремлениями неопантюркизма, которые проявились в форме вмешательства в вооруженные конфликты на территории Кавказа (Карабах, Абхазия, Чечня). При этом важно понимать, что, хотя в качестве идеологии пантюркизм приветствуется и широко поддерживается, он никоим образом не должен диктовать агрессивной политики. В противном случае, Турция рискует потерять кредит доверия тюркских государств и ухудшить отношения с более сильными и влиятельными факторами. В связи с этим в последнее время Анкара говорит много всяких идеологически окрашенных слов, но дела делает более прагматично. Очевидно, что неопантюркизм имеет большой идеологический потенциал, вся сложность заключается в методах его использования. Неопантюркистскую идеологию можно рассматривать как удобную платформу для заполнения вакуума на постсоветском пространстве имеющей западную ориентацию Турцией [14], в отличие от неосманизма, который служит идеологическим обоснованием поликультурного общества. Истоки идеологии идут вплоть до экс-президента Турции Тургута Озала, считавшего, что население страны и балканских мусульман сплачивает ислам, и объединить их вокруг идеи одного общего государства может разработанная по-новому идеология [15]. Т. Озал не отмечал, какая идеология способна решать подобные вопросы, однако делался намек на стремление Турции вернуться в лоно османизма. Идеологически неосманизм направлен на популяризацию Турции как лидера постосманского пространства, сфера интересов которого распространяется на значительные территории.

Анкара вряд ли когда-нибудь полностью откажется от идеологии неопантюркизма и, вместе с тем, не сможет оставить попыток воспользоваться идеологией неосманизма для достижения своих внешнеполитических целей. Как показано выше, между неоконцепциями существуют непреодолимые различия, однако обе концепции призваны служить интересам Турецкой Республики. Можно сделать вывод о том, что теория о возрождении Османской империи несостоятельна, так как серьезно задевает

интересы соседних стран, с одной стороны, а с другой, у самой Турции недостаточно ресурсов для крупномасштабной экономической и социоидеологической экспансии. Однако неопантюркизм, наполненный здоровым прагматизмом, позволит создать вокруг Турции зону влияния, что, в свою очередь, повысит статус Турции на международной арене и позволит стать одним из ведущих акторов в регионе Ближнего и Среднего Востока. Проникновение и главенство в регионе Большого Ближнего Востока или в рамках Исламской Цивилизации в принципе удовлетворяет обеим теориям. К тому же, стремление Турции быть великой державой позволит стать самостоятельным посредником в решении любых вопросов, которые часто возникают между Западом и Востоком. Ключ к успеху для Турции лежит в синтезе обоих подходов, при удачном свершении которого Турция и ее зона влияния превратится в своеобразный хартленд и сможет серьезно изменить все архитектуру международных отношений. Из чего также можно заключить, что неопантюркизм является логическим продолжением неоосманизма, и необходимый баланс при использовании обеих концепций рано или поздно будет найден.

Список использованной литературы

1. Аватков В.А. Неоосманизм. Базовая идеология и геостратегия Турции / В. А. Аватков // Свободная мысль. 2014. № 3. – С. 71-78.
2. Аватков В. Перекресток геополитических интересов России и Турции – Кавказ и Центральная Азия. Режим доступа: <http://www.iimes.ru/rus/stat/2009/24-04-09a.html> (дата обращения: 01.02.2017).
3. Байкова Т. Анкара обещала не оставить Крым без присмотра / Т. Байкова // Известия. 2014. 5 марта. – Режим доступа: <http://izvestia.ru/news/567061> (дата обращения 01.02.2017).
4. Все годы «дружбы» Турция вела подрывную деятельность внутри России. Режим доступа: <http://www.politrus.com/2015/12/12/russia-turkey-8/> (дата обращения 12.02.2017).
5. Глазова А. В. Политика Турции на Западных Балканах / А. В. Глазова // Проблемы национальной стратегии. 2013. № 2 (17). С. 22-34.
6. Дружиловский С. Б. Россия и Турция в новом тысячелетии / С. Б. Дружиловский, В. А. Аватков // Российско-турецкие отношения: 2002-2012 годы (материалы Круглого стола, г. Москва, 4 апреля 2013 г.). – М.: МГИМО-Университет, 2013. – С. 11-20.
7. Жизнин С. З. Энергетическая дипломатия в Каспийском регионе / С. З. Жизнин, И. А. Гулиев // Вестник МГИМО Университета. 2012. № 1. – С. 241-247.
8. Кудряшова И. В. Турция: национальные интересы и имперскость / И.В. Кудряшова, В. В. Матюхин // Политическая наука. 2013. № 3. – С. 117-136.
9. Мальшиева Д. Россия и Турция в Центральной Азии: партнерство или соперничество? Режим доступа: http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=5009#top-content (дата обращения: 01.02.2017).
10. Пруссаков В. Исламская мозаика / Валентин Пруссаков // Газета «Завтра». 2009. 2 декабря. № 49 (837). Режим доступа: <http://zavtra.ru/content/view/2009-12-0253/> (дата обращения: 30.01.2017).
11. Турция обвинила Россию в нарушении территориальной целостности Грузии, Сирии и Украины. Режим доступа: <http://www.kommersant.ru/doc/2917071> (дата обращения: 16.02.2017).
12. Турция: новая роль в современном мире. – М.: ЦСА РАН, 2012. 80 с.
13. Уразова Е. И. Экономическая активность Турции в Кавказско-Центральноазиатском регионе / Е. И. Уразова // Турция в условиях новых внутренних и внешних реалий: сборник статей. – М., 2010. – С. 156-170.
14. EmelParlar Dal &EmreErşen (2014) Reassessing the “Turkish Model” in the Post-Cold War Era: A Role Theory Perspective, Turkish Studies, 15:2, 258-282, DOI: 10.1080/14683849.2014.926238.
15. Murat Yeşiltaş. The Transformation of the Geopolitical Vision in Turkish Foreign Policy, Turkish Studies. 2013, 14:4, 661-687, DOI: 10.1080/14683849.2013.862927.

ӘӨЖ 903/904 (574)
МРНТИ 03.01.09

А.К. Төлегенов¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 1 курс магистрі, Алматы, Қазақстан

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАСТЕК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕТАЛЛ БҰЙЫМДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Ортағасырлық Қастек қаласына жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған темірден жасалған бұйымдар зерттелінген. Ежелгі тұрғындардың тарихи-мәдени дамуындағы темір өндірісінің орны оның қалыптасу мен даму үрдісін зерттеу маңыздылығымен, әр аймақтағы өндірістік ерекшеліктерінің қалыптасуымен, әр түрлі

мәдениеттердің өзара ықпалымен түсіндіріледі. Темірден жасалған еңбек құралдары адамдарды жер шаруашылығы, қолөнер, тұрмыстық ыдыстар, әскери қару – жарактарды жасауда кеңінен қолданылды.

Кілт сөздер: Қастек, металл бұйымдары, қару-жарақ, соқа, найза, ат-әбзелдері.

Аннотация

А.К. Тулегенов¹

¹*ҚазНУ имени ал-Фараби, магистр 1 курса, Алматы, Казахстан*

МЕТАЛЛИЧЕСКИЕ ИЗДЕЛИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА КАСТЕКА

В статье изучаются изделия из железа которые находилось в результате архелогических исследований в средневековый город Кастек. Значение производства железа и его формирование в жизни древних жителей объясняется с особенностью производства в разных территориях и с связем разных культур между собой. Рабочие инструменты из железо широко употреблялось в изготовлении бытовых изделия, военные оружие, ремесло и в земельным хозяйстве.

Ключевые слова: Кастек, металлические изделия, оружие, лемех, копья, конская упряжь.

Abstract

А.К. Tulegenov¹

¹*al-Farabi Kazakh National University, Almatu, Kazakhstan*

HARDWARE MEDIEVAL SETTLEMENT KASTEK

The article izuchaetsya ironwork which was a result of arhelogicheskikh research into the medieval city Kastek. The value of the production of iron and its formation in the life of the ancient inhabitants explained to feature production in different areas and with different cultural ties between soboy. Rabochie tooling of iron is widely used in the manufacture of household goods, military weapons, craft and farm land.

Keywords: Kastek, metalwork, weapons, blade, spear, horse harness.

Орта ғасырларда Қазақстанның оңтүстігінде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық өрлеу барысында Жетісу өңірінде қолөнердің, сауда мен мәдениеттің шоғырланған орталықтары-қалалар қалыптасты. Әрбір қала өзінің орналасқан жеріне, аймағына қарай саяси-экономикалық, рухани-мәдени орталықтың негізі болған. Ортағасырлық Қастек қалашығы Жамбыл ауданы, Қастек ауылынан 2,5 км. оңтүстікте, Қастек өзенінің сол жағасында, Суық төбе тауының етегіндегі адырлардың бірінде орналасқан. Қаланың қалыптасу тарихы солтүстік-шығыс Жетісуда VII ғ. аяғы-IX ғасырда басталып, бұл үдеріс X ғ.-XIII ғ. басында қарқынды жүрді. Осы уақытта қала ірі экономикалық, саяси және мәдени орталыққа айналды [1, 81 б.].

Ежелгі тұрғындардың тарихи-мәдени дамуындағы темір өндірісінің орны оның қалыптасуы оның даму үрдісінің зерттеу маңыздылығымен, әр аймақтағы өндірістік ерекшеліктерінің қалыптасуымен, әр түрлі мәдениеттердің өзара ықпалымен түсіндіріледі. Адамзат тарихында темір металлургиясының пайда болуы тұтас дәуірді қамтыды. Темір өндірісін жетілдіру қоғамның өндіргіш күштерін түбегейлі трансформациялауға әкелді. Темірден жасалған еңбек құралдары адамдардың әр түрлі шаруашылық салаларына деген мүмкіндіктерін кеңейтті: жер шаруашылығы, қолөнер, тұрмыстық ыдыстар т.б. [2, 181 б.]. Қастек қалашығының айналасындағы төбелердің маңынан көптеген арықтардың іздері байқалады. Арықтардың басы тау жақтан, Қастек өзенінен тартылғандығы белгілі. Себебі ескерткіш өзеннен шамамен 80 м-дей биік орналасқан. Соған қарағанда қала халқы егіншілікпен және бақша шаруашылығымен айналысқанға ұқсайды. Мұны ескерткіш маңынан табылған, металдан жасалған соқа тістері мен кетпендер дәлелдейді [3, 20 б.]. *Соқа тістері.* Соқа тісі-бұл соқаның ағаш сырғымасына кигізілетін металл ұштық. Оның негізгі функциясы-жерді көлденеңінен жырту. Жұмысының сипаты бойынша соқа тістері аудармай қопсытатын құралдар қатарына жатады. Микро құрылымдық анализге алты қапталған дана ұшыраған. Олар кең тұтаспаған төлкесі (втулка) бар үшбұрышты күрек болып келеді. Соқа тістерінің ұзындығы 33-тен 22 см, ал ені 15-тен 18 см арасында құбылып тұрады. Зерттеу нәтижелері айғақтағандай, ұсталар соқа тістерін жасауда түрлі технологиялық сызбалар қолданған. Біріншісі, қарапайым түрі, тұтасболаттық немесе тұтастемірлік ұштықты әдетте метал-ды ыстық күйде пластикалық өңдеу тәсілінің көмегімен жасауға келіп тірелген. Екіншісі, осы санаттағы бұйымдарға ерекше қызығушылық тудыратыны, темір мен болаттың үйлесімділігіне негізделген түрлі қасиеттегі материалдарды екі қабатты немесе көп қабатты дәнекерлеу жолымен жасалған. Дәнекерлеу өте сапалы өндірілген. *Кетпендер*-шот типтес егіншілік құралы. Әсіресе ауыл шаруашылығында жерді өңдеу құралдары ретінде немесе түрлі тектес арықтарды жүргізу кезінде қолданылған. Металлографиялық екі данасы зерттелген. Оның біреуі

дөңгелек формалы болған. Төлкесі жалпы ось симметриясынан 10 градусқа, жұмыс жүзінің жиегі жағына қарай ығысқан. Микро құрылымдық анализ және сыртай тексеру бұйымның бүтін бір металл тілімнен (ірі дәнді феррит құрылымы) соғылғанын көрсетті. Оның жасалу технологиясы қызған металды пластикалық өңдеудің қарапайым тәсілімен шектелген [4, 168 б.].

Қастек қаласы маңынан қола, темір, шойыннан жасалған тұрмысқа қажетті пышақ, қайшы, шырақ, шойын және болат қазандар, құрылысқа қажетті шегелер, есік тұтқалары; ат әбзелдері: ауыздық пен сулықтың бірнеше түрлері табылған. *Шойын қазан-жарты сфералы пішінде*, иығында екі көлденеңнен тұтқасы бар. Сыртқы бетінен төрт теңдей секторға бөліп тұрған тігінен төрт құю жігі жақсы көрінеді. Құю жіктерінің сипаты бойынша бұйымды құю құрама пішінде жүргізілгендігі анықталды [5, 105 б.].

Шегелер. Шегелердің негізгі массасы бекітелі-құрылыстық тип. Өлшемдері 21 см-ден 6-8 см арасында кездеседі. Білігінің қимасы төртбұрышты, дөңгелек формалар сирек кездеседі. Шегелердің салмағының арасында қолданылатын ұсталық операциялардың реттілігі жөнінде жорамалдауға мүмкіндік беретін бітпеген дайындама топтары бар. Бар дайындамалардың анализі соңғы операция басты арнайы шеге жасайтын құрылғыда отырғызу болып табылатындығын қорытуға мүмкіндік береді. Дайын шегелер мен дайындамалардың микро құрылымдық анализі көпшілігінде өңделмеген болаттың құрылымын, арасында-қарапайым темірдің құрылымын анықтады.

Құлыптар мен кілттер. Іле Алатауы қалаларында ғимараттарды, сандық қақпақтарын құлыптау үшін қолданған. Барлық зерттелген құлыптар типологиясы жағына бір біріне жақын. Олардың құрылымы массивті доғаға өтетін конус тәріздес қуыс денеден тұрады. Құлыптың бұғаттау құрылғысының пішініне байланысты доғаның ұшы істік түрінде безендірілген, болмаса дөңгелек немесе төртбұрышты тесік тесілетін. Құлыптың қажетті элементі екі нұсқада дайындалатын бұғаттау құрылғысы болып табылатын. Бірінші жағдайда бұғаттау құрылғысы дөңгелек жазық басты біліктен тұрған. Екінші жағдайда бұғаттағанда құлып доғасына қада кигізіліп, серіппелі білік ұшында дөңгелек тесікті жазық қалқаншамен бекіткен.

Құлыпты ашу үшін ұшында дөңгелек бедерлі ойығы бар арнайы кілттер қызмет жасаған. Құлыпты ашу қажет болған жағдайда кілт арнайы тесікке тығылған. Кілтті әрі қарай қозғалтқанда серіппе қысылып, сосын бұғаттау құрылғысы алынатын. Кілттік тесік доға білігі қуыс корпусқа өтетін жерінде орналасқан.

Технологиялық зерттеулер көрсеткендей, құлыптарды дайындағанда қызған металды ұсталық соғу әдісі қолданылған. Бұйымның бөлек элементтерін жинағанда мыстық дәнекерлеуді кеңінен қолданған. Дәнекерлеудің жоғарғы сапасына қарай отырып, ұсталар арнайы қосындыларды қолданды деп қорытуға болады. Жұмыс үшін бастапқы материал болып төмен көміртекті өңделмеген болаттар қызмет жасаған. Серіппе үшін материал таңдау өзіне назарын аудартады. Үш жағдайда олар жұмсақ металдан соғылған, біреуінде төмен көміртекті өңделмеген болаттан соғылған [6, 280 б.].

Темірді өндірісте кеңінен қолдану, әсіресе жоғары сортты темірді әскери техниканы жетілдіруде кеңінен қолданды. Қастек қаласынан табылған әскери жабдықтар: найза және жебе ұштары, сауыт көбелерінің бірнеше түрлері болып табылады. Найза атқаратын қызметіне байланысты жақын ұрысқа арналған түйреу қаруы болып табылады [7, 227 б.]. Ұзындығы 15 тен 20 см-ге дейін, қауырсынының ұзындығы 8-15 см, тығынының диаметрі 3-4см (Сурет 2.). Қарудың тығынды бөлігі, темірді жалғаудың нәтижесінде пайда болған «мойынында»: «жиналма сап» бар. Найза атты жауынгердің таптырмас қаруы болып саналған.

Найза ортағасырлық көшпенділердің негізгі қаруларының негізгі бір түрі. Араб жазба деректерінде түріктердің найзаларының ұзын және қысқа түрлері болған. Қысқа найза алып жүруге жеңіл және оны қадауға көп күш жұмсалады. Этнографиялық деректерге мән берсек, найза қазақтар мен қырғыздардың жерлеу салтында маңызды рөлге ие болған [8, 265 б.]. Сүйікті сәйгүлігі мен киімдерімен қатар ол қайтыс болған адамның уақытша орнын басады. Қырықыншы күні киіз үйге ақ немесе қызыл орамал (немесе өлген адамның өз белгісін) байланған найза немесе ағаш сырық орнатылды, ол жерлеу салтын білдірген. Жерлеу салты аяқталған соң найза сындырылады.

Қорғаныс құралдары қару-жарақтың ажырамас бөлігі болып саналады. Дәл осы қорғаныс құралдары құрылымы мен безендірілуіне байланысты этнографиялық және тарихи-экономикалық анализ жасағанда қосымша деректер береді. Қорғаныс құралдарының жаппай қолданылуы мен жоғарғы сапасы әскери іс пен колөнердің қаншалықты дамығанынан хабар береді. Сауыт типін анықтаудың негізгі ережесіне сауыт пластинасын негізге орнатудың әр түрлі тәсілдері жатады. Пластина дайындалатын форма мен материал, саңылаулардың саны және қорғаныс құралдарның дайындалатын құрылымына қарағанда қосымша рөлге

ие болған. Сауыттың төрт негізгі түрі ажыратылады: а) қабыршықты; б) табақшалы; в) ламинарлы г) созылымды (Сурет 2.).

Қастек-1 қалашығына жасалған қазба жұмыстары кезінде созылымды сауыттың 2 түрі анықталды. 1-ші түрі сауыттың жоғарғы бөлігі дөңгеленген, ал төменгі бөлігі тікбұрышты болып келеді. Оның ұзындығы 7,0-7,5 см, ені 2,5-2,7 см, қалыңдығы 0,1-0,3 см. Сауыттың негізгі бөлігі тарылтып жасалған. Негізгі айырым белгілері: жоғарғы бөлігінде шар тәріздес дөңестің болуы және айтарлықтай қалың болуы. 2-ші түрі сауыт пластинасы жоғарғы бөлігі дөңгеленген, ал төменгі бөлігі тікбұрышты болып келеді. Пластинаның өлшемі: ұзындығы 9,5-10 см, ұзындығы 2,3-3,0 см, қалыңдығы 0,1-0,2 см. Негізгі айырым белгілері: жоғарғы бөлігі иіліп жасалған.

Мініс жылқысының әбзелдері. Ежелгі түріктердің діни көзқарастары мен салт-дәстүрінде жылқы маңызды рөлге ие болған. Оның әскери істегі, шаруашылықтағы және түріктер өмірінің басқа да жақтарындағы маңызы ерекше. Сондықтан жылқы түріктердің дүниетанымында айрықша орынға ие: жерлеу салтында құдайға арнап шалынатын мал болды. [9, 76-78 бб.]. Әбзелге жататын заттар (жүген мен ауыздық, үзеңгі, айылбас), негізгі танылатын заттарға жатады әрі олар этнографиялық жағынан көрсететін құрам бөлікке жатады. Жүген мен ауыздық әбзелдің маңызды бөлігі, көбіне кездесетін археологиялық материалға жатады. Жүген мен ауыздық бір «жинаққа» жатады (жүгеннің ауыздықсыз табылуы сирек кездеседі, әрі олар табиғи өнімдерден дайындалғандықтан оның жолғалуын жамандыққа жорыған).

Жүгеннің біршығыршықты және екішығыршықты түрлері бар. Біршығыршықты жүген түйіні бар, әрі ауыздық пен тағаны бекітетін қосымша бір сақинадан тұрады. Екішығыршықты жүген екі сақинамен түйінделеді: ішкі сақина жүгенге арналған, ал сыртқы сақина тағаға арнап қойылған [10, 119 б.]. Ұзақ уақыт бойы ежелгі тұрғындардың қолөнер өндірісін зерттеу, басқа өндірістік құрал-жабдықтарды, еңбек құралдарын, ұсталық бұйымдарды тек сырттай бақылау және олардың салыстырмалы сипаттамалары арқылы ғана мүмкін болды. Ғылым дамуының жаңа деңгейі темір жасау өндірістерінің тарихын археологиялық зерттеуде сапалы жаңа қадам және өте маңызды бағыт болып табылатын жаратылыстану мен нақты ғылымдардың әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдістер ежелгі тұрғындардың қара металлургиясы мен ұсталық өнерінің технологиясына байланысты қызықты әрі нақты мәлімет ұсына алады, мұның негізінде сол кездегі қоғамның жалпы өндіргіш күштерінің жағдайын білуге болады. Бұл жұмыста металлографиялық әдістер қолданылған.

Қорыта айтқанда, Қастек қаласына жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған еңбек құралдары, әскери жабдықтар мен тұрмысқа қажетті құралдар қала аймағында сауда мен қолөнер, т.б. салалары дамығандығын көрсетеді. Қастек қаласының халқымыздың тарихындағы алар орны ерекше. Қастек-ел өркениетінің қалыптасуына сүбелі үлес қосқан қаланың бірі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нуржанов А.А. Средневековое городище Кастек-1 // *Материалы Международной конференции. Институт Археологии МОН РК.* – Алматы, 2011. – С. 80-87.
2. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. *Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН Каз ССР.* – Алматы, 1958. Т. V.
3. Нуржанов А.А. *Жетысу-золотая колыбель казахской нации. Мысль Республиканский общественно-политический журнал.* – Алматы, 2013. №10. – С. 19-23
4. Савельева Т.В., Зиняков Н.Н., Воякин Д.А. *Кузнечное ремесло Северо-восточного Семиречья.* – Алматы, 1998. –228 с.
5. Нуржанов А.А. *Исследования средневекового городища Кастека // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук.* – Алматы, 2015. №6 (298). – С. 99-109
6. Нуржанов А.А. *Средневековый Кастек // Материалы Международной научно-практической конференции «Маргулановские чтения 2014» посвященной 110-летию со дня рождения Академика А.Х. Маргулана.* – Алматы-Павлодар, 2014. – С. 268-291
7. Мандельштам А.Н. *Характеристике тюрков IX в. «Послания фатху б. Хакану» ал Джухиза // Труды ИИАЭ АН КазССР.Алма-Ата, 1956. Т. 1.*
8. Фиельструп Ф.А. *Из обрядовой жизни киргизов начала XX века.* – М.: Наука, 2002. – 302 с.
9. Нестеров С.П. *Конь в культурах тюркоязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековья.* – Новосибирск: Наука, 1990. – 142 с.
10. Кубарев Г.В. *Культура древних тюрков Алтая (по материалам погребальных памятников).* – Новосибирск: Изд.во Института археологии и этнографии СО РАН, 2005. – 400 с.



Сурет-1. Найзаның ұшы



Сурет-2. Сауыт көбелері

ӘОЖ 94(574) «1876/1917»:37
МРНТИ 03.01.09

С.С. Сайфулмаликова¹

¹ ғылыми жетекші: т.ғ.д. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Академик Т.С.Садықов атындағы «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушысы,
sabirasha@mail.ru

А.А. Рахимова²

² Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М011400 – тарих мамандығының 2 курс магистранты,
aida.ar757@gmail.com

СЕМЕЙ ЕРЛЕР ПРОГИМНАЗИЯСЫ МЕН ГИМНАЗИЯСЫ ТАРИХЫНАН (1876-1917 жж.)

Аңдатпа

Мақалада революцияға дейінгі Семей қаласындағы негізі қаланған ерлер прогимназиясы мен гимназиясының (1876-1917 жж.) құрылу тарихы қарастырылады. Автор ерлер прогимназиясы мен гимназиясындағы оқу үрдісі, материалдық базасы педагогикалық ұжымы, оқушылардың ұлттық құрамы, әлеуметтік тегі және діни-нанымы, гимназистердің оқу көрсеткішінің үлгерім деңгейі, гимназияның сыртқы және ішкі тәртібі, оқу бағдарламасы мен оған қатысты оқу құралдары да мақалада талданады.

Түйін сөздер: Семей, ерлер, прогимназия, гимназия, орта білім беру жүйесі, реформа, гимназистер.

Аннотация

С.С. Сайфулмаликова¹

¹ научный руководитель: – д.и.н., Казахского Национального Педагогического университета имени Абая, sabirasha@mail.ru

А.А. Рахимова²

² магистрантка 2 курса КазНПУ имени Абая, по специальности 6М011400 – история aida.ar757@gmail.com

ИЗ ИСТОРИИ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ МУЖСКОЙ ПРОГИМНАЗИИ И ГИМНАЗИИ (1876 – 1917 гг.)

В статье рассматриваются вопросы истории создания мужской прогимназии и гимназии (1876-1917 гг.) в дореволюционный период в городе Семипалатинск. Автор анализирует учебный процесс, материальную базу, состав педагогического коллектива, национальный, социальный и религиозный состав учащихся, уровень учебных показателей успеваемости гимназистов, правила поведения в учебном заведении и за его пределами, средства обучения и содержание учебной программы мужской прогимназии и гимназии.

Ключевые слова: Семипалатинск, прогимназия, гимназия, система среднего образования, реформы, гимназисты.

Abstract

S.S. Saifulmalikova¹

¹ Scientific supervisor: – doctor of historical sciences
of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai.

sabirasha@mail.ru

A.A. Rakhimova²

² 2th course master specialty of “6M011400 – history”, city Almaty, KazNPU named Abai
aida.ar757@gmail.com

FROM THE HISTORY OF THE SEMIPALATINSK MEN'S PROGYMNASIUM AND GYMNASIUM (1876 – 1917 yy.)

The article considers issues of history of men's progymnasium and gymnasium (1876-1917 yy.) to the before revolutionary period in the city of Semipalatinsk. The author analyzes the educational process, material resources, the composition of pedagogical staff, national, social and religious composition of students, level of academic performance of students, rules of conduct in school and beyond, learning and the curriculum male progymnasium and gymnasium.

Key words: Semipalatinsk, progymnasium, gymnasium, the system of middle education, reform, gymnasium student.

ХУІІІ ғасырдың үшінші ширегінде Ресей империясында ең алғашқы прогимназиялар мен гимназиялар құрыла бастады. ХІХ ғасырдың ортасында Орталық Ресейде ерлер гимназиялары мен прогимназияларының толық желісі құрылу үрдісін басынан кешіргелі жатқанда, Батыс-Сібір округінде бұл уақытта бас-аяғы 3 ерлер гимназиясы жұмыс атқарып тұрған, айтар болсақ: Тобыл (1810 ж.), Томск (1838 ж.), және Омбы (1876 ж.) қалаларында және бұл тізімге кейінірек ашылған Семей ерлер прогимназиясын қоссақ болады [1,24 б.]. Гимназиялар мен прогимназиялардың құрылуының ең негізгі мақсаты болашақ университет студенттерін дайындау, яғни ғылыми таным мен сол уақытта жоғарғы оқу орындарында дәріс оқылатын шет тілдерін үйрету болды (латын, грек, француз, неміс, және көне тілдер т.б.).

ХІХ ғасырдың екінші жартысы Ресей империясы үшін ұлы реформалар кезеңімен сипатталады, оның ішінде ең маңыздысы басыбайлы шаруалардың құқықтарының реттелуімен қатар, халыққа білім беру орындарының жұмыстарына да үлкен мән берілді. Соның ішінде Халық Ағарту Министрі А.В. Головиннің гимназиялар мен прогимназияларға байланысты 1864 жылғы ережесін айта кеткен жөн. 1860 жылғы ережелермен салыстырғанда гимназияларға байланысты біршама өзгерістер енгізілді. А.В. Головин басты назарға Германия елінің оқу үрдісін үлгі ретінде қарап, 1864 жылғы ереже бойынша гимназиялардың 3 типін белгіледі: классикалық – екі ежелгі тілдермен, классикалық – бір ежелгі тілмен, реальды – ежелгі тілдерсіз. Оқу уақыты толық 7 жыл, ал прогимназияда 4 жыл. Прогимназиялар реальдық училишелердің орнын алмастыруы қажет болды [2,2 б.]. 1866 жылы 14 сәуірде Халық Ағарту Министрлігінің басшылығына граф Д.А. Толстойдың келуімен 1871 жылы 30 шілдеде гимназия және прогимназиялардың жаңа ережелері қабылданады. Ереже тек екі ежелгі тілмен оқытылатын классикалық гимназияларды мақұлдады. 1871 жылғы ереже жаңа болғанымен, классикалық гимназиялардың бағдарламаларын түбірінен өзгерткен жоқ. Негізгі пәндерге ежелгі тілдермен математика таңдалып,

оларға көп уақыт бөлінді, ал құдай заңдары, бейнелеу, көркем жазу, жаратылыстану, тарих пәндеріне сабақ сағаттары қысқартылды. Сынып жетекшілер құрамы енгізіліп, оқу уақыты 8 жылға ұзартылды, бірыңғай оқу бағдарламалары мен бірыңғай сынақ ережелерін енгізді. Тағы бір Халық Ағарту министрі И.Д.Деляновтың (1882-1898 жж.) уақытында орта білім беретін екі тип: классикалық гимназия мен реальдық училище бір-біріне жақындай бастады. XX ғасырдың басында реальдық училищелердің түлектерін университеттің физико – математикалық және медициналық факультеттеріне қабылдап, оқу орнында жаңа тілдерді үйрену белең алды. II Николай патшалық еткен 10 жылдың ішінде Халық Ағарту Министрлігін бірталай тұлғалар басқарды. Атап айтсақ: граф И.Д.Делянов (1897 жж.), құпия кеңесші Н.П.Боголепов (1898-1901жж.), генерал П.Н.Ванновский (1901-1904 жж.), құпия кеңесші Г.Э. Зенгер (1903-1904 жж.), генерал Глазов (1904-1905 жж.). Басшылардың бұлай қарқынды ауысып отыруы білім жүйесінде жетекші жаңалықтар алып келмеді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы аралықта болашақ орта мектептің құрылуының айналасындағы бітпес талқылауларға толы болды [2,5 б.].

Сонымен Семей ерлер прогимназиясы және гимназиясының құрылу тарихына келер болсақ, 1876 жылы Семей қаласының қоғамдық басқармасы мен жергілікті әкімшілік Халық Ағарту Министрлігіне қалада ерлерге арналған орта білім беретін оқу орын ашу жайлы бірнеше рет өтініш жасайды, алайда олардың алғашқы өтініштері жауапсыз қалды. 1893 жылы өтініш қайта қаралып, қанағаттандырылады. 1894 жылдың 1-ші шілдесінде Семей қаласында төрт сыныптық ерлерге арналған прогимназия ашылатынын және оны материалдық жағынан қамтамыз ету мемлекеттік қор есебінен болатыны мәлімдеді. Қазақтардан жиналған 50 000 рубль салықтың үстінен түсетін пайыздар мен қалалық қоғамдық кеңестен жыл сайын бөлінетін жәрдемақы 3970 рубль қаражат прогимназияның ашылуына байланысты шығындарды өтеу үшін Халық Ағарту Министрлігінің қазына қорына құйылып отыруы тиіс болады [3,44 б.].

Семей ерлер прогимназиясының жеке оқу ғимараты болмады. Оқу орнына арнайы комиссияның мақұл-дауымен, қала басқармасы 600 рубльге жеке үй жалдаған. Болашақта жеке ғимаратты салуға прогимназияның ашылған бастапқы 4 сыныбының толықтай толуына байланысты болған [3,45]. Соңында тек 1899 жылы прогимназия тастан салынған жеке ғимаратқа орналасады [4,100 б.].

1894 жылы шілде айында прогимназия болып ашылып, 1901 жылы қаңтарда 6 сыныптық гимназия, ал 1903 жылы толық 8 сыныпты гимназияға түрленеді [1,24 б.]. 18-ші қыркүйекте прогимназияда екі бастапқы сынып ашылады. 19-ы мен 25-ші қыркүйек аралығында оқуға қабылдау сынақтары өтіп, ал қыркүйектің 27-і күні оқу үрдісі басталады [3,44 б.]. Бірінші және екінші сыныпқа оқуға түсу үшін, құдай заңдары, орыс тілі, география, арифметика, латын тілінен ауызша және жазбаша түрде емтихан тапсырды [5,5 б.]. Емтихан нәтижелері бойынша оқу орнына жыл басында 1-ші сыныпқа 21 оқушы, ал 2-ші сыныпқа 9 оқушы, барлығы 30 оқушы тізімге ілікті [5,7 б.]. Оқуға қабылдау барысында педагогикалық кеңестің шешімімен жас шамалары бойынша екінші сыныпта оқулары тиіс 13 жасар Борис Уданов пен Александр Белоусович, біріншісінің денсаулық жағдайының нашар болуынан, ал екіншісінің қаражатының жетіспеушілігінен өз уақытында оқуға түсе алмағандығына байланысты 1-ші сыныпқа қабылдау туралы үкім шығарады [6, 5-6 бб.]. Ал шынайы қарағанда гимназия және прогимназияға қабылдау ережелерінде 1-ші сыныпқа жас шамасы 10-11 жас, екінші сыныпқа 11-13 жас міндетеліп бекітілген болатын. Прогимназияда оқуға қабылдау ережелеріне педагогикалық кеңестің шешімімен тек себепті жағдайларға байланысты өзгертулер енгізіліп отырған [5,26 б.].

1894 жылдың қыркүйек айының басында прогимназияда 6 адам қызмет атқарды. Инспектор – 1, заң оқытушысы – 1, тіл мен ғылым мұғалімдері – 2, басқа да қызметкерлер – 2 [3,44 б.]. Ашылған жылы қызмет атқарған мұғалімдер туралы ақпарат берсек: Семей ерлер прогимназиясының директоры статтық кеңесші Константин Николаевич Рябининь. Қазан университетінің жаратылыстану ғылымдарының кандидаты, физика-математика факультетін бітіріп, химия, физика және жаратылыс тарихы пәндерін маманданған педагог азамат. 1896 жылы 1 қаңтарында 3-ші дәрежелі Қасиетті Анна орденімен марапатталған. Прогимназияда I-II сыныптарға географиядан сабақ берді. Прогимназияның құрметті қамқоршысы 1-ші гильдия көпесі Алексей Васильевич Москвинь. Заң оқытушы, дін қызметшісі – Иоаннь Семенович Никольский. Владимирск рухани семенариясында білім алған, прогимназияда I-II сыныптарға құдай заңдарын оқытқан. Оқушы М.Н. Березников - Санкт-Петербург тарих-филология институтында білім алып, тарих, география және орыс тілінен гимназияда сабақ беруге құқылы мұғалім мамандығын иеленген. I-II сыныптарға орыс тілін, латын тілінен, көркем жазу мен француз тілінен сабақ берген. Оқытушы П.В. Шмейцерь I-II сыныптарға орыс тілі, география, неміс тілі, бейнелеу пәндерінен дайындады [6,2 б.].

Оқу орнының мұғалімдері жоғарыда көрсетілгендей Санкт-Петербург тарих-филология институтын, Князь Безбородко атындағы тарих-филология институтын, Қазан университетін, Омбы мұғалімдер

семинариясын т.б. жоғары білім алған. Педагогтарға төленетін еңбекақының көлемі әртүрлі болған екен. Айта кететін болсақ, гимназия директорының қызметтік еңбекақысы 1500 рубль және белгіленген пәннен бергені үшін 480 рубль, Сібірде қызмет атқарғаны үшін 114 рубль, барлығы 2124 рубль алып тұрған. Қатардағы мұғалімдердің еңбекақысы айына 1000 рубльден 1800 рубльдің арасында және сібірде жұмыс атқарғаны үшін қосымша қаражат бөлінді, ескеретін жайт еңбекақы мұғалімнің дәрежесі мен сағатына байланысты болды. Сонымен бірге прогимназия мұғалімдері қосымша қыздар гимназиясында да сабақ берген [7,32 б.].

Гимназия мұғалімдерін кәсіби шеберлікпен алмасуға жазғы демалыс айларында шет елдерге жіберіп отырған. Мысалы, 1912 жылы Семей ерлер гимназиясына халық ағарту министрлігінен ғылыми бағытта ерлер және қыздар гимназияларының мұғалімдерін жазғы демалысқа шет елге жіберуге 4000 рубль несие бөлінгенін, соған байланысты оқу орнынан жөнелтілетін мұғалімді анықтап, жауабын беруін сұрайды. Гимназия басшылығы алгебра, геометрия, арифметика, табиғаттану пәндерінің мұғалімі И.О. Прокофьевтің өтінішін қабылдап, оны бас қамқоршы Лаврентьевке, аталмыш мұғалімнің Англия немесе Германия елдерінің оқу үрдісін білу мақсатында жіберуін сұраған [8,41 б.].

1860 жылғы ережеге назар қойсақ, онда гимназия оқытушыларын 1828 жылғы заңдардағыдай жоғары және төмен деп қарамай, оларды үш категорияға бөледі: оқытушылар, тәлімгерлер және профессорлар. Оқытушы атағы жанадан жұмысқа тұрған немесе енді мансабын атқарып жүрген мұғалімге берілді. Тәлімгер атағы өзін педагогикалық тұрғыдан көрсете білген, оқу орнында кем дегенде 5 жыл жұмыс атқарған оқытушыға, ал профессор атағы оқу орнында кем дегенде 15 жыл қызмет атқарған, өзін ғылыми және педагогикалық шеберлігімен көрсете алған тәлімгерге ұсынылған. Сондықтан мұғалімдерде ең бастысы мамандығы емес, еңбек өтілі мен ғылыми-педагогикалық дәрежесі олардың алар орындарын анықтаған. Мемлекеттік қызметте жұмыс атқаратын мұғалімдердің барлығы санатқа (класс) бөлінген. Оқытушы атағы бар мұғалімдер ІХ санатқа, тәлімгерлер УІІІ санатқа, профессорлар УІІ санатқа жатқызылды. Ақша өтілі сол санатқа байланысты төленген. Зейнет мәселесі бойынша, 20 жыл өтілі бар оқытушыға (жұмыстан шыққан жағдайда) еңбек ақысының 50%-ы, ал 25 жыл өтіліне еңбек ақысының 100%-ы тағайындалған. 1864 жылғы ереже бойынша зейнетке шығу мәселесі толық қаралмайды, тек халық ағарту министрлігі 1857 жылы бекіткен зейнет пен оқу орындарына көмек туралы ережесінде көрсетілгендей қалатынын жазады [9,171б.].

Оқу орнында алғашқы оқу жылдары және кейінірек гимназияға түрленген оқу жылдары, ұстанған діні мен әлеуметтік жағдайына байланысты әр түрлі балалар білім алған, (1 кестеге) төмендегі кестеге мән берсек дворяндар мен шенді азаматтардың балаларының және православиялық дін өкілдерінің санының артықшылығын байқаймыз. Мұсылман дінін ұстанататын оқушылардың ішінде қайсысы (қазақ немесе басқа ұлт өкілі) қай ұлтқа жатқызылатыны анық жазылмайды. Қазақ балаларынан гимназияға Өскемен уезіндегі, коллеждік кеңестің дәрігері Амре Құрманұлы Айтбакиннің ұлы Айтбакин Аспандияр оқу орнын 1920 жылы 28 қаңтарда толық сегіз сыныпты аяқтап, келесі оқу нәтижесін көрсеткен: құдай заңдары оқымаған, (гимназия құдай заңдары пәнінен мұсылман балаларын босатқан – Р.А.) орыс тілі мен көркем сөйлеуден, философиялық оқулардан – қанағаттанарлық, латын тілі, құқықтану, математика, материалды география, физика, тарих, француз тілі, неміс тілі пәндерінен жақсы деп бағаланған, сонымен бірге бейнелеу, гигиена, гимнастика секілді қосалқы пәндерді игергендігі жазылады [10,1 б.].

Райымжан Мәрсековтың туған інісі Шерияз Мәрсеков 1904 жылы оқуға қабылданады, бірақта мұрағат деректерінде аталмыш оқушының оқу үлгерімі мен қай жылы бітіргені туралы ақпарат берілмейді [11,1 б.]. Павлодар уезінің Көкпекті болысының фельдшеры Амре Ноғарбеков жиені Ноғарбеков Әбіл-Мұксұн-Абдулиннің 1908 жылы оқуға қабылдануына өтініш береді, бірақта 1908 жылы Семейде түрмеде отыруына байланысты оқу орнының басшылығына жиенін кедей оқушылардың қатарына қосып, оқу ақысынан босатуын немесе түрмеден ақша салып жібергенше көмектесуін сұрайды. Басшылық өтінішті мақұлдап, қоғамдық қордың ақшасынан оған 30 рубль көлемде көмек көрсетеді. Мұнымен қоса 1909 жылдың 1 қаңтарында земствалық шәкіртақыны осы оқушыға тағайындалғаны туралы айтылады [12,1-9 бб.]. 1914 жылы Жетісу облысы Лепсі уезінің Аягөз болысының тұрғыны Беріккұл Малдыбаевтың ұлы Нұрахмет Малдыбаевты қабылдау емтихандарынан жоғары бағалар алып тұрсада, оқу орнында бос орын жоқтықтан қабылдай алмайтынын хабарлайды [13,11б.]. 1918 жылы почта – телеграф саласында жұмыс атқаратын 6 разрядты шенеунік қазақ баласы Мұстанбаев Ыдырыс Семейдегі 2 сыныптық қазақ-орыс училищесін жоғары бағамен аяқтап, оқуын жалғастыру үшін гимназияның 5 сыныбына қабылдауын сұрайды. «Гимназия на дому» бағдарламасымен үйде мұғалім жалдап аттестат алуға дайындалғанын, 1917 жылы гимназияның 4 сыныбына қабылдау емтиханын тапсыруға елдегі революциямен, саяси-

қозғалыстардың белең алуы себап болуын алдыға тартып, Алаш-Орда ұйымының материалдық көмектесуіне сүйеніп, оқуға қабылдауын өтінеді [14,1-7 бб.].

1916 жылы гимназияның ІҮ және ІІ сынып оқушылары Молдабаев пен Уалиханов текті қазақ балалары педагогикалық кеңестен құрамына жергілікті семинария мұғалімдері мен қыздар гимназиясының, үш жоғары және бастауыш училищелерінің оқушылары кіретін қазақ үйірмесін ұйымдастыруға рұқсат сұрайды [15,1 б.]. Өкініштісі үйірменің құрылғаны немесе құрылмағаны туралы басқа ақпарат берілмейді.

Жоғарыда баяндалғандай көп бөлігі қазақтардан жиналған салықтың есебінен салынған оқу орнында, қазақ балалары тек 1900 жылдан бастап оқуға түсе бастайды. Кестеден көріп тұрғанымыздай сол жылы ғана қазақ балаларын белгілей бастайды, ал 1903 жылдан бастап қазақтарды «прочих» немесе «инородец» деп белгілеген.

1 кесте [16]

Жыл	Діні							Әлеуметтік құрамы								
	Православтық	Рим-католиктік	Мұсылмандар	Басқа христиандар	Иудейліктер	Лютерандықтар	Протестантықтар	Двойндар мен шенді азаматтар	Дің қызметкерлері	Құрметті азаматтар мен 1-ші гильдия саудагерлері	Мешандар мен 2-ші гильдия саудагерлері	Шаруалар	Қазақтар	Қазақтар	Шет елі азаматтары	Басқалар / бұратана
1894	32	2	-	-	-	-	-	22	-	-	7	2	3	-	-	
1900	89	3	7	-	5		2	49	-	7	35	1	6	7	1	
1901	146	4	13		7		2	79	2	7	60	4	10	9	1	
1902	191	4	12	-	10		-	109	3	3	68	9	15	9	1	
1903	223	7	10		15			126	6	1	87	12	17		1	5
1904	259	6	10	-	16		-	141	16	1	96	15	16		-	
1905	259	8	2	1	18		-	141	13	45	60	14	15	2	1	11
1906	260	9	14	1	14			143	14	47	55	11	13		1	14
1907	258	8	18	-	10		-	149	13	50	48	7	8	-	1	18
1908	253	11	15	-	13		-	134	20	60	45	16	7	-	-	9
1910	250	17	15	-	14	4	-	117	19	68	51	19	8	-	-	15

Батыс-Сібір оқу басқармасының құрамындағы гимназия және прогимназияларда оқу ақысы жылына 1887 жылы 12-25 рубль, 1897 жылы 40 рубль, 1909 жылы 40-60 рубль, 1916 жылы 40-60 рубльді құраған. Бұл сомаға қосымша оқушының тамағы, киімі, сабақ құралдары және т.б. керекті заттарға шығындар шығып отырған [1,32 б.]. Оқу ақысының жоғары болуына байланысты оқу орнына түсу кол жетімді болмаған. Соған қарамастан гимназияда кейбір балаларға жеңілдіктерде жасалды. Оқушылардың ақысыз оқуға құқығы болғандары: әскери қызметкерлердің балалары, жетім балалар, мүгедек балалар, мұғалімдердің балалары. Мысалы, Семей ерлер прогимназиясында 1894/1895 жылғы оқу жылында ІІ сынып оқушысы Борис Степановты қалалық училище мұғалімінің баласы болғандықтан гимназия және прогимназия ережелерінің 31 тармағына сәйкес оқу жылының екінші жартысына ақысын төлеуден, ал бірінші сынып оқушылары Владимир Донских, Петр Дрьев және Павел Косачев, ІІ сынып оқушысы Вениамин Донскихке 31 тармақтағы көрсетілген 10% пайыз жеңілдіктің есебінен оқу ақысынан босатады [17,9]. 1917/1918 жылдың бірінші жарты оқу жылында педагогикалық кеңес пен ата-аналар комитеті біріге отырып, гимназияда оқитын 460 адамның 10% яғни, 46 жағдайы төмен оқушыларды ақысыз оқытуға шешім қабылдайды [18,416.].

Оқу орнында шәкіртақылар бекітіліп отырған, айта кетсек Семей облысының әкімшілігінен жыл сайын гимназияға мемлекеттік қазынадан 900 немесе 700 рубль қаражат бөлініп отырды [19,8 б.]. 1913 жылдың маусымында азамат соғысының 100 жылдығына орай І Александр патшаның құрметіне тағайындалған шәкіртақы, бұл ақшалай көмекті педагогикалық кеңестің шешімімен гимназиядағы жағдайы ең

төмен оқушыға берілуін міндеттеген [19,12 б.]. 1903 жылы Семей уезіндегі Сейтен болысының тұрғындары Романовтар әулетінің патшалық құруының 300 жылдығына орай съезд кеңесінде гимназиядағы бір қазақ баласына 300 рубль көлеміндей шәкіртақы ұсынады [19,21б.]. Мұнымен қоса Семей қаласының басқармасы гимназия оқушылары үшін көмек ретінде II Александр патшаның, А.С. Пушкиннің құрметтеріне орай гимназияның педагогикалық кеңесінің таңдалуымен алынған оқушыларға 25 рубль шәкіртақы тағайындаған [19,24 б.].

Ереже бойынша ерлер прогимназиясы және гимназия оқушыларының киім үлгісі: шұғадан тігілген қара көк түсті жартылай шекпен, қабыспайтын өңірлі, тізеге жетпейді, 9 күміс түсті дөңес тегіс түймелерден тұрады, осындай 4 түйме қалталардың соңына тігілген, шалбары қара-көк түсті шұғадан, сыртқы киімі офицерлік үлгіде екі жағалы сұр шекпенді шұғадан тігілген. Бас киімі жартылай шекпенді шұғадан, әскери үлгіде жасалған [1,23 б.]. Орта оқу орындарында жазалаудың екі түрі белгіленді(ереже бойынша): сөзбен және әрекетпен. Сөзбен жазалауға сөйлеу, ұялту, ескерту жариялау. Ал екінші түріне жетекшінің жеке (баланың) өзіне немесе барлығының көзінше сөгіс айтуы, оқушының сабақ бойы тұрып тұруы немесе бірнеше сабақ бойы жалғыз отыруы, қамқоршы мен инспекторға, ата-анаға хабарлау, үйге қосымша тапсырмалар беру. Бұл аталған жазалар ешқандай шешім бермеген жағдайда оқушыны жеке директордың алдына алып барып сөгіс жариялаған, бірнеше күнге қарцерге қамап, тек нан мен суға отырғызған. Ең қатал жаза ол – гимназиядан шығару болып есептелінді [1,57 б.].

1904 жылғы есеп бойынша Семей ерлер гимназиясындағы қолданылған жазалау шараларына мән берсек:

2 кесте [1,59-61 бб.]

Жазалу түрі	I сынып	II сынып	III сынып	IV сынып	V сынып	VI сынып	VII сынып
Үйге ерекше тапсырмалар беру	25	9	20	11	14	8	2
Инспектордың немесе сынып көзінше сөгіс жариялау		4		1	1		
Қарцерға қамау 1-4 сағ	9	2	3	3	14	2	2
Қарцерға қамау 4-8 сағ			1	1			
Пед-к кеңестің сөгісі							1

Кестеден көріп отырғанымыздай жазалау шаралары ретінде көп жағдайда үйге тапсырма беру мен қарцерге қамау әдістері жиі қолданылған. Гимназияның оқу-тәрбие үрдісі діни рәсімдермен тығыз байланысты жүргізілген, мысалы құдайға құлшылық ету уақыты педагогикалық кеңеспен қарастырылып, таңертеңгі сағат 8:45-ке бекітіліп, міндетті түрде орындалуы тиісті болған. Соған орай қаладағы Знаменск шіркеуінде прогимназия оқушыларының құлшылық етуі үшін арнайы орындар дайындалғаны туралы хабарлады [6,6 б.].

Оқытылатын пәндерге келер болсақ, (1894-95 оқу жылы, 1-2-ші сыныптар) бірінші сыныпта – 7 пән, ал екінші сыныпта – 8 пән оқытылды. Сабақ дүйсенбі-сенбі аралығында болды. Бірінші сыныпта аптасына арифметика – 4 рет, орыс тілі - 5 рет, латын тілі – 5 рет, көркем жазу – 2 рет, география -2 рет, құдай заңдары - 2 рет, бейнелеу – 2 рет, ал екінші сыныпта аптасына арифметика – 4 рет, орыс тілі – 4 рет, латын тілі – 5 рет, француз тілі – 3 рет, неміс тілі – 3 рет, құдай заңдары - 2 рет, көркем жазу – 2 рет, бейнелеу – 2 рет өтілген [6,6 б.].

Гимназия курсына толықтай бітіріп шыққан оқушыларға – аттестат, ал оқу орынды жартылай оқып немесе тастап кеткен жағдайда – анықтама берілді. Бірақ гимназиядан кейін жоғары оқу орнына түсу үшін, міндетті түрде аттестат қажет болды [1,50 б.]. Сонымен қатар үздік оқушыларды алтын немесе күміс медальмен марапаттаған. Медальдар саны шектеулі, бір алтын және екі күмістен артық болмаған [9,173 б.]. Аттестаттарын қолдарына алғаннан кейін оқушылар университетке емтихансыз түсуге және гимназия жанынан арнайы педагогикалық курсты оқып шыққан жағдайда жоғары халықтық училищеге мұғалім болуына (үздік оқыған пәндері бойынша), жоғарғы разрядты кеңсе қызметкері (мемлекеттік қызметкер) болуға құқылы болды.

4. Білім беру мекемелерінде дарынды оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделдетіп оқытуды ұйымдастыруға, мектеп психологы пән мұғалімдерімен бірігіп отырып, сауалнама арқылы оқушының дарындылық сферасын анықтайды. Оқушының дарындылығы анықталған кезде, дарынды оқушының жетекшісі, психолог оның жеке құжаттарын, мінездемесін, сынып журналын зерттейді, баланың сабақтағы, сабақтан тыс кездегі іс-әрекетіне үнемі бақылау жасап, талдау жүргізеді, әр түрлі формада білім тексеру жұмыстарын ұйымдастырып, білім деңгейін анықтайды [5]. Мектепте жеке пәндерді оқуда ерекше білім жетістіктерін көрсеткен оқушылардың мәлімет банкісі құрылып, оқушылардың білім жетістіктері мен психопедагогикалық диагностикалары салыстырылып, әр оқушыға күнделік жүргізіледі.

XIX ғасырдағы қазақ халық ағартушылары да халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін, дарындылықты дамыту мәселелерін көтере бастады. Қазақстың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсаринның (1841-1889) демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарастарынан айқын көрінеді. Бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге, оқу құралдарын жазуға, тәлімгер-ұстаз дайындауға оларға ғылыми әдістемелік басшылық жасауға, өз кезеңіндегі қазақ халқының қоғамдық өміріндегі саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып, жазуға жұмсады. Ы.Алтынсарин «Табиғи ақыл өін қоршағанды құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім» деп, бала дарындылығын туа біткен кездегі қасиетін дамыту негізімен байланыстырған.

Қазақ халқының ұлы ойшылы ақыны Абай Құнанбайұлының поэтикалық шығармалары мен қара сөздері педагогикалық ой-пікірлерге толы. Табиғаттық санадан тыс, тәуелсіз өмір сүруі, өмір ақиқатының түйсікпен қабылдануы, адамдар жаратылысының бірдей еместігі, ғылымны ақылмен, жан құмарымен алынатындығы оның көрінісі екендігін ұғындырып отырған [6].

А. Құнанбаев адам бойындағы мінезді сынай отырып, оған ерекше түсінік беріп өткен. «Жетінші қара сөзінде» «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген». Міне, Абайдың айтып отырған баланың білуге деген құштарлығын, талабын дамытуда жеке ерекшелік қасиеттерін ескере отырып біліммен, іскерлік, дағдымен ұштастыра отырып танымдық ой-өрісін дамыту ең алдымен ата-анаға содан кейін білім беретін орындарға жүктелетін міндет. XX ғасырдың бас кезіндегі көрнекті қайраткерлер еңбектерінде бала тәрбиесі мен ерекшелігін қабілетін қарай қалыптастыру жайттары сөз болған. Жалпы, XX ғасырдың бас кезі халқымыздың рухани-мәдени тарихындағы қиындығы мен қайшылы мол күрделі кезең еді. Бұл кезең халқымыздың ұлттық оянуының, демократиялық мәдениетінің өсіп-өркендеуінің, зиялылықпен ілгерілеуінің, әлемдік деңгейдегі ой жарыстыруының, көркем өнер ...

Оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесінде мұғалім тек орта деңгейде оқитын балалармен жұмыс жасауға мәжбүр болады да, дарынды бала оның назарынан тыс қалады. Ал дарынды бала өте сезімтал, кінәмшіл, эмоцияға бейім болғандықтан, ол бұл жағдайға төзе алмайды [7].

Екінші жағынан, мемлекеттік білім стандарты шәкіртке келешек өмірде қажет болатын білімнің ең аз мөлшерін меңгеруге бағытталған. Оны игеру үшін оқытудың жаңғырту әдісі жіктеледі. Жаңғырту әдісінде шығармашылыққа жол жоқ. Мұғалім оқу үрдісінде, негізінен, осы әдісті пайдаланатындықтан, оқушының шығармашылығы деңгейде оқуы мұғалім үшін ұнамды бола бермейді. Дүние жүзінде дарынды балаларды зерттеу жұмысының басталғанына біраз жылдар болды. Ал Қытайда, дарынды балаларды зерттеу ісі 20-ғасырдың 80-жылдарынан бастап қолға алынған. Осы 30- жылға жуық уақыт ішінде, Қытай ғалымдары ұтымды еңбек етіп, дарынды балалардың рухани, ақыл-ой, дене-тәрбиесі жақтарын зерттеу және оларды оқыту мен тәрбиелеу жақтарында осы мәселеге қатысты халықаралық ғылым саласын елең еткізерлік табыстарға қол жеткізді. Дарынды тәрбиелеу дегеніміз - оқытудың өзіндік ерекше тәсілі

қолданылады. Бір жағынан оқыту принциптері мен әдістері қолданылса, енді бір жағынан ерекше талаптар да қойылады. Яғни, дарындыларды тәрбиелеу ақыл - ойы артып туған балаларды әдеттен тыс тәрбиелеу. Қытайда мұны - «Киелі бала» тәрбиесі делінсе, Еуропада мұны - «Дарындыларды тәрбиелеу» деп атайды. Қытай мемлекеттік дарындыларды зерттеу қоғамы ерен дарындылар кәсіптік комитетінің төрағасы, профессоры Хы Шуман - ақыл ойы орта дәрежеден жоғары балаларды айрықша тәрбиелеуге болады, айрықша тәрбиелеу баланың әр кезеңдегі дамуына сай, оның қоғамдық қабілетін жетілдіріп, оның ерекшеліктері мен қабілетін ашып, сапалы тәрбие жүргізу деп қарайды. Ғалымдардың зерттеуінше: дарынды бала деген ұғымның кең және тар екі түрлі мәні бар. Кең мағынасы - ақыл-ойы, қабілеті және ақыл-ой қабілетіне жатпайтын жеке қасиеті әдеттегі балалардан артық ерекшеліктері бар балалар [8].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Момышұлы Б. Психология войны. – Алматы, 1996.
2. Запорожец А.В. Актуальные проблемы детской психологии. – М., 1978.
3. Работа с одаренными детьми. «Дарын» ақпарат-әдістемелік жинағы. – №1.
4. Ушинский К.Д. Собр. Соч. Т6. – М., 1949. – 319 с.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – А.: Жазушы 1995. – 355 б.
6. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы
7. Педагогикалық энциклопедия. – М., 1964. Т.1. – С. 384.
8. Базарбаева Н.А. Педагогикалық кеңес. 2009. №1. – 13-14 б.

ӘӨЖ 111-08
МРНТИ 03.01.11

А.Т. Шаганбаева¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ –нің магистранты

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа

Мақала еліміздің Елордасы Астана қаласының қалыптасу тарихына арналған. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінде 1994 жылы 6 шілдеде қабылданған болатын. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асырылды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Ақмоланың атауы 1998 жылғы 6 мамырдағы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсау-кесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «әлем қала» атанды. Қазақстанның бас қаласы Бүгінде Астананы салуға бөлінген инвестициялар көлемі 2 миллиард долларды құрайды. Бұл еліміздің үлкен жетістігі және ұлттық экономикасымыздың жарқын көрінісі болып табылады. Бүгінгі Астана еліміздің орталығы және бабаларымыз аңсаған азаттық пен ұлттық қайта түлеудің орталығы, әрі еліміздің білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, спорт пен туризм салаларында жоғары деңгейдегі ресми кездесулер өткізетін ордасы. Еуразия жүрегінде орналасқан Астана қаласының жаңа тарихы – бұл тәуелсіздік тарихы, бұл мемлекеттілік тарихы, бұл ұлттық тарих.

Тірек сөздер: Қазақстан Республикасы, Астана, Президент, халықаралық, қала, ғимарат, тарих.

Аннотация

А.Т. Шаганбаева¹

¹магистрантка КазНПУ имени. Абая

ИЗ ИСТОРИИ ГОРОДА АСТАНЫ

Статья посвящена развитию истории столицы нашей страны. 1994 году в 6 июля Верховном Совете принял решение о переводе столицы из Алматы в г.Ақмола. Официальный перевод столицы осуществился в 10 декабря 1997 По приказу президента РК Н.А. Назарбаева в 1998 году 6 июня город Ақмола был переименован на Астана. Международная презентация новой столицы прошла в 1998 году 10 июня. В 1999 году по решению ЮНЕСКО город Астана получил статус «Әлем қала». На сегодняшний день инвестиции для строительства столицы РК состоит из 2 миллиарда долларов. Это является большим достижением экономики нашей страны. Сегодня Астана является столицей нашей страны, который расположен в центре Евразии. Так же является культурном центром нашей республики.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Астана, Президент, Международный, город, заведение, история.

Abstract

A.T.Shaganbaeva¹

¹magistrant of KazNPU named after. Abay

FROM THE HISTORY OF ASTANA

The article is devoted to the development of the capital city of our country. 1994 in July 6, the Supreme Council decided to transfer the capital from Almaty to the city of Akmola. The official translation of the capital was realized on December 10, 1997. According to the order of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev in 1998, 6 June, the city of Akmola was renamed to Astana. The international presentation of the new capital was held in 1998 on June 10. In 1999, according to the decision of UNESCO, the city of Astana was given the status of "Alem kala". To date, investment for the construction of the capital of Kazakhstan consists of 2 billion dollars. This is a great achievement of our country's economy. Today Astana is the capital of our country, which is located in the center of Eurasia. It is also a cultural center of our republic.

Key words: Republic of Kazakhstan, Astana, President, International, city, institution, history.

Бүгінде жас қазақ мемлекетінің астанасы ретінде әлемді тамсандырып отырған Астана қаласы жайлы деректер көп. Ол Есіл өзенінің оң жағасындағы жазық жерге орналасқан және Есіл өзенінің көшкен ел аттылы-жаяу өте беретін бұл тайыздау жерін Сарыарқа қазақтары Қараөткел деп атаған.

Ақмола қаласының негізі 1830 жылы қаланды. Оның атауы 13-14 ғасырларда тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған. Әуелде Ақмола әскери бекініс болған, кейіннен, 1862 жылы, сол жерге қала мәртебесі берілген [1]. 1863 жылы Ақмола округ, 1868 жылы уезд орталығына айналды. Қала Орта Азия, Сібір, Орал өңірлерін жалғастыратын керуен жолында орналасқандықтан, жедел дамып, қазақ даласындағы ірі әкімшілік, сауда, шаруашылық және мәдени орталыққа айналды. 1914 жылы қалада 3 кірпіш, 4 май өңдеу, 2 тері илеу, 1 сыра қайнату зауыттары, қасапхана, 20 шеберхана жұмыс істеді. Мәдени-ағарту орындарынан 1 реалдық, 3 жалпы білім беретін училище, ауыл шаруашылығы мектебі, медресе, 2 кітапхана болды. Қала тұрғындарының саны 1914 жылы 15 мыңға жетті.

Кеңес дәуірінде де Ақмола Орталық Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірінде үлкен орын алды. 1929 жылы қалаға алғашқы поезд келді. 1950 жылы қалада 58 өнеркәсіп орны жұмыс істеді. 1954 жылы 5 наурызда Ақмолаға тың игерушілер тиелген алғашқы эшалондар келіп тоқтады. 1956 жылы 26 желтоқсанда Тың өлкесі құрылып, Ақмола оның орталығы болды. Қаланың аты 1961 жылы 20 наурызда Целиноград болып өзгертілді. Қалада алғашқы жоғары оқу орындары – ауыл шаруашылығы институты, пединститут, инженер-құрылыс институттары ашылды. 1960-80 жылдары қалада 30 жобалау және ғылыми-зерттеу институттары ашылды. 1965 жылы Тың өлкесі таратылып, 1994 жылы қалаға ежелгі Ақмола аты қайтарылды.

Ақмоланың геосаяси тұрғыдан тиімді орналасуы, өнеркәсіптік әлеуеті, құрылыс индустриясын дамытуға қажетті базасының болуы және ірі тасымал торабына орналасуы ескеріліп, 1994 жылы ҚР Жоғары Кеңесі және 1996 жылы 6 шілдедегі Министрлер кабинеті ҚР-ның астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулылар қабылдады. 1997 жылы 20 қазанда Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын ҚР-ның астанасы деп жариялау туралы» жарлыққа қол қойды. 1998 жылы 6 мамырда Елбасының жарлығымен [2] ҚР астанасы – Астана қаласы болып аталды, ал 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы қабылданды. Осы жылға 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа Астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Астана қаласы 2 ауданға – Сарыарқа және Алматы аудандарына бөлінеді.

1997 жылы 20 қазанда Президенттің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялаған жарлығы шықты, 10 желтоқсанда Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы статусын алды, ал Астананың ресми тұсаукесері 1998 жылы 10 маусымда болды.

1997 жылы 8 қарашада Ақмолаға мемлекеттік рәміздердің эталоны келді. Ақмола енді мемлекеттік Тудың, Елтаңбасының және Президенттік байрағының сақталатын орын болды.

Астананы көшіру үрдісі бір мезгілде болған оқиғаға емес, негізінен, жоспарланғандай 2000 жылы аяқталды. Тиісті дайындық жұмыстарынан кейін Ақмолаға бірінші кезекте негізгі мемлекеттік органдар, сонымен қатар бірнеше маңызды министрліктер мен ведомстволар көшіп келді.

Міне, көріп отырғаныңыздай Астана құрылысы әлдекімдер ойлағандай қиялдан туа салған ғажайып дүние емес, Тұңғыш Президентіміз түн ұйқысын төрт бөле, әлемдік қала салу үрдістерін жан-жақты зерттей саралаған кемел ойларының тұжырымдамасы екен. Жаңа астана мемлекеттік идеология жасаудың бетбұрысы болды, жаңа дәуірдің бастауын көрсетті.

Астана-тәуелсіз еліміздің жаңа тарихы. Бүгінде бүкіл әлем жұртышылығы Қазақстанның даму жолын осы Астана арқылы біліп, сол арқылы танып отыр. Көптеген шетелдік қонақтар барлығы Астананың тез салынып жатқанын, оның әлемдік сәулет өнерінің озық үлгілеріне сай тұрғызылып жатқанын айтады.

Алып құрылыстар алаңына айналған Елорданың бүгінгі әлеуметтік-мәдени дамуы кімді де барынша қызықтырып, ынтықтыратыны мәлім.

Көпұлтты халықтың татулығы мен ынтымағының жарқын көрінісі іспеті ешбір елде жоқ бейбітшілік және келісім сарайы-қазақ жұртында Астанада ғана пирамида кейпінде бой көтерді. Қазақстан халқы Ассамблеясы сол жерде алқалы жиын өткізді.

Биіктігі 97 метрлік «Салтанат сарайы» [3], Оқушылар сарайы, Медиа-орталық, Республикалық жас ұлан мектебі, Республикалық координологиялық орталық сияқты нысандар астаналықтарға айқара есігін ашты.

Жас Елордамыздың болашақта әлемдік ең үлкен сәулетті қалалардың қатарына қосылатыны сөзсіз. Қаланың қай бұрышына көз салсаңда қауырт құрылыс жұмыстарына куә боласыз.

Елорданың осылайша қарқынды дамуына Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей ықпал жасап отырғаны айдан анық. Астананың алғашқы крпішін өзі қалап бастаған мемлекет басшысы күні бүгінге дейін қаладағы әрбір маңызды нысандардың салыну жоспарын бекітіп отырады, қаланың тазалығына дейін көңіл аударады.

Астана-тәуелсіз еліміздің жаңа тарихы. Бүгінде бүкіл әлем жұртшылығы Қазақстанның даму жолын осы Астана арқылы біліп, сол салынып жатқанын, оның әлемдік сәулет өнерінің озық үлгілеріне сай тұрғызылып жатқанын айтады.

Қазақстанның бас қаласы ВВС телекомпаниясының жобасымен әлем назарына ұсынылды. Серіз сериядан тұратын деректі телебағдарламаның «Армандар» деп аталатын сериясының бір бөлігін Қазақстанның жаңа ордасы-Астана қаласына арналған.

Онда **Ден Круйшнер** мырза Астаналық символы «Бәйтерек» сондай-ақ, Ақорда, Бейбітшілікпен келісім сарайы, «Транспорт Тауар», ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясының ғимараты, ең биік үй кешені, «Астана салтанаты» сияқты қазіргі заманғы архитектуралық ғимараттар туралы әңгімеленді (ЕҚ. 2007, 22 наурыз)

Астана достық пен татулықтың алтын сағасына мемлекетшілік қана жол салып отырған жоқ. Байтақ жұртымыздың баянды өмірі әлем қауымдастығында сүйсіндіріп отыр. Наным-сенімнің оқшаулығынан бастары бірігуі қиын сырттағы қырғиқабақ елдерге төрін айқара ашып, салауатты диалог құруға да мұрындық бола білді. Бұған дәлел үш мәрте Елордада өткізілген дәстүрлі дін иелерінің әлемдік құрылтайы.

Астана тек Қазақстан халықтары ынтымақтастығының ұйтқысына айналып қоймай, әлемдік қалалар деңгейіне көтеріліп дүниауи қауымдастықтан өз орнын айқындай алды. Астанада 2010 жылдың аяғында өткен дүниежүзілік саммит қаланың мәртебесін көтеріп тастады. Астана 2011 жылы III Халықаралық көрме байқауында жүзеге ие болды, ал 2012 жылы Астана түрік әлемі мен ТМД мәдени астанасы аталып отыр.

Ерке Есіл жағасында бой көтерген ерекше сәулеттік ландшафты бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтанш тұтатын көп ұлтты және көп дінді халқы бар әсем де мейірімді астанамыз, міне осындай қала.

Бұл күндері Астана және Президент деген екі ұғымды ажыратуға мүмкін емес. Себебі, Астананы Президент салды, ал Астана Президенттің өзінің және барлық қазақ халқының да мәртебесін көтерді.

Лекциямызды Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1998 жылғы жаңа жылдық құттықтау сөзіндегі астана туралы пікірімен аяқтағымыз келеді. «Қазірдің өзінде еліміз жаңа қарқынмен, жаңа ырғақпен өмір сүріп, енбек етіп жатыр. Астана Ақмолаға көшіргенде де осындай мақсат көзделген еді. Осынау тарихи қадамның қадіріне замандастарымыз да, келер ұрпағымыз да жететін болады»

Астана жылдам дами бастады. Елбасының қалауын дұрыс ұққан халқымыз астана құрылысына қызу қатысып, елордалық болуға ынтығасы оянды. Нәтижесінде Астана тұрғындарының саны 2002 жылдың өзінде 2010 жылға жоспарланған көлемнен асып кетті. Сонымен қатар, тұрғындар санына шаққандағы өңірлік жалпы ішкі өнім айтарлықтай өсті. Сөйтіп, Астана қаласының ІЖӨ-сі 2006 жылдың өзінде доктор К.Курокаваның 2030 жылға жасаған болжамынан екі есе асып түсті.

Ел экономиясы мен Астананың жедел дамуы Бас жобаны толығымен қайта жасауға итермеледі. Отандық мамандар бұл мақсатта көп тер төкті. Әлемдегі дамушы қалалардың тиімді іс-әрекеттері мол тәжірибелерін зерттеп, зерделеп ортақ ойға ойысты. Сондағысы, XXI ғасырдағы қоғам мен техникалық

дамудың қарқын алуына байланысты дамушы ірі қалалардың Бас жоспарларын мамандандырылған ғылыми – зерттеу институттары ғылыми негізде жүргізуі керек деп тұжырым жасады.

Астанамыз ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу мәртебесін жеңіп алғаны мәлім. Көрмеге арналған ғимараттар мен нысандарды түрлі дамушы елдер салатыны белгілі. Бірінші, «Жабық қала» тұрғын үй кешені. Оның орасан зор күмбезінің астында толық инфрақұрылымы бар бүтін бір шағын аудан орналасады. Жыл мезгілінің кез-келген уақытында бұл жерде тұрақты ауа температурасы сақталады. Жоба 10 мың тұрғынға есептелген. Жабық шар секілді домалақтың астында екі шақырымды алатын бұл қаланың барлық нысандары метро сынды бір-бірімен жалғастырылады [4].

Мыңжылдық аллеясы. Ол бойынша көне Созақ қаласының орнына жаңа қалаға қарай тарих даңғылы тартылып, университет қалашығына барып тіреледі. Даңғыл экспланада түрінде тарихи кезеңдерді бейнелейтін көріністерге толы болады. Халықаралық әуежай. 2030 жылға дейін күніне 1200 адамға, жылына 7 млн. жолаушыға қызмет көрсететін тағы бір халықаралық әуежай салынады. Оның құрылысы Көкшетау тас жолындағы Шортанды немесе Қарағанды тас жолындағы Аршалы аймағында бой көтереді. Бұған қоса, біреуі жүк, екіншісі жолаушыларға арналған екі сапаржай ашылады. Бірі өнеркәсіп аймағында, екіншісі, Мүсірепов көшесінде орын тебеді.

«Слалом-үйі» жобасы. Қаламызда төбесінде шаңғы тебетін үй салынады. Жоба ерекшелігі – төбесінде шаңғы тебетін трассасы болады. Бұл тұрғын үй мен шаңғы кешені бір-бірімен араласпайды, функционалдық жағынан [5] бөлек. Мұндай айрықша жоба әлемде әсірше жоқ көрінеді. Оның төбесінде айналма шаңғы тебу жолы ашылмақ. Бұл үйдің 75 метр биіктіктегі төбесіне арнайы лифтімен тез арада көтеріледі. Онда шаңғы жолының ұзындығы - 350, ені 24-26, екі жағы 4-5 метр биіктікте қоршалады, ұзындығы 1 шақырымға дейін созылады. Қауіпсіздік талаптары толықтай сақталады. «Абу – Даби Плаза». Қазақстанда және Орта Азияда ең биік ғимарат болады. Ғимараттың биіктігі 382 метр болса, ішкі аумағы 280 000 шаршы метрді құрайды.

Бүгінде елорда осылай жасыл желекке бөленіп түлеп, түрленіп жатыр. Ақылды қала – Астана аспанға ұмсынып, қанатын кеңге жайып келеді. Елорданың ертеңі ертегідей ғажайыпқа толы, мәнді де сәнді болатыны аян. Астана – заманауи сәулеткерлердің, қазіргі архитектураның мүмкіндіктері толық көрініс тапқан шаһар. Астана – республикамыздың ірі саяси-әкімшілік, іскерлік және мәдени орталығы. Ол – 1999 жылдың өзінде ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» сыйлығын жеңіп алған. Ол – Әлем астаналары халықаралық ассамблеясының мүшесі. Астанамыздың мақтан тұтар сан қырлы қасиеттері көбейіп келе жатқандығы қуантады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттің астанасын Ақмолаға көшіру туралы Жарлығын шет ел басшылары түсіністікпен қабылдап, геосаяси мәнге ие деп бағалауда. Еуразия құрлығының дәл «жүрегінде» орналасқан Астананың ХХІ ғасырда халықаралық саясаттағы маңызды орталыққа айналу мүмкіншілігі бар [6]. Жаңа астананың Алматы қаласына қарағанда көркеуі үшін өндірістік объектілер, әлеуметтік инфрақұрылымдар, әуежайлар, әлемдік деңгейдегі офистер және қонақүйлер салу жағынан көптеген перспективалық артықшылықтары бар. Еліміздің астанасын көшіру халықаралық байланысты тереңдетуге үлкен септігін тигізбек. Мемлекет астанасының орналасу орны болашақта жолаушылар және жүк тасымалдаудың, сонымен қоса телекоммуникацияның, үлкен халықаралық транзитті жолдар торабының түйісетін орталығы болмақ. Атап айтқанда, кіндік қала Еуропа елдерін Азия Тынық мұхит аймағының жылдам дамумен келе жатқан аудандарымен тез және сенімді түрде байланыстырады. Бас қаланың Астана деген атауына келетін болсақ, оның біршене негіздері бойынша артықшылығы бар. Атап айтқанда, оның бір ғана түсіндірмесі бар және де бұл сөз нақты айшықталған мәнге ие. Астана атауы ешқандай да келеңсіз саяси немесе тарихи ұғындыруларға салынбаған [7]. Жаңа атау құлаққа жағымды естіледі және графикалық тұрғыда мемлекеттік тілде де, сондай-ақ негізгі халықаралық тілдерде де сәтті көрінеді, оның үстіне естілу әуезі іс жүзінде ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Қазақстанның территориялық бөлін-бейтін біртұтастығы Ата Занда бекітілген. Қазіргі егеменді еліміздің шекарасы республиканың қауіпсіздік кепілі болып табылатынын бүкіл әлемдік қауымдастық таныған. Қазақстан астанасының көшуі республикадағы этникалық ахуалды нығайтуға және біздің елдің халықаралық ынтымақтастықтың белсенді мүшесі болуға бағытталған. Жаңа Астананың жарқын келбеті қалыптаса бастады. Бұрын Астананы тыңгерлердің астанасы ретінде біліп келсек, енді тәуелсіз Қазақстанның бас қаласына айналды. Бұл – үлкен мәртебе. Жаңа, тәуелсіз Қазақстанды бейнелейтін жаңа елордамен қазақстандықтардың барлық ұрпақтарының арманы мен үміті астасып жатыр. Астана, бір жағынан, жаңа Қазақстанның мақтанышына, екінші жағынан – ұлттық идеяны орнықтырудың және елді біріктірудің нышанына айналды. Ол елдің орталығында, тарихи кезеңдерде Еуропа мен Азияның транзиттік күретамырын байланыстырған, дамыған индустриялық өңірде орналасқан.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Алаштың ардағы / Құрастырғандар Е.Тілешов, Г.Әріпбекова. – Астана: Зерде, 2008. – 240 б.*
2. *Н.Ә.Назарбаев. «Евразия жүрегінде». – Астана, 2005 жыл.*
3. *Энциклопедия. – Астана*
4. */Казахстанская правда. 1998-2011 гг.*
5. *Ермекбаева Г. /Егемен Қазақстан, 5 шілде 2013, Айбыны асқақ шахар. – 3 бет.*
6. *Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандық жол». – Қарағанды, 2006 жыл.*
7. *Қазақ совет энциклопедиясы. 1 том. – Алматы, 1972 ж. – 521 бет.*

ӘОЖ 94(4)»375/1492»

Б.С.Тұрлыбай¹

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ.,
T.bakyt94@mail.ru*

АҒЫЛШЫН РЕФОРМАЦИЯСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

XVI-XVII ғасырда христиан діні мен католик шіркеуі үлкен дағдарыстарды бастан кешті. Батыс Еуропалық реформациялық қозғалыстар барысында жаңа конфессия - протестантизм және оның көптеген бағыттары пайда болды. Бұл шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарға түпкілікті әсер етті. Реформация - Батыс Еуропа өркениетінің жаңа заманға қарай жасаған ең батыл қадамы және кейінгі орта ғасырлардың басты оқиғаларының бірі. Мақаланың маңыздылығы, батыс Еуропа өркениетінің жаңа заманға бетбұрысы ағылшын тарихының оқиғаларынан да көрініс табатындығын, сонымен қатар аталған кезеңде билік жүйесі қандай болғандығын және несімен ерекшеленетіндігі қарастырылған.

Түйін сөздер: Реформация, Англия, Ағылшын реформациясы, Генрих VIII.

Аннотация

Б.С.Тұрлыбай¹

¹Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, магистр

НАЧАЛО АНГЛИЙСКОЙ РЕФОРМАЦИИ И ОСОБЕННОСТИ

В данной статье рассматриваются проблемы становления новой системы взаимоотношений светской и духовной власти в XVI веке на примере Англии. В XVI-XVIII веке католическая церковь христиан пережила несколько глубоких потрясений. Из за реформации в Западной Европе возникло новое течение христианства - протестантизм. Это повлияло на отношения между церковью и государством. Реформация это смелый шаг, сделанный к новому времени в позднем средневековье Западно - Европейской цивилизацией. Значимость статьи заключается в рассмотрении системы правления и ее особенности, проделанной западноевропейской цивилизацией в период реформаторской деятельности в Англии.

Ключевые слова: Реформация, Англия, Английская Реформация, Мартин Лютер, Генрих VIII.

Abstract

B.S. Turlybay¹

¹al-Farabi Kazakh National University, master

THE BEGINNING OF THE ENGLISH REFORMATION AND FEATURES

The article deals with the problems of establishing a new system of relations between the secular and spiritual power on the basis of examples of England the XVI century. In the 16th and 18th century, the Catholic Church of Christians experienced several deep upheavals. Because of the reformation in Western Europe, a new trend of Christianity arose - Protestantism. This affected the relationship between the church and the state. The Reformation is a bold step, made to a new time in the late Middle Ages by Western European civilization. The significance of the article is to consider the system of government and its peculiarities, done by Western European civilization during the period of reform in England.

Keywords: Reformation, England, the English Reformation, Martin Lyuter, Generic VIII.

XVI-XVII ғасырлар тоғысы - жаңа заманның басы және Батыс Еуропадағы орта ғасырдың кешеуіл кезеңі. Бұл дәуір - саяси-әлеуметтік ұлы оқиғалардың уақыты ғана емес, қоғамдық ғылымдар, оның ішінде тарих ғылымында үлкен жаңалықтар ашылып жатқан мерзім. Сондай-ақ, ғылыми методологиялық тұрғыдан да іргерілеулер жүреді. Адамзат тарихын ежелгі, орта ғасырлар және жаңа заманғы дәуірлеудің де нақ осы уақытта қалыптасқанын айтса да жеткілікті. Бұдан бөлек қазіргі заманауи халықаралық қоғамдық-саяси институттар да XVI-XVII ғасырларда қалыптасқандығын айта кеткен жөн. Бұл жайттың

шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарға да тікелей қатысы бар. Жалпы Европа елдерінде ең ірі оқиғалардың бірі және мәдени-тарихи дамудағы басты кезеңі - Реформация дәуірі болып саналады.

Реформация - XVI ғасырда Батыс және Орталық Еуропада кең қанат жайып, феодалдыққа қарсы сипатты иеленген және католицизмге қарсы күрес түрін қабылдаған қоғамдық қозғалыс [1, 163 б.]. Реформацияның басталуы - «қайта жаңғыру» мәдениетінің соңғы кезеңімен сәйкес келеді. Демек, бұл діни қозғалыс адамзат баласы басынан кешірген прогрессивтік төңкерістердің ішіндегі ең ұлы мәдени төңкеріс - «қайта жаңғыру» дәуірінің заңды жалғасы болып саналады. Реформация - XVI ғасырдың бірінші ширегінде Германияда дүниеге келген діни-идеологиялық және әлеуметтік-саяси қозғалыстардың бірі. 1517 жылы тезис болып шыққан Мартин Лютердің индульгенцияға қарсы сөйлеген сөзі Германиядағы реформацияның басталуы болып саналады. Мартин Лютер (1483-1546) - неміс ойшылдарының бірі және қоғам қайраткері, Германиядағы университеттердің бірінде теология профессоры. Мартин Лютер «адамдар күнәдан шіркеу қаулыларының, папа үкімдері мен нұсқауларының күшімен құтылмайды, күнәдан құтылудың басты жолы Киелі кітапты оқу, оған толық сену» деді. Лютердің шкірінше, шіркеу мен дін иелерінің міндеттері тек Киелі кітаптың мазмұнын түсіндіру, христиандарды сол арқылы «сенімге» жетелеу еді. Ол христиан дінінің католиктік бағыт түрінде қалыптасқан кейбір қағидаларын қайта қарап оны жаңғыртуға ұмтылушылар мүдесін қозғайды [2, 58 б.]. 1517 жылы Лютер шіркеу озбырлығы мен папа индульгенциясына қарсы көзқарасын білдіретін үндеуін - «95 тезисін» таратты. 1520 жылы Лютер папа зорлығына қарсы күресті бүкіл неміс ұлтының ісі деп жариялады. Сөйтіп Лютер дінбасыларының барша жұртқа үстемдік етпекші болған әрекетіне қарсы шықты. Ол осылайша папа шіркеуінің озбырлығынан құтылмақшы болған бюргерлердің жалпы ниетін білдірді. Лютер мемлекеттік мекемелердің билігін күшейтуге шақырды. Лютер әділетсіздікке қарсы күш қолдануды жақтамады. Әділеттілікке тек үгіт-насихат, түсіндіру, көзін жеткізу сияқты заңды жолдармен жету керек екенін айтты. Шыдамдылық танытуға үгіттеді. Бұған Римдік - католиктік шіркеудің қарама-қайшылықтарға толы идеологиясына көңілі толмаушылықтан және шектен шығушылығы себеп болды. Бұл қозғалыс ескі орта ғасырлық тәртіптеріне қарсы болды.

Реформация - жаңа капиталистік қарым-қатынастарға жол аша отырып, адамның ойлауы мен дүниеге деген көзқарасын өзгертуді мақсат етті. Христиан дінінің жаңа тармағы протестантизмнің өмірге келуіне жол ашылып, ол жаңа діни әлеуметтік, қоғамдық құрылыстың жаршысына айналды. Ол үрдістер бірқатар елдерге ұзақ уақытқа созылса, бірқатарында жедел түрде жүрді. Германиядағы реформация алғашқы үндеуі болды. Швейцарияда, Францияда және Англиядағы реформацияны корольдік өкіметте жоғарыдан жүргізсе, Италия мен Испанияда мүлдем жүргізілмеді.

Англияда Генрих VIII король болған кезеңде реформацияның алғышарттары қалыптасты. Генрих VIII-ші басқаруы барысында ағылшын абсолютті монархиясының белгілері анық байқала бастады. Эдуард VI-шы 1547 ж. таққа отырған кезде, ол он жасар бала болатын. Ол Генрих VIII-шімен оның үшінші әйелі Джейн Сеймурдың баласы болатын. Эдуард VI-шы өзінің кәмелеттік жасына жетпегенінше оның әкесінің інісі герцог Сомерсет «корольдіктің протекторы» міндетін атқарып, бұл лауазымда 1550 жылға дейін отырады. Сомерсеттің Англия мен Шотландияны біріктіру идеясы сәтсіз болып, тіпті шотландықтарды өзіне қарсы қояды. Ол Шотландияға басып кіріп, Пинки-клейде жеңіске жетсе де, бұл істен басын тартуды жөн көреді [3, 97 б.].

Осы кезде Шотландықтарға көмекке француздар келіп, Мария Шотландская мен Франция дофині өзара неке құрады. Сомерсеттің ішкі саясаты да сәтсіздікке толы болған. Әлеуметтік және экономикалық жағдайды жақсарту талпыныстары керісінше оны әлсіретеді [4, 124 б.]. Ал 1550 жылы ол кеткен соң Эдуард VI-шы басқаруы кезінде граф Уорвик мемлекеттік істермен айналысады. Бірақ, Уорвик жас корольдің өлетінің біле тұра таққа Марияны отырғызбас үшін, 1553жылы өзінің ұлына Генрих VIII-нің кіші қызының немересін Джейн Грейнді үйлендіреді. Алайда бұл ойы сәтсіздікке ұшырайды.

1534 жылы король ағылшын шіркеуін Римнен азат деп танитындығын мәлімдеп жариялады. Мемлекет билігінің реформацияны жүргізушілерді қолдап теліктерінің бір арнадан шығуы ағылшын реформациясына өзгеше сипат берді. Осы қадам елдің ішкі бөлігінде діни-саяси майданда күрестер жүруге алып келді. 1535-1558 жылдары билік жүргізген Мария Тюдор королева болған кезеңде реформаторларға қарсы қатаң күрес жүрді [5, 241 б.]. Халық оны қатыгездігіне байланысты «қанішер» деп атап кетті. Генрих VIII-ші кезінде парламент корольге көмектесе отырып, біршама көп жиналатын.

Эдуард VI-шы басқарған кезде Англияда Реформация жаңа қарқынмен дамып келе жатқан. Англия тарихында бірінші рет доктриналар мен христиан діні заң жүзінде іске асырылады. 1549 жылы жалпы сыйыну туралы кітапты міндетті түрде пайдалану шешімі қабылданады.

Бұл кітап католиктік тектен тұрған. 1552 жылы шыққан сыйыну кітабында континенталдық реформаторлар бағыты туралы жазылған. 1553 жылы Эдуард VI-шы 6 шілдеде 16 жасар король болып қайтыс болады. Эдуард VI-шы қайтыс болған соң жаңа ақсүйектер католичка Мария Тюдордың таққа отыруын болдырмас үшін, мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырмақшы болады. Алайда ол 1553 жылы 19 шілдеде Лондонда королева деп жарияланады. Жаңа королева ескі дінді қабылдай отырып, шығыс графтігерде реформа жүргізіп олардың көмегін өзіне қамтамасыз етеді. Ол Эдуард VI-шы кезіндегі

епископтарды қайтадан приходқа алып, ал олардың орның алып отырғандарды өздерінің орындарынан босатады. Сонымен қатар Мария реформаторларды Англиядан қуады, ал жаңа дінді қайта қабылдағандарға ешқандай зорлық-зомбылық жасамайды [3, 132 б.].

Парламенттік акт бойынша Эдуард VI-шы қабылдаған діни шешімдерді өзгертеді: сыйыну кітабындағы священниктерге неке құру құқығына және епископтерді патент беру арқылы сайлауға тыйым салады. Генрих VIII-шінің соңғы дәстүрлі өмір сүру салтына көшу барлық жерде жүргізіледі. Бұл кезде оппозиция болған, бірақ қоғам ескі тәртіпке өтуге қарсы шықпаған. Алайда кейін папа билігінің орнауы және оларға жерлерді қайтарып беру мәселелері үшін халық арасында толқулар басталады. Жалпы осы Мария Тюдордың ең үлкен қателігі – Филипп Испанскиймен неке құруы. Өйткені, осы неке құру туралы хабарлама, халық көтерілісіне әкелді. Көтерілісшілердің негізгі күші Лондонға жылжып келе жатқанда королева оны тоқтата алған. Осыдан кейін Мария өзінің саясатын қатаң жүргізе бастайды. 1554 жылы оның некесі заң жүзінде қабылданады. Ал папа билігінің рухани юрисдикциясының көтерілісі оның наразылығын одан сайын өрістетеді [4, 376 б.].

Енді осыған байланысты Үшінші парламент еретиктерге қарсы заң қабылдап, (1528 ж.) Англияда папа билігінің кеңеюіне тыйым салады. Бұл заңдарды жүзеге асыру үшін бұрын шіркеулерге қатысты болған жерлерді тиіспеуге үде беру керек болды [3, 219 б.]. Алайда бұл шаралар керісінше оппозицияны күшейткеннен кейін, Мария Тюдор репрессия жолына түседі. Сонымен қатар оның сәтсіз болған некесі Англияны Франциямен соғысқа әкелген: 300 еретик өрттелінеді, королева беделі түсіп және экономикалық әлсіздікке әкеледі. Сөйтіп, 1558 ж. 17 қарашада Мария Тюдор қайтыс болады.

Мария Тюдор ағылшын шіркеуінің католиктік орталықтан алшақтамауын қалады. Сондықтан да ағылшын шіркеуінің өзгеше болуын талап етушілерді жазалауды ұйымдастырып отырды. Тек Генрих VIII-дің екінші қызы Елизавета билікке келген кезде ғана Англия католиктік орталық басқарудан алшақтады. Англия шіркеуі ұлттық деп танылды [2, 75 б.]. Шіркеу мемлекеттің құрылымына өтіп, королдің қамқорлығына алынды. Әрине, Англияның бұл қадамдары Рим мен өзге де Еуропаның католиктік мемлекеттерінің терс пиғылдарын туғызды. Солардың көш басында Испания тұрды. Филипп II Испания тағына отырған кезден бастап Англиямен түрлі бағыттағы бәсекелестік жүрді.

Қайсар да ақылды королева Елизавета елдің ішкі бөлігіндегі арандаушылықтарды реттей отырып, сыртқы саясатта да табысты әрекеттер жасады. Англияның теңіз ісіне машықтығын арттырды. Англиядағы шіркеу саясаты халықаралық аренада қарама-қайшылық тудырды десек қателеспегеніміз болар еді [4, 136 б.]. Англияда абсолюттік монархия қабылданды. Мария Тюдор қайтыс болғаннан кейін, Генрих VIII-ші мен Анна Болейннің қызы Елизавета Тюдор (1558-1603 жылдары) таққа отырады. Елизавета I-нің билігі ағылшын абсолютизмінің дамуында кульминационды пунктке айналған. Осы кезде абсолютті монархиямен жаңа дворяндар және буржуазия арасында келіспеушілік қарқынды түрде дамып жатты.

Елизавета билегенде Англия толығымен аграрлы ел болған. Халықтың көп бөлігі: 4,5 млн. адам деревняларда тұратын. Жалғыз ірі қала Лондон болатын. Оның тұрғындарының саны 1534 – 1660 жылы 8 есе көбееді (60 мыңнан 460 мыңға дейін). Осыған байланысты Англияда шаруашылық өмірдің интенсивті түрде дамуы қарқынды жүреді. Ол негізінен аграрлы облыстарда байқалынды. Сонымен қатар Тюдорлар реформалары «ақшалы адамдардың» қолына, яғни джентрилерге көптеген жерлер бөліп берді. Нәтижесінде кедей шаруалар өздерінің азық-түліктерінен және жерлерінен айырылады. Деревняларда жерлердің ірі капиталистік арендасы таралады, және феодалды тәртіпке бағынбаған фермерлер көбее түседі. Елизавета I-ші таққа отырғаннан соң, оның үкіметі ағылшын шіркеуінің құрылымын қайта өзгертті [5, 345 б.].

Яғни, ағылшын королі басқарған Римге тәуелсіз ағылшын шіркеуі қайта құрылады. Бұл шіркеуде епископтер корольге бағынатын болды. Өзінің догматтық негізі бойынша католиктік шіркеуден айырмашылығы аз болған. Ал жаңа катехизистің нақты белгіленбегені үшін, оның мән-мағынасы әртүрлі түсіндірілетін.

Королева шіркеу істерін реттеу және республикаландыру тенденцияларын жою мақсатымен, оның үкіметі Кальвиннің ілімі бойынша реформацияның жақтаушыларымен үнемі күрес жүргізіп отырды. Швейцар реформаторы Жан Кальвиннің (1509-1564 жылдары) еуропалық буржуазияның мүддесін көздеген протестантизмнің ең радикалды түрі болған. Кальвиннің негізгі идеясы – адамзатты қорғау ілімі. Яғни қорғауға тек құдай таңдаған адамдар алынады деген. Негізгі мәнге кальвинистік шіркеудің республикандық ұйымы иеленіп, оның пасторлар мен старейшиналарын оларға сенетіндермен сайланатын. Жалпы осы кальвинизм бірінші қорлану кезеңіндегі буржуазияның дініне айналады.

XVI ғасырдың 60-жылдары протестанттар-кальвинистер Англияда «пуритандар» (purus – таза) деп аталына бастайды. Пуритандар қатарына білімді, рухани адамдар жатады. Оларды жаңа дворяндар мен буржуазияшылдар қолдаған. Осы пуритандардың идеологы және басшысы Картрайт старейшиналармен қауым мүшелерінің бай ақсүйектерінен тұратын шіркеулік одақты құрғысы келді. Сол себептен Картрайттың жақтаушыларын пресвитариандар деп атаған. Пуритандардың сол жақ қанатын Браун басқарған. Ол ағылшын шіркеуінен толық тәуелсіздікті, қауымның дінбасыларының дербес іс-әрекет етуін талап етті. Ал оның қол астындағылары индипенденттер деп аталған.

Елизавета кезіндегі пуритандармен күрес XVI ғасырдың 90-шы жылдары. Қарқынды дамып, көптеген пуритандықтар сотқа, жазаға тартылған [6, 498 б.].

1593 жылы статус бойынша пуритандарды қудалаушылыққа ұшыратып, нағыз пуритандарды өлім жазасына тартады. Пуританизм осы кезге қарай дамып келе жатқан буржуазды оппозицияның туына айналғаннан кейін үкімет бұдан үрейлене бастайды Король немесе королева шексіз билікке ие болып, шіркеу мен сенімнің тұтастық кепіліне айналды. Англиядағы болып жатқан өзгерістер Францияға да әсер етпей қоймады. Франция королі І Франциск 1539 жылы француз тілін мемлекеттік тіл ретінде бекітті. Бірақ бұл елде діни саладағы реформалар түрлі шиеленістерге алып кеп соқты. 1559-1598 жылдарды қамтыған 30 жылға созылған «діндарлар соғысы» деп аталатын соғыс ағымы болды. Рип папасы реформациямен күресу үшін 1540 жылы «Исус қоғамын» құрды. Оны испандық дворян Игнатий Лайоло басқарды [4, 136 б.].

Негізі бұл соғыстар католик шіркеуінің озбырлығына, кертартпалығына бағытталды. Соның бір мысалы 1572 жылы протестанттарды қырғынға ұшыратқан «Варфоломей түніндегі» 30 мың адамның өлтірілуі еді. Рим папасының құзыреті Польшадағы, Италия мен Оңтүстік Германиядағы реформацияларды бас алды. Францияда 1593 жылы король Гнерих IV католик дінін мойындаған соң аяқталды. Осы Еуропадағы реформациялардың жүру және аяқталу үрдістерін сараптай келе Англияның толық дербестікке қол жеткізгендігіне көз жеткіземіз [6, 525 б.].

Англияның Рим папасының ықпал аймағынан шығып, соғыстарсыз өз мүддесін орната алуы оның географиялық алшақтығы мен орналасу нүктесінен деп білуге болады. Англияны Наполеон Бонапарт пен Гитлердің жойқын шабуылынан құтқарған аралдық орналасуы осы кезеңдер барысында да әсер еткен тәрізді.

Англия реформациялардың жүргізілуі нәтижесінде соғыстар алаңынан толық құтылды деуге әсте болмайды. Испаниямен болған соғыстар ауанын алсақ та жетіп жатыр. Бірақ, Испаниямен болған қақтығыстарды тек діни өзгешелікпен шатастыруға бомайды.

Реформациялардың нәтижесінде Англия өзінің қоғамы мен әлеуметін толық еркіндікке аша алды деуге болатын. Англияда король абсолюттік билікке қол жеткізді. Англияның жедел дамып, капитализмге аяқ басуына католиктік шеңберден шығуыда аз ықпал етпеді десек қателеспегенеміз.

Ағылшын реформациясының өзіндік ерекшеліктері болды. Атап айтқанда, оның барысында XVI ғасырда англикан шіркеуі пайда болды. Бұл шіркеу қазіргі таңда да басқа құрлықтық Батыс Еуропа ұлттық шіркеулерінен ерекшеленеді. Ең бірінші кезекте өзгерістердің сабырлы сипаты, ішкі шіркеу істеріне белгілі бір дәрежеде король үкіметінің араласуы, үкімет тарапынан ұлттық мүденің қорғалуы. Англикандық шіркеу де басқа протестанттық ағымдар сияқты шіркеудің мемлекеттік жүйедегі орнын заман талабына сай өзгертуді талап етті, сонымен бір уақытта жаңа шіркеу абсолюттік монархияның тілеулесі әрі тірегі болды. Жаңа тұрпаттағы англикан шіркеуі Генрих VIII Тюдордың басқарған жылдары қалыптасты.

Ағылшын реформациясының тағы бір басты ерекшелігі оның «жоғарыдан» жүргізілуі болды [7, 498 б.].

Қорыта келгенде, Ағылшын реформациясына көрнекті тарихи тұлғаларды дүниеге келтірді. Ағылшын реформациясының басталуы ерте XIV ғасырдан басталады. Сол уақытта Римдік шіркеу өкілдерін наразылықпен қарсы алған болатын. Католик шіркеуі Англияның экономикалық шарттарына кері әсер етіп, халықтың дәстүрлі құндылықтарына қанаушылық әрекеттер жасады. Реформация толқыны Англияда билік тарапынан да қолдау тапты. Билік реформацияның ауқымдылығына көз жүгірте отырып, өзінің мүддесін қорғауға тырысты. Реформацияның салдары Англияда орталық биліктің күшеюіне алып келді. Абсолюттік монархияға жол ашылды. Бірақ, ағылшын реформациясы мемлекеттің пайдасына шешілгендігін айқындауға болады. Англия қарқынды дамуға қол жеткізіп, әлемдік державаға айналды. Жалпы, реформацияның ағымына ұшыраған батысеуропалық елдер ұлттық көзқарас, экономикалық даму тұстарынан реформацияға ұшырамаған елдерден өзіндік айырмашылықтарға ие болып қалды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С. *Орта ғасырлар тарихы: оқу құралы.* – Алматы: Қазақстан университеті, 2015. – 254 б.
2. Жұмағұлов Қ.Т. *Из истории средних веков.* – А.: КазГУ, 1993.
3. Лютер М. *Избранные произведения.* – СПб., 1994. – 383 с.
4. Дэвел К. *Англия. История страны.* – М.: Эксмо; – СПб.: Мидгард, 2007. – 480 с.
5. Мор Т. *Утопия/Пер.с лат. Ю.М.Каган.* – М.: Наука, 1978. – 417 с.
6. Кареев Н.И. *История Западной Европы в новой время.* – М., 1954. – 646 с.
7. *История Европы. Т. 3.* – М., 1993. – 654 с.